

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

27-том

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР,
ПЬЕСА

1943–1946

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

*Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:
*Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.*

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

27-том: Мақалалар, зерттеулер, пьеса. 1943–1946. – 448 б.

ISBN 978-601-294-169-2

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 27-томына “Сын сағатта” пьесасы, “Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы”, “Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904)”, “Ақын елінде”, “Абайдың еңбектері”, “Орыс классиктері мен Абай”, “Абай еңбектерінің биік нысанасы”, “Халықтың ғасырлық жыры”, “Абай жолының” деректері”, “От домбры – до оперы” сияқты мақалалары мен зерттеулері енді.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға ұсынылады.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-169-2 (27-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
ISBN 978-601-294-142-5 және өнер институты, 2014

**Мақалалар,
зерттеулер**



АЗ СӨЗ

Бұл кішкене жинақ – көп еңбектің және, әсіресе, үлкен талаптың айғағы. Жас ақын Қуандықтың оқушы жұртшылықпен тұңғыш ұшырасуы осы жинақтан басталып отыр.

Еңбек көркі жемісте. Және еңбек көркі сол жемісті жетілтем деген жолында. Қуандық жинағындағы: “Ертедегі ердің елмен қоштасуы”, “Бауыржан Момышұлына”, “Мен – қазақ”, “Қоштасу”, “Қауышу”, “Жас партизан сыры”, “Сүттей жарық жазғы түнде”, “Жастық дәуренім”, “Тұрған ем-ау құшағында” деген сияқты көптеген өлеңдер сол жалынды сездіреді. Ақындық шын сезімнің жалынын танытады. Іздену бар, сол ізденуіне серіктірек мол білімі бар, тілі орамды жас ақын келешегінен анық жақсы үміт еткізеді.

Ұлы Отан соғысының ай-күндерінде жазылған көп өлеңі жауға жат, досқа адал болған сезімтал, ызалы, ыстық қанды жасты танытады. Шіміркеніп, ширығып шыққан өтімді тіл, әсерлі күй келеді. Жолы жатық, беті ашық Отан жасының шыншыл жүрегінен шығатын күйлер.

Қуандық құлақ күйі отаншыл, халықшыл қызулы лирик болғандай. Көп жүрегін өзінен, өз жүрегін көптен тапқан саналы сезімталдық бар. Бұнысы да Қуандықтың барар аңғарын тұйыққа тартпай, ашық, күнес өріске тартатындай.

ОРЫС КЛАССИКТЕРІ ЖӘНЕ АБАЙ

Батыс әдебиеті дегенде, алдымен айтатынымыз орыс әдебиеті. Өткен ғасырдағы қазақ ақындарының орыс әдебиетінен ары барып, француз, неміс, ағылшын, итальян әдебиеті сияқтылармен танысқандары аз. Олардан шыққан ірі ақын, жазушымен қазақ ақындарының танысқандары болса, орыс әдебиеті арқылы танысты. Не орыс тіліне жасалған аудармаларын оқып, немесе солардың орыс ақындарына өткен әсерін орысша шығармалардан көріп қана танысты.

Сонымен, қазақ әдебиетінің ауқымына мәдениетті батыстан келген әсерді алсақ, алдымен айрықша айтатынымыз орыс әдебиеті болды. Мәселе XIX ғасырдағы әсерлер жайында.

Өнерлі орыс ұлтының мәдениетін қазақтай бұратана отар елге таратып, орнатайын деген ниет-талап ол кездегі әкімшілік иесі, үстем таптардың ойында да жоқ еді...

Ел өзінің ән-күйінде, үлкенді-кішілі жыр, әңгімесінде, айтыс-тартысында берік бағытын үнемі білдірумен келген. Қалың көпшіліктің осы бағыты патшалық жағынан шыққан қараңғы, қаскөй саясаттарымен салыстырғанда барынша алға қарай ұмтылған, өнер-мәдениет іздеген үлгілі тартыстың жолы еді...

Өнер-білім іздену, үлгілі елдің қалпына қарай талпыну – көптің мұраты еді. Замандағы құлдық пен қанаудың зардабынан сергу үшін, аз да болса соған қарсы құралдану үшін-ақ өнер-білімді ендігі жалғыз сүйеніш, арқа тірегі деп біліп еді.

Міне, XIX ғасырдағы батыс әдебиетінің әсерін сөз қылған уақытта ең алдымен осындай жалпы қоғамдық, тарихи жайларды еске алу керек.

Әдебиеттегі белгілі дәуірлер мен сол дәуірдегі үстем сарындар әрқашан сол қоғамның тұрмысындағы таптық-тарихи күй-жағдайдан туатыны даусыз. Олай болса, XIX ғасырдағы батыс әдебиетінің біздің мәдениеттен көрінетін әсерлерін де осы жағдай тудырады. Қалың ел тұрмысының ендігі дамуы, ендігі бет алысы өзге өнер иесі болған елдің аңысын аңдап, үлгісін тұтынуды талап етті.

Ел өрісінің осындай алға беттеген жол кезеңін сол елмен табысқан ақын, жазушы өзіне де жол, бағыт етеді. Біздің әдебиеттің XIX ғасырында осы аңғарға беттеген екі белгілі ақын бар. Олар – Абай мен Алтынсарин Ыбырай.

Олар – өз заманында прогресс жолында болып, көпке пайдалы еңбек еткен ақындар. XIX ғасырдың екінші жарымы, әсіресе, мынау екі ақынның еңбек еткен жетпісінші, сексенінші жылдары және одан бергі жиырмасыншы ғасыр басына шейін созылған жылдар, барлығы да қазақ даласын саудалы базар, кеңселі қала баурап, меңгере бастаған кездер еді.

Ресей көлемінде күш алып, қанатын жайып, өрлеп өсіп келе жатқан өндіріс капиталы ол кезде отар, базар іздеп жалақтайтын. Отар, бір жағынан, өндірістің шикі бұйымын арзан беруші қор, екінші жағынан, сол өндіріс туындыларын қымбатқа алатын базар. Сондықтан ондай отарды жебей-жебей сауып, берерін де, бермесін де баса қимыл етіп, омыраулай беріп алатын күш керек еді. Сол күш орнына өндіріс капиталы қазақ даласына алдымен жалаңқия сауда капиталын агент қылып жұмсады. Екінші, сол өндірістің тап мақсатына үйлес келерлік тәртіп орнатып, өз дегенін бұлжытпай орындатып отыра алатын әкімшілік керек болды.

Мұндай әкімдер патшалық үкіметтің ел ішіндегі тірегі, көзі боларлық міндетті орындай, әлеумет майданына шықты. Ел ішінде әкім, сұлтан, төре, болыс, би дегендер көбейді.

Бұрын да титығы құрып келген ел енді жерден айрылып, малдан ажырап, алым-шығын, салық-қаржы, қымбат базар талауына бір ұшырады. Жұт, індет, пара-пәле сияқты кесірлерге тағы шырмалды.

Осындай күйлердің барлығының арты көпшілік қолының да аса төмендеп, кедейленуіне себеп болады. Басқа

түскен күйге наразылық үдемесе өшпейді. Бірақ бұрын әр кезеңде алысып көрсе де дегеніне жете алмаған ел енді жаңа шараларға ұмтылады. Онысы сол қала, сол базардың, сол өктемдік етіп тұрған әкімнің өз құралымен құралдану шарасы болады. Ашаршылықтан қала жағалау, батырақ болу, жұмысқа жалдану, кәсіп іздеу, өнер үйрену — барлығы да тұйыққа қамалған елдің жалғыз көздеген ниеті болады. Осы кезде, мүмкіндік болса, қолынан келгенінше ел көпшілігі оқу-өнерді талап етеді. Бірақ кедей бұқараның қолына ол игілік тимеген.

Ел ішінің әкімдері сол елді сорлатушы, тыныштығынан айырушы бүлдіргіш әкім болады. Олар — әсіресе жемшіл-парақор, партияқор, зорлықшыл әкімдер әрі жоғары ұлыққа жағымпаз құлдар. Елдің өнерлі, мәдениетті болуын олар ойламақ түгіл, өздеріндей қып елді де надан күйінде ұстауға тырысады. Қолына түспеген өнер-білім елдің аңсаған сусыны, жалғыз суаты есепті болады. Ел осы тілегін қиялында, көкірегінде сақтайды. Басына түскен хал менен жаңағыдай әкімшілікке ел наразы, жұрт күйзеу болып күнірене береді.

Сол күндегі әлеуметтік құрылыстың көпшілікті тұйыққа қамаған халіне наразы болушы ел жоқшылары көбейді. Ел ішінен шыққан ақыны, өнерпазының қайсысы болса да көргенде, сөз қылғанда ең алдымен ел көзіндегі жасты сөз қылады. Топас билік пен қара күшке сүйенген қанаушылыққа наразы болушы жалғыз елдің өзі, яки елдің өз жоқшылары ғана емес. Сол билеуші таптың өз ішінен шыққан бірен-саран білімді, либерал ағартушылар да пайда болады. Бұлар елді билеу жолы жаңа үлгіде, жаңа мазмұнда болу керек деген ұранмен сөз бастайды. Алғашқы бағыты сол болғандықтан, бұрынғы әкімдердің, әкімшіліктің барлық лас-былық белгілерін аямай шенеп, мінеп сөйлейді. Осымен әкімшілік, шаруашылық, жалпы қоғамдық жайларға өзгеріс кіргіземіз деп талпынады.

Көпшілік бұқара күйіне де өзгеріс кірсін, ол кәсіп үйренсін, оқу-білім білсін, көпшілік сауатты, саңылаулы болсын деп, ұран тастайды. Осы тілекпен шыққан ағартушылар халықтың сол кездегі жоғарыда айтылған мұң-мұқтажын ауызға алушы адамдар болып шығады. Бұлар — елді дұрыс

менгеру жағын үгіттеушілер. Тарихтың жаңа жағдайына үйлескен басшылықты көксейтін кәсіпке, білім-қарекетке үгіттеумен бірге өздеріне өнер табады.

Міне, өткен ғасырда, сондайлық үлгі-өнеге, оқу-білімге ден қойып, көпті артынан ертпек болған, алғаш оянған мәдениетті ақындар Абай мен Алтынсарин болады. Бұлардың әрі өздері қадірлеп, әрі жұртшылығына да нұсқаған қыбласы Европа мәдениеті — орыс халқының мәдениеті болады.

Әдебиет майданын алғанда, екеуі де орыс халқының XIX ғасырдағы классик әдебиетінің мектебінен өткен, содан үлгі, ұстаздық көрген кісілер. Бұлар көрген әдебиет мектебінің басы Крылов, Пушкин, Лермонтовтардан басталса, бергі жағы Белинский болып және 60-жылдардағы халықшыл-бұқарашыл, сыншыл жазушылар Чернышевский, Добролюбов, Писарев, Некрасов, Салтыков-Щедриндер боп кетеді.

Бұл мектептен олардың нық ұстап шығатын үлгі, түсінігі ақындық халыққа қызмет етудің үлкен жолы деген ұғым болады. Ақын шығармалары қоғамның тәрбиесіне, өсіп дамуына, дүние тануына жәрдем ететін еңбек деп таниды. Орыс әдебиетінің жаңағы ұлы қайраткерлері өз шығармалары арқылы тұс-тұсындағы зұлымдық, қараңғылық күштермен алысып өткенін көреді. Пушкин, Белинский, Чернышевский, Некрасов, Салтыковтардың сол замандағы жауыз тәртіпке қарсы алысқан қандай құралдарды қолданғанын көріп, біледі. Патшалық реакцияның үлкенді-кішілі таянышы — агенттері боп отырған ақсүйек ұлықтар, төре-чиновниктер, алпауыт қанаушылардың қоғамға залалды озбырлық өктемдігін, надандық, зұлымдығын сол ақын, жазушылардың қалайша сынап, жерлеп сөйлегенін көреді.

Олар жырлаған қоғам уайымы; қоғам күйін көре тұра өз бастарының шерлену, немесе қоғам дұшпандарын әлсірету үшін соларды сұмпайы-жауыз пішінде көрсету әдісі, не болмаса ел қанын сорып жүрген паразиттерді ащы қалжың, өткір мысқыл, мағыналы күлкімен ажуалау әдісі — барлығы да біздің жаңағы ақындарға үлгі, өнеге боп танылады. Сол әдіс өрнектерді өздері де (әсіресе Абай) барынша кең түрде, мол үлгіде қолдануға кіріседі.

Абай шығармасында әлеуметшілдік сарынның жаңа ағымын, туып-өсуін ең алдымен әзірлеген жағдай — сол

кездегі көпшілік қоғам тұрмысының өз қалпы болады. Сол өз ортасының не күйі бар, неге мұқтаж екенін көппен бірге сезіп, мұң еткен ақын енді сондайлық әлеуметтік мазмұн, сарынды сыртқа шығаратын жол, үлгі, өнеге іздейді. Осылайша іздену жолында жүргенде, өз қауымындай қоғамдардың ортасынан шығып, елге сапалы еңбек етіп өткен ағартушы, мәдениетті, либерал, бұқарашыл ақындардың ізін, жолын көреді. Сонымен Пушкин, Лермонтов, Салтыковтың мектебіне үніледі. Өзгерек жағдайда, өзгеше құлдық, надандық, зұлымдық қорлығында жатқан өз жұртшылығына аналардың сарынымен бұдан өзгеше өнегелі еңбек етпекке талпынады.

Міне, Абайды Европа мектебімен, орыс әдебиетінің классик дәуірлерімен жанастырып, қабыстыратын өткел осындай қоғамдық, тарихи өткелдер болады. Мазмұн сарыны, ішкі бағыт нәрі ел тұрмысының қоғам күйінің өзіндік, анайы топырағынан шыққан сарын нәрлер болады. Соны жарыққа шығаратын түр-үлгіні ғана орыс халқының асыл қазынасынан алады.

Орыс классиктерімен Абайдың жалғасы әр алуан. Батыс Европа мен орыс жазушыларының көпшілігін ол ең әуелі көп оқып, тексеріп өтеді. Өзінің білім алып, дүние тануына солардың шығармаларын азық етеді. Осы ретпен оқып шыққан ақын-ғалымдарының ішінде Батыс Европаның Гетесі, Шекспир, Шиллер, Гейнесі, Байрон, Бальзак, Беранжесі де болады. Ол кездегі білім, өнерлердің мол қорда, үлкен бесігі Батыс Европа екенін аңғарып, сол жақтың ақындары ғана емес, неше алуан философ, білімпаздарын да зерттейді. “Европаның есею тарихы”, “Ескі шығыс мәдениетінің тарихы” сияқтыларды да сол Батыс Европа ғалымдары арқылы оқып біледі. Европа философиясын зерттеу ретінде Спенсер, Спиноза, Декарттарды оқиды. Беріде Дарвинге де қызығады. Қиыр Шығыс тарихынан Будданың жайын да біледі¹.

Кейін кітапқа салынып, уақиғалы шығармалар іздегенде, Батыс Европада орта ғасырда болған дін соты — инквизиция сотының зұлымдықтарын көрсететін романдарды көп тексереді. Европада әкімшілік құрған патша, король

нәсілдерінің сарай тартысын білмек боп, Александр Дюма романдарын көп оқиды. Кейін “Үш мушкетер”, “Он жылдан соң”, “Король қатын Марго” деген романдар² Абайдың ауызша айтуы бойынша көп елге жайылып, ертеке боп кетеді. Осы ретте инквизиция заманының бір романы – “Қызыл сақал” да ертеке боп кеткен.

Осылар сияқты тағы бір қызығып оқитын әңгімелері Африка, Америка, Австралияда, немесе басқа бір жабайылар аралында тіршілік еткен білімділер, жандар жайлы болатын. Мұндай әңгімелерде сол жергілікті жабайы деген елдерден шыққан ерлер, намысқорлар, дана адамдардың жайын сүйсіне оқитын болады. Абайдың өз мәжілісінде болып, өз әңгімелерін көп естіген кісілердің ішінде Америка мен Африканың зәңгілері (қара түсті адамның барлығын Абай зәңгі деген бір атпен атайтын) жайындағы сөздерді естімегені жоқ деуге болады. Неше алуан күшті, қызық романдарды сол жайынан айтатын болған. Осындай Абай айтқан әңгімелерінің бірі – “Медғат – Қасым”. Бұл Африкада Ніл дариясы бойындағы бір Қасым деген құлдың плантатор байдан кек алуын баян ететін әңгіме. Осыны Абайдың мәслихаты бойынша қара сөзден әңгімелі өлең етіп шығарған Абайдың өз баласы Мағауия болады. Зәңгілер жайындағы Абай айтқан екінші қызық әңгіме “Зұлыс” болғандықтан, оны Ақылбай деген баласы өлең қып таратады. Ұсақ елдердің өз теңдік, бостандығы үшін алысқан қайратына мысал етіп патшалықпен алысқан Кавказдағы Шамиль өмірін де Мағауияға өлең еткізеді.

Африкадағы ақ жұрт пен зәңгілердің алыс-тартысын көрсететін “Валентин Луви”, “Аза жүрек”, “Ягуар Медуленец” деген әңгімелері де Абайдың ертегі қып таратқан әңгімелері еді. Өз ортасына шығыс ескілігінен қалған “Мың бір түн”, “Шаһнама”, “Бақтажар”, “Қырық тоты”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Көрұғлы сұлтан” сияқтыларды паш етіп таратумен бірге, жаңағыдай, Европа жазушыларының да көп-көп әңгіме, дастандарын жая жүрген болатын.

Бұлайтылғандардың барлығы Абайдың дәл өзінен қалған ақындық шығармаларға із қалдырмаса да, жалпы Абай меншіктенген қор, іргенің қандай болғандығын көрсетеді.

Осылайша оқып тану ретінде Абай Крыловтан бастап өз уақытына шейінгі орыс жазушы ақындарының, сыншы-тарихшыларының – барлығының да еңбегімен танысқан.

Сексенінші жылдардың ішінде жазған “Интернатта оқып жүр” деген өлеңінде Абай жаңа даңқтанып келе жатқан Толстойды текке атамайды. Арғы классиктер ғана емес, өз тұсында енді-енді дамып келе жатқан жазушыларды да оқып біліп жүргендігін сездіреді. Мінеки, Абайдың орыс әдебиеті арқылы барлап көрген өрістері осындай. Бұл – оқып біліп, танысып өткен мәдениетінің көлемі. Ал осылардың ішінен енді Абайдың тесіле қарап, үніле бойлап, өзіне жоғарыда айтқандай, жақын тұтқан, сыбайлас білген ақын-жазушылар бар. Олары, әсіресе Лермонтов, Крылов, Пушкин, Салтыковтар болды. Бұларға да Абайдың ұштасып қатынасуы біркелкі емес, әртүрлі.

Абайдың көп көңіл бөліп, тырысып аударуларына қарағанда, ол Крылов мысалдарын зор бағалаған. Бірақ, сонымен қатар өзі дәл бұл үлгі, бұл жанрдың ақыны емес. Ол жалтартып, сипай қамшылап айту емес, Лермонтовша көзге шұқып, басқа ұра айтуды сүйетін ақын. Сондықтан мысалдар түрін бағалағанмен, оны көпке ұғымды, өтімді бір алуан көркем түр деп таныса да, өзіне үлгі етіп баурап алмайды.

Крыловтың мысалдарын осылайша аударып, қоғамдық мін, кемшіліктерді тұспалмен ғана шенеп, ажуалап тоқтаған. Абай Пушкинге келгенде былайша жадағай күйді қанағат қылмайды. Пушкин мен Абай арасының жалғасы – мол сәлалы, тамыр-түбірлі болады.

Орыс классиктерінің ішінде Абайға үлгі беріп, үлкен ұстаздық еткен ақынның ең үлкені – Пушкин. Бірақ осы жайды сыртқы белгіден, аудармадан ғана іздеу керек емес. Оны зерттеп, үніле қарап барып қана түсінуге болады.

Мәселенің бұл жағын кейінге шегере тұрып, біз әуелі Абайдың Пушкиннің өзінен аударған – “Татьяна, Онегин хаттарына” келейік.

Абай бұл тұста Пушкиннің құр ғана аударушысы болмаған. “Евгений Онегин” сияқты өлеңмен жазылған романның барлығын аудармай, Абай өзіне таңдамалы, түйінді деген жерлерін ғана алады.

Пушкиннің үлкен шығармасын Абай өз тұсындағы қазақ оқушысына өз елегінен өткізіп, өзінше қорытынды жасап, өзі ойлаған түрдегі бір үлгі етіп ұсынбақ болады.

Абай аударған “Евгений Онегин” – ол шығарманың өзі емес, Абайға керекті болған тұқылы ғана болып шығады. Бұның себебі Абайдың бұл шығармаға өзінше бір өзгеше мақсатпен келуінен туған. Татьяна мен Онегин арасындағы жай-күйді де аяқ кезінде өзгертіп жібереді. Татьянадан күдер үздіргеннен кейін Онегинді Пушкин мысқыл етіп қалдырса, Абай оны Пушкиннің бұл герой туралы ешбір мақсат қылмаған сөз, мінездерін береді. Онегинге “жарым, жақсы киім киіп” деген сөзді айтқызып барып, өзін-өзі өлтіретін халге соқтырады. Абайша, Онегин мінезіндей мінезбен істің арты өлім болуға лайық.

Мінеки, кең көлемді романның сүйіспеншілік жыры ғана болып тарауы, екінші, ол сүйіспеншіліктің арты Пушкиннен өзгеше боп осылайша бітуі қалай?

Осымен қатар Татьяна, Онегин хатының өздерін аударуда да Абай не Крыловты, не Лермонтовты аударғандары сияқты дәлшілдік әдеттерін қолданбайды. Оның Онегині де, Татьянасы да Пушкиннің өзі айтқызып сөздерді оқта-текте ғана айтады. Бұлардың ой-сезімі де Абайша кейде қазақ жастарының айтуынша шығады. Пушкин өлеңінің сыртқы әр алуан түрлерінен, әртүрлі өлшеу ырғағынан Абай екі-ақ түрлі тұрақты белгі қып ұстайды. Оның бірі, өлең жолын жыр сияқты етіп 8 буыннан құрау. Екіншісі, Пушкиннің өзінде өзге ұйкастармен қатар, көбірек кездесетін шалыс ұйкасты алу. Одан басқа жақтарында Абай өз бетімен еркіндеп, Пушкиннен ойқастап кетіп те отырады.

Осылай боп, Пушкин шығармасына өзінше қошқар мүйіздер салудың негізгі себебі – “Евгений Онегин” романына Абайдың жоғарыда айтылғандай өзгеше бір мақсатпен келгендігімен туып отыр. Бұл әңгімені сүйіспеншілік жыры етіп қазақ жасына ұсынғанда, Абай өз ойымен ұстаздық мақсатын көздейді.

Жар дегенде, әйел – дос дегенді бағалай алмай, қалың малдың сомасымен өлшейтін көңілі соқыр, ойы керек ортаға, мырза мен бек ортасына, Абай әйелдің сезімін терең

толғауын Татьянаның нәзік, шебер тілі арқылы айтып жеткізбек болады. Оған Татьяна сол үшін керек. Опасыз, асқақ және өзі опық жегіш жігіт Онегин де соған ұқсаған мақсатпен керек болады.

Нәтижедегі қорытындысы – осылардың мысалы арқылы өз ортасынан ой шығару, үлгі мысал көрсетіп, үгіт айту. Әйел де “сендей адам, сендей орамды тілі, өткір нәзік сезімі бар тең жаралған, тең праволы досың” демек, сол қасиетін бағалай, қадірлей білсең, әйел досың қасыңда, бағалай білмесең жатыңда деген қорытындыны жасамақ. Мұндай ниетпен қарағанда, әрине, Онегиннің уайым жемей, жаза шекпей кете баруы жол емес. Сондықтан Абай оның қолына пистолет ұсынып, өкімін айтады. Әбзелі өлім деген қорытынды жасатпақ болады.

Міне, Пушкин мұрасынан Абайдың қолма-қол қатынасқан уақытта қалған бір бұйымы осындай.

Сонымен қатар ескерте кететін бір мәселе, Абай аудармасының жаңағыдай ұшқарырақ боп шығуын, Абайдың Пушкинді шала түсінгендігінен, Пушкин шығармасына үстірт, селкос қарағандығынан деп тануға болмайды.

Жалпы, өлеңдік жағынан, тіл кестесінің шеберлік, сезімшілдік, терең толғаулылық жағынан қарағанда, Онегин – Татьяна хаттары Абайда осал шыққан өлеңдер емес. Ол Абайдың бұл жырларды күшті ынтамен нықтап зер салып, тырыса жазғанын көрсетеді.

Және өзгеден бұрын, басқа ешбір аудармасына ән шығармаса да, дәл Татьяна – Онегин хаттарына арнап әдейілеген әндер шығаруы, соны халық ортасына өзі таратып, паш (әуез) етуі Абайдың Пушкин атына және мына шығармаға аса зор баға беретіндігін көрсетеді.

Аударма жайлы сондай болса, енді Абайдың өз шығармаларынан байқалатын Пушкин әсері қандай?

Қорытылып, өзгеріп, Абайдың туынды өз өнері боп шыққан шығармаларынан Пушкиннің қандайлық үлгі, өрнектерін байқауға болады?

Әрине, бұл арада Пушкиннің анау өлеңінен Абайдың мынадай өлеңі туып, пайда боп тұр деп кесіп айтуға болмайды.

Бірақ сонда да кейде, тақырып бірлігі аз болса да, немесе тіпті Пушкинде жоқ кей тақырыпты алса да, сол жайларды дәл Пушкинше, жалпы мәдениетті, үлкен сорапты ақынша шолып кететін кездері бар. Сондай кездерде Пушкинмен жанасып қап отыратыны болады. Ендігі қарастыратынымыз осындай шығармалары.

Бұл ретте тақырыбы ұқсас өлеңдердің ішінен Абайдың ақынға арнаған өлеңін алдымен аламыз.

Адамның кейбір кездері –
Көңілде алаң басылса.
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса, –

деп бастайды Абай.

Пока не требует поэта
К священной жертве Аполлон,
В заботах суетного света
Он малодушно погружен, –

деп шертеді Пушкин.

Осы екі өлеңнің не сөз, не теңеулерінде біріне-бірі ұқсас тұрған дәнене де жоқ. Ал тақырып, мазмұнын алсақ, олары ұқсайды, тіпті бір жерден шығады.

Екі ақынның өлеңі де “ақын мен ақындық шабыты” (вдохновение) дегенге арналады.

Екі өлең де әуелі шабытсыз күйде жабайы көптің бірі боп, өмірін де, өзін де кір басқан адамды алады. Содан кейін осы адамның шабыты келіп, ақын боп толғанған уақытында қандайлық шарықтап, шарқ ұрып кететіндігін айтады.

Ақындық шабыттың өзін де екі ақын жоғарыдан келген сый есепті түсінеді. Абай – “Тәңірінің берген өнері” деп өз ұғымына апарса, Пушкин – “Аполлон” деп, ескі грек тілінің поэзия, өнер құдайы – Аполлонға апарып тірейді.

Қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын ақын дегенді, немесе ақындық дегенді жекеше тақырып етіп өлең жазған кісі жоқ.

Оның үстіне ақындық еңбегін мынадай мәдениетті түрде түсініп, басқаша білімді жұртша бағалайтын ақынның

өзі де болған емес. Ақын сөзі ақын маңайындағы зұлымдық, жаманшылықпен алысушы, дұрыстықты үгіттеуші, жоқтаушы сөз деген терең идея, терең түсінік қазақ әдебиетінде тек Абайдан ғана басталады. Мұның түбі орыс классиктері айтқан: ақын еңбегі қоғамға пайдалы, қоғамды түзеп, бастаушы еңбек, — деген ұғымнан туады. Бұл өленді Абайдың қазақтың өлең түрімен жазбай, Пушкиннің шалыс ұйқасымен жазуында да мән бар. Мінеки, орыс классигі Пушкиннің мәдениетті ақын бола тұрып сөйлеген ұғым, наным, түсінік бағытының Абайға терең тамыр арқылы жасаған бір қатынасы осындай. Осы сияқты өлең Абайды да бұрынғы қазақы ақыннан жоғары шарықтатып, әрі шалымды етіп, жаңа үлгі, жаңа сөз сырының ақыны етеді.

Осы сияқты тақырыбы ұқсас өлендердің алуаны — Абайдағы жылдың төрт мезгіліне арналған өлендер. Әрине, бұл өлендер жаңағы сияқты Пушкиннің пәлендей өлеңімен қабыса кетеді деп айтуға болмайды. Қазақтың мал баққан шаруасын, көшпелі аулын, өзгеше қоғамдық құрылысын көрсететін нағыз қолтумадай қазақша өлендерін Пушкинге апарып жанастырам деу зорлық қой, теріс қой деушілер де болады.

Бірақ шұғылдық жасамай, кеңінен терең ойлап көрейік. Осылайша қарағанда, Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде жыл мезгілін айрықша тақырып қып алу тағы да жоқ болатын. Европа машығын алсақ, осы тақырыпқа арналған өлендер балалар оқитын мектеп хрестоматиясының барлығында болады. Орыс әдебиетінің көлемінде “қысқа”, “күзге” арналған өлендер ең алдымен Пушкиндікі болатын.

Бірақ Абайдың “қысына” көз салып қарасақ, орыс ақындарының қысты суреттейтін теңеулері жоқ па?

Ең алдымен, “Ақ киімді, денелі, ақ сақалды” деп басталатын қыс Пушкиннің өзі де орыс елінің ескі фольклорынан келе жатқан, кейін Некрасов сипаттаған емес пе? Абайдың бұрын жұты қалың шаруа соры — ақ боран, алты ай қысты жалпы айтпаса, оны осындай шал пішінімен алғанымен, сол шалды қазақ оқушысына танытады. Ұғымды қып, өз тәні қып қорытып әкеп ұсынады. “Аяз бабай” мұның сипаттауынан “кәрі құдаң” боп, өз аулының кісісі болып кетеді.

Ол қорадағы арық-тұрыққа, отардағы жылқыға құрығын сала келген ескі таныс, баяғы сары сүйек “құдан” боп, қазақ ұғымына ауыл үй қона қалады.

Бұл арадан Абайдың европалық үлгі-өрнекті өзінше біржолата өзгертіп, қайта тудырып, тіпті шеттен келгендігін білдірмейтіндей қып жаңадан беретіндігін көреміз.

Сонымен қатар жылдың төрт мезгілін сипаттауға әуелі табиғат көріністерін айтып, содан шаруаны айтып, содан жеке қоғамдық қатынастан белгі беріп және өзінің сол көріністерден алған ақындық сезім әсерін айтып жырлау, қалай айтсақ та, мәдениетті поэзияның өзі екенін айқын танытады. Әрине “көктем”, “жаз”, “күз” жайындағы Абай өлеңдерін оқып отырғанда, қазақ оқушысы көшпелі, бақташы қазақ аулының сурет белгілерінен басқа ешбір көлденеңнен келген бөгде бұйымды көрмейді.

Абай ол суреттерде таза қазақ аулының нағыз өз суреттерін ғана алады. Бірақ, сонымен қатар, осы мезгіл, көріністерді осылайша көріп, осылайша сезіп, осындай үлгіде жырлап отырған ақынды айрықша бір мәдениет, өзгеше бір үлгі өрнегі бар ақын емес деп кім айта алады.

Мәселе сыртқы сөз бен фактыларында емес. Шығармаларының ішкі күйінде. Ақынның дүниені қалайша, кімше көріп, кімше сезінуде. Сондай ақынның дүниетану (мироощущение) жағынан алсақ, бұл өлеңдерде де Абайдың Пушкиндей орыс классиктерімен астас, өрістес келуін байқаймыз.

Тағы да айтатынымыз, бұл еліктеу емес, оған ешбір жағынан ұқсамайды. Құр еліктеу десек, ешнәрсе түсінбеген болар едік.

Абайдың терең толғаулы, дана ақын екендігі сол Пушкиндей классиктер үлгісін сырт жағынан ғана алмай, біржолата өз тамыр, топырағынан өскен, өзіндік мәдениетті үлгі өрнек есебінде бере білуінде.

Осы айтылған мысалдар сияқты жалпы үлгі өрнекті басқа шығармалар турасында да Абайдың мықтап меңгеріп алғанын көреміз.

Бұның бір айқын белгілері Абайдың ғашықтық жайын жырлаған өлеңдерінен байқалады.

Тегінде, Абай шығармаларының барлық қор, нәрі үлкен үш арнадан құралады. Бұның біріншісі, ең молы – қазақтың халық әдебиетінің мұра-тумалары, екіншісі – шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер, үшіншісі – Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор ақын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі, өрнектері.

Осы үш сала Абайдың ғашықтық жайын айтқан жырларында ап-айқын көрінеді. Сондай – “Айттым сәлем, қалам қас”, “Қиыстырып мақтайсыз”, “Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы” сияқты өлеңдері – қазақ әдебиетінің бұрынғы үлгісінде жазылған жырлар. Ал “Көзімнің қарасы”, “Қор болды жаным” сияқты өлеңдері тіл, теңеу жағынан да, махаббат дегенді сезініп, ұғыну жағынан да шығыс ақындарының үлгі сарынымен жазылған шығармалар.

Ғашықтық жырларының енді бір тобы – “Ауылдың жаны терең сай”, “Қызарып, сұрланып”, “Білектей арқасында өрген бұрым” сияқтылар.

Дәл осы соңғы топтың тұсында Абай тағы да қазақы ақынша жырламай, өзгеше бір мәдениетті ақын үлгісімен жырлайды.

“Ауылдың жаны терең сайда” Абай түнгі ауылды, иті үріп, күзетшісі айтақтап, қотанында қойы жусап, ұйқыға бой ұрып тұрған қазақ аулын алады. Сол ауыл жанында жапырақты ағаш көлеңкесінің астынан екі жас табысады.

Сырт қарағанда бұл өлеңнің де қазақтың таза өз тумасы болмасқа шарасы жоқ. Бірақ “Айттым сәлем, қалам қас” қандай, бұл қандай? Аңада құда мен құдашаның танысуды іздеген сәлем хаты, құмарлықтың тілек хаты көрінсе, мынада ол құмарлық көріністерінің дәл өзі айтылмай қалады. Оған тұспал беріліп, емеурін ғана жасалып, дәл құмарлықтың өз қалаттарын көрсетудің орнына, көп нокаттар ғана қойылып кетеді. Екінші, бұл жырда махаббат табиғат көркіне бөленіп суреттеледі.

Ауыл мен түн, жұлдыз бен жапырақ – барлығы да сол махаббатқа бесік, жөргек есепті ғана болып алынады.

Мінеки, бұрынғы машық бойынша ашық тілекті жалаңаш түрде айтып, оның нәтижесін натуралдық үлгіде айтудың орнына, енді махаббаттың дәл өз сағаты айтылмай,

соны қоршап, саясына алып, бөлеп тұрған табиғат көркі ғана айтылады да, арғы жайды оқушы өзі ұға берсін деп, түйіп тастап кетеді. Бұл – арғы жағы батыстан, бер жағы Пушкиннен (Онегин мен Татьянаның махаббат жайын сөйлесерде бақта кездескенін еске алыңыз) нәзік тұспалмен, ымбамен айтатын ғашықтық минуттарын суреттеудің бір үлгісі еді. Көркем, сыршыл және нәзік тереңдігі бар мәдениетті түрдегі жырлардың үлгісі еді. Абай қазақ жағдайы, қазақ табиғатының ортасына осындай сыпайы, нәзік, мәдениетті түрде жырланған махаббат көрінісін әкеп суреттейді. “Қызарып, сұрланыпта” осындай аса сезімді майда жүректің терең түпкіріндегі құбылыс толқындарды әлдеқандай бір лүпіл қаққан ырғақпен паш етеді.

Бұл сияқты шығармаларының тұсында да Абай, я Пушкин, я басқа бір орыс ақынының пәлендей бір өлең шығармаларынан қолма-қол бұйым белгі алған жоқ. Пәлендей орысша өлеңнің пәлендей жерінде мынау жанасып тұр деп ешкім айта алмайды. Бірақ, сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, жалпы мәдениетті ақын болу түрінде Абайдың Пушкиндерден бұл тұста да үлгі, өрнек алып, соны өзінше жаңғыртып, өзгеше жағдайға жұмсап, өз тәні етіп шығарғандығы және соны өз оқушысына ұғымды, қонымды етіп шығара бергендігі даусыз.

Бұл мысал да ақындық жолындағы Абай мәдениетінің ірі, жоғары мәдениет екенін дәлелдейді.

Осы айтылғандармен қатар Абайдың Пушкин үлгісін алғандағы бір ерекше белгісі, өз ұлтының көлемінен асып, сыртқы өзге елдер жайында сөз қозғауы, Пушкиндегі неше алуан елдер, ғасыр, тарихтар жайынан әңгімелі жырлар жазатын әдет Абайдың дәл өз басында көп болмағанмен, бұл да жалғыз қазақ ауқымында қалмай, сол Пушкинше масштаб, өріс іздейді. Пушкин жазған Кавказ, Қырым, Цыган, Испан сияқты жұрттың әңгіме, әпсаналарын Абай өзі көп жаза қоймаса да, өзінің шәкірті болған ақын жастарға неше алуан әңгімелерді айта отырып, елең еткізіп, халыққа жаяды. “Дағыстан”, “Зұлыс”, “Шамиль”, “Медғат – Қасым” сияқтылар сол Абай іздеп тапқан масштабтың, қазақ әдебиетіндегі жаңа мәдениетті өрістің белгілері еді.

Бұның ақындық жүзіндегі мысалдарын Абай ең алдымен өзі көрсетеді.

Бүкіл батыс, шығыс тарихтары бірдей әңгіме еткен “Ескендір” жайынан әңгімелі өлең жазады. Онан соң тағы да батыс, шығыс бірдей сөз қылған “бақ” пен “ерлік” деген тақырыпқа арнап “Масғұт” әңгімесін өлеңмен жазады. Кейін шыққан сөздерінде “орыс, ноғай, қазақ, өзбек” жайында, осы айтылған ұлттардың барлығына әділ, тең сыншы боп қарауға тырысады. Қазақтың басшы тобында көп орын алған ұлт араздығы, ұлт өзімшілдігі деген сияқты ескі надандық нанымдарына шабуыл жасай сөйлейді.

Және бүкіл дүние елдерінің мәдениеті, тарихын, жалпы даму жолдарын алғанда, “өзім шығыс елі едім, қала берсе мұсылман едім” деп, ислам діні дәріптеген адамдардың шашпауын көтермейді.

Мәдениетті адам баласының жалпы тарихы бағалаған Сократ, Аристотель, Пушкин, Салтыков, Толстойларды алдымен аузына алады. Тар көлемді қазақшылықтан да, діншіл мұсылманшылықтан да атын аулақ арқандайды. Мұнысы да европаланған мәдениетті болған Абайдың үлгі-өрнегі. Нәрмен өрісті білімі бар батыстан іздегендігін көрсетеді.

Бұл тұста Абайдың, жоғарыда айтылғандай, халық талабын терең ұғынып, көпшілік тілегінің бетімен тура көшкен ағартушы, жаңашыл ақын екенін байқаймыз.

Осы сияқты бағыт, беталысының бір таянышы – орыс классигі Пушкиндей кең өріс, терең толғаулы дана жазушылардың үлгісіне бой ұруда жатыр. Солар заманы мен қоғамына қалай еңбек етіп, қалай ұстаздық көрсетсе, мен де ізденіп жол тауып, соларша еңбек етем деген талабында жатыр.

Бұл жағынан қарағанда, Пушкиндер көп ауызға ала беретін ескі антик, ескі классик тарихы мен әдебиетіне Абайдың да оқта-текте соғып отыруы түсінікті мәселе.

Міне, Пушкин бастаған классик әдебиетінен сол Пушкиннің өзі мен өзгелер арқылы Абай алған жалпы әсер осылай болса, енді орыс әдебиетінің кейбір ағынына Абай тағы да қоян-қолтық байланыс жасайды. Ол – әсіресе Лермонтов.

Енді Абайдың сол Лермонтовпен жанасқан жайларын тексереміз.

Орыс классиктерінің ішінде Лермонтов Абайдың қатты сүйген ақынының бірі. Абайдың өз айтуынша, Лермонтов – “ерекше ызаның ақыны”, “махаббаты ашумен уланған” ақын. Ашуы – қоғам құрылысына наразылықтан, қоғам дертіне күйінгендіктен туған. Ол сол ашумен отырып, қоғамдық мін-мерезді жерлейді. Адамды ішкі ойына үңілтеді. Саналы адам, ойлы адам болуға баулиды. Осындаймен оқушыға ой түсіріп, толғантпақ, ұялтпақ болады. Бұл ақын – өткір сөздің адамы. Бірақ кей кездерде сол сезімі мұнды наразылықпен түңілуге, жүдеулікке бейімдеген адам.

Саналы ой, ызаланған сезіммен қоғам дерті үшін қатты күңіреніп, қатты түңілген ақын.

Міне, осындай күйді Абай өз ішінен, өз басынан да көп табады. “Жұрт” мінезі (жұрт дегенде, Абай көбінесе атқамінер, партия басы топтарын еске алып сөйлейді), дос қылығы, ел уайымы, көңіл шері, бас мұңы, табиғат көркі сияқтының барлығы да Абайдан жаңағы Лермонтов сарынына ұқсаған жырлар туғызады.

Рас, бұл процесті Абай бірден бастамайды. Лермонтов үлгісімен қоғам уайымын, көңіл шерін, бас мұңын айта бастаудан бұрын Абайдың ақындық еңбегі екі тарау жолдан өтіп келеді.

Мұның біріншісі және ең зоры – Абайдың өз өрісінің даму жолы. Қоғамшыл, ұстаз ақын Абай өз айналасындағы қараңғылық, құнсыздықпен алысуда көп күңіреніп, көп шерленіп қажып келген болатын, бұл – бір тарау. Екінші бір тарау – Абайдың Лермонтовты көп аударған еңбегінің тарауы.

Қазақ оқушысы Абай арқылы Лермонтовтың талай ірі, терең сырлы, көркем жырларымен танысты. Оның ішінде – “Қарасам қайғыртар жұрт”, “Жалау”, “Жартас”, “Қанжар”, “Теректің сыйы”, “Босқа әуре боп”, “Жолға шықтым” сияқты талай-талай терең сезім, үлкен көрік, ірі толғаудың жырлары бар. Лермонтов арқылы Гетенің “Қараңғы түнде тау қалңып” дегені, Байронның “Альбомға” дегені сияқты батыс ақындарының сезім, сарындары коса аударылған жерлері де бар.

Абайдың осы Лермонтовтан аударған өлеңдері қазақ әдебиетінде әлі күнге ешбір аударушының жете алмаған биік тұрғысында тұр. Қазақтың әдеби тілі пісіп толмаған кезінде майданға шығып, орыс әдебиетінің ең шебер нұсқасы Лермонтов жырын өз күшіндей, өз толғауындай етіп жеткізу Абайдың ерекше шеберлігі үшін үлкен дәлел. Бұл аудармаларының тұсында Абай “Евгений Онегиндегі” машығын қолданбайды. Мүмкін болғанша Лермонтовтың жолдарын өз қалпында өз сөзімен, мағына толқынымен толық жеткізуге тырысады.

Сондай тырысу мен шеберлік арқасында қазақ оқушысы Лермонтов жырларының құрыш күшін де, бусанған тынысын да, күй сазын да толық сезінеді.

Кейде ырғақ, кейде ұйқас, кейде теңеу салыстыру дәл Лермонтовтың өзінше болмағанмен, әрбір жолдың сезім күйін (настроениесін), лебі мен емеурінін асыл нұсқаның дәл өзіндей танытып отырады.

Осы Лермонтовтан жасалған Абай аудармасы арқылы қазақ өлеңіне бір ерекше жаңа, ерекше құрыш күшті, терең сырлы үлкен ағым кеп араласқандай болады. Лермонтов кішіреймей, әлсіремей, өзінің барлық ірі тұлғасымен тұтас ауысқандай болады. Бұдан қазаққа ұғымды етем, жеңілдетіп берем деп қазақы тон, тымақты кигізген жер жоқ. Орыс әдебиетінің мәдениеті, үлкен сыйлы ірі классигі өзінің барлық үлгілі, өрнекті сипатымен қазақшыланады.

Абай осы аудармалар арқылы өз оқушысын поэзия мәдениеті күшті болған үлкен мұрамен таныстырып, жанастырады. Адам баласының жалпы қоры дерлік үлкен қазынаға жетектеп әкеледі.

Осындай етіп аударған Лермонтовтан, бертін келгенде, Абай өз шығармалары үшін де үлгі-өрнек алады. Өзінің мәдениетті, оқымысты ақын боп жырлаған сөздерінде жаңа сарын мен саз табады. Сонысының терең тамырлары Лермонтов лирикасымен туысып отыратыны бар.

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса,
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса,

Күнгірт көңілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуакка, –

деген сөздерді алсақ, табиғатты осылайша сезіну қазақы үлгі ме, европалық үлгі ме? Бұл арасын айыру қиын емес, әрине, стихия мен адам көңілінің шарпысуын көп жыр ету – Европа романтизмінің үлгісі. Оның ішінде, мұнды көңіл иесі, жүдеу қабағы бар ақын Лермонтовқа да ұқсастығы бар боп шығады. Абай жырларының ішінде осындай көңіл шерін, бас мұнын шаққан сөздер, әсіресе өлім күйін айтатын – “Өлсем, орным қара жер”, “Жалғыздың дертін қозғайтын”, “Алыстан сермеп” және өз басынан кешкен жеке бір фактіні сөз қылатын – “Сұм дүние тонап жатыр”, немесе адамның қасиеті туралы айтқан толғауы – “Өлсе өлер табиғат” сияқтының барлығынан да Абайдың европалық мектебі көрініп тұрады. Сонда табиғат лирикасы, көңіл лирикасы, қоғамдық мұнды күй, жалғыздық сарын сияқты жырларының көптен-көбі Лермонтов лирикасымен жақын түсіп отырады.

Тағы бір топ өлеңде Пушкин мен Лермонтов екеуінің де ізі білінетіні бар. Онысы білімсіз, ой-санасыз өткізген жастық күндері үшін өкінген жаңа өлеңді, ән-күйді жаңаша бағалап, тыңдаушыға солардың ұстаздық мәнін түсіндірем деген жырларынан көрінеді.

Әрине, бұл жырлардың тұсында да Лермонтовқа ұқсастық, жақындығын айту, соны дәлелдеу ұқсамайтындығын айтудан сонағұрлым қиын. Осының өзінде Абайдың олармен жақындығы зерттеу арқылы ғана танылатын жақындық екенін көрсетеді. Терең тамырдан барып қосылатын үлкен қорытудан өткен, тереңдеп сіңген жақындық екенін көрсетеді. Мұнда ұшқарылық, механикалық әдет жоқ. Үлкен мектептен өткен нәрлі, іргелі үлгінің ғана ізі бар.

Абай ақындығын алғанда, осылайша боп ашылып отырған жайлар оның құн бағасын кемітпейді, қайта арттыра түседі.

Осындағы айтылған қарым-қатынастар Абайдың европалық үлкен қорға қол артқанын көрсетеді. Адам баласының жалпысына бірдей болған классик әдебиетімен жақсылап, тереңдеп ұштаса білгенін көрсетеді. Өзінде Ев-

ропа, өзі Европада боп, қарға тамырлы боп байланысқанын көреміз. Бұл белгі – сүйсінерлік нағыз ірі белгі.

Пушкинді Пушкин еткен белгі, ерекшеліктің өзі де осындай болатын. Ол да өзінен арғы Батыс Европа мен ескі классик әдебиетінен үлкен үлгі алып, адам баласының ортақ мұраларына қол артып өскен ақын. Өзге жайларын қойып, оңай мәселелердің өзін алсақ та, Пушкиннің атақты “Ескерткіш” деген өлеңі осы ретпен жазылған ескі Рим ақыны Горацийдің “Ескерткіш” атты өлеңіне бой ұрады. Екінші бір атақты өлең “Пайғамбар” болса, оның мазмұны, уақиғасы мұсылман жұртының айтқан ертегісінен туады және Пушкиннің барлық “Оңтүстік тақырыбына жазған поэмалары” ағылшын ақыны Байронның “Шығыс тақырыбындағы поэмаларымен” ұштасып жатады.

Олардың өзінің өсуі және олар арқылы бүкіл орыс елінің классик әдебиетінің өсуі осылайша жалпы батыс әдебиетінің өсу жолдарымен байланысты боп отырады.

Осылайша болу классик ақын-жазушылардың және барлық орыс әдебиетінің үлкен ерекшелігі болатын.

Осындай қатынас болмаса, жалғыз өз ұлтының тар көлемінде қалса, ол мәдениет, ол әдебиетінің тағдырымың жыл бойы бір қалпында тұрып қалған ескі қытай мәдениетінің тағдырындай болар еді.

Абайдың өз тұсында орыстың классик әдебиетін мектеп тұтып бағалауы, сол арқылы нәр, қазына табуы бүгінгі біздің социалистік интернационалдық, бүкіл дүниелік қорға тезірек ұмтылып, көңілдегідей менгеріп алуымызға жәрдемші болады.

Қазақ әдебиетінде Абайдан бұрынғы халді алып, содан Абай шығармасына келгенде, бұрын сезіп, естіп көрмеген бір жаңаша, өзгеше желдің ескенін сезесің, сол жел Абай арқылы батыстан, орыс классик әдебиетінің мәдениетті қорынан есіп тұрған жел болады. Өзі қоғам тілегін қорытушы, әрі ұстаз, әрі басшы өнердің игі лебі болады. Міне, Абай бағалы болғанда осындай үлгілі, мәдениетті ақын болуымен бағалы.

Осымен қатар Абайды Алашорда ақындарынан аулақ ететін осындай алға беттеген, прогрессивтік ерекшеліктер

бар. Соны ұмытпау керек. Орыс классиктерімен байланысын зерттеуде бұдан былай есте тұтатын тағы бір нәрсе, оның байланысы жалғыз Крылов, Пушкин, Лермонтовпен бітпейді.

Орыс әдебиетінің барлық ХІХ ғасырдағы классик ақын-жазушысымен, сыншы-қоғамшылдармен жақсы таныс боп, үлкен мектебінен өткен Абай Лермонтовтардан бергі жазушылардан да үлгі, өрнек алған.

Осы ретте айрықша, қосымша зерттеуді керек ететін бір мәселе Абайдың Салтыков-Щедринмен байланысы турасында.

Өз заманындағы патшалық бюрократизммен, чиновник алпауытымен, азған ымырашыл интеллигенттермен қалам арқылы қатты алысқан Салтыков Абайға аз әсер етпеген сияқты. Рас, Салтыков ақын емес, жазушы; оның пәлен шығармасы Абайдың пәлен өлеңінің түр, нәріне үйлес келеді деп айту қиын.

Бірақ жалпы мысқыл-сатира, ащы сықақ жағын алсақ және сол құралдардың патша агенттері – жемқор ұлық, құнсыз чиновник, надан қанаушыларға қарсы жұмсалғанын ескерсек, онда Абайдағы “Болыс болдым, мінеки”, “Мәз болады болысың”, “Интернатта оқып жүр”, “Қайтсе жеңіл болады” сияқты қоғамдық, мемлекеттік құрылысты сынап, шеней жазған өлеңнің барлығының астарында Салтыковпен үндестік бар екенін айыру қиын емес сияқты.

ЖЫР ЖАЛАУЫ – АМАНГЕЛДІ

Жауыздықпен жаны қас,
Жәбірлімен мұндас ед.

.....

.....

Ашуланса алмастай
Қынабына сыймас ед...

(Халық жыры)

Амангелді¹ жайында көп айтылып жүрген үлкенді-кішілі ақынның сөз ішінде көркем айтылған бір теңеу осы алмас деген сөз. Қай алмас дегенге: ел алмасы, тарихтың алмасы дер едік.

Жалыннан шыға су жұтып, судан шыға жалын құшып, көк болат шымырап алмас болады. Әуел шыққан сәтінде оның өткір, өктем жүзінде көкшіл-қошқылдаты бар. Ыстық-суық тегінің ыстық-суық майдан үшін берген салқын қайрат лебі сол. Сарапқа түсіп, сын кеше жүріп, қаттыны тіліп, қалыңды жарып, толқымай өтіп барып, бір замандарда жарқырап жүзі, жалтырап алмас бойы ашылады. Айдыны басқа ақ алмас сонда анық аңғарылады.

Заман деген бір ұста бар, адам алмасын сол дарқан шығарады. Амангелдіні де сол тудырып, құрыш болат етіп сол шығарды. Оның алды ұзақ дәуірге созылған үлессіздік пен жадаулық еді. Исатай, Махамбет, Бекет² серпіліп, кейін жым-жырт жабыққан салқар ұзақ бір дәуір өтті. Осы кезде ел күші демін ішіне тартып, қайрат, қасиет жиып, тағы бір толқып қуат атпақ сырда екен. Он алтыншы жыл келді, ұлы Октябрь төңкерісімен ілесе азамат соғысы келді. Ел елдігін, ер ерлігін сарапқа салар күн туды. Сонда тамырында ата қаны мұздамаған қажырлы ел өзінің халық ортасынан ұл шығарды.

Сол күресте шын қажырлы ел туды,
Сол күресте Амангелді ер туды,
Заманының сондай нашар шағында,
Амангелді батырдай боп кім туды, —

деді Күдері³ акын.

Туды. Ел ашуының елдік үшін, жаңа дәурен, ұлы мұрат үшін сілтеген алмас күші боп туды. Сол ерен ерекшелігі он алтыншы жыл менен азамат соғысы күндерінің өзінде де ел көзіне көрініп, ел жүрегіне сонша жақты. Есепсіз көп, бірақ есесі жоқ еңбек халқының ұлы, камқор ұстазы Ленин көтерген тудың қазақ сахарасындағы бірінші қаһарманы Амангелді ел тарихының жаңа дәуіріне бас болды. Қазақ тарихындағы Октябрь нәсілінің жаңа төлінің марқасы болды.

Міне, 25 жыл өтті. Осы 25 жыл Амангелдінің ұлы тұлғасын, бірсін-бірсін тереңдеп танитын алып бейнесін айқындап ашып келеді.

Ер — ел тарихының белі дейміз. Ол өзі тірісінде бір танылады. Өзі өткен соң кейінгі ұрпақ қадірін біліп, қасиетін таныған сайын тағы танылады. Әсіресе, молайып, ұлғайып, барған сайын бар жаналығы бадырая түсіп танылады. Бір кезде бел көрінсе, келер ұрпақ тарихына: өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, орнатып кеткен туымен, тастап кеткен үлгісімен, нұсқап кеткен бетімен енді бел ғана емес, биік тұрғы боп, асқар тау боп көрінеді. Тарихта талай жақсының кейінгі дәуірлерде талайда-талай тағдыры бар. Солардың ішінде кейінгі дәуірлерде, әсіресе, алтын терек, асыл арыс аталып, ерекше қадірі артып, үдей түсіп отыратыны бар. Бұлар — анық қадірмен қымбаттылар. Өздері некен саяқ, бірақ бір десең, бағланың дерсің. Кейінгі тарихтың әрбір жана кезені, әрбір жаңа күні солай етпесе де, күндерінің ішінде бір күндері, дәуірлер ішінде бір дәуірі келеді де — асылымыз атын алып, асыл дегізіп, биікке бір-ақ шырқатып, мәңгілікке бір-ақ орнатады.

Осындай өзгеше жанның бірі — Амангелді. Отан соғысының қатал сын, қайсар қажыр талап еткен күндері, ел намысы — ер намысы болған күндері Амангелді атын қазақ халқының жауынгер нәсіліне, әсіресе, ардақты әруақ

етті. Азаматтық биігіне шықсаң, сондай шық. Халқыңның қасиет намысы қолыңда болса, сол Амангелді танытқандай ғып таныт, өлмес атың өлшес іспен нұрланса, сондай боп нұрлансын дегізді.

Отан соғысының ерлігі Одақтағы барлық бауырлас елдердің арғы тегіндегі бар қасиетін еске алғызды. Бергі менен арғыдағы бар жақсысын жандай жақын етті. Сол қатарда Амангелдіге қарасак, ол біздің майдандағы батырларымызға тіпті тақап тұр. Ет бауыр жақын аға боп тұр.

Бірақ дәл бүгінде, кеңінен, молынан түсінеміз деген кезімізде, тұтас тұлғасымен толықтанып қадірлейміз деген кезімізде Амангелді жалғыз да, жалқы да емес, аса қасиетті айналасымен, әсіресе, көркейе көрініп тұр.

Дәуірі туған кезінде, дәл бейнесі анық ұлғайып танылған Амангелді қандай боп тұр? Арыда, өз елінің қадірлі тарихында асыл асқар тегі бар батыр боп бір танылса, беріде байтақ бауыр досы мол, алып Отан ел тапқан, ұлы Одақтың бәріне артық большевик батыр боп екі танылып тұр.

Міне, осы сыры, осы сипаты Амангелдінің, әсіресе, өзгеше қасиеті, өзгеше бітімі. Шалқайса тарих шыңы бар, еңкейсе иен елі бар. Өз елінің жекелеп келген тарихын дүниенің ең жаңа, ең жарқын тарихын жасаушы көп елмен әкеп туыстырған алып азамат өзі боп тұр.

Бүгін, өліміне 25 жыл өткен күнде, бізге оның, асыл ұлы жан боп танылатын Амангелдінің ел алмасы, тарих алмасы боп жарқырып ашылған жарқын жүзі осындай.

Ел ерінің осы бейнесін қазіргі халық атынан айтылып жатқан халық ақындарының сансыз көп жырынан анық аңғарамыз. Он алтыншы жылдың дәл өзінен бастап, дәл осы бүгінгі күндерге дейін Амангелді жайынан қазақ халқының жыры бір үзілмеген еді. Жаңа жырлар дәл осы сәттің өзінде де туып жатыр, толғана шымырлап шығып жатыр. Ал туған жырлар халық аузында қысса-дастан боп, аңыз-әңгіме боп, ән-әуен боп домбыраның пернесіне оралып, әншінің нақыс ырғағына оралып, қанатты жырдай қалқып жүр.

Сол жырлар нені толғайды, нені айтады?

Мәуесі жерге қарап салбыраған,
Халыққа көлеңкелі сіз бәйтерек.

Керекті уақытында ататұғын,
Дұшпанға дайын тұрған сіз зеңбірек, —

деп, батырдың замандас серік ақыны Сәт жырлаған. Он сегіз, он тоғызыншы жылдарда Амангелді Торғайда әскер комиссары боп тұрған күннің өзінде айтқан жыр. Алдыңғыны болжап, алысты шола жырлаған жыр. Айтқаны, сезгені рас. Ел зеңбірегі Амангелді біздің күшімізге өз үлгісімен, өз ұрпақтарымыз қолымен неміс қанішерлеріне қарсы кек зеңбірегін шын атып тұр, дәл тигізе, қан құстыра атып тұр.

Бұл қажыр, бұл ызаның басын жау жүзінен жасымай тұрып Амангелді серігі Жағыпар өлер сағатында айтып еді:

Мен өлсем де миллион бар,
Кегімді алар, қоймас тек.
Жағасында Торғайдың,
Жанталасқан сөзіме
Боларсың куә, жер мен көк, —

деп еді. Осы сөз, осы қажыр дәл бүгінгі бар майданда ер сынын ақтап, батырлық шыңын сағынып қаза тапқан барлық Одақ ұлдарының үні емес пе! Бұл дана асыл ұранды қазақтың қазіргі батыр ұлдары Амангелдідей батыл, батыр ағасынан алып, сақтап қалған еді. Сол Амангелді асылының қадірін ұғып толғаған ақын Нұрқан⁴:

Халықтың алтын қазығы ед,
Жалғыз малта азығы ед,
Тұлпардай сұлу тұлғалы ед,
Қатардан басым туған ед,
Атасы жаудан қайтпаған,
Атақты батыр Иман ед, —

деп баян етеді. Амангелді өзі ғана емес, өзі туған тегінен, елінің арғы тарихынан ерлік намыстың өшпес бір шақпақ отын әкеле жатқан ері. Сондықтан ол өзге пішінде емес, халықтың өзіне таныс, ыстық, асыл, етене жақын бейнеде суреттеледі.

Ақшолақ иығында, белде қылыш,
Айбалта тақымында алмас құрыш.

Сүйеніп ат үстінде ақ найзаға,
Түнеріп жауар бұлттай етті тыныс, —

дейді.

Өзі тірісінде сан қол боп ерген сарбазын бастаса, қазақ деген халықтың қалың аңыз-әңгімесінде барлық байтақ еңбек елінің тұтас телегей тобын бастаған Амангелді болады.

Обаған, өн бойымен Әйет, Тобыл,
Атбасар, Көкшетаумен және Сібір,
Қайдауыл, Қарсақпаймен, Алты құдық,
Қосылып келіп жатыр топ-топ шоғыр.
Ұшқыны Ембі, Теке қаласынан,
Екісу, Еділ, Жайық арасынан,
Алатау, Сыр мен Шудан қашқан қосын
Табылды Амангелді панасынан, —

дейді. Бұл айтқанның бәрі — іс болмаса да, нөсердей мол ниет еді. Осы ниет жолында, Амангелді соңында халық барын бермек еді, бере отыра жау мен қасынан өз есесін алмақ еді. Халық ақындары Амангелді жайынан ұлы дастан туғызбаса да, бұл күнге дейінгі істерінде аса зор бір еңбек етіп келді. Онысы Амангелді қасиетін ел жүрегінің тануынша танытуында. Соны үлкенді-кішілі, әңгімелі-әңгімесіз көп жырларда көп тілмен талқылауда. Амангелді аты ақындар жырының жалауында болды. Бұл Амангелдінің асыл қасиетінен еді және ақындардың барлық берілген шын ықыласынан еді. Осы халдер батырдың шын жайынан шындық бейнесін дәл айтуға көп көмек етті. Шындық толқын халықтан шығып, батырдың шын бейнесін кең толғауына үлкен күрделі себеп болды.

ҚАЗАҚ БӨЛІМІ

Неше дәуір өсу бар. Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында, сын жылдарында жеткен жеңіс пен табысқа біз, әсіресе сүйсініп, әсіресе қуанамыз. Неше алуан өсу бар. Ел – Отанның көп саласы өсу, даму жолын ғылымның, ғылым-тәрбиенің өркендеуі арқылы нық дәлелдей алсақ, ол өзге жалпы өсудің ішіндегі ерекше, үздік шығып тұрған бір шоқы. Ғылымы өскен ел – мәдениет тарихында шын өскен ел. Ғылым тәрбиесі өркендеген ел – өсер ұрпағын, халық қоғамын шын көгерткен ел.

Қазақстан өзіндегі ғылым-білім табыстарын бұрын да шын мақтаныш етіп айта алушы еді. Ал Отан соғысы кезінде сол табыс, сол өсуіне әсіресе кесек-кесек істер қосты. Соның бірін Қазақстанның Мемлекеттік университетінің соңғы жылдарда берген жаңалықтарынан тануға болады. 41-жылы қазақ оқушысының саны аз еді – 26 еді. Биыл негізгі бөлімдерінде 180 кісі оқиды. Негізгі бөлімдерге оқушылар әзірлейтін даярлық бөлімдерде 140 кісі оқиды.

Университеттің екі факультетінде айрықша қазақ бөлімдері бар. Біреуі – тарих-филология факультеті, екіншісі – журналистер факультеті. Тарих-филологияға арналған қазақ бөлімінде биыл 67 студент бар. Бұлардан 16 студент үшінші курста оқиды. Бұл бөлім 1942/43 оқу жылында ашылып, 18 кісі түсіп еді. Былтыр 28, биыл 30 кісі алынды. Мұндағы қазақ бөлімінің ірі қасиеті, зор ерекшелігі – қазір негізгі ғылымдардың көпшілігі қазақ тілінде оқылады.

Тіл ғылымы, әдебиет, тарих, политэкономия, жалпы тілтану ғылымының бәрін де университет қазақ оқушысына ана тілінде ұғындырып, жеткізе алатын болды. Ерекше қуантарлық істің бірі осы. Тегінде, оқушы қазақ жастары

жоғарғы мектепте оқуға болады. Қазақстанда сан жоғарғы мектептер ашуға да болады. Олардың бірқатары бар да. Бірақ республикада ғылым өсті деу үшін — сол республикадағы негізгі халықтың тіліне жоғарғы ғылымының сара жолы ашылды демектің орны мүлде басқа.

Міне, университеттегі қазақ бөлімінің осы жолда оқшау тұрған бағалы қасиеті бар. Онысы университеттің өзі үшін де, жалпы Қазақстандағы ғылым-тәрбиенің көркейіп, даму үшін де тарихтық табыс, бұрын шықпаған биік бел. Қазақ бөлімі өзінің осы табысына жеткенде университетке оқытушылыққа шақырылған қазақ білімпаздарының еңбегі арқылы жетіп отыр. Олар — филология ғылымының докторы Сімет Кеңесбаев, филология ғылымының кандидаттары Бегалиев, Жұмалиев, Шалабаев, Сарыбаев, Балақаев, жоғарғы мектеп оқытушылары Маметова, Кенжебаев сияқты адамдар.

Осы айтылған профессор, доценттердің қазақ тілінде жүргізетін дәрістерінен аз уақыттың ішінде жоғарғы мектептерге арналған күнделікті оқу құралдары қалыпталып шықпақшы.

Университеттің қазақ бөлімі қазіргі уақытта өз оқышылары үшін де және Қазақстандағы басқа көптеген қазақ жоғарғы мектептері үшін де жаңағы адамдардың лекцияларынан оқу құралын тізіп шығаруға қам жасап жатыр.

Осы ниетте қазақ бөлімінің тағы бірнеше көрнекті мақсат, жоспары бар. Қазақ бөлімі өзінің ісін үздіксіз өнімді істеу үшін қазақтың тіл әдебиетін зерттейтін кабинет ашты. Бұл кабинеттің басты міндеті — жаңағы оқу құралдарын жарыққа шығару, ол үшін университет басшылығы арнаулы баспахана жасап беріп отыр. Қазақ әдебиетінің осы кабинеті аз уақыт ішінде қазақ әдебиеті тарихының бірталай көрнекті істерін ғылымдық өнімді, ретті жолға қоюға көмекші болады деген сенімі зор.

Кабинет аз жылдар ішінде қазақ бөлімінің жанынан қазақ әдебиетінің кітапханасын мол қып құрамақ. Қазақ әдебиеті қайраткерлерінің өмірі мен еңбегінен нақтылы деректер, заттар, қолжазбалар жиып, болашақ әдебиет музейінің ісін бастамақ. Мұның бәрі құр оқу, оқыту

жұмыстары емес, ғылымдық кең арналы, ұзақ өрісті үлкен іс. Оның әр адымы қазақ тіліндегі ғылым адымы болмақ. Сондықтан қазірде қазақ бөлімі жанынан айрықша ғылым-мәдениет үйірмесі ашылып отыр. Онда оқушы жастардың өздерімен қатар, жаңағы оқытушы-білімпаздардың бәрі де қатысады. Үйірмеде ғылымдық зерттеулермен қатар, оқушы жастардың өздері жазған көркем шығармалар да талқыға, сынға түсіп тұрады. Қазақ бөлімінде оқып жүргендер арасында жазушылық, ақындық тәжірибелерімен көзге көрініп келе жатқан Нұтфолла Шәкенов, Құрман Тұрғанбаев, Есенби Омаров, Сүлеймен Досалиев сияқты жастар бар.

Қазақ тілі, әдебиеті, тарихы, көркемөнері қазақ білімпаздарынан шыққан көп зерттеушілерін күтеді. Тарихын, жүйесін тексерген ғылым тусын, өркендесін! Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің алдағы ұлы өрісіне, кең келешегіне қарай өнімді, нәрлі жолмен бастайтын ғылым өссін дейміз.

Осы жағынан қарағанда, Қазақ университеті тек оқытушыларды ғана әзірлеп шығаратын жоғарғы мектеп емес. Ол – ғылым қайраткерін әзірлейтін, қазақ халқының ұл-қызынан советтік жас ғалымдар әзірлеп өсіретін мектеп. Мұнысы өзге жоғарғы мектептерден гөрі ерекше тұрған міндеті – университет деген атынан туатын қасиетті міндеті еді. Қазір біздің университет Отан соғысы жылдарының өзінде жеткен табыстарымен, жаңалықтарымен сол ардақты міндетін атқара бастауға анық бет қойды.

ЕР СЕРІГІ – СЕРГЕК ОЙ

Жауынгер полковник Бауыржан Момышұлының басынан кешкен бір хал баяны

Бұл кім әңгімесі? Бір басы жүз соғыста болып шыққан ер қазақтың әңгімесі. Жеке басы жалаң құрал ұстаған жай жауынгер емес. Лек бастаған, қол бастаған жаңа батыр, басшы батыр әңгімесі. Бастағаны жай әскер емес, гвардия әскері. Өзіміздің Қазақстан астанасы Алматыда құрылған 316-дивизияның Москваны қаһармандықпен қорғап, әлемге аты шыққан 8-дивизия болған кезі. Гвардия – қолдың қолы, ердің ері деген сөз. Сол гвардия дивизиясының басшылығының бірі Бауыржан айтады бұл әңгімені. Қатал сын, қатты қыспақ жорығын айтады.

Мұның өзі зор дастан, кең хикая болмақ керек. Соған талай ақын-жазушы тағы талай оралып соқсын деп, кең көсілтіп шертсін деп, біз бұл жерде әзірше тек болған халдің өзін ғана айтпақпыз. Әшекейі, айшығы жоқ анық шындық кескіні осы.

Бойы жинақы, сөзінің артығы жоқ, қайта таразыға тартқандай етіп, дәл-дәл басып, келте, сараң сөйлейтін Бауыржан бұл шабуылдың түйінін ғана айтты. Ол айтқаны мынау еді.

...Түн тынық. Тымырсық аяз бетті қарып жалап тұр. Тоғай іші жым-жырт. Елере тынып, тың тындап тұрғандай. Әр сықыр, әр тықырды іле тұра қап, алысқа қарай ала жөнеліп тұр. Күнұзын қатты аязда, жолсыз, елсізде қарды белуардан кешіп келген қолдың қалың тоғайға түгел кіргені сол. Жылынса болар еді. Бірақ от жағуға болмайды. Ол түгіл, темекі тартуға да жол жоқ. Жау жақын, секем алып қалады.

Күні бойы нәр татпай келген әскер тоназыған азықты мұздақ күйде қарбыта асап, аужал қып жатыр. Қол басы Бауыржан өзіне серік офицерлерімен ауыр ойдың үстінде. Төнгендері бір түйін. Күндізден бері қадалып ойлап келгені сол еді. Енді мына тоғай ішіне кіріп, жерді болжап, жайды аңғарғалы екі иықтан зіл басқандай. Байлау қиындап, ауырлап барады. Тебіренткен немене?

Бір жол бар алыс – алыс та болса жақын... Бір жол бар жақын – жақын да болса алыс. Соңғысы мынау тоғай ішінде карауытып тұрған қыстақ Трашково.

Дивизия бастығы генерал Чистяков Бауыржанға берген бұйрық-тапсырмасында: “Сол Трашковоны өз полкіңмен барып, басып аласың. Егер осыны орындап, анық алсаң, сені мен орыс халқының атақты қолбасшысы Суворовтай болдың деймін”, – деген.

Сондағы Трашково осы мәні-жөні бөлек қыстақ. Бұнда немістің қалың қолы жатыр. Иіріліп алып, шаққалы тұрған жыландай сұмдық ойлап жатыр бұл айдаһар. Осы қыстақтағы неміс армиясына қарсы шабуыл жасауға дайындалып жатқан біздің армиямыз алқапты жарып өтіп, сол жақтағы жаудың бүткіл бір армиясын қоршауға алмақ. Бірақ біздің корпус ішке кірген уақытта жаулар Трашково қаласын босаға сияқты қып берік ұстап отырып, кейін ішке кіріп алған корпусстың сыртын айналып алмақ. Дәл Трашково тұсынан біздің мол қолдың қылтасын қырықпақ.

Трашково сүйтіп бүйірден соққалы тұрған пәле боп тұр. Шошқаның тұмсығындай боп сүйірленіп, сұғынып тұрған күш осы арада.

Ал осы бүйірдегі жауды алдымен жайрату бар корпус ішінде 8-дивизияға тапсырылды. 8-дивизияның Мәскеуді қорғағаннан соңғы ең ауыр сынға түскен кезі осы еді. Сонымен, дивизия жауға сілтеген найза болды. Дивизия ішінен ең алдымен шабуыл бастайтын полк – Бауыржан полкі – жанағы найзаның болат жебесі болмақ керек...

Міндет қандай екені мәлім еді.

Полк сол мұратқа беттеп кеп, енді міне, шабуыл бастағалы мінбелеп иек артпаға жетіп тұр. Не күйде жетіп тұр?

Түгел жете алмаған. Полктің екі батальонының біреуі артта қалған, әдейі қалдырылған. Зеңбірек бөлімі бір тірегі

еді. Қалың қардан малтығып жүре алмай, ол да шөгіп жолда қалды. Бауыржанның қазіргі қолы бір жарым ғана батальон, жиыны мың солдат. Қолдағы құралдар ішінен зеңбірек былай тұрсын, пулемет те жоқ. О да ауыр болған.

Мың кісінің екі-ақ түрлі құралы бар – бірі бесатар, бірі – қол пулемет. Жауға шабар күш осы.

Ал жау қайда? Қалың жау Трашковада жатыр. Бірақ тек Трашково болса бір сәрі екен. Тоғай ішінде қазіргі сәтте Бауыржанды қинап тұрған жай осы. Жаңа ғана толық танып біліп тұр. Трашково біреу болмады. Қақ қасында, сыртын ала бір топ қыстақ бар екен. Бір ұядай боп жатқан алты қыстақ. Соның бәрінде ордалы жыландай боп быжынаған жау. Және сол көп қыстақтың тап ортасында анық пәленің өзіндей бір қыстақ жатыр, ол – Бородино. Маңындағы бес қыстақ және Трашковоны да мықты етіп отырған сол.

Бұлай болса, Трашковоны алғанмен, жыланның басын басып жанышпайсың, тек күйрығын басқандай боласың. Бұл қыстақты ала қалған күнде де ұстап қалу оңай емес. Өзге алты қыстақ күші кеп ақтарылғанда, қалада жатсаң да, қорғанамын деп қырғын табасың... және мұратынды ақтамай табасың, ең ауыры сол. Трашковоны алу “жақын да болса – алыс” деген сол.

Ал “алыс та болса – жақын” деген қайсы?

Ол Бауыржанның қазір келген байлауы. Алыстан келген бұйрық мына жерге кеп жайды түйген шақта сенімді серік бола алмай қалды. Енді қолбасы өзі ғана жол таппақ керек. Сол жолды қысылып қамшыланған уақытта – ой тапты. Қыстығып қарманған ой, қайратты, сергек ой тапты.

Бауыржан “алыс та болса – жақын” жолды алды. Онысы не де болса жанағы бар қыстақты бір-ақ басып алу. Бастығы Бородино етіп, алты қыстақты түгел алса ғана мұрат орындалмақ. Онда Трашковоны да ұстап қалады.

Қалың шоғыр бір ордасын алып алса, жаудың өзге күштері алыста. Олардың келер жолы біреу, екеу-ақ. Мыналарды бүктеп басып алған соң, ол жолдарға аттай мініп бекініп отырып алады. Тар жолдың үстінде шабуыл жасайтын жаумен тайталасып көреді. Қол қырылса, қан төгілсе, қолбасы өзі өлсе де, алысқанда осы үшін алысса жарайды.

Талапқа татиды десең осыны айт. Әйтеуір өлім болса, не де болса, аларынды алып, жастығыңды құша жығыл.

Толғана тұра осыған байлай сала, Бауыржан ендігі бар әмірді бөгелместен берді. Мың солдатын алтыға бөліп, алты қыстаққа жіберетінін айтты. Екінші бұйрық – тұтқынға түспеу және тірі тұтқын алмау. Ол аз кісінің күшін алаң етеді. Үшінші бұйрық – шабуылды алты қыстаққа бірден бастау. Бастайтын сағатты Бауыржан дәл түнгі төртке байлады. Немісті ұйқыда баспақ болған соң, ұйқының ең тәтті кезі керек. Оқыстан, шошыта тиетін аламан соғысына жаудың ауыр ұйқыда жатқан мезеті қажет.

Алтыға бөлінген күштерінің бәріне бастық етіп сенімді серіктерін белгіледі. Олар – Мадияр Мұхамедиярұлы, Соловьев, Мәлік Ғабдоллаұлы, Мамонов, Вятков, Гундиловичтер. Мұрат мәлім, міндет анық. Жә, енді жауға қай әдіспен соқтыңу керек? Соғыс ғылымы үш әдісті қолданады. Бірі – жарып кіру, екіншісі – қоршауға алу, үшіншісі – сыртынан ұру. Бауыржан осының үшеуін қабат қолданбақ болды.

Сонымен, жау бекінісінің ең мықтысы Бородиноның сыртына шығып ап, шүйдеден соғу үшін Мәлік пен Соловьевті шығарды. Екеуінің күші де қол пулеметтің лектері. Өзгелер қос бүйірден ұратын болды. Ал Трашковаға бір лек жарып кірмек.

Тек бар командирге Бауыржан тапсырған бір тәсіл: ұйқыда басқан соң, ұйқысын бұзбай басу. Ол үшін не керек? Бар қаланың бәрінде де күзет бар. Күзетте пулеметтер әсіресе қатерлі. Ол үн қатып кетсе, даңғазы қып бар атырапты сәтте оятады. Сондықтан алты ротаның қыстақтарға шабар алдында ең алдымен істейтіні – сол пулемет, күзет атаулының бәрін үн шығартпай тұншықтыру.

Қолбасы өз басы, өз ойымен бар байлауды жасады. Байлауы бұйрық боп бекіді. Енді қимылға кіріскенде не болады... Оны ерлік пен тәуекелдің аумалы-төкпелі тағдырына тапсырды.

Бұйрық қолбасының басындағы қиял ғана. Ол іс боп жеткенше талай сәт – сәрсенбі бар. Бұйырдың ба, ендеше күдікке де, қауіпке де кірдің... өрт құшағына кірдің. Шықсаң қайратың мен қимылың ғана алып шығады. Өлмек үшін

баспайсың, өмір үшін жанталастың. Бауыржан үшін қазір осы жанталас бұған шейін бастан кешкен бар тайталастың аң ауыры еді.

Сағат дәл екі жарым болғанда тоғай іші қозғалысқа кірісті. Бауыржан роталарын жөнелтіп жүр. Бастыққа көмекші, ақылшы керек болады-ау деген роталарға өз штабының офицерлерін де бір-бірден беріп жатыр. Сүйтіп, штаб бастығы Мамоновтан басқа, жақын серігі адъютантын да бір лекке қосып берді.

Өзге соғыста, күндегі әдетте қолбасы барлық қолын сол штаб арқылы тізгінмен басқарып билеуші еді. Мынау шабуылдың шарты бөлек. Өзі тауып, өзі байлаған өзгеше соғысқа, аламан соғысына ауысқан соң, Бауыржан дағдылы мерзімді тастап, қолымен өзі қосылып қабат жүріп көретіп болды. Сөйтіп, бар ротаны жөнелтіп жібергенде, бір сәтке тоғай ішінде бір өзі мен атқосшысы ғана қалған еді.

Үнсіз тоғайда, тыңшыдай тынған үнсіз түн ішінде аттардың пысқырғаны да атойдай. Әсіресе, тоғай қандай? Айнала қарағай мен қалың шырыш. Бәрінің бойын ауыр қыстың ақ тонындай қалың күпсек қар басқан. Жерде де белуардан келген омбы қар. Қазір де әр ағаш кәрі меңіреу алыптай. Ертегінің тылсым бұған алыбындай үнсіз мелшиіп, өңкііп тұр. Бірақ тек дыбыс қат. Сонда ғана барлығын, тірлігін білдіреді. Даурыға білдіреді. Досқа да, дұшпанға да бірдей жаршы.

Әттең, соншалық бейбіт, бейтарап дүние. Трашково күзеті жақын. Ең соңғы кеткен рота соған барып, қалаға ілінгенше дабыр шықпасын.

Бауыржан атшысына “кейін, кейін” деп жүріп, аздан соң одан да бөлінді. Енді жапа-жалғыз өзі. Дәл сағат 4 болғанда Трашково қаласының шетінде оқшау тұрған сабан-салам сарайына жетті. Мысықша басып келеді. Аязды түнде шыны қардың өзі де майсыз арбадай шақыр-шұқыр етіп кеп еді. Енді міне, межелі төрт – сағат төрт! Тындау, тану... тану, болжау керек! Сарайдың көленкесінде тұрып алдымен алысқа құлақ салады. Бес қыстақ жаққа салады. Әсіресе, Бородино... Мәлік кеткен үлкен кесел Бородиноға салады. Трашковоға өзі бірге кіріп кетпегені де сол болатын. Жырақтың жайын

болжай кірмек. Олардың да іс бастағанын, қалай бастағанын біліп кірмек.

Қолбасының жапа-жалғыз басы бұлай тұруы қатер. Бірақ өз басының байлауы бағана болған. Көрсек, күзет көреді... Ол бір жерде көп болса үшеу-төртеу болар. Андап келген өзі. Оған алғызам деген ойда емес.

Ал сағат төрт. Бір минуттей қиып өтіп бара ма?.. Белгі қане?.. Алыста болса сарын қані?..

Сүйткенше болмады... Жырақтағы бір пулемет быт-кылдай беріп, қақала қалды. Дәл Бородино тұсы. Екінші жерден тағы бір пулемет атойлай беріп, тағы сәтте үні өше қалды. Бауыржан танып тұр. Сәт сағаты ма, әйтеуір сын сағаты соққандай! Шүйкеден ұрып, шоңқитып жатқан Мәлік пен Соловьев. Атана рақмет, — деп қолбасы жүрегі құптай соқты. Өзі белгілеген тәсіл. Алыстан барып “іске бас-тым” деп белгі етті. Әлі де жым-жырт. Әлі түн тынып тұр.

Енді құлақты Трашковаға салып еді. Жаңа ғана бұдан да тіл келді. Тілдей танық үн келді. “Күмп! Күмп! Күмп! Күмп!..” Мың оттың ішінен Бауыржан құлағына жазбай танылатын өздерінің бесатарының ғана үндері. Бірақ аязды түнде далада атылғандай “шаңқ-шаңқ” шықпайды. Ондағы даусы долы болатын. Қазір булығып жөтелген тәрізді, қыстыға шығады. Мәлім. Үй ішінде атылып жатқан үндер. “Е-е, немісті жатқан жерінде, үй ішінде ыңқылдатып жатыр екенсіңдер... ұқтым”, — деді Бауыржан.

Шабуылдан алған екінші мәлімдеме осы еді. Қазір де қолбасының штабы да, рота басынан алатын мәлімдемесі де бір өзінің құлағы болған. Сол, бірақ, жаңылдырмаған да, жаза бастырған да жоқ, жазбай тынытып тұр.

Енді жіті басып кеп, қыстаққа кірді... Кіре бере жүгіріп бара жатқан біреуді көрді. Бесатарын көлденеңнен ұстаған біреу. Бір үйден шығып, көшеден өтіп, екінші үйге кіре берді. Бауыржан сонда аңғарды... Қазақстаннан жаңа кеп қосылған солдаттардың бәрінің басында құлақшын болушы еді. Құлақтарын ербите қиетін.

Сол құлақшын танытты. Бауыржанның көзіне үріккен тананың құлағындай көрінді.

“Бұлар қайтер екен”, — деп, Бауыржан да әлгінің артынан жіті басып, іле келді. Келе бергенде, есікті жаңағы

солдаттың ашқаны да сол еді, мылтық тарс етті. Бауыржан да жетіп кеп есіктен қарады. Үйде жарық жанып тұр екен. Жаңағы солдат қазақтың бір қап-қара домалақ баласы. Мылтығының бос гильзасын ытқытып тастап, жайымен қайта оқтап ап, қолбасыға бір қарады да, тағы ұра жөнелді. Үй ішіндегі жайды Бауыржан енді көрді. Столда жасаулы ас, арақ... жанында аппақ жылтыр төсек... сол төсектің жанында, жерде бір өгіздей неміс тырайып жатыр. Жаңағы үнсіз баланың ісі. Тақау тұрған орындықта киімі ілулі... Немістің офицері, үлкен офицері екен... Ал төсек үстінде қалың сары шашы жалаңаш ақ етіне төгіліп, жайылып түскен бір әйел отыр...Қабырғаға сүйеніп сіресіп қапты. Өзінде үн жоқ. Бауыржанға қадалған екі көзі шарасынан шығып шатынап барады... ажал алдында алжасып тұрған анық қорқыныш пішіні... “Япыр-ай, қорқыныш көзі шарадай деген осы екен-ау”, – деп, Бауыржан бір сәт ойланып қалды... Қатын ату ерлік пе? Ол өлтіреді деп отырса да, өлтіріп не қылсын... Жиренішті, ызасы, намысы – бәрі аралас бір қозғалыспен төсекке тақап кеп, әйелге алақанымен белгі беріп: “жата бер” дегендей етіп еді. Қолы тиместен-ақ әйел сылқ етіп құлап кетті. Бауыржан әлі де жиренген көңілімен әйелдің басына көрпесін жаба салды да, үйден шығып кетті.

Бұл кезде Трашковоға мейлінше кіріп, кернеп алған лек немістің сыбағасын сылқита беріп жатыр еді. Шошып оянған неміс шоршып түсіп, төсек астына да, пешке де тығылып баққан. Подвалға да ырғыған. Бірақ қазақтың кара домалақ ерлері бар жерден суырып ап серейтіп жатыр. “Әкеңнің көрі... неміс” деп басып-басып салады. Бауыржан бірнеше үйде осыны көріп шықты.

Трашково алынды. Көпке шейін көрші қыстақтардан да күмп-күмп үн кеп жатты. Сол мезетте таң да атты...

Бородиноның жанында бір биік бар еді. Қолбасы ендігі жайды көзбен болжамақ боп, соған кеп шықты... Бар қаланы дүрбімен түгел көріп шықты. Бәрінің көшесінде де түндегі таныс құлақшындар ербеңдеп жүр. Қазір көзге сондай ыстық, сондай қадірлі құлақшындар, айналса болғандай. Бауыржан: “Иә сәт. Ондаған екенсің”, – деді.

Сол шақта бар қыстақтан лек-лектің бастықтары жетіп, қолбасыға кеп мәлім етіп жатты... Мадияр келді “алдык”

деп, “Біз де алдық”, “Біз де алдық” деп, Трофимов, Гундилович, Мамоновтар кеп жатты.

Түндегі арманды қиял өмірмен қоштасар алдындағы ең соңғы сағым қиял іс болды... Қандай іс болды? Неше алуан қуаныш бар ғой өмірде...

Неше алуан қуаныш бар ғой өмірде... Бәрінен мынау жалынды екен деп білді Бауыржан. Өзі бұрын аязды жақсы көрмеуші еді. Қазір қатты толқынған кеудесін керіп тұрып, аязды суық ауаны соншалық ұзақ бір жұтты... Жұтты да, “Аяз не деген тәтті еді” деп ойлады...

Екіталай тайғақтан тепсініп шығып, талайы асқан шақта, бұл сәтте дүниенің тәтті емесі жоқ еді.

Офицерлер ішінде Трофимов түндегі Бауыржан бұйрығына, алысты тандағанына іштен наразы еді. Енді қуанып кеп, қолбасыны құттықтап тұрып: “Бұл үлкен іс, сіздің өзіңіздің ғана ісіңіз. Өзіңіз ойлап, байлап, өзіңіз орындаған, анық ер басшылық ісіңіз”, – деді.

Бауыржан Мадиярға қарап, күліп қана тұрып, байсалмен бас изеп, оқыстан бір өлең-нақыл айтып кетті:

Мен істедім дегенше,
Мың істеді десеңші.
Мың істеді дегенше,
Ер істеді десеңші.
Ер істеді дегенше,
Ел істеді десеңші.
Мен мындікі болмасам,
Ер елдікі болмаса,
Кім істеді дер едін?

Бұл күнгі соғыс неге сарықты?.. Алты қала алынды... Сегіз жүз неміс қырылды... Қол шығыны 57 кісі екен... Аспап, бұйым, қару-құрал олжасы аса мол. Осыны айтып, бір Трашково емес, ордалы жауды оңдап бастық деп, Бауыржан мәлімдеме жөнелтті.

Бір Трашковоны алсаң, пәлен дермін деген генерал бастық енді не дер? Бірақ “не дерді” өз досынан, өз басшысынан күту бір сәрі... Анық “не дерді” жаудан күту керек... Мынадай жойқын көрген жау, әлі күшті, кекті жау тек

тұрып қалмайды... Енді қарман, қарман да қамдан... Оның шабуылына қарсы қамдан.

Бауыржан аз кісі серіктерімен тыным алмай жортып жүріп, бар қаланы көріп шықты. Қалаларға жан-жақтан келетін жолдар, жолдар қандай соны білмек еді. Аз уақытта білді бәрін. Білді де, анық үлкен қауіптің әлі де алда тұрғанын таныды. Қауіп емей немене? Бұрын бұл қалаларға екі жол келеді деп болжасып еді. Алты қыстаққа алты жол келеді екен. Және қандай жолдар? Шетінен танк жүріп келетін кең, даңғыл жолдар. Алты жақтан танктер қаптаса, қайтпек керек? Зеңбірек те жоқ... Алты жолмен қол төгілсе оңай ма? Және анықтап білгені, жаудың қолы жатқан қалың қыстақтар тағы жақын екен.

Ал дивизияның кейінгі мол күші алыста және жүрер жолы жоқ. Жеңістің алғашқы қуанышымен ілесе төнген қауіп осындай еді. Анық қатер алда тұр екен. Қазір-ақ неміс орай шабуыл жасайды... Артқы күшің жетпестен бұрын жасайды... Тапқанының барлығын қайта талқан ете ме? Тартып ала ма?

– Сал, сал бар сергек ойды осыған, – деп, Бауыржан іштен тағы ширығып алды. Қайтадан қатқыл қабақ түйіп, қазір істер іске тағы қанат қондап еді ол...

АБАЙ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

I

Қазақ халқының ұлы ақыны, ақыл-ойшылы, ұлы кемеңгері Құнанбайұлы Абайдың туғанына осы жыл август айында жүз жыл толады¹.

Абай тар заманда, “соқтықпалы соқпақсыз” жерде, халықтың игілікті ісіне қарсы топпен жалғыз алысып, халқының көшін жаңа жолға – мәдениет, өнер-білім жолына бастады. Халқының тарихын өзгертіп, жаңғырту жолында қажымай еңбек етті.

Абай қазақ елінің дәл бүгінгідей ерікті, берекелі, бірлікті, күшті, мәдениетті, бай, бақытты ел болуын көкседі.

Берекелі болса ел,
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды, сокса жел.
Жан-жағынан күркіреп
Құйып жатса аққан сел,
Оның малы өзгеден,
Өзгеше боп өсер төл, –

деп тіледі.

Абай қазақтың әрбір ұлы, қызының еркі, бостандығы үшін, ой-санасын жетілдіру, ержеткізу үшін күресті. Оларды халқын сүйеге, халқы үшін, адам баласы үшін қызмет етуге шақырды, адамгершілікке баулыды.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық кайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Осыны біл. Талап қыл, өнер, кәсіп ізде.
Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме.
Қызық келсе, қызығып, оған да ерме,
Жүрегіне сүнгі де, түбін кез де,
Бұдан тапқан шын асыл, тастай көрме, —

деп ақыл айтып, қайрап, жігерлендірді.

Абай қазақтың жаңа әдебиетін — мағынасы терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін жасады. Шын мағынасында өлең өнерін жасады. “Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ” деген сертіне жетті.

Абай халқына “іші алтын, сырты күміс” өлең қазынасын, мәңгі өлместей асыл сөз қазынасын қалдырды. Ол — қазақ халқының Абай тұсындағы тұрмыс суреті, дүние тануы, мінез-құлқы, зар-мұңы, тілек-арманы. Ол — жапа көрген, көп шыдамдылықпен жақсы болашаққа сенген ер халықтың бейнесі.

Абай өз халқын мейлінше сүйді. Сол өз халқын сүю арқылы онымен тілек-арманы, тарихи тағдыры бір халықтарды сүйді. Халқына үлгі боларлық, жәрдем қолын созарлық ұлы орыс халқының мәдениетін, өнерін сүйді.

Абай — халқының шын ұлы. Ол өмір бойы халқының қайғы-шерін жазып, мерейін көтеру жолында қызмет етті. Абай халқына тек өз тұсында ғана қызмет етіп қойған жоқ, ол өзінің жарқын бейнесімен, асыл сөздерімен бүгін де қызмет етіп отыр.

Абай — қазақ халқының ұлы классик ақыны, үлкен ойшылы, зор әлеумет қайраткері. Сол үшін оны халқымыз сүйеді де, құрмет етеді, оның атын мақтан етеді. Сондықтан оның туғанына жүз жыл толған күнді еліміз зор мереке етіп өткізеді.

II

Абай он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында жасады. Ол осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде 1845 жылы туған.

Абайдың заманында қазақ даласында екі түрлі қоғамдық қарым-қатынас бареді: ол — капиталистік, бектік-феодалдық

калып болатын. Қазақ бұқарасының басында осы екеуінен туған екі түрлі ауыр азап, екі түрлі қанау, қысым бар еді. Оның бірі – отаршылдық қанау еді де, екіншісі – бектік-феодалдық қанау еді.

Ресей патшалығының қазақ даласын түрлі жақтан отарлауы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында мейлінше күшейді. Қазақ халқының өз ұлт бостандығы жолындағы 40-50 жылға созылған ерлік-қаһармандық күресін патша үкіметі осы қарсаңда басып, жеңіп аяқтатқан-ды.

Енді қазақ жайында түрлі жоба, ереже шығарып, әуелі сұлтан, аға сұлтан тәртібін орнатты, кейін сұлтан, аға сұлтан тәртібін жойып, болыс, старшын, сайлау-штат тәртібін орнатты, би сайлау тәртібін шығарды.

Міне, осының бәрі қазақ арасында ру партиягершілігі мен талас-егесті, дау-жанжалды, паракорлық, талан-таражды, зорлық-зомбылықты күшейтті. Қазақ бұқарасының малы жауға, басы дауға түсті. Осы халді үкімет қуаттап, әдейі өршітіп отырды.

Мұның үстіне, осы кезде қазақ арасында алым-салық көбейді. Түгін салығы, жер салығы, мал салығы, жан салығы, шөп салығы, су салығы шықты. Кімде-кім салығын төлей алмаса, кезінде төлемесе, одан айып, өсім алынды. Бұл алым-салықтарды, айып-өсімдерді болыс, старшын, ауыл-найлар өз пайдасын көздей отырып, еселеп өндірді.

Осымен қатар, патша үкіметі қазақтың жерін тартып алуды күшейтті. Қазақ халқын тау-тасқа, шөл далаға айдап салды. Ол жерлерді де 1824 жылы шыққан уақытша ереже бойынша қазақ көшпелілеріне қоғам болып пайдалануға берілді деп жариялады. Ең жақсы, ең шұрайлы жерлерді тартып алып, помещиктерге, чиновниктерге үлестірді.

Ал қазақ көшпелілеріне қоғам болып пайдалануға берілген жерлердің көбі шынжыр балақ, шұбар төс байлардың, би, болыстардың, рубасылардың қолында болды. Қазақтың кедейлері, жарлы-жақыбайлары тілім жерге зар болды. Олар жатақ болып, қалалы жерлерде малайлық істеді.

Абай заманында қазақ арасында бұрынғы ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қалыптың қалдықтары да әлі күшті

еді. Ол елдің еңсесін түсіріп тұрған, оны ілгері бастырмай тұрған жағдайдың бірі еді.

Өйткені осы рубасылар, ақсақалдар, би-төрелер, кожа-молдалар халықтың қалың бұқарасын түрлі жолмен қанайтын еді. Мініп-түсетін көлік беріп, сауын беріп, ас-су, киім-кешек беріп жұмсап, арзан бағаға қызмет істетіп езді. Тағы бір тобы әдет-ғұрып заңын, дін салтын пайдаланып, қызмет істетіп езетін болды. Бай-феодалдар, алыпсатар саудагерлер кедейлерді, жарлы-жақыбайларды несиеге, өсімге мал, ақша беріп, ортақ-серікке жер, тұқым, көлік, сайман беріп, қанаушы еді.

Осымен қатар, ел ішінде ынта-жігерсіздік, жалқаулық, құр сандалып күн кешірушілік көп еді. Ел ішінде қараңғылық, дін салты, кожа-молданың ықпалы да күшті болды. Ислам діні, оның түрлі парыз-шарттары, кожа-молдалары иман, тағдыр деп, жақсылық та, жамандық та, бай болмақ та, кедей болмақ та — бәрі де құдайдан деп, халықтың ой-санасын тұмшалап, тұмылдырықтап, қайрат-жігерін, ынта-талабын байлап-матап ұстайтын. Адамның ілгері талабына, ізденуіне жол бермейтін.

Қазақ арасындағы бұл ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қалыптың қалдықтары патша үкіметіне іздегенге сұраған болып табылды. Патша үкіметі оны қуаттап, нығайта түсті, өзінің отаршылдық мүддесі үшін пайдаланды.

Сонымен, Абайдың заманында қазақ даласында екі түрлі шаруашылық-әлеуметтік қалып, қарым-қатынас ұштасып жатты: бірі — күннен-күнге әлсіреп, құрып бара жатқан бектік-феодалдық қалыптың қалдығы, екіншісі — күннен-күнге өсіп, күш алып келе жатқан жаңа капиталистік қарым-қатынас еді. Осы екеуінің тоғысуы қазақ даласында шаруашылық, әлеуметтік қайшылықтардың айқын көрінуіне себеп болды.

Міне, Абай өзінің осы заманын, оның осы өзгешелігін — шым-шытырық қайшылықты екенін жақсы ұққан ақын.

III

Абай он жасына дейін ауылда өсіп, елдегі молдадан оқыды. Он жасына келгенде, оны әкесі Семей қаласына

әкеліп, медресеге оқуға береді. Онда оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның көбін араб, парсы тілінде оқиды.

Абай медреседе үш жыл оқиды. Өзімен бірге оқыған үлкен, кіші балалардың барлығынан сонауғұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай, көп уақытын да алмаған.

Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп тімтіруге салынады. Өз бетімен оқитын кітаптары араб, парсы, түрік жұрттарының ақындары. Одан соң сол тілдерде жазылған ертегі, қыса сияқты әдебиет мұралары.

Абай оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін сезімді оқушы бола бастайды. Араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзінің әбден сүйіп, тандап оқыған ірі ақындары болады². Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай бәйіттерін (жырларын) жаттап жүреді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз араб, парсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб, парсы тілдерімен Физули, Сағдише айтады.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай Семей қаласындағы “Приходская школаға” түсіп, орысша да оқи бастайды. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Басы-аяғы үш-ақ аймен бітеді. Мұсылманша оқуы да доғарылады.

13 жасқа толғанда әкесі Абайды оқудан шығарып әкетеді. Ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды.

Өзінің дене қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң, Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық сияқты өнерінің барлығын еріксіз осы жолға салады. Ел кісісімен араласқанда сөз керек, тапқырлық керек. Кезеңді жерге келгенде айла да, ашу да керек. Әрбір көлденең келген істің тұсында өзгелер не сөйлейді, не істейді? Бұрынғы жақсы адамдар не айтып, не істеген? Өз әкесі қайтеді? Оған қарсы адамдар не тілейді? Осының бәрін Абай ел сөзіне кірісе бастаған соң-ақ тесіле қарап, толық ұғынып, жете білуге тырысады.

Абай жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел, тақпақ, ескі биліктеріне елдің маңдай кісілерімен қатар түсетіндей білім алады. Халықтың қоғамдық тіршілігіндегі қайшылықтарды, ауыр шындықтарды да содан ұғатын болады.

Қаладағы оқудан Шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға енді бір тәрбиеші, ұстаз қазақтың халық қазынасы болады. Бұл жөніндегі азық, білімді ол тағы да халықтан шыққан шешен, ділмәр ақыннан, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуан әкімдер зорлығы, қыздың мұңы сияқтыны да көп естіп өседі.

Осындай мұраларды сүю Абайдың негізгі іргесін қатал билер ортасында қалдырмай, халық мүддесіне жақын етіп жүреді. Билер, әміршілер ортасын ел көзімен көріп, қиянаттарын танып, қатты сынап, жиреніп өсуге себеп болады.

Енді сол ортаның залалды мінездерімен алысып, еліне тым құрса сонысымен пайдалы азамат болғысы келеді. Бірақ мұның ол жолы ел жуаны жау еді. Олар Абайдың өзіне өтірік пәле-жала жауып, жарға жықпақ болады. Олардан бас қорғау ретінде және, бір жағынан, жаманын жазалаймын, тезге саламын деген талаппен Абай оларға қарсы алысатын болады.

Сонымен, 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партия басы жалақорлардың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кеңселеріне түсе береді³.

Абай осындай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3-4 айға шейін шыға алмай жатады. Осы кезден оның орысша жағынан ізденуі басталады. Бірақ алғашқы жылдардағы оқуы үнемі салынып ізденген іс емес. Қалада болған уақытта оқта-текте қарастырады.

Жасы отыздан асқан соң орыстың тілін мықтап оқиды. Қалада жатып, едәуір тіл білген соң, енді көп нәрлі кітаптар оқуға кіріседі. Содан бері аз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды тек кітап алады. Пәлен жақсы, түген жазушы дегендердің сөздеріне құмарланып, қадала оқи береді.

Абай 1880 жылдарда Петербурдан айдалып келген революцияшыл-халықшыл Михаэлис деген кісімен таныс болады. Сол арқылы 80-жылдарда айдалған басқа халықшылармен де танысады. Соның ішінде халықшыл адвокат Гросс, жас доктор Долгополов сияқтылар болады.

Олар патша үкіметі Сібірге, Қазақстанға жер аударған революцияшылдар болатын. Қазақстанның батыс жағына Шевченко айдалып келгенде, Омбы сияқты қалаға, орыс халқының атақты жазушысы Ф.М. Достоевский бастаған талай игі жақсылар келген. Бұлардың ішінде Буташевич-Петрашевскийдің өзі, Дуров сияқты ірі адамдар болған. Революцияшыл демократтардан Чернышевскийдің талай серіктері болып еді. Абаймен жақындасып, достасқан Михаэлис, Долгополовтар осы соңғы топтан шыққан адамдар болатын.

Ұлы орыс халқының осылар сияқты адал, халықшыл ұлдарының бәрінің жүрегінде патшалық дегенде өштік пен жиреніш аса күшті еді. Олар айдауда жүрген күндерінде де орыстың қалың бұқарасы, қара шаруасының құлдық, қорлық халін патшалыққа кешпейтін.

Сонымен қатар олар Сібірде, Қазақстанда патшалық езіп жүрген барлық бұратана елдерге де үлкен достықпен, зор бауырмалдықпен қараушы еді. Патшалықпен алысқанда Ресейдегі езілген, бұратана халықтармен орыс халқын бір-біріне дос етіп, күштерін біріктіру шарт дейтін. Қазақ даласын қараңғылықта ұстап, орыс халқымен жаулықта ұстауға тырысқан, орыс мәдениетінен жырақтатып ұстаған саясатқа да қарсы алысқан.

Сондықтан орыс халқының шын адал және ұлы өкілі болған, патшалықтан жиренумен өткен ой алыптары – Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Чернышевскийлермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс етеді. Ол халықтардан шыққан ел қамқоры, саналы азаматтардың бәрін жаңағы жазушылардың еңбектерімен таныс ету айдаудағы революцияшыл демократтардың саяси үлкен жолының бірі болады.

Бұлардың арасында Абайға алдымен әсер еткен кісі Михаэлис. Оның істеген еңбегі көп болғандықтан, Абай

кейінгі уақыттарда: “Дүниеге көзімді ашқан кісі – Михаэлис”, – деп, алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін өмір бойы алғыс айтып кеткен.

Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған), әр тарау жолдардан мағлұматы болған мәдениетті адам, Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен бағыт берген.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз оқып жүрген Абай, ендігі оқуын Михаэлистің ұсынуы бойынша, үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, философия, табиғат ғылымдары, әлеумет жайындағы кітаптарға шейін тарау-тарауымен, жоспармен оқитын болған.

Сонымен, 1884–1885 жылдары Абай дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Әр нәрсе туралы ғылым-философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонағұрлым қырағы, озғын кісі болып, жекеленіп шыға бастайды.

Абай, өз айтуынша, отыздың ішінен бастап, Европа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта “бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгеріп, күншығысым – күнбатыс, күнбатысым күншығыс болып кетті” дейді. Ол енді бұрынғы күнге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абай болады.

IV

Абай қазақтың ірі феодал табынан шыққан. Оның өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскембай, үшінші атасы Бірғызбай – бұлардың барлығы да ірі феодал болған, ру ішінде үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Әсіресе Абайдың туған әкесі Құнанбай өз дәуірінің феодалдық табының бел баласы, айқын өкілі. Ісі мен мінезінде заманының талай айқын таңбасы, талай ерсілігі бар адам болған.

Бірақ Абай өзінің ісінде болсын, өлең-жырларында болсын өзі шыққан таптың сөзін сөйлемейді, халық сөзін сөйлейді, тап намысын жоқтамайды, халық намысын жоқтайды: атаның ұлы болмайды, адамның ұлы болады.

Күншығыс пен күнбатысты жете біліп, заман ағымын
әбден аңғарып, жол азығын мол етіп алған Абай халықтың
хал-жайын, мұң-зарын жете ұқты. Ол ақын жөнінде айтқан
сөзінде:

Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.
Әделет пен ақылға
Сыналып, көрген, білгенін,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін, —

деп, құлашын кең сермейді.

Шаруашылық жағынан, мәдениеттен, өнер-білімнен
кенжелеп, артта қалған ел-жұрты бар. Қыс жұтымен, жаз
індетімен аралас ел шаруасының құтын, елдің елдік берекесін
қашырып тұрған қырсық жағдайлар бар.

Бұл жағдайлардың бір жағы өз әкесі тобында, жуандар,
атқамінер, құлар тобында жатыр. Бұлар барымта, шаб-
уыл, жесір дауы, жер дауы, бақталас сияқты әлек-ландарды
қоздырып әкеліп, қалың ел ортасына пәле қылып тастай-
ды. Сол арқылы момын, еңбекші, есесіз көпті жейді, то-
найды, қанайды. Өздері надан, өздері ел тағдыры, халық
қамы дегенді ойламайтын дүлей қараңғы. Олар бастаған ел
көшінің барар беті қараңғы, екіталай тығырық.

Абай ел ісіне араласқанда өз әкесі мен әке досы, әке
тобының халық басына, ақынның өз басына қалдырған
ауыртпалығы оған зәрдей болды. Абай сол зәрді іше жүре,
әделетсіздікті, қиянатты таныды. Жуандар, Құнанбайлар
ортасы ел қамы емес, ел сорына біткен озбырлар, қиянат-
шылар ортасы екенін таныды.

Осыдан кейін Абай әкесіндей бар жуан тобынан торығып,
жеріп, іргесін бөлек салып, басқа жол іздеу қажет деп таба-
ды. Барлық ақыл-ойын, күш-қуатын осы топты, осы ортаны
мінеп, шенеп, оның құнсыздығын ашуға жұмсайды.

Өз сөзінен басқа сөзді ұқпайтын,
Аузымен орақ орған өңкей қыртын.

Бір күн жыртың етеді, бір күн бұртын,
Бас-басына би болған өңкей кикым,
Мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқын, —

деп кейіді.

Абай жуандар тобына қарсы шығумен, олардың мінін сынаумен қатар, ел арасындағы барлық ескілік сарқынына қарсы болды. Әйел жөніндегі, тәлім-тәрбие жөніндегі ескі көзқарасқа, ескі салтқа, дау-шарды шешудің ескіден келе жатқан жөн-жосығына, өтірік-өсек, жалқаулық, еріншектік сияқты мінездерге, надандыққа, надан молдаларға — бәріне қарсы шықты, бәрін шенеп, мінеді.

Абай жаңағыдай өз талабын алға қойып шыққан кезде, ел сорына біткен жуандар, қулар тобымен қатар, бүкіл қазақ даласында штат-партия таластарынан туған алыс-жұлыс та өте көп еді.

Патшалықтың паракор ұлық, жандарал, ояз, начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмаштарына табынған атқамінерлер — қоғамдық тірлікті ылайлаған, неше алуан мін мен дертке толы еді. Ол патшаның отаршылдық саясатынан туған күй болатын. Патшалықтың ел ішіндегі өкілі, әкімі, сүйеніші бай, жуаннан шыққан болыс, би, елу-басылар еді.

Неше алуан ауыртпалық орнағанда қалың бұқараның, момын еңбек елінің басына арнайтын. Болыс сайлауының ылаңы мен патшалықтың алым-салығы, паракор, жеміт болыс, бидің қарашығыны — барлығы байға мол түспей, “түңлік басы” деп, жоқ жітікке, жарлы-жақыбайға түсетін.

Жалаңқая, жат мінез жау алады,
Бермей жүрсен, мен сені жек көрем деп...
... Жүзіқараға екі жүз аларман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп... —

дейтін сөз осыдан туатын.

Жуандар тобы сияқты би, болыстар тобы да шірік топ, шірік орта еді. Елдің қамын ойламай, өз құлқынын ойлайтын, елдің сорына біткен топ еді. Мұны Абай айқын аңғарды. Сөйтіп, ол әке тобынан түңілгені, жерігені сияқты бұл топ-

тан да түңіліп, жеріді, әке тобын шенеп, мінегені сияқты бұл топты да шенеп, мінейді. Абайдың “Күлембайға”, “Болыс болдым, мінеки”, “Мәз болады болысын” деген өлеңдері мен тағы басқа өлеңдері осы би, болысты сынап, мазақтап, солардың құнсыздығын әшкерелеуге арналған.

Ақынның бұл өлеңдерінің тағы бір зор саяси мәні болды. Абай би, болысты жексұрын, жаман етіп көрсету арқылы патша үкіметін, патша үкіметінің отаршылдық саясатын сынады. Жұртқа патша үкіметін де жексұрын етіп көрсетті.

Бұл ретте Абай орыс халқының ұлы жазушылары Салтыков-Щедриннің, Гогольдің әдісін қолданды деуге болады. Олар да өз тұстарындағы түрлі чиновниктердің, үкімет адамдарының жаман қылығын, оңбағандығын, құнсыздығын көрсетіп, сынап, сол арқылы жұртқа патша үкіметінің өзін құбыжық етіп көрсететін. Патша үкіметінің саясатын сынайтын еді.

Сөйтіп, Абай жуандар тобынан жеріп, бөлініп шығып, момын шаруаны, еңбекші елді, есесіз көпті тапты, соның тілеуін тіледі. Абай бір сөзінде:

“Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым... Болыс пен биді құрметтейін десең, құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ. Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ... Жә, кімді сүйдің, кімнің тілеуін тіледің? Енді, әлбетте, момындығынан “ырыс баққан дау бақпас” деген мақалмен болам деп, бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын шаруаны аямасаң, соның тілеуін тілемесең болмайды, содан басқаны таба алмадым”, – дейді.

Ал момын шаруа, халық әлгі айтқан, екі бірдей қанауда: ұлт-отарлық қанау мен бектік-феодалдық қанауда – жаншылып, жапа көріп жатыр. Осыны көріп ақын:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузына түсті мұртың...

... Өзімдікі дей алмай өз малынды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың, –

деп зарлады.

Осымен қатар, Абай қалың бұқараның басындағы бұл күйдің ақыр бір күн арылатынын, бұл екі бірдей қанаудың ақыр бір күн жойылатынын аңғарды:

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.
Арамдыктан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек, –

дейді.

Ол болашақтан зор үміт күтті, жарқын, шат, бақытты өмір күтті, сол болады деп сенді.

Сондай-ақ Абай орыс халқының ішіндегі қаналған қалың бұқара мен қазақ ішіндегі еңбек елінің тарихи тағдыры, ой-тілегі бір екенін аңғарды. Және осы аңғарғанын халыққа аңғартуды өзіне борыш-міндет санады.

Қараңғыда қармалған елге жөн сілтейтін, ел мұнын өз мұны етіп, ел тарихын жаңғыртып, өзгертетін ер, азамат керек. Абай мұны да жақсы білді.

Абайдың даналығы осы көрсетілген жағдайлардың бәрін дұрыс байқап, айқын аңғаруында. Соған қарай халыққа төте жол сілтеуінде. Ол жол – көш бетін Шығыстан Батысқа қарай бұру, Батыстың мәдениетіне, өнер-біліміне жетілу, сөйтіп, шаруашылық, мәдениет жөнінен жаңа жолмен даму еді.

Осы ретпен Абай шығармаларында өз тұстастары Шоқан, Ыбырай сияқты боп еңбекті, өнер-білімді, адамгершілікті дәріптеді. Халықты еңбек етуге, өнер-білім үйренуге, адамгершілік жолға түсуге шақырады.

“Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек. Ол: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім, ғылымның жоқтығы: дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды, білімсіздік – хайуандық болады. Еріншектік – дүниедегі күллі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, ұятсыздық, кедей-

лік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны: адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады...

Ғылым үйрен. Орыстың ғылымын үйрен, “Орыстың өнер, ғылымы – дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі” деп насихаттады.

Абай заманында орысты, Батысты жат көретін, дұшпан деп білетін ұғым, салт бар еді. Абай осы салтты мансұқ етті. Ол орыстың, батыстың мәдениетін, өнер-білімін сөзде емес, істе насихаттады. Орыс халқының ұлы классик ақындары Пушкиннің, Лермонтовтың асыл мұраларын қазақ тіліне аударып, халыққа үлгі қылып ұсынды. Қазақ жастарын Толстой шығармаларынан, Салтыков-Щедриннен үлгі ал деп үгіттеді. Анау орыс, мынау жат деп тұрмай, әр халықтың, бүкіл адам баласының жақсысынан үлгі алу, өнегелі ісін, өнер-ғылымын үйрену керек. Үлгілі, өнегелі кісі – адам баласы. Адам баласының бір-біріне жаттығы жоқ. Әкенің баласы – дұшпанын, адамның баласы – бауырың. “Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп” деді. Осылай ол интернационалшыл болды.

Халқының бетін Шығыстан Батысқа бұру, оны Батыс жолымен дамуға бастау, Батыстың, орыс халқының мәдениетін, өнер, білімін үйренуге, адам баласын бауыр көруге үгіттеу жағынан Абай өзінің тек қазақ замандастарынан ғана үздік алда болған жоқ, сондай-ақ қазақ сияқты елдердің көбіндегі замандастарынан да үздік болды. Жақын Шығыста Абай тұсындағы ақын-жазушылардың, оқымысты ғалымдардың бірде-бірі өз халқын Европа мәдениетіне Абайдай үндеген жоқ.

V

Абай өлеңмен, ақындық өнерімен қырық жасқа келген кезінде, 1886 жылдан бергі жерде шындап айналысады. Бұған дейін ол өлеңді тиіп қашып, анда-санда жазатын болады және жазған өлеңдерін “Көкбай айтқан өлең” деп жүргізеді.

Бұл кезде Абай сыртқы өмір жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз деп ұғады. Бірақ оған ақынның ішінде толып

жатқан қарсылық бар. Халық туралы ойына жиналған улы зар, үлкен мұн, қалың арман бар. Осының бәрін халыққа, талантты жастарға жеткізіп берерлік нәрсе – ақындық, өлең болады.

Абайға ақындық үлкен қадірлі мағынасы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек болып танылады. Ол ескілік, надандық, зорлық, жуандық, пәлекорлық сияқты жағдайлармен, атқамінерлер, би, болыстар мінезімен мықтап тұрып алысуға кіріскен. Өзінің ой-пікірін, жолын түсіндіруге кіріскен еңбегі – Абайды кейінгі буынға және сол кездегі қалың елге, көпшілікке, саналы жастарға нағыз қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі. Ол ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Сондықтан Абайдың бұл қарсаңдағы өлеңдері, көбінесе, зұлымдық, надандықпен кектене алысу, мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айту, өзінің елге айтқан зары, өсиеті болып келеді.

Сонымен, Абай 1886 жылдан 1889 жылға дейін, өзі жазғаны бар, орысшадан аударғаны бар, көп өлең жазады. Дәл 1889 жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. Және оның бұл кездегі өлеңдері тек өсиет болып келмей, сонымен қатар махаббат жайында, табиғат суреттері, өлең, ән-күй туралы, өзінің бас қайғысы, ішкі сыры туралы болады.

Абайдың қай өлеңі, қай кезде жазған өлеңі болсын, шешен тілді, көркем суретті, терең мағыналы келеді. Ол өлеңді ермек деп, думан-сауық құралы деп білмейді, өнер деп, халықты тәрбиелейтін құрал деп біледі. Сондықтан ол өлеңнің пікірі, мағынасы қандай терең болса, түрі, көркі сондай сұлу болсын, өлеңнің “іші алтын, сырты күміс” болсын; ол қиыннан қиыстырылсын, сөз арасы бөтен сөзбен былғанбасын, жүрекке жылы, тілге жеңіл болсын деді.

Бұл Абайдың өзінше өлең заңы, өлең қисыны еді. Абай өзінің өлеңдерін осы заңға сай келтіріп, өз айтқандай етіп жазды. Өзінен бұрынғы ауызша, жазба әдебиеттің жалпы қорын пайдалана отырып, өз өлеңдерін жаңа мазмұнды, жаңа түрлі етіп жазды. Сөйтіп, ол қазақтың әдебиет тілін, әдебиетін жаңа бағытқа салды. Ақынның: “сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел” дейтіні осыдан.

Осы кезден бастап, Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің пікірі ашық жастарына Абай аулы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген сөз ұғатын, талапты жастардың бәрі — шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына, дос-жастарына мағыналы тәрбиеші бола бастайды.

Елдің сөз ұғатын жастарын жаңа жолмен, өзі қиял қылған өнер-білімге, жаңа сапалы адамгершілікке қарай жетектеп, баулығысы келеді. Бұларға өз өмірінің өкініштерін, ауыртпалықтарын да көп айтады. Ескі үлгіде қалма. Өзгерген заманның жаңа түрлі басшысы болуға әзірлен дейді. Сондықтан өлең сөздерінде бір айтса, ауызша өсиет, мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи ғана сол атаған жаңа жолына қарай бастайды. Абай жалғыз сөз өсиетіне қанағат қылмай, жаңағы жастардың сезім тәрбиесін толықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады.

Әрине, бұл уақыттарда Абай терең, даналықпен толғайтын ақынның өзі болатын. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыбағасы бар. Өз ішінде қалыптанып, толған сыншы ақылдың мұны табынан ұзатып әкететін жалғыздығы бар. Оның үстіне, жанына сүйеніш санап, тіршілігіне жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жиналған соң, бар сотқармен алысып жүрсе де, Абай өлеңді өз жүрегінің тынысы сияқты қылып алған. Сондықтан Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақша аударса, сол сөздерді құр ғана сыртқы келісімен сүйгендіктен аудармайды. Барлығында өз жүрегіне түсінікті, өз халіне жанасатын, өз қиялына дәл келетін ерекше жақындығы болғандықтан аударарды. Өзі шығаратын өлеңдермен қатар, аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас тынысы сияқты болады.

Бұл уақытта Абай жалғыз өз өсиетін айтпай, Шығыс пен Батыстағы өзі таныс болған бұрынды-сонды данышпан, ғалым, ақын, жазушы атаулының бәрінен мысал келтіріп отырады. Ұдайы ойшылдыққа салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлайды.

Осы ретпен өзі оқыған қызықты, шебер романдардың көбін де өз тілі, өз аудармасымен әсем әңгіме қып ай-

тып береді. Абай мектебінен тараған осындайлық соны әңгімелердің ішінде өз уақытына жаңа болған “Мың бір түн”, “Шаһнама”, “Бақтажар”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Көрұғлы сұлтан” сияқтылардан басқа Европаның да талай романдары болады. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың “Үш мушкетері”, “Он жылдан соң”, “Король қатын Маргосы”, Пушкин әңгімелері және Батыс Европада орта ғасырда инквизиция сотының заманын суреттейтін “Қызыл сақал” деген роман, одан соң Америка, Африкада жабайылар ортасында күн кешкен “Жаһанкездер” жайындағы романдар да көп айтылатын болған.

Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі – ол өзін “шығыс адамы едім”, “мұсылман едім” деп, дін тұсауына бағындырмаған. Жастарға үлгі, тәлім етіп айтқанда, өлеңінде орыс халқының ұлы жазушылары – Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сияқты, ауызша өсиетте де Сократ хақим, Аристотель сияқтыларды қоса айтады. Ұлттық тар көлемде қалмайды.

Өзінің тәрбиесінде болған жас ақындарға әңгімелі поэмалар жазуға тақырыптар бергенде, құлашты тіпті кең жаяды. Көкбай сияқтыларға қазақ тарихының ескілігін баяндайтын тақырыптар берсе, Мағауияға патшалықпен алысқан Шамилдің жайын поэма еткізеді. Және сол Мағауияға “Медғат – Қасым” деген поэмада Африкадағы плантатор бай мен намысқор ер құлдың алысқанын дастан еткізеді. Ақылбайға Кавказдағы “Дағыстан” жөнінен, Африкадағы “Зұлыстар” жайынан поэма жазғызады.

Абай айналасында өлең айтып, ән саламын деген әнші, ақын болса, қыз-келіншек, жас-кәрі болса – барлығының да топта, ойын-тойда айтатын жырларының көбі Абай сөздері болады.

Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда, ылғи ақындығын сөз қылып қоймай, осымен қатар, одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар әншілік (композиторлық) еңбегін де атау керек. Абай өзі жақсы домбырашы болған. Қазақтың ескі ән-күйін жете білген, барынша сүйген. Елдің ән-күйін елти сүйіп айтқан:

Құлақтан кіріп бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, —

деген өлеңдері бұған дәлел.

Абай ән-күйге талай-талай сұлу мағыналы жырларын арнайды. Ол музыкаға ақын боп қосқан үні. Сонымен қатар Абай музыканың өзіне әнші болып та атсалысады. Абайдан қалған 16-17 ән бар. Бұлардың көбі өзі жазған жаңа уәзін, жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер.

Абайдың осы әншілік еңбектерінде де, ақындық еңбегі сияқты, өзіне тиісті үлкен жаңа өзгешіліктері бар. Ол әнде де бұрынғы әннен гөрі өзгереді түрлер шығарады. Бұл да өзінше жаңа жол табам деп, нық ізденудің нәтижесі еді.

Кейін жылдан-жыл өткен сайын қазақ сахарасына өлең өсиеті, үгіті тарап, қалың елге, әсіресе еңбек еліне кәдірі артып бара жатқан Абай, патшалықтың болыс, ұлықтарын шенеп жерлеуші Абай жайлы кісі, жақсы кісі боп саналмайды. Сондықтан оны қудалай береді.

Абайдың өзі бұдан бұрын да өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санай бастаған еді. Соның үстіне, ең жақсы көрген баласы Мағауия өлген соң, Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады: ешкіммен сөйлеспейді, ешнәрсемен өзін жұбатпайды; ауруын ешкімге көрсетпейді. Мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен, 1904 жылғы 23 июньде өзі туған сахарасында қайтыс болады. Ақынның сүйегі өз қорасы тұрған Жидебайға қойылады.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған, —

деген ақынның өз өлеңін өзіне айтуға болады. Абай халқының асыл азаматы болғандықтан мәңгі өлмейді. Біздің барлық жұртшылығымыз, советтік социалистік Отанымыз кәдір тұтқанда сондайлық өлмес, өшпес қасиеті бар Абайды кәдірлейді.

АБАЙ ЕЛІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН МЕРЕКЕ

Тойға арналған тоқсан үй Шыңғыс тауының бөктеріне, Қарауыл суының бойына тігілгелі бірнеше күн болған.

Бұл үйлерді тіккен – ақынның өз атындағы Абай ауданы мен көршілес Шұбартау, Абыралы аудандарының көп колхоздары. Бұлар – той жасаушы, қонақ күтушілер, қалған жұрт осы қалың колхоз елінің қадірлі қонағы болмақ.

Қалың колхоз елі желілеп биесін байлап, көгендеп, матап сойыс малын сайлап, үйлерін безендіріп, жиһаздап қала қонақтарын күтті. Сол қонақтар екі күн бойы 30-40 машинасы Семей жолымен күндіз-түн ағылып келе жатыр. Бұлар арасында Абай мерекесіне Москва, Ленинградтан келген, Өзбекстан, Түрікменстаннан келген Алматы тойында болған сый қонақтар бар.

Қона жатқан қонақтарға үйлер толып, аттылы, машиналы сауықшыларға өлке толған соң, августың 26 күні таңертең халық мерекесі басталды. Ең әуелі қазақтың жазушы-ақындары боп, шет қонақтар боп, облыс, аудан басшылары боп қалың колхоз елінің басын қосып, салтанатты мәжіліс ашты.

Мәжіліс-жиында Абайдың асыл еңбегі, ардақты аты тағы да неше алуан қадір-құрметпен аталып, ұлы ақын әруағына бүгінгі бақытты нәсілдің алғысы айтылды. Мәжіліс ақырында Шыңғыс тауының бауырында, осы Қарауыл суының бойларында туған Абай жырларына ескек өлеңмен тағзым етіп, қадірлеп баға беріп, ақын Нартай, ақын Нұрлыбек жұрт алдына шықты.

Бұл мәжіліс той басы еді. Содан соң халықтың еркін шалқыған қызық сауығы, қалың дүрмек ойыны басталды. Аудандардан, облыс, орталықтан жиылған жас желеңнің

барлығы сәнді сұлу топтар боп, атты-жаяу сейіл құрып, ән шырқады.

Бүткіл Қарауыл жазығында, қалың тау бөктерінде бүгін ерекше сәнмен ырғалып толқыған бір-ақ әндер бар. Ол белгілі, сүйікті Абай әндерінің өзі. Ол: “Айттым сәлем”, “Көзімнің қарасы”, “Алыстан сермеп”, “Қор болды жаным” сияқты бұл өңірдегі қарт пен жастың бәрі біліп, бәрі айтатын сезімді сұлу жырлар. Осы әнімен, сәнді көркем тобымен теңселе басқан лек-лек жұрт бәйге төбеге жиналып жатты.

Бүгін құнан шабады. Қыз қуу, теңге алу, жамбы ату, жорға салдыру, жаяу жарыс – барлығы да осы бүгінгі, алғашқы күннің сауығы болмақ. Соны жаршылар жариялап болмысымен, бәйге құнандар іріктеліп шықты... Кетіп бара жатқан үкілі сәйгүлік жас жүйріктерді суретке басып және қашқан қыз, қуған жігітпен қатар жарысып, оларды да кино суретке түсіріп, жылпос жүйрік кішкене машина “виллис” бірге жүйткіп жүр.

Ұзақ ойын ақырында қалың жиын қатысқан көкпар тартысы басталды... Қас қарайғанша көкпаршыл жігіт, жақсы сәйгүліктер сынға түсті!..

Қарауылдың кең жазығы жүздеген аттылардың анталай сынасып, дүркірей шапқан шабысынан, тасырлай басқан дабылынан жаңғырып, қызулы бір сарын салып тұрғандай болды.

Келесі күн тойдың ең үлкен күні еді, Семей облысының тойға қатынасқан барлық аудандарынан келген көп бәйге аттың шабатын күні, балуан күресетін күн. Ел жиыны кешегіден де молайды. Барып-қайтысы 70 шақырым жерге бәйгелерді ерте таннан жөнелтіп, қалың күрес басталды.

Екі жақтың балуандары шешіне сыбанып, ортаға шығып, енді бас балуандар: Әшкен мен Дәулен ұлдары күресерменге жеткенде, екі жақ боп отырған жұрттың барлығы орнынан ұшып тұрған алып денелі Қажымұқанды көрді.

Ол жиынның ішінен шығып, балуандарға қарап салмақпен басып кеп, бір топтың шетінде отырды. Бірақ қарт балуанның жағасынан жармасып, мен күресем дерлік жас шыққан жоқ. Үндемей тынып, аңырып тұрған жұртта бірде-

біреудің Қажымұқанмен күресем деуін құп көрместей еді. Соны аңғарған Абай аулының аудандық атқару комитетінің төрағасы Мынжасарұлы жолдас бас балуанға арнаған түйе бастатқан тоғызын алып, Қажымұқанның алдына келіп: “Мынау бас бәйге сіздікі, жолыңызды күреспей аласыз”, – деп кеп, үлкен сыйларын тарту етті... Күрес біраз бөгелуде, халыққа бұл көрініс жақсы әсер еткен еді...

Балуандар күресінен соң тағы да кешегі ойындар қайталай кеп, қырдан бәйге аттар қайтатын уақыт жетті. Сабырды тауысқан ұзақ күтулер соңында бір жақта алыс сары қайқаннан бәйге аттардың алды шықты. Жалғыз кара боп, өзге аттардың бәрінен кереғар келе жатқан бір ғана жалғыз баран еді. Өзге бәйгенің бәрінен анық екі шақырымдай алда қаңғып шығып келе жатқан тобылғы торының ұраны естілді. Шырылдаған бала – “Абайлап” ұран шақырып келеді екен. Бәйге торы Абай ауданының оқу бөлімі қосқан сәйгүлік боп шықты.

Үшінші күн қонақтар аттанар сағат жеткенде барлық ақындар мен шет қонақтар бір үйге жиналды. Ол Абайдың өз тойына арнап әдейілеп Абай үйі деп көтерген 8 қанатты ақ үй болатын. Ішіндегі шилерінде кестелі оюмен жазылған Абайдың аты бар.

Осы үйде Абай ақынға арналған барлық Қазақстан ақындарының соңғы жырлары төгілді.

Халықтың ардақты ұлы Абайға арналған халық тойының соңы осы болды. Өлең сөзбен Абай тойына ескерткіш қалдырмақ боп, бар ақынды жыр айтуға бастағаны үшін, ат бастатқан тоғызды аға ақын Орымбай қарт алды.

Ақынның жұртшылық мерекесіне арналған той әрі осындай анық халықтық той боп, әрі ерекше бір мәдениетті, салтанатты той боп өтті.

ЖИЗНЬ ПОБЕДИЛА

Народная казахская мудрость гласит: за днями невзгод и несчастья следуют дни, когда радость и счастье прилетают белокрылой стаей. Сейчас для нашего народа наступила радостная пора, одно победное событие сменяется другим. День 2 мая все свободолюбивое человечество запомнит, как торжество свободы и правды над фашистским мракобесием. Героические усилия Красной Армии завершились блестящей победой — пал Берлин, центр немецкого империализма. Сознание, что ушли и никогда не вернуться черные дни фашистского владычества, наполняет сердце восторгом, окрыляет желанием создавать произведения о мощи и силе нашего оружия.

ХАЛЫҚТЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ ЖЫРЫ

Өз халқының ғасырлық даналығын сақтаған ұлы ақын қайтыс болды. Осы жанның туысы мен қазасының екі арасын алсақ, бір емес, әлденеше ғасыр өткендей сезіледі. Аз ру Шапыраштының Қоқан хандығынан шабуыл көріп, сүрген жел, жүрген кезбе күндерінде туған атсыз, атақсыз бала — Жамбыл екен. Өмірінің соңғы шағында сол кісі адам жетер бақ пен абыройдың ең биік шыңына жетіп, социалистік ұлы Отанның бар халықтары, бар буындары сүйіп қадірлеген күйге жетіпті. Қарт ақынның ұзақ өміріндегі барлық даналығы мен мәңгілік қасиеттері оның туған халқының көп ғасырлық тағдырындағы жақсылық пен даналықтың айғағы. Ертегідей баяғыда өткен бала шағының өзіне көз салсақ та, ақын өнерінің тамырын, төркінін тануға болады. Берідегі ерекше сүйікті сипатын да тануға болады. Жас бөбек күнінде мұның бесігінің үстінде жау шабуылынан жүрегі сескеніп, баласы үшін зарланып, анасы Ұлдан күніреніпті. Ел қайғысын қылқобыздың зар сарынына қосып, туған нағашысы Қанадан шерленіпті. Көпті қанап, жұртты жылатқан басбұзар, сотқар бек пен байды ызамен әшкерелеп, ақын ұстаз Сүйімбай жырлапты. Шабуыл, зорлық салдарынан туған жерін тастап босқан ел ата қоныс мекеніне қоштасып зар төгіпті. Осы сарындарды естумен қатар, болашақ ақын құлдық қанаудан құтылсақ-ау деген сұлу арман сазын да естіп өсіпті. Ол сазда өзгеше бір жақсы күнді көксеу, өзгеше бір жақсылық мекенін көксеу арманы бар еді. Осының бәрін естіп, бойға сіңіре жүріп, халықтың сезімтал ұлы ержете береді. Бойынан бұрын ойы өсіп, ерте ержетеді.

Өлең айтуды 13 жасынан бастап, сексен бес жыл бойында жырлағанда ақын екі үлкен сезімді, әсіресе, нық сақтап

өседі. Ол көп заман бойында пісіп өскен екі жеміс — ақындық еңбегінің екі ұрығы сияқты.

Мұның біреуі — ащы ұрық. Ол — ауыр ащы шындықтың, тұл замандардың айнасы болған жырлары. Ол — жауыздық, зорлық, қараңғылық дүниесіне қарсы арналған жиреніш жырлары. Екінші ұрық — сөнбес махаббат, тозбас үміт, асыл жарқын келешекке арналған жырлары. Бұл өзінен өмір тудыратын ұрық. Жүз жасаған еменнің ұрығындай халықтың бақытқа, игілікке талпынған талабы мен қайратының ұрығы.

Ол екі ұрық екі бөлек дүниедей. Бірі қатал болмыс, бірі осыдан біраз заман бұрын қиялдағы сағынышты дүние еді. Екі қиыр шеттей: бірі жастық, бірі кәріліктей, бірі көктемнің әсем таңындай, бірі күздің ұзақ, лайсаң қараңғы түніндей еді. Сүйікті ұрық — өмір ұрығы Прометейдің отындай боп, халықтың ақынына үміт, қайрат қызуын берді. Ал үмітшіл халық өзінің азамат ақынына келер тірлік, болар тарихтың жақсы күндері үшін жеміс беруді тапсырды. Ол жеміс бар халықтардың жыр, аңызына, ерлік дастанында тірлік еткен, өлмес мұраларда тірлік еткен мәңгілік жақсы тілек жемісі еді.

Біздің Жәкеңнің тірлік қуаты да сонда болатын. Алып ақын ертегінің ерлеріндегі боп кәрілікті жеңгенде, жас ақын боп жаңғырғанда сол халық қуатын, халық отын бойында сақтағандықтан жеңіп еді.

Сондықтан да Ұлы Октябрьден кейін жаны жасарып, жалынды жырмен азаттық күнін, адам бақытын қуана жырлайтын болды.

Жәкеңнің ақындық шабытының ұлы себепшілері халықтар көсемі Ленин, Сталин болды. Ақын ол басшыға үлкен орынды жолмен барды. Барлық халықтардың бағын сүю, ардақтау жолымен барды. Ел камқоры болатын данышпан ана алып ұл туса екен дегенді халықтар мен халық ақыны көп заманнан, көп ғасырдан күтетін. Ленин Жәкеңнің де сол көп арманмен күткен ынтық ұлы еді.

Советтік дәуірдегі халықтар достығының жалынды жыршысы Жамбыл ұлы отаншыл ақын еді. Сондықтан Отан соғысы уақытында ол өзінің ашулы, жиреніш жырын өз

Отанының жауыз дұшпаны боп шыққан неміс фашистеріне қарсы жұсады. Аталық жүрек сезімін, адалдық бауыр-мал жырларын жалынды сәлем етіп, Ленин қаласын қорғаушы ұл-қыздарына жолдады. Қажырлы ерлік жырларын айтып, Жамбыл Москваны қорғасты. Табанды қайрат, қайсарлықты айтып, Сталинградтың соғысына қатынасты. Осындай өз Отанына махаббат, беріктік жырын айтып, жауына жиренішпен лағынет жырын айтып жүрген кезінде Жамбыл өзінің ұзақ еңбек тірлігінің жүзінші көктемін кешіп жүр еді.

Халық поэзиясының алыбы болып, жаңғырған жастықтың мол сұлу жырларын төккен Жамбылдың өз өмірі де талай әсем сөз, әдемі аңыз болуға татиды. Ол жыр атасы боп, талай социалистік дастанның бас геройы бола алады. Бақытты шаттық заманда жастығын қайта тапқан жыр атасы герой болады. Жүз жылдық жастығының шағында мәңгі тірлікке, өлмеске кеткен ғасырлық халық жырының өзі болады.

ВЕКОВАЯ ПЕСНЯ НАРОДА

Умер великий акын — носитель вековой мудрости своего народа. И кажется, не один, а много веков отделяют рождение и кончину его. Безвестный сын малочисленного племени Чапрашты, родившийся в бедственные годы скитаний своего рода, преследуемого варварскими набегами Кокандского ханства, Джамбул достиг в конце своей жизни вершины человеческой славы, снискал любовь и почитание всех поколений, всех народов Великой социалистической родины своей. Все мудрое и вечное в долгой жизни Джамбула повторяет лучшее и вечное в многовековой исторической судьбе его народа. При этом в столь давних, былинно далеких фактах раннего детства акына можно найти много объяснений и истоков его творчества и замечательно обаятельного поэтического облика его.

Песню матери своей Улдан, песню неизбывного горя и тревоги за его беззащитную жизнь в дни диких набегов слышал он над своей колыбелью. Горе народное изливали в раннем его детстве жалобные струны кобыза его родного дяди, знаменитого кобызиста Канадан.

Изобличительную, гневную песню о поработителях народа, о продажных беках и баях пел мощно его учитель Суюмбай. Песни прощания с родными долинами пел народ, уходя от набегов в неведомые дали, чужбину. Он слышал одновременно с этим и красивые песни мечты об избавлении от рабства.

В них воплотились порывы к лучшим иным дням, мечты, ведущие к иным обетованным краям. Слушая, вбирая в себя всю скорбь, все надежды своего народа, он, пламенный сын этого народа, рос и мужал духовно гораздо скорее, чем достигал сам физической зрелости. Начав свое песнетвор-

чество с 13-летнего возраста, в течение почти восьмидесяти пяти лет он пронес через столь долгую творческую жизнь два огромных чувства.

Это выношенных десятилетиями два зрелых плода — итоги его творений.

Один плод горький — это песни воплощения горькой действительности пустынных времен, веков; плод ненависти к миру зла, насилия, мракобесия.

А другой плод — песни неугасимой любви и надежды, ожидания и веры в лучшее будущее.

Плод жизнетворный, подобный плоду столетнего дуба, символ неистребимой воли и стремления народа к благу, к счастью.

Они же — как два мира, мир суровый, реальный и мир еще в недавнем прошлом воображаемый, желанный. Два полюса — как юность и зрелость, как весеннее лазурное утро и как ненастная, долгая осенняя ночь. Плод любимый — искра жизни, некий прометеев огонь, из которого черпал жар и веру подлинный поэт народа. А народ-оптимист, в свою очередь, любил и растил в акыне-гражданине свой плод будущей жизни для благодатной нивы будущей невиданной истории.

И это было то бессмертное, неувядаемое зерно, бережливо хранимое всеми народами, зерно, живущее в заветных песнях, преданиях, в героических сагах и запечатленное в бессмертных творениях народов. В нем заключалась сила жизни и нашего Жаке, акына-великана, нашедшего чудесную силу сказочного перевоплощения, духовно, творчески одолевшего свою старость. Только поэтому с обновленной, омолодевшей душой он стал пламенным певцом солнца свободы и счастья людей после Великой Октябрьской революции.

Великим источником его вдохновения были образы вождей Ленина, Сталина. И он пришел к ним почвенно глубоко, замечательно последовательным путем, тем путем, каким пришли к ним народы со своей великой любовью.

Заступник народа, герой — сын народа, это было самое реальное в долголетних, вековых ожиданиях народов и народного певца.

Пламенный певец братской дружбы народов сталинской эпохи и великий патриот своей Родины, Джамбул со всей мощью своей гневной песни, песни ненависти обрушивался на лютых врагов своей родины, на немецких фашистов. Отеческие сердечные слова, песни священного братства, неизменной преданности посылал Джамбул пламенным приветом защитникам города Ленина. Своей бодрящей мужественной песней он защищал Москву, он отстаивал и Сталинград. Он слагал эти песни любви и преданности родине, песни презрения и ненависти к врагам, переживая сам почти сотую весну своей долгой плодотворной жизни. Великан народной поэзии, творец отличных, дивных песен возрожденной юности, Джамбул сам достоин чудесной легенды о нем, о мудром певце. Он также достоин стать героем социалистической эпопеи о песнетворце сроднившихся народов, о песнетворце, нашедшем в счастливый век потерянную юность, юность завидную, радужную, о песнетворце в столетней юности своей ушедшем в вечность, в бессмертие, как вековая песня народа...

АҚЫН ЕЛІНДЕ

Алыс ғасыр ішінде, алыс белдің ар жағында өмір кешкен жан ол емес. Жүріп өткен жылы ізі суымаған Абай өз атындағы ауданда күні бүгін тірі жандай. Әңгімесінде болған кәрілер, көзі көрген мосқалдар, көп әңгімеде боп, көпке қанған орта жастылар, жігіт азаматтар, бала жеткіншектер көп.

Аягөзден шығып, аудан орталығы Қарауылға қарай жүргенде “Жаңа арна”, “Жүрекадыр” сияқты колхоздарға кіре бере ақын жайындағы естегі мен кеңестің кеніне кіргендей боласың. Осы елдердің ішіне кеше ғана өзі келіп қонып, аралап, әңгіме-аныз тастап кеткендей.

Қазіргі Құндызды, Мұқыр сельсоветтері отырған Шет, Құндызды, Сарықорық, Мұқыр-Тақыр дейтұғын өзен, өлкелер ол күндерде Сыбан, Тобықты, Мырза-Жөкен, Мамай, Көкше деген сыбайлас елдердің мекені болған. Солардың талас шабысының, тартыс-керісінің, келіс бітімінің де көп куәлары осы жерде болған, Абайдың да бала кезінен өлер шағына шейін талай келіп өткен, кезіп өткен жерлер осы. Күліп те жүрген, күңіреніп те жүрген күн, түндерін біледі. Абай айтты деген сөз, істеді деген іс, көрді деген хал, Абай болды деген той, ас, сияз, құс салған Аркат, Байжандай тастары, Қан мен Қарақойтас сияқты шатшатқалдары – бәрі-бәрі де ақын асып өткен бел-белестей аңыз сияқты әңгіме шертіп тұр.

Әңгіме айтатын ата-аналар, әлі мығым қарт колхозшылар: егде тартқан ферма бастығы, бригада бастығы, колхоз бастығы сияқты көзкөргендер... Балаларын, іні-бауырларын Отан соғысына жіберіп, өздері мұнда нелер үлкен істерді ауыр демей, арқалы азамат болып атқарып отырған әкелер, шеше, жеңгелер... Бұлар – бір алуан әңгімеші.

Көңіл күңгірт кезінде өсиет, қайрат даналық сөзді Абайдан табады. Көңілденген, әзіл-ажуа тілеген кездерінде Абайдан қалған қалжың, мысқыл өткір тілді еске алады. Сайрансауық қызықты айтқысы келсе, тағы да сан рет Абайды атап өтеді... Өнер-білім талабы мен табысын айтса, тағы содан нәр алады... Өр көңілдің өжетін, ез көңілдің керенауын, бойкүйезін айтам десе, онда да Абай таңба соғып, тап басып айтып кеткен болады. Сондайлық Абай үлгісін өсиет етіп айтып отырған ірі әңгімешілер бар. Оның бірі – “Жүрек-адырдағы” қарт колхозшы Оразалы. Ол кісіден көп сөз есітіп, көп тоқыған баласы Кәмен. Бұның өзі оқыған, өзі жазушы. Отан соғысынан жаралы боп қайтқан жас жігіт әкесі білген әңгіменің көбін зор ынтамен айтады. Мұқыр-Тақыр бойында “Бірлік” колхозына бастық боп отырған Ермұса да үлкен әңгімеші. Бапты сабадан құйылған сары қымызын сапыра отырып, бір күн, бір түн нелер қызық әңгімелер шерткенде, бір айтқанын қайта айтпайды. Абаймен өзі тілдеспесе де, ұққан мен қанғаны көп, ірі әңгімешінің бірі – осы Ермұса.

Кейін кездескен “Қасқабұлақ” колхозындағы Абайдың інісі Әрхам да ақын жайынан нелер қымбат әңгімелер айтады. Ол – әңгімеші ғана емес, өзі де білгір зерттеуші.

Дәл бұлардай болмаса да, өзге талай колхозшы да толып жатқан әңгіме толғайды.

Қысқасы, бүгінгі колхоз елі кешегі Абайды бек табысқан дос, жақын Абайы етіп алған. Қуаныш-шаттығында, күлкі-әзілінде, тапқан табыс, шеккен қазасында үнемі ортақ серігі боп отырған жан-жақыны болмасқа, қимасы, қадірлісі болмасқа мүмкін емес.

Абайға орнатылған ескерткіштің үлкені де, өшпесі біздің жұртшылық жасаған жаналық – ол осы ауданға ақын атын қоюда. Абай аты кең Қазақстанның қай түпкіріне барсаң да, белгілі ат, қастерлі ат екені рас. Ал мынау өзі туып-өскен, еңбек, еткен данышпан ақындыққа жеткен өз атындағы ауданда жаңағы белгілілік, қастерлілік өзгеше бір молайып, ұлғайып кетеді.

Сол жай ауданға, Қарауыл бойына жеткенде әсіресе айқындайды. Бұнда ақын атын, әңгімесін айтушылар жалғыз колхозшы емес, аудан басшылығындағы партия-совет

жұртшылығы, ақынның жүз жылдығына қарсы істелетін аудан алдындағы міндет не, аудан қолынан келетін істер қайсы, неден бастап, қалай істеу керек, облыс пен орталықтан қандай көмек, басшылық қажет, осы мәселелерге келгенде үлкен жауаптылықпен нық ойланатын адамдар көп.

Райком хатшысы жолдас Мұхамедиев Харистан бастап райсовет басшылары, аудандық газет редакторы, оқу бөлімінің бастығы, тіпті туралай қатынасы болмаса да, шаруашылық саласында істесе де, Балтақай Толғанбаев сияқты ауданның жергілікті қызметкерлері – бәрі де жаңағыша ойлану, қамдануға қатты көңіл бөледі.

Абайдың өмірбаянынан, өлең сөздерінен, жай ұсақ әңгімелерінен жаңағы аталған жолдастардың бәрі де нелер елеулі қызық кеңестер айта алады.

Аудан көлеміндегі кең дала, қалың тау, көп өзен, бұлақ-бастаулар ішінде ақын қонысы, өрісі не болғанын білмейтіні жоқ. Өздерінің жерлесі, сүйікті ақыны жайында бұл жұртшылықтың бәрі де ерікті зерттеуші, сапалы әңгімеші, көп білуші өзгеше бір орта сияқты. Абай жөнінде колхозшылардан, бұлардан бір қансаң, сол аудандағы жастардан, оқушы балалардан да бірталай елеулі, мағыналы белгілер көресің. Қарауыл жұртшылығының көркемөнер жолындағы тәрбие-тәжірибесіне көп көңіл бөлетін, өзі әсем әнші, райкомол секретары Тұрсынхан жолдас, райком қызметкерлері әнші жастар Әнуар, Әсімәлар, райсоветтің хатшысы Жамал, оқытушы Ырысқұл, оқушы Бақыш, Үмітжан сияқты жастар жасап тұратын сауық кештері болады. Осы кештермен жалпы күнделікті ән-музыка аралас ойын-жиында Абай әндерінің орны тіпті өзгеше. Бұрынғы-соңғы композитор, әнші-күйшілердің ішінде бұл жастар үшін ең жақыны, сөз белгісі, үлгілісі, сапалық сезімдісі – Абай сияқты.

Рас, әлі ауданда Абайдың қорасы, үйі қалпына келтірілген жоқ. Аудан Абай зиратын күткен, қолынан келген ісін істеп, күмбез тұрғызған. Бірақ суретті, салтанат белгілерін, ескерткіштерін алсақ, оның бірде-бірі орнамаған, тумаған. Бұл істер аудан күшімен істелетін де істер емес, ол республика көлеміндегі міндет. Ал одан басқа, ақын Абайдың атын сақтаған ауданда ақынның жәйінен білім-дерек, естегі-

кеңес, баға-құрмет бар ма десек, ол – мол, ол – өзгеше. Бұл жөнінде аудан көлемінде үлкен сапалы басшылық та бар. Жақсы ақын, ұлы азамат жөнінде жақсы ескерткіш істер туса екен деген бейіл де зор. Сондықтан бұл ауданда ақын жәйінен әлі талай-талай тың мағлұмат мол-мол сақталып отыр. Неше алуан айтушының аузынан, халықтың өз аузынан Абай туралы көп деректер жию оңай... Абай жәйін орташа білген кісілер емес, ақынның өмірін, заманын зерттеп жүрген әдебиетші-тарихшының өздері де әлі осы ауданнан қап-қап дерек қазына жиып алып қайтатыны даусыз.

Жер әңгімеші

Жер анасы, ел баласы деуге болады. Ел айтқан әңгімені ел мекені, ер бесігі жер де айтады. Көз жіберсең, көңіл тоқтатсаң, тыңдап көрсең, көпті айтады.

Біз Шыңғыс тауының сыртындамыз. Бұл өлке бұрын да жайлау болған, қазірде де Абай ауданының көп колхозы мал фермаларын көшіріп, мол су, кең жерді иен өріс етеді. Сол көп жайлауды “сырт” дейді. Біз Шыңғыс асқалы “Еңбектен” колхозында бөгелдік. Бұның бастығы, бала күнінен Абай аулында өскен, тәлім-тәрбиені Абай шығармаларын жаттап ұғынудан бастаған, бүгінде үш азамат баласын Отан соғысына жіберіп отырған Рахымжан Мамырқазов. Ол байсалды, байыпты әңгімеші, көз жеткен дәлін ғана айтады. Ол – колхоздың сиыр фермасының бастығы, мықты мығым, жас әйел Алтын... Алтын фермасынан шығып, көршілес “Бақанас” колхозының сиыр фермасында болдық. Ол ферманың бастығы – жас әйел Сайран. Алтын сияқты мұның да күйеуі Ұлы Отан соғысында. Сайранның қайнағасы – өткен қыста қайтыс болған Қатпа. Ол Абайдың қолында өскен әңгімеші, күлдіргі, әзіл сөздің ақыны, анық думан адам еді. Бүгінгі үй іші, көрші, досы бәрінің аузында да Қатпа айтқан Абай жайындағы әңгімелері, әндер көп. Аяғөзден шыға бере Жаңаарқадан басталған ақын әңгімелері бұл жерде әні молайып, өрбіп келеді. Енді басқа тың, көп қызық ертегілер айтылады. Бұл тұста ол әңгімелердің

өзгеше көп болатын жөні де бар. Біз Абайдың анық ортасына, өз қоныстарына жаңа жетіп отырмыз.

Сайранның сиыр фермасы Суықбұлақта. Ол Жігітек қонысы болатын. Осыдан оңтүстік жақта жотасы көрініп тұрған Бақанас биігі бар. Сол Бақанастың өзеніне ауыл қонып жатқанда атақты “Жаздыгүн шілде болғанда” деген өлең жазылған.

Ендігі алдымыздағы, айналадағы көп өзен, өлке, қойтас, қырка, бұлақ, шалғын – барлығы да қазақ халқына сүйікті, қымбат болған көп-көп өлеңнің туған ұя толған бесігіндей. Бұл жерлер, әсіресе, әңгімеші жерлердей көрінеді.

Жолаушы боп шыққан төрт жазушы еріксіз екі айрыла жүретін болдық. Алдымызда, алыста, 70-80 шақырым шамасында Сарғалдақ сельсоветі, “Қызылту” колхозы бар. Соған жеткенге шейін жолдағы жердің бәрі әңгіме. Біздің екі жолдасымыз Есмағамбет, Қайым қасына бәріміздің қымбат жолдасымыз, әңгімеші басшымыз Балтақайды алып арбамен кетті. Шыңғыс тауын кенерелеп, жазық өлкелерді көрмек болысты. Біз, екі жолаушы қасымызға ерген Қабышпен тау қырқалап, төтелеп жүрмек болдық. Суықбұлақтан ерте шықтық... Алдымыз алыс... Жүргеніміз жолсыз. Қасымыздағы елден ерген басшымыз Қабыш болса, оның білмейтіні жоқ, тек білмегені осы бізді бастайтын жол ғана. Қабыш – әнші, домбырашы, күлдіргі ойыншы, өзі мерген, ит жүгіртіп, құс салатын аңшы, колхоздың пішеншісі. Шыңғыс сыртының әрі думан-сауығы, әрі берік, пысық қайраткері. Жол білмегенін уайым ететін Қабыш емес. Ол бізге шыға бере жұбату айтты... “Ауылдың тек төбесін гәнә көрсетіндер, ар жағын өзім басшылық етемін. Бұлжытпай дәл үстінен түсірем” дейді. Біз Аққойтасқа кеп кірдік. Алдымызда Пұшантай, сол жақта Керегетас, Шақпақ, Балашақпақ, алыста Ботақан, Дөңгелек қоныс, Байқошқар сілемі көрінеді – бәрі Абай қоныстары. Оң жақта, Шыңғыс бетінде Саркөл, Шоттың аузы, Тоңаша, Барлыбай жазығы... сияқты кең қоныс, мол су, қалың шалғынды өлкелер қатарласып келеді. Сырттың осы соңғы тұстары көп фермалар қоныс еткен жерлер. Бұларда Абай ауданының бірнеше колхозының мыңдаған қойлары, қалың сиырлары, сүт фермалары мекен

етеді. Және көше жайлауы үшін осы ауданға келіп, үш жылдан бері орнаған Белағаш, Ново-Шульба аудандарының 53 мың бас малы да кенерелерде жайлау мекен етеді.

Тек біздің жолымыз ғана ол өлкелерден қиысырақ. Біз елсізбен келеміз. Аралап келе жатқанымыз арқарлы, түлкісі мол Аққойтас биік қиын тау емес, бірақ қалың қырка, сұлу жалдар көп. Анда-санда оқыс кездескендей көз тартатын сергек тастар, қорым тастар көп. Сала-саласы ұзақ көгал, селдір тоғай да боп кетеді. Күн қызғанша жайылыста жүрген, әлі жусамаған ақтанлақ, иір мүйіз арқарлар көрініп қалады. Биік тастың иығына шығып, алыстан бізге қарап, таңырқағандай қадалып тұрған құлжаларға біз де қызығып, тамашалай қараймыз. Бұрынғы-соңғы талай аңшылық көңіл тартып, дегбірін алып қызықтырған тағылар... Түнгі жортуылдан қайтқан түлкінің де жатағына қарай, қорым тасқа қарай жана оралып жатқан кезі екен. Осы Аққойтастан біз әншейінде іздеп таппастай, естен кетпестей аса бір қызық оқиғалар көрдік.

Қабыш қасына ере шыққан ақ тазы бар еді. Тау ішіне кіре бере сол тазы өзі қағып, өзі айдай шығып түлкі қуды. Бізге қарай қайыра қуып, айқаса шалып, айдап кепті. Көз алдымызда биік бетте ұйқы-тұйқы боп талай шалды. Қу құйрық кәрі түлкінің істемеген айласы жоқ. Талай аңшының тал бойы құрып, ынтыға тілейтін көрінісін жолаушы жүріп тегін көргендей болдық. Жер әңгімесінің бір қызығы осы еді. Бірақ бұл басы ғана екен. Түлкі әңгімесін лаулап сөйлеп келе жатып, бір кішкене шалғынды өзекке кіре беріп ек, тағы бір оқиға оралды. Бұл аға Сапарғалидың дәл атының аяғының астынан шықты... Қалың шалғын ішінде күжірейген көк борсық ат тұяғына басыла жаздап күйбіжіндеп жүр. Түлкі болмағанымен, бұның да аты аң еді... Осыны атқылап, қалың шалғын мен ұсақ талдың арасында көп жоғалтып, көп тауып жүріп зорға дегенде өлтіріп болғанымыз сол еді. Қарасак, дәл осы бір ғана сайда тағы бір оқиға тап бопты. Ат үстінде дабырлап сөйлеп тұрған жұрттың дәл бауырына кіре, бір қоян қашып келеді. Оны бізге қарай қуып тыққан аспан тағысы, Шыңғыстың бір сарбалақ қыраны жайын бүркіт екен. Қанды көз қомағай қыран сыпырып төніп, тұяғына іліндіре алмай жүрген қоянды біздің тазы қағып алды...

Осындай бірінің соңынан бірі келіп ілескен тау оқиғалары біздің күні бойғы жолымызды көп қысқартқандай боп еді.

Бірақ сонда да жол алыс екен. Біз Сырттағы елдің көп бәйгесіне көмбе болған оқшау биік Пұшантайдан өттік. Жақын жерде, сол жағымызда Абай қайтыс болған қоныс “Жыланды” қалды. Түс болды. Талай жолаушы, жорықшыларға мекен болған ұры адыр – Айдарлы, Қойтасқа келдік. Әлі ел жоқ, әлі жол алыс...

Түс ауа бастағанда Есболаттың Қарасуына жеттік. Бұл ұзын өзен, кең шалғын Оразбай қонысы. Абай басына көп жаулық, қастық еткен Оразбай еді. Дәл осы Қарасудан сотқар жуан Оразбай Ержігіттің Бейсенбайы деген кісіге ашуланып, аса бір қатал, қорлық жазасын орындаған. Ызасын келтірген Бейсембайды тірідей көрге салған... Соған намыстанған Сақ-Тоғалақ руы Бейсенбайдың арын жоқтап, дәл осы Қарасуда отырған Оразбай аулын талқан қып шауып, үш мың жылқысын тиіп әкеткен. Сондай-сондай Абай тұсында болған көп-көп оқиғалардың куәлары Бұғылы, Бестамақ, Мәйімбет сияқты биік тау, қалың адыр, көп қырқалар жатыр... Екінді болды, ел тапқанымыз жоқ. Күн батты, әлі ер қарасын көргеніміз жоқ. Ымырт жабыла бастады, сонда ғана алдымызда алыста тұрған жалғыз биік Мырзашоқының бойын көрдік. Бірақ кеш көріппіз, әлі жол алыс. Ат қажыған, өзіміз де талған едік... “Қызылту” колхозы Мырзашоқының қай жағында, тың қонысқа көшіп кеткен жоқ па, онысын білмейміз. Тек әйтеуір алдымызда ел болуы керек дейміз. Колхозға жету сонша үлкен тілек, мұратқа айналғанына көп болған. Шөлдеген, қарын ашқан, шалдыққан қонақтың өзеурейтін шағы да әлдеқашан болған-ды. Сондықтан әлі де тоқтамадық... Іңір қараңғысымен де көп жүрдік. Жалғыз-ақ, ендігі жүрісіміз соншалық ақырын, сылбыр еді. Жер өндімеді. Ит те үрмейді. Түнгі жүргіншінің алдынан оқыс жалт ететін алыс ауыл оты, үміт оты да елес бермейді. Енді Сапарғали екеуіміз де қажыдық... Қабыш болса әлдеқашан бізді бастаудан қалып, біздің артымызға түскен-ді. Байқасақ, енді қалғуға кірісіпті. Сонысын айтқанымызда, “ұйықтап келе жатқан өзім емес, көзім ғой әншейін” деп, бізді толық тыныштандырып қояды.

Шаршап-шалдыкқан үшеуімізге де еріншектің серігі түнілу келеді.

– Тіпті бұл маңда ел жоқ!

– Ел түгіл, мал жүргені білінбейді...

– Еккен егін, орған пішен, үйген мая да жоқ! – десіп, қараңғыда қарыс жерді көре алмағанымызға қарамай, “бүгін бізге колхоз жоқ” дегенге байладық. Сүйтіп, сағат 11-де аттан түсіп, ер жастанып, далада ұйықтадық.

Таң атып, күн шыға көзімізді ашсақ, айналамыз жыпырлап тұрған мая, әр жерде қоралар, ауылдар көрініп тұр... Алыста жайылған мал жүр... Еріншектің жазасы ол ғана емес. Дәл түбіне келіп біз жетіп жатқан Мырзашоқы биігінің арғы астында, екі-ақ шақырым жерде қалың колхоз аулы бар екен. Сол ауылда, дәл сол түні біз аттан түскен сағат 11-де колхозшылардың тамаша қызық сауық кеші басталыпты.

Алматыдан барған Жамбыл атындағы филармонияның Жүсіпбек бастаған әнші-бишілер тобы әсем сұлу ән шырқап жатыпты. Бірақ ол қызық бізге бұйырмапты. Қиудан алыстан шығып, қақ қасымызға кеп шақырып тұрған “Қанатталдыны” да танымаппыз, сезбеппіз.

Басы соншалық қызық басталған жолдың ақырын өзіміз бұзыппыз. Бұзбағанда, біз күні бойғы құлан елсізден келген бойымызда көркем филармонияның сахнасына тура жетеді екенбіз.

Колхоз әнші

“Қызылту” колхозына жете бере, бел астынан шыққан ән есіттік. Кеше таңертеңнен бері адам қарасын көрген жоқ ек. Ең алғашқы үн ән болғаны сирек сыйдай болды. Ән соға кет деп шақырып тұрғандай. Күздік егіп жүрген бес әйел, бір қарт екен. Бізбен амандасып болмастан түнде көрген ән-сауықтың жәйін айтысты. Көргеніне дән риза. Ұзақ еңбек арасында көрік аралына шығып, қуана тынығып қайтқандай. Соқалары да жерге күндегіден терең батып, өгіздері де жіті басып, еңбек қанаттанып қалғандай. “Қызылту” колхозы Жүсіпбектер келгелі базаршысы келіп, базарлыққа қарық боп қалған ел сияқты. Майдан сәлемі де, астана өнері де,

әсем әнші, сергек биші, шебер күйшілер арқылы қадірлі қонақ боп жетіп жатқан сияқты. Үй сыртында жас балалар, мал шегінде ересектер, жұмыс басында еңбек озаттары – бәрі де әнмен тыныс алғандай. “Қызылтуда”, тағы басқа бірнеше колхозда кей түндерде қой күзеткен әйелдердің Ахмет Жұбанов шығарған жаңа ән “Қарлығашты” қалқыта жырлап отырғанын талай есіттім. “Қызылтуда” үй айналып жүрген бармақтай балалар да түндегі өзгеше қонақтардың қызық әндерін қиралақтап айтқанымсып жүр. Соның өзінде де ән сүйген елдің ырымы жүр.

Анығында, бұл ауданның біз болған орталығы мен колхозының бәрінде де жаңа ән жақсы, аса қадірлі қонақ екені сезіледі.

Аудандағы жас жұртшылық осы Алматының өзінде, үлкен концерт операда айтылатын халық әнінің бәрін де біледі. Бәрін де құмарлана үйреніседі. Майданнан жаңа ғана Жүсіпбек әкелген “Жас қазақ” әнін аудан орталығында ұйып тыңдаған бір топ жастар концерттен кейін Жүсіпбекке ере шығып, сол түнде қасынан қалмай, бірнешеуінің үйреніп кеткенін көріп ек. Үлгі апарсаң үйреніп, өрбітіп ап кетейін деп тұрған ынта менен құмарлық бар.

Аудан, әсіресе, колхоздар күнде радио тыңдап отырған жұрт емес, радио мұнда осы күнде жоққа тән... Бірақ сонда да аудан жастары ән сауық өнерінің бірде-бір жаңалығынан кейін қалғысы келмейді. Сол жастардың колхоз-колхозға өкіл боп, оқытушы боп, үгітші боп шығулары арқылы бүгін “Қызылтудың” балаларына шейін филормония репертуарын жат көрмей, жабыса қызығып жүр.

Жалпы, колхоз көпшілігіне біздің барлық көркемөнер ішінен анық, айқын көп қызмет етіп жүрген филармония бригадалары екен. Осылар жүріп өткен жерлерде қазақ халқының өнер, өлең мәдениетінің тұрғылары Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Жаяу, Жарылғап, Абай, Әсет – бәрі де сөздерімен, әндерімен қайта бір жаңғырып, қайта бір қызықты бола түсетіндей.

Абай әндерін келістіре айтатын Қуан, Жүсіпбек жүріп өткелі халық аузындағы Абай мұраларының ырғағы толып, нақысы кербез тартқандай.

Бірақ колхоздың айтқаны ескі әндер ғана емес. Бүгінгі Отан соғысымен, азамат жорығымен, сол жорық жолындағы ел тілегімен байланысты әсерлі әнді де ұғымтал жаңашыл жұртшылық зор ілтипатпен тындайды. Оңай, күйлісін жақсы ұғып, аса қызығып айтады. Бұл қазірдегі көркемөнер үгітінің аса бір қонымды қымбат жағы. Ол елдік, отандық тілекті айтады, ерлік мұратты айтады, аталық-аналықтың, жар-жолдастықтың міндетін, қасиетін айтады. Ол қайратқа баулиды, әзірлікке шақырады. Соның бәрі Мырзашоқының сыртында күздік айдап жүрген әйелдердің еңбегін өндіре түскен филармония концертіндей болып, өз мүддесін орындап, барарына барып жатады... Соның айқын белгісін біз “Қызылту” колхозына келген күні оқыс шыққан өрт үстінде анық көрдік. Түндегі әннің есте қалған, қызықтырған қайырмасын өзді-өзі жұмысының үстінде ыңыранып айтып жүрген колхозшылар түске тақай берген кезде, Мырзашоқы биігінің батыс жақтағы иығынан асып жоғарылап, булығып шыққан қалың түгін көрдік. Өрт екенін біліп, ауылдағы біз де ұйқы-тұйқы едік. Лаулап шыққан өртпен бірге әр жерден даурыққан үн шыққан. Ұшқындаған үзік-үзік айғай сөздер бар.

– Қой фермасының үсті ме?

– Сиыр фермасынан шықты ма?

– Япыр-ай, егін жазым болмаса игі еді?

– Бар маяның тап ортасы ма, қайдан шықты? Не болды бұл? — деген үлкен-үлкен күдік пен қауіп бар. Өрт ең далада болса бір сәрі еді. Үйді-үйден үрке шыққан жұрттың аузындағы жаңағы үндер халдің үлкен қатер екенін әбден танытты. Дәл осы кезде жел де қатайып, колхоздың жаңағы бар шаруасы, бар қазынасы жақтан шыққан қара будақ түгінді енді қалың колхоз аулының өзі жаққа қарай сұлатып ұйытқытып келеді. Соны аңғара салысымен, ауыл бір сәтте танымастай өзгерді... Жау тиген, қауіп төнген кездегі қайрат-қажыр пішіні қазір барлық жас пен кәрі, ер мен әйел ажарында жүр.

Бұл уақыттағы колхоз күшінің басшылығын ауыл совет бастығы Мәженова өз қолына алған. Бар киімін шалбарланып, екі білегін сыбанып, жарау көк атқа мініп апты.

Әбігерсіз, айғайсыз барлық адамын асықтыра ат мінгізіп, өртке қарсы жосыта жөнелтіп жатыр.

— Егін, пішен, мал дүние — бәрі сонда... Алты ай жазғы еңбегің арамға кетпесін. Ал, жаның барың қимылда, — деп барып, бір-ақ шолақ сөзбен айтты. Колхозда ер-азамат күші аз еді. Колхозшылар тобымен қатар іле-шала ауылдағы бар әнші, биші, артист, жазушы да түгел жөнелді. Мәженова — осы аудан-аудан болғалы совет қызметін үздіксіз атқарып келе жатқан, іс пен еңбекте өскен адам. Келбетті, қайратты жүзінде аса берік адамның қызу қуат белгісі бар. Өзіндей денелі, қайратты мығым әйел колхозшылар бар екен. Көп әйел. Қатты қайратқа әбден пісіп-қатқан, шыныққан әйелдер. “Қызылту” колхозының бастығы пішінді, ісі орнықты, мінезі байсал Мұқаш өз маңындағы әйел қайраткерлеріне қатты сенеді, зор бағалайды. Сонысын осы өртте көпшілік әйел азамат әбден ақтады. Қатты жел күні қалыңнан шыққан бой бермес өртті, ең даланың өртін жұрт әбден жеңіп, өшіріп қайтты. Ферманың бәрі аман, егін бүтін, пішен орынша, барлық мал қорасы өртке берілмеген — колхоз дін аман қалды. Ымырт жабыла бергенде, Мәженованың өзі бастаған қалың колхозшы тобы көген сайын құлдилап, жауын жеңіп ауылға қайтты.

Аяңшыл жүрдек аттары кеш самалына сүйсіне түсіп, бас шұлғи тастап, лепіре басып келе жатқанда, талай колхозшының аузында ән, тағы да ән келді. Бұл жеңіс, жігер әні еді.

Сарғалдақ сельсоветінде де біз Абай әнін, әңгімесін көп есіттік.

Мұндағы керектің көбіне өзгеше бір жаңалық боп қосылған “Қоңырәулие” деген қызық жартас болды. Шаған өзеніне қатарласа кеп тірелетін биік жал бар. Атыраптағы өзге таудан реңі бөлек, ақтасты тақыр биік. Осының шағын суына төніп кеп құлай біткен бір тұйығында Шақа қыстауы деген қыстау тұр. Бұл қыстау — Абайдың соңғы әйелі, сүйікті досы Еркежанның туып-өскен мекені.

Дәл осы қыстаудың қасында, жаңағы қалың тастың арасында “Қоңырәулие” деген тас үңгір бар. Өзге бір кең орамды молырақ етіп жазуға тұратын бұл үңгір де Абай жайынан әңгіме айтады.

Кіреп жері жалғыз адам қырындап кіретін босағадай үңгір ішіне кіріп алған соң, шексіз кең сарайдай боп кеңейіп ұзап, төбесі зәулім қаранғы тартып, биіктеп кетеді. Қаранғы салқын үңгірді ұзақ бойлап барған соң төрінен көл шығады. “Бестамақ” колхозынан қасымызға еріп, басшы боп барған әңгімеші Шыңғыспайдың айтуынша, бұл көл біреу емес. Артындап барғанда, бір аралдың ар жағынан тағы бір көл шығады, оның төріне, жиегіне жеткен кісі жоқ дейді.

Дәл осы бергі көлдің жағасы толған жазу екен... Сол көп жазу арасында 1887 жылы 30 июльде “Қоңырәулиеге” келіп кеткен Абай балалары Мағауия, Әбдірахман, Ақылбай қолдары тұр. Осылар ертіп келген Абай досы Долгополовтың да қолы бар. Сексен жетінші жыл – қазақтың поэзия тарихына аса көп асыл қазына қосқан төлі көп жыл еді. Абайдың ең көп жазған жылы сол. Дәл сол жақсы шабыт жылының бір куәсі “Қоңырәулие” болыпты.

“Қоңырәулиенің” сыртында да қазақ тарихының тағы бір белгісіз оқиғасының үлкен бір дерегі тұр. Жартас жанындағы жазықта екі жерге үйірілген көп-көп тас бейіттер бар. Тобықты бейіті емес және бәрі бір ғана мезгілде туған бейіттер сияқты. Сол бейіттердің бірталайындағы тастарға қазақтың көп руларының таңбасы соғылған деседі. Ел долбары бойынша, осы арада ерте күннің әлдебір қырғын соғысы болып, сондағы қаза тапқан ер-азаматты қойған жер болса керек.

Қоңыр күнгірт кәрі үңгір бергі Абай, арғы аламан өмірінің де, бәрінің де үнсіз жым-жырт куәсі боп тұр. Бірақ сол мәңгі тыныштық, үнсіздігінің өзінде де көп әңгіме айтып, көп сарынды сақтап тұр.

АБАЙДЫҢ ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІ АЛДЫНДА

Биыл августын 15-де қазақ халқының ардақты ұлы, дана ақыны Абайдың туғанына жүз жыл толады.

Қазақ халқының кәрі-жасы, ұлы-қызы ерте күннен тегіс біліп, тұтас қадірлеген Абай еңбегі тек қазақ жұртшылығы үшін ғана емес, бауырлас, тілектес ұлы Советтер Одағының барлық халықтары үшін де қымбат еңбек. Абай тірлік етіп, кешіп өткен заманды еске алсақ, ақынның қадірі ерекше артады.

Ол кез, қазақ даласы сияқты, шығыс өлкелерде бір жағынан рушыл-бектік, надан қара күш дәурен сүрген кез еді. Ол күйдің сорақы жағы – қазақ халқын, қалың бұқараны өз ішіндегі рушыл, зорлықшыл бек, сұлтаны өзге елден, өнерлі елден алыстатып, қараңғы түнек ішінде ұстады.

Абай шығыстан шығып, ерте оянып, барын салып, өз елінің игілігі үшін сол жаңағы алысты жақын етіп, қиынның қиуасын таппаққа талпынды. Елін өнерлі елдің қазынасына жеткізіп, ерін – білімді, саналы, өнерлі, бас азамат, халық азаматы етпекке баулыды. Ол күндегі Россияға қараған шығыста ұлы орыс халқының өнер-білім, ой-дана қазынасын өз халқына бар қасиетімен жеткізіп, танытуға талап еткен, еңбек еткен қайраткерлердің бірі ұлы азамат ақын Абай болған.

Абай, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстойларды атағанда, жақсы ақын, жазушылығын ғана қадірлеп қоймайды. Солардың еңбектерінен, ұстаздық үгіт-ойларынан көрініп тұрған шын адамдық, азаматтық қайсы екенін, сезімді, ойлы, көркем қасиеттер қайсы екенін ерекше танытып береді. Қытымыр катал замандарда Пуш-

кин, Лермонтовтар ұлы адамдық жолын нұсқаған болса, әділетті, теңдікті, елдік мұңды жырлаған болса, Абай соның көбін қазақ оқушысына жеткізе отырып, орыс халқының бойындағы үлкен асыл қасиет осы деп көрсетті. Пушкин-дерге қазақ оқушысын дос етті.

Жүз жылдық қарсаңында ең алдымен ақынның өз шығармалары көпке жетіп, толық тарауы қажет. Сондықтан Абай шығармаларының академиялық толық жинағы Алматыда тыннан басылып шыққалы жатыр. Бұл жолғы жинаққа ақынның бұрын басылмаған бірнеше тың өлеңдері де кірді. Екінші, осындай үлкен жинақ орыс тілінде де шықпақшы. Абайды орыс халқына және орыс тілі арқылы бүкіл Одақ халықтарына таныстыру үшін бұл соңғы жинақтың мәні аса зор. Қазір бұл кітап Москвада даярланып жатыр. Бастыратын – “Көркем әдебиет” баспасы, басқарушы – қазақ әдебиетінің ескі досы жазушы Леонид Соболев. Аударатын Москвадағы ірі ақындар болады.

Қазақстанда істеліп жатқан мерекеге арналған кітаптың бірі – ақынның өмірі мен еңбектері жөніндегі ғылымдық тексермелер жинағы. Бұл кітаптың жазылуына қазақ пен орыс оқымысты, сыншы, жазушыларының көбі қатынасқан. Кітап 25 баспа табақ болып орыс тілі мен қазақ тілінде бірден шықпақ. Мұны әзірлеуші – Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалы.

Үкімет тарапынан істелетін үлкен шаралардың ең зоры – Алматыда Абайдың ескерткішін орнату болады.

Өткен 1944 жылдың декабрь айында Алматыда Қазақстанның мемлекеттік опера-балет театрында “Абай” атты жана опера қойылды. Мұның музыкасын жазған қазақ композиторлары – Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди.

Жүз жылдық мереке қарсаңында Алматыда “Абай” атты үлкен киносурет шықпақшы. Мереке қарсаңында осы сурет түгел басылып болып, бүкіл Одақтық киноларда тегіс қойылатын болды.

Қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов Абайдың өмірі мен еңбектері туралы айрықша ғылымдық зерттеу кітабын жазып жатыр. Осы ретте, жүз жылдыққа қарсы М. Әуезов жазған “Абай” атты романның бірінші кітабы орыс тілінде

басылып шықпақ. Ол романның аудармасын орыс жазушысы Леонид Соболев басқарып, кітап Москвада баспаға берілді.

Августың 15-де, Абайдың туған күнінде, республика көлемінде салтанатты мерекелер өтеді. Алматыда болатын арнаулы салтанатты, ғылымдық жиылыс, мәжілістерден басқа, Абайдың туған облысы Семейде және әсіресе туған жері Шыңғыста – қазіргі Абай ауданында зор халық мерекесі болмақ.

АБАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИІК НЫСАНАСЫ

Жүрегіннің түбіне терең бойла!,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соктықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мынмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Өсер ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымына ақын арнап кеткен мұнды, сырлы бір сәлем, наз сәлем осы еді. Шөл ғасырлардың қу медиен, құла түзінен болар заманға, жарқын заманға қарай жалғыз аяқ жол тартқан ақын болатын.

Сахараны басқан қара түн-түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: “Таңың белден атады, күнің сонау жақтан шығады”, – деп кеткен ақын еді.

Рас, қытымыр заманы мен надан қауымға ол ақын жұмбақ болды. Жұмбақ па біз үшін сол ардақты ақын бұл күнде? Жок, жұмбақ емес. Ол уақытта заман бұлты бетін бүркеп тұрғанмен, айдың аты ай еді. Біз қазақ әдебиетінің жұмбағы емес, айқын жүзді айдай игі бір нұры дейміз Абайды. Соктықпалы, соқпақсыз дүлей мыңның қарсылығына жалғыз алысқан Абай да емес бүгінгі күн.

Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным! –

деп күңіреніп өтсе, бүгін халқы алып Отан тапқанда, ақын асыл халқын тапты. Бір қазақ халқы емес, тілегіне тілегін, табысына табысын қосқан, жорығына жорығын қосқан, жеңісіне жеңісін қосқан қасиетті социалистік Отанның

ұшан-теңіз халқын тапты. Абай бір қазақтың Абайы емес, Ленин туы астында жасаған Советтік Социалистік Ұлы Одақтың бәрі қадірлейтін Абайы болды.

“Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!”. Кінә емес, қадір тұтады біздің дәурен, біздің ұрпақ. Мындар, миллиондар жүрегі қадір тұтады. Айғағы оның дәл осы күндер. Қазақ әдебиетінің ұлы бір мереке, мейрамы болып отырған осы күн.

Алпысқа шығар жасында ұлы ақын қайтыс болды. Өлгеніне қырық жыл толды. Бірақ біз үшін Абай өлген жан ба?

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған? —

демеп пе еді? Өлген жан емес. Ақын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ, сөзіне заман-дәурен шегі жоқ. Біздің дәуірімізге әрі бұрынғы, әрі бүгінгі Абай болып, келешек заман үшін де тарих аспанындағы бір тұрақты нұры болып шырқау бармақ. Ол болашақ күндерге де Абай әрі бұрынғы, әрі ар жағындағы келешекте өлмес, өшпес тұрғыласы, күн шуағы айықпас күнгей биігі болып тұрмақ.

Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың Әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ. Алтайдан Алатауға аттап түсерлік ертегі тұлпарындай сайлардан, сахаралардан ғана аттап өтпей, замандардың да талайынан аспандап өте бермек. Өзінің қадір білмес ғасырынан бізге жеткенде Абай солай жетіп отырған жоқ па? Өміріндегі қам-қайғысын халқының бағына бағыстаған барлық дана ақынның өзіне-өзі жазған “тағдыры” сол.

Осындай ақынның бір мүшел қайырған жүз жылына тұтас келген біздің мереке нені еске алады? Кеннен шыққан асылды, алтынды қоспасынан айырып, қорытып алғандай, ақынды да заман ортасымен қоса алып, сол дәуірінен иығы асқан өмір арманын, енбек қасиетін қорытып алады.

Абайдың бар өмірін баян ету бір сөзге сыймайды. Ұзақ өмірінде Абайдың азамат арманынан туған, талан-тартысынан туған, ақындық, даналық қалып-қасиетінен туған бірнеше өреп-өреп кезеңдерін² бөліп атап көрмекпіз.

Бұл ерекше қалпында Абайдың ақындығы да, бас тірлігі де, өмірдегі жол тартысы да, тарихтың елеулі үлгілі жемісі де түгел танылады. Абайдың Абайлық бітім кескінін, тарихтық тұлғасын танытқан ерекшеліктері бар.

Осындай қасиеттері Абайдың жас жігіт шағынан өлер кезіне шейін әр алуан болып айқындалып шығып отырады. Жекелеп санасақ, жас кезіндегі өмірлік, азаматтық ең бірінші ерекшелігі: “Әкенің ұлы болмай, халықтың ұлы боламын” деген тартысында, “әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адам баласы – бауырың” деген ой Абайдың сөзі ғана емес, адамгершілік, гуманистік жолы да болатын. Арлан бөрінің соқпағына бөлтірік бөрі арқылы көптігінен³ түспейді, бөрілік табиғатынан деп білген. Абай жасында әкеден қол үзгенде ел үшін, ел көшіне, тарих көшіне соны қоныс, тың өріс табу үшін қол үзген, сол үшін кеткен. Ол кетуі – үстем тап әкімдерімен кетісуі еді. Бұл – бірінші үлкен ерекшелігі еді. Осыны ісінде де, өлең еңбегінде де арман етті.

Екінші ерекшелігі – жуан бел надан, содыр рубасылардан бөліне кеткен бетінде бірден халықты, халықтың мұңын тапты. Сол халықтың жоғын берер жаңалықты іздеді. Жеке қазақ тарихы мен топырағынан іздеген жоқ, үлгілі көрші елдер – өнерлі орыс халқынан іздеді. Ұлы орыс халқының ғасырлық қазынасына өз халқының қолын, жолын жеткізуді мұрат етті. Орыс халқының өткен тарихынан, өзі тұстас тірісінен өзіне де, жұртына да дос көмек тапты. Сонымен бірінші ерекшелігіне екінші қасиет қосты. Абайды танудың, толықтырудың айнымас айқын жолы осы еді.

Үшінші ерекшелігі – қос қанаттан биікті меңзеген ақындығын, бұрынғы қазақ ақындарының ешқайсысы шығармаған әлеуметтік ұлы тартыс, тарихтық тартыс құралына айналдырды.

Төртінші ерекшелігі – өзі үшін, елі үшін ізденді, ізденді де тапты және бар тапқаны мен тудырғанын ұстаздыққа салды. Ақын болып өсер ақынды тәрбиеледі. Қазақтың жаңа

әдебиетінің, классик әдебиетінің іргесін өзі қалап туғызып, сол әдебиетке басшы, халыққа қамқор, қайраткер болды.

Санай берсек, Абай басынан, өмір, еңбек соқпағынан тағы талай ерекшеліктер аталар еді. Бірақ өмірбаянын тұрғы-тұрғы биігінен қарап, жинап түйемін дегенде, дәл осы аталған төрт күнгеі – анық Абайдың төрт тірек діңгегі сияқты.

Өмірінің, еңбегінің дәл ізімен болжасақ, осы ерекшеліктері айқын-айқын танылады.

Құнанбайдың еркінен шығып, өз өмірін өз ақылы бойынша билегенде, Абай ең алдымен орыс тілі, орыс мәдениетіне ұмтылды. Абай Россиядан айдалып келген орыс революционерлеріне кездеседі. Олар орыс халқының революцияшыл интеллигенциясының ішінен шыққан кадрлі, асыл жандар еді. Абайдың айдалып келген революцияшыл достары айдау жылдарының өзін үлкен үгітшілік-ағартушылық жолына арнады.

Осы арада Абайға қатты көмектесіп жүріп, Абайдың шығыс тарихына, халық қазынасына, жол-жорасына, әдет-салт, кәсібіне қанықты, білгір адамнан өздері де көп білім, дерек, нәр алды.

Абай болса, осы кезеннен соң ақындықтың кең өрісіне шыққан кезінде:

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяндап, –

деп, тың жол бастады. Ескіге сын, надандық түнегіне үкім айтам деді. Орыс халқының ұлы шыншыл даналары Пушкиндер, Салтыков-Щедриндер қалай айтса, соларша қамынды жеп, алдынды меңзеп айтамын деді.

Сонда дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз.

Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы – халықтың ауызша

әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Европа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек еді.

Абайдың ақындық бітіміндегі ең бір ірі жағы, осы айтқан үш қазынананың қайсысына барса да, құр ғана үйренуші, еліктеуші боп барған жоқ. Қайдан алсын, нені алсын – баршасын да өзінің ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайран жүрегінен шыққан бұйым-табысы етіп ала білді.

Енді осы айтылған үш салаға жеке-жеке тоқтап, оның кейбір өзгешеліктерін айталық.

Абайдың 80-жыл мен 90-жылдар арасындағы өлеңдерінің өзгеше қалып құрылысына арналған, өзінің тұсындағы қауымның тағдырын талдауға арналған. Осымен қатар өз халқының ой қазынасының барлығын да санап, сала-лап шығады. Қоғам бірлігі, халқының тарихына жаңалық тілеген ақынның жаңа мұрат жолы, ақындық программасы да көрінеді. Міне, осы алуандас шығармаларының барлығында Абайдың мол араласқаны қазақ халқының өз қазынасы болады.

Бірақ, дәл сол кездің өзінде де ақын халық шығармасында айтылмаған тың сөзді айтады. Дүниені өзінің жаңаша тануына орай жаңаша сезім, жаңа ой айтқанда, Абай тіл сөздігі (лұғаты да), өлең көріктеу өрнегі де басқаша, өзінше шығады. Қазақтың елдігімен, тарихымен, бұрынғы қазынасымен жалғаса отырып, соны өсіріп, өрістетіп, Абай айтқан жаңалық әлденешеу. Бірақ бар тарауындағы бір ерекшелік: соның бәрін жаңа дәуірге бастайын деген ағартушы ақын өзінен бұрынғы ақынның бәрінен басқаша айтуында.

Сондайлық басқаша, тың жаңалықты Абай шығыс әдебиетінің қорына қол артқан кезде де мол тауып отырады.

Абай өзінің жас шағынан жақсы білген классик ақындары: Фирдоуси, Низами, Шейх, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Бабурларды өмір бойы зор қадірлеп өткен. Ерте кезде оларға еліктеп жазған шығармалары да болған. Кейін Низами, Науаи жырлаған Ескендір жайын, Аристотель жайын батыс әңгімелерінен алып қосқан жаңа сарындармен көркейтіп, жыр-дастан етеді.

Абайдың айтуынан кең сахараға “Мың бір түн”, “Шаһнама”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Көроғлы” сияқты үлкен асыл мұралардың аңыздары да мол тараған.

Араб, иран мәдениетінің тарихын тереңдеп зерттеген Абай – Рашид ад-Дин, Мұхамед Хайдар, Бабур, Абылғазы Баһадүр хан сияқты арғы-бергі тарихшылардың еңбегін жақсы білген. Мантиқ (логика), жалпы философия, ахлақ (мораль) философиясын да білген. Ертеден бергі шығыс ғұламаларының көп еңбектерін бергі уақыттарда да үнемі зерттеп отырған. Тек ескі шығыс мәдениеті ғана емес, өз тұсындағы жақын шығыс мәдениетінің халқынан да ұдайы хабардар болған. Татардан шыққан алғаш ағартушы, жаңашыл ғалым Шихабуддин Маржанидің еңбектерінен бастап, беріректе шыққан жалған жаңалық, діншіл саясат ғалымы исламшылдық, түрікшілдік (панисламзм, пантюркизм) үгіттерін де білген.

Мысырда Мұхаммед Ғабдуһу бастап, Жалаледдин Ауғани қостаған исламшылдық үгіті кейінгі кезде Россия мұсылмандарына да тарап еді. Ол сияқты батыс мәдениетінен бас тартқызып, жұртшылық тарихының ілгері басар қадамын кейін шегеретін кертартпа өсиетке ден қойған феодал, қажы-молда, пір-ишан қазақ даласында да мол еді. Ол ағымның өзіне тиісті газеттері, журналдары да болған. Мысалы, “Таржиман” газеті Абай кезінде қазақ сархасына да көп тараушы еді.

Бірақ өз халқының келешек табысын, болар тағдырын ұлы орыс халқының мәдениетімен жалғастырып өсіруді өмірлік еңбегінің биік нысанасы еткен Абай жаңағы жалған жаңалыққа ермейді, елікпейді. Оны бүкіл шығыстың сол заманға шейін кенже қалуына себеп болған кесел-кедергінің

бірі деп танып, онымен бірде-бір адым баспайды. Аулақ серпеді.

Қауым халқына қызмет етудің жолы жалпы адам баласына тән кең, еркін ойдың бетінде, орыс классиктерінің өз қоғамына, бүкіл адам баласына нұсқаған кең іргелі адамгершілік, азаттық үлгі өсиетінде деп біледі.

Абайдың сол діншілдікті, түрікшілдікті өз уақытында мансұқ етуінің дұрыс екендігін Ұлы Октябрь социалистік революция анықтап ашты. Байшыл реакцияшыл ұлтшылдықты өзіне тірек еткен бұл кертартпа ағымының залалды сырын Ленин бастаған ұлттар азаттығының революцияшыл күресі, жеңісі әшкереледі.

Абай шығыстың қорынан өзіне үлгі алғанда бұл жақтан алған жоқ. “Масфұт”, “Ескендір”, “Әзім әңгімесі” сияқты терең мағыналы дастандарды жазғанда, “Көзімнің қарасы”, “Қор болды жаным” сияқты ақындық әсем сөздің қадірін айтқанда, шығыс классик поэзиясының тіл көріктілігін, жалпы ұзын ырғақ, саз-сарынды ала отырды. Бірақ олардың тұсында да ұлы ақын өзінің өзіндік өзгеше бітім-бейнесін еліктеуге салынып, жеңілге сайып, өзгерткен жоқ. Дүниені, өмір мақсұтты тартыс бағыты атаған бар ойы, бар ақындық шабыты өте терең шындықпен қабысып отырды. Сол себепті зат әлемін, адам құбылысын, қарым-қатынасын жырлағанда аспан, тағдыр әмірі деп толғамай, үнемі жер басқан адамның күнделік, тарихтың шындық болмысы етіп толғап тебіренді. Бұл Абайдың ұлы реалистік, өзіндік, Абайлық тұлғасынан туған ерекше қалып-қабілеті еді.

Ақын Абайдың орыс халқының ұлы мәдениетіне бой ұрып, өнеге, нәр алуы да әлдеқалай жалаң қабат, жағдай емес, өмірлік, тұрақты негіз, нанымында шығыстан батысты артық көріп, тандап алумен қатар, ақын өз бетімен оқып, ізденіп тереңдей отырып, орыс пен батыс әдебиетіне ұзақ жылдар бойына көп үңіледі. Пушкиннен бастап алпысыншы жылдардың жаңалығына да әбден қанады. Тек ұлы ақындар емес, Лев Толстой, Салтыков-Щедриндер тәрізді көркем қара сөз аталарын да жақсы біледі. Орысша аудармалар арқылы Байрон, Гетені де таниды. Ескі антик әдебиетімен де мол танысады. Айдалып келген достарының

куәлігіне қарағанда, Абай батыс философиясы мен Спенсер, Спиноза мен Дарвин еңбектерін де үнемі оқып, көп шұғылданған еді.

Орыс классиктерінің мұраларына Абайдың баруы әр са-тыда әр алуандас. Мысалы, Крыловты Абай ақын ашық түрде таза аударушы болып ұғынады да, тек әрбір мысалдардың ақырындағы үгітін өзінше, қазақ ұғымына, ойына жанастыра түйіп беріп отырады.

Лермонтовты Абай ерекше бір қызу жалынмен, өзі қоса қозып, үнемі қызығып сүйіп, сүйсініп отырып аударды. Ал, Пушкинге келсек, Абайдың бұған беттеген ақындық қарым-қатынасы мүлде басқа, “Евгений Онегиннен” Абай жасаған үзінді аудармалар ғана емес. Ол Пушкиннің әсем романын шабытты ақын жырымен қайталап, жарыса әңгіме етіп беру болып шығады.

...Орыс мәдениетіне сол саңылаусыз қазақ сахарасынан шығып, жалғыз өзі жол тартып барып табысқан Абайдың кадр-қасиеті бұрынғыдан да артып биіктей түседі.

* * *

Абайдан қалған асыл мұраның идеялық, көркемдік сапа-сын шолып өткен қысқа сөз, жалпы тексеруде біз көбінесе ақындығын — поэзиясын айтамыз. Бірақ Абай мұрасы жалғыз ақындықта емес, көркем қара сөзде де, ән-күй өнерінде де бар.

Абайдың “Ғақлия” атанған қара сөзі барлық құрылыс қалпымен, шебер, шешен тілімен және өлендеріндегі ой толғауының көпшілігін тереңдеп, еселеп, өсіріп жеткізуімен біздің әдебиеттегі тағы бір соны, қызықты жаңалықтың бірі болған. Мұнда да сыншыл, ойшыл Абай көрінеді. Орыс әдебиетіндегі Лев Толстойдың кейбір толғау үлгілеріндей, бірақ қазақ халқының өз тіршілігіндегі күнделік болмысынан туған аса бір алғыр, жүйрік, кейде шешен орамды мол әсер көрініп отырады.

Барынша тұтас ой ықыласымен ілгері, жарқын заманға ұмтылғандықтан, Абай өз халқының ой-санасы өсу тарихында анық прогресс жолын бастаушы болды. Өз заманының

тарихтық, кертартпалық бөгетінің бәрінен аттап өтіп, ел-жұртын дүниелік мәдениетке жеткізем деушінің ең алдыңғы бірі болды. Сол талап тартысы арқылы, еңбек егісі арқылы, заман мешеулігін жеңіп, қазақтың еңбек елі мен орыс халқының ой құралдарын бір арнаға қосып, алдағы күндер үшін біріккен күрес қайраткері болды.

Сондықтан да Абайдың ардақты жырлары Ұлы Отан соғысында елі-жұртын қорғап жүрген қазақ жауынгерлері мен командирлерінің сенімді серігіндей болып, бар майданда ере жүрді. Олардың барлық ұлы Одақ ұлттарының ұлдарымен жүрекке жүрек, білекке білек қосқан қаһармандық қимылында Абай ата дос болып құптап отырды. Сондай болып, өз халқының адал ұл, қыздарымен қатар жорықтың ауыр жылдарында бірге көшіп өткен Абай біздің шын бақыт дәурен болған социалистік дәуірімізде бұрынғыдан да ардақты болып отыр.

Сондайлық өлмес, өшпес қасиеттерінің өзі-ақ ұлы Абайға қазақтың классик әдебиетінің атасы деген, қазақ поэзиясының күншуақты асқар биігі деген атақты бергізе алады дейміз.

АБАЙДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Абайдың әдеби мұрасы, оның өлендері, поэмалары, аудармалары және оқушылармен әңгіме ретінде жазған “ғақлиялары” үлкен екі том болды¹. Қазір бұл мұра қазақ әдебиетінің бүкіл тарихында қазақ халқының Абайдан бұрынғы барлық ғасырлардағы рухани мәдениетінің ұлы жинағы болып отыр.

Ұлттың және жалпы адамзаттық мәдениеттің үш ұлы дерегі ақынның шығармаларының азығы болды.

Олардың бірі – халықтың даналығымен жасалған, өткен заманнан жұрт аузында және жазбалай түрінде сақталған ескі қазақ әдебиеті. Абайдың шығармалары осы баға жетпес қазынаның байлықтарымен толықты.

Екінші дерек – шығыс мәдениетінің таңдаулы үлгілері, араб, иран және түріктің классикалық поэзиясы. Абайдың кезіндегі қазақ әдебиетінің өркендеу дәрежесін еске алғанда, шығыс мәдениетіне назар аудару өткен іс емес, сол заманға сәйкес болғандығы анық, өйткені бұл дерекпен байланыс тек ХІХ ғасырдың басында ғана басталды.

Үшінші дерек – орыс (ол арқылы Еуропа) мәдениеті. Абайдың заманында бұл деректің, әсіресе ол кезге дейін қазақ халқы тіпті білмеген ұлы орыс гуманистері мен классиктері шығармаларының пайдаланылуы орасан зор маңызы бар факт болды. Бұның өзі қазақ әдебиетінің болашақта гүлденуіне кепіл еді, бүкіл халықты болашақтың тарихи жолына батыл және дұрыс бағыттау еді.

Абайдың ерекше күштілігі мынадан көрінеді: ол осы үш дерекке сүйене отырып, өз шығармаларының сапасын кеміткен жоқ, оларға құр еліктеп, көшіріп отырған жоқ. Абай жаңа мәдениетті меңгере отырып, оның жақсы

жағын тандап алды. Өзінің шығармаларына бұл мәдениетті енгізгенде, айқын, өзіне тән түрде ғана қайта жасады.

Жоғарыда айтылған негізгі үш деректің Абай шығармаларына әсерін толығырақ талдап қарайық.

80-ші жылдардағы өлеңдерінің көбі ақынның заманындағы ауылдың тұрмысының ерекшелігіне және өз заманының тарихи тағдырына арналған. Өз халқының бүкіл тарихын қайта жасаушы қайраткер Абайдың жаңа ақындық программасы жарияланды. Абай бұл шығармаларында халық мұрасына жақын келді.

Бірақ оның поэзиясы бүкіл халық шығармаларынан қаншама өзгеше екендігін біз тап осы жерде көреміз. Абай ешуақытта халық шығармаларын бұрынғы ескі түрінде алмайды. Керісінше, ауыз әдебиетінің сөздерін де, бейнелерін де, сөйлем құрылыстарын да өзгертіп, тереңдеп, жаңа ойлармен және сезімдермен толықтырды. Абай халық поэзиясының тамаша күші мен өткірлігін басқаша, жоғарғы сапаға айналдыра білді. Оның шығармаларынан ең алдымен ақынның өз заманына, сол кездегі ауылдың қоғамдық тұрмысына қарсы болғандығы көрінеді. Үй ішіне, ата-аналар алдындағы борышқа, жас ұрпақты тәрбиелеуге және әйелдер мәселесіне жаңа көзқарас қазақ әдебиетінде бірінші рет Абайдың өлеңдерінде соншама анық және жоғары дәрежеде айтылды.

Шығыс әйелінің қасіретті халіне Абайдың шығармаларында жаңа адамгершілік аяныш айтылды.

Абай өзінің поэзиясында қазақтың әйелдері мен қыздарының жанын, терең сырлары мен сезімдерін көрсетті. Абай қазақ әйелін тату үй ішінің негізі деп жырлайды. Қалыңмал, көп әйел алу сияқты масқарашылықты ызамен қаралап, ол өзінің өлеңдерінде әйелдердің қоғамда тең праволы бола алатынын дәлелдейді.

Абай ескі ауылдың ғасырлар бойындағы дәстүрлеріне қарсы шығып, іскерлікті, еңбек сүюшілікті ақылды және тіршілікке қолайлы адамның қасиеті ретінде мақтайды. Ол өзіне дейінгі болып келген құрғақ насихат поэзиясының ережелерін бұзып, Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат сияқты белгілі ақындарды қатты сынады. Абайдың өзі жаңалыққа

шақырып, қоғамды қайта тәрбиелеу және қайта құру арқылы халыққа қызмет етуді жаңа поэзияның жоғарғы мақсаты, тарихи парызы деп есептейді. Оның білімге шақыруы құрғақ насихат түрінде емес. Абай өз поэзиясындағы барлық бейнелермен жаңа қоғамды Европа және жалпы адамзат мәдениетіне бағыттайды, мұсылман медреселерінің құрғақ фанатизмін келеке қылады. Абай бұл өлеңдерінде қазақ қоғамының негіздерін, оның дәстүрлерін, әдеттегі праволары мен қоғамның мінез-құлқын негізінен басқаша бағалайды: адамның өмірін ескі әдеттер мен дәстүрлер емес, оның ақылға сәйкес еркі, ақиқатшылдығы, сенімдерінің тазалығы, пайдалы ісі белгілеуі тиіс дейді.

Абайдың шығармаларын одан бұрынғы ақындардың мұрасынан айырып тұратын өзгешеліктердің бірі мынау: ол орыс және жалпы адамзат мәдениетімен жақындасу арқылы білімдену идеясын таратады. Халықтарды ғасырлар бойы бөліп келген тілдің айырмасы да, тарихи дәстүрлер де кедергі болуы мүмкін емес. Мәдениетті халықтардың бәрінен үйрене білу керек. Ол өз елін білімдендіру жөніндегі осы ұлы тарихи міндетті орындау жолында барлық ескілікке қарсы рақымсыз күрес жүргізіп, ескі идеологияны қолдаушылардың бәріне ызалы соққы береді.

Абайдың шығыс поэзиясымен байланысы да өзгеше.

Жас кезінде-ақ Таяу Шығыстың мәдениеті Абайға күшті әсер етті. Ол бүкіл араб-иран дін дастанын – Фирдоуси, Низами, Саади, Хафиз, Науаи, Физули, Бабур шығармаларын түпнұсқасынан (кейбіреулерін шағатай тіліне аударылғаннан) оқып шықты. Жас кезінде оның өзі де осы ақындарға еліктеп, қазақ өлеңіне “аруз” түрін бірінші болып енгізді және осы классиктердің шығармаларынан көптеген араб-парсы сөздерін пайдаланды. Сонынан Абай “Мың бір түнді”, парсы және түрік ертекттерін, халық дастанын ерекше ұнататын болды.

Абай тек ескі тарихты ғана емес, Жақын Шығыстың сол кездегі мәдениетін де жақсы білетін еді, ол кезде жаңа туып келе жатқан жаңасымақ діншіл-саяси панисламизм және пантуркизм ағымдарының әсері қалай күшейіп келе жатқанын білді. Абай өз халқын орыс халқының ұлы

мәдениетіне жақындату арқылы алға бастыру жолына батыл бұрылып, өз өмірінің ақырына дейін осы жолдан тайған жоқ. Ол панисламизм мен пантуркизмді тек шығыс халықтарының ғасырлар бойындағы наданшылдығын күшейте беретін теріс ағым деп тауып, оларға соқпай өтті.

Абайдың пікірінің дұрыстығын Ұлы Октябрь революциясы және Маркс-Ленин-Сталин ғылымы айқын дәлелдеді. Олар панисламизмнің, пантуркизмнің және басқа түрлердегі буржуазиялық реакцияшыл ұлтшылдықтың идеалистік перделерін жұлып, олардың халыққа қарсы мазмұнын ашып көрсетті.

Абай өзінің шығармаларында осы шығыс “жаңалығына” тіпті қосылған жоқ. Абайдың ақындық мұрасында тек ескі шығыстың классикалық поэзиясының таңдаулы дәстүрлері ғана сезіледі. Тіпті ақынның дін жөніндегі және ішкі сенімдері жөніндегі өлеңдері де мұсылман дінінің кітаптағы тәліміне мүлдем ұқсамайды. Анық сыншыл ой иесі болған Абай кейде исламның ресми түрде насихатталып жүрген ережелеріне тікелей қарсы шығады. Оның үшін дін – адамзат моралының тек шартты негізі, адамның жетіле беруі үшін себеп қана.

Сөйтіп, араб-мұсылман шығысының әдебиетін де Абай өз шығармаларына тандап енгізді.

Абайдың Европа әдебиетін пайдалануы күрделі, тамаша және көлемді болды. Абай батысты шығыстан артық санай отырып, өз бетімен білім алудың ұзақ жолын өтті, орыс әдебиетін үйренді. Ол Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан бастап, 60-шы, 80-ші жылдардың әдебиетімен танысты. Ол тек ақындарды ғана емес, ұлы орыс жазушылары Лев Толстой мен Салтыков-Щедринді өте ұнататын еді. Абай Гетенің, Байронның және басқа көптеген батыс классиктерінің орысша аудармасын білетін-ді, алғашқы дүние әдебиетімен де жеткілікті таныс еді. Жер аударылып жүргенде онымен дос болған Леонтьевтің және басқалардың айтуынша, Абай әрдайым батыс философиясын, Спенсердің, Спинозаның шығармаларын оқып, Дарвиннің ғылымын үйренген.

Абай шығармаларына орыс классиктерінің әсері әр кезеңде әртүрлі болады. Өзі орасан ұнатып, Крыловты

аударғанда, Абай мысалдардың соңғы үгіт жағын өзгертіп, қазақ жағдайына қолайлаған. Абай Лермонтовтың өлеңдерін ерекше мұқият аударды. Ол аударған “Қанжар”, “Теректің сыйы”, “Желкен”, тағы басқалары орыс классиктерін аударудың шеберлігі жағынан теңдесі жоқ аудармалар болып отыр. Абай Пушкинге мүлдем басқаша қарады. Оның “Евгений Онегиннен” аударған үзінділері көбінесе аудармаға ұқсамайды, ол Пушкиннің шығармасын өзінше қайта айтып шыққан сияқты. Татьяна мен Онегиннің ғашықтық жөніндегі сөздерінің шындығы күшті әсер еткен Абай олардың тарихын өз сөзімен айтып шығып, бұндай сезімнің өнегелі екендігін көрсетті және бұл сүйіспеншілікті қазақ жастарына түсінікті етіп жазды. Абай бұнда шығыс поэзиясының ескі “нәзира” дәстүрін қолданды, бұл әдіс бойынша ақын тікелей аудармайды, ол өзінен бұрынғы ұлы ақынның сүйікті поэмасының тақырыбына қайта өлең жазады.

Лермонтовтың аудармаларын пайдалана отырып, Абай қазақ тіліне Байрон мен Гетенің бірнеше өлеңін аударды.

Абайдың бұл аударма жұмысының бәрі оның Европа әдебиетімен тікелей байланысын ғана көрсетеді. Бұл мәдениеттің нағыз күшті әсерін біз Абайдың өз шығармаларынан көреміз. Орыс поэзиясының жақсы әсерінің нәтижесінде, Абай қазақ поэзиясына өлеңнің жаңа түрлерін, жаңа тақырыптарын енгізді, жаңа әлеуметтік мазмұн берді. Бұның өзі қазақ поэзиясының сапасын ерекше арттырды. Абай Пушкиннің шығармаларын аз аударса да, оның өз шығармаларында Пушкинге ұқсастық көп. Бүкіл дүние әдебиетінің барлық классиктері өздерінің ортақ ұлы ақындық рухы жағынан, адамгершілік ойының кең өрісі жағынан ұқсас болатыны сияқты, Абай да Пушкинге ұқсайды, оған жақын.

Сол сияқты Абай мен Салтыков-Щедриннің ұқсастығы көзге түседі. Абай көркем әңгіме жазған жоқ, бірақ оның даладағы управительдерді, чиновниктерді, билерді, атқамінерлерді, ру басшыларын келеке қылған сықақ өлеңдері көркемдік жағынан да, саяси жағынан да Салтыков-Щедриннің шығармаларына ұқсайды. Оқушыларға арна-

ған бір сөзінде Абай Салтыков-Щедринді тіке атап, ол чиновниктердің, халыққа зорлық етушілердің бейнесін дұрыс суреттеген жазушы дейді. Абай өзінің барлық шығармаларында өз заманындағы үкімет құрылысына наразылық білдіреді, сондықтан ол үкіметке қарсы пікірлерде болған орыс классиктеріне тілектес.

Абай бізге тек өзінің поэзиясын ғана қалдырып кеткен жоқ. Оның философиялық, сын және насихат ретінде жазған “ғақлияларында” көптеген насихат сөздер бар. Оның бұл қысқаша даналық сөздері қазақтың әдеби тіліне сіңіп кетті.

Абай талантты композитор еді. Ол жиырма шақты күй шығарды. Ол, поэзиядағы сияқты, музыкаға да жаңалықтар енгізді.

Сыншыл ақыл иесі, білімді және халқының мәдениеті үшін күресуші болып, түрлі баққұмар, арам пікірлі феодалдардың ортасында жалғыз болған Абай өз халқының тарихында ғана емес, бүкіл Жақын Шығыстың тарихында сол заманның көрнекті адамы болған еді.

Орыс халқының ұлы рухани мәдениетіне барлық ынта-сымен ұмтылып, Абай өз халқының қоғамдық ойының тарихында нағыз прогресшіл қозғалысты басқарды. Ол жаңа қоғамның озат мәдениетке тезірек қосылуына кедергі болып келген өз заманындағы тарихи бөгеттерді бірінші болып қирата бастады. Сөйтіп, ол жайнаған болашақ үшін орыс және қазақ халықтарының ортақ күресіне көмектесті. Бұның өзі қазақтың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақтың классикалық поэзиясының биік шыңына жеткен Абайдың даңқы өшпеуіне кепіл болады.

АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚҰНАНБАЕВ

(1845–1904)

Өмірі мен творчествосы

1

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай 1845 жылы Семей облысындағы Шыңғыс тауларында, көшпелі Тобықты руында туды.

Абайдың әкесі – өкімі зор, қатал мінезді, ел билеген Құнанбай – Ресей патшалығына жаңада ғана бағынған Тобықты руының аға сұлтаны болған.

Абайдың балалық шағы Құнанбайдың төрт әйел алуына байланысты туған үй ішіндегі қырық ру керістің қиын жағдайларында өтті. Феодалдық семьяның осындай кең өріс алған ауыр жағдайы, оның жиіркенішті салты тек күндес әйелдердің ғана басына, мінез-құлқына, салт-санасына, адамгершілік тағдырына ауыр қасірет болып орнаған жоқ, сонымен қатар оның шарпуы балаларға да тиді; әдетте олар да шешелері сияқты бір-бірімен бақас болып, өзара жауласып та жүрді. Бірақ Абайдың бағына оның туған шешесі Ұлжан асқан ақылды адам болған. Оның табиғатына біткен адамгершілігі, парасаттылығы, баласына деген шексіз аналық мейірбандығы Абайға мұндай семьяның ортасында өте сирек кездесетін жағдай тудырып, үлкен сүйеніш болды. Ұлжан барлық балаларының ішінде Абайды айрықша жақсы көріп, барлық бала бір төбе, жалғыз Абай бір төбе деп қарады. Ол Абайдың әкесі қойған Ибраһим деген атын

өзгертіп, “Абайым” деп еркелетті. Сөйтіп, оның аты бүкіл өмірі бойына Абай атанып кете барды.

Құнанбайдан іргесін бөлек салып, өмірін оңаша жерде үнсіз өткізген Абай мен анасына ұлы шешесі Зере арқа сүйер рухани тірек болды. Өзінің ұзақ өмірінің ішінде басында билігі жоқ әйелдің теңсіздік қасіретінің бәрін өзі де басынан кешірген, көпті көріп көне болған, жұмсақ мінезді ақыл дариясы қарт ана бұл немересіне айрықша сүйіспеншілікпен карап, одан зор үміт күтті. Бұл екі ананың Абайға деген қамқорлығы, айтқан ақылдары, оны әлпештеп еркелетуі Абайға рақымсыз әкенің қатал мінездерінен, оның сасық салтынан анағұрлым өзгеше әсер етті де, жаңа ғана бас жарған жас гүлдің қандайын болса да солдыратын әкенің тұсындағы тіршіліктің қатал жағдайында Абайдың сәби жаңына зор демеу болды.

Ауылдағы жалдамалы молладан оқытып, хат танытқаннан кейін, Құнанбай сегіз жасар Абайды Семей қаласына жіберіп, Ахмет-Риза имамның медресесінен оқытады.

Осы медреседе оқыған үш жылдың ішінде өте дарынды, зерек жас бала көп нәрселерді үйренеді. Ол кезде дін мектебінен тәрбие алушы жасы асқан адамдардың да күні мен түні бірдей құранның түсініксіз сөздерін тек босқа жаттаумен, бес уақыт азаптанып намаз оқумен өтетін, ал кейде, нешелер күндер бойына текке өзегін талдырып ораза ұстаумен, миға пайда бермейтін құрғақ шариғат қағидаларын тындап, бас ауыртумен өтетін. Араб құдайшылдарының қараңғы халықты дін шырмауында ұстауды көздеген ислам діні турасындағы жалған ғылымсымағының түсініксіз дәрістерін жеңе отырып, Абай өзінің ой саласын кеңейте түседі. Осы уақыттың өзінде-ақ оның барлық ойы поэзияға ауа бастайды. Мұндай ой Абайда бұдан бұрын да туған еді. Ол бұған дейін туған аулында жүргенінде ескі заманның еш уақытта ескірмеген, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен толып жатқан шығармаларын жүрегінде берік сақтаған хикая етіп айтып отыратын әжесі Зеренен сан рет естіген болатын; өзінің туған даласының ақындары мен әншілерінің толып жатқан бай шығармаларының бәрін — түрлі хикая-әңгімелерді, ертекерді, батырлар жырларын, тарихи өлеңдерді аулын-

да жүргенінде талай рет зейін сала тындап, жаттап алған болатын. Ал медресеге түскеннен кейін? Абай енді араб-иран және түрік ақындарының шығармаларын құмарлана оқи бастайды. Абай өзін қоршаған, құдайды дәріптеуді ғана білетін, соқыр сезімді халфелер мен хазіреттердің улы шырмауын жарып шығып, өзіне құлазыған меніреу даланың ортасындағы жан күйінің саяхаты сияқты болып көрінген шығыс елдерінің атақты классиктерінің шығармаларына, халықтық және классикалық әдебиетке бар зейінімен көңіл бөліп, оны үйренуге талаптанады. Шығыс халықтарының тілдерін үйренумен қатар, оның орыс тіліне де, орыс мәдениетіне де көңілі ауады. Медресенің қатал тәртібін көріне бұзып, медреседегі оқуымен қатар, ол өз бетімен барып орыс мектебінен де оқиды.

Мектепте болған жылдарының ішінде Абай өзіне түсінікті ақындардың шығармаларын оқып, танысып қана қоймайды, сонымен қатар ол өзі өлең жаза бастайды. Абайдың ертерек кезде жазылып, осы уақытқа дейін сақталып келген өлеңдерінің ішінде Шығыс елдерінің кітап болып басылған классикалық поэзиясының әсерімен жазылған лирикалық өлеңдердің үзінділері, ғашықтық өлеңдер мен арнаулар кездеседі. Осылармен қатар халық поэзиясының стилімен (түрімен), сол замандағы суырып-салма ақындардың творчестволық рухында жазылған, кезі келген жерде жазыла салған қысқа өлеңдер де кездеседі. Терең ақылды жас бала, зейінді оқушы және жана талапты жас ақын Абай өзінің болашағы үшін сол медреседе оқытылатын жартымсыз “ғылым” жағдайының өзінде де өте маңызды және пайдалы көп нәрселердің бетін ашып, зерттеп білген болар еді. Бірақ қатал әке бұған ерік бермей, баласының бұдан кейінгі бағытын мүлде басқа жаққа аударып жіберді.

Ел ішіндегі белді бектердің бір-бірімен үздіксіз күресі, қиян-кескі рулар тартыстары және бұлардың бәріне Құнанбайдың үнемі араласуы онымен баққа таласқан алыс-жақын елдердің ішінде Құнанбайдың қарсы жауын көбейте түсті. Сондықтан да Құнанбай өзінің әрбір баласын, әрбір туысқан жақынын осы күреске қатынасуға әзірлеуге тиіс болды. Міне, осыған байланысты, Құнанбай қаладағы

Абайды оқуынан айырып, ауылға қайтып алып келеді. Оны рубасының әкімшілік қызметіне әзірлеу мақсатымен, ел арасындағы толып жатқан дау-жанжал істерді қарап шешуге бірте-бірте үйрете бастайды. Табиғатына біткен зейінді, талапты жас Абай ел ішіндегі бірімен-бірі ұштасып жатқан керіс-тартыстың, шексіз айла-сұмдықтың қалың ортасына кіреді. Айла-сұмдықтың нелер нәзік түрлеріне тәсілденіп алғандардың және ру жігін қоздырып, ру мен ру арасындағы күрес тудырушылардың ортасында жүріп, Абай тапқырлықпен сөз сөйлеудің, сөз салыстырудың нелер әдістерін үйренеді, қызыл тілдің шешені болады. Дау-жанжалдар патша өкіметінің соттарында шешілмей, қазақтың ғасырлар бойы қолданылып келген билік айту жолымен шешілетіндігінен, Абай қазақ халқының өткен дәуірдегі және өз тұсындағы ауыз мәдениетінің өте бай мұраларын пайдалануға мәжбүр болады. Абай жастайынан-ақ сөз тапқыш, өткір сөзді, қызыл тілді шешен деген орынды атаққа ие болды; ол сөз нақышын келістіріп, мақал-тақпақтап сөйлейтін шешендер сөзін жақсы білетін және оны зор бағалайтын болды, ақындық көркем сөздің бүкіл маңызының бәрін жоғары бағалауды үйреніп алды. Абай әкесін төңіректенген адамдардың ғана арасында болмай, сонымен қатар әкесінің наразы болуына қарамастан, көбінесе халық арасынан шыққан талантты адамдарға жанасып, халық өлендерін, түрлі хикая-дастандарды, өткен ғасырлардың ауыз жүзінде ұрпақтан ұрпаққа жеткен ертеқырларының шексіз мол мұраларын жадына тоқып, есінде сақтай берді. Әкесі Құнанбай және оның жақын туыстары тек өздерінің ата-бабаларының – рубасыларының ғана не істегендерін естерінде сақтаған болса, Абай өзінен бұрынғы дәуірде өмір сүрген жазба ақындар мен жай ақындардың, өлең сөзбен жарысып, халық алдында бірін-бірі жену үшін айтысқа түскен ақындардың барлығын дерлік жақсы білетін еді.

Шығыс халықтарының (араб, иран, шағатай) кітап жүзінде шыққан поэзияларын ертеден-ақ көңіл бөлгендігінен, Абай алғаш рет соларға еліктеп өлең жазуға кіріскен еді. Ал енді қазақтың халық поэзиясының дәстүрлерін қолдануы,

оның жаңа өлеңдеріне өте жақсы түр беріп, өзіне дербес орын ала бастады. Бұл өлеңдерде сол күндердің өзінде-ақ ақындық өнердің тамыры, халыққа барып тірелетін болашақ ақынның тұрақты тұлғасы көріне бастады.

Абаймен замандас көп адамдардың Абай өте ерте, жиырма жасынан бастап өлең жазуға кірісті, ол өлеңдері айтыс, сәлем жолдау түрлерінде жазылған еді деп сипаттаса да, оның сол кездегі өлеңдері біздің заманымызға толығынан келіп жеткен жоқ. Біз Абайдың жас шағында жазған азғана өлеңдерімен қатар, оның ұмытылған, жоғалған кейбір жеке шығармалары бар дегенді ғана білеміз. Мәселен, Абайдың ғашық болған қызы Тоғжанға арнаған өлеңдерінің бастапқы жолдары ғана бізге мәлім. Ал жас Абайдың Қуандық дейтін ақын қызбен айтысы ауыздан-ауызға тарағанның арқасында ғана сақталып қалды. Қазақстанда сол кезде жазба әдебиетінің нашар өркендеуі Абайдың жас кезінде шығарған өлеңдерін сақтап қаларлық және оның өмірбаянын айқын сипаттап берерлік Абай тұсындағы адамдардың хаттары, мемуарлары (көзі көрген, естіген жағдайларды жинақтап жазу), жазу дәптерлері, тағы сондайлардың сақталып қалмауына себепші болды. Бұлай болуына сонымен қатар сол замандағы бектер-байлар арасында орын алған ақынға деген көзқарастың да әсері тимей қалған жоқ. Сол кездегі халық бұқарасы ақындық шығармаларды шексіз құрметтеп, ақынның есімін жоғары бағалаған болса, күшті рулы байлар өзін-өзі мақтап: “Кұдайға шүкір, біздің тұқымнан бақсы да, ақын да шыққан жоқ”, – деп балаларды кекетіп, масаттанатын. Тіпті Абайдың туған аулында оның ертерек кездегі ақындық қызметі жөніндегі әңгімелердің де не қағазда, не ауыз жүзінде сақталып қалмауын бекзадалардың ақын жұмысына осындай жексұрын көзқарастары айқын дәлелдейді. Абайдың өзі де, ақынға осындай көзқарастың салдарынан, сол кездегі өлеңдеріне өз атын қоймай, өзімен тұстас құрбыларының атынан шығарып жүрген.

Ру арасындағы қырқыс-жанжал істерге әкесінің әмірі бойынша зорлықпен қатыстырылған Абай ұзақ уақытқа дейін әкесіне іштен тынып қарсы болып жүрді. Ол әкесінің әділетсіздік істеріне, қаталдығына наразы болды, көп

жағдайларда Құнанбайдың мүддесі мен мақсатына қайшы келіп, көптеген істерді әділдікпен, ешкімнің бет-ажарына қарамай, тура шешіп жүрді. Баласының жаңа беталысы — оның өзіне дос, ақылшы адамдарды халық арасындағы данышпан және адал адамдардан іздегені де, оның көп жылдардан бері орыс мәдениетіне көбірек көңіл бөле бастағаны, — осының бәрі Құнанбайға ұнамады, ол мұны жек көрді. Өкім күшті әке мен жамандыққа бас имейтін, адамдықты жақтайтын шыншыл баланың екі арасында кейде бірінен-бірі мүлдем айрылысып кетерліктей елеулі керіс-тартыстар, бір-бірімен кіркілжісу барған сайын үдей түсті.

Ақырында Абай жиырма сегіз жасқа толғанда әке мен бала бір-бірінен айрылысып кетті.

Абай енді алдағы өмірін өз ақылымен, өз дегені бойынша бір нысанаға тірей алатын болды.

Ол ең алдымен жас кезінде амалсыздан тастап кеткен орыс тілін қайтадан оқуға кірісті. Оның жаңа достары — ақындар, суырыпсалма ақын-әншілер, талантты қазақ жастары, олардың көбінесе ұсақ тұқымнан шыққандары, сол кездердегі орыс интеллигенциясының Семейде кездестірген алдыңғы қатарлы өкілдері болды. Сөйтіп, өмірінің 35 жасында Абай қайтадан өлең жазуға кіріседі. Бірақ бұл кездегі өлеңдерін де ол әлі де болса өзінің жақын жас досы Көкбай Жанатаевтың атынан шығарады. Он-жиырма жылдың ішінде ой-өрісі кеңіп, мәдениеті өсе бастаған Абай халық әдебиетінің, шығыс ақындарының ең жақсы мұраларын, әсіресе орыстың классикалық әдебиетін оқып үйренеді. Сөйтіп, тек 1886 жылы, жасы қырыққа жеткенде ғана, ол “Жаз” деген өте көркем өлеңін жазып, осыдан кейін тұңғыш рет өзінің шығармаларына өз атын ашық қоя бастады.

Міне, осы уақыттан бастап, оның қалған өмірінің жиырма жылы терең мағыналы, ұшқыр, қиялды ақындық творчествосының қанатты кең жайып, еркін гүлдене бастаған кезеңіне айналды.

Міне, осы кезден бастап, ру-бектік ортаның іріп-шіріген жиіркенішті кейпінің, салт-санасының бәрінен түңілген Абай өзінің барлық пәрменімен осындай ортадан іргесін аулақ салуға тырысады. Жас кезінде рубасылары қоздырған

ру жіктерінің керіс-тартыстарына, дау-жанжалдарына амалсыздан араласқан Абай енді мұндай ру жіктері күрестерінің халыққа өте зиянды екенін, оның маскара ауыртпалықтарын айқын көреді, “таласып-бөлісіп ал да, әкімдік ет” деген саясатты қолданған патша үкіметінің мұндай ру жіктерін жорта қоздырып, халықты бір-бірімен арандатып отырған шын мәнін түсіне бастайды. Би-болыстар, ақсақалдар оның көз алдында патша үкіметінің отаршылдық саясатының қолшоқпарына айналады. Абай өз халқының осындай халге түскеніне іштен налып, басында еркі жоқ, қараңғы, езілген халық бұқарасының тағдырына қатты күйінеді. Сондықтан да ақынның ержетіп, есейген кезіндегі өлеңдерінде артта қалған халықтың осындай халге ұшырағанын жырлаған терең қайғының үні естіледі.

Ақиқатты жырлаған ақын және өз халқының адал ұлы Абай халықтың басына түскен бұғаудан қалай құтылатын жолын іздейді. Абай өзінің есейген шағында жазған ақындық шығармаларында халықтың сана-сезімін оятуға тырысады, өзінің турашыл, мысқылшыл өткір тілді өлеңдерінде рубектік, ақсақалдық ғұрыптың әділетсіздіктерін, ел ішіндегі патша өкіметі әкімдерінің қылықтарын жұртшылық алдында ашықтан-ашық сөгіп, аяусыз масқаралайды, бұқара халықты өнер-білімге шақырады, тек өнер-білім, ағарту ісі арқылы ғана мына ауыр азаптан, әділетсіз тұрмыстан құтылуға болады деп көрсетеді.

Абай сонымен қатар өздігінен оқып, білімін толықтыру ісімен де терең шұғылданады, орыс классиктерінің шығармалары оның ең жақын серігіне айналып, қолынан түспейтін болады.

Абай жетпісінші, сексенінші жылдарда Ресейден жер ауып келген орыс революционерлерімен ойда жоқ жерде кездесіп, солармен танысады. Бұл адамдар Чернышевскийдің, Добролюбовтың шығармаларын оқып, солардан тәрбие алған орыстың революцияшыл интеллигенциясының таңдаулы өкілдері болатын. Олардың ішінде Е. П. Михаллис дейтін адам орыстың белгілі революционер публицисі Шелгуновтың ең жақын серігі, белсенді қызметкері болған, оның үстіне Шелгуновтың әйелі оның апасы болғандықтан,

ол Шелгуновтың жақын туысканы да еді. Михаэлис сияқты, одан кейінірек Семейге жер ауып келген Нифонт Долгополов пен Гросс Северин де Сібірге өте жас кездерінде келді, өйткені олар Петербург пен Харьков университеттерінде оқып жүрген студент кездерінде тұтқынға алынып, жер аударылған. Міне, осы адамдармен Абайдың байланысы күшейіп, ол байланысы үлкен достыққа айналады. Олар жаз уақытында Абай аулына келіп, қонақта болады, қыс кезінде онымен үнемі хат жазысып, байланыс жасап тұрады. Абайдың орыс достары оның өздігінен оқуына шын көңілдерінен сүйсініп жәрдемдеседі, оған керекті кітаптарды іріктеп алып, сұраған мәселелеріне жауап беріп тұрады.

Айта кету керек, Абайдың бұл достарының әрқайсысы Ресейде сол кезде орын алған түрлі бағыттағы қоғамдық-революциялық ағымдарда жүрген адамдар бола тұрса да, олар өздерінің қоғамдық-ағарту қызметтерінде бір жолда, бірыңғай тілекте болды. Патша үкіметінің жер аудару саясатының ауыр жағдайына душар болып, әрқайсысы әр қыспақта жүрген, өмірінің көп жылдарын Ресейдің артта қалған аймақтары Сібір мен Қазақстанда өткізген бұл адамдар өздері жүрген жерлерінде халық бұқарасын айуандықпен қанаушылықты көріп, патша үкіметінің әкімдері мен жергілікті бек-билердің рақымсыз озбырлықтарын көріп, кейде өздерінің ішкі саясат жөніндегі бір-бірімен ала ауыздығын ұмытып та жүрді.

Дәл осы кезде Шелгуновтың жолын қуған шәкірті Михаэлистің де, халықшыл революционер Нифонт Долгополов пен поляк революционері Гросс Севериннің де көздеген мақсаты мен міндеті бір жерге келіп түйісті.

Бұлар Сібірде жер ауып жүрген кездерінде жеке бастарының білімін толықтырып, ой-өрістерін кеңейтумен қатар, өздері тұрған өлкенің тарихын, әдет-ғұрпын, тұрмысын, географиялық жаратылыс жағдайларын зерттей отырып, қоғамдық-публицистика, ғылыми-зерттеу қызметтерінде өздері де үздіксіз өсіп, алға баса берді. Олар артта қалған аймаққа бірте-бірте білімнің, мәдениеттің дәнін сеуіп, Сібір халықтарын оқыту-ағарту, олардың тұрмысын, салт-санасын, тарихын қайта құру мақсатын

бар жігерімен жақтайтын адамдар бола бастады. Қазіргі уақытта біздің қолымызда білімнің түрлі тарауларын қамтып жазған Михаэлистің көптеген еңбектері бар. Біздің қолымызда Гросс Севериннің “Қырғыздардың әдеттегі правосы” деген зор көлемді зерттеу еңбегі де бар. Ал украин халқынан шыққан тарих зерттеуші дәрігер Нифонт Долгополов қазақтың қайдан шыққанын анықтау мәселелерімен шұғылданған.

Абайдың өздігінен білім алуға ұмтылған талабына көп жәрдем көрсете отырып, бұл адамдар өздерінің тікелей зерттеген тараулары жөнінде қазақ халқына жақын көптеген халықтардың тарихын, әдеттегі правосын, поэзиясы мен көркемөнерін, экономикасы мен әлеуметтік тұрмыс салтын өте көп және терең білетін Абайдан да өздеріне көп мәліметтер алып отырды.

Міне сондықтан да, жоғарыда айтылған Абай достарының бәрі де орыс халқы туралы шындықты, сол кездегі Ресейдің ұлы орыс классиктері мен өте көрнекті саяси-қоғамдық қайраткерлерінің шығармаларында айқын сипатталған өмір шындығын патша үкіметінің кертартпа чиновниктерінің-отаршыларының құдалауынан аман алып өтіп, Сібір мен қазақ даласындағы халықтардың қалың бұқарасына жеткізуге тырысқаны өзінен-өзі түсінікті, табиғи іс. Орыстың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінің әділеттікті жақтаған, патша үкіметінің сасық саясатын әшкерелеп, оған қарсы шыққан терең мағыналы идеялары, деревняның езілген еңбекші бұқарасына ара түсіп, наразылық білдірген орыс халқының азаттықты көксеген талабы – осының бәрі тұтасынан алғанда, Сібір мен Қазақ өлкесінде жанада ғана ояна бастаған қоғамдық сезімнің өрістеуіне үлкен дем беріп, қуат болды. Абай достары, сол кезде бүкіл Ресей көлеміндегі революцияшыл демократтық қозғалыстың көрнекті және шешуші қайраткері ретінде әлі де атағы шықпаған адамдар болғанымен, орыстың алдыңғы қатарлы мәдениетінің асыл мұраларын мәдениеттен мешеу қалған шет аймаққа жеткізуде зор тарихи міндет атқарды. Олардың артта қалған елдерге осындай шындықты жеткізіп, халықтың сана-сезімін оятуда көздеген қызметтерінде

Пушкиннің, Лермонтовтың, Салтыков-Щедриннің, Лев Толстойдың, Чернышевскийдің, Добролюбовтың, тағы басқаларының есімдері мен шығармалары өте зор қоғамдық-саяси роль атқарды. Қазақ халқының Абай сияқты ақынын бұл айтылған адамдармен және олардың шығармаларымен таныстыру, Абайға және Сібір халықтарының арасынан шыққан Абай сияқты қайраткерлерге орыс мәдениетінің ұлы асыл мұраларын қадірлеп, олардан үлгі алуды үйрету орыс классиктерінің халықтары ғасырлар бойғы құлдық пен соқыр-надандықтан азат етуді көкसेген жалпы қоғамдық идеялары бұлардың да көздеген мақсаттарына өте жақын екенін аңғартып, айқын көрсету – Абайдың жер ауып келген достарының тіпті революцияшыл белсенді, батыл программасында жүзеге асырған шын мәнісінде ұлы, игілікті іс еді. Олар Абайдың орыс халқы мәдениетінің тарихында болған нелер асулармен танысуына жәрдемдеседі, барлық ынта-жігерлерін салып көмектеседі.

Осының арқасында Абайдың дүние тануы, ой-өрісін бұрынғыдан да кеңейтіп, ол көп мәселелерді іздене бастайды. Әсіресе орыс халқының рухани мәдениетінің бай қазынасымен жете танысқан кезде Абайдың дүниеге көзқарасы әлдеқайда өрістей түседі. Абай Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың, Салтыков-Щедриннің, Лев Толстойдың шығармаларын қадірлеп, сүйсініп оқитын болады. Міне, нақ осы кезден – өмірінде ұмытылмайтын 1886 жылдың жазынан бастап, яғни Абай өзінің ақындық қабілетін толық түсініп жеткеннен кейін, ол Крыловтың, Пушкиннің, Лермонтовтың шығармаларын аударуға кіріседі, олардың шығармаларын тұңғыш рет өз халқына өте түсінікті, ұғымды етіп аударды.

Абай тек ақын ғана емес, сонымен қатар композитор да болды. Қазақтың халық әндері мен күйлерін жақсы біліп, аса жоғары бағалаған Абай өз жанынан да бірталай әндер шығарады, әсіресе қазақ поэзиясына бұрын болмаған жаңа түрлерін енгізген (сегіз жолды, алты жолды және басқалары) өлеңдеріне арнап жаңа әндер шығарды. Абай “Евгений Онегин” поэмасынан аударған үзінді өлеңдерге де жаңа әндер шығарып берді. Сөйтіп, 1887 жылдың өзінде-ақ Пушкиннің

өз есімі де, оның кейіпкерлері Онегин мен Татьянаның есімдері де Абай аударған осы өлең, Абай жазған осы ән арқылы бүкіл қазақ даласына жайылып, қазақтың ертеқырларындағы ақындары мен батырларының есімдерімен бірдей қазақ халқына өте жақын, туысқан адамдарының есіміндей болып кетті.

Дәл осы жылдардың ішінде әрі ақын, әрі кемеңгер ақыл иесі, әрі композитор Абайдың есімі де халық арасына кең жайылған, халық шексіз сүйіп қадірлейтін есімдердің бірі бола бастайды. Оған туған елінің әр түкпірінен ақындар, әнші-күйшілер келеді. Атақты Біржан сал, Әсет ақын, соқыр әйел Ажар ақын, Шортанбай, Кемпірбай сияқты есейген ақындар Абайдың өлеңдері мен әндерін жаттап алып, ел арасында үнемі айтып жүреді. Абайдың өзі тұстас замандастары Жүсіпбек Шайқы-Исләм, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Нармамбет ақындар, әйелдерден шыққан Қуандық пен Сара ақын және басқалары Абай өлеңдерін шарықтатып, бүкіл ұлан-байтақ елге жаяды.

Абайдың төңірегіне оның хат танитын, білімді шәкірттері Көкпай, Мұқа, Ақылбай, Көкітай, өзінің кіші ұлы Мағауия сияқты жас ақындар топталады. Бұлардың бәрі де Абайдан үлгі алып, өздігінен оқып, білімдерін толықтырады, орыс әдебиетін оқиды, өздерінің ақын ұстазы айтып берген тақырыптарда – тарихи, романтикалық, салт-сана, тұрмыс мәселелеріне арнап өлеңдер жазады.

Абай атағы барлық жерде де әйгілі бола бастайды. Сондықтан оған тек қазақтар ғана емес, Шығыстың басқа да көптеген либералды адамдары, көбінесе татар жастары әдейі іздеп келеді. Мұнда әсіресе өкімет орындарының қуғын көрсетуі себепті туған қалаларын амалсыздан тастап кеткен адамдар немесе патша үкіметі жазалап қаңғыртып жіберген Кавказ бен Қырымның адамдары көбірек келеді. Мәселен, Сібірге жер аударылған жерінен қашып шығып, қазақ даласы арқылы туған еліне бара жатқан кавказдықтар Абайдың аулында айлап жатқан кездері болды. Сөйтіп, Абай аулы сол кездегі прогресшіл тілекті, либералды бағыттағы, алдыңғы қатарлы адамдардың орталығына айнала бастады.

Міне, осының бәрі, сонымен қатар Абайдың жер ауып келген революционерлермен ұзақ уақытқа созылған

мызғымас берік достығы және олардың Абайға жиі-жиі келіп тұруы өлкелік өкімет орындарын қобалжытып, тым қауіптендіре бастайды. Абай патша үкіметі үшін өте қауіпті адам деген астыртын хабарлар Семейдегі соғыс губернаторының, тіпті бүкіл Дала уәлаятының генерал-губернаторының да құлағына жетіп жатады. Осыдан бастап Абайдың аулын, онда не болып жатқанын бақылап тұру үшін астыртын тыңшы қойылады. Абай қазақ даласында асқан беделді адам, сонымен қатар шындықты батыл жақтаушы, ел басқару ісіндегі озбыр қылықтарды тайынбай әшкерелеуші қауіпті адам болғандықтан, патша үкіметінің ел ішіне қойған приставтары, әскер басылары, би-болыстар Абайға сезіктене қарап, оның әрбір басқан ізін үнемі аңдып, бақылап отырады.

Ал мәдениетке ұмтылған Абай шәкірттерінің, Абайдың жолын қуып, ақынның талантын қадірлейтіндердің қатары жылдан-жылға көбейе түседі. Ақынның ықпалы қала ішіне де кеңінен тарайды. Абайдың өзі шығарған өлеңдерін ғана емес, оның шәкірттері шығарған өлеңдерді бүкіл жұртшылық аузынан тастамай айтып, бірінен бірі көшіріп жазып алады, жаттап алып, әнге салады. Абай ең алдымен өзі оқып, жаттап, кейін өзінің тыңдаушыларына айтып берген батыс пен орыс жазушыларының романдары ауызша хикая ретінде қазақ даласына жайылады. Атақты француз жазушысы Дюманың “Үш мушкетер”, “Генрих Наварский” деген шығармалары, орыс халқының Ұлы Петр туралы ертеке-жыры арғы замандағы жойқын қырғынды, талап-тонауды суреттеген романдар қазақ даласына осындай жолмен тараған. Жазушы Лесаждың “Ақсақ француз” деген әңгімесі “Ақсақ шайтан” болып ауызша жатқа айтылып жүрді. Абайдың ауызша айтып бергені бойынша, Американың кең-байтақ жазық даласына тұңғыш барып қоныс салған адамдар туралы ұзақ әңгімелер, сол сияқты Лермонтов поэмаларының сюжеттері, “Шаһнама”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Көроғлы” және сондай шығыс халықтарының көптеген поэмалары да ауызша айтылып, халық арасына кең тарады. Еуропа мәдениетін үйренген, білімі бар, Абай жағында жүрген бірқатар адамдар да Абайдан үлгі алып, осындай шығармалардың таралуына зор себепкер болды.

Акын өз балаларын орыс мектептерінде оқытты. Қызы Күлбәданды, ұлдары Әбдірахман мен Мағауияны жастарынан қалаға алып барып, орыс мектептерше орналастырды. Кейіннен Әбдірахман өте жақсы оқып, мол білім алып, Петербургтегі Михайловскі артиллерия мектебін бітіріп шықты, ал қызы мен Мағауия тек денсаулықтарының нашарлығынан ғана оқи алмай, ауылға қайтып келді. Бірақ Мағауия үйіне қайтып келгеннен кейінгі жерде әкесінің жолын қууға еркін берілген өте тыңғылықты, пысық шәкірттерінің бірі болады.

Мағауия мен Абайдың ең үлкен баласы Ақылбай Абай жолын қуғандардың ішіндегі нағыз талантты жас ақындар болды. Мағауия бірнеше поэма жазды. Солардың ішінде Абайдың ақылы бойынша жазған: Ніл дариясы жағалауындағы плантацияда жұмыс істейтін құлдың плантация иесіне қарсы күресі туралы “Медғат – Қасым” деген поэмасы мен Қавказ халқының көтерілісіне басшылық еткен атақты халық көсемінің патша үкіметіне қарсы күресін керсететін “Шамиль” поэмасы өте жақсы поэмалар деп есептеледі. Ақылбай “Дағыстан”, “Зұлыс” деген романтикалық поэмалар қалдырып кетті. Бұлардың да тақырыбы мен идеясын Абай айтып берген болатын.

Абай мектебінен шыққан Көкбай, Бейсембай сияқты ақындар да қазақтың өткен дәуірдегі тұрмысынан алып, “Абылай”, “Қозы Көрпеш” сияқты тарихи поэмалар жазды.

Осы шығармалардың бәрі халық арасына қолжазба күйінде, ал көбінесе халық ақындары арқылы тарады, олар бұл шығармаларды түгелінен жаттап алып, ауылдан ауылға, елден елге таратты. Орыстың атақты ақындары Пушкиннің, Лермонтовтың шығармалары да, сол сияқты жер жүзілік поэзияның бай қазынасына асыл мұра болып қосылған Байронның, Гетенің және басқаларының қазақ тіліне аударылған жеке өлеңдері де қазақ даласына осылай таралып, қазақ халқының тума өлеңдеріндей болып кетіпті.

Абай және оның шәкірттері өз шығармаларында өмірдің барлық саласын қамтыды. Көркемөнер, халық ағарту, тәлім-тәрбие, қоғам құрылысы, тағы басқа салаларды түгел

камтыған шығармаларының бәрін Абай да, оның баулып өсірген шәкірттері де сол кездегі қазақ аулының артта қалған феодалдық-ақсақалдық ескі сасық салтына қарсы жұмсады; осы ескі шіріген салтты беттеріне ұстап, ел арасында ру жігін қоздырған рубасыларды, болыс-билерді, атқамінер қуларды, еңбекші халықты жегідей жеп, сүліктей сорып қанаған бай-манаптарды, ал осылар арқылы патша үкіметінің бүкіл әкімшілік тәртібін батыл мінеп, өткір сөзімен, ащы тілімен аяусыз қатты түйреді.

Алдыңғы қатарлы орыс мәдениетіне арқа сүйей отырып, Абай өзінің бүкіл творчестволық еңбегінде елді зілдей басқан ескі салт-санаға, озбырлық, айла-сұмдық әрекеттердің бәріне қарсы шықты, өктем күшті, әділетсіздікті тітіркене жек көрді, шындықты, әділеттілікті жақтады. Сондықтан да патша үкіметінің жалдамалы төбеттері — би-болыс, ақсақал-старшын, атқамінер қулар да Абайдан аза бойлары тік тұрып, оны мейлінше жек көрді. Олар ескілікке бойұсынбаған ақыл-ойдың кемеңгері, жарқын дүние, сәулетті өмірдің жаршысы болған ақынды үнемі қудалап, нелер пәле-жаланың бәрін соның үстіне үйді. Абайдың бұл жаулары патша үкіметінің чиновник-әкімдерімен, толып жатқан тілмаштарымен, сол кездегі қаланың сатылғыш ұсақ интеллигенцияның өкілдерімен ауыз жаласып, тығыз байланыста болатын.

Бірақ бұқара халықтың мұңын жырлаған Абайды бүкіл халық жақтайтынын білетін қара ниетті зұлымдар Абайға ашықтан-ашық қарсы шығудан тайынатын. Сондықтан да олар Абайға қарсы астыртын күреседі. Абайдың ежелгі қас жауларының бірі — ел билеген Оразбай ой мен қырдағы, қала мен даладағы Абайға өш адамдардың бәрін жинап алып, өзінің төңірегіне топтайды. Олар Абайдың шәкірттерін, Абайдың көзқарасын жақтаушыларды қудалай бастайды, Абайдың өзіне нелер өсек-жаланы жауып, оны ел алдында масқаралауға тырысады. Ең ақырында, 1897 жылы опасыз сұмдар Абайдың тура өміріне қастық жасайды. Бұл жауыздар болыс-билердің, рубасы старшындардың атынан Абайды жамандап, қаладағы губернаторға, үйез бастықтарына, патша үкіметінің соттарына толып жатқан арыздар жаудырады, Абайды “ақ патшаға қарсы адам”, “ел ішіне іріткі

салушы”, “ата-бабамыздан бері қарай келе жатқан әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды бұзушы” адам деп көрсетеді. Абай үкіметке қауіпті адам деген осындай астыртын хабарлар бойынша Абайдың аулына бір күні күтпеген жерден Семей полициясының адамдары сау ете түседі, тінту жүргізеді. Екінші бір ретте Семей қаласының полиция бастығының өзі де қасына бір топ жандарм отрядын ертіп, Абайдың аулына келеді, ол Абайдың өз үйімен ғана тынбай, бүкіл ауылды тінтіп, астан-кестенін шығарады.

Семей губернаторының өзі талай рет Абайды басқа жаққа жер аудармақ болды. Бірақ атағы бүкіл елге жайылған, ел алдында қадірі артқан Абайды басқа жаққа жіберуге оның батылы бармайды. Абай кетсе, бүкіл ел наразы болатынынан сескенеді. Сондықтан ол Абайға тимей, оның қаладағы достары Долгополов пен Михаэлисті Семейден басқа алыс жаққа айдап жібереді. Осыдан кейін Абайдың бұлармен тығыз байланысы үзіледі. Абайдың достары мен Абай шығармаларын оқыған алыстағы елдердің адамдары жазған хаттардың қандайын болса да өкімет орындары үнемі бақылап, кейде Абайға жібермей де қоятын болды.

Алайда, патша өкіметінің жергілікті әкімдері Абайға қарсы қандай шаралар қолданса да, Абай аты бұрынғысынша шарықтап, ел аузында аңыз болды, оның асыл шығармалары халықтың сүйіп оқитын рухани жан азығы болды. Абайдың еңбектерін қалың ел зор мәртебе тұтып, жоғары бағалады.

Ел басқарған болыс-билердің, рубасы ақсақал-старшындардың, патша әкімдерінің, тағы сондай толып жатқан арамзалардың барлық айла-сұмдықтарын батыл әшкерелеп, оларға ашықтан-ашық қарсы шыққан Абай әділдік-теңдікті көкसेген бұқара халықтың ең жақын ақылгөйі, қамқоршысы болды. Сондықтан да қалтарыссыз сөз сөйлеп, әділдікпен іс шешкен данышпан Абайдан ақыл сұрау үшін, даулы ісіне әділ билік алу үшін оған өз аулының, өз руының адамдары ғана келмейтін, тіпті ат арытып алыс жерден – Қарқаралы мен Қерекуден, Өскемен мен Зайсаннан да әдейі іздеп келетін.

Бір ел, бір болыстың ішінде ғана емес, облыс пен облыс арасында болған өте ірі дау-жанжал, тіпті өкімет

орындарының әкімдері де шеше алмай аяқсыз қалдырған барымта, жер дауы, кісі өлімі, құн төлету сияқты үлкен істер де талай рет Абайдың алдына келіп, әділ шешіліп қайтатын.

Абай заманында төтенше съезд дейтін болған. Оған бүкіл ел жиналып, көп адам қатынасатын. Ондай съездерде екі үйез елдің арасындағы даулы істер қаралатын.

Мұндай істерде халық бұқарасын күйзеліске ұшыратқан бай-манаптар, алаяқ-қулар да айыпталып, жауапқа тартылатын. Осындай дау-жанжалдан шешуге арнап сайланған адам болмаса да, Абайдың кейде мұндай даулы істерді шешуіне тура келіп жүрді. Абай мәселені шешкенше ел арасын ажыратпай, ел бірлігін сақтауға тырысатын, әлділерден әлсіздерге теңдік әперетін, халыққа қиянат етушілерді енді қайтып басын көтермейтіндей ететін. Абай тұсында болған адамдардың айтуынша, Абайдан қандай ғана даулы істі тура, әділ шешетіндігі сондай, тіпті онымен жауласып, араздасып журген рубасылары да даулы істерімен Абайдың алдына билікке келетін болған. Шынында, мұндай адамдардың ішінде бір кезде Абайды жамандап, патша әкімдеріне астыртын арыз бергендер де болған, бірақ олар өз бастарына түскен даулы істерді Абайдай әділ шешетін адам таппай, Абайдың алдына келуге, оның ұлылығына, даналығына, әділеттігіне басын иіп, мойынсұнған.

Абайдың дана шығармаларымен қатар, оның жұртшылық-қоғам тұрмысындағы әділдік істері, терең ақыл, өнегелі өсиеті ақынның беделін, даңқын бұрынғыдан да арттыра түседі. Абайдың ісін де, шығармасын да әсіресе ел жастары қатты құрметтейді. Түрлі жиын-тойларда, ораза-айттарда, ас беріс ұлы думандарда келер ақын-әншілер Абайдың өлеңдерін айтып, Абайдың әндерін шырқайды. Жас жігіттер ғашық болған қыздарына Абай өлеңдерімен хат жазады. Абайға жақын ауылдардың ұзатылған қыздары Абай өлеңдерін, қиссаларын, өсиет сөздерін, жинақтап жазған колжазбаларын жасауына қосып ала кетеді. Мәселен, Әсия, Уәсила, Рахила және басқа қыздардың сол кездегі жинақтары осы уақытқа дейін сақталып келеді.

Бірақ жақсылықты ұнатпайтын, ескішіл, күншіл алаяқ, жауыз сұмдар ел көзінде құн сайын қадірі, атағы артқан

Абайды күндеп, оған қарсы күресін тоқтатпайды. Абайға түрлі өсек тағып, қаралап, оның қайнаған жігерін құм қылады, еркін еңбек еткізбейді.

Бұл сұмдар Абайдың дәл жүрегіне пышақ салмағанымен, оның асыл жанын улатарлық, зұлымдық қиянаттар істейді. Абайдың жақын туыстарын бездіріп, оның немерелерін, тіпті Абайдың бір туысқан ағасы қаныпезер Тәкежанды да Абаймен араздастырып, қарсы қояды. Абайдың шәкірттерін қорқытып, жала жауып, Абайдан бөліп әкетеді. Абайдың достарын бірін-біріне ашықтан-ашық айдап салып, қуғынға ұшыратады.

Осындай жан-жағын қара ниет қастық, қара түнек зұлымдық тұманы басқан қиын жағдайға душар болып, дүние пәленің бөріне қарсы жалғыз күресуге шама жетпей, дағдарып, дертке толған жүрегі қамыға бастаған Абайға еш-уақытта орны толмас ауыр қазалар тап болып, жаралы жанын онан да бетер улата түседі. Әсіресе жоғары білімді, аса талапты ұлы, орнымды басады деп зор үміт күткен баласы Әбдірахман қайтыс болып, Абайдың басына түскен қайғыны үдете түседі. Әділеттік үшін, шындық үшін, өз халқының бақытты өмірі үшін жан-жағын қоршаған жауыздықпен, қаскүнем-бақастықпен жалғыз арпалысып, жалғыз күрескен Абайға сұм дүниенің соңғы соққысы тигелі, ең сүйікті ұлы, талантты шәкірті, ақын баласы Мағауия көкірек ауруынан қайтыс болады...

Бұл елім Абайдың қарт қиялын мүлдем күйретеді. Мағауия өлгеннен кейін еш пендемен тілдеспей, өз ойымен өзі болып, барлық қайғысын ішке жинайды. Арада қырық-ақ күн өткеннен кейін улы ой, ащы қасірет бойын жеңген ұлы ақын, алпыс жасында, өзінің туып-өскен жерінде бұл дүниеден мәңгілікке сапар шегеді.

Абайдың сүйегі Шыңғыстауының Жидебай алқабындағы ақынның өз қыстауының жанына қойылған.

2

Абайдың шығармалары, оның өлеңдері, поэмалары, аудармалары, ғақлия (нақыл) сөздері соңғы жылдарда басыл-

ған жинақтарында үлкен екі кітап болып шықты. Абайдың көп жылдар бойына дамылсыз еңбек етіп, алдағы күнге сәулелі үмітпен қарап жазған кең өрісті, терен мағыналы, алуан салалы, баға жетпес асыл шығармалары қазақ әдебиетінің бүкіл тарихында теңдесі жоқ алтын мұра болып табылады. Абай өзіне дейінгі ауыз әдебиеттің асыл шұрайларын жасаған халық ақындарының шығармаларын ақындық мәдениетінің жоғарғы сатысына көтерді, оны дүниежүзілік классиктердің шығармаларымен тығыз ұштастыра отырып, қазақ халқының рухани мәдениетінің биік шыңына айналдырды.

Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арна данышпан ақынның творчестволық ісіне рухани азық болды.

Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дем беріп, шапағатты нәр алған арнаның бірі — халықтың өзі жасаған, ауыздан-ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың бағы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы. Абай өзінің ақындық творчествосында өз халқының осындай асыл қазынасын толық пайдаланды, оған жаңа түр енгізіп, жаңа бағыт беріп, осының арқасында өз поэзиясын байытып, дамыта түсті.

Абайдың ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна — шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы. Абай заманындағы қазақ әдебиетінің даму дәрежесі тұрғысынан қарағанда, шығыс әдебиетінің асыл мұраларын пайдалану зор жаңалық болды, өйткені шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті тек XIX ғасырда ғана бір-бірімен тығыз ұштаса бастаған болатын. Сондықтан да қазақ халқына онша таныс болмай келген шығыс әдебиетін кеңінен пайдалана отырып, онымен өзінің ақындық шығармаларын байыту Абай үшін зор жаңалық, прогресшіл іс болды.

Үшінші арна — орыс мәдениеті, Европа мәдениеті. Қазақ халқы бұл мәдениетті Абайға дейін мүлде білмейтін. Сондықтан да данышпан Абайдың орыс халқының асқан гуманист классиктерінің, ал олар арқылы Европа классиктерінің шексіз бай асыл мұраларын кеңінен пайда-

лануы және өз халқын бұл мәдениетпен ана тілінде таныстыруды аса зор маңызды жаңалық болды. Осының арқасында Абай өз халқының ұлт мәдениетінің алдағы уақытта еркін гүлденіп, дами беруіне берік негіз қалады, оның болашағына тура жол салып берді.

Мәдениеттің бұл айтылған үш саласын өзінің творчестволық ісіне пайдаланғанда, Абай оларға тек еліктеп қана қойған жоқ немесе кесек шығарманы ұсақтап, көшіріп алған жоқ. Ол өзінің сүйегіне біткен қасиеті, дарындылығы, даналығы, тілге бай, көркем сөзге шеберлігі арқасында өткен дәуірдің әрбір шығармасына сын көзімен қарап, ең жақсыларын ғана іріктеп алды, өзінің идеялық-көркем шығармаларын, поэзиясын осылармен байыта отырып, оған жаңа түр, жаңа мазмұн берді.

Жоғарыда мәдениеттің осындай түрлерімен танысуы Абайға рухани азық болды, оның ой-өрісін кеңейтті, дүниеге көзқарасын өзгертті, ақындық өнеріне жаңа жол ашты дедік. Шынында да, Пушкин өз тұсында бағы заманның, орта ғасырдың, өз заманындағы Батыс Еуропаның мәдениет мұраларымен танысқанда өзіне қандай әсер алған болса, өз халқының көне замандағы мәдениетімен, Шығыстың, орыстың және Еуропаның мәдениет мұраларымен танысқан Абай да сондай әсер алды деуге болады. Өз халқын шексіз сүйген Абайға орыстың, батыстың, шығыстың саналы жақсы адамдығының бәрі бірдей жақын бауыр болды.

Енді сол үш түрлі мәдениет мұралары Абайдың ақындық творчествосына қандай әсер еткенін байқап көрелік. Өзінің дарындылығы арқасында көркем сөздің шыңына жеткен шебері Абайдың шығармаларында мәдениеттің бұл үш түрі бірдей кездесіп, бір-бірімен тығыз ұштасып, араласып отырады. Бұл Абай сияқты кесек ақындардың творчествосында кездесіп отыратын табиғи нәрсе.

Абайдың сексенінші жылдарда жазған өлеңдерінің көпшілігі қазақ елінің сол кездегі салт-санасы мен тұрмыс күйінің ерекшелігіне, өз заманындағы қоғам құрылысына арналған. Сонымен қатар бұл өлеңдерде өз халқының рухани байлықтарының бәрі көркем сөзбен терең зерттеліп, сыннан өткізілген. Өз халқының қоғам құрылысы мен

бүкіл тарихын қайта жасауды көксеген Абай сонымен қатар ақындық өнерінің жана түрін жасады. Осы айтылған шығармаларын Абай халық творчествосының мұраларымен тығыз ұштастырды.

Бірақ Абай шығармалары халық творчествосынан мүлде өзгеше. Абай өлеңдерінің қай-қайсысында болса да халық шығармаларының сөзі, өлең құрылысы ешбір кездеспейді, демек, Абай ескі шығармалардың сөзін, тіл байлықтарын ескі салт бойынша сол күйінде өз өлеңіне қосып, жапсыра салмайды. Керісінше, халықтың ауыз әдебиетіндегі сөздіктерді, атауларды, олардың өлеңді көркемдей суреттеп жазу әдістерін Абай өз заманының, жаңа дүниенің ерекшелігіне қарап өзгертіп отырған, оған жаңа түр, жаңа мән тереңдете түсіп, дүниеге жаңа көзқарас тудырған. Ол халық поэзиясының қоғам тіршілік әсерін күшейтіп, оны жоғары сатыға көтерді. Абай өлеңдерінің әрқайсысы жаңалықты, жаңа идеяны көксеген. Ол өлеңдерінде, ең алдымен, сол кездегі қазақ елінің қоғам құрылысын, ескішіл шіріген салт-сананы, әдет-ғұрыпты, надандықты қатты сынады, бай-манаптардың, ақсақал-бектердің, атқамінер қулардың озбырлықтарын, бақсы-балгер, кожа-молдалардың айласұмдықтарын аяусыз түйрейді, бұқара халықтың теңсіздігін, ауыр қасіретін жырлайды. Мәселен, ол “Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек”, “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым”, “Күлембайға”, “Көжекбайға” деген өлеңдерінде надандықты, дау-жанжалдықты, паракорлықты, арам-тамақ арсыздықты, қанаушылықты қатты сөгеді, халықтың білімсіз артта қалғандығына қынжылып, қайғырады. Абай өз өлеңдерінде қазақ әдебиетінде тұңғыш рет семья мәселесін, ата-ана борышын, жас ұрпақты тәрбиелеу және ең бастысы – әйел мәселесін жаңаша қойып, бұл мәселелерді бәрінен де жоғары санады.

Халық поэмаларында, үй тұрмысы өлеңдерінде жырланған қазақ әйелінің теңсіздігі, мал орнына сатылып, күн ретінде жүргендігі Абай шығармаларында да үлкен орын алды, бірақ ол әйелдің теңсіздігін құр жырлап қана қойған жоқ, қайта ол бұл мәселеге жаңа мән беріп, оны жалпы адамгершілік мәселесінің дәрежесіне көтерді. Ол қазақ

әйелдері мен қыздарының ішкі жүрек сырларын ашты: әйелдердің бас бостандығын, еркіндігін, махаббатын, ерлермен бірдей теңдік алуын жырлады. Ал ескі өлең-жырларда мәселенің бұл жақтары тұңғыш қалып, әйелдердің тек бақытсыздығы, қорлықта жүргені ғана айтылатын. Абай өлеңдерінде өз теңін өзі тауып, өз сүйгеніне өзі тиген әйелдің арманы жоқ бақытты екені, оның сүйген жарына махаббаты, семьяға деген сүйіспеншілігі кіршіксіз таза болатыны, әйелдердің осындай шын бақытқа жету жолындағы күресі жырланады. Абай жақсы тату семьяның тірегі әйел екенін, ана болған әйелдің қандай жанқиярлық іске бас байлауға әзір екенін жырлайды. Қызды қалыңмалға сату, көп әйел алу, әйелді күндікте ұстау адамгершілікке жатпайтын нағыз айуандық қылық екенін айтып, әйелдердің қоғам тіршілігінде тең праволы болатын жолдарын өлеңдерінде үнемі көрсетіп отырады.

Еріншек, жалқау, шаруаға қырсыз, талапсыз әдеттердің бәрін де Абай мейлінше жек көріп, өзінің өткір тілімен мыскылдап қатты сынады. Абай өз шығармаларында пайдалы еңбек етуге, еңбекті сүйуге шақырды, еңбек адамның тіршілік арқауы екенін, тек адал, өнімді еңбек қана қоғамды дұрыс жолға жеткізетінін айтып жырлады. Ол өзіне дейінгі ақын-жыраулардың еңбек жөнінде тек жалпылама айтып келгенін көрсетіп, өз шығармаларында оларға қарсы шығады. Ақын “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”, “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы” деген өлеңдерінде өз заманындағы Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат ақындарды қатты сынады, олардың шығармалары – “жамау-жасқау өлеңдер”, өйткені олар ғасырлар бойы келе жатқан надандыққа, қаранғылыққа қарсы батыл күреспейді, қайта сол ескілікті қайталап, дәріптейді дейді. Олар болашақ ұрпаққа рухани азық болатын жаңа жол көрсетпейді, қоғам құрылысын өзгерту жолында белсенді күрес ашудан тайып шығады деп сынады Халыққа қызмет ету, оны жаңа санада тәрбиелеу, жаңа дүниеге бастау, қоғамды қайта құру – жаңа поэзияның ең жоғарғы мақсаты, оның тарихи орны, міне, осы дейді Абай. Тек еңбек қана, адамгершілік правосы үшін күрес қана қазақ кедейлеріне теңдік әпереді, олар сонда ғана

байлардан тәуелсіз бола алады. Тек қараңғылықтан серпіліп, өнер-білімге ұмтылғанда ғана, оқып білім алғанда ғана замана жастары, талапты жас жеткіншектер еркін өмірге, шат тұрмысқа жетеді. Абай, міне, осыған шақырып жар салады. Ол тек шақырып қана қойған жоқ. Ақын Абай өзінің даналығы, болашақты болжағыштығы арқасында қараңғы қазақ аулының өнерлі, білімді, мәдениетті ел болуының айқын жолдарын көрсетіп берді. Европаның, бүкіл адам баласының жетілген бай мәдениетін кең пайдалана отырып, жаңа қоғам құруды, оны дамыту жолдарын нұсқады. Ол сонымен қатар ислам дінінің түк пайдасы жоқ зиянды екенін, “медреселерде” оқығандардың халыққа, қоғамға түк пайда келтірмейтінін, қайта қараңғы елдің надандылығын онан сайын ұлғайтатынын, халық санасын дін уымен тұншықтыратынын әшкереледі. Адамның өмір тұлғасы – ескі шіріген әдет-ғұрыптың, салт-сананың құлы болуда, соқыр сенімде емес, ол саналы қайрат-жігерде, адалдықта, пайдалы еңбекте, бүкіл қоғам мүддесін қара басының мүддесінен жоғары санауда. Абай өлеңдерінде, міне, осыны айтады.

Творчестволық шығармаларында Абай адамның табиғатқа көзқарасы, еңбек етуі, тұрмысты жақсарту үшін күрес мәселелеріне де терең мән береді, адамның дүниеде тіршілік етіп, өмір сүруі осыларға байланысты деп үйретеді.

Абайдың өз тұсындағы әлеуметтік қарым-қатынастың, салт-сананың барлық негіздерін терең зерттеп, ақиқатына жеткеннен кейін осыған арнап шығарған көп өлеңдері бар. Абай творчествосында өмірдің қамтылмай қалған жағы жоқ. Адамның ой-мақсаты, арман-талабы, қиян-қайғысы ақыл-ойдың иесі, данышпан Абайдың көркем сөзбен жазылған өлеңдерінде үнемі айқын көрініп отырады. Бірақ Абай бұл мәселелерді өзінше түсініп, өз жанынан мүлде жаңа идеялар айтып, ескілік біткеннің бәрін бұзып-жарып, жаңа дүниеге апаратын соны жолдар нұсқайды. Сондықтан да ол өз заманында теңдесі болмаған данышпан ақын.

Абай творчествосының өзіне дейінгі ақын-жазушылардан зор айырмашылығы сол, ол халықты мәдениетке, білімге шақырғанда әсіресе орыс мәдениетінен, бүкіл

алдыңғы қатарлы адам баласы мәдениетінен үлгі алып, үйренуге шақырды. Абай өз халқының прогрестік жолмен өсіп-дамуына алдыңғы қатарлы халықтардың салт-санасы, тіл өзгешеліктері, дін басқалығы ешбір кедергі бола алмайды деп түсінді. Мәдениеті өсіп жетілген халықтардың бәрінен де үлгі алып, сол мәдениеттен оқып, үйрену керек! Міне, өз халқын осындай білімді ету, мәдениетті ету сияқты ұлы тарихи мақсатты алдына қойған Абай ескілік біткеннің бәріне қарсы аяусыз күрес жариялайды, дәурені өткен, іріп-шіріген ескі салт-сананы, әдет-ғұрыпты өткір тілімен мысқылдап сөгеді. Соқыр сезімді, ескілікті мақтайтын би-болыстарды, рубасы ақсақалдарды, дүмше молдаларды, бақсы-балгерлерді, талапсыз шенқұмар жастарды, еріншек-жалқауларды, жатыпшішер арамтамақтарды қатты сынап, мысқылдады. Абайдай еркін жырлап, шындықты, замана жайын тура көрсеткен, көркем сөздің дәрежесін жоғары көтеріп, оны ескілік біткеннің бәріне қарсы күреске құрал еткен ешбір ақын болған жоқ.

Абай Шығыс елдерінің поэзиясымен, Таяудағы Шығыстың өткендегі мен өз тұсындағы мәдениетімен жете танысқан ақын.

Абай жас кезінің өзінде-ақ Шығыс әдебиетіне зор көңіл бөлген. Ол араб, иран тілдерінде шыққан батырлар жырының, діни кітаптардың бәрін қолжазбасынан (кейбіреулерін шағатай тілінде жазылған аудармасынан) оқып танысқан. Ол Шығыстың атақты классиктері — Фирдоуси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули, Бабыр шығармаларын оқыған. Жас кезінде ол осы ақындарға еліктеп, өлең жаза бастады, тұңғыш рет “ғаруз” түрімен жазуды қолданып, өлеңдеріне араб, иран тілдерінеі көптеген сөздер енгізді. Бертін келе ол халық творчествосының өмірге ең керекті, тұрақты жақтарын пайдалану мақсатын көздеп, Шығыс әдебиетінің ішінде әсіресе “Мың бір түн” киссасын, иран, түрік халықтарының әңгіме-жырларын сүйіп оқитын болды. Ол “Шаһнама”, “Ләйлі — Мәжнүн”, “Көроғлы” поэмаларын жаттап алып, ел арасына таратты.

Абай араб-мұсылман мәдениетін кең зерттей отырып, Табари, Рабғузи, Рашид ад-Дин, Бабыр, Абылғазы Баһадур

хан және басқалары сияқты шығыс ғалымдарының тарихи еңбектерімен де танысты, мұсылман дінінің барлық шариғат негіздерін біліп алды. Абай Шығыс елдерінің бағы замандағы тарихымен ғана танысып қойған жоқ, ол сонымен қатар Таяудағы Шығыс өз тұсындағы мәдениетін де өте жақсы білді. Татардың тұңғыш просветитель-ғалымы Шиһабуддин Маржанидің еңбектері де оған жақсы таныс еді. Абай сол кезде туа бастаған панисламшыл, пантүрікшіл жалған діни-саясат ағымының ықпалы қалай күшейе бастағанын сезіп, біліп отырды.

Египет жазушысы Мұхаммед Ғабдуһу, Жалаледдин Афганский таратқан панисламизм ағымының идеясы бірте-бірте өршіп, бұл ағым Ресейдегі мұсылмандар арасына да жайылды. Алланың құлы болу, айға табыну, халфелерге бағыну сияқты жалған саясат ұстаған бұл ағымды қазақ елінің қажы-молдалары, феодал-бектері де жақтады. Бұл ағымды жақтаушылардың газеттері, журналдары да болды. Соның бірі – әйгілі пантүрікшіл Исмаил Гаспринскийдің басшылығымен Бахшасарайында шығатын “Таржиман” газеті Абай заманының өзінде-ақ қазақ даласына көп тарады. Бірақ Абай бұл ағымның ауанына түскен жоқ, оның алдауыш саясатына ермей, қайта оған қарсы шықты, қараңғылық үстін басқан халықты онан сайын тұншықтырып, надандықта ұстайтынын әшкереледі. Орыс халқының ұлы мәдениетінен үлгі алып, соған арқа сүйегенде ғана халықтың салт-санасын, қоғамдық тұрмысын қайта құруға болатынын бірден сезген Абай өмірінің ақырына дейін осы жолынан ешбір таймады.

Ислам дінін дәріптеген ағымнан үзілді-кесілді бас тартқан Абай өзінің ой-өрісінің аса кендігін, ешкімге, еш нәрсеге бойұсынбайтын тәуелсіз жан екенін, ұстаған жолына берік, әрбір қадамын батыл басатын адам екенін көрсетті, өйткені ол адамгершілікті, адалдықты жырлаған, бүкіл езілген адам баласының бостандық алып, ерікті өмір сүруі үшін халыққа, Отанға адал қызмет етуді даттаған орыс пен Европа әдебиетінің классиктерінің асыл шығармаларын оқып тәрбиеленген, жоғары саналы мәдениет қайраткері болды.

Осындай сезімде дүние таныған Абай ислам дінінің жалғандығын, реакцияшылдығын дұрыс сезе білді, оның зиянды екенін қырағылықпен көрді.

Данышпан ақынның бұл көрегендігін қоғам тіршілігінің бұған кейінгі даму жолдары айқын ыспаттады. Елімізде болған Ұлы Октябрь революциясы, Маркстің-Лениннің ғылымы Абайдың алған бағыты, ұстаған жолы дұрыс екенін көрсетіп берді, бұл ғылым исламшылдық, түрікшілдік ағымның және буржуазиялық-реакцияшыл ұлтшылдықтың барлық түрінің көз бояушы бет пердесін жұлып тастап, олардың халыққа қарсы ағым екенін әшкереледі.

Абай өзінің ақындық творчествосында шығыс мәдениетінің бұл “жаңалығына” сүйенген жоқ. Оның артына қалдырып кеткен ақындық мұраларында шығыстың бағы замандағы классиктік поэзиясына еліктегені, солардың жақсы дәстүрлерін қолданғаны байқалады. Оның ғашықтыққа жазған өлеңдерінде (“Көзімнің қарасы”), лирикалы толғауларында (“Аманту оқымаған кісі бар ма”), пәлсафалық-моральдық поэмаларында (“Масфұт”) шығыс классиктерінің ықпалы бар екені көрінеді. Бірақ бұл сырт үйлестігі ғана. Ал шығарманың ішкі идеялық-көркемдік мазмұны, ой-қиялының ақиқаттығы, өмірді терең бойлай сезу, қоғам тіршілігі мен адамдардың қарым-қатынасын нақты дәлме-дәл айтып беру Абай шығармаларында мүлде басқаша, өте шебер суреттеледі, бұл жағына келгенде оның шығармалары шығыс классиктерінен мүлде тәуелсіз деуге болады.

Дін жөнінде жазған өлеңдерінде де ақын соқыр сезімге берілмейді. Абай дін мәселесінде рационалист. Ол құдайды барша халық таныды деп танымайды, өз ақылына, өз миына салып тануды көздейді, кейде ислам шариғаттарына тікелей қарсы шығады. Қожа, молда, сопыларға, ислам дінінің шариғатын дәріптеушілерге, құранды бетке ұстап, қараңғы халықты арбаушыларға арналған өлеңдерінде Абай олардың қара ниет пиғылдарын, арам құлқыны үшін құдайшыл бола қалып, жұртты алдайтынын әшкерелеп, қатты жерледі, тіпті оларды “өлімтікке таласқан аш құзғындай аранын кең ашқан” қан сорғыш жалмауыздар деп атаудан да тайынбады.

Сөйтіп, Абай өзінің творчествосында араб мұсылмандарының мәдениетімен де араласқан, бірақ ол бұл мәдениетті әбден сұрыптап, жеке пайдалы жақтарын ғана алған, оның өзін де тек сол күйінде ала салмай, өзінің дүниеге көзқарасы негізінде қайта өндеген.

Абай Европа әдебиетіне де терең зер салып, көп оқыған. Шығыс елдерінен гөрі батыс елдерінің мәдениетін әлдеқайда жоғары санап, орыс мәдениетін және сол арқылы батыс мәдениетін зерттеу-үйрену жолында ол ұзақ уақыт өздігінен оқып, білімін арттырды. Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан бастап, ол алпысыншы, сексенінші жылдардың әдебиетіне дейін оқып танысты. Соның өзінде де оның сүйіп оқитыны тек ақындар шығармалары ғана болған жоқ, сонымен қатар орыс халқының, ұлы жазушылары (прозаиктері) Лев Толстойдың, Салтыков-Щедриннің шығармаларын да оқыды. Абай орыс тіліне аударылған шығармалар арқылы Гетені, Байронды және басқа көптеген батыс классиктерін білді, батыс елдердің бағы замандағы әдебиеттерімен де жете танысты. Абайдың жер ауып келген достары Леонтьев және басқаларының айтуына қарағанда, Абай батыс пәлсафасын, Спенсердің, Спинозаның ғылыми шығармаларын үнемі оқыған, сонымен қатар Дарвиннің ғылымына да зор көңіл бөлген.

Орыс классиктерінің шығармаларын Абай әр уақытта әртүрлі пайдаланған. Мәселен, Крылов шығармаларын аударғанда оның мысалдарының дидактикалық жақтарын (ақыл айту, суреттеу жақтары) өзгерте отырып, өз халқының тұрмысына бейімдеп қайта өндеген, қазақ халқына түсінікті етіп аударған. Ол әсіресе Лермонтовтың өлеңдерін өте сүйсініп, зор ұқыптылықпен аударған. Лермонтовтың “Қанжар”, “Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз”, “Теректің сыйы”, “Желкен” деген өлеңдері, “Демон” поэмасынан алған үзінділері орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне асқан шеберлікпен, қазақ халқының тума өлеңдері құсап өте тамаша аударылған. Ал Абайдың Пушкинге көзқарасы мүлде басқаша болды. Оның “Евгений Онегин” поэмасынан аударған үзінділері шынында аударма ғана деуге сыймайды, ол Пушкиннің

бүкіл романын түгел баяндап шыққан зор хикая деуге болады. Татьяна мен Онегиннің арасындағы жүрек сырының кіршіксіз тазалығына, бір-біріне шексіз ғашықтығына таң қалған Абай олардың бүкіл өмірін баяндайды; екі адамның арасындағы мұндай ғашықтық сезімінің кімге болса да зор әсері бар екенін түсініп, оны қазақ жастарына өнеге етеді. Мұның өзінде Абай шығыс поэзиясының бағы заманнан келе жатқан өлең жазу дәстүрін (“нәзира”) қолданып, өзінің ұлы ұстазының бұл тамаша шығармасының бүкіл сюжетін (мазмұнын) өз сөзімен, өз тілімен қайта жазып шығады. Ал араб-үнді, иран-түрік елдерінің ақындары “Ләйлі – Мәжнүн”, “Фархад және Шырын” киссаларының сюжеттерін, “Ескендір-наме” поэмасын өз тілдерінде өндеп жырлап, ғасырдан ғасырға жеткізгені мәлім. Абайдың өзі де азербайжан классигі Низами мен өзбек классигі Науаиден кейін солардың үлгісі бойынша Александр (Ескендір) мен Аристотель жөнінде поэма жазды. Өткен дәуірдің ұлы мұраларын тек аудармай, қайта жырлау салтын Абай осы “Евгений Онегин” поэмасына да қолданды. Бірақ ол орыс қызы Татьянаның образын ешбір өзгертпей, романның бітетін жерін сюжет жағынан Онегиннің мінезі жөнінен өзгерткен. Пушкиннің бүкіл романы Абай аудармасында қыз бен жігіттің арасындағы үлкен хат сияқты болып шықты. Абай ақындығымен қатар ән-күй жазатын композитор да болды. Сондықтан да ол Татьяна мен Онегиннің хаттарына ән жазып, екі асыл ғашықтың тамаша өлеңдері Абай әнімен бірге бүкіл елге тарады, халықтың тума өлеңі мен әні болып кетті. Татьяна мен Онегиннің бір-біріне жазған ғашықтық хаттарын, өлеңдерін бүкіл ел жастары жаттап алып, тіпті өздерінің сүйген ғашықтарына осы өлеңмен хат жазатын болды.

Пушкин, Лермонтов шығармаларымен қатар, Абай Лермонтовтың аудармаларын пайдалана отырып, Байрон мен Гетенің де бірқатар жеке өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Абайдың осы айтылған аудармаларының бәрі қазақ әдебиетінің дамуына зор әсер етумен қатар, ақынның Еуропа әдебиетімен тікелей байланысы болғандығын да

көрсетеді, Орыстың тілге бай ақындық әдебиетін жақсы пайдалана білетіндігінің арқасында Абай қазақ поэзиясына жаңа түр енгізіп (Абай қазақша өлең жазудың өзіне дейін болмаған жаңа 11 түрін енгізді), оны жаңа тақырыптармен, жаңа әлеуметтік мазмұнмен байытты. Мұның өзі қазақ поэзиясының сапалылығын әлдеқайда арттыра түсті. Абай орыстың басқа классиктерінен гөрі Пушкин шығармаларын өте аз аударған. Бірақ солай бола тұрса да, оның лирикалық толғауы, табиғатты тамылжытып жырлауы, әйел жүрегін, әйел махаббатын терең түсініп, өте көркем суреттеуі, әлеуметтік маңызы зор кесек мәселелерді өлеңмен жазуы Пушкинге көп жақын, ұқсас келеді. Бүкіл дүние жүзі әдебиетінің барша классиктері адамгершілік қасиеті, ой-өрісі, ақындық даналығы жағынан бір-біріне қандай ұқсас, қандай жақын болған болса, Абай да Пушкинге сондай жақын. Қазақ әдебиетінің атасы, өнегелі классигі Абайға батыс классиктері де жақын еді, өйткені олардың дүниежүзілік әдебиетте қалдырған тамаша бай мұралары оған рухани азық болды. Бүкіл адам баласының ғасырлар бойғы рухани мәдениетінің асқар шыңы болып, атағы әлемге жайылған асқан зор таланттар, әдебиет классиктері бір-біріне ежелден жақын болатын, бір-бірімен рухани дос болатын.

Абайдың дүние жүзі мәдениетімен осындай терең танысып, тығыз байланысты болуы оның жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдер жазуына, тереңнен толғап, бойды алған лирикалық шығармалар жасауына, ақынның қоғам өміріндегі орнын көрсетуіне, Александр Македонский мен Аристотель туралы үлкен поэма жазуына мүмкіндік берді.

Жылдың төрт мезгіліне арнаған өлеңдерінде ақын қазақ даласының жаратылысын, көшпелі қазақ аулының тұрмыс салтын суреттейді, өзінің ақындық шеберлігі арқасында ол табиғат сипатына, ел тұрмысының жайына терең сыр, зор мән береді, жаңа пікірлер айтып суреттейді.

Ақынға арнаған өлеңдерінде Абай ақын сөзі асыл сөз, оны ұсақ кәсіп етуге болмайды, ақын әрі сыншы, әрі тәрбиеші, ол шындықты жырлаушы, өз ісінде ешкімге мойынсұнбайтын еркін жыршы деп көрсетті. Міне, бұл жағынан алғанда да Абай творчествосы Пушкин творче-

ствосына өте жақын екенін көреміз. Сол сияқты Абай мен Салтыков-Щедрин де тақырып жағынан бір-біріне өте жақын. Абай көркем проза (қара сөзбен) жазбаған адам. Алайда, патшалы Ресейдің қоғам құрылысын, ондағы топас, зорлықшыл, өктем әкімдердің мінез-құлықтарын, құлық-сұмдықтарын батыл әшкерелеген Салтыков-Щедрин сияқты, Абай да қазақ халқын ауыр қасіретке ұшыратқан, арбап-алдаған, қараңғылықта ұстаған би-болыстарды, патша әкімдерін, атқамінер қуларды, рубасы ақсақалдарды зілді мысқыл өлеңдерімен батыл мінеп, қатты сөкті, өткір қаламының ұшымен түйреді. Міне, бұған қарағанда, Абай шығармаларының көркемдік және саяси мазмұны жағынан Салтыков-Щедринмен бір сапқа қосылады, бір тілекті, бір мақсатты болып шығады. Өзінің шығармаларын тындаушы шәкірттерімен бір әңгімесінде Абай Салтыков-Щедринді мақтап, ол халыққа зорлық көрсеткен әкімдердің кейпін дұрыс көрсетіп берген жазушы еді дейді. Бұл оның тек орны келгенде айта салған сөзі ғана емес, ол өзінің барлық шығармаларында да өз заманындағы қоғам құрылысына, патша үкіметінің әкімшілік саясатына қарсы шықты. Сондықтан да оның патша үкіметіне наразылық білдіріп, қарсы болған орыс классиктерін жақтауы, олардың ісін мақұлдап қостауы тегін емес...

Абайдың Европа әдебиетімен араласып, терең танысуы оның творчестволық ой-өрісін едәуір кеңейтті. Осының нәтижесінде де ол Александр Македонский мен Аристотель жөнінде жеке поэма жазып, ол еңбегі соңғы ұрпаққа асыл мұра болып қалды. Ол өзінің жай әңгімелерінде (ғақлия) ол бағы заманның асқан білімпазы Сократты үнемі аузынан та-стамайтын.

Абай бізге тек поэзиясын (өлеңдерін) ғана қалдырып кеткен жоқ. Ақынның пәлсафалық-сын, салт-сана, мінез-құлық мәселелері жөніндегі “ғақлия” әңгімелерінде көптеген нақыл сөздері бар. Оның бұл терең мағыналы, көрегендікпен айтылған нақыл сөздері ел арасына кең та-рап, халықтың көркем әдебиет тіліне берік сіңіп алады.

Осы жинаққа Абайдың көп әңгіме “ғақлия” сөздері кіргізіліп отыр. Оның қара сөзбен нақылдай айтылған бұл

әңгімелерінің түр, мазмұн жағынан қандай жанрға жататын да кесіп айту өте қиын. Ақынның бұл әңгімелерінде пәлсафалық-мораль, қоғамдық-публицистикалық, мысқылсын мәселелері бірдей кездеседі. Шебер қиыстырып, мейлінше тапқырлықпен айтылған бұл нақыл сөздерде кейде күнбе-күнгі тіршілік жайы, кейде кекті мысқыл немесе жабырқап-қайғыру сарындары естіледі. Абайдың бұл сөздері аз айтып, көп мағына беретін өткір тілді, өнегелі өсиет болып табылады.

Ақынның шығармалары қолжазба түрінде тұңғыш рет жарыққа шығып, ел арасына тарай бастаған кезде, оның нақыл қара сөздері де өлеңдерімен бірге жеке кітап болып басылып шығып жүрді. Оны әсіресе жасы үлкен адамдар зор ынтамен оқып, жаттап алып, ол сөздердің терең мазмұнын, өнегелі өсиетін жете түсінуге құштар болатын. Өзінің нақыл сөздерін осы қатарлы адамдар оқитынына көзі жеткен Абай бұл “ғаклия” сөздерін көбінесе осындай адамдардың сана-сезіміне бейімдеп жазады. Мұндай жағдайда ол өмір шындығы мынадай, ислам шарифатының діни көз бояушылығы мынадай деп, екеуін қатар көрсетеді. Сондықтан да Абай әр уақытта ислам дінінің жалған өсиеттеріне рационалдық пәлсафа шындығын қарсы қояды.

Ақыл-ойдың кемеңгері әрі ақын Абай өте талантты, әрі композитор да болды. Өлең мен әнге арнап жазған көп өлеңдерімен қатар жиырма шақты ән-күй ойлап шығарды.

Абай поэзияда қандай жанашыл, тапқыр болса, ән-күйде де сондай жанашыл болды. Ол ән-күйді жаңа мазмұнда, тың әдіспен байытып, әннің өзіне дейінгі халық күйлерінен мүлде басқаша мәдениетті түрлерін жасады. Кемеңгер ақын бұл жағынан да өзінің творчестволық талантының күшті екенін, рухани мәдениеттің кең салалы дарқан екенін көрсетті.

Әділетті жақтаған, өнер-білімге жетілген, өз халқының мәдениетін дамыту үшін бар пәрменімен күрескен, қараңғы халықты сүліктей сорған арамзалардың, кертартпа ақсақалдардың, би-болыстардың, феодал-бектердің ортасында жалғыздық қасіретін шеккен Абай тек өз халқының тарихында ғана емес, сонымен бірге бүкіл Таяудағы Шығыстың тарихында да өз заманының асқан дана, ұлы кайраткері болды.

Абай алдағы “жұмакқа” жету үшін бүкіл Таяудағы Шығыстың дінге сиынған панисламшылары мен пантүрікшілері сияқты ислам жолына түспей, бүкіл Шығысты баса отырып, Батысқа қарай қол созды, өз тұсындағы кертартпа заманның кара түнегін қақ жара, елден дара жалғыз өзі жалғызаяқ сүрлеумен алға ұмтылды. Осы ұлы іздену сапарында ол жарық дүниеге, бақытқа жетті. Оның жалғыз аяқ сүрлеуі адастырмай тура бастап, халықтың ешуақытта өшпейтін даңғыл жолына барып қосылды, зор талапты ақынды орыс халқының асқан кемеңгері Александр Сергеевич Пушкиннің кейінгі ұрпаққа қалдырған асқар Алатаудай зор ескерткішіне апарып жеткізді.

Кемеңгер ақынның сонау қияда мұнартқан зәулім тамаша шапағатты ескерткішіне Шығыстан тұңғыш рет барып жеткендердің бірі осы Абай болуға тиіс.

Қазақтың халық шығармалары мен орыстың классикалық поэзиясын тығыз ұштастырып жырлаған Абай және оның ғасырлар бойы өшпейтін баға жетпес шығармалары, біздің ойлауымызша, өткен дәуірдің үздік шыққан тамаша бір сандағы сияқты. Абайдың өзі де, оның шығармалары да жапан-түзге жалғыз шығып, жапырағын кең жайған бәйтерекке ұқсап, өз халқының тарихынан ерекше орын алды. Ол қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің асыл мұраларының бәрін алып, оны орыс халқының есейген, алдыңғы қатарлы мәдениетімен байытты.

Абай орыс халқының рухани мәдениетінің бай мұраларын барлық жағынан толық пайдалана отырып, өз халқының мәдениеті тарихында тұңғыш рет нағыз прогресшіл қозғалысты бастап берді. Өз халқының тарихында тұңғыш рет жарыққа шыққан оқыған қайраткерлердің бірі болған Абай жаңа қоғамның алдыңғы қатарлы мәдениеттен неғұрлым тез үйреніп, өнеге алуына кедергі жасаған өз заманындағы тарихи бөгеттердің бәрін еркін бұзып, талқандады. Сөйтіп, ол орыс халқы мен қазақ халқының жарық нұрлы болашақ үшін, сол кездегі қоғамның әр түкпірге тығылып, мәдениеттен мешеу қалғанына қарсы жүргізген күресіндегі рухани қаруларының бір-бірімен қосылуына себепші болды. Міне, сондықтан да Абай

есімі жұрттың бәріне өте қымбатты есім болып отыр, ал оның тамаша жалынды өлеңдері социалистік Отанның қаһарман қорғаушылары — қазақ жауынгерлері мен қазақ командирлеріне рухани күш болды, олар қан майданда жауға қарсы ерлік күресімен, ұлы жеңісімен, төгілген қанымен Ұлы Одақтың барлық халықтары арасындағы туысқандық достықты бұрынғыдан да бетер нығайта түсті. Абай өз халқының асыл қазынасының бәрін орыс халқының дана адамдары жасап кеткен ұлы мұраларымен жақындастырып, тығыз байланыстыруға шақырды, осы жолда күресті. Оның кейінгі ұрпақты осындай күреске шақырған жалынды сөздері қазіргі совет отаншылдарының, Абайды ұлы мәртебе тұтып құрметтейтін қазіргі ұрпақтың қайтпас қажырлы күшін тасытып, жүрегіне ыстық леп қосты. Өзі арман етіп, зор үмітпен күткен ерікті Отанының сүйікті ұл-қыздарымен бірге Абай да рухани күш-қуаттың, қайрат-жігердің бәрі қатал сынға түскен ауыр жылдардан сүрінбей өтіп, оның ұлы есімі қазіргі бақытты социалистік заманымызға бұрынғысынан да қымбат, бұрынғысынан да жақын болып отыр деп айта аламыз.

Ал мұның өзі қазақтың жана мәдениетінің негізін қалаған, қазақ халқының классикалық поэзиясының жарық жұлдызы болған Абайдың өшпес даңқын мәңгі арттыра бермек.

АБАЙ ӨМІРБАЯНЫНЫҢ ҮШІНШІ НҰСҚАСЫ

(1845–1904)

Абайдың өмірбаяны

Абай осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі – Құнанбай, оның әкесі – Өскембай, үшінші атасы – Ырғызбай. Бұлардың барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар. Ақынның бұлардан арғы аталары Айдос, Олжай болады. Олжайдың үш ұлы: Айдос, Қайдос, Жігітек. Тобықтының атакты мықты биі Кеңгірбай – осы Жігітектің баласы. Қайдостан – Бөкенші, Борсақ тарайды.

Айдос өз басы би де, бағлан да болған емес. Қайта мөмын, жасық адам болғандықтан, оны “Шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос” дейтін мақал бар. Осы Айдостың Айпара деген әйелінен төрт ұл туады: Ырғызбай, Көтібак, Топай, Торғай.

Айпара ер қайраты бар, есті, адуын әйел болған. Өзінде, бір жағынан, тапқыр шешендік, бір жағынан, бақсы, құшнаштық сияқты сәуегейлік те болған. Ол жөнінде өзіне аян беретін “жасырын күшінің” атын “Қара бура” дейді екен. Бергінде сол Айпараның ұрпағынан тараған Айдостың сәуегейлікке салынғаны болса, “көріпкелім бар”, “Айпара шешемнің қара бурасы бар” деп жүріскен. Айпараның өзінен қалған бір ауыз сөз – төрт баласына берген аналық сын сөзі. Сонда:

Шынжыр балак, шұбар төс – Ырғызбайым,
Токпақ жалды торыайғыр – Көтібағым.
Әрі де кетпес, бері де кетпес – Топайым,
Сірә да оңбас – Торғайым, –

Сол шешесі дәме қылған Ырғызбай өзге туысынан анық артық боп озып шығып, ортасы дәме қылған жігіт болады. Ол жайды – Тобықтының сол күндегі берік, жүйрік, табан шөңгел биі Кеңгірбай өзге барлық жас-желеннің ішінен Ырғызбайды артық санайды. Өз қасына алады. Ел сөзіне араластырып, баулып жүреді. Дау-дамайға, бітім-билікке де жүргізеді. Ол кез – көп бидің парашыл кезі. “Сыбаға” деп, “жол” деп бадырайтып алып жатады.

Кеңгірбайға да осы жөнінде көп сөз еретін. Соның мысалы байы өлген қаралы бір қатынның айтқан дауысынан байқалады. Ері жанжал-төбелесте өліп, есе ала алмай отырған әйел:

Мойны, басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға,
Параға алған кара атан,
Тігілгей еді қарана, –

деген.

Ырғызбайды баулып өсірген Кеңгірбай өзіне серік етіп жүргенде, сол інісі ертерек өліп қалады. Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі – жас кезінде үлкен ас, ұлы дүбір жиында күреске түсетін ірі балуан болған. Уақытында қазақтың көп ру елінің арасына зор лақап болып жайылған бір күресі бар. Ол қазақ, қоқан халықтары жиналған бір аста “Қоңыраулы балуан” деген түйе балуанды жыққан.

Ырғызбайдың бірнеше баласы болған. Олары: Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскембай. Бұлардың нағашысы Керей Ер Жәнібек екен. Сол кісі Ырғызбайдыкіне бір келгенде жас бала Мырзатай қатты ауырып жатады. Шешесі бұл баласын өзгелерінен артық, ыстық көреді екен. Қысылған баланың жаны қала ма деген далбасалықпен сол ауру баладан садаға ғып екінші баласы Өскембайды айналдырмақ болады.

Сонда Ер Жәнібек “біздің тұқымның бір шағым оты болса, мына балаңда ғой, тимесеңші” деп, Өскембайды садаға қылдырмай ара түсіпті. “Отындық ағаштан оқтық мүсін туған жігіт” дейтін сөзін осындай тұста айтса керек. Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішіндегі ең артығы болады. Кеңгірбай Ырғызбай өлген соң, інісінің орнына осы баласын ұстайды. Бертін келіп, өзі қартая бастаған кезінде өз орнына Өскембайды би етпек болады. Өскембай туысы аздығын айтып “Төрт сояу атанып ем ғой, батаңды Ерекеңе берсейші” деген. Ерекең Кеңгірбайдың Ералы деген баласы еді. Кеңгірбай “мен өз баламды өзім көрмей жүрмін бе” деп, сол күннің жолы бойынша батасын беріп, Өскембайды би еткен. Ол Кеңгірбай маңайындағы өзге ағайын-туысқан, іні-баласының бәрінен пысық, епті болыпты.

Өскембай өзінің ел меңгеру әдісінде, ең алдымен, Кеңгірбайдың көпті мезі қылған паракорлық мінезінен бойын қашандау ұстауға тырысқан. Рубасылар ортасында сақталып келген сөздің бірінде: “Ісің адал болса, Өскембайға бар, арам болса Ералыға бар” деген сөз бар. Бұ да билердегі сатымсақтық, жемқорлық дағдыны көрсетеді. Содан мезі болған, жиренген ел өз сынын әр тұста қатты айтып отырған:

Қайырсыз болған жазыңнан –
Қайырлы болған қыс артық.
Көрінбеген алтыннан –
Пайдасы тиген мыс артық.
Пара жеген билерден –
Қасқыр алған ит артық, –

деген сөздер би атаулының қайсысына болса да сын, таразы тәрізді еді. Парашыл әкім кім болса да, ел сыны беті-жүзіне қарамай қатты айтылатын. Би ғана емес, халықты меңгерген қай төреге де соны ашып айтатын. Сол Кеңгірбай тұсында Найманды билеген мықты төре Бопыға айтылған бір сын сөзде:

Бопекемнен төрелік іс кетпеген,
Жегеніне Байыстай ел жетпеген.

Қара сөзге құбыладан ескен желдей,
Алдынан тоқтылы-қой дау бітпеген, —

дейді. Парашыл, жегіштік елдің дау-шарына бітім таптырмай, көпке кесір болған соң осындай ащы мысқыл да, қатты, қатал сын да көп туып, ел аузында күнде айтылып жүре берген. Сондықтан Өскембай бұл жағынан тыйымды, әділ болады. Бірақ осындай болумен қатар, елді күшпен, зілмен аламын деп, кейде оқыс, қатал мінезді көп қолданған. Мысалы, бір уақыт алдына жүгініске келіп отырған Мәмбетей деген кісіге ашуланып, мұрнын кесіп алғаны сияқты ісі жанағы айтқанға дәлел.

Өскембай орта жасқа келгенде баласы Құнанбай ержетіп, атқа мінген. Құнанбай 1804 жылы туған. Құнанбайдың шешесі Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған.

1850 жылы 72 жасында Өскембай өледі. Зере байынан кейін көп жасаған. Ол бертін келіп, 90-ға жетіп өледі. Мұның ақын болатын немересі Абайдың бала, бозбала күнінде аулының бәрі Зерені “кәрі әже” дейді екен. Кәріліктен құлағы есітпейтін болады. Балаларына дұға оқытып үшкірте береді. Сонда өз қолындағы немересі Абай кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп үшкіреді екен.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа, оқу тәрбиесін көрмеген. Мұның орайына жас күндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша батырлық, жорықшылық сияқты істерге көбірек ауған. Өзі құрбы жас жігіттердің ішінде ер, мықты, найзагер болып та саналған. Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай кесек мінезді қатты адам болған. Қаттылығы әншейін ағайынға ғана емес, әке-шешесіне, жанашыр жақынға да бір қалыпта болған сияқты.

Ел билеп, іс басқаруға келгенде Құнанбай әкесінен өтімдірек болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде Сібір даласы “1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан жарғы” бойынша өкірікке бөлініп, “өкіріктік приказ” билейтін болған. Өкіріктің бастығы — аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі — үкімет чиновнигі болады (елдің көбі мұны “майыр” дейді). Үшінші мүшесі

кіші сұлтан атанады. Осы кезде Құнанбай екі жылдай аға сұлтан болады. Бұрыннан өз орталарынан біреудің болуына көп тілеулес болып жүрген ру жуандары Құнанбайдың аға сұлтан болуын Бөкейханның нәсілі Құсбек, Жамантайдың партиясынан, патша саясатынан дегісі келмей, “Құнанбай басының қасиетінен” деп кеткен.

Құнанбай бертін келгенде аз уақыт Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болады. Сол аға сұлтан болған уақытта өз еліне старшиналыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Ел мұны адамшылық, ақыл-мінез жағының қайсысына болса да басшы болып, ел меңгеруге жарайтын кісі деп білмеген. Майбасар қылығының салдарынан Жігітек деген ру бастығы Бөжей болып, Құнанбайға өкпелі болады. Бірақ бірде аға сұлтан болып жүрген Құнанбай, әрі сырт елдерге атакты, әрі үкіметке салмақты болып ап, Жігітекті де, басқаларды да бойымен басып жыға берген. Сонымен, алғашқы араздық, жаулық кейін ұзақ замандарға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің он жеті адамын Сібір айдатады. Ол кез патшалық ұлығына қазақ сахарасының жаңа-жана бой ұсынып келе жатқан кезі болады. Сотталу, абақтыға жабылу, айдалу дегендер ел көрмеген үлкен сұмдық саналатын.

Құдая, елді сақта сотталғаннан,
Теңселіп екі қолын бос салғаннан, —

дейтін кез.

Құнанбайдың бұл айдатуы өз әмірін зорлықпен танытпақ болған қаталдығынан еді. Ол сол кезде Тобықты ішінде талай руды жерінен көшіріп, өз руына немесе өзіне жақын, серік руларға шұрайлы жер әперіп жүрген. Бөкенші, Борсақты жерінен көшіру, Жуантаяқты, Қарабатырды көшіріп жерін алу, Көкшені көшірмек болу, бәрі де сол үлкен, көрінеу зорлықтың айғақтары еді. Жігітекпен үлкен араздығы да осы жөнінен туып, кейін ұлғайған өштікке айналған. Сонымен барып елді қарсыластырмай, қор қып, жасытып жіберем деп жер аударған соң, кейінгі көп заманға, көп буынға шейін ұмытпастық кек, жаулық қалады. Кейін өсіп, іске араласа-

тын жас Абайдың алдында әкесі тастап кеткен осындай зор пәле қайшылық, зорлық тұрған-ды. Абайдың одан жиреніп, қарсы боп өспесіне шара жоқ еді.

Бір Құнанбай емес, осы кезде ел ішінде жауласқан күшті жуанның бәрі де бір-бірін ұлық арқылы жер аударып, жазалатып жүреді. Құнанбайдың өзін де Жігітектер бір шақта жеңермен боп меңдетіп барып, қуғын қағазды молайтып, Омбы қаласына шейін тергеуге апартып, әреңге қалған.

Ел ішінен кісі сотталудың алды бір қақтығыс емес, талай пәле боп келеді. Оның алды барымта, төбелес, шабуыл және толып жатқан сияз, тартыс-жұлыс болады. Бейбіт елдің арасын атшабар, стражник сияқты беймаза шолақ әкім кернейді. “Қара қозы жеп, қара елтірі қайқая киіп” дейтін сотқарлар молаяды. Сияз деген бір ауыр салмақ тағы бар. Ол орнаған жер тың бір обырдың орнағанындай. Ел жуандары бір руға ызғарын өткізем дегенде, сол рудың үстіне сияз құрады. Жылдың ауыр кезінде құрып, әсіресе күйін кетіреді. Осындай сияздың бірін Құнанбай Көкше руының ішінде өткізбек болған екен, мезгіл қыс, ел қысаң күйде тұрған шақ. Сонда Көкшеден Бектас деген кісі Құнанбайға кеп:

– Е-е, Құнанбай, жарқырап жаз шықпаушы ма еді? Күркіреп күн шықпаушы ма еді? Қыстың айы алтау еді, сенімен енді жетеу болды ма? – депті.

Құнанбай тұсында Тобықты ішінде мұнымен тең түсетін бастас адамдар: Бөжей, Қаратай, Байсал, Сүйіндік, Байдалы, Түсіп сияқты кісілер болған. Бұның көбімен Құнанбай бірде дос, бірде араз боп өтеді. Қатты жауласқан кісілері де осы топтың ішінде.

Әрине, Құнанбай басының қайшылығы көп болған. Ол – өз дәуірінің, феодалдық өз тобының бел баласы. Ісі мен мінезінде заманының талай айқын таңбасы бар. Мысалы, Құнанбайға да алым, түсім аз болмаған. Осының бір мысалына Сүйіндіктің бір сөзі куәлік етеді. Сүйіндік аулы бір жылы жау түсіріп, сол жаудан олжаға бір жақсы қара ат алады. Қара аттың соғыста шекесіне сойыл тиіп, басы жарық боп түскен екен. Сонда да Құнанбай қызығып, Сүйіндіктен сауғаға сол атты сұрата жібереді. Бірақ осының алдында Жуантаяқ руынан Бостан дегеннің аулы Сүйіндіктің бір айғыр үйірі

қысырағын апарып сойып алған. Сүйіндік Құнанбайға шаққанда, ол Бостаннан бір айғыр алған екен. Соның салдарынан Сүйіндіктің дауын аяқтатпай жүреді. Жаңағы қара атты енді Сүйіндік Құнанбайға бергелі жөнелтіп жатып:

Айыбында қара аттың басы жарык,
Өзім семіз болғанмен, көңілім арык.
Бостанның қорасына қонар едім,
Құнанбай қор қылмаса айғыр алып, —

деп бір ауыз өлең айтқан. Заманынан қалған бұндай сөздер анық, шындық, айғақ. Осымен қатар көпшілік есінде қалған аңызға қарағанда, бұрынғы уақыттармен салыстыруға Құнанбай тұсында “ұрыдан, ылаушы, шабаршыдан ел тыныш болған” деседі.

Жалпы өз бағытында жақсылықты ниет қылған анық игілікті істерін алсақ, Құнанбай жайында ол жөнінде де ел әңгімесі көпті айтады. Құнанбай — оқуды, білімді зор бағалаған адам. Ол өзіне біткен баланың бәрін бірдей оқытумен қатар, еліне, қоғамына білім таратып ұстаздық ететін шет ел адамдарын қатты күткен. Бұның қолына кеп, казакпен туысып, анық қазақ боп кеткен әлденеше ұлттың адамдары бар. Татардан шыққан Ғабитхан, Кішкене молда, Ысқақ тұқымы, Түркістаннан келген Бердіғожа, Кавказдан келген Ғабдолла (Қазақбай атанып кеткен) сияқты, қырғыздан келген Бәшібектей жандар бар. Осының бәрі болмаса да, көпшілігі бала оқытып, ұстаздық құрып, Тобықты ішіне оқу-білім таратқан адамдар.

Бір жағынан, елге үлгі етіп, екіншіден, өз тәрбиелерін жетіктіру үшін, дәл өзінен туған бірнеше баласын шет қалаларға жіберіп оқытқан. Айғыздан туған Халиолла деген баласы Петерборда оқып, офицер шенін алып шығып, елге келгенде тек құрт аурудан өледі. Абайды Семей қаласының ең зор медресесінде оқытады. Қолындағы басқа бар баласы да оқымысты болған. Әрине, Құнанбай тұсында баласын орысша оқытқан, әсіресе офицерлік, төрелікке арнап оқытқан қазақ феодалдарының бәрі де текке құр білім үшін ғана оқытқан жоқ. Шен ал, ұлық бол, менің тұқымымның таптық, саясаттық үстемдігін нық сақтайтын бол деп

оқытқан. Құнанбайдың орысша оқытуында да осы сыр анық бар еді.

Көп ел ортасына Құнанбайдың өз тұсындағы өзінше үлгілі ісі боп аталып, таралған бір әрекеті — мұсылмандық әсерін күшейтетін дін тарату болады. Бұл ретте шарифат жолын ел көкейіне сіңірем деп қатал, о жар мінездер жасағаны, ерсі діндар фанатиктік істер еткені де аз емес. Соның бірі шарифат үкімі деп, Қодар деген шалды келінімен жаманаты шықты деп, мойындарынан қосақтап түйеге асып өлтірткені. Насыбай атқан кісінің танауын тілгені де бар.

Дін жолын бекем ұстауды үлгі етем деп, аға сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған. Кейін 70 жас шамасында әмір-биліктен әдейі тоқталып, ада боп шығып, Меккеге барады. Сонда Меккеге барғанда қазақ адамдары түсіп жүрсін деп, өсиет етіп, өз пұлына “Тәкия” деген үй салдырып кетеді. Өз уақытында Орта жүз қазақтарының ішінен шойын жол жоқ заманда қияндағы Меккеге барушының ең алды осы Құнанбай болса керек. Бертін келе Меккеге барушы қазақ әр рудан көбейген уақытта әрбір барушы Меккеден Құнанбай атына қанық боп қайтатын болған. Осының өзі де кейін Құнанбай өлген соң, оның атағын ерекше даңқты етуге себеп болған.

Құнанбай мінезінің бірбеткей, берік, ұстамдылығын оның өмірінің соңғы жылдары, әсіресе, айқын көрсетеді. Ұзақ өмірінде талай алыс-жұлысты басынан атқарып кеп, ақыры Меккеге барып қайтады да, өз-өзіне серт беріп, “дүние сөзіне енді араласпаймын” деп шымылдық түсіріп, елден аулақ отырып алады. Сол күйде дау-шарға шынымен бірде-бір араласпай, жеті жыл анық тыйылып отырып барып, қайтыс болады.

Заманында хатқа жазып қалдырған адамдар болмағандықтан, Құнанбайдың көп тапқыр сөз, терең ойлары сақталып қалмаған. Бірақ анық Құнанбайдың өзі айтты деген сөздер сонда да жоқ емес. “Арымнан — жаным садаға, жанымнан — малым садаға”, “Жарлы кісі жамалар, жамалар да қуанар”, “Адамның не нәрсе қасиеті болса, сол нәрседен міні де туады”, “Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі: құлақпен естіген өтірік, көзбен көрген шын” деген сияқты

сөздері Құнанбайдың өз ортасына үлгі айтам деген адам екенін танытады.

Абай әкесі Құнанбайдың 41 жасында туған. Ақынның өз шешесі — Ұлжан. Құнанбай көп қатынды болған. Үлкен қатыны қыздай алған — Күнке. Бұдан туған баласы Құдайберді. Екінші әйелі — Ұлжан, ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі өлген соң Құнанбай келінін алған. Бұдан туған балалары: Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі — Айғыз. Одан Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. “Атадан алтау, анадан төртеу” дейтін Абайдың өлеңінің мәнісі осы. Құнанбайдың төртінші әйелі — Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта екі шешесінің ортасындағы тел баласы кішкене Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ олардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Халиолла болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасындағы, жалғыз баланың қалпында өткізген. Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға “Телғара” деп ат қойыпты. Кейін, Абай ержеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеден қойылған атпен оны “Телғара” дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бертіс тұқымы болады. Ұлжанның әкесі Тұрпанмен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңымен даңқы шыққан, белгілі мысқылшыл, тапқыр күлдіргілер болған. Бұл әдет — Бертіс, Шаншар руына түгел жайылған мінез. Көрші ел Шаншардың кулары дегенде қатты ығысатын. Ас, жәрмеңке сияқты қалың жиындарда бір жерде тобымен жиылып, күліп сөйлеп келе жатқан Шаншарды көрсе, көп елдің кісілері: “Ойбай, Шаншар келе жатыр. Қылжақ етеді” деп, өрттен қашқандай дүркірей қашады екен. Бұл әдет Шаншардың мысқыл, мазаққа ұста болып, тауып айтқыш, өткір тілділігінен туған нәрсе. Қандай жанның болса да мінін таппай қоймайды, мінін тауып алса, түндігін ұшырғандай қылып соқтығады. Сөз шабуылымен кімнің де болса есін шығарып, есенгіретіп кетеді.

Осы Шаншардың бұрынғы-соңғы заманға шейін аузынан тастамайтын атақты “куы” Тонтай болған. Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түгелімен бастан-аяқ жеке-жеке күлкі әңгімеден құралады. Сол әңгімелерге қарағанда, Тонтайлар қалың қазақ ортасының үнемі көңілін көтеріп жүрген, таусылмайтын думаны, ұдайы қызық күлдіргісі. Бүгінгі Еуропа, Американың Чарли Чаплині сияқты болған. Осы Тонтайдың інісінен туған әйел бала Ұлжан болады.

Ұлжан сабырлы, кең мінезді кісі болған. Абай балалық шағын сөз қылғанда, өз шешесіне қатты ырза болып, Айғызға іші ренжіңкіреді екен. Анау күндестікті көп сыртқа шығарып, білдірмесе де, Айғыз сол жағынан белгі бергіш болса керек. Бұнысы Абайдың бала шағында көп қатынды тұрмыстың бар зарын татып, тағы да неше алуан ауыр қайшылықты көріп өскендігін де сездіреді.

Ұлжанда тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылдығы әбден болған. Анда-санда әлдеқалай айтып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде ұмытылмай сақталады. Мысалы, Ұлжан да өлерінде қалжың айтқан. Ауылдың үлкенінің біреуі кеп ауырып жатқан Ұлжанның жәйін сұрап, “өлем деп жатырмысың, қалай көрінеді”, – дегенде: “Ой шіркін, мен бұрын өліп көріппін бе, қалай екенін қайдан білейін”, – депті.

Ұлжан қолында Шектібай деген бауыры көп жүрген. Шаншардан келіп, жиендерінің аулында қонақ боп, ойын салып жүретін сауыққой, сықақшыл, күлдіргі адам болған. Сол Ұлжан ұлғайып келген кезде, бір күні өзі бірге туған апасы Ұлжанды “әже” депті. Ұлжан ашуланып “қағынып кеткенбісің?” дегенде, Шектібай: “Е, жұрттың бәрі жер күңіретіп әже, әже деп жүргенде, жалғыз мен жаңа тілім шыққан баладай апа, апа деп отырайын ба?” – депті. Сонда Ұлжан: “Қыз болса мені іздеп келер ме еді, бүйтіп сөйлер ме еді, сатып алсаң да еркек бол!” – депті.

Осындай кесек қалжың, ажуаға Ұлжан көп көнтерлі, көп созымды, тапқыр болған. Қиын жайды, қысталанды күлкі сөзге айналдыру – қалың қазақтың, әсіресе Шаншардың ата мінезі.

Тонтай өлерінде маңайына жиылып келіп отырған қожа-молдаларға қарап: “Жазыла-жазыла қожа-молдадан ұят болды, енді өлмесек болмас”, – деп айтты деген сөз екінің бірі білетін мәтел болып кеткен. Осындай тапқырлық және біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіштік нағашысы мен шеше жағынан Абайға да мол келген. Шынға келгенде, Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақындықтың шарты болатын, жалынды, жанды, өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақылмен сөйлегіштік көп пе, жоқ, шанышпа тілді, сатиралы ащы мысқыл, улы күлкіге бой ұрғандық көп пе? Біздің ұғымымызша, соңғы түрі көп сияқты.

Құнанбай жанның бәріне салқын болған қалпында өзінің балаларына да зілді болған. Сол зілін жас шағында Абай да көп көреді, басынан көп кешеді. Ал Ұлжан мінезді адам болғандықтан, орайы келгенде, өзінің бала, бауыр, қайын сияқтыларына мысқыл әзілді айта береді екен, қалжыңмен жауаптасуды Абайға бала күнінен өзі де еккен сияқты. Осының бір мысалы бар: Абайды сүндетке 8-9-ға ілініп, ересек болып қалғанда отырғызса керек. Сонда Абай қашып жылап: “Құдай, бүйткенше қыз ғып жаратпаған екенсің!” – депті. Ұлжан соған: “Балам-ау, қыз болсаң бала таппас па ең, содан қиын боп па?” – дейді. Абай: “Ә, онысы тағы бар ма еді!” деп уанады екен.

Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы, талай ақынның жолынан бөлек, өзіне ғана хас, ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы өлер шағына шейін өзгеше шарттардың ішінде өткен ерекше өмірінен туған. Сондықтан енді қолға түскен азын-аулақ мағлұматтар бойынша Абайдың өз басының өміріне келейік.

Абай жоғарыда айтылғандай, екі шешенің тел баласы болып жүрген, кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентек бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері, үйге қонған қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды. Жай өмірде пысық, ширақ емес, аңқау болғандықтан, өз шешесінің аулындағы үлкендері Құнанбайдың бұл баласы-

нан да Күнкенің қолындағы Ысқақтан көбірек дәме қылған. Ол Абайға қарағанда жас күнінен тықылдаған пысық, ширақ болса керек.

Абай он жасқа келгенде әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы Ғабдұлжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады. Және сол мешіттерінің жанында медреселері болған. Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның көбін араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, түркіше оқу жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болады.

Оқытушының бар бейіл бергені – дін діндегі сияқты болған арабша, одан қала берді парсыша.

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Өзімен бірге оқыған үлкен-кіші балалардың барлығынан сонауғрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін, екінші ретте кітапқа қарамай, өзі жатқа айтып шыға алатындай зерек болған. Сонымен, дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып, білу Абайға өзге балалардан сонауғрлым оңай болған. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп тімтіруге салынады. Өз бетімен оқитын кітаптары – араб, парсы, түрік жұрттарының ақындары. Одан соң сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдебиет мұралары.

Бұларды Абай бала кезіндегі құлай берілгіш мінезі бойынша барын салып, көп оқыған. Оқуға кірген соң-ақ балалық дегенді көп білмей, тез есейіп, ілім қуған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бола бастаған. Араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзінің әбден сүйіп, тандап оқыған ірі ақындары болады. Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай бәйіттерін ұзыннан-ұзақ жаттап жүреді.

Сол бала күнінде жаттаған кей өлеңдері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытыл-

маған. Абайдың 30 жасында туған баласы Тұраштың айтуынша, балалары оқып жүрген кітаптардың ішіндегі кейбір сөздерді “пәлен кітаптың пәлен бетінде” деп жаңылмай жатқа айтып отырушы еді дейді.

Осы сияқты белгілерге қарағанда, Абайдың медреседегі оқуы көбінесе “Мұхтасар” сияқты дін кітаптары болмай, дені әдебиет мұралары болу керек. Ерте күннен әңгімелі, өлең сөздерге ерекше ынтық болып, қатты құмартқан талапты жас шәкірт ақындық өнерін қадірлейтін мінезді сол балалық шағынан ала шыққан.

Медресенің тынысы ауыр тар ғаламында, қысан тәрбиесінде жүрген жас шәкірттің шын сүйетін жандары – Науаи, Сағди, Қожа Хафиз, Физули сияқты ақындар болған.

Бұлардың сөздерін Абай бері келіп ұлғайған уақытына шейін тастамаған. Әрқашан оқып, әрқашан сүйсініп еске алып отырған.

Медреседе оқып жүрген кездерінде, жаз болып елге қайтқанда қаладан ала қайтатын кітаптары тағы сол ақындар еңбектері. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған.

Өзі оқымаса да, балаларын оқытып жүрген Құнанбай бір баласы Халиолланы орысша оқытып, Абайды мұсылманша оқытып жүргенде, соңғы баласына Сопы Аллаяр сияқты ақындарды көп оқытып, өзі де тыңдай жүреді. Сол кезде: “Абайдан Ысқақ артық болады”, – дегендерге: “Не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтесіндер ғой”, – дейтін сөзі Абайдың өз есінде қалған екен.

Ескіше оқу тәртібі шынымен “инемен құдық қазғандай” өнімсіз оқу болғанда, Абайдың үш-ақ жыл оқуы сырт көзге аз оқу болса да, өзіне көп жаңалық беріп, көп жаңа дүниенің шетін ашқан сияқты. Алдымен ақындарды көп оқу себепті, Абай араб, парсы тілін сол үш жыл ішінде жақсы біліп шыққан. Мұның белгісі сол заманнан қалған бірен-саран өлеңдерінен білінеді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз араб, парсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб, парсы тілдерімен Физули, Бабырша айтады. Балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын:

Физули, Шәмси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси,
Кожа Хафиз – бу һәммаси,
Медет бер, я шағири, фәрияд –

деп, өзі қадірлеген ескі ақындарының әруағына сиынумен бастайды.

Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, Шығыстағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз.

Абай оқуды тастап, елдің жас бозбаласы, жас жігіті болып жүрген кезінде де осы ақындардан алған үлгі, әсерден түгел айықпай, көкейінде көп сақтап еді. Сол кезде ұнатқан әйеліне өлең жазса, әлгі ретпен кітапшылап жазады.

Әлиф дек ай йүзіңе ғибрат еттім,
Би-балай дәртіңа нисбәт еттім, –

деп, “әліп”, “би”-мен жазған өлеңі, одан соң “Йузи – раушан, көзі – гауһар, лағилдек бет үші әхмәр...” деген өлеңдері жас шағында қиялына қатты әсер етіп, тіл кестесінде өздерінің үлгісіне тартып алған жоғарғы ақындар әсерінен туады.

Абайдың жас күнінен бізге жеткен өлеңдері жоққа тән, тіпті аз ғана. Сондықтан бұл туралы өмірбаянының ішінде ұзақ сөйлеуге орын аздау. Абайдың нағыз ақындық белгісін беріп, өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң басталады. Ол кезде Абай арабшыламақ, парсышыламақты теріс нәрсе деп түсінген.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы “Приходская школаға” түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқу ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Мұсылманша оқуы да доғарылады.

Жасы 13-ке толғанда ерте есейіп, ақыл-сезімі ашыла бастаған, өткір зейінді, ерекше талапты жас шәкіртке аз да болса оқу-тәрбие беретін мектептің есігі жабылады. Қырдан гөрі тәуірірек үлгі беретін қалада болғанда, ақын болатын баланың алған жалғыз ғана нәрлі азығы – шығыс

ақындарын тану, солардың сөздерін ынтасы ауып, сүйіп, көксеу болады.

Осындай дүние есігін енді ғана ашқалы, жаңа ғана саңылау көріп келе жатқан уақытта Абай аздаған біліммен үлкен кісінің өміріне кіріседі. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай ел билеу жұмысына өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды.

Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған нәрсе: ел жұмысында өзіне серік болатын ірі баланың Абайдан қолайлысы болмағандығы. Бала болса да, сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал, қатты сыншы болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген.

Баласын оқыта түспей, асығып алған себеп, жоғарыда Құнанбай өмірі туралы айтқан сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай өзі тұстас рубасылардың қақ жартысын өзіне қарсы тұратын жау қып алады. Қатал мінез, қатты зорлық, үстем мінездерімен жау. Көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізеді. Қарсысына шыққан рубасыларды үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, сондағы ішке байланған мұз аналардың көбінің есінен кетпеген. Құнанбайдың өз істері, өз мінездері бір болса, екінші жағынан, сыртқа да, ішке де әмірі жүріп жуандап алған Құнанбайдың маңайында да талай зорлықшыл, озбыр, сотқар туысқандары болады.

Бұлар Құнанбайдың ұлықтығына мас болып, “пәлен ауылдың жігіті, түген жақсының туысқаны” деген атпен шамасы келгенінше емін-еркін пайдаланған, көп елді мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей берудің үстіне, тіпті Құнанбайдың дос болып жүрген рубасыларын да қажытып алған. Сол Құнанбай қарсысында жүрген адамдар Құнанбайдың өзі ғана емес, жаңағыдай жақыны, өрен-жараны дегеннің барлығына да жауығып, жирене қарайтын болған. Тартыс ретінде өшпендік жөнімен Құнанбайдың жас баласын да өздерінің ертең алысатын жауы есепті біледі. Оны да дұшпан санайды. Осының бір мысалын Абай өзі де айтады екен.

Бір күні жас бала өзен жағасында ойнап жүргенде, анадай жерде келе жатқан Байсал, Бөжей, Түсіпті көреді. Олар

әкесімен араз. Бірақ Абай алдарынан көлденең шығады да, қол қусырып тұрып сәлем береді. Бөжей сәлемін алғанда, Байсал жақтырмай: “Антұрғанның баласының сәлемін алып неғыласың”, – депті. Бөжей тоқтап, баладан: “Бізді көрсен, сәлем бер деген әкеннің үйретіндісі ме, жоқ, өзін бердің бе?” – деп сұрайды. “Үйретінді емес, әдейі сәлем берейін, батаңызды алайын дедім”, – дейді. Байсал сонда тағы да: “Жетпегірдің баласына тағы не бата беруші екі!” – деп жүре бермек болады. Бірақ Бөжей жүрмей, бата берді дейді. Бата-сында: “жалғыз-ақ әкесінің мінезін бермесін” дегенді баса айтқаны Абайдың есінде қалыпты.

Осы бала оқуды тастап, әкесіне көмекке келеді. 13 жастағы Абай әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине, жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап, ептеп бастауына керек. Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің “барып келінде” жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, ұсақ істер туралы келісім жасауға да ерік береді.

Абай жасына жетпей ұлғая бастайды. Балалық белгісін ерте жоғалтып, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбеу, олқы түспеу жағын көп ойлайды. Әкенің билігі, өмір талқысы және араласып жүрген үлкендері болсын, барлығы да Абайды оқудан алыстатып әкетумен тоқтамай, табиғи балалық қалпынан да жырып әкеткен.

Жас күнінен-ақ Абай өмірі әлденеше қиыны-қиыны шиырға түскен. Ішкі балалық дүниесін оңды-солды соққыға алатын, теріс қалыпқа кептейтін ерекше халдерге ұшыраған. Өзінің дене қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң, Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық сияқты өнерінің барлығын еріксіз осы жолға салған. Ел кісісімен араласқанда сөз керек, тапқыштық керек, кезеңді жерге келгенде айла да, ашу да керек. Әрбір көлденең келген істің тұсында өзгелер не сөйлейді, не істейді? Бұрынғы билер не айтып, не істеген? Өз әкесі қайтеді? Оған қарсы адамдар не тәсілде? Осының бәрін Абай ел сөзіне кірісе бастаған соң-ақ тесіле қарап, толық ұғынып, жете білуге тырысады.

Сонымен, балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел, тақпақ, ескі биліктеріне елдің маңдай кісілерімен қатар түскендей білім алады. Бұл уақыттарда қазақтың ескі ақындары, кемел шешендері, жорықшыл батырлары, ерлері болсын, барлығының жайындағы әңгімелер Абайға енді таныс дүние болады. Абай халық қазынасына ынталанады. Халықтың қоғамдық пікіріндегі қайшылықтарды да содан білетін болды. Арызшы, мұңдыларды, зорлық, қорлық көргендерді көп тыңдады. Солардан ұқты. Құнанбай үстемдігіне қарсы әділдік ой ойлауды да сол халықтан үйрене бастайды. Құнанбайға көмекші Абай болмай, өзі үшін көп нәр алып өсіп келе жатқан Абай болады.

Қаладағы оқудан шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға ендігі зор тәрбиеші, ұстаз — қазақтың халық қазынасы болады. Осылайша ел даналығын танып, соны ерте қамту жас талапкерге жаңа зор мектеп болады. Бұл жөніндегі азық-білімді ол әкесінен алмайды, халықтан шыққан шешен, ділмәр ақыннан, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұхар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен естіп, танып, жаттап, тіпті тамашалап өскенін сезуге болады. Әрине, осындай ақындық мұраларымен қатар, мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс, жарыс сияқты өзге де неше алуан сан қазынаны әжеден, анандан, қонақ жолаушылардан көп есітеді. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуан әкімдер зорлығы, қыздың мұңы сияқтыны да көп естіп өседі. Осындай мұраларды сүю Абайдың негізгі іргесін қатал суық билер ортасында қалдырмай, халық мұрасына жақын етіп жүреді. Билер, әміршілер ортасын көріп, қиянаттарын танып, қатты сынап өсуге себеп болады.

Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзінде соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру “жақсы” деген шешендерге көп жайылған салт еді. Абайға да сол парыз сияқты болған. Жас жігіт сол білімді орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтіп сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен боп көріне бастайды. Басында балалығының

арқасында ел сөзіне қорғана кіріскен Абай, аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып, адымын ұлғайта береді. Бірнеше рет жол жүріп, көзі қанған соң елдің “пәлен жақсы, түген жақсы” дегендерінің айла мен еп болмаса, өзге жалпы білімге, ақыл шалымға өзінен соншалық артық емес екенін сезеді. Абайдың өзінен үлкен кісілерден өзін кем санамауына себеп болатын тағы бір нәрсе: мұның оқуы барлығы. Ел кісілерінің көпшілігі Құнанбай сияқты оқымаған адамдар болған уақытта, Абай олардың қасында өзін өзгереді көрген. Надан кісілердің ортасына келіп өлшескенде бұның оқуы дардай көрінген. Бұған халық ескілігі, қазақ фольклорының мол байлығы қосылған соң, Абай өз заманының ішінде өз қайратына сенген өршілдікпен құлаштайды.

Абай бұл кездерде үлкен-кішінің ұтымды, шешен жауап айтқанын тәуір бағалап, дау, талас, тартыс, егесте өзі де сондайды айтып қалуды машық етеді. Бұны ылғи жай сөз түрінде айтпай, кейде өлеңмен айтып жіберетіні де болады. Осы күнге шейін бізде Абайдың сөз байлығын тексерген еңбек жоқ. Бірақ қазақшасын оқыған адамның барлығына Абай тілінің аса бір мол, бай тіл екенін тану қиын емес. Сол байлық – Абайда бала, жігіт күнінен құралып өсіп келген байлық. Және шешендік өзі де тапқырлық пен кестелі сөзден, келісімді, ұтымды ойлардан құралғанда – ақындықтың бір ағайыны. Абай ақындығы оның жас кезінен көп мұралар қалдырмаса, “ол кезде Абай ақын емес еді” деу қате болады. Абай – сол уақытта да ақын. Ақындығын және мол қолданған, күнде сынға салып, күнде безеп отырған ақын. Онысы және өмір құрылысына күнбе-күн, қолма-қол ұштасып отырған ақындық. Ол, бір жағынан, жүйрік шешен, әсем, ұшқыр сөздің ақындығы. Көбінесе қара сөзбен айтылған тапқырлық, алғырлық. Екінші жағынан, әрбір іске, тартысқа арнап, қадап айтқан өлең жарыс, өлеңді суырыпсалма айтыс. Бұны Абай ойында да, шында да көп қолданып жүрген. Бірақ Абай онда өзін “ақынмын” деп санамаған. Өлеңді де дәл өлең түрінде, келелі тартыс үстінде аз қолданып, жәй ойын, қалжың, мысқыл түрінде көбірек айтып тастап жүрген. Әсіресе жігіттікке жеткен шағында қыз-келіншекке арналған сәлем хат, қалжыңды көбінесе

өлеңмен айта беретін болған. Бірақ ол кездегі өлеңнің көбін өзі де ескермей, өзге де көп елемей, барлығы ұмытылып қалған. Есте қалғанының бізде жиылғаны: “әліп-би”-мен жазылған тілек хат. Сонан соң, “Сап, сап, көңілім” деген өлең еді. Ол Сүйіндік қызы Тоғжанға айтылған өлең екен. Бозбалалық шағында Абайдың қатты ынтық болған әйелінің бірі осы қыз. Мұның аулына көктемде бір жолы барып түнеп қалғанда, өз аулымен екі арадағы өзен тасып кетіп, қайда барарын білмей қатты сасады. Қыздың аулы мен өзеннің бұл жағасында отырған елдің бәрі ол күнде Құнанбаймен қатты жауласып тұрған кезі болады. Көзге көрінсе, кем қойса, сабалуды анық. Сөйтіп сасқалақтағанда, Сүйіндік аулының қызметшісі Ербол деген жігіт Абайды бір байталға мінгізіп, өзі өгіз мініп, тасып жатқан өзеннен өткізіп салады. Осы Ерболмен Абай кейін қатты достасып кетеді.

Абай жас жігіт кезінен бері ұлғайып келген уақытына шейін өз басынан махаббаттың көп романдарын кешірген адам. Сонда әсіресе жақсы көрген әйелдері Тоғай бойындағы Нұркен дегеннің қызы болады. Онымен Семейде Тінібай үйінде кездесіп, бір ай бойы барлық өзге істерін ұмытып, жүріп алған уақыттары болған. Сыбан ішінде сондайлық жақсы көріскен әйелі – Сабырбай ақынның қызық Қуандық. Бұл өзі де ақын қыз болған. Абай Аягөзге бір топ кісімен бара жатып, сол қыздың аулына қонады. Абайдың қасында Сүйіндік баласы Асылбек бар екен. Ол – Қуандықтың жездесі. Сол арқылы қалжындасып отырып, ақыры Қуандық пен Абай айтысып кетеді. Бұлардың айтысын Сабырбай үй сыртында тыңдап тұрады.

Ақын Абай ол кездегі қазақтың барлық басқа ақындарының үлгісімен ауызша айтатын, соған машықтанған ақын болады. Тегінде, ақын емес кісі бұрын ақын аты бар жүйріктермен өлеңмен айтыспайды. Ал Абайдың жаңағы ісі оның бір жер емес, талай жерде жеңіл айтысқа батыл кірісе жүргенін дәлелдейді. Шешендік айтыстың қатарында ақындық айтыстың ілесе жүргенін сездіреді. Абай жазушы ақын болған кезінде, бертін уақытта талай ұсақ өлеңін осылайша қолма-қол суырып сала айтатын. “Көкбайға”, “Қыздарға”, “Қара қатынға”, “Масақбайға” деген сияқты

толып жатқан эпиграмма, әзіл өлеңдері жазушы Абай емес, фольклор көлеміндегі Дулат, Шөже сияқты ақын боп жүрген бір кездерін, әсіресе, жастық кездерін анық танытады.

Жаңағы айтылған әйелдер сияқты Абайдың жас күнінде қатты қадірлес болған әйелінің бірі – Мұрын Тананың қызы Тұржан сұлу екен. Бұл кейін Сыбан ішіндегі Быжы деген өзбекке тиіп тұрғанда, Абай әдейілеп барып амандасып қайтып жүрген.

Мінеки, жігіттік шағында осындай көп жастық салтын қолданып, кейде ақындық өнерін ашық шығара жүрген Абай ел келесіне атсалысып, шешендікпен алғыр, жүйрік билікке де ұста болады.

Сонымен, ақыл-ойға, білгіш-сезгіштікке келгенде ерте ержеткен жас жігіт сол уақытта-ақ өз ортасынан иығы асып, оза бастағанын сезгендей болады. Озу ойы толып өсуінен білінеді. Өсуі заманын сынаудан, заманының әмір иесі мықтыларын, жуандарын, әкесі бастаған үстем таптарын сынаудан білінеді. Мәдениет, өнер-білімге кенжелеп, артта қалған ел-жұрты бар. Қыс жұты, жаз індетімен аралас ел шаруасының құтын шашқан барымта шабуыл, бақталастан әлек лаң әкеліп, қалың ел ортасына пәле қып тастап, сол арқылы момын, еңбекші, есесіз көпті жеп жүрген, қанап, тонап, сорлатып жүрген атқамінер шонжар бар. Өздері на-дан, өздері ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын дүлей қараңғы топ. Олар бастаған ел көшінің барар беті қараңғы, екіталай тығырық. Енді жыңғырып өзгеретін за-ман керек, сол заманға қарай халық мұның өз мұңы етіп, адал азаматтық жолымен бастайтын қайраткер керек. Міне, Абай өскенде, ортасынан асқанда, осы сияқты тарихтық, қоғамдық қайшылықтарды терең аңғарып, танып барып өседі. Әке мен сол әкедей бар жуандардан торығып, бөлек жол іздеу қажет деп өседі. Әуелде барлық ақыл-ойын мы-нау ортаны мінеп, шенеп, нәрсіздік, құнсыздығын ашуға жұмсайды. Жалпы ақылмен болжайтын ой-пікірге келген-де, олардың айтып тоқтаған жерінің ар жағынан жаңа өріс, тың жол табамын деп талаптанған.

Олардың “таптым, білдім, шештім” дегеніне сынмен қарап, “жеттім” дегенін қанағат қылмай, өз ойын асырып түсіруге тырысады. Осы әдет Абайдың жігіттік шағындағы

көптен бөлек ерекше мінезі бола бастайды. Бұның дұрыстығын дәлелдеу үшін ел есінде қалған екі-үш мысалды айтайық: Абай ол күндегі “жақсы” дегенде ескі бектік, паңдық, қара күш болмаса, нағыз адамгершілік, шыны талант қасиет аз екенін әшкерелей бастайды. Және, әсіресе бұлардан елдің күйзелуі күшті екенін халықтың сыншылары айтқан сөздерден әбден танып біледі. Ел мұңынан, жұрт жадаулығынан соны таниды. Өз әкесі бір алуан озбыр күш иесі болса, соның қарсысындағы жуандар да ешбір жағынан әбзел әулие емес екенін біледі. Зорлық, пара, бөлекорлық оларда да сықып жатады. Жалғыз-ақ баларақ шағында бұның әкесі өзін бұған танытқанда, “сол елдің телісі, тентегімен алысамын” деп өз жағын дұрыс қып сипаттап еді.

Енді Абай бертін кеп танығанда сол әкесінің достары мен өзіне ең алдымен сын жасайды. Оларды әуелі өздерінің “күштіміз” деген жағынан – жүйрік, шешендік, озғындық жағынан жеңіп, тонамақ боп соқтығады. Өз қайратына сенімді көзбен қарап, өз ойына өзі ие бола бастаған соң-ақ ел ішінде кез келген шешеннің қайсысын болса да әңгіме ішінде бір сөзбен мүдіртіп кетпесе, ырза болмайтын болады.

Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұмсауымен барып, сөйлескендердің барлығына да Абай осы мінезді істей бастаған.

Абайдың жас кезінде Құнанбайдың Көкше ішіндегі тұрғылас дос кісісі Қаратай болған. Көп елдің сынынша – шешен, жүйрік атанған кісі. Сол Қаратай бір күні Абайдың өз құрбы жас жігіттермен жиналып отырған үстіне келіп, жастардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп, ақырында: “Сіздің заманыңызда көрші елдің арасында бір қол кісі болып, жиналып түн қатып жүрмесе, жалғыз-жарым кісі қатынаса алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан, “әне алып кетті, міне алып кетті!” деп, кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Сол заман да жақсы ма?” – дегенде, Қаратай дау айтып келіп: “Менің заманым пайғамбар заманына жақын”, – депті. Бұған қарсы Абай: “Алатаудың басы күнге жақын, бірақ

басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Рақым, жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға Әзірет Әлінің әкесінен жақын емессіз, ол кәпір болған”, – депті.

Осы сөзді Қаратай Құнанбайға келіп айтқан соң, әкесі Абай келгенде әдеттегі қаттылық, суықтығына салып, көп сөз айтып ұрсыпты. Абай үндемей тыңдап алып, сыртқа шығады. Сонда Қаратай келіп: “Бала, қалай, қайсымыз жақсы екенбіз?” – дегенде, Абай: “Бәсе, қайсымыз жақсы екенбіз? Біздің тобымыздың ортамызға жалғыз өзің келіп, ойдағыңның бәрін айтқанда, құп тыңдағаннан басқамыз жоқ еді. Сендердің ортаңа келсек, қыруар жанды жалғыз шалың ауызға ұрып сөйлетпейді”, – депті. Осы қағысудың тұсында әке заманы мен бала заманының айырмасы ғана айтылып отырған жоқ. Екі буынның біріне-бірі қарсы көзқарастары да танылады. Ел мен елді атыстырып, шабыстырған, бұрынғы пәле басы “басшы” болыстарды сынаған, жақтырмаған сарыны бар. Қалың ел мұңына, ел тілегіне өзі жақын болуға талпынып, “сол ел тілегіне бейім болсаң, жақсысың, болмаса, өзің де жақсы емессің, өзің билеп қалыптаған заманың да жақсы емес” деген саналы жастың, жана адамның аңғары сезіледі. Осылайша бірін сынаудан бастап өз уақытындағы, өзінің ар жағындағы үлкен жүйрік дегеннің әрқайсысына да ұрынып қалып отырады. Бәрінің де шама-шарқын сынап алып отырады.

Жаңағы сияқты біраз сөзбен Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса – Құнанбай тұрғылас адам. Өз ортасының шешен, жүйрік деген адамының маңдай бірі. Бір жылы Семейде Мұса Құнанбаймен бір мәжілісте отырғанда (тегі, Құнанбайдың сұрауымен болса керек), үйдегі балаларының атын атап, Сәдуақас деген баласы барлығын айтады. Сонда Абай: “Бір адамға екі бірдей адамның атын қояды екен! Ол Сағид бин Уақас деген әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?” – депті.

Осыдан Мұса Абайдың тілін еске алып қалса керек. Екінші бір жерде, бірталай кісінің мәжілісінде Абай кіршіме ішіп отырғанда, Мұса үстіне келіпті. Отырған жұртпен бірге

Абай Мұсаны мәжіліске кіруге шақырғанда, ол: “Жоқ, бұл нәрсенің аты кіршіме, тегі ноғайдың “кіршімә” деген сөзінен болса керек. Сондықтан кіріспегенімді мақұл көремін”, – депті. Бұл сөзге Абай: “Менің ойымша, ең әуелі бұл сөз ноғайдың тілі емес, парсының “гәршама” – “шамаңа қарай” деген сөзінен болуға қисынды. Екінші – әрбір нәрсенің “ісіміне” қарай жисмінін ала ма, жисміне қарай ісмін ала ма? “Алма” деген жемістің аты, сол атына қарап алмайсыз ба?” – депті.

Осы сияқты жұрттың “тапқыр” деген кісілерінің құр атағына жығылмайтын, бойсұнбайтын ізденгіш, өр мінезді қасиетін Абай оқта-текте өз әкесіне де білдіріп жүрген. Бұл туралы мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай әлденеше оқталып, бір нәрсе айтқысы келіп киліге беріпті. Сонда Құнанбай: “Тек отыр!” – деп тоқтатып тастайды. Артынан ел арылып, жиыннан қайтып келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық айтады. “Маған біткен саған да біткен екен. Алдыма кісі түсірмеймін деуші едім. Шіркін, Қаратай-ай, Бөжеймен де сол араз ғып еді, сені осыған баулыған да сол ғой”, – депті. Абай көп көзінше әкесімен таласқан кінәсін мойнына алады. Содан кейін Құнанбай:

“Кезі келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын. Ең әуелі – сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің. Жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге қадірің болмайды. Екінші: көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайтын, желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес! Үшінші мінің – орысшылсың”, – депті. Осыған Абай: “Қолыңда құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да қойшы-қоланды, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін. Екінші сөзге – қазақ ескі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы “айт!” десе өргізіп, “шәйт!” десе жусататын заман болған. Одан бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап “шөк!” деп дыбыстаған уақытында аңырайып тұрып

барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы тәрізді болды. Мұны ақ қар, көк мұзда қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Еңбек сіңірген адам ғана ие боп, басшы бола алады. Орысшылсың дегенге: “Егер өнер-білімді үйренуден қашсақ, ол – надандық болар, жақсылық болмас. Мен өнер-білімі үшін орысшылмын”, – депті. Әкесімен осы айтысқан сөзі Абайдың бұрынғы жуандардан біржолата бөлекше, өзгеше зор програмын көрсетеді. Алдымен әкесінен өзгеше болмақ. Бұдан халық мұңын ойлаған, халыққа адал еңбек етем, сонымен халық көпшілігімен қабыса “табысам” деген тілек танылады. Осы сөздің артынан ол өзі тұстас рубасының жаңағы әкелерге ұқсаған, солар ортасына ұқсаған мінез-әрекеттерімен алысуға бекінеді. Ең алдымен әкенің ырқынан шығады. Өзін: “елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын” деп есептейді. Бұл жөнінде ол өз алдында осындай ниетпен шыққан басшыны көрген жоқ еді. Өзі тұстастың бәрі де ескіше жуан болатын. Сол ортадан үнемі етекбастыны, үнемі кара күштің қарсылығын көрумен күн кешеді. Бірақ олардың кәрісіне де, жасына да бойсұнбайды, ірге бермейді.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?..
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқын? –

деп, кейін айтатын ызалы, сыншы өлеңдерінің түп-тамыры осы жаңағы айтылған жайда жатады. Сондайды ойлап, ол ортаны менсінбей, алысумен кетеді. Кейде надандықтарын мазақ етеді.

Жаңағы сияқты мінездің белгісін Қаракесек Алшынбайға да көрсетіпті. Абай Алшынбай аулының күйеуі болады. Үлкен әйелі Ділдә – сол Алшынбайдың немере қызы. Ділдәні алғаннан кейін Абай Алшынбайға сәлем бере, амандаса барады. Қайтарда қайыны әдет бойынша “қалаған, сұрағаны бар ма?” деседі. Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенін айтады. Мұны

Алшынбай бере алмай, “батамды алсын!” дейді. Абай: “Ондай батасын сатқан шал өзімде де бар”, – деп, Алшынбайға бармай кетіпті. Өз тұсындағы рубасыларымен кездескенде жас Абайдың қолданатын мінезі осы сияқты. Ол көпшілігін менсінбейді, місе қылмайды.

Абай жаңағыдай өз талабын алға қойып шыққан кезде жалғыз Тобықты ішінде ғана емес, бүкіл қазақ даласының барлығында штат-партия таластарынан туатын алыс-жұлыс өте көп еді. Оның түбі патшалық саясатының рубасылары ортасына әдейілеп егіп тұратын әрекеттік айналыстан болатын. Неғұрлым тартыс күшті болса, соғұрлым даланың ісі рубасылар арқылы қалаға кеп сарқатын. Әмір иесі болам дегендер дала мен қалада бірдей алысатын.

Патша үкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары бұрын аға сұлтан, беріде болыс, би, елубасы, старшын деген ортаның өзі де өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абайдың бертінде жазған: “Болыс болдым, мінеки”, “Болды да партия”, “Бөтен елде бар болса”, “Қалың елім, қазағым” деген сияқты көптен-көп өлеңдеріне көз салып, ойлап қарасақ, сол ортаның жиренішті, құнарсыз сурет, мінездерін, әдет-машықтарын анық танытады. Патшалықтың паракор ұлық-жандарал, ояз, начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмаштарына табынған жаңағы атқамінерлер – қоғамдық тірлікті лайлаған неше алуан мін мен дертке толы еді.

Бұл күй, бұл қалып бір ғана Абай көріп жүрген Тобықты ішіндегі қалып емес. Қазақ сахарасының барлығын басқан бір тұманды түнектей қалың дерт еді. Ол патшаның отаршылық саясатынан туған күй болатын. Патшалықтың ел ішіндегі өкілі, әкімі, сүйеніші бай жуаннан шыққан болыс, би, елубасылар еді. Олар үшін рушылдықты, ескі түрдегі тәртіпті сақтап, сол арқылы еңбек елін қанау, саяси түрде құлдану қажет еді. Қазақ сияқты Ресейдегі көп бұратана елді билеуде патшалық өкіметінің өзі де жаңағы рушылдық, ескішілдік қалыпты нық сақтап отырды. Бұл өлкелерде өмір өркендесін, мәдениет дамысын деген ой онда мүлде жоқ еді. Қайта жаңағы ескіліктің кертартпа құрылысын өз керегіне пайдалана жүріп, соны мыңғытпай сақтап отырды. Сондықтан да болыстық, старшындық билік үшін ел жуан-

дары кырқысса, соны патшалық ұлықтары әдейі қоздыра түсетін. Бұл тек саясаттың ғана тәсілі емес, сол күндегі Россия буржуазиясының пайдасы үшін де керек еді. Ленин XIX ғасырдың соңғы 25 жылының ішінде Ресей буржуазиясы Россияның шығыстағы отарларына неліктен ынтығып ұмтылып жүрген себебін айта кеп: “Ол жақта сауданың “талау табысы” әлі де бірнеше жүз процент пайда кіргізуші еді”, – дейді.

Осындай неше алуан қанау, талау ауыртпалық боп орнағанда, қалың момын еңбек елінің басына орнайтын. Болыс сайлауының лаңынан басқа, патшалықтың алым-салығы, парақор жемір болыс, бидің “қарашығыны” – барлығы және де байға, барға мол түспей, түңлік басы деп жоқ-жітікке, жарлы-жалшыға түсетін.

Жалаңқая жат мінез жау алады,
Бермей жүрсен, мен сені жек көрем деп...
Жүз караға екі жүз аларман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.

Абай сөздері сол жаңағы халықты жан-жақтан тұттай тонап жатқан алғыр обырлар мінезінен туған еді. Кертартпа ескі қалыптар қалдықтарының сақталуы “қанау мен деспотизмге (шексіз әмір зорлығына) ерекше кең, еркін жағдай жасайды” – деп Энгельс айтқан сөз, сол күндегі қазақ тіршілігіндегі шындыққа өте дәл еді. Рубасылар, болыс, билер, бір жағынан, патшалықтың заңындағы өздеріне пайдалы жақтарын, өз үстемдігін күшейту, нығайту үшін берік ұстанып, сол арқылы мал, сома, байлығы ғана емес, басқа да көп жем айыратын. Жаксы қыстау, ен жайлау, мол су сияқтыларды өз басына, өз атасына қаратып, талай момын көпшіліктің жерін алып, жермен бірге күн көргішін, еркін алып жүретін қу пысық, сұм-сұрқия көп еді.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін кармап, –

деген сөздер осындай содыр-сойқандылардың істерінен туатын.

Бұл халдер бар қазақ жерінде болғанда, сол кездегі Ресейдегі капитализмнің өсу салдарынан және Қазақстанды капиталистік қатынасқа тарту салдарынан да пайда болатын. Осы уақытта сахарда натуралдық шаруаның іргесі әлсіреп келе жатты. Соның бәрі кеп қазақ қауымында қоғамдық жіктердің неше алуан қайшылықтарымен айқындап шыға бастауына себеп болды. Енді патшалықтан, Ресейден шыққан қанаушы мен қазақ ішіндегі бай-болыстан шыққан қанаушының бәрі бір топ екенін айыратын күн жақындап кеп еді. Сонымен қатар орыс халқының ішіндегі қаналған қалың бұқара мен қазақ ішіндегі еңбек елінің тарихи тағдыры бір екенін ұғатын, танитын заман да тақап қалып еді. Осыны алдымен өздері аңғару, сонан соң халықтарға аңғарту әр елден шыққан халық қамқоры болған адал азамат борышы болатын мезгіл туып еді.

Міне, Абайды әкелер жолынан, ел жуаны бәрінің мінезінен, ісінен жирентіп, оларға қарсы алысушы, әшкерелеуші етіп шығаратын тарихи терең себеп осында болатын. Абайдың алдындағы Шоқан, Алтынсарин халқы үшін жаңа, тың жол іздеуге беттеткен себептер де осы еді. Кейін Абайды да алысқа құлаш сермететін тарихи қоғамдық басшы ойлар осыдан туған. Бірақ жас Абай әуелі осы ойларын туғызып, осы қорытындыларын тұтатып, қайшылық, ерсіліктерді көрумен, солармен алысумен жүрді. Алысқанда ел сорына себеп боп жүрген болыс, би, партия басы күмен, сұммен алысты. Олар болса, патшалық тәртібі бар жағдайын неше алуан сұмдық, залым азғындық түрінде пайдаланумен жүрді. Көбінше елді бір алдап, арбап, ұлықтың да олақтығы болса, оны да зор айралы аярлықпен пайдаланды. Әсіресе патша ұлықтарының өзімен жемтікес болғандары солардың қазақ ішіндегі ерекшелік, қиын шытырман жағдайларды жете білмейтінімен пайдаланатын. Ең әуелі патшалық заңоны, сот, әкімшілік орындары қазақ ішіндегі атқамінер ортасының айла-тәсілі, салт-індетінен түк білмейтін. Бұлар мойындарына құрық түсірмейтін қашаған сияқты боп, олақ заңонды олай да, бұлай да алдайтын. Сондағы

көп атқамінерге машық болған бір мінез өтірік арыз болатын. Өштескен адамынан, ең алдымен ауылда кара күшпен, қолмен есе алуға тырысатын, ол болмаса, жауын мықтап жоймақ болса, ұлыққа шабады. Онда: “кісі өлтірді”, “ауыл шапты”, “жер өртеді”, “патшаны жамандады” деген неше алуан жалалар ойлап табу, сол үшін сот алдында жан беру, өтірік куәлар салу – жиі кездесетін іс болатын. Немесе, бір жағынан, жаңағыдай арыз беріп, жала жауып қойып, артынан қыр жөнімен табысып, татуласып алып, сол жауын қайта барып сот алдында жаңадан қиялап өздері ақтау, бұрынғы айтқанын қайтару сияқты әдеттер де толып жатады. Өздері паракор, қолдарына ұры ұстағыш, өтірікке мөр басқыш, приговор бергіш би, старшын, елубасылары да сансыз көп болатын. Ұлықпенен жемтіктес болып, парамен “ақты” кара, “қараны” ақдегізе алатын айлакер де мол еді. Сөйтіп, ол күндердің арыз, тартыстарын тексергенде, кім кінәлі, кім ақтан күйген екенін айыру тіпті қиын болатын. Көбінесе кінәлі жаза шекпей, кінәсіздер ақтай күйетін халдер де аса көп еді. Әсіресе ел жуандарының тартысы момын елге, көпшілікке сор болушы еді. Ел жуандарының тартысы, олардың өзі емес, ел шығынымен, ел бейнетімен бітуші еді. Абай ел ісіне араласқанда өз әкесі мен әке достарының бұның басына қалдырған ауыртпалығы зәрдей болды. Бірақ сол зәрді іше жүре әділетсіздікті, қиянатты таныды. Жуандар, Құнанбайлар ортасы ел қамы емес, ел сорына біткен озбыр қиянатшылар ортасы екенін таныды. Соны жоғарыда әкесімен айтысқан жерде анық білдіреді. Енді сол ортаның залалды мінездерімен алысып, еліне тым құрыса сонысымен пайдалы азамат болғысы келеді. Бірақ бұның ол жолына ел жуаны жау. Олар Абайдың өзін де бұрынғы өтірік пәле-жала жабумен жарға жықпақ болады. Солардан бас қорғау ретінде және, бір жағынан, жаманын жазалаймын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысатын болды.

Осындайдан туатын талас-тартыс, жаулықтың екінші бір саласы үйез, жандаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп шағым пішінінде болады. Ел ішінде Абай өз бетімен жүре бастаған соң, аз уақытта-ақ талас-тартыстың кіндігі калаға қарай ауысады.

Сонымен, 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партия басы жалақорлардың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кеңселеріне түсе береді. Абай бұған орай ешкімді де шақпайды. Бірақ арыздар бойынша мұны жазаламақ болған ұлық 1872–1873 жылдың қысында оны қалаға шақыртады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3-4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып, тергеуден-тергеу болса да, Абай бірде-біріне жығылмай ағарып, аман шығады. Біздің қолымызда Абайдың осы жолы тергелген істері қандай-қандай екені туралы дәл дерек жоқ. Бірақ кейін Абайдың өмірбаянын толықтырып түгел тексеремін деген кісі осы жұмыстарды түгел қарастырып, танысу өте қажет болады. Сол тергеулердің тұсында Абай ұлық атаулының талайын көріп, барлығымен де әлденеше халде кездескен болады. Ұлық алдында жұмысты болу, бір ғана ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сияқтылармен де кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-зақұн дегендерді білдіру керек. Әрине, осымен қатар орыс тілін білу, дүниені басқаша, жаңаша тану Абайға жаңа міндет сияқтанады.

Қыр тартысын ұлық пен закон шеңберіне қай жағынан әкеп сыйғызуға болады? Ұлықпен қалай арбасуға болады? Осының бәрі Абайдың түгел ұғынып, толық білуіне қажет нәрселер сияқты көрінеді. Ел ортасында жетер өріс, алар нәр болса, бәрін таныған, баураған Абай өзінің ойшыл, жүйрік сыншы ақылымен енді бұрынғыға қанағат етпей, ілгері қарай дамуды, жаңа азық, нәр табуды талап етеді. Алыс үшін, ұлық үшін емес, білім-тәлім, тәрбие көксейді. Білсем, жетсем деген зор тілек, үлкен талап пайда болады. Бұл үшін орыстың тілін білу керек. Оқу, зерттеу, іздену керек.

Сонымен, алғаш рет орыстың тілін іздеп, оқу-білімін барынша құмартып көңіл бөлуді осы кезден бастайды. Бұл уақытқа шейін Абайдың барлық орысша оқуы үш-ақ айлық сабақпен біткен. Әрине, ол білім кейінгі күндерге Абайға азық болды деп айтуға болмайды. Орысша жағынан іздену

жанағы істің тұсында сол 27-28 жасынан басталады. Бірақ алғашқы жылдардағы оқуы үнемі салынып іздеген іс емес. Қалада болған уақытта оқта-текте қарастырады.

1872—1873 жылдың қысы жанағыдай боп өтсе де, Абай ел жұмысынан босай алмайды. Құр тергеуге ілдіргені болмаса, жаулары да жеңе алмаған. Бұрын дос тұтып жүрген ел әлі де болса мұның қасында қалған. Бұл уақыттарда Абай қыр жұмысын әкесінің нұсқауымен жүргізбейді. Өз жанынан жаналықтар тауып, өзі сүйген жолдарын қолдана бастайды. Абай әкесі қолданған, бұрынғы қара күш орнына зорлықтың ешбірін де қолданбайды. Жоғарыда әкесі тапқан мін көбінесе осы жағынан болу керек. Патшалық күшін Құнанбай қолданса да, сонымен қатар қыр жолымен өз күшімен қол қимылын жұмсау да аса көп болған. Мысал үшін Қодарды өлтіруін еске алсақ та болады.

Абай 29 жасқа толғанында, ұлыққа жақпай, қол қимыл жасамай, тек өзінің елге достық әділетшіл мінезінен халыққа жағады. Қарсысындағы рубасыларды ең алғашқы рет емін-еркін басып, жеңіп шығады.

Абай осы кезге дейін өзінің ақын екенін білсін-білмесін, бірақ өз басына ақындық іс екен, жол екен, уақыт бөліп, еңбек қылатын кең өріс екен деп білмеген. Тегінде, Абайдың жас шағында айтқан ірі өлеңдері көп болмау керек, ұсақ жағы көп. Оны да қағазға жазбай, орайы келген жерлерде қалжың сөз ретінде ауызша айта салып, артынан өзі де ескермей ұмытылып қала берген. Сөйтсе де, қолға түскен бірен-саранының айтылған себептерін қарасақ: көпшілігі біреуді қалжың қылған, мысқыл, мазақ аралас өлеңдер. Бұларының бәрі де өлең қылған кісінің көзіне қалжындап, күліп айтқан сөз сияқты. Абайдың ерте баста айта бастаған өлеңі осы тәрізденеді. Екінші түрлі өлеңдері — қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат өлеңдер, ол жайын жоғарыда айттық. Одан соң жігіт күнінде Сүйіндіктің қызына құмар болып, “Ақ етің аппақ екен атқан тандай” деген бір өлеңі болса керек. Бірақ ол өлеңін түгел білетін кісі кездеспеді.

Күлкі мен қалжың қылып айтатын өлеңді Абай бала күнінен бастаған. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты

деген бір ауыз өлең бұған дәлел. Сол уақытта-ақ мінегіш, мысқылшыл кішкене Абай болашақ үлкен сатирик Абайды танытқандай. Кейін айтатын қалжың өлеңнің барлығы да осы бетпен өседі.

Осымен әр жылда, әр жерде, кейде ұзақтау болса, кейде бірер ауыз ғана өлеңдер айта жүріп, Абай жаңағы ел жуандарын жеңген жылдарға келеді. Бұл уақытта бір деген басшы кісі атанып, айтқаны кімге болса да бұлды боларлық дәрежеге жетеді. Болыс болып басқалар жүрсе де, Абай елдің ішіндегі әділдікті, тура жолды бағатын кісі болады. Шын ел қамқоры болған, адамгершілік тұтқасы Абай болады. Дос атаулы да Абай басына үйіріледі. Ел ортасының дау-шарын, билік съезін түгелімен өзі атқарып, өзі басқарады.

Осылайша сырт жағынан қарағанда біраз тыныштық сияқтанған халмен тіршілік еткен кезінде Абай өзге әмірші биден өзінің өзгешелік негізін таныта бастайды. Бұрынғы атқамінердің паракорлық, өз жағына бұрғыштық, әділсіздік мінездерінің бәрінен аулақ. Барынша әділ, әсіресе момын бұқараға дос, зорлықшыл пәлеқорға қас, шыншыл болуға тырысады. Өз заманына бұл жағынан үлгі, ұстаз болғысы келеді. Осымен қатар енді жыл санап ілім-білім өрісін табуға беттейді.

Жасы отыздан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білімін есіне түсіріп, орыс тілін мықтап оқиды. Қалада жатып едәуір тіл білген соң, енді көп нәрлі кітаптар оқуға кіріседі. Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды тек кітап алады. Кітапты тәртіппен, ретпен оқымаса да, пәлен жақсы, түген жақсы дегендердің сөздеріне, бірі артынан біріне ауысып, құмарланып қадалып оқи береді. Әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін Семейде қысқы айларда ұзақ жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп, қармана бастайды.

Осымен 35-36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1880 жылдарда Петербордан айдалып келген төңкерісшіл, халықшыл Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис ол кезде жас. Петербор университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған

екен, атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі. Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады. Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, тату адамдардың халіне жетеді.

Михаэлис осы барғаннан Семей облысынан қайта алмай, қырық жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып, артынан Өскемен қаласын мекен еткен. Міне, осы уақыттардың барлығында, алғашқы рет таныс болып алған соң Абаймен ұдайы кездесіп немесе хатпен хабарласып тұрған. Бертін келе Абайдың аулына қонаққа да барады. Аздан соң Михаэлис арқылы Абай 80-жылдары айдалған басқа халықшылдармен детанысқан. Соның ішінде халықшыл адвокат Гросс, жас доктор Долгополов сияқтылар болған. Гросс айдалып келген соң, қазақтың ескі жобасы бойынша айтылатын билік-кесім сияқты, ескі әдет заңдарын жиып қарастыруға салынған. Сонымен бұ да Абаймен араласып, қырға шығып, 3-4 айдай Абайдың аулында жатып қайтқан. Кейінірек уақытта Абайдың аулына Долгополов та келіп, қонақ болып жатып жүреді. Сол 80-жылдарда айдалып келген тағы бір білгір адам Леонтьев те Абайдың досы болады.

Абайдың қазақтан басқа өзге ел адамдарымен танысуы жалғыз бұл аталған кісілермен бітпейді. Патшалық үкіметімен алысып, қаторгіге айдалып, Сібірден қашқан Кавказ адамдарының да бірнешеуі Абайды тапқаны бар. Бұлардың ішінде Шамильдің баласы, Тәштемірдің баласы деген адамдардың Абай қолына келіп, ат мініп, пұл алып кетіп жүргендері болған. Таштемірдің баласын бір жыл бойы қонақ етіп, күтіп аттандырған деседі. Қазан татарынан шығып, солдаттан қашып, ел ішіне келген Ғабитхан, Кішкене молда деген кісілер елде Абайдың туысқаны сияқты болып, қазақтан қатын алып, біржола қазақ боп тұрып қалғаны да бар. Патшалық үкіметі бұл жөндерде Абайға қырын қарап, аулына бірнеше рет тінту шығартқан. Ал Долгополовтар шыққанда жасырын полиция арқылы қырда астыртын надзор жасатып қойғаны да бар. Бұл жай – соңғы жылдар Семей архивінен табылған

“Долгополов ісі” деген істен әбден анық, айқын. Абай өзіне білім берер, жаңалық айтар дос іздеген уақытта чиновник, төреден іздемей, бертін келе ылғи жаңағыдай адамдарды дос тұтады. Соларды қадірлейді. Солар арқылы өз мағлұматын зорайтып, осылар ұсынған кітаптарды оқиды. Бұл жәй Абайдың өздігінен оқып өсу жағында өзгеше жақсы жағдай болады. Керекті, дұрыс өнімді бағытпен барып, Еуропа мәдениетінің ең қымбат қазыналарына қол артуына себепші болады.

Осындай өзгеше достардың барлығының ішінде ең алдымен таныс болып, Абайға алдымен әсер еткен кісі – Михаэлис. Оның істеген еңбегі көп болғандықтан, Абай кейінгі уақыттарда: “Дүниеге көзімді ашқан кісі – Михаэлис”, – деп, алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандағы үшін өмір бойы алғыс айтып кеткен. Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған), әр тарау жолдардан мағлұматты болған мәдениетті адам. Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен ұстаз есебінде бағыт берген.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз, ретсіз оқып жүрген Абай, ендігі оқуын Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, философия, табиғат ғылымдары, әлеуметшілік жайындағы кітаптарға шейін тарау-тарауымен, жоспармен оқитын болған. Осы бетпен орыстың белгілі ақын, жазушыларынан Пушкин, Лермонтов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Писарев; Еуропа ақындарынан Гете, Байрон; фәлсафашыл, табиғатшыл білгіштерден Спенсер, Спиноза, Луис, Дарвин; тарихшыларынан Дрепер сияқты талайларды оқыған.

Алғашқы кездерде оқығандарының көбі орыстың көркем әдебиеті мен сыны болу керек. Көп заманға шейін қалада жатып, кейінірек талай кітаптарды қырға да алып шығып, елде де қарастыратын болады. Әдебиет тұсында жалғыз орыс жазушыларымен тоқтамай, Еуропаның көпке жайылған романшыларын да оқыған.

Әрі-беріден соң кітаптарды өзі оқуымен қанағат қылмай, маңайындағыларға әңгіме қылып, айтып от-

ыруды әдет қыла бастайды. Сол 35-40 жастың арасында өзі кітап қарастыра бастағанымен қатар, екінші баласы Әбдірахманды Семей қаласындағы уездік шkolға оқуға береді. Бұл баласы кейін өндіріп, ұзақ оқып кетеді. Артынан біраз жылдан соң үшінші баласы Мағауияны да, әйел баласы Күлбәданды да әкеліп орыс школына береді.

Абай енді Семей қаласының үйез, жандарал, судьялар сияқты құр төрелікке мәз болған ұлықтарынан мүлде басқаша адамдарды тапты. Олар патшалық өкіметінің Сібірге, Қазақстанға жер аударған көп төңкерісшілері болатын. Қазақстанның батыс жағына Шевченко айдалып келгенде, Омбы сияқты қалаға, орыс халқының атақты жазушысы Ф.М. Достоевский бастаған талай төңкерісшілер келген. Бұлардың ішінде Буташевич-Петрашевскийдің өзі, Дуров сияқты ірі адамдар болған. Төңкерісшіл демократтардан Чернышевскийдің талай серіктері болып еді. Абаймен жақындасып, достасқан Мухаэлис, Долгополовтар осы соңғы топтан шыққан адамдар болатын. Орыс халқының осылар сияқты адал, халықшыл ұлдарының бәрінің жүрегінде патшалыққа деген өштік пен жиреніш аса күшті еді. Каторгада, айдауда, еріксіз солдаттықта жүрген күндерінің бәрінде де олар орыстың қалың бұқарасы қара шаруасының құлдық, қорлық халін патшалыққа кешпейтін. Сонымен қатар Сібірде, Қазақстанда патшалық езіп жүрген барлық бұратана елдерге де үлкен достықпен, зор бауырмалдықпен қараушы еді. Чернышевский болса, Ресей патшалығындағы сияқты дүние жүзіндегі қанауға, құлдық, зорлыққа қаны қас болғандықтан, поляк халқының патшаға қарсы алысуына тілеулес болғанындай, Америка халқының азаттық күресіне көп көңіл бөлген, ондағы негрлердің көтерілісі болса екен деп те тілеген адам еді. Өз айналасындағы дос серігінің көбін патшалықпен қиян-кескі тартысқа, қолмақол алысқа әзірлеп тәрбиелеген.

Патшалықты құлатып, көзін жоюды өздерінің төңкерістік арманы, жолы етіп алған, сол үшін, ел, Отаны үшін өз бастарын, өз күштерін ортаға салған орыс халқының адал ұлдары бұл кезде көп еді. Соның бәрінің анық

ұғынған, анық байлаған бір жолы патшалықпен алысқанда Ресейдегі езілген, бұратана халықтар мен орыс халқын бір-біріне дос етіп, күштерін біріктіру шарт дейтін. Ол төңкерісшілер қазақ даласын қараңғылықта ұстаған, орыс халқымен жаулықта ұстауға тырысқан, орыс мәдениетінен жырақтатып ұстаған саясатқа да қарсы алысқан. Сондықтан орыс халқының шын адал ұлы, өкілі болған, патшалықтан жиренумен өткен ой алыптары Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Чернышевскийлермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс етеді. Ол халықтардан шыққан ел қамқоры саналы ұлдарының, азаматының бәрін жаңағы жазушылардың еңбектерімен таныс ету айдаудағы төңкерісшіл демократтардың саяси үлкен жолының бірі болды. Абайға жолығып, онымен дос болған Михаэлистер ол күнде өздері жеке бастары Ресейде данқы шыққан кісілер болмаса да Абай сияқты кісілерге ала келген ой-пікірлерімен, ұлы бағыттарымен аса зор тарихи істерді бастаған, ардақты өкілдер еді. Орыс халқының шын елдік жүрегін танытатын, қазақ сахарасы үшін игілік әкелген өкілдер. Бұлармен Абай достығында осындайлық тарихи терең мағыналар болатын. Ендеше, сол күнде осылар ниетіне ниет қосып, еңбегіне еңбек жалғап, орыс халқының мәдениетіне өз елі, өз жырымен, әлеуметтік еңбегімен, ұстаздық тәрбиесімен бастаған Абай бір қазақ халқы үшін емес, бүтін Ресейдегі халықшыл, төңкерісшіл демократтық қозғалыста да зор еңбек еткен адам болуға беттеген, Михаэлистер достығы бір Абай емес, сол арқылы бүкіл қазақ сахарасына арналған достық боп ұлғайды. Сондықтан да Абай оларды бір тапқан соң қайта қол үзбейді. Солар арқылы өзін-өзі тәрбиелеп, білім арттырып, қоғамда тарихтық жолын ұзақ өріске қарай ұлғайтып алып кетеді. Ұлықтардан білімді, ой-санасы сонауғұрлым жоғары тұрған Михаэлис, Гросс сияқты зор білімді кісілердің мәжілістерінде болып, өзі де ғылым зертей бастайды. Абайға жаңа жарық дүниенің шеті енді анық, кең ашылғандай болады. Сонымен, 1884—1885 жылдары, жасы қырыққа таман ілінгенде, Абай дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Әр нәрсе туралы, ғылым-философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар,

әншейін, ел кісілерінен сонағұрлым қырағы, озғын кісі болып, жекеленіп шыға бастайды.

Бұдан кейін Абай елге де “жақсы” дегеннің бәрінен білімі, ақылы, сөзі мен өнері артық кісі болып таныла бастайды. Көптің ұғынып жүрген құр сөз “жақсысы” емес, Абай ең алдымен білгіш, кемел, шешен, жүйрік болып санала бастайды.

Енді өз еліндегі “шешенмін, жүйрікпін” дегендермен кейде келісіп, кейде келіспей жүрсе де, сырт елдердің сөз ұғарлық тәуір деген кісілері Абайдың атағын көп естіп, әңгіме мәжілісіне құмар бола бастайды. Бұлардың ішінде өз уақытындағы әр алуан қоғамдық, шаруашылық жаңалықтарға бойсұнып ойыса бастаған адамдар да бар еді. Абай, тегінде, білім алып, өзге бұрынғы ескі үлгідегі рубасыдан басқаша болғанда, сол ортаның өзін де өзгертіп, түзеткісі келеді. Елге пәле әкелуші емес, қоғамына пайдалы еңбек етерлік адамдар шығарғысы келеді. Мәдениетке ие болсын деп тырысады. Осындай бағытын ұғар-ау деген адамдарды өз елінен де, басқа елден де тапқысы келеді. Өзіне қосарға алуға тырысады.

Сонымен, көбінің өз тілектері бойынша Абай жақын болып, кейбірімен сыйлас, тамыр, дос болады. Жалғыз Семей үйезі емес, Қарқаралы, Өскемен, Аягөз айналасының жақсы деген адамдарымен де жақындық таба бастайды. Абайдың атағы мен дәрежесі Тобықты емес, сан Тобықтыдай елдерге жетеді. Бұрынғы шешендік, зеректік, сыншылдықтың үстіне еуропаша жақсы сенімді құрал тауып алған соң, Абаймен қай елдің мақтаған “жүйріктері”, атақты шешендері болса да тіресіп сөйлесіп, пікір таластыруға жарамайтын болып қалады. Қай-қайсысы болса да, сыртқы даңқы зор болғанмен, Абайға келіп кездескенде дүниені болжар білімі, шалымы жоқ болғандықтан, Абайдың қасында білгіштің қасындағы наданның халінде қалып отырады.

Сонымен, Семей қаласында болсын, басқа дуандарда болсын, бірнеше үйез елдердің болыс, билері бас қосқан үлкен съездерде Абай өзімен толық тең түсіп, толық мәжілістес болатын қазақ кісісін көре алмаған. Бір Тобықты емес, өз тұсындағы қазақтың қайсысынан бол-

са да өзінің сонауғұрлым озып кеткендігін сезген. Осыны сезіп, ұғынуының арты, қазақ еліне әмір жүргізуші жуанның барлық жай-күйіне бұрынғыдан да өткір, қатты сынмен қарауды күшейтеді. Ел жайына, ел ортасындағы өз жайына болса да қанағат қылмайтын, заманынан озғын ойларды ойлай бастайды.

Абай енді тентек-тебіз, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сияқты теріс мінездердің барлығы атқамінер тобына түгел жайылған мін екенін көреді. Сол терістіктерді түзететін қатал тез болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық санасы бар-ау деген кісілерге өсиет, ақыл айтып, ұстаз бола бастайды.

Сонымен, 40 жасқа толған Абай енді өз ортасының ақылды, ақылшы басшысы болады. Осы соңғы мақсатқа қарай ауысуына кітап жүзінен алған пікір, тәрбиесі және қосымша себеп болады. Сонымен қатар ауысып, өзгеріп келе жатқан заман жайындағы өзінің ойлаған ойы, жаңа бағыт түсініктері әсіресе себеп болады. Өз айтуынша, “отыздың ішінен бастап Еуропа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгеріп, “Күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс болып кетті”, – дейді. Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан соның ағымына ақыл-оймен терең бойлайтын әдеттер табады. Мәселен, Будданың жайын оқып шыққанның артынан: “Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау!” – деген сөзі, не болмаса өмір бойы Лермонтовты сүйіп: “Бұл – махаббатқа уланған шын ақын, махаббатын улаған ашу”, – деген сияқты сөздері бұның шығыс, батыс өнерін аса зор бағалай бастағанын көрсетеді.

Осы сияқты өзгерген сана, жаңарған ұғым, бағыт бойынша Абай енді өзі мінеген партия тартысынан да айығып шығуға тырысады. Бірақ ортасы мен айналасы Абайды бұдан түгел босатпайды. Еркін өзіне билетпейді.

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ...

дейді. Болмаса:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме, —

дейді. Ақыл айтады, сөгеді. Көппен бірге өз мінін де теріп, өзін де жазалайды. Бірақ ем болмайды.

Осыдан соң сыртқы өмір бұның ырқына көнбей, қайта өзінің билігіне бұны еріксіз көндіріп, ескі жолға қайта тарта берген соң, Абайдың ойы мен ісі екіге бөлінеді. 40 жастан асқан соңғы Абай бізге бір Абай емес, екі Абай болып кетеді. Біреуі — бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі — күндегі өмірдің талқысы мен шырмауынан шыға алмаған, содан азап шегіп, қиналған Абай.

Абайдың ішінде осындай екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп, жыртылып айрылады. Заманынан ақыл, сезімі артып, озған жалғыздың трагедиясы (қайғысы) туады. Сол қайғысы сыртқа шығатын бір жол болу керек. Абайдың ендігі ұғынуы бойынша сыртқы өмірі жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз болса, оған өз ішінде толып жатқан қарсылық бар. Ойына жиылған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар. Осының бәрін сырт көзге көрсетіп, іштегі өкінішке тыныс, ем етерлік нәрсе ақындық болады. Өлең болады. Сонымен 1884—1886 жылдардан бері қарай Абайдың нағыз өнімді ақындығы басталады.

Мен жазбаймын өленді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...

Енді бұл кездегі Абайға ақындық үлкен қадірлі мағынасы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек боп танылады. Ол — надандық, зорлық, жуандық, пәлекорлық сияқты атқамінерлер мінезімен мықтап тұрып алысуға кіріскен еңбегі. Абайды кейінгі буынға және сол кездегі қалың елге, көпшілікке, саналы жастарға нағыз қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі. Ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық, надандықпен

кектене алысады. Мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады:

“О, тәңір-айшыл” кер есек,
Кулық-сұмдық, не өсек?
Болмаған соң бір есеп,
Мейлі қамқа, мейлі без! —

деген сияқты сөздері надан меніреулікке өшіге соқтыққанын, аянбай ұмтылғанын көрсетеді.

1884—1886 жылдардан бастап Абай осындай өлеңге кіріседі. Бұлайша кірісуіне іштей себеп болған нәрселердің барлығын мәлімдедік. Бірақ осы жылдарда жаңағы айтылған жәймен қатар, Абайдың ақындық еңбегіне сыртқы өмірдің бөгеттері тағы араласады.

Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен, барлық Ырғызбай деген рудың ішінде болысы да, болыс емесі де түгелімен бақ-мастыққа салынып, орынсыз жуандық, орайсыз тентектік молаяды. Сонымен ел ортасындағы жалпы наразылық күшейеді. Ырғызбаймын деу орынсыз еркелік, орайсыз тентектік, жуандыққа кепілсіз, шексіз берілген билет сияқты болады. Сондай себептер жиылып келіп және рубасылардың тек жүре алмайтын пәле іздегіш мінездері де себепші боп, Абайдың туыстары мен сол ел жуандарының екі арасынан зор, тың тартыс туады. Абайдың өз басы кінәсіз болса да, тек отырайын десе де, жау жағы да, өз жағы да еркіне қоймайды. Жақындары пәлені бастап алып, салмағын Абайға әкеп тастайды. Күншіл, кекшіл, арамза атқамінерлер де Абайдың ақтығына, жазықсыздығына қарамай, арыз бен шағым айтса, ылғи пәле басы ғып Абайды атайды. Соны сүйрейді. Осы мінезді бұрын Абайға жақынмын деп жүрген кісілер алдымен бастайды. Ең алдымен бұрынғы дос болып жүрген Ербол, Жиренше, Күнту сияқты сенген адамдары кетеді. Осылардың ішіне Абайдың: “Күн ашықта мойныңда, күн жауғанда қойныңда” дейтін құнсыз, бұзақы ағайындарынан да қосылушы болады. Кісілік, әкімдік болса да оны таласпен алатын да солар. Жаманшылық, бұзық мінездерінен ел бүлінгенде пәледен бас сауғалап

кашатын да солар. Өз мінездерімен Абай басына пәле әкеп тастайтын да солар. Мысалы, Шыңғысқа сол кезде болыс болып тұрған Ысқақ ойына келгенін істейді. Ел кісілерін жазықсыз сабағыш болады. Болыстың қатыны кез келген қостың семізін сұраусыз, тергеусіз ұстатып алып сойғызып жатады. Осындайлар бұларға жақын жүрген Жиренше, Оразбайларды да түңілтеді.

Құнанбай тұсында елге зорлықты көп етіп, байып, жуандап алған сотқар, бұзар Ырғызбай тобы және әсіресе Құнанбайдың әмір иесі болған бала-інілері жалпы халыққа қорлығын өткізгенде Абайды есепке алмайды. Оның қарсылығын, ашу-наразылығын елең қылмайды. Қайта Абайдың өз басына бар жауынан бетер қастық еткен, қызғаныш, жаманшылық ойлаған талай адамдары болады. Кейін Абай басына келетін талай дертті ауыртпалықтарда пәле басы боп жүретіннің ішінде солардың көбі жүреді. Абайға сыртымен дос болған боп жүріп, Оразбай, Жиреншелер де сол қиянатты оның басына көп істейді.

Мына тұста сол Оразбай, Жиренше, Күнту, Абыралы дегендер бірігіп астыртын баталасып ап, болыс боп жүрген Құнанбай баласын орнынан түсіріп, өз орталарынан Күнтуды болыс сайлайды. Сондағы мақсат-мұраттары халықтың, көптің мұратына маңайласпай, тек өздері әкім болу, билеп-төстеу болады. Бірақ олардың ендігі ісі бұл ғана емес, қолдарына болыстықты алып ап, ең алдымен Абайды мұқату, соны жазалау, қор ету болады. Олар болыстыққа өз басы таласпақ түгіл, жұмысы да болмай, үйінде ел үшін еңбек етіп отырған Абайдың адамшылығын күндейді. Халық сүйетін адамшылық атағын, абыройын күндейді. Ел мұңына ниет жолы қабысқан Абай алыспастан үйде отырып, Оразбайлардай партияқор атқамінерлерді жеңіп отырған сияқты, осыны Абайға кешпейді. Құнанбайдың елді шулатқан зорлықшыл балаларына тиіспейді, өйткені олармен өздері бір бітімдес. Олармен табысулары да оңай. Қоғамда үлкен ақтық беті бар, шындық үшін алысатын Абайды қуып, өздерінің үстемдігін нығайту қажет болады.

Ел ішіндегі іс осыған келіп тірелген соң, кітап тәрбиесі, ой тәрбиесімен жаңа бағыт ұстанармын деп жүрген

ниетінің барлығы уақытша еріксіз бөгеліп қалады да, Абай амалсыздан тартыс, жаулықтың ортасында қалады. Бұл уақытта Абай тоқтайын десе де, тоқтай алмас еді. Өйткені өз кісілерін болыс қойып, жеңіп алған ел енді Құнанбай балаларынан есесін алу керек. Жеңгендіктің жемісін теру керек. Одан соң, олардың ұғынуынша, қарсы жағы қайта алыспай, кек алмай қоймайды. Сондықтан оны әлсіретіп біржолата меңдетіп алу керек. Қырда түгел жыға алмасақ, ұлыққа шағып, соның күшімен жаныштау керек. Олай болса, үстінен арыз беріп, әсіресе өздерінен сайланған болыс, бидің мөрін, приговорын пайдаланып, жауларын қылмысты кісі қып көрсету керек. Мұның бәрі тынымсыз алыс, тоқтаусыз партия тартыс болмай қоймайды. Сонымен, Абайдың ендігі алысы бас қорғаудың алысы болады. Енді ерік өзіне тимей, тілесе де, тілемесе де алысу керек болады.

Осымен 1884–1886 жылдар түгелімен алыспен өтеді. Бірақ 80-жылдардан кейін Абай бір кісі емес, екі кісі болып бөлінеді дедік. Қайтадан еріксіз алысқа кірсе де, жаңағы жылдардың ішінде Абай бірталай өлең шығарады. 1884–1885 жылдар “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” деген сияқты бір-екі өлеңді ғана туғызса, 1886 жылы Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, кең үңіле бастағанын білдіреді. Бұл жылда 16-17 өлең шығарады. Абайдың осы күнге шейінгі баслымдарында “Халық туралы” деп жүрген торыққан көңілінен шыққан сөздері болады. Сол өлеңдерінің ішінде:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда? —

деген сияқты талай-талай сөздерден Күнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей. Сонымен қатар бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шын налыған зары да сияқты. Бірақ бұл жылдарға шейін Абай өлеңді жазса да, өз атымен жазбай, ылғи “Көкбай айтқан өлең” деп жүргізеді. Сондықтан зарланып, Көкбайды аяп кейде:

Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да жырлайды.
Жыламай қайтіп тұрады,
Мынау азған қу заман,
Қалыбында тұрмайды,
Біреу малды ұрлайды,
Біреу басты қорлайды,
..... болмаған соң,
Жылауына зорлайды —

дейді. 1882 жылдардан бастап, осы 85—86-жылдарда Абай Пушкин, Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды. Бірақ жоғарғы айтқан ретпен Күнту болыс болып алған соң, Абайдың үстінен арыз, шағым ұлық кеңселеріне ойлағандай-ақ топырлап түсе бастайды.

Өз атаған кісісі болыс болған соң, рубасылары осы жолғы қолына тиген әкімшілікті әбден пайдаланады. Сол ретпен өзіне ерген 400 үйін алып, Оразбай Шыңғыс болысынан бөлініп шығып, Бұғылыға қосылады. Бұрын бұл бөлініп шығам дегенде, болыс боп отырған Құнанбай балалары мөр, приговор бермей, өз ауқымынан шығармайтын. “Түбі жаулық ойласа, басқа болыста отырып алысып кетсе, құрығымыз үнемі жете бермейді”, — деп аңдысқан кісіні өз қасынан шығармай қоятын, көп болыс, көп мықты жуанның есебі, саясаты болатын. Оразбайды бөлек болыс қып жібере қою Күнту, Жиреншелерге де түп есеп үшін керек. Құнанбай балаларына үнемі бар Тобықтының елін билетіп отырмас үшін, өз орталарынан бірер мықтыларды аналардың құрығынан ұзатып жіберіп, соған Тобықты шеңберіндегі партияның бір қабырғасын сүйетіп, өздері соны арқа тіреу, бел қып отырып алысуға да дұрыс келеді. Күнтудың болыс болуы жеңген жаққа осындайда бір нәтиже береді.

Екінші, сол Күнтудың өзі де Құнанбай баласының қол астына қайта қарап қалмас үшін, өзіне ерген Жігітек, Бөкенші руларын алып, көршілес Мұқыр болысына шығуға жол әзірлеп қояды. Кейін мұны түсіретін мезгіл болғанда, Күнту өзіне қажет болатын мөр, приговорды жайлап жүріп, өзі болыстықтан түсісімен Мұқырға шығып кетеді. Бұл Күнту болыс болудың ең соңғы уақиғасы. Бірақ

бұған жетпестен бұрын, ол адамдар ең әуелі Құнанбай жағының барлық бұзарлары үшін Абайды жазалауға кіріседі. Осындай қызу тартыс үстінде “Құнанбай баласынан болыстық кетті” деген дақпырт ұлық айдатқан Жігітек адамдарына да жетеді. Сонымен, Бөжей заманынан бері қарайғы жаулықты мықтап ұстаған Базаралы қашып келеді. Күнтудың болыстығына сеніп, “қайта ұстатпайды, ұлыққа көрсетпейді”, екінші, енді орайы келсе, ескі кегін қуып көрмек боп та келеді. Осы сияқты әр алуан түрде құралып келген уақиғалар алыстың түйінін шиелендіре береді. Тартыс қырда да, ойда да қатты қозады.

Осындаймен жүргенде, 1885 жылы Қарамола деген жәрменкеде, ол күндегі әдет бойынша, бірнеше дуан бас қосатын “шербешнай” дейтін (төтенше) сияз болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта Тобықты ішінде Абайға жау болып шыққан кісілер өздеріне іштей тілектес болатын атқамінерлерді басқа елден де тауып алған болады. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жаулары да бар еді. Енді Тобықты іші жіктеліп алғанда, солар шұрқырасып келіп, Абайдың Тобықты ішіндегі жауларымен табысып, тобын молайтады.

Шербешнай сиязға жиналған топтың ішінде осы сияқты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы Қарамолаға келетін жандаралдан Абайды жазалауды күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Сонымен, жандарал келіп, тосып тұрған ел кісілерін жағалай жүріп, әрқайсысымен танысып келе жатып, Абайға келгенде: “Партияшыл, ел бүлдіргіш Құнанбаев сенбісің?” – дейді. Абай: “Мен” депті. “Неге партия қыласың?” дегенде: “Жалғыз мен емес, дүние түгел партия. Жанды-жансыз мақұлықтың барлығы да алыс-жұлыспен тіршілік етеді. Тіршілік – күрес. Сіздің өзіңіз де партия қыласыз”, – дейді.

“Сені болыстар неге көп жамандайды?” – дегенде: – “Олар көп, мен жалғызбын. Көп жуан, әрқашан тентек, бұзық. Бұзық көппен алысқан жалғыз жаманатты болмай тұрмайды. Бірақ көп екен деп жаманның сөзін мақұлдау керек пе?” – депті.

Абай өзге ұлықтарға істейтін мінезін осы жандаралға да істеген. Жалпы атқамінерлерше ұлыққа пара беру, жалынған дегенді Абай ешуақытта білген емес. Оны өз тұсындағы дұшпандары да айта алмайды екен. Қай ұлықпен болса да тең сөйлеседі. Елдің тыныштық іздеген тілегін жеткізе айтады. Және әсіресе ешбір ұлық баса алмайтын ұрлық, шабуыл, құн дауы, жер дауы сияқты даушар атаулының бәрін де қалай шешіп, қалай аяқтау жолдарын Абай барлық басқа адамнан артық біледі. Сол жолда ел-елге тыныштық тапқызып, мағынасыз құр алыс, бос пәледен құтқарады. Бұл – өзінің де іздейтіні. Сондықтан ұлық атаулы бұның ақылына өзі келіп, өз әлсіздігін біліп келіп, амалсыздан қоңсы қонатын. Жаңағы жандаралша Абайға құлшынып, жазалаймын деп келіп, артынан жаңағыдай мәдениетті түрде өзімен тең сөйлесетін Абайды көргенде еріксіз құралынан айрылып қалады. Мына жандарал да Қарамола сиязында соны істейді. Абайды сөйлесіп, танып алған соң еріксіз келіп, сол сиязға оны төбе би ғып өзі ұсынатын болады. Өзге шағымқор, шенқұмар, парашыл атқамінердің ешнәрсені шеше алмайтынын көреді. Ел арыздары шешілмесе, кеңсеге тағы көп тілектер үйіледі. Сондайлардың себебімен Абайдың билігіне өзі құштар боп, өзге рубасыларға кеп: “Сиязды жақсы өткізіндер. Ұрыда ақысы кеткендердің ақысын толық әперіндер. Сиязды жақсы өткізу үшін Абай сияқты кісіні төбе би сайландар”, – дейді.

Ел жуандарын осы жеңуі Абайдың партияшылдық тартысынан емес, өзінің өзгелерден артық білім-туралығынан, бас қасиетінен туған. Болмаса осы сияз алдында Тобықтының Қунту, Оразбайларына үн қосқан жуан содырлар бір Тобықты емес, көп жерден Абайға өшігеді. Семей, Кереку, Өскемен, Зайсан жағынан келген биболыстың көбі сөз біріктіріп, өзі сыншы, өзі турашыл, өзі өжет, жүйрік Абайға қызғаныш ойласады. Үстінен арыз беріп, жер аудартап болғандардың басы Семей үйезі Аршалы болысынан Рақыш Төгіс баласы болады. Үш-төрт үйездің 30-40 биінің үнін бір жерге қосуға тырысады. Абай жәрменкеге келместен бұрын істеліп жатқан қам-қарекет

осы еді. Сонда бастығы Керекуден келген шет үйездер адамының көпшілігі мынандай Абайға қастасқан серт, батаға кірмейміз дейді. Біздің Тобықтымен де, әсіресе Абаймен де өш-қасымыз жоқ дейді. Абайды елден ерекше өнер қасиеті үшін бағалаушы халық сол тұстың өзінде де көбейіп қалғанына осы дәлел еді. Оның үстіне, жаңағы Рақыш бастадым деген Уак, Керейдің өзінің ішінен оның ниетін қатты кінәлаған, Абайға достықтан басқа қастық етпейміз деп, көрінеу дос ниетке белсеніп шыққан Уақтың Әлімқан сияқты кісілері болады. Ол жәрменкеге келіп, Рақышты жерлеп, оған дем берген Өскемен билерін де ұялтып, Абайға қастық істейтіннің бәрін тойтарып тастайды. Сондықтан сияз басталмастан бұрын-ақ жаңағы Рақыштар өздері Абай алдына келіп, оң шыраймен табыспақ болады.

Абай сондағы Рақыштай мансапқор, күншіл, шағым-кой арам адамдардың қалың ортасында отырып, солардың өздерін көзге шұқып отырғандай қып, бір үлкен терең сөз тастайды. “Биік мансап – биік жартас, оның басына екпіндеп қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады”, – деген.

Сияз ел-елді ақыластыратын, неше алуан ұлы-кіші дауларын шешетін, түйін-түйнектерін жазатын сияз. Бұнда қай жолмен, қандай кесіктер айтылу керек? Дау алуанына қарай заң, ереже тудырып, орамды әділ билік жасау керек. Осы міндетті мойнына алған Абай бірнеше күн хатқа жазып ереже тізеді. Онысының көбі қазақтың өзі ескіден білген ел заңы болумен қатар, кей жерлерде жаңа жол-жоба болады. Біздің қолымызға осы Қарамола сиязы мен кейінірек болатын Семей, Жетісу екі облысы бас қосқан Көктума сиязындай ұлы дүбір сияздың хатқа түскен ережелері тимеді. Көктума сиязында да төбе биге халықтың ұйғаруымен әділ би деп Абайды сайлаған.

Абаймен бірге Қарамолада болған Мүсірәлі ақсақалдың куәлігі бойынша, бұл жолы Абай тізген ереже бабы жүзден аса еді, – дейді. Сол Мүсірәлінің есінде қалған екі бабы анық Абайдың өзі қолданған, өзі қостырған, тың жаңа жолға ұқсайды. Сол күннің жағдайында шамасы

келгенінше әр жанға әділет іздеген Абай ұрлық, қылмыс пен әйел мәселесіне арнап екі жаңа ереже айтады.

1. Бұрынғы жол бойынша ақы иелері алатын малды төлеуге ұрының өз мүлкі жетпегенде, ағайыны төлейді екен. Абай енді “ағайыны емес, ұрыға ат майын беруші, сүйеуші төлейтін болсын”, – дейді.

2. Бұрын байы өлген жесір қатынды алатын әмеңгері жоқ болса, байының ағайыны өзге біреуге сатып беруге болады дейді екен. Абай: “Бұл әділет емес, ол әйел баста бір сатылған, жасау-мүлкімен көп алғашқы қалыңмал орайын төлеткен. Енді екі сатылмақ – зорлық. Алатын әмеңгері болмаса, еркі өзінде, ол азат”, – деген.

Осы екі баптың, әсіресе алғашқысы ұрар жерін тауып соққан ереже. Ұрыға ат майын берушінің көбі азғын жуаннан, құнсыз қорқау байдан, ел ішіндегі арылмас пәле басы, бықсық шонжардан шығатын. Абай мына ережеде, көп ұры еместі ұры етіп жіберетін сондай індет түбін тауып ұрып отыр. Осыны ереже қып бекітеді де, Абай өзі төбе би боп орындатады. Бұндай жайлар да талай жерден Абай басына өшігетін сотқар, бұзарларды көбейтіп жүрген.

Сонымен қатар қалың елдің шын әділдікті іздейтін көп момыны, көп бұқарасы Абайдай әділ таразының билігін іздегіш те болады. Кейінгі Абай өмірінде, талай-талай алыс елдің нелер қиын сүрі дауларымен мұны іздеп келетіні осыдан. Осы жайдың өзі де Абай даңқын асырып, көп ортаның би, жуанын Абай басына өшіктіріп, қас ете берген.

Ал Қарамола сиязы Абайдың қатты әсерімен, сол белгілеген бетпен өтеді. Бұл тұста Абаймен бірге Қарамолаға келе жатып, жолда түс көрдім деп Абайға бар түсін өлеңмен айтып, өзі өлеңмен жоритын кәрі ақын Бәйкөкшенің айтқаны түгел, дәл келіп шығады. Бірақ сияз осылай өтсе де, Күнту болыс болып тұрған уақытта, Абаймен ұстасқан жуандар тартыстан да, арыз-шағымнан да тыйылмаған.

Абайды жер аудартуға жақындайды. Осы орайда Семей қаласына Ақмола, Семей облысының “корпісі” – генерал-губернаторы келеді. Абайға жаулық ойлағандардың арызы оның алдынан да жаңбырша жауады. Корпіс бұл істерді

көрген соң, Абайды жер аударуды бекітпекші болады. Бірақ сол уақытта мұның қасында корпістің кеңсесін басқаратын Лосовский деген чиновник бар екен. Бұл бұрын Семей үйезінде істеген, Абайды жақсы білетін адам еді. Сол Абайды корпіске жолықтырып, бетпе-бет сөйлестіріпті. Абай мұнымен де жәй арызшы түрінде емес, жаңағы жандаралмен сөйлескендей, оқымысты кісіше еркін, тең сөйлессе керек; дәл не сөйлескені мәлім емес. Бірақ әңгіменің артынан Абайға: “Сен ортаңнан басың асқан адам екенсің”, – депті.

Осы әңгіменің артынан бұрынғы жер аударылу деген сөз қалады. Аздан соң Күнту өтірік шағымдары үшін болыстықтан түсіп, қызметті басқа кісіге тапсырады. Бірақ Семейде болып жатқан бұл түрдегі өзгерісті ел білмейді. Абай айдалатын болыпты деген дақпыртқа нанған қарсы жағы осы кезде Абайдың Тәңірберді деген ағасының бір қос жылқысын – 800 жылқыны тиіп алады. Алумен тұрмай, топты жылқыны талап әкетіп, көбін қырып салады. Дәл осы уақытта Күнту болыстықтан түсіп қалады. Пәле басы атқамінерлердің берекесі кетіп, қатты сасады.

Айдаудан қайтқан Базаралы, тегі, осы кезде кеп киліксе керек. Тәңірбердінің мыңға тарта жылқысын тиіп алған бетте, бата қимылдайтын, әсіресе, Жігітек болды. Шабуылға жігітін мол жіберген ел де сол. Оразбай, Күнту сияқтылардың өз бастары бұл уақиғадан сырт қалады. Жігітек жылқыны алған бетінде пышақ үстінен үлесіп әкетіп, бүтіл Қарауыл өзенін өрлей, құлдай отырған ел жағалай сояды. Бұл іс ол уақытта да естімеген ірі іс болып шығады. Күнту мен Оразбайдың өзі де қатты қорқады. Болыстық тағы қолдарынан кетіп қалған. Ендігі тартысқа басшылық ету былай тұрсын, өздері бас сауғалай бастайды. Күнту Мұқыр болысына осы орайда шығады да, Оразбай Құнанбай балаларымен татулық іздеп, бұрынғы кетіп қалған болысынан шығып, Шыңғысқа қайта кеп кіреді. Күнту құдасы болғандықтан, сол ұшырап кетеді деп, араға дәнекер болмаққа қайта келеді. Құнанбай балалары бұны жуасып келген күйінде қайта алуын алады. Бірақ Оразбайдың өз басына тимегенмен, Жігітекті оқшаулап

шығарып ап, қатты кек қуады. Алынған жылқыны Жігітек сойып, қырып, жеп қойған еді. Енді соның әр жылқысына екі бестіден төлеу кестіріп, қолма-қол тіздіріп алады. Тәңірбердінің шығысынан кірісі асып түседі. Бірақ соған орай Жігітек тегіс кедей боп, тұралап тұрып қалады. Сол жылдар көшуге жарамай, қыстау-қыстау басында ошарылып жатақ боп отырып қалған ауылдары көп болады. Сонымен, Күнту болыс болғанның арты сол рубасылардың айдап салған көпшілігіне тағы бір ауыртпалық боп бітеді. Аман қалғанда пәлеге бастық болған рубасылардың ұпайы түгел боп, көпшілік ерін арқалап қалады. Сол көп керістің ішінде найза басы боп жүрсе де, дәл өз басына олжа, пайда таппайтын Жігітектің бірі – Базаралы. Күнту болыс болғанда айдаудан қашып кеп, Тәкежан жылқысын алғызушы өзі болғанмен, Базаралы тек қиыншылықтың бар салмақ, ауыртпалығын ғана арқалап қалады.

Кезі келген соң айта кету керек, Базаралы Абаймен тұстас шыққан, Жігітек адамының ішіндегі өзгеше бір ірі адамы еді. Бұның өмір жолы Абай өмірімен көп кездесетін болғандықтан және Базаралы өз дәуірінде алуаны көптен бөлек, ерекше болғандықтан, біраз қосымша деректерді айта кету қажет.

Құнанбай тұсынан, Тобықты ішінен сырт елге аттары мәлім болған адамдар бірнешеу ғана. Ол Құнанбайдың өзі дедік. Сонан соңғы Құнанбай тұстасы Бөжей. Келер буында сыртқа аты шыққан адам – Абай болса, осыдан кейінгі бір білікті, даңқты адам сол Базаралы болады. Бұның жасы Абайдан аз үлкенірек болған. Әкесі Қаумен шағын дәулетті, орта қатарлы кісі болады да, Балағаз, Базаралы, Оралбай деген балалары өрттей отты, алғыр жігіттер боп өседі.

Абайдың жігіт шағында Базаралының інісі Оралбай басынан кешкен бір жастық уақиғасы Тобықтыға қатты лаң салған. Оралбай Бөкенші ішіндегі Сүгір деген байдың Көрімбала деген қызына асық болып, алып қашады. Қыздың беріп отырған жері – Қаракесек Қарқаралы қазағы. Алынған қалыңмал бар. Ел бүлініп, пәле ұлғая бастайды. Бірақ Балағаз, Базаралы одан жасқанбай, екі

жастың еркіндік махаббатын өздерінің найзасымен, ерлігімен қорғап жүреді. Бөкенші жағы тек қапысын тауып, Базаралылар жоқ кезде қызды ұрлап әкетеді. Оның алдында Жігітек, Бөкенші кезек шабуылдасып, Көрімбаланың орайына Бөкенші бір Жігітектің үйінде тек отырған қатынын зорлықпен алып қашқан. Жігітек соған орай ғып, Бөкенші Шалғымбай дегеннің қатынын алып қашады. Екі жақ жасанып ұрысып, найзаға адам шаншылып, қан шығарысып та қалысады. Базаралы осыған да қарамай, інісін сүйген қызды өлісе жүріп қорғамақ еді, тек ұрлап әкету қолын байлаған. Көрімбаланы Бөкенші зорлықпен қайнына, Қаракесекке жібергенде, Оралбай да қуа барады. Тағы алып кетпек боп іздеп барады. Сонда пәледен қажыған Көрімбала тоқтамақ болып, Оралбайды да жақсы шыраймен тоқтатпақ болып, бір мінез істейді. Сойған қойдың еті піскенде, қазаннан тілді алып, бір шетін өзі тістеп тұрып, ата-енесінің көзінше Оралбайға: “Ақсақ кемпір еткен соңғы сәлем осы болсын, күн өтті, дәрмен жоқ. Енді кел, Оралбай, мынау тілді менің аузымнан өзің ал да, ырза бол! – дейді. Оралбай Көрімбаланың айтқанын орындап тоқырайды. Екеуінің айырылуы осы екен. Міне, осы уақиға тұсында ел ырқына көнбей, батырлық, батылдыққа бекініп шығатын Базаралы, Балағаз кейін де көп жөнде оқшау болады. Найза ұстаған батыр, сері Базаралы әрі сұлу, әрі тілді шешен, ірі жігіт боп өседі. Ағайыны, маңайы бұны арқа тұтады. Өзі тұрғылас Жігітек жігіттері әр пәлеге Базаралыны бас қыла бергісі келеді. Құнанбай мен Базаралының бірнеше қағысқан, қиғаш келіскен де жәйі бар-ды. Оның үстіне, Жігітек жігіттерінің ұрлығы үшін және Құнанбаймен ежелгі араздығы үшін көп адамы айдалғанда, Құнанбай жағы Базаралыны да іле кеткісі келеді.

Алғашқы айдалған топтың ішінде Базаралы болмағанмен, кейін Балағаздар Найманның Құдайсүгір деген жуан аулының жылқысын алып, соның салдарынан тағы біраз кісіні хаттап, соттап айдайды. Осы орайда Базаралы Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаныммен жақын болып жүріп, сол сыры жарияға шығып, Ырғызбай жағы намыс қуып, Базаралыны да жазаламақ болады.

Өз басы “ұры да емес, ұры емес те емес” десіп жүретін Базаралыны жігіттік өзге қасиет, қабілеті үшін Абай жақсы көрген. Бірақ Нұрғаныммен болған жаманаты оның жауын көбейтеді де, бір кезеңде Абай да қатты араз болады. Базаралы әр сылтаумен келіп, айдалатын болады. Қыстың күнінде елден түйеге мінгізіп әкетіп барады екен, сонда Абай қоштаса кеп, күй-жәйін сұрағанда: “Жаздыгүні қол шатырдай немеге мінгізген менен не жәй сұрайсың”, – дейді екен. Қасында айдауға бірге кетіп бара жатқан қорқақ бір жолдасы туралы тағы қалжың айтып: “Әншейінде қыбланамадай көзі ойнақшып тұрушы еді, жаны шықпай келеді десеңші әйтеуір!” – дейді.

Күнту болыс болғанда айдаудан қашып елге келеді. Сонда алдынан талай жастар қуанып шығып, қалада да, елде де үлкен дос пейілмен қарсы алады.

Әріп, Көкбай сияқты ақындар Базаралының келісіне арнап ірі өлеңдер айтады. Абай да кеп амандасады. “Орысша білдің бе, Базеке?” – деп сұрайды. Сонда азап сапарына кетерде қалжың айтып кеткен Базаралы әлі де бұлжымаған, өзгермеген әзілқой мінезбен Абайға іле қалжың айтады: “Е, шырағым-ай, өзімнің көк мұлығым болмаса, тәуір-ақ тіл білетін жерге жібердіңдер ғой”, – дейді.

Бұрынғы дағды серілікпен, малы аздығына қарамай, біреудің әдемі қара көк атына қызығып, бір қысырақты түгел беріп сатып алады. Атының көркіне қызыққан біреулер қалжындап, барлап:

– Базеке, мынау атыңды өзің кетерде тасқа байлап кеткенбісің, неткен жақсы, қайдан алдың! – дегенде:

– Е, бір қысырақты астына мініп жүрмеген кісі жігіт пе? – дейді.

Осы морттық, омырау, тәуекелшілдік Тәкежан жылқысын алғанда да Базаралыны найза басы етіп шығарады. Кейін Күнту түсіп, ұлық атаулы Жігітек ішін тентек деп, қалада тығыз тергеу болмаққа айналғанда, Абай оншалық қатты жамандауға барғызбай, қазақтың өз билерінің алдында, ара ағайын алдында келісім айтқызып, тоқтаспақ болады. Көлденең би боп Тобықты емес, Тоғай бойының Уақ, Бураның адамдары төрелік айтатын болады.

87-жылы келесі сайлау болғанда, қалған Шыңғысқа Оспан болыс болады.

1884 жылдан соң елдің сөзінен безер боп, басын алып қашқан Абай жаңағы уақиғалар тұсында амалсыз кіріссе де, енді бар іс пен сөзді іні, балаға тастап, шамасы келсе аулақ болуға тырысады. Шынымен ел тыныштығын іздейді. Өз басы нәрлі еңбекке берілмек болады. Сондықтан Оспанның екі жақтағы болыстарға өкпелеп шығып кеткен ағайындармен татуласуын сұрайды. Пәле азайып, ел басына, өз басына тыныштық, толас болар ма екен дейді.

Ел жұмысын Оспан алған соң, Абай өзі бірбеткей ілім іздеу жолына, ақындыққа бой ұрады. 80-жылдардан бұрын кітап оқуға кіріскен ақын кітабын ешуақытта да тастамаған еді. Сонымен бірге 86-жылдан 89-жылға жеткенше көп өлеңдер жазады.

Мүмкін болғанынша бұрынғы арман қылған, мағыналы өмірін бастап көреді. Тағы да кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады.

Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. 89-жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде бұрынғыша өз ортасының өзі көрген кемшілік міндерін, катал сыншы, үлкен ұстаз тілімен шенеп, тексеру бар. Сонымен қатар махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар. Одан соң Пушкиннің Онегинін аудара береді.

Және осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған, ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың аулы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген, сөз ұғатын, талапты жастардың бәрі – шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына дос-жастарға мағыналы тәрбиеші бола бастайды.

Енді сөз ұғатын жастарды жаңа жолмен өзі қиял қылған өнер-білімге, жаңа саналы адамгершілікке қарай жетектеп баулығысы келеді. Бұларға өз өмірінің өкініштерін, ауыртпалықтарын да көп айтады. Ескі үлгіде қалма, өзгерген заманының жаңа түрлі басшысы болуға әзірлен

дейді. Сондықтан өлең сөздерінде бір айтса, ауызша өсиет, мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи ғана сол атаған жаңа жолына қарай бастайды. Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, жаңағы жастардың сезім-тәрбиесін толықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны қолында ұстайды. Мұқа Абай аулына кеңшілік жәй емес, қысылшаң хал үстінде пана тілеп барған еді. Өз ағайынының біреуінен қалған жесір әйелге асық болып, соны әмеңгеріне тигізбей, алып қашады да, Абай аулына барады. Бұл кеткен соң жуан ағайыны артындағы үйін шауып алып, пәле басталады. Абай сондайлық ауыртпалығына қарамай, Мұқа мен келіншекке ара түсіп, бастарына азаттық әперіп, артын өзі жайғастырып, өнер иесі Мұқаны өзіне дос етіп, туыс етіп алады. Тағы сол кезде Әсет деген ақынды да сақтайды. Әсет әрі ақын, әрі үлкен әнші адам. Бұл күнде көпке мәлім “Әсет” деген әннің шығарушысы сол. Ақындық, айтыс өлеңдерінен де көп сөздері ел есінде нық сақталып қалған ірі өнерпаз кісінің бірі. Бұл Абайдың өлеңдерін қатты қадірлеп жаттап алып, кейін Орта жүз, Ұлы жүздің көп еліне мол таратады. Осы Әсет сияқты әнші, ақынның ең бір ірі адамы Біржан сал да Абаймен жүз көрісіп, үлкен дос болған. Ол Абайдың жасырақ кезінде Тобықты ішіне келіп (атақты ақын қыз Сарамен айтысатын сапары болу керек), көп уақыт қадірлі қонақ боп жатып, Көкшетау, Ат-басардан бергі жерде болған қазақ өнерпаздарының көп қазынасымен Абайды кең таныстырып кетеді. Абай өзі де көп ән үйреніп, көп ақынның сөзіне қанып қалады. Әйелі Әйгерімге Біржанның әндерін үйреттіреді. Бұл сияқты кездесулер Абайды өз заманындағы қазақ сахарасындағы халық өнерімен мол таныстырып, нық байланыстырып отырған. 90-шы жылдарда өлең өнеріне тереңдеп кіріскен Абай бір өзінің көрген, сезгенін жырлайтын ақын емес, бүткіл қазақ даласындағы, бүткіл қазақ халқындағы алға бастар қауымның мұң арманын, ой-сезімін жырлаушы Абай болады. Осындай үлкен арналы ақындық жолына берілген соң, 91-жылға шейінгі өмірі Абайдың өзінше ең мағыналы өткізген жылдары болады. 90–91-жылдарда да

көп өлең жазады. Сол уақыттарда жас жігіт болып, әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген Тұраш: “Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болады. Бар талапкер жастар болып сөзін тындап, медреседегі шәкірттерше: ақиқат олай емес, бұлай деп, бір-бірімізбен дауласып жатушы едік”, – дейді.

“Сол екі жылдың ішінде жоғарыда айтылған өлеңдермен бірге және де көп өлеңдеріне ән де шығарып еді. Ұстаздық қылып отырғанда бізге: малқұмар, мансапқұмар адам – адам емес деп ұғындырушы еді. Әрдайым сағынып, көксеп, қатты рахаттанатын уақыты: сөзді ұғар-ау деген адамдарға, жастарға ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып отыратын кезі болушы еді. Ондай сөзге түсіп отырғанда шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреу не шаруа айтып, не ел арасындағы партияның жайын айтып сөзін бөлсе, кейіп, я ашуланып қалушы еді. “Сауданың, ақшаның есебі секілді есеп әңгімесі шықса, аза бойы қаза тұрып, жеркенген кісідей болып мазасы кетіп, “есептерің бар болса, аулаққа барып есептендер”, – деп, өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді” – дейді.

Осы айтылған сөздердің барлығы жалғыз Абайдың өз баласы емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамдардың бірдей айтатын сөздері. Сондай өмір, осындай мағыналы, үлгілі жол Абайдың барлық кейінгі өмірінде айнымай ұстасам деген жолы болады. Егерде ел ішінің бір қалыпта тұрмайтын тынышсыз, тынымсыз әдеттері осындай өмірден Абайды кей уақытта еріксіз тартып алмаса, Абай 1889 жылдан бастап, соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді. Бірақ ойлаған мақсұт-ниеті бұл тұста да түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 1890 жылға дейін тыныштық болып, кейін дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жауласа бастайды. Абай басында бұл екеуін татуластырмақ болып, арасына жүріп көреді. Бірақ екеуі де тыйылмай, жауласып кетеді. Осы жаулық тоқтамайтын болып ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып, Тобықтыға жетіп, Тобықтының лаңы басқа сырт елдерге де жаңадан жайыла бастайды. Ол араздықтың түбі тағы да Абайға кеп

мықты соғады. Оның себебі Оразбай тобының әуелден өші Абай. Өштік түбі күндестік, қызғаныштан, өзімшіл бақталас, бәсекеден шыққан. Олар Абаймен бір қатарда атқа мінеді де, Абайдың өздерінен артқанын көтере алмай, үнемі іштен күйіп жүреді. Көп елдің, көп момынның сенетіні, қадірлейтіні Абай болғаны да бұларға удай тиеді.

Әділ, көреген, шыншыл, алыс-жақынға бірдей даңқты және өзі білімді, онан соң халық ақылын, өсиетін, өлеңін көксеген Абай оларға тең жау емес. Үнемі Тобықтының өз ішінде де, әсіресе Оразбайларды білмейтін, білгісі де келмейтін шет ел ортасында да Абай бұлардан асып түсіп отырады. Абаймен сол тұстағы барлық Арғын, Найман, Керей, Уақ таныстықты, жақындықты, достықты іздейді. Кезіге қалса, ұстаздығына ынтығады. Өсиет, мәжіліс, өлең, үлгісіне жабысады. Ол ғана емес, талай күндік жерден, талай жылғы қиын түйін дау-шары болса, таза адамшылық жолымен ақиқат айтатын дананы іздесе, бәрінің шұбырып кеп табатыны Абай болады. Бұл жәйдің барлығы үйде отырып, алыспай отырып жеңіп отырған, тартыспай отырып елді алып отырған Абайды жаңағы дүлей топқа әл жетпес ұлы күш ете береді. Сол күш халық ортасына өсиет сөзі жайылып, ірілеген сайын Оразбайлар өзінің қиыр қиястық, қаскөй надандығымен Абайға өшіге береді.

Абайдың қайғысы онымен алысатын топтың ерекше надан соқырлығы болған. Өйткені Абай өле-өлгенше сол өмір бойы бірге жасасып өткен Оразбай, Жиренше, Қунту, Абыралы сияқты адамдар халық жастарына, халықтың саналыларына Абайды Абай етіп, қымбат, қимас, қадірмен дос етіп жатқан ақындық еңбегін білген де емес. Олардың бірде-бірі Абайдың өлеңін оқытып, ақындық асыл қазынасын біліп, болжап көрген емес. Оразбай, Жиренше екеуінің де жасы Абайдан үлкен еді. Екеуі де бері келіп, Абайдан кейін өледі. Бірақ жәй жиын, талас үстінде Абай сөйлеген сөз болмаса, Абайдың бірде-бір өлеңін жадына алып, ұққан, қадірлеген кісілер емес.

Ал кісілік жөнінің өзін алғанда да Абай ержетісімен өзі тұрғы жастан дос етіп, қасына ертіп адам қып шығарған кісілері ең алдымен осы Оразбай, Жиренше, Ерболдар бо-

латын. Дәл Жиренше басына еткен сан жақсылығының бірі – көп сайлаудың бірінде “тентек ояз”, “қара ояз” деп атанған бір сотқар ояз Жиреншеге дүре салмақ болғанда, Абай оязбен қатты жанжалдасып, ара түсіп, сабатпай, ананың арын, намысын қорғап шыққан. Арғын, Найман арасына барса, өмірінде жалғыз-ақ рет, жас шағында Көкшеге болыс болса, Абайдың сенімді, белді би қып ерткен кісілері осы Жиренше мен Оразбай еді. Ол екеуі Абайдың ығында жүріп, елеусіз халден белгілі адам қалпына жеткенде, малданып, әлденіп күшейген күндерінде Абайға ең алдымен қас боп шығады. Сол жауығардың алдында бұрын ондайлық бай болмаған екеуі мейлінше байып, лық толып алады. Әрқайсысында мың-мыңнан жылқы болған. Оразбай бертінде жылқы санын үш мыңға да жеткізген. Ал Абайдың өз басында ешбір уақытта ондай байлық болған емес. Қайта өмірінде талай рет “шағын дәулет, шолақ дәулет” дейтін күйлерге жақын қалып жүрген. Мынау екеуі өздері байып, әлденіп алған соң Абайға қарсы жаулықты тобынан бұрын бастайды. Ең алғаш араз болған сылтау себебі де өзгеше. Бір жылы Тобықты, Найман шекарасында Абайлар жүргенде, Найманның екі руы – Сыбан мен Мұрын арасында қатты қырқысқан дау туады. Жесір дауы.

Абай, тегі, әйел басына азаттық әперуде талай дауға кіріп, өз заманының қатал қалпын өзгертіп, азаттық үшін алысам деп сан рет қатты пәлеге ұшырап, өз басы арандап жүрген. Мынау жолда да соның бір кезі болады.

Мұрын қызы күйеуін тең көрмей, өзінің сүйгеніне кетеді. Сыбан қызды қайтарып алмақ. Пәле ұлғайып, ел шабысарман болған соң екі жағының сөзі Абай алдына келгенде, Абай бітім-тоқтау айтындар деп өз атынан Жиренше мен Оразбайды жібереді. “Мұрын қызына азаттық әперіндер” деп арнап тапсырады. Жиреншелер Абайдың айтқанын орындап, қыз басын босатарман болғанда, Сыбанның біреуі: “Жол осы ма еді, Кеңгірбай әруағы, қайдасың!” – деп ұрандап, әруақ шақырады. Осыған қайысқан Оразбай Кеңгірбай жолын бұзғысы келмей, Абайға келгенде, ол: “Кеңгірбайдан әйел әділдік

көрген жоқ. Әйел үшін ол “Қара қабан” атанған”, – деп, өз айтқанын істетеді. Мұрын қызына еркіндік әпереді. Ал Оразбай мен Жиренше: “Абай асқанекен, Кеңгірбай жолын бұзумен тұрмай, “қабан” деп тілін тигізді. Енді бұдан біз кеттік, жауластық”, – деп, өзді-өзі серттесіп алады. Жолшыбай елге қайтқанда екеуі жарыс салып, Абайдан озып, бөлініп кетеді. Абай бұлардың бетін аңғарып, “білдім” дегенде, “білсең сол” десіп, тағы жарысып кетіпті. Осыдан кейін екеуі жар құлағы жастыққа тимей, қалың Найман алдында: “Абай Кеңгірбайға тілін тигізді”, – деп, өздеріне ұсаған бай-жуанның басын құрай бастайды.

Байғұлақ, Күнту бар, жиыны 16 атқа мінер Абайға қарсы шықпақ боп серт байласады. Бұл серттері Жиренше қыстауының үстінде, “Ши” деген жерде, Кеңгірбай бейітінің қасында жасалады. Кеңгірбайдың әруағын ата-сып, бейітіне бет берісіп тұрып баталасады. Жауламақ, жықпақтары – Абай. Оның еткен “жаманшылығы” әлгі. Міне, Күнту болыс болудың алды осы еді. Содан бері Оспан болыс болған шақта да тыйылмай жүрген күндестік, араздықтың түбі үнемі Абайға сарықпай тұрмайды.

Тартыс үстінде Оспан Оразбайды жазаға іліндірмек болады. Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан ел ішінде билер сиязын өз дегенінше өткізіп алып, қалаға Оразбайды қуа барады да, ояз кеңсесінің алдынан өз қолымен ұстап алып, “қорлық көрсін” деп, өзі мінген арбасының артына таңып алып, елге әкеледі. Бұрын қорлыққа бойсұнбаймын, көнбеймін деп тіресіп жүрген Оразбайға мынау істеген іс “құлақ естіп, көз көрмеген” кекті жаза болады. Бірақ Оспанның осы істеген ісінің арты көп арыз, көп қуғын болып, ең алдымен өзі болыстығынан түседі. Орнына кандидаты Арапты қоймай, сол кездегі “долынжы би” (бұл болыс пен кандидат екеуі де орнынан тайса, уақытша болыстық міндетін атқаратын бірінші би) Шөке деген інісін болыс қояды. Осы араздық, жаулық арты Абайға ең зор дұшпандық, ең салмағы ауыр міндет боп тағы кеп ошарылады. Оспан жаңағы ұлы пәленің артынан, үлкен тартыс енді молайып келе жатқанда, 1891 жылы қайтыс болады. Мұның өлімі Абай көрген қатты ауыр қазаның

бірі еді. 1892 жылғы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өлімінен уланып, дерттенген жайын көп жерде сездіреді. Осы өлімнің өзіне арнап та өлең айтады.

Оспан өлген соң, барлық жаудың азабы мен әлегі түгел келіп Абайдың жеке басына түседі. Еңбекке толы тыныштық өмірі бұзылады. Барлық ішкі қуат-сезімімен бұрынғыны барынша жек көріп, жиреніп алған Абай қайтадан сол әуелгі қалыпқа келген соң, тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді. Бірақ қалайда болса, кіріспесіне болмайды. Кірісу міндет болып алған. Өсиет көкसेп, мәжілісін іздеген жастарға медресе есігі уақытша жабылғандай болады. Өлеңдері де бұрынғы сияқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тынышсыздық, алыс-жұлыстың үстінде жазыла жүреді.

Осы жылдарда Абайдың өлеңімен қатар, аудармалары көп орын ала бастайды. 1891 жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Тартыс бірел емес, әлденеше елдің ішінде, әлденеше жұмыстардың тұсында бола келіп, 1897 жылға шейін созылады. Бұл әредікте шет елде болған тартыс – Тобықты мен Уақтың тартысы. Ол пәленің басы да Оразбай болады.

Оспан өліп, ел ішіндегі үлкенді-кішілі істерге өзі бас боп жүрген Оразбай енді Абайды түрткілеп қоздырып, бір пәлеге тартуға құмартады. Осы орайда Абай мен Уақтың бір ірі адамы Нұрке деген кісінің екі арасын шиеленістіретін бір кез келеді. Бұрын Абай мен Нұрке аса тату, дос еді. Нұрке – Көкен болысының қазағы. Жері мен елі Семей қаласына жақын. Өзі малды, өзі адамшылық абыройы зор, қала мен қырға бірдей беделді адам болатын. Сол Нұркенің бойжеткен қызын Абайдың баласы Мағауия аламын деп, әуелде бір қысырақтың үйірін қарғыбауға жібереді. Артынан Мағауия қызбен көрісе келе ұнатпай, алғысы келмей, сырт беріп жүреді. Қыздың көңілін тұрақтатқан құдалық та жоқ, азаттық та жоқ, жіпсіз байлау болады. Соны ауырлаған қыз Айтқазы деген адамға өздігінен сөз салып, тием дейді. Айтқазы – Ертістің ішкі жағындағы Белағаш деген болыстың ең жақсы адамы. Өзінің түбі Көкше (Тобықты), Абаймен қатты дос, шешен, алғыр адам болған. Бұның да жасы Мағауияға құрбы, жасынан

озғын шыққан адам еді. Нұрке қызына Айтқазы қызығады да, алып қашып алады. Осы жөнінде Айтқазының өзі де, Оразбай сияқты ел пәлесін тілеушілер де “Абай ашуланар, сойқан басталар, Абай мен Айтқазы, Нұркелермен қиян-кескі жауласатын болар” деп ойлайды.

Бірақ Абай түк намыс та етпейді, сөз де айтпайды. Аз күн ішінде Айтқазыға “саспа” деп басу айтып тыныштандырып, Нұркемен де қабақ шайыспай, бұрынғы достық күйінде қалады. Қыз сүйгеніне тиді, ерік алды. Әйел еркіне зорлық болмасын деп, ізге түсіп, жол айтып жүрген Абай өз басына келгенде сол жолынан тайған жоқ. Осыған айызы қанбай, бармағын шайнап қалған Оразбай өз бетімен пәле бастайды.

Көкен үстінде, Жалпақ деген жерде болған бір ояз елдің сиязына Тобықты шонжарларын ертіп кеп, Нұркеден Абай үшін жесір даулайды. Даулайтыны – жаңағы бітіп тынған Нұрке қызының басы. Сылтауы: Абай көнгенмен, Тобықтының әруағы көнбейді. Ол намыс етпесе, біз намыс етеміз деп, Тобықты билерін шүйлеп алып, Нұркені сиязға шақыртады. Абай мен Нұрке бұл сиязда жоқ. Нұрке Абайдың өзі дауламаса, өзгеге берер жауабым жоқ деп бармайды. Оразбай билерге салмақ салып, Нұркенің сыртынан ақы мен айып кескізеді.

Осыдан Тобықты жуандарымен ұстасқан Нұрке жер дауына кіріседі. Тобықтының Бұғылы, Шыңғыс деген болыстары мен Уақтың Көкен болысының шекарасы бөлінбеген еді. Нұрке қаладан жер өлшеуші шығартып, Оразбайдың болысы Бұғылының жерінен және бірнеше Олжай жуандарының жерінен жер кескізіп алады.

Тобықты қуып арыз береді. Соның аяғы Арқат сиязы деген екінші сияз болады. Онда Нұркеге бар Тобықты жабылмақ еді, бірақ Нұрке оязға дегенін істетіп, Тобықты жуандарының ұрлық-зорлығын айтып, өздерін ығыртады. Ұлық кәрінен қашқан Оразбайлар сияз басына жолай алмайды. Тобықты еседен айырылып, ұлық кәрін түйеді, көрші елдерге істейтін талайдағы зорлық енді Тобықты жуандарын опық жегізіп, састыра бастайды. Өз дәрмендері кеткен соң барлығы Абайға жабысады. Елдіктен кетеміз,

ара түс дейді. Абай амалсыз кірісіп, Нүркеге хат жазып, кісі жібереді. Нүрке Абайдың тілін сыйлайды. 91-жыл қайта қозған араздық пен 98-жыл арасындағы бір алуан хал осы еді.

Осы екі арада Абай өмірінде болған үлкен өзгерістер, 96-жылы Оспанның үйіндегі (бұл Құнанбайдың үлкен үйі) Еркежан деген келінін алады. Оспан өлгенде артында қалың дәулетпен үш қатыны қалған. Бірақ ешбіреуінен бала жоқ. Оспанның үш қатынын Тәңірберді, Абай, Ысқақ сияқты үш ағасы алып, ауылдары мен мал-мүліктерін де, келіндері отырған орындарға қарай бөлісіп алады. Көп сыбаға үлкен келін мен Абайға тиісті болады. Бірақ бұл уақиғаның үстінде де көп әңгіме болған. Абайдың Еркежанға үйлену ойында жоқ еді. Еркежан өзі де Ырғызбайдың үлкен үйінде отырған мінезді, байыпты, тоқтамды адам еді. Ол Оспанның артын күтіп, байға тимей отырып қалам деген. Абай соны мақұл көрген. Оспан тірісінде өз баласы болмаған соң, Абайдың Ақылбай деген үлкен баласынан туған немересі Әубәкірді асырап алған еді. Еркежан қолында қазірде сол бала болады да, үлкен үйдің иесі боп тұратын болады. Осы халді Тәкежан (Абайдың үлкен ағасы) қош көрмейді. Үлкен үй Абай қолында боп қалады деп қызғаныш етеді. Еркежанды әйелдікке өзі алам дейді. Тимеген соң, өзінің баласы Әзімбайға ти дейді. Жесір қатынның тыныштығын бұзып, мезі қылған соң, Еркежан “Абайдың өзі алсын, тисем соған тием” дейді. Бұл күнде Оспан үйіне Әубәкір жас болған соң мал-басқа ие болуға кіргізіп берген Кәкітай дейтін Ысқақтың баласы бар еді. Ол – 12 жасынан Абай тәрбиесінде өскен, Абайдың өзінен туған баласындай боп кеткен аса таза және өздігінен Абайша оқып, көп білім тапқан ерекше қадірлі жас еді. Сол Кәкітай бар, Оспанның басқа жақын дос-жарлары бар – барлығы Еркежанның басына Тәкежан тыныштық бермейтін болған соң, Абайға “өзің ал” дейді. Абай сонда да алмауға байлайды.

Енді өзі ала алмаған Тәкежан Еркежанға жаңа шарт қояды. Тиыш қоямын, тек қолыңнан Абайдың немересі Әубәкірді кетір дейді. Ол – Оспан мен Еркежанның бесікте

бауырына салған, туғандай баласы еді. Еркежан осы соңғы салмаққа шыдамай, Абайға сәлем айтып: “Не мені алып, үлкен үйіне тыныштық тапқызсын, немесе ренжімеймін, рұқсат етсін, Әубәкірді алып төркініме көшемін”, – дейді. Осыдан кейін Оспан өлгеніне 5 жыл толғанда, 1896 жылы Абай Еркежанды алады. Еркежанмен қоса Оспанның, Құнанбайдың үйіндегі мол байлықтың бәрін Абай өзі түгел баспайды. Оспанның өзге екі қатынын алған екі туысқаны Тәкежан, Ысқаққа көп қылып мал мен қыстау, қоныс енші бөліп береді.

Бірақ Еркежанды өзі ала алмай қалып, қызғаныштан арылмаған және Абай алғанның бәрін көпсінген Тәкежан осыдан кейін Абайға іштей қыжыл, қарсылық сақтап қалады. Абайдың абыройын қызғанған Оразбайлармен оның да демі бірігіп кетеді. Жанаса жүріп Оразбайлармен құда болады. Сол іштегі кірненің бәрі тез-ақ барып белгі береді. 97-жылдың пәлесінде Абайдың Еркежанды алғанын Тәкежанның кешпегені білінеді.

Еркежанды Абай өле-өлгенше жақсы көрумен кеткен. Мұны алған соң, өзге екі әйелінен, әсіресе соңғы кезде көңілі қалған Әйгерімнен алыстап кетеді. Ділдә ерте қартайып, балаларының анасы болған қалпында жәй ғана сыйлас досы боп қалады. Ендігі әйелі өзге екеуі емес, жалғыз Еркежан болғанға ұқсайды. Қыс болса, олардың қыстаулары да Еркежан қыстауынан (Жидебайдан) алыс болады. Абай үнемі осы Оспан үйінде, үлкен ауылда орнығып тұрып қалады.

Абайдың үлкен әйелі – Алшынбай аулының қызы Ділдә. Екіншісі – тоқал алған Әйгерім. Алғашқы әйелінен Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия деген балалары, Күлбәдан деген қызы болған. Екінші әйелі – Әйгерімнен туған балалары: Тұрағұл (Тұраш), Мекайыл, Ізқайыл және кіші қызы Кенже.

Абай Еркежанды алмай тұрғанда, көбінесе Ділдәнің аулында болып, кіші әйелінің балаларын сол ауылда өз қасына алып жүріп, Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Әйгерімнің қыстауы Аралтөбеде, ол Еркежан қыстауынан 70 шақырым жерде болады. Өзі Оспан аулына орнаған соң,

балаларының көбін қысы-жазы өзімен бірге ұстаған. Өз қолында болмаған баласы оқудағы Әбдірахман ғана.

Ол Семейде үйездік школды бітірген соң, Түменнің Реальное училищесіне барып, соны бітіреді. Содан кейін Петербурға барып, Семейде үйез болған Лосовскийдің мәслихаты бойынша Михайловская артиллерийская школаға түскен. Басында Абай Технологический институтқа түс деп жіберіпті. Сабакқа кешігіп келіп, түсе алмайтын болған соң, жаңағы Лосовский айтқан мектепке түсіп, соны бітіріп шыққан. Әбдірахман Абайдың қатты сүйеніш көріп, қатты үміт қылған баласының бірі болған.

Бұл жаңағы мектепті бітіруімен де қанағат қылмай, енді Әскерлік артиллерия академиясына түсемін деп жүргенде, костоед (құрт ауру) болып, 1895 жылдың ғинуарында қызмет етіп тұрған жері Алматы (Верный) қаласында қайтыс болған. Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйіндірген өлімнің бірі осы болады.

Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы еді. Соның мұратына жете алмай, ерте өлгені артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында “етекбастыны көріп” жүргенде, Абайдың аңсап тілеп, көп күткені сол баласының келешегі еді. Көп үшін өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашады деген жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да қатты толқынып келген көп зарды шығарады. Әбіштің (Әбдірахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері Оспанның өліміне айтылғаннан да зарлы, шерлі сөздер болады. Бұл өлім де осы кездегі барлық басқа өлеңдеріне қайғы мен өкініштің, қалың арманның уытын жайғандай болады.

Әрине, бұл уақыттарда Абай терең, даналықпен толғайтын ақынның өзі болатын. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыбағасы бар. Өз ішінде қалыптанып толған сыншы ақылдың бұны табынан ұзатып әкететін жалғыздығы бар. Оның үстіне, жанына сүйеніш санап, тіршілігіне жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жиналған соң, бар сотқармен алысып жүрсе де, Абай өлеңді өз жүрегінің тынысы сияқты қылып

алған. Сондықтан Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақшаға аударса, сол сөздерді құр ғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аудармайды. Барлығын да өз жүрегіне түсінікті, өз халіне жанасатын, өз қиялына дәл келетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударарды. Өзі шығаратын өлеңдерімен қатар, аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас-тынысы сияқты болады. Кезі келгенде айта кету керек, Абайдан қалған аудармалар тегіс бірдей емес. Кейбірін, мысалы, Крылов мысалдарының көп жерін немесе Лермонтов өлеңдерінің бірқатарын ақын дәл аударарды. Сонымен қатар сол Крылов, Лермонтовтың және, әсіресе Пушкиннің “Евгений Онегинін” әдейі бір кең толғаумен өзінше еркін жырлап жеткізеді. Бұнысы — аударма ғана емес, Еуропа, Шығыс әдебиет тарихында көп ғасырлар бойында тәжірибеде болған сарын қосу сияқты бір жол. Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішінен де соған үндес қоғамдық сыршылдық, эстетикалық сыр шығарып, қосыла күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім, ойларды өзгерте жырлауы әдейі істелетін өзіндік тұлғаларға жақын боп шығады. Сондықтан бұл алуандас ақындық еңбегінің бәрін бұдан былай құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынынша жазылған шығармалар деп тану керек. Осындай болып қалыптанған ақындық күйі Абайдың соңғы күндеріне шейін біржолата нығайып, орнығып алған арнасы еді. Әредікте қыс болсын, жаз болсын, ел сөзінен қолы босап, аз да болса орнығып отыратын уақыт болса, 1889—1890 жылдардай тағы да тәрбиешілік, ұстаздық етеді.

Бұл уақытта жалғыз өз өсиетін айтпай, шығыс пен батыстағы өзі таныс болған бұрын-соңғы данышпан, ғалым, ақын, жазушы атаулының бәрінен мысал келтіріп отырады. Ұдайы ойшылдыққа салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлайды. Сол ретпен, өзі оқыған қызықты, шебер романдарының көбін өз тілі, өз аудармасы редакциясымен әсем әңгіме қып айтып береді. Абай мектебінен тараған осындайлық жаңа, соны әңгімелердің ішінде

өз уақытында жаңа болған “Мың бір түн”, “Шаһнама”, “Бақтажар”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Көрұғлы сұлтан” сияқтылардан басқа, Еуропаның да талай романдары болды. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың “Үш мушкетері”, “Он жылдан соңы”, “Король қатын Маргосы”, Пушкин әңгімелері және Батыс Еуропада орта ғасырда инквизиция сотының заманын суреттейтін “Қызыл сақал” деген роман, онан соң Америка, Африкада жабайылар ортасында күн кешкен “жаһанкездер” жайындағы романдар да көп айтылатын болған. Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі – ол өзін “шығыс адамы едім”, “мұсылман едім” деп, дін тұсауына бағындырмаған. Жастарға үлгі, тәлім етіп айтқанда, өлеңінде Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сияқты, ауызша өсиетте де Сократ хәкім, Аристотель сияқтыларды көп айтады. Ұлттық тар көлемде де қалмайды. Сондықтан өзінің тәрбиесінде болған жас ақындарға әңгімелі поэмалар жазуға тақырыптар бергенде құлашты тіпті кең жаяды. Көкбай сияқтыларға қазақ тарихының ескілігін баяндайтын тақырыптар берсе, Мағауияға патшалықпен алысқан Шамильдің жәйін поэма еткізеді. Және сол Мағауияға “Медғат – Қасым” деген поэмада Африкадағы плантатор мен намыскер ер құлдың алысқанын дастан еткізеді. Ақылбайға Кавказдағы Дағыстан жайынан, Африкадағы зұлыстар жайынан поэма жазғызады. Міне, жастардың ұстазы болған Абай ең алдымен осындай көркем тәрбиеші, аға ақын боп зор қызмет етеді. Бірақ жанағы атқамінерлер пәлесі тағы да ырық бермейді.

Оразбаймен ұстасқан жаулық 1891 жылдан бастап 1897 жылға жетеді. Бұл кезде Абайдың ел ұстарлық Ақылбай, Мағауия сияқты балалары, Кәкітай сияқты немере інілері жетсе де, Абайдың соңынан ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің келелі кеңес-билігі болсын, үлкен шербешнай сияздар мен болыстық сияздары болсын, барлығынан да Абайды босатпайды.

Жоғарыда біз Абай өмірінің сыртқы өзгерістерін баяндаған уақытта, көбінесе партия басы, жуан бұзықтармен тартысқанын айттық. Соның өзінде де Абайдың

ел ішінде ең үлкен, ең дана, әділ басшы болғанын еске алу керек. Қармолада бірнеше елдің бас қосқан сиязына төбе би болған сияқты, Көктумадағы Жетісу мен Семей болысының бас қосқан шербешнай сиязында Абай тағы төбе би болған.

Мұндай жерде Абайдың білімі мен жүйріктігіне және көлдененге айтатын шебер, әділ билігіне талай рет көзі жеткен атқамінерлер, іштей жау болып жүрсе де, сырттай ешуақытта қарсылық көрсете алмаған. Өйткені бұны ақылдасатын қалың момын ел тілейді. Есемізді әділетпен әпереді деп тілейді. Өз беттерінде ру араларының даушарын шеше алмайтын ұлық та, бұл сияқты “сахара” заңына жетік адамға еріксіз жол беретін.

Сол шербешнайларда ақылдасатын елдердің қашанғы істерін қандайлық жол-жобамен қарау керек, соған жалпы ереже жасалады. Осы ережелер халық ортасына салынып, тексеріліп өткен соң, қаулы боп бекіледі де, ақыры жұмысты тергейтін “третей билер” түгелімен сол ережені қолданады.

Абай жаңағы ереже атаулының барлығын өзі жазып, көптің сынына салып өткеріп отырған. Мәселен, Көктума сиязында Абай жазған ереже 92 (бап) статья еді деседі. Патша үкіметі қазақ елінің ішкі өмірін білмей, жалпы әкімшілік жұмысын ешуақытта жөнге сала алмай қойған соң, жалғыз тапқан шарасы осы болатын.

Осы тұста айтылған ерекшелігінен басқа, Абайдың би болуын көп-көп елдің тілейтініне тағы бір себеп, Абайдың билігі өзге рубасылардың парашыл, бұра тартқыш билігінен басқаша болған. Дәл өз басы, өз алдына келген билікке шамасынша әділ болуға тырысқан. “Басшылық, ұстаздық, ел түзеуші” тез болу жайында ұдайы айтатын тазалықты Абай осы тұста өзі толық орындауға тырысқан. Мұның белгісіне Абайдың сырт елдердің талай-талай үлкен дауларына билік айтуынан басқа, дәл өз елінің ортасындағы биліктерін де мысал қылуға болады. Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты үлкен сөздер болғанда, Абайға келіп билік айтқызуға әрқашан жау жағы ынтық болады екен. Өзгені қойып, Құнанбай заманынан бері қарай

ұдайы жаулықпен күн кешірген Жігітек ішінің рубасылары да үлкен даудың тұсында алдымен сол Абайға баруға өзі ұмтылады. Тіпті дауласқан кісі Абайдың тілеуіндегі адам болса да соны істейді. Бірғызбайдың зорлықшылдарын ең алдымен аямай жазалайтын Абайдың өзі болады.

Мінеки, осындаймен 1897 жылдарға шейін Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үміті болған. Әйтеуір босатпайтын болған соң, “тым болмаса осымен бірдеңе істеп болмас па екен” дегендей. Мұндағы жолға Абайдың түскені осы соңғы жылдарда ғана емес, бұдан көп бұрын, 80-жылдардан бастау керек. Бірақ берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіздік кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады.

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя
Дауың мен шарынды, —

дейді. Бірақ 1897 жылға шейінгі ісі жалғыз бұл емес. Оразбай партиясы бір Шыңғыс, бір Тобықтымен тоқтамай, тағы үлкен ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай неғылса да бұл тартыс тыйылмайды. Оразбай кегі сондай күшті болған. Үндемей отырайын десе, тыныштықпен отырғызбайды. Еріксіз келіп түрткі салып, соқтығып, ерік алдына қоймай, майданға алып шығады.

Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай, көрші болыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы болатын жаулардың басын құрап, сайлау басында партия, тартыс шығарады. Сонымен, жауы баратын болған соң, ықтиярсыз Абай да барады. Балаларын, інілерін жібергеніне бөтен елдегі достары қанағат қылмай, өзін керек етеді. Осындайдың әлегімен жүріп, 1897 жылдың сайлауына келгенде, Абайдың үнемі арманды болып өткізген өмірінің ең мағынасыз қорытындысы сияқты болып, бір үлкен оқиға туады.

Бұл оқиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы үйез келер кезде, берісі Тобықты, арысы барлық Семей үйезінің шеңберінде түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жартысы Оразбай жағында, жартысы оған қарсы ниетте жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, қайраты қатал боп, көпті қорқытып, дәуірі Тобықты ішінде басымдап келе жатқан.

Осы кезде Мұқыр сайлауының дәл алдында ел ортасынан тағы бір тың әрекет шығады. Ол Бәзілдің қызы Қадишаның дауы. Бәзіл – Тобықты, Жуантаяқ ішіндегі бай жуанның бірі. Құнанбай тұстас кісі. Бұның Байғұлақ деген баласы – Оспан мен Оразбай аралығында “тең тартта” жүретін елеулі атқамінерлердің бірі. Соның қарындасы Қадишаны айттырып отырған жері Оразбайдың туысы Есболат екен.

Қыз атастырған жігітіне ырза болмай, Абыралыдан келген жолаушы Қаракесек Олжабай деген жігітке ғашық болады. Екеуі көңіл қосып, қашуға әзірленіп жүрген түні Сақ-Тоғалақ руының бес жігіті анду салып, ұстап алады. Байғұлақ, Оразбайлар қыз бен жігіттің екі аяғына бір кісен салып, өз қолдарымен жаза кесіп, Олжабайды өлтірмек болған. Жаны қысылған жастар көмек тілеп Абайға тілхат жібереді.

Абай сол арада бұл жандардың ауыр халіне ара түсіп, тез бұйырып, Олжабай мен Қадишаны өз аулына алдыртады. Сонда Қадиша Абай алдына жақындап, есіктен кіре бергенде, жастық арызын өлеңмен айтады:

Шығады бүркіт алған қыр басына,
Алаштың болдым жолдас мырзасына.
Бір кісен жеке тимей аяғыма,
Олжабай, ортақ болдың бір басына.

Олжеке, тартынасың неге жүрмей,
Бағана қалсаң еді маған ермей.
Бір жұмыс не де болса істеген соң,
Қарада жан қала ма дауға кірмей.

Алдыңа келіп тұрмын, Абай аға,
Бар шығар сізде-дағы мендей бала.

Айдайды кісен салып аяғыма,
Ісіне құдіреттің бар ма шара?! –

дейді. Абай Жуантаяқ пен Есболаттың қарсылығына карамай, Сақ-Тоғалақтың андушы жігіттерін де айыпты етіп, Олжабай, Қадишаға азаттық әпереді. Екеуін қосып, Абыралыға аман-есен жөнелтеді. Мұқыр сайлауының дәл алдында болған осы билік Абайға қыз төркіні Жуантаяқты, қыздың қайны Есболатты, айып тартқан Сақ-Тоғалақты да өкпелі, араз етеді. Оразбай тобына жалған намыс жоқтаған, қалың шоғыр тың руларды қосады. Ол Оразбайды бұрынғыдан да қоздыра түседі. Алыстағы Мұқыр сайлауына омыраулап араласып, асыға қимылдап, пәле шақырып жүреді.

Сонымен, сайлау жақындаған соң Мұқыр болысындағы Абайдың тілеулестері: “Сайлауға өзің жүрмесең болмайды. Оразбай келіп, сүйген адамын болыстыққа сайлап алып, басымызға пәле жаудырады”, – деп, Абайды еркіне қоймай алып барады.

Екі жақ та осы елдің сайлауын бір ірі түйін деп білген болады. Шынында, көп алысқан Оразбай бұл болыстың ішінде дендеп тұрады. Қарсы жағында бұрынғы барлық Қоңыркөкшеден жалғыз ғана азғана ру Көкше қалады. Одан басқа Мырза-Жөкең деген ел және бұрын Шыңғыстан Құнанбай балаларынан қашып, осында шыққан Жігітек, Бөкенші болысының барлығы да Оразбай ниетінде болады. Осы сайлауға шейін Мұқырдың болысы боп келген Әбен де Оразбайдың досы. Ол мықты, ояр, берік адам еді. Бұлардан басқа Шыңғыстың өз ішінен және тіпті Құнанбай балаларының арасынан да Оразбайдың өзіне қаратып, астыртын тілеулес қып алған адамдары болатын. Соның бірі – Абайдың ағасы Тәңірберді, бұл Оразбаймен құда. Және болыс боп тұрған баласы Әзімбай сыртына шығармай, Абайға білдірмей, іштей Оразбайға ақыл да, сыр да қосып қояды. Мұқырға ояз келіп, сайлау болғалы жатқанда, өз елінен Оразбай да аттанады. Ол жолшыбай Тәңірбердінің аулына қонып отырып: “Абай бұл топқа бармасын, барса бүлік болады”, – дейді.

Абай бұның алдында үйде тыныш отырып, ақындық, ұстаздық еңбек етіп жатқанда, Оразбай, Жиреншелер

және Жігітек, Бөкеншіден Бейсембі, Күнтулар, Жөкеңнен Әбендер тыным алмай пәле қоздырып жүреді. Осы топтың анық бүлік, жанжал басы екеніне солардың сыр-мінезін жақсы білетін Асылбектің дәл сол орайда айтқан бір сөзі айғақ. Сүйіндік баласы Асылбек ру жігі бойынша Күнтулармен бірге болса да, кесір іске бармайтын адал адам болған. Абайға өз басы дос, үйде жатқан момын жан екен. Соған бір күні Жиренше кеп амандасқанда:

— Аманбысың, байғызым! — дейді де, — Тастың арасында тек жатып, түбін ойлап жатырсың ғой! — дейді. Асылбек соған орай:

— Аманбысың, бәбісегім. Бәбісек көкекше әр қидың түбіне барып, бір “пыс!” деп, исі Олжайды түртіп тұрғызып жүрсің ғой! — деп мысқылдайды. Тағы бір орайда Жиреншенің мінезін жақтырмай әжуалап:

— Қосаяқ қой бұл. Күні бойы тек жатып, кеш батқан апақ-сапақта екі аяқтап, шаңдатып жортады! — дейді.

Бұл айтқаны, Жиреншелердей тынымсыздардың елді пәлеге айдап, сол Мұқыр сайлауындай тартысқа әзірлеп жүрген сұмдықтарын танытады. Олар, бір жақтан, бейбіт елді бөріктіріп “жау жетті” деп жүріп, екіншіден, өз араларын да нықтап, шүйлей береді. Сол күндерде Оразбай өз алдына әлденеше тәсіл-айланың, қастық, жаулықтың жолын атап, белгілеп ап, осының байлауын енді “Жер табанға берейік” дейді екен. “Жер табан” деп ат қойғаны — сол кездегі Жігітектің қайсар, қыңыр биі Бейсембі. Өздері түртпек салып жүрсе де, араздық туын Жігітекке ұстатпақ. Соларды найза басы етіп, алдына салып алмақ. Сол үшін Жігітектің “Жер табан” таймас, қайсар Бейсембісі топтың байлауын өз аузымен бекітсін дейді. Мұқыр сайлауында болатын оқиғаның бұ да бір астар жағы, әзірлігі еді.

Ақыры Абай да, Оразбай да сайлау басына барады. Оразбайға Әбен: “Елді алатынбыз. Бірақ Абай келді. Енді тағы алып кетеді”, — дейді. Оразбай сонда Абайдың аз кісімен келгенін біледі. Және Әбен жағында ел күшінің көп жиылып тұрғанын көреді. Өзінің жаулық ниеті іске асатын бір кезеңі осы деп түсінеді. Сонымен, қол қимылын істеп жіберуді тапсырады. Әбен мен Жігітектерге тапсырады.

Айтқанындай, Абай келген жерде Әбеннің өзі бастаған бір топ кісі Абайдың үйіне қаптап келіп, жабылып кетеді. Абайға таяқ тиеді. Әбендер Абаймен қоса Көкбайды да сабайды. Ол оязға барады. Ояздар мылтық атып барып, арашалап алады. Арашалаушылар келгенше, Абайдың үстіне жығылып, оған тиетін таяқты өз үстіне соқтырған бірнеше кісі бопты. Соның бірі – Кәкітай.

Бұл оқиға ел ішін астан-кестен етеді. Елдің Абай үшін күйзелген жігітінің бәрі тегіс атқа мінеді. Жарым жұрт жол тосып, өз еліне қашып кеткен Оразбайды ұстап алып, өлтірмек те болады. Ашу үстінде әртүрлі ірі жаулықтың жолдарын айтысады. Бірақ Абай оның ешбірін де қостамайды. Қол қимылынан елді тоқтатады. Жалғыз-ақ дәл сол күні Оразбайдың Тәңірберді аулына тілдесуге жіберген жансызы сезіліп қалады. Абай осыны білген жерде: “Менің жауым бауырымда отыр ғой, бүйткен елде қайтіп тұрам, кетем!”, – деп, атына мініп, қасына жолдас болған бір жігітті ала күнбатысқа беттеп қашады. Артынан қуа келген Ысқаққа: “Бұл елде тұрмаймын, жоғаламын”, – дейді. Бірақ қуғыншылар шылбырына оралып, атын жетелеп, қайта әкеледі.

Барлық осы уақиғаның терең тамыры жалғыз партия таласында емес, одан әріде жатыр. Бұл жанжал Абайға ескішіл, қараңғы надан феодалдардың өштігін көрсетеді. Олар үшін Абайдың білімі, әрі өлеңі де, жаңа жарық дүниені іздеуі де жат жаңалық болып көрініп еді. Жуандардың шірік ортасы намысқа дақ салғанда, өздерінің қаншалық нәрсіз, құнсыз екенін көрсетіп еді. Осы уақиға үстінде сол рубасылар ортасының іштей шіри бастағанын Абай жалғыз Тәңірберді мінезі емес, көп жерден көреді. Өзімен-өзі боп ойланып басылған соң, біртүрлі жуасып, шөгіп қалады.

Осы жай туралы елдің айтатыны: “Мұқыр уақиғасының артынан ағайын-туған, ел-жұрт, бала-бауырлары жиналып, біз де пәлен-түлен етеміз, өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ дескенде, Абай: “Барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды. Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ” деген сөз дұрыс емес. Мен бұл бітімсіздікті қостамаймын!” – деп, елді тоқтатты” – дейді.

Бұл уақыттағы Абай елден азайып, қайраттан кетіп, таршылық көрген жоқ-ты. Оразбай істеген іске онесе артық істеп, жазамен қарсылық көрсету 1897 жылда да қолынан келуші еді. Бірақ өзі көрген өмірдің барлығына Оразбай сияқты әншейін қазақтан, сонауғұрлым бөтен көзбен қарап, Абай жаңағы оқиғаны Құнанбай тұқымының бүліктігіне жаза санап, іштей әдейі тоқтаған сияқты. 80-жылдардан бастап екі кісі болып бөлінген Абайдың сыртқа көрсетіп жүрген тонын осымен өртегісі келеді.

98-жылғы өзі айтқан өлеңдерінің көбі осы сөздерге ашық дәлел. Оразбайлар мінезіндей қастық, жаулықтан тыйылғанына тағы сол кездің бірнеше уақиғасы куә. Абайды Оразбайлардың сабағанын естігенде, Тобықтының өз іші емес, алыс-жақын көп қазақ күйзеледі де, намысы қозып, ызаға мінеді. Абай үшін ең алдымен Керей, Найман жоқшы боп шығады. Керейден Бегеш деген кісі Абайға елші боп кеп: “Ерге жара түйін деген. Үрімді мылтық өзі атып, өзі түзеледі. Біз Керей, Найман елміз, қасындамыз. Ағайыныңа не қыл дейсің?” – дейді.

Абай сонда да жаулықты қостамайтынын айтып: “Ел жамайтын ертуса, ерік бермейтін еземеспін”, – деп, билікті өздеріне береді. Содан кейін Найманнан Серікбай, Керейден Бегеш болып Оразбайлар мен Әбенге, Жігітектерге билік айтып кеседі. Соны кесіп бұйырып отырып, барлық жұртқа паш қып айтқандары: “Бұл екі адам құны. Өйткені Абай жалғыз Тобықтының Абайы емес, Орта жүзге ортақ жақсымыз. Біз, Арғын, Найман, Керей, Уақ, Абайдың құнын мол қып жоқтамай қоя алмаймыз. Басқа жүзбен бас қосқанда Абайдай адамын құнсыз жіберген деген сүйегімізден кетпес таңба, билігіміз осы”, – деген де мойынсұндырған. Абай өзі бұл билік, бұл сөздің маңында да болған жоқ. Ал егер күшпен, елмен Оразбайларды жазалаймын десе, жаңағы қалың қазақ Абайдың жасағынан табылатыны даусыз еді.

Оразбай жөнінде тағы осындай бір іс 1898 жылдың жазында да болған. Тоғалақ руынан шыққан Ержігіттің Бейсембайы деген жас жігіт бір жолы Оразбай айтқан бір бұйрықты орындамайды. Соған ашуы келген Ораз-

бай кәр қылып, қорламақ болып, көр қаздырып, Бейсембайды тірідей көмдіреді де, өлімші ғып жазалап, зорға босатады. Сол ісіне ызасы келген көп Тобықты бірігіп алып, Бейсембайдың намысын жоқтап, аттанып барып Оразбайдың аулын тал түсте шауып, желісін кескілеп, үш мың жылқысына тиіп алады. Елдің осы ашуында Абай кегі де жоқ емес еді. Абай тілесе, бұл жолы Оразбай қайтып тұра алмастай соққы көрер еді. Бірақ Абай басы онда да жаулық қумайды. Одан соң сол тұстағы барлық басқа ісі мен мінезі де осы айтқан сөзді дәлелдейді.

Одан соң, 1899 жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасына меже салып, шек жүргізгенде, бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен және сол жылғы жанжалдың кіндік енесі болған Жігітек, жер-қоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарап қалады. Бұл оқиға болғанда ел әңгімесі бойынша Жігітек: “Ашулы арыстанның алдына кол-аяғын байлап тастаған адамның ойын ойлады. Бірақ Абай сол араз ағайынның бар адамдарын шақырып алып: “Қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды. Бұрынғы араздық кекті тастайық”, – деп, Жігітеппен де шын татуласты”, – дейді.

97-жыл оқиғасының тұсында бұрынғыдай ашуланбай, ашуланғысы келмей, кек аламыз деген жақындарын тоқтатып, өзінің де қатты өзгеруінің тағы бір белгісі – Абай бұл жұмысты ұлыққа да шақпаған. Заң-зақұн арқылы кек алуды да іздемеген. Және 98–99-жылдың қысынан кейін Семейге біржолата бармайтын болған.

Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолата тыйылмағына өмірден суынып, қажі бастағаны да себеп болған. “Алды – үміт, арты – өкініш” өмірден енді шын түңілген сияқты.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды ку өмірдің,
Татуды – араз, жақынды жат қыларға?! –

дейді. Бірақ Абайдың өз басы осы күйде болғанымен, 1897 жыл уақиғасының арты Тобықты ішінде із-тозсыз өшіп

калды, партия, пәле, алыс-жұлыс тыйылды деп ойлау керек емес. Рубасы, атқамінер атаулыға ол әуе мен су сияқты тыныс болып, қорек ететін талшығы! Сондықтан Абайдың өз бала-інілері де Абай жаңағыдай қарады деп тоқтап қалған жоқ. Енді солар кекті боп, солар қуғыншы болады. Күштерін ел келесін алуға салады. Абай мен Оразбайдың жас кезіндегі әдіс-тартыс қайта қолданылады. Ел келесін алу деген – Тобықтының өз ішінде тілеулес, достарды қай жағы көп алады, соның тартысы. Елді көп алғандық шербешнайларға тоғысатын билерді көп алудан білінеді. Биді молайтып, басып алған жақ кесікті өз қолына алып, түпкі кекті сол кесік жазаларымен орындайды. Абайдың намысын, ісін қуған іні-баласы барды осы шербешнайларға салады. Сол аталған топтың барлығын да екі жағы бірдей би атаулыға мал мен пұлды кезек беріп, қатты шығындап жатады. Бұл тартыс-таластардың тұсында жандарал, ояз кеңселері де, әсіресе, жасырын тыңшы полиция кеңселері де тек отырып қалмайды. Тегінде, орыс халқының ішінен шығып, патшалыққа қарсы алысқан төңкерісшіл топтармен іштей де байланыс жасаған Абайға патшалықтың ресми орындары, кертартпа ұлықтары көптен қадала қарап жүргендер. 86-жылы Абай аулына айдаудағы Долгополов барып, қадірлі қонақ боп жатқан жаздың өзінде де Семей жандаралы қаланың тыңшы кеңсесі полицмейстері арқылы Абай аулына астыртын жансыз бақылау жасатқан. Кейін жылдан жыл өткен сайын қазақ сахарасына өлең-өсиет, үгіт тарап, қалың елге, әсіресе еңбек еліне қадірі артып бара жатқан Абай – патшалықтың болыс, ұлықтарын шенеп, жерлеуші Абай жәйлі кісі, жақын кісі боп саналмайтын. Сондықтан оның ортасындағы әсерін әлсіретіп, қанатын қыркатын дүлей күш қазақтың өз ішінен табылып, оны жандарал кеңселері әлдеқашан құптап, қостаушы болуға әзір жүретін. Оразбайларға астыртын дем беріп отыратын өздерінің де ішкі саясаты бар еді. Олардан Абайды жамандап түскен арыз болса, ерекше ықыласпен тындап, сондай жасырын шағым мына тұста да аз болмайды. Соның бірін сылтау, себеп етіп 1903 жылы қырдағы Абай аулына жандарал бұйрығымен Семейдің тыңшы кеңсесінің бастығы

полицмейстер өзі бастап, бір топ жандармдармен кеп, қатты тінту жасайды. Ниеті Абайды бір жазаға іліктіру еді. Бірақ ақынның халық арасындағы зор атақ, даңқынан, қадірінен жасқанып, батыл әрекет істей алмай кетеді. Сол жолы Абайды астыртын көрсетіп отырған тағы да бүлік, бұзық рубасылар, сатымсақ болыстар еді. Абайдың барлық өмірінің бойында халқына еткен қасиетті еңбегіне өш болған қараңғы кертартпа, қанаушы топ.

Абайдың “ел мінезі” деп рубасылар мінезін алып, торығып, зарлап жырлауы осы халдерден туады. Ақын тіршілігінің ең ауыр қорытындысы, әсіресе, сол 1897 жылдарда және өзі тоқтаған жылдарда тіпті айқын боп шығады. Абай енді жылдан жыл өткен сайын түңіліп, шөге береді. Осы жылдарда өлімді де ойлай бастайды. Сондықтан өзі кешірген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске ала отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілік ұмытылмайтын “Өлсем, орным қара жерді” жазады.

1898 жылы осы өлең жазылған соң ғана, өзінің бұдан бұрын жазған өлеңдерін “жинасын” деген. Бізге бұл жұмыс қаншалық ғажап көрінсе де, осы 1898 жылға шейін Абайдың өлеңдері бір араға топталып жиналмаған болатын. Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, жинап отырмаған. Әрқашан, кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір ойлармен қозғалып отырғанда, қолына бір табак қағаз бен қарындаш алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды екен. Соны қасында отырған балалары, інілері я жәй адамдар болса да, қалтасына салып алып жүріп кетеді. Содан бірден-біреу жазып алып жаттайды. Кейбірін әнге қосып, домбырамен айтып жүреді.

Өлең жазу қызметі осы сияқты болғандықтан, қазірде біздің қолымызға Абайдың өз қолынан жазылған қолжазбасының бірде-бірі жетпей отыр. Барлығы да ел жігіттерінің қалтасында, қойны-қоншында жүріп, жоғалып кеткен. Осы ретіне қарағанда: “Абай бергі жазған талай өлеңі ешкімге мәлімсіз болып, біржолата жарық көрмей, шығысымен жоқ болып кетпеді ме екен?” — деген күдік туады.

Өйткені жасынан біткен әдет бойынша Абай біреудің

оғаш мінезін көргенде, ылғи қалжың-мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, ағайын-туысқандарын мысқыл етіп, солардың мінді мінезін күлкі ғып айтады. Сол кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мінін айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Онан соң, кейбіреулер Абайдың өзінен жалынып-жалпайып сұрап алып та, көзінше жыртып тастайтын болған.

Мысалы, Көкбайға, Қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге анық ұшыраған. Онан соң тағы бір алуан өлеңдерінде жақын туысқан, жақын туыстарын қатты мінеп айтқандықтан, інілері мен балалары “ана кісілер өкпелер”, – деп, жасырын жоғалтып жібергені де бар сияқты. Осындай өлеңдердің турасында еске алатын бір нәрсе: Абай кісі мінін айтып, өлең шығарғыш болғанда, сол құралды ешуақытта нағыз жауына жұмсамаған. Өлеңімен мысқыл қылатыны ылғи жақыннан шыққан атқамінерлер болады. Сондықтан бұлардың Абай сөзін жоқ қылып жіберуі өзгеден сонауғұрлым оңай болған. Қайта өлеңдеріне қарағанда, Абайдың қара сөздері көбірек, түгелірек сақталған сияқты.

90 жылдардан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң Абай өлеңді аз жазса да, “қара сөзбен” айтатын өсиетті көп жазатын болған... “Ғақлия” деген өсиеттері сол 90-жыл мен 98-жылдардың арасында жазылған. 1891 жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдерін сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар.

Қалай да болса, Абай соңғы 10-15 жыл ішінде осы сияқты жаңа түрді тауып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт бөледі. Бұл кездерде Абай сөзін қадірлі көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ынтық болып отырған ел оқушылары “қара сөздер” шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болып алған. Қайта берірек келгенде, ел ішіндегі оқушының барлығы да Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жазғызып, көшіртіп алып жүргенде, ең алдымен қара сөзді тілейтін. Үйде отырып оқығанда да өлеңін

қойып, ылғи ғана қара сөзін оқып, соған көп ынтығатын. Тегі, “қара сөздер” кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы сауаттылардың қолына түсіп, соларда шашылмай, аман сақталып қалған сияқты. Бұл ретте Абай сөздерінің шашылмауына, жоғалмауына мезгілімен тізіліп, жазылып, елге тарап отыруына көп еңбек еткен молдалар бар. Олар Кішкене молда, Самарбай, сонан соң әсіресе Мүрсейіт. Баспаға шыққанынша жыл бойы әлденеше рет Абай жинағын көшіріп отырып, Мүрсейіт бір кітапты бір қойға сатушы еді.

Өз өлеңдерін 1898 жылға шейін жиғысы келмегені Абайдың өлең сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған. Өлең Лермонтов, Пушкин сөздеріндей болмаса, одан берідегі сөздері өз сөзі болса да, толық қанағат қылмаған. Барлық қазақ әдебиетінің өзі білген ескілігінен жалғыз Марабай мен Шөжені ғана “нағыз ақын” дейді екен. Бірақ Абай Махамбет, Мұраттарды ести алмаған сияқты.

Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру аз екен. Жалғыз ғана “Сегіз аяқ” деген өлеңнің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар. Басқа жалпы өлеңдері туралы: “Қайта жазсам, бұдан жақсырақ, толығырақ болар еді” деген. Өлең сөзге келгенде азға місе қылмай, қатты сынайтын Абай өз сөздерін сынаумен қатар, маңында өлең жазатын жастарға да сондай мінез істеген. Тегінде, Абайдың өсиеті, үгіттері, білімді, мағыналы кеңестері мұның маңына өз тұсындағы талапты жастардың талайын жинаған дедік.

Сол жас шәкірт ақынның бәрі де, қысқа өлең, өсиет өлең айту Абайдың жолы, дағдысы болғандықтан, өздеріне Абайдан алған үлгіге қосып тың бір түр іздеген сияқты. Сондықтан көпшілігі ұзақ, әңгімелі өлең жазады. Ақылбай – “Дағыстан”, “Зұлыс”, “Жәррах” деген поэмаларды; Мағауия – “Медғат – Қасым”, “Шамиль”, “Еңлік – Кебек” поэмаларын жазады. Және Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай сияқты жастардың Әбдірахман науқасына, өліміне арнап жазған ұсақ өлеңдері де көп. Бұлары мұнды-шер өлеңдері, нағыз сезім лирикасы.

Қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзінде шығып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан күрделі әдебиет ағымын көрсеткен болар еді. Абай бұл жастардың өлең жазуын өте жақсы қабылдаған. Бірақ бұлардың өлеңдеріне де жалпы өлеңге қоятын қытты сынын түгел қояды. Сондықтан сөздері ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкбай, Әріптердің өлеңдерін еске алып:

Сөз айттым “Әзірет Әлі, айдаһарсыз”,
Мұнда жоқ “алтын иек, сары ала қыз”.
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, —

дейді. Алғашқы жолдағы “Әзірет Әлі, айдаһарды” Көкбайға арнаған. Оның діншіл қисса сарынымен жазған бір өлеңін жақтырмай айтқан. “Алтын иек, сары ала қызды” Сыбан Әріп деген ақынның “Зияда” деген киссасына арнаған. Әріп қыз көркін айтқанда:

Ақ тамақ, алтын иек мойындары,
Ұжмақ, жұпар иісі қойындары.
Бағдат, Мысыр қызығы ұқсамайды,
Бұлардың сауық қылған ойындары, —

деген. Сұлу қызды сипаттаймын деп “иегі алтын, көзі гәуһар” деп, түсіне қарамай, асыл тастарды санай береді. Соған айтқан.

Абайдың сын сөздері ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ іштерінде, әсіресе Әріп қатты намыс қылып, кектеніп, Абайдан есесін қайырмақ болып, “Біржан – Сараның” айтысына Абайды жамандау сияқты көп сөздер қосқан деседі. Қалайда болса, осы айтылған мысалдар ақын боламын деген жастардың сөзіне Абайдың қатты сынмен қарап, үлкен шарт қоятынын анық көрсетеді.

Абай сөздері көбірек жайыла бастаған соң, Тобықты іші болсын, басқа көрші елдер болсын, барлығы да мұның

жазбаларының ұдайы оқушысы, тыңдаушысы болады. Бұларға ол сөздерді жеткізетін жалғыз жазуға ғана емес, қайта көбінесе домбырашы, әнші жігіт болады. Осы жағынан қарағанда, Абай өлеңдерінің тыңдаушысы мен жаттаушылары хат білетін, арнаулы аз адамдар ғана болмай, жалпақ ел болады. Фольклор мен жазба, баспа әдебиеттің жапсарында шыққан ақынның шығармалары әрі ауызша, әрі жазба әдебиеттің күйін бірдей кешеді.

Абай айналасында өлең айтып, ән саламын деген әнші-ақын болса, қыз-келіншек, жас-кәрі болса – барлығының да топта, ойын-тойда айтатын жырларының көбі Абай сөздері, Абай әндері болады.

Біз бұл уақытқа шейін Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда, ылғи ақындығын сөз қып келдік. Енді, осымен қатар, одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар композиторлық еңбегін де атау керек. Абай өзі жақсы домбырашы болған. Қазақтың ескі ән-күйін жете білген, барынша сүйген. Елдің ән-күйін елти сүйіп айтқан:

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, –

деген өлеңдері бұған дәлел. Және сол ән баян еткен ескі халді ойлап, толғанып кеп:

Есіткендей болады
Құлағым ескі сыбырды.
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды, –

деген жолдары бұның өз еңбектерінің терең тамырлары сол қазақтың өткен өнер, мәдениетімен жалғасып жатқанын көрсетеді. Осы сияқты әр кезде, көп өлеңінде Абай ән-күйге талай-талай сұлу, мағыналы жырларын арнайды. Ол – музыкаға ақын боп қосқан үні. Сонымен қатар Абай музыканың өзіне композитор болып та атсалысады. Абайдан қалған 16-17 ән бар. Бұлардың көбі – өзі жазған жаңа

әуез, жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер. Мысалы, “Сегіз аяқ”, “Сен мені не етесің”, “Қор болды жаным” сияқты 6, 7, 8 жолды өлең түрлерін шығарса, соларын жұрт құлағына жұғымды, сіңімді ету үшін қосарлық әнін де шығарады. Бұл ісі осы сияқты өлеңдерін өте даңқты қып, көпшілік әні қып әкетеді. Сол тәрізді Пушкиннен аударған Татьяна, Онегин хаттарына да арнаулы әндер шығарады. Қазақ көпшілігіне әншейінде ұғымсыз, тосаң көрінерлік орыс жастарының аттарын, өмірін, сезімдерін мынау әндер арқылы аса түсінікті, әсерлі және өте даңқты етіп жібереді. 1890 жылдардан бастап Онегин, Татьяна аттары қазақ сахарасында халықтың өзі тудырған жырларындағы адамдар атындай белгілі аттардың бірі болады.

Абайдың композиторлық еңбектерінде де, ақындық еңбегі сияқты, өзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауызша әдебиетке Абай көп еліктемей, жалпы сөз қорын пайдалана отырып “Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел” деп өзінше жаңа мазмұн, жаңа түрлі өлеңдер жаза бастағаны сияқты, әнде де бұрынғы әннен гөрі өзгерек түрлерін шығарады. Бұрынғы әнді өзі бұрынғы әдебиеттен сонағұрлым артық бағалағанмен де, ендігі өз әнін жақсы жазған болса да, жанаша үлгімен айтпақ болады. Шырқауы, айғайы аз, көбінесе құлақ күйіне ұқсаған қоңыр, баяу әндер. Және, әсіресе не бәйіт, не орыс пен Еуропаның камерный әніне, романстарына ұқсаңқырап келеді. Бұрынғы қазақ әнінен мүлдем басқаша әндер болады. Бұл да өзінше жаңа жол табам деп, нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұ да бір күрделі, үлкен саласы болып саналады. Жеке әндерінің шығарылған жылдары дәлді мәлім болмаса да, әйтеуір жиыны 1886 жыл мен 1897 жылдар арасында шықты деседі. Өлеңі қою шыққан жылдарда әндері де шығады.

Енді ақындығының соңғы жылдарына оралып келсек, Абай 99-жылы өлеңді едәуір жазады да, осы жылдан соң, алғашқы жаза бастаған 80-жылдары сияқты, өлең сандары тағы азая бастайды. Көп жазылған жылы 4-5, әйтпесе 2-3 өлеңмен 1903 жылға келеді де, содан кейін біржолата өлең жазылмай қалады.

1903 жыл мен 1904 жылдың қысында Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көретіні – Мағауия бұрын көптен әлсіретіп жүрген құрт аурудан төсек тартып жатып қалады. Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының бағалауынша да Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған. Бұл ақындығының үстіне ерекше мінезді кісі болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің үнемі өз қасында ұстап, шын жақсылап тәрбиелеп шығардым деген баласы осы болатын. Елде отырып Еуропа тәрбиесін алған адамдардай ақыл, мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің қалыбында болған. Бұл да әкесі сияктанып қырда отырып, көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған адам еді.

Ел жұмысына кіріссе, әкесінің міндетін өз мойнына алған. Жұмсақ мінезді болып, ел көпшілігіне аса сүйікті болған. Сол Мағауия 1903 жылы қыс бойы төсек тартып ауырып келіп, жазғытұрым қайтыс болады.

Абайдың өзі бұл өлімнен бұрын да өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санап бастаған еді. Өз ойынша, ажарсыз, мағынасыз өткен дәурені жалғыздық дертімен құлазытып, жүдетіп, тоздыруға айналып еді. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң, Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, ешнәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын емшіге көрсетпейді де. Мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен, Мағауияның өлімінен кейін қырық күн отырып, 23 маусымда 1904 жылы алпыс жасында қайтыс болады. Абайдың сүйегі Жидебайда, Еркежан қыстауының жанына қойылады.

* * *

Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы әлі жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ. Бірақ бұл күнге шейін ақын шығармаларының әрбір толық басылымының тұсында сол өмірбаянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосыла түсіп, өсіп келеді. Осы басылымда беріліп отырған өмірбаяны да бұрынғы жазылған

сөздерден молайып, ұлғая түсті. Енді бұнан былай ел аузынан жиылатын естегілері, жалпы әңгімелер де жамала беруге тиісті. Сонымен қатар ерекше бір көңіл бөліп, кейінгі зерттеушілердің есіне әсіресе салып өтетін бір жай: ақын жөніндегі орыс тілінде сақталған деректер туралы.

Бұл күнге шейін біз Абайдың достары болған орыс оқымыстыларының: Михаэлис, Долгополов, Гросстардың не хат, не күнделік, не мақала сияқты еңбектерінде Абайды сөз қылған бөлімдерін жинай алмадық. Тек бір табылған аз сөз Америка жазушысы Кеннанның “Сібір және айдау жазасы” деген кітабында Абай жайында айтылған бір дерек.

Анығында, Абайдың өмірбаянын оқыған кісінің бәріне мәлім нәрсе, оның патшалық ұлығымен, ұлықтар кеңселерімен аса көп рет кездесуі туралы болады. Крестьян начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ соты, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері барлығының архивтерінде Абай жөнінен көп жаңалық табуға болар еді. Орыс достарының өзара хаттары, естеліктері, күнделік жазбалары да Абай жөнінен нелер қымбат, қызық жаңалықтар айтса керек.

Осымен бірге тағы бір ескеретін нәрсе, бұл күнге шейін Абайдың өмірбаянын жазғанда барлық әңгіме, дерек Тобықтының ішінен және әсіресе Абайға анық жақын болған туыстан, достан алынып келген. Тек осы соңғы жылда ғана көршілес Керей, Уак, Найман елдерінің аздықөпті әңгімелері енді ғана кіріп отыр. Бұдан былай сол сыбайлас елдердің Абайды өз көзімен көріп, әңгімелескен адамдарынан қалған ертегі, аңыз емес, нақтылы деректері, жаңалықтары болса, соларды көп қосу қажет.

Бұның бәрінің үстіне, әлі де Абайдың өзі туып-өскен елдің ішінен Абайдың үлкенді-кішілі істері, сөздері, мінез-машықтары туралы айтылатын қосымша әңгіме, естегілер теріліп жазылып, тізіле беру керек. Осындай “неше саладан сарқылып келерлік жаңалықтар әлі де бар, мол” деп сенгендіктен, біз әлі ақынның өмірбаяны үстей береміз, өсе береміз дейміз. Кейіндеп барып көп жағынан әлі де толығады дейміз.

Абайдың жайына соңғы жылдарда қосылған өмірбаянының осы соңғы түріне кірген ірі деректерден басқа бірталай ұсақ, бірақ аса қажет, елеулі әңгімелер бар. Олар Абайды әр жағынан мінездейтін бағалы деректер. Осы жолғы өмірбаянын соның біразын айтумен аяқтаймыз.

Бұл әңгімелердің көбі 1935 жылдан бері қарай, әсіресе соңғы жылдарда Абай ауданындағы немесе жалпы Семей облысындағы колхозшы еркек, әйелдердің аузынан жазылып алынған. Бұнда Абайдың жас жігіт кезінің әңгімелерінен бастап, өлер шағына шейінгі жайлары араласа жүреді. Әңгімелер ақын Абай, әзілқой, мысқылшыл Абай жайын айтады. Өнер мен өнерпазды, аңшылықты, ас пен тойды, ат қосуды сүйетін Абайды суреттейді. Және аса бір бағалы естегілер кедей көршіге, жалпы еңбек иесі бұқараға берік дос болған Абайды танытады. Балаға, келін, жасқа тәлім айтып, ұстаздық, ағалық етіп отырған ақынды кейіптейді. Сондай әңгімелердің бір алуаны Абайдың қалжыңды қадірлегенін көрсетеді. Қалжың, әзілді Абай өлеңімен де, қара сөзбен де айтып, айтысып отырады екен. Абай Қоңырқөкшеге жас жігіт кезінде бір рет болыс болады. Сонда бір күні Байкөкше ақын Абай отырған үйге кіре бергенде, Абай қарсы алдынан өлең бастап:

Такыр жерге қабындап шөп бітеді,
Кей адамға мал мен бас көп бітеді, —

дей салып, “ал осының аяғын отырғанша айтып жіберші” дегенде, Байкөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді, —

деп қалжындаған.

Өлең, қалжың Абайда аса көп болған. Ұлы сөзде өрелгі жоқ болса, зіл де жоқ. Жалпы айтыстың еркіндігі бойынша “Сөз тапқанға қолқа жоқ” деп, екшесе берген. Абайдың Ақылбай деген баласынан туған немере қызының күйеуі келіп жатады. Сол кезде күйеуді ертіп келген құда шал отырғанда, Абай өлең бастап:

Есіктің алды тастақ та,
Тастақтың алды баспақ та, –

дей бергенде, жаңағы құда шал:

Атасы басқа жау жеңге,
Күйеу қасына тастап та, –

деп ойын-сауық өлеңінің ізіне салып жіберген. Абай кейде әзіл сөзді қара сөздей қолма-қол айтып салып, сол арада қайта есіне алмай қалдырып кете берген. Осындай бір қалжыңды Ағыбай туралы айтады. Біреу кеп: “Ағыбай тағы да алдап, сырт беріп кетті” дегенде:

Адам деп есеп қылма Ағыбайды,
Анттан қорқып құдайды танымайды.
Сабын жаққан терідей жылп-жылп етіп,
Шіркін-ай, бір орыннан табылмайды, –

дейді. Кейде Абай оқыс бір сұраумен ел кісілерін сынайды. Керей Шақантайдың Төлтай, Ошыбай деген кісілері келгенде, Абай: “Қаттыда не қатты, тәттіде не тәтті?” деп сұрайды. Соған Ошыбай: “Құрттың ақ малтасына қосып жеген қанттан не тәтті бар дейсіз бе?” деп бастағанда, Төлтай құрдасы: “Ой, ит, оттама. Қатты дегені – жоқшылық, тәтті дегені – жан емес пе!” – депті. Абай күліп: “Жарайсың, Төлеуім! Құдай ақымақты да, ақылдыны да Шақантайға берген екен!” – дейді.

Қалжыңды билік үстінде де колданып, мылжың даугерді мысқыл, әжуа етеді екен. Мамай Қарабас руынан шыққан Тоқа деген кісі өзінің бір туысынан құнан даулап Абайға келеді. Екі жағы бір-бір рет айтқаннан кейін Абай жауапкерге: “Мына Токаның құнанын бер!” – дейді. Тоқа дауқұмар, мұндай тез билікке айызы қанбай: “Абай, сөзімді екіндіге шейін тындашы!” – дейді. Абай қозғалмай, үндемей тындап-тындап алып, енді жауапкерге: “Сен енді құнанды берме!” – дейді. Тоқа: “Е, бұның не?” дегенде: “Сен құнаныңды бағана алып ең, өзің дауға саттың” деп, мылжыңдық, даукестікті жазалайды.

Тағы бір әзіл үкімді баласы Мағауияға айтқан. Көжекбай, Тезекбай деген ағайынды екі адамның жер дауы болады. Көжекбай – бай, Тезекбай – кедей. Көжекбай жағынан Мағауия алып мінген бурыл ат болады екен. Соған сеніп Көжекбай Тезекбайға зорлық етеді. Тезекбай Абайға келеді. Сол тұста Абай Мағауияға: “Бурыл аттың алдына сен, артына мен мініппін. Тезекбайдың есесі қайтіп тиеді?” деп баласын ұялтып, Тезекбайға Көжекбайды жығып беріпті.

Абайдың ел ішінде өзіне тартып, дос тұтып, серік етіп жүретіндері неше алуан өнерпаздар болған. Кавказ адамы, айдаудан қашқан бір зергерді ұзақ сақтап, елдің зергерлерін жиып, әлгі қашқыннан күміске қарала жүргізуді үйреттіреді. Сонда Абай ою-нақысқа қазақтың өз оюларын салғызып, үлгі таратады.

Өнер иесінің ішінде құсбегі, аңшы, мерген, ат бапшылы болса – бәрі Абайдың сыйлас адамдары болады. Жасынан Тұрғамбай құсбегі, Бөшей мерген, өз інісі Шәке сияқты кісілерді ертіп, “салбурынға” бүркіт пен түлкі аулауға көп шығып жүрген.

Ал ән-күй өнерпаздарынан жасында Біржанды сақтап, қонақ еткеніндей, бертінде Мұқаны, Әсетті, Әлмағамбетті сақтап және өзінің барлық балаларын ән-күй өнеріне қатты зер салдырған. Өз әйелі Әйгерімнің әншілігін өсірмек боп, Біржаннан жаз бойы ән үйретеді. Кейін Тәкежанның Мақұлбай деген баласы өлгенде, Әйгерімге жоқтау өлеңді өзі шығарып беріп, жаздай жақсы әуенмен жоқтау айтқызады.

Белгілі әнші-күйші емес, жәй орташа айтушыларға да халық жырларын немесе өз тұсындағы ақындар жазған дастандарды жырлатып отырады. Топай Бейсембай деген ақынға “Қозы Көрпешті” Жанак үлгісімен жырла деп тапсырады. Бірақ бар өлеңін бірқалыпты әуенмен айту жол емес деп, Қарабай, Қодар, Тазша, Сақау қатын, Баян, Қозы барлығына кей жердегі өзді-өзі сөздерін, өз әуенімен айтқызатын болады.

Халықтың қайрат-өнер спортын да Абай қатты қызықтаған. Өз тұсында болған ірі астардың барлығына Абай барып отырады. Бәйгесіне ат қосып, күресіне балуан түсіріп, үнемі өз қызығы етіп тамашалайды. Абайдың

жолдасы, серігі боп кеткен Құдабай, Нұрмағамбет сияқты “түйе балуандар” болған. Өз тұсындағы “Бозамбай асы”, “Торыайғыр асы”, “Мұрын Бұланның асы” деген сияқты толып жатқан талай асқа нелер жүйрік бәйгелерді апарып, қызықтап қосып жүрген.

“Кедей құла”, “Айдапкелдің ақтабаны”, “Ақбас ат” деген сияқты талай ірі бәйге аттарды біреуден көп төлеп сатып алып, біреуден базыналықпен сұрап алып, сол арада өзінен сұрап келген сыйлас адамдарына бере салып, ыр-залай жүрген. Бәйге ат, қыран құс, алғыр ит сияқты көп қызығы болатын асылдардың бір-ақ кісінің қолында болмай, әркімнің, әр ортаның қызықтауында жүргенін мақұл көреді. Осындай естегілер қатарында Абайдың аулына малшы, жалшы, қоңсы-көрші болған әйел-еректің, жас-кәрінің әңгімелері де аса бір қымбатты дерек боп отыр.

Еңбек сүйген адамды Абай зор бағалаған. Өз аулына көрші, малшы болған сондай еңбекшіл адамның талайын Абай байытып шығаруға тырысады. Оспан үйіне малшы боп, артынан Абайдың қарамағында болған Жетібай, Көтібай деген екі кедейді 600 қой, 100 қарасы бар ауқатты ауыл етеді.

Абай аулынан Байсүгір, Дарқан, жанағы Жетібайлар сияқты талай жандар малданып, әлденіп көшкен. Кейбір пысық, мықты жігіттер кедейліктен ұрлыққа салынып кеткенде, ұрлығынды қой деп серт, уәде алып, “енді саған ерген кедейлік итті мен көрейін” деп, алдына аз жылда мал салып, тоқ, ауқатты үй етіп жіберген. Тіпті бұрынғы жау Жігітек ішінен де сондай еткен, жақсы көрген адамдары болған.

Кейін барлық бала-шағасымен Абайдың шын берік досы болып қалған Қорамжан сондай адам еді. Мұсабек деген Жігітек ұрысының адам болуына да Абай көп көмек еткен. Қорамжанның баласы Қатпа әуелі малшы болып жүріп, артынан Абайдың туған баласындай ет-бауыр жақыны, дос інісі боп кетеді. Осы Қорамжан, Қатпалардың Абай қолына жаңа көшіп кеп, кедей боп жүрген кезінде бұрын көп байып алған Жетібай Қатпаны боқтап қорлайды. Абай Жетібайдың кедейліктен шығып ап, енді кешегі өзіндей кедейді ренжіткеніне қатты ашула-

нып, бір-ақ күннің ішінде қасынан көшіріп жібереді. Бірақ көшіргенмен, алты жүз кой, жүз қарасы бар Жетібайларға жер беріп, қыстау беріп көшіреді.

Кейін Қорамжан білікті, беделді кісі боп, өзінің Жігітегі ішіне Абай ырзалығымен қайта көшкенде, 15 бие байлаған желісі бар, көп мал иесі боп көшеді. Осындай бұрын ұры болғанның талайын Абай кісі етеді. Әрине, кісі болғысы келгенін, негізі бұзық емесін танып, соны кісі етеді. Болмаса жалпы ұры дегенге Абай аса қатал, қатты болған. Сондықтан да бір ұрының өлеңінде:

Күнту болыс болғанда жортқаным-ай,
Керей мен Матайды торытқаным-ай.
Қазы менен қартаны кертіп шайнап,
Абай болыс болғанда қорыққаным-ай! —

дейтін сөз бар. Тегінде, Абай жас шағында бір-ақ рет болыс болған. Мынау орайда болған емес, бұнда Абайдың айтқанын істейтін біреу болыс болғандығын айту керек.

Ұрлық, сотқарлықтың себебі боп, көп уақытта, көп жігіттің басында кедейлік ызғары жүргенін Абай жақсы біледі. Кедейліктің ауыр дерттері ұры емес, момын көпшіліктің бәрін де езіп жүргенін терең түсініп, Абай өлең, өсиетінде сол қазақ кедейінің жайын көп толғайды. Ырысты еңбек жайын сол кедейге құтқарушы, көмекші есебінде көп үгіттеп, көп ұсынады. Адал еңбек иесі адамнан артық ол сахарادا Абай сүйген адам болмаған. Сол аңғарда өлеңдерінде, қара сөз толғауларында кедейдің үнемі жақтаушысы болған.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып...
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы, —

дегенде, Абай еңбекқор кедейге жақын дос, қамқор боп кеп, оның еңбегін қанайтын байды “қара қиына” шейін сатып беретін құлқыны жаман, арсыз қанаушы етіп жерлейді.

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей, —

деген сияқты толып жатқан өлеңдері халық ішінде Абайдың ең жақыны еңбек адамы, еңбек қауымы екенін көрсетеді. Бір күнгі мәжілісте кедей баласын мінеген тоқ мырзалардың сөзін естіп отырып: “Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген дейді. Аз ішсе, негізі тойған дейді. Кедей баласы көп ішсе, көні кеуіп қалған дейді, аз ішсе, шілдесінде шық көрмеген дейді. Осы кедей баласының кінәдан құтылары бар ма?!” – деген.

Кедейдің момыны, адалы көмек тілеп келген кезде Абай жәрдем етпей қалған емес. Баласы мініп жүрген атты алып беру, өзі жеккелі отырған семіз атты Құлайғыр деген шалға бере салу сияқты істері толып жатады.

Осы тәрізді естегілердің соңында Абайдың күндегі тіршілікте балаға, келінге, үй ішіне істейтін достық, аталық, кішіпейілділік мінез-әдеттерінің кейбірін айтуға болады. Өзінен туған бала мен айналасын қоршаған ініге істейтін ұстаздық бір алуан. Олардан ақын, білгір, оқымысты адамдар, ел қайраткерлері сияқты ересек азаматтар өсіріп, білімді адамдармен достастырып жүреді. Сол тәрбиешілік, ұстаздық мінезді үлкендер емес, мектеп жасындағы балаларға да көп істеген. Абайдың қолында, ауылында өскен шәкірт балалар, жас қыздар, көп келіндер де Абайдың алдын көріп, көп-көп өсиеттеріне қанып қалған. Әрқайсысының шамасына қарай, өзінше ұстаздық, тәрбиешілік үлгі, өрнек табады. Жас балаларға өлең, тақпақтар жаттату, қыз немерелеріне ертегілер айтқызу, ән салғызу, малшы көршілерге де ертеқиссалар айтқызып отыру, соны өзі елтіп тыңдау аса көп болған. Абай үйі бөгде қонақ, үлкен кісілер жоқта неше алуан қызық ермек, халық сауығының үйі болады. Осындай дағдыдан барып Абайдың досы Баймағамбеттей ертекшілер ысылып, ұстаз көріп шығып, кейін Абай айтқан әңгімелерді үлгі етіп көпке таратқан.

Сондайлық тәрбие, үлгі, өсиет үстінде Абайдың өлеңдерін өз аузынан ұғып жаттаған Пәкизат, Уәсилә, Әсия, Рахила сияқты оқымысты, тәлімді қыздар (Абайға немере қыздар) өсіп, ұзатылар уақыттарында жасау сандықтарының түбіне ең асыл бұйым етіп, Абайдың өлең жинағын әкететін болған.

Балалықтың мінезін, сырын білмей, қаталдық еткен ата-ананы мінеп отырған: “Балаға ақылын бұрын бермей, ашуын бұрын берген атадан бала үлгі ала алмайды. О да ашуланады” дейді.

Келін, күйеу туралы да Абай көзқарасы жұрттан басқа, кеңдік, еркін, теңдік қалпында ұстауға тырысады. Өз қолында соңғы жылдарда болып, Абайды өзі күткен Кәмәлия (Кәмәш) деген келініне алғаш түскен күннен бастап бетін ашып жүруді шарт етеді. Бар жайдан ұялмай сөйлесіп отыруды тілейді. Сол келініне Абай өзі өлерден бұрын, ауырмай тұрып, “мен биыл өледі екем, түсімнен ұқтым” деп, ішкі сырын ең алдымен айтады.

Елдің бұрынғы әдетінде келінді ұялтқандай, күйеуді де именту болатын. Абай бұған әсіресе қарсы болған. Өз аулына келген күйеу еркін, ерке болады. Бір уақыт Тәкежанның бір келіні сол Тәкежан аулынан қыз ала келген бір күйеуді ұрыпты дегенде, Абай соны ерсі көріп, кісі жіберіп: “Қаражанға (бұл Тәкежанның әйелі) айт, күйеуі қыз алып, қызық көрем деп келеді, Құнанбай аулында таяқ жеп, қорлық көрем деп келген жок. Ұрғызбасын, келінін тыйсын” – деп бұйырады.

Осындай жас атаулының бәріне көнтерлі, кең, дос-жарға көбіне мәжілісі ортақ аға болғандықтан, Абай маңынан елдің талапкер, өнерлі, саналы жасының бәрі арылмаған. Үнемі айналасын, аулын, үйін қоршап, Абай тәрбиесін кең алып, мейлінше қызықтап жүрген. Сол себепті шет елдің бір үлкен адамдары Абайға келгенде, жаңағы жастар тағы да Абай қасынан шықпай отырғанда:

– Жастар, сендерге бақ берген. Ол бақ – күнде ортаңда, қолыңда, бәріңе неше алуан ұстаздық, үлгі, өнер үйретіп отырған Абай! Жылында Абайды бір-ақ көретін бізді айтсаңшы! – дейді.

Шынында, Абай малшы, көршіден бастап, солардың баласынан, жасынан бастап, айналасындағы барлық естияр жанның, үлкенді-кішілі қауымның, жұрттың бәріне бойында барын түгел, үнемі үлеске салып отырған. Сол арқылы өзі тіршілік еткен ортасына тағы да мол сәуле төгіп, нәр беріп отырған Абай ақын Абайдың өнегелі сирсипатын танытушы еді.

ОТ ДОМБРЫ – ДО ОПЕРЫ

Родился – двери мира открывает тебе песня.
Умер – твой прах в могилу провожает песня.
Всем радостям в жизни твоей спутница песня.
Внемли ей, вдумайся, не будь пустым.

Абай (перевод подстрочный)

Великий Абай в одном четверостишии выразил органическую слитность песнетворчества у казахского народа с его бытом, обрядом и свадебным ритуалом. Сорокадневная песня “шилдакана” отмечает рождение ребенка, песня плача об умершем отмечает траурный год потери любимого человека в семье и сватовство, женитьбу, подвиги, победы в жизни человека воспевает традиционная песня. И это была одновременно песня-мелодия – музыка и песня-стих – поэзия, песня синкретическая, создаваемая и исполняемая одиноким певцом под аккомпанемент одиночной домбры. О деяниях людей минувшего так же вещал одинокий кобыз. Абай, поэт эпохи безвременья, застал эту песню быта становившейся все грустнее, застал многовековой эпос стареющим и убывающим.

Песню социального смысла, исторической перспективы для народа требовала обновляющаяся история. А песимисты акыны “Зар-заман” (“Эпохи скорби”) слагали песни о прошлом, как плач об умершем. Но середина 19-го столетия, одновременно с этими акынами “Эпохи скорби”, родила иную плеяду поборников народа: поэтов Абая и Алтынсарина, публициста, общественного деятеля Чокана Валиханова. Их спор с идеологами прошлого был в значительной степени спором будущего с прошлым, своеобраз-

ным спором изолированной истории феодального Востока с девятнадцатым веком русской литературы, с наступающим двадцатым столетием общечеловеческой культуры. Именно в этом споре отважный и великий поборник за проникновение в степи спасительного света русской культуры Абай, ввел в казахскую литературу Крылова, Пушкина, Лермонтова, популяризировал Салтыкова-Щедрина, Толстого... воспевал в поэмах Аристотеля. В беседах-назиданиях много поведал о Сократе, о великих просветителях русской и мировой истории. И песни быта стали уступать место поэзии чаяния исторической перспективы, поэзии обновления и ожидания невиданного, нового не только для одного казахского народа, но и для всех народов тогдашней России.

И вот прошло 25 лет новой истории возрожденного казахского народа в равноправной семье раскрепощенных Великим Октябрем народов Социалистического Советского государства. И этот период в истории казахского народа означает четвертьвековой путь чудесных, почти сказочных превращений зародышей искусства и литературы в цветущие, многогранные отрасли передового искусства и новой зрелой литературы.

Как совершился этот переход к новому качеству в историческом существовании молодой республики? Какими путями и этапами пришло возрождение народа с полноценным раскрытием его дремавших в веках возможностей, с его нахождением самого себя, выражением своих творческих порывов в советском социалистическом искусстве и литературе?

Интересна роль и участь хотя бы домбры при этом. Ведь она хранила до революции богатейшее мелодически многообразное песенное наследие и сложные инструментальные мелодии прошлого. С ней рождались импровизации: состязаний, заветных дум, сатирических, изобличительных творений акынов. Она же привела в первые годы революции из степей, из юрты на сцену первых драматических, музыкальных кружков, первых самодельных вечеров, спектаклей казахскую музыку для городского, театрального зрителя. Она донесла отобранный, излюбленный народом песенно-

инструментальный репертуар известных и безымянных композиторов прошлого до первого собирателя и популяризатора казахской народной музыки — до А.В. Затаевича для первой нотной записи этих тысяч песен и сотен кюев. Одиночная, она в те же первые годы революции объединилась в группу национальных инструментов, вначале в виде унисонного, однообразного оркестра, а затем обрела себе почетное место, как модернизированный, выразительный инструмент в многообразном, звучном и глубоко оригинальном национальном оркестре Казахской государственной филармонии под творческим руководством ученого-музыковеда и национального композитора А.К. Жубанова.

Домбра поведала своим тихим, но внятными звучанием музыкальные сокровища народа советским композиторам, пришедшим создавать новую музыкальную культуру народа, она же увлекла своеобразной прелестью казахского мелоса симфонический оркестр, который подхватил своим мощным, понятным всему культурному миру полифоническим обогащением мелодии, донесенные древней двуструнной вестницей.

И певец, одинокий когда-то, прошел ускоренный путь своего становления, обретая культуру вокалиста в формирующейся филармонической и оперной среде. Создавался хор, многоголосый хор, совершенно неведомый казахскому прошлому вид вокального исполнения музыкальных произведений.

Казахский драматический театр, с историей которого связана вся история казахского советского искусства, способствовал не только рождению и росту казахской драматургии, но он же в первый период своего существования собрал вокруг себя так же и вокалистов и своими музыкально-драматическими спектаклями заложил основы будущего самостоятельного музыкально-сценического искусства. От него отпочковались музыкальный (ставший впоследствии оперным) казахский театр и казахская государственная филармония.

Актёрскую школу и первое музыкальное воспитание получили лучшие оперные певцы Казахстана народные арти-

сты – Куляш Байсеитова, Манарбек Ержанов, режиссеры оперы – Курманбек Джандарбеков, Канабек Байсеитов и другие в этом первом театре Казахстана. А ныне силами ряда композиторов создана казахская полноценная опера. При чем огромную историческую роль выполнил заслуженно занимающий первое место в ряду казахстанских композиторов Е.Г. Брусиловский. С большим тактом чуткого художника он верно угадал необходимые этапы и закономерно логические стадии развития казахского музыкально-вокального искусства. Первым после Затаевича он крепко сдружился с домброй, с народным певцом, внимательно вслушивался в тонкие, характерные черты народной музыки, постиг сокровенное в ней и, в результате такого серьезного творческого общения с народным наследием, извлек много ценного из своей верной дружбы с домброй и певцом. Творчески он воплотил свои начальные искания в опере “Кыз Жибек”, “Ер-Таргын”, “Жалбыр”, “Айман – Шолпан”. Постепенно родилась настоящая казахская опера, в начале сильно опиравшаяся на народное творчество, а затем в таких оперных произведениях, как “Золотое зерно”, “Гвардия алга” – Брусиловского, в опере “Абай” – Жубанова и Хамиди, в последней опере “Амангельды” – Брусиловского и Тюлебаева вышедшая на путь подлинной и полнозвучной оперной формы. Только такой органически последовательный, постепенный путь от широкого обращения к народной основе до самодовлеющей оперной культуры мог обеспечить плодотворное воспитание и огромный рост актеров-певцов, великолепно справляющихся теперь на сцене Академического театра оперы и балета с вокальными партиями “Нергиз”, “Даиси”, “Чио-Чио-сан”, “Евгения Онегина” и других европейских опер. Наряду с народными певцами, ставшими оперными актерами – Ержановым, Курмангалиевым, – театр имеет сейчас в своем составе выращенных из числа театральной молодежи замечательных оперных певцов, как Умбетбаева, Байсекову, братьев Абдуллиных, Мусабеккову и др.

В сопоставлении начала и последней стадии его деятельности весьма значителен также творческий путь, пройденный казахским драматическим (ныне Академическим) теа-

Бостанбекті Өскембай асырап алған. Қауменнің баласы әлгі жанжал артынан Бөжей мен Құнанбайға: татулассын дейді ағайын. Екеуін кісі алыс дейді. Құнанбай Смағұлмен туысқан қызды асырауға Бөжейге береді. Ол қыз өледі. Жа-ман асырап өлтірді деседі екен.

Бөжей өлгенде, Құнанбай бата қыла барады. Сонда Бөжейдің жас қызы дауыс айтады екен.

Шұбарлығың жыландай,
Жүйріктігің құландай.
Арғы атан Ырғызбай,

Жаулығын сенің қырғызды-ай,
Айыпка бердің бір қызды-ай.

Сонда Сарапаң дейтін Тоғалақ сарнай үн қосқан.
Құнанбай кісісі ана жақтан отырып қоя береді:

Мына да қарлар не дейді,
Жақсыдан жаман көбейді.
Жақсының қалған саркыты еді,
Ұрлап та көмдің Бөжейді.

Құнанбай “не дейді мына шіркіндер” деп отыр екен.
Сарапаң отыра қалып, шапан бүркеніп, теріс қарап жаңа-
ғыны айта беріпті.

Бөжей өлгеннен кейін, Омбыға айдалып бара жатқанда:
артымнан арыз бергізбе, не алса бер Жігіткек дейді.
Сонда артындағылар 15 қыстау береді. Мұсақұл, Ботқы,
Шұқырқұдық тұмсығы, Мұздыбай қорасы. Байдалы арыз
бергізбеймін дейді. Бірақ 15 қыстау бер дейді. Малдың есебі
жоқ, Жігітек ала береді. Қажы мал жағына билік болмасын
деп тапсырған. Қағаз бармайды, қажы қайтып келеді.

Біздің ауыл қажыға қиғаштау еді. Кенжеғұл – бес
қасқырдың бірі. Соның Бөрте ат деген аты болады. Соны
Құдайберді сұрайды – бермейді. Атшабарды жібереді Май-
басар. Сонда он кісі боп Манас айдап шығады. Сүйтеді де
көшеді. Қарауылдан өткізіп алып, Жігітек, Көтібақ то-
сып тұрады. Артынан қайта көшіріп алам деп Майбасар,
Құдайберді кешке барады. Болыс, тілмаш боп барады.
Құлыншақ ауру екен. Көтібақ, Жігітек ақылдасқанда,
дайын бол, не де болса бір қылайық дейді. Сонда сабайды,
Құдайберді Құлыншақтың қойнына кіріп кетеді – талқан
қып сабап тастайды. Садырбай далаға алып шығып, Май-
басарды жығып қойып, к...не құмалақ тығып кеп, міне
кетеді.

Қажы қол жияды. Жігітек Мұсақұлға, қажы Жидебайға
жібереді. Қалың төбелес. Аттың құйрығын сүзіп ап үш күн
төбелеседі. Алдында Қареке. Пұшарбайдың баласы мал
қарап жүреді. Сен не етіп жүрсің деп Бізғұтты пышақтайды.
Төбелесте Қареке қолға түскенде, Бізғұтты Қарекені беттен
кылышпен шабады.

Біздің ауылды ала алмайды. Әкем жығылады, астындағы Бөрте атты қажы жағы алып кетеді. Сүйтіп атым-ай деп күңіренеді.

Байдалы соғыста Құнанбайға қарсы кісіні қырып айдап сап тұрады. Сонда бұлардан кісі көп түсе берген соң, Ақадырдан түйе құлата қуады. Қажы Қоңыр екен деп қап, кісісін тоқтатты.

Қажының айдалуы осы соғыстың артынан көп кісі жаралы болғандықтан, ауыл шапқандықтан туады.

Еркежанды айттыру осыдан туады. Қажы кетіп бара жатқанда, Шақанның әкесі Бибак жолда қонақ етеді. Содан барып қажы құда болады кейін.

Торғай, Көтібақ, Жігітек бәріне қыстайды. Қажы қайта келген соң біздің ауылды шауып алады. Садырбайдың үйін Өсерге, Мұнсызбайдың үйін Жортарға қосып береді. Өздері қажып, үйлері қонсы боп қалады. Наданбай мен Санасызбайды Жетісуға аударады. Садырбайды Қарқаралының абақтысына салдырады.

Қарқаралыда арадағы Тәттімбет, Баймұрын бітім сұрағанда, қажы: “Көк шекпенді кигізіп, бойын кездетіп айдағанда тоқтамасам, одан бері тоқтамаймын” дейді. Бөжей, Байсал екеуі Садырбайдың жоқшысы. Баймұрынға айтады: “Көк шекпенді біздің мырза пішкен жоқ. Тәңірім пішкен. Кімге бұйырса, сол киер” дейді.

Баймұрын қажыға қарсы жақты бие сойып, қонаққа шақырып сөйлеседі. Құнанбайды шақырмайды. Қажы Алшынбайға (Арғынның ақ серкесі Алшынбай таз): “Менің жауыма неге асын береді?” дейді. Баймұрын есітіп, Алшынбайға кеп: “Шолақ байтал Тобықты менің қазанымды билемек пе!” деп, атты басқа сабап кетеді де, Арғынға бермеді сөзін деп. Қажының Омбыға кетуіне де осы себеп болады. Қайта келген соң аға сұлтан болды. Алдынан кісі шықпайды.

Жиренше мен Бөкебай Қосайұлының 77-жылы Тоқпамбет үшін дауласқаны. Ысқақ болыс. Жиренше торша жерден айрылып шығады.

Бөжей мен Байсал төрені ұстанды. Қажы төрені қалдырам деп, әуелі қазыны шығартады. Аға сұлтандықты туғызады. Кейін дауыс тұсында Құсбек нәсілі төре қызды басты деп

Тәукеге айып тағады. Тобықты 450 сом беріп, кама дейді екен.

Кенгірбай баласы Ералы. Одан Бөжей туып, Көсенің баласы Уайыс, одан Мадияр.

Көтібақ Байсал, Шоқа бір туысады.

9. Семипалат. областной суд. 13. 1894–97.

11. Прокуратура Сем. обл. суда. 31. 1880–85.

23. Семипал. областн. пр-во. 335. 1857–1886, кн. 6.

28. Семипал. окруж. приказ. 1861–64.

31. Военный губернатор Семипал. обл. 1004. 1856–1913.

50. Семипал. уездн. судья. 1. 1877–78, кн. №50.

62. Чингизск. волостной управ. 119, 185–86, кн. № 6.

89. Семипал. обл. перепись 8. 1896–97.

90. Семипал. уездн. город. перепись 9. 1895–97.

207. Мусульман. мечеть. 1851–69.

472. Киргизск. миссия. 1898–1912.

Абайдың екі шешесінің бірі – Айғыз (бұл адамның сұлуы болған). Қажы Көкшені Бақанасқа салам, бұл өзенге Мамайды салам дейді.

Онда Сүйіндік болыс. Жуантаяқты да көшіреді. Соны көшіре келе қажы бір сұлу қыз көреді. Бұның аулын көшірмейді. Қыз – Айғыз, соны алады. Ұлжанмен жатса, бала-шаға Айғызбен жатады, кезек жатады. Абайдың екі шешесі содан. Қалиқа, Тоғжан сияқты жеңгелері “Телғара” дейтін Абайды. Жұманның, Ызғұттының Боқай, Тоғжандары болатын. Абай Сүйіндіктің қызының қойнына барады. Сүйіндік – қажы аға сұлтан болғанда, Бөкенші Сүйіндік болыс болады. Абай қызға барып қайтып келе жатса, Байсал, Бөжейлер келе жатады. Ши ішінде жасырынып отырып, таң ата шығып келеді екен. Сүйіндік ара ағайын боп тұрған. Баласы Әділбек мырза мықты болған. “Сап-сап, көңілім” осыған айтылған. Қыз ағасы Әділбек к...не дүре салмай ма деген сөз болатын.

Әлгі жақсыларды көргенде, атынан түсіп, тымағын қолтығына алып, қолын қусырып сәлем береді (Қаратай да бар). “Ойпырай, не көрдіңдер?” деседі. Сонда көсемсіп (Жұмагелдінің айтуары) “Мойны шолақ екен, қолы молақ

екен. Мінезі жеті атамызға жетпей тоқтамас” депті. Осы қыздың қойнына апарады екен, содан жақын боп кеткен... Бір жолы қыз қойнында жатқанында, таң атып кетіп, су түсіп кетіп, өте алмайды. Сасады. Ербол сонда жүрген малшы. Сонда Абай шақырып алады. Бұрын таныс емес. Судан өткізіп сал дейді. Ербол өгізге мініп, ананы байталға мінгізіп өткізіп салады. Барар басқа ел жоқ. Өзеннің ар жағы жар, сондықтан қысылған. Ербол атарман қызды өзі де торуыштайды екен, бұл жерде достық өтеді.

13 жасында Семейде Тінібай байдың үйінде жатады. Сабақ оқимын. Бұқаш билейді (шала қазақ сарт). Қала орысы, жақсының бәрі қол артқысы келеді. Бұқаштың Оспаны мені қонаққа шақырды. Кіршіме беріп отыр еді. Әкем насыйбай атқызбайды. Қазы береді, жеңіз дейді. Құнанбаймен айтысына жылқы айтқан...

Бетегелі белге бітем,
Бетегелі жерге бітем,
Белсенген ерге бітем,
Ер қолында найза болу керек.

Сол найза дұрыс, сондықтан ұстаймын дейді.

Бұл Асаубайдың қызын айттырып, құда түсе барған тойда болады. Қалың Тобықтының жақсылары барған. Қағаздасып жүрген Бөжей де барады. Бұғылының Асаубайы кісіні жөнелтіп, әке мен бала келе жатқанда, Құнанбай: “Маған тиген саған да тиген екен. Алдыма кісі шығармаймын деуші едім. Шіркін Қаратай-ай, Бөжеймен араз қып еді, сенімен мені де керістірді. Енді қазір халық көзінше менімен салыспа”, – дейді.

Бөкең Боқай деген бір шал болды. Абайға келді: түйе жоғалттым деді ол. Сары інгенім жыл сайын боталаушы еді. Баламның қайны еді – Жігітекке шығарып берді ме деп барып келем, – деді.

Абай: “Біздің бір сары інген солай боталаушы еді”, – деді, бір көзін қыса сөйлеп отырып.

16 жасымда қажы өз орнына мені жіберіп, Сарыбай кожамен қағысқанымда: “Тобықтыдан шылбыр берген сен ғана едің-ау” демеді. Малтабек өлгенде, Тобықтыда ат-

жалын тартып мінгелі бір шылбыр сұраған кісім осы еді-ау. Обал еткен екем ғой”, – депті. Бұқа іздеп барып өлген екен.

Бұрын топ пен тойға бармаймыз. Әкем қорқытады: барма, Құнанбайдың атшабары сабап тастайды деп. Орманды іздеп кеп ең алғаш көргем. Табысудан екі жылдай бұрын, 95-жыл шамасы. Сен қайдан жүрсің дейді, түпкір үйде отыр екен. Орманға бұны қайдан тауып жүрсің деді. Ысқақ сонда Орманды салып, жас баланы үйір қып алғалы жүрмін деді.

Арғымбай болыс болды. Біздің артымыздан Даукейді берді. Бұғылы болды. Екі бөлінген. Арап пен Шәкәрім, Жиренше өзі шыға алмаған соң, Мамай, Керейге береді. Құлыншақ аулын алма, Шыңғысқа тастап кет дейді. Сөйлескенде Арап Жиреншемен құда, оп-оңай көнгендей. Әкем Оразбайға барып түк алмадың дейді. Оразбай асқақтап қалған. Қол болып ел алып қалған, әкемді елемейді. Ененді пәленше етейін сыңар е...к, тар жер, тар босағада мен бөлінбес-ақ ем. Жиреншенің қызының ... саттың, көріскенім осы деп былай шығады. Әзімбай сонда атты сұрауды көбейтеді. Орманды әкем соған бар деді. Орман Абайға айтып жүр едім, ертең келші, ақылдасайыншы деді. Абай Ғабдолланы жібереді. Мен билік ішіндемін, келе қойындар деді. Талай топта тығыла беретін аулымыз. Әзімбайға: “ақысын бер, биге бар” деді.

Абай Наданбай баласын маған берсін депті. Біз келдік. Келем дедім. Ендеше, бұдан былай жұмысына бір рет біздің ауылға келіп жүр. Жын сайға жолама деді. Шеттің адамдары бір сөзбен келіп отыр екен.

Бізге: “Ей, балалар, сендерге құдай береді. Аулың, отаныңа Абайды аға ғып берді. Күнде көресің, біз сорлы жылында бір-ақ көреміз, енді Абайдың аузын бізге де босатып беріндерші” деді.

Анау үйге барып қон деді. Содан келіп-кетіп жүрдім.

Жаңа ояз, жаңа ұлыққа Абай амандаса бармақшы еді. Сондықтан олар алғаш шақырып отырушы еді. Абай тегіс бар елді жеңіп, баурап тұрды. Ысқақ болыс. Кішекенді, Бұланбайды, Мақысбай, Тоғалақты – барлығын да өзі қолмен ұрып, Ысқақ өрескел қорқытып женді.

Асын жеп, түске шейін тұрмайды. Басылды. Жиренше көшіп келеді. Көш алдынан келсе, Ысқақ, Шорабек ел ша-

бады. Сол кезде Абай астында көкала атпен келе жатса, Жиренше бүлк-бүлк желіп барады екен. Ысқақ түс деп айғай салады. Торғай да анау кетіп бара жатқан кім дейді. Ол сені түсіреміз деп жүр деп ашуланады.

Оразбай бар, барлық ел болыстықты өзімізге аламыз, бізге Ысқақты түсір дейді. Шәкәрім болады. Кәкешті сайлауға келеді.

Мүсірәлі мен Молдабай, Шаған екі бөлінем деп, өздері екеуі жұлысады. Екеуі де Абайға қызын беріп, құда болысады. Әшірден туған Мұстари деген қыз бар, Мұсатайға соны айтты.

Мүсірәлі би Жакыптың қызы Дәмегөйді Мағашқа алғызады.

Абай бар болыстың сайлауын Жидебайда сайлатады. Елубасылар сонда сайланады. Жұрттың бәрі үй тігіп, келіп жатқан. Сарқар, жер қатқақ болады, ердің қасы сынады. ... баталасады. Оразбай жоқ. Шәкені қояйық, өзге бола алмаса, сайламайық дейді. Оразбай Абралыға болыс болсын дейді.

Баталасады. Өзгелер уәделеседі. Оразбайға осыған байладық деп кеткенде: “Кәпір Жиренше-ай, сенсің ғой осымен мені аламын деп келдің-ау? Мен Абайдан кетпейім, бір барып келейін” дейді. Абайға кеп: “Осы ел бұзылайын дей ме, қалай осы, Шәкені қойшы” дейді. Абай: “Қояйын, қ... жепсің” дейді. Көндіре алмадым деп қайтады.

Кейін Шәкәрім барып: “ел бұраландады ғой деймін” деді. Ол шыға бергенде, осы баланың іші болыстықты қайта дәметіп жүр ме деп күнк етеді. Ақыры сайлау болады. Оспан мен Беркімбайдың Әбділдасы (соңғы кандилат), Абай осыларды ұсынады. Басқа Күнту мен Абралыны сайлап кетеді. Абай тым құрмаса Ақылбайға билікті бер дейді. Ел оны да сайламаймыз дейді. Ерболға салмақ салады. Ербол жұртқа асылып көндіреді. Сонымен, Ақылбай зорға дегенде билікті өзіне алады.

Қазмола. Күнту болыс болып тұрғанда болады. Жандарал теріс қарайды. Тамам ел теріс. Бәрі үстінен арыз береді. Абай төбе би болады.

Абай Еркежанды аларда Тәкежан: “мен үлкенмін” дейді, менікі емес пе” деп кісі салады Байғұлақ (Жуантаяқ),

Қаражандар (Сақ) жүреді араға. Абай сонда: оларда жылқы пәленнен еді, Тәкежан, Оспан менің арқамда мал жиды. Мен қажы баласының жауымен алысып, 880 жылқыманнан 80-ақ жылқы ұстап қап отырмын. 8 ат – кісіден майын мінген ат. Енді мен бақтың бетін өзімен қайырдым, менікі емес пе дейді.

Айкөрімді алу жайы. Жиренше жүреді араға. Құлқай Байшораның басты кісісі. Беріп отырған жерінен, Аюбайдың Мұсасы мен Құлқай малды көп қайырып, бұрынғы жерінен бұзады. Жиренше өзің барып көріп, ұнатсаң, қажының рұқсатын ал дейді. Ол кезде Абай Қоңырға болыс. Қоңыркөкше болысы деп аталады. Сонда Көкше бес старшын. Мамай Қызылмоламен қосыла болыс болады.

Онда Шыңғыста болыс Шәкәрім. Артынан Қоңыркөкше араздасып, екі бөлінеді. Қызылмола бөлініп шығады. Оған Ысқақты болыс қояды. Үшеуі қатар болыс болады. Қоңырға бір-ақ сайлау болыс болады. Қажы өлгенде Тұраш 7-де екен.

Қажы Күнту болыс күнінде өледі. Қоңырдан қайтарында Абай Шымырбайды болыс, Дүтбайды кандидат сайлайды. Шымырбай бөлінген соң, Абайды менсінбей кетеді. Абай елге келгенде, бір шенеулікті алып, Шымырбайды түсіртеді.

Айкөрімнің Біржан жайындағы әңгімесі. Үш әнді ұғып алып салу.

Қорамжан Ділдә мен Айкөрім барында Абайдан жеңгетай тілейді. Абай Айкөрімге жатпай, Ділдәның қасына жатып-жатып, маған жеңгетайға бір бие дейді.

Күнту болыс болғаннан кейін Оразбай тағы бір татула-сады. Оразбай 400 үй бір татуласып, Оспанды болыс сайлайды. Артынан съезге келмейді. Артынан Оспан болыс 400 үйге съез жасатады.

Балтабектің жылқысы ұрланады. Арап пен Күсенге абақты кеседі. Жақындары Балтабектің жылқысын әкелген Оразбай қалаға қашады. Оспан қалаға кеп ұстап, Күсен екеуін арбаға басып алып қайтады.

91-жылы Оспан өлді. Әлгі уақиға 90-жылы болуы керек. Оразбайды арбаға басудан өзі тергеулі боп қалып, Шәкенге,

долынжы би еді – соған болыстығын береді. Кандилат Арап еді, анадан келдің деп, Арапты кандилат қоймайды. Артынан араздасқан соң кесіп жібереді.

Сыбанбай – Торғай. Ақын екен.

Балуан Нұрмағамбет, Ысқақ күресі.

Абылғазы, Тұрғанбай, Жиренше, Абай боп Аркатқа барады. Тұрғанбай – Абайдың құсбегісі. Саршолақ деген құсқа алу алмайды. Абай Тұрғанбайдан басқаның бабын тындамайды. Жиренше айтқанын істетемейді. Әбілғазымен астыртын: мынау ертең қайтеді деп сұрағанда – ертең алмайды, мынау үстінен шығады дейді. Жем беріп отырғанда, Жиренше соны айтады. Дегені болады. Кешке Тұрғанбай жем беріп отырғанда, Жиренше ақырын тағы сұрайды. Ұша түсіп қолға қонып алады дейді. Айтқаны болады. Қайтсе алады дегенде, бүгін сойылатын қойдың бауыр қанына байлап, мойын етін отырғызып, жемсауы арқардың басындай боп шыққанда байлап таста дейді. Абай жайтын сұрағанда, Жиренше осыны айтады. Тұрғанбай ақжем бергісі келеді. Абай сонда бұл не білуші еді, анау аузынды ұрайын отыр ғой, сен соның айтқанын істе дейді.

Шәке мен екеуіңнің анда болуы. Бөшей, Сыбанбай. Бөшей – Жігітек, Ержанның ағасы. Айранды жалап ішетін Дәулеттің баласы және Қоржынбай бәрі де білтелімен атады. Содан кейін Абай бәрінің мылтығын қалаға әкетеді. Шүр салдырам деп ататындары ғой..

Шеке мен екеуінің қоста қап, шақыруға қарамай, қосқа шығып түлкі алуы. Сол күні қосқа жіберіп, сойысқа бір бие, екі тай алдырған. Және қостан үш-төрт ат алдырған еді. Қосқа келсе, қуырдақты қуырып әзір отыр екен. Алдында айтыспайық деп, артынан Шәке үйге кіргенде, мен әлгіні айтып қойдым депті.

Анда жүріп Бижанның аулы қонаққа шақырып, сонда барады. Қарашегір деген Бижанның қыранын көрмек. Бижан – Сыбан ішіндегі сарт. Бижанның қатыны – Мұрын Тананың қызы Тұржан деген сұлу (аңға бару Қоңырға болыс боп тұрған кезінде. Онда Шәкәрім Шыңғысқа болыс. Бұл уақиғалар Күнту болыс болардың алдындағы бір үш жыл ішінде болу керек). Абай амандасып Тұржанға:

Тұржан, сарттың меңлі кызылын көрдің,
Қазақтың қышырлы қарасын көрдің.
Орыстың көк тамырын көрдің,
Осының қайсысы жақсы екен дейді.

Тұржан: “Е, мырза-ай, кімді жақсы көрсең, соныкі жақсы да” депті. Абай кейін: “Тұржан жақсы еді-ау, ашуланбай жаңағыдай жауап берді депті” дейді.

Құнанбайдың атшабары Бәкең Қарсыбай деген шешен шығыпты. Қарсыбай бір жолы елден Құнанбай бұйрығы деп құнан қой жейді. Құнанбай сонда бұл елде тұрмасын деп, арызын жыртып, айдап жіберіпті. Қарсыбай сонда қаңғып жүріп Танаға барады. Сонда Тана: “Құнанбай қызын атасы жоқ Тінібайға берді ме?” дегенде: “Әй, мырза-ай, қайдан білейін, біреуің асқа берсең, біреуің тасқа бересің”, – дейді. Тұржанды жамбыға, Бижанға бердің дегені. Құнанбай соны есітіп, Қарсыбайды қайта шақыртып ап, кешкен екен.

Қарашегірді алып қайтады. Әбілғазыға салдырады. Әбілғазы – Қараша баласы. Қараша – Бөжей екеуі туысқан немере.

Биік мансап, биік жартасты Көктұмада, Сұлусарының болысы Баеке, Қалбаныкі Мырзатайдың Бәкені, Шардың болысы Үсен деген. Осылар барып, үндеспей отырғанда, аналар: “Ыбырай, неге үндемейсің, мен де болыспын” депті Баеке. Сонда: “Ей, Баеке-ай”, – деп биік мансапты айтады екен Үсен қалжақ етіпті. Сонда Баеке: “Сендерге не, тіпті мен арқылы осындай жақсы сөз есіттің” депті. Баеке Алтыбай Бұра болады.

Жаймырзаға барған әйел – Әділхан Төрениң қатыны. Мен бертінде көрдім. Ханым деуші ек. Сағындықтың қызы. Сағындық, Тоты бір туысады. Бұл Абаймен бірге жақсы болған еді. Әділханның қопасы деген копа бар. Абайдың сол әйелді алып, қопаны қыстау қылам деген ойы болған еді, дейді екен Жиренше. Бірінші сұлуды көрдім. Етті емес екен, еркекше малдасын құрып, жұртпен жақсы мәжіліс құрып отырды. Әкесі Сағындықтың өзі де келісті болған. Өзі де сұлу екен деуші еді. Мен елге көшіп келгенімде шалдарымыз: “Көрдің бе, сұлу ма екен Бүбі” десті. Төре қатынын

Бүбі дейді екен. Өз аты қалып, Бүбі атанып кеткен екен. Қасымхан төре де сыпайырақ болу керек. Хан қызы – ханша аталады.

“Көжекбайға” деген өлең. Құнанбай өлген күнде жаназаға шығаратын мал жөнінде Абай Оспан, Тәкежандарға бұйрық етіп, пәлен пәлендей шығарсын деп жатады. Олар әртүрлі орайлы ұсыныстар жасайды. Сонда Көжекбай Тәкежанның онысы дұрыс емес, Оспанның мынасы теріс дей бергенде, айтқан екен.

Мырзағұл мен Абай. “Саудайы-ай” деген өлең Мырзағұл емес, туысқаны Дүйсенғұлға айтылған. Мырзағұл қалжақтап, бір қатынның бетін сипап, күліп сүйеді. Ескермедің дейді. Абай ... қайтем, ... қайтем дейді, ененді ... Баяғыда Бұқаштың Оспанының қатыны үйге құс төсек көтеріп кіргенде, қолындағы шамын өшіріп жібер десе, соған жарамай, мен қатынды өз бетімен пәленше етіп тұрып болғанымда, сен ана қатынды ана бұрышқа бір, мына бұрышқа бір жүгіріп, түк бітіре алмай жүргенің қайда еді. Сонда қайда кеткен еді қылғышың дейді.

Қуандық пен Абай. Қуандық ұзатылып барған жерге Абай амандаса барады. Жиренше айтады: Аягөз дуаны, соған Асылбек бар – бәрі бара жатады. Сүйіндіктің баласы, өлең айтысады екеуі. Асылбекке бүгін Сабырбайдыкіне барамыз, балдызың Қуандықтың қойнына апар дейді. Қалжыңдасып отырып қызбен айтысып кетеді. Бұлар айтысып жатқанда, Сабырбай үй сыртынан тындап тұрады екен. Айтысып келісе бергенде, Абай бір жерінде:

Аулына мендей қонақ қонып жүр ме,
Қонақтың жолы сірә болып жүр ме? –

дей бергенде Сабырбай: “Уай, енді өлеңнің беті бұзылды” деп тайып кетіпті. Қызбен шеткі үйде табыспақ боп байласады. Жолығады. Ертеңіне жолда Асылбекке қалжыңдап өлең айтып келе жатып:

Аулымның қонғаны бұлаң шиде,
Уәдеге балдызың мықты-ақ екен.
Іздеп барып жолықтым төменгі үйде.

Әлеке жауға шабарда айтқан бір-екі ауыз өлеңі бар еді, жақсы еді, ұмытып қалғаным. Керей Әлеке – Абаймен дос болып жүрген кісі.

Қажы айдалып кеткенде, Көкше Байыс баласы топқа барып кеп (өздері жамандасып жүрген ел ғой), “Құнанбай айдальпты, келмейтін бопты” дегенде, Байыс күліпті. Баласы “неге күлесің, нанбайсың ба?” дегенде:

Әкең Байтұрсын күледі-ау,
Бір нәрсені біледі-ау.
Сонау кеткен сынық мүйіз тарғыл бұқа,
Шабыннан келіп іледі-ау.

Айкөрім. Мақұлбай өлгенде Абай дауыс үйретті. Соны барып, дауыс қып айтты дейді екен.

Құлыншақ аулының кейінгі бір ботасы кетеді деген сөзі шығып қалғанда, Абай: Жиренше айтты, Еркежанды ойнас қып қойыпты дейді. Еркежан Көкене: “Мен ол кісіге не жазып едім” дегенде, өзі шешуін айтады. “Ділде, Айкөрім бұрынғы ғой, ең соңғы, ең ыстығым сен едің. Сендей санаған құлыншағым кетті дегенім ғой” дейді.

“Әкімбайдың өліміне” дегеннің қисыны көп емес. Әкімбай жас өлген.

Кәкітай бас болмайды, мойын ғой деп, Мағашқа бір сиязға Оразбайдың жанжалының артынан Семейге Кәкітай кеткенде, өзін бар деп айтқан екен.

Майбасардың қызы Бибіні Жарқынбайдың Жұмақаны деген Сыбан Ақтайлақтың тұқымы алған. Ұра береді екен. Сол елдің жақсысы Торғай деген кісі болған. Жұмақан біздің Маекеннің қызына шаң-шұң шығара береді дегенде, Торғай: “Ай, Абай-ай, үй іші, ыдыс-аяқ шаң-шұң етпей тұрушы ма еді” дегенімде, үндемеді. Бірақ содан кейін Жұмақан екеуміз үш сайлау бойында биліктен қағылды депті.

Еркежанды қабағат жақсы көрген. Күндіз бір отырыста астын ұстап, үйдегі кісілерді шығарып жіберіп, алып жатып қалады.

Қаладан келе жатып Айкөрімге соққанда, атымыз қыдырып кеткен екен. Құнанбай ат жеккізіп кетіп қалды.

Сыртта. Біз тоқалдың аулына келіп: “Сен көш, мен бір күн еру болармын” деп, ат үстінде тұрады. Тоқал: “Түсіп,

ұйықтап тұрмайсыз ба?” дейді. “Жо-жоқ, түспейім” деп сұрланыпқырап сөйлейді. Тоқал Тұмабайға бір қарап, жасандап күлімсіреп тұрып қалды.

Жиреншемен бір келгенімде, тоқалға Жиренше: “ән сал, ән сал” дегенде: “е, өзіңіз ән салдырмай кеттіңіз ғой” дейді.

Еркежанды алғаннан кейін тоқалға бармай кетті.

Біреудің жайын әңгіме қылғанда соның түсіне салып, денесімен де ырғалып көрсетіп, әртісше қозғалыстар жасайтын. Күлгенде қарқылдап күлмейді, қықылдап күлетін. Көзінен жас аққанша күлетін.

Мауқай артис. Алшынбайдың Түсібі, Сламбек я басқа бір күлкі адамы болып келеді. Абай шайға шақырғанда, қалада Махмұтовтардың үйіне келсем, ұйықтап жатыр екен. Түстім, аздан соң тұрды. Шай жасалды. Сонда: “Түсімде жана Мауқайды көрдім. Айдынды бір Алшекем, әруакты бір Қазекем, қолдай көр деп бір, дойбысын басты” деді. Мауқайды алдында қайтарған. Көп мал-сиыр беріп жөнелтіп жатқанда, Мауқай Абайдың өлеңдерін жаздырып алып, қойын-қонышына тығып жатып “Менің ана малымнан мына малым артық” дейді.

Орта семіз еді Абай. Мойны қысқа болатын. Сондықтан да ат үстінен бұрылып қарай алмайды. Ылғи атын бұрып, айналып қарайтын. Бір кітаптың ішіндегі әйел жайын оқып отырып: “Мынау әйел мойны ұзын Айса бала емес, мойны жоқ мен емес – аралық екен-ау” депті.

Базаралыны айдап келе жатқанда, Абай жайын сұрайды. Сонда: “Қол шатырдай немеңе мінгізіп ап, не жай болар дейсің” дейді. Абай Ырсалдының жайын сұрағанда, Базаралы: “Көзі қалай, көзі жаздыгүні қыбланамадай ойнақшыған бітік көзі шығып кетпей келе жатыр десеңші” дейді.

Ұрысы қолға түсіпті дегенде, Базаралы кімді торып ендер дейді. Көтібақ Шоқаны дегенде: “Е, жамбасына шенгел төсенген Шоқада нең бар еді, ығыңмен ашынып кіретін Ырсайға бармай” депті. Көтібаққа мал бітіп келе жатқан шақ екен.

Абай Базаралы туралы: “Ұрғашыша аузына жауабы тез түсетін Базаралыдай шапшанды көргем жоқ” дегенде, Жігітек: “Мынау, міне, бізді тағы жамандады. Ұрғашыға теңегенін қарашы” дейді.

Базаралы қайтқанда Абай: “Орысша білдің бе?” дейді. Сонда Базаралы: “Е, қарағым, өзімнің көк миыңым болмаса, тәуір-ақ орысша білетін жерге жібердің ғой” деген екен.

Сүгірдің қызы Тәуке соған барған. Әділді сылдыр би, Қараканды сылдырама би деуші еді. Нұрғожаның өлімінен соң ағайындары қатынға, мұраға дауласқанда, Нұрғожаның бәйбішесіне Абай: “Ай, шіркін Қапай, жақсы едің-ау. Сүгірдің қызы Тәукеге жолығамын деп тұрғанда, суықтан тоңып қалтырап тұрғанымда, “мына бойыңмен қайтіп барасың?” деп бауырыңа алып, жонымды, бауырымды жылытып-жылытып жіберіп, өз орныңнан тұрып, қызды әкеп бердің-ау. Соныңды қайтіп ұмытайын” дейді.

Оразбайға халық жиылып тұрғанда, бір қатты боқауыз айтты дейді. Нүрке Абай сөзден тоқтаған кезде бір шенеунікке апарып, алдымыздың бәрін бір кесіп алды. Онан соң Жалпақта сияз құрып, Тобықтыны қыра кесік айтқызды. Соған Бура қосылып, Тобықты Нүркеге бір қылмақ болады. Сабамақшы болысады. Абай түрегелсін деп сол іске шақыртып алады. Абай келгенде, жұрт дуылы жүріп, Абайдың, ұлықтың үстіне кеп, Нұрбекті Қазыбек жағадан алып ұруға да бейімделіп қалады. Қолды сүйемейді. Абай ұлыққа бармақ болады. Оразбай омыраулау келеді. Өзі Абайдан бөлінген, жуансып қалған. Сонда Абай: “Ай, Оразбай-ай! Өзің де жуан, сөзің де жуан, қ... да жуан. Жалғыз-ақ қылатын а... аузын танымайтының бар-ау” деп, жұртты ду күлдіріпті.

Сүгірдің қызына Базаралы, Оралбай да құмар боп артынан алып қашады. Абайға қарсы шықты. Сол егеспенен олар да қойнына барады.

Дүтбайдың қатыны, Болғандардың шешесі – Сүгірдің тағы бір қызы. Оған да барады. Мырза Бөдейдің баласы – Мыңқа. Соның қызы Тайжанға барады. ... Осы Тайжан көзімен атып өзімді жеп жатты. Жайнаң қаққан түлкінің күшігіндей боп көзін алмады дейді екен.

Оразбай бөлініп айрылыпты. Болыс қойған Оспан өлді. Ел Абайды болыс қойды. Артынан болыстықты аман-есен өткізіп, келесі сайлауда Әзімбай болыс, Кәкітайды кандилат қойды. Келесі сайлау боп келе жатқанда Қызыладырда Әбен

болыс. Оның түскісі келмейді. Ояз келеді, Абай сайлауға барады. Оразбай, Абралы Тәкежандыкіне қарағанды қабырғада отырғанда келіп түстеніп отырып, сонда өзіне келгенін айтты дейді.

Ыбырай Құнанбайдың баласы емес, Құнанбай халыққа тең болатын, өз басына жинамайтын. Және Ыбырай осы топқа бармасын, барса бүлік болады депті. Ол кеткен күні Абай кешке өз бетіне о да жүреді. Қасында жолдасы бар. Оразбай бұрын ұры болған. Қатты жүреді, астында аяңшыл ақжал ат. Барса, Бөкенші, Жігітек, Жаман Тобықты екі болыс дауласып, Көкше бітіседі. Анау бірыңғай боп жатыр екен. Мырза-Жөкең бірігеді, жүгініс билігіне солар шығады. Көкше жалғыз қалады. Абай барғанда, Әбен жағы елді алатын біз, бірақ Ыбырай кеп ұлықпен тағы алып кетеді дейді. Оразбайға ақылдасады, ол сабау керек дейді. Абай танертен жүрмейді, Ысқақ, Орынбай келіп жүреді. Кешігіп барып қонып, танертең тұрып, ұлыққа бармақ боп отырғанда аналар ду қаптап қоя береді.

Абайдың айтуында: “Есімде бары Әбен, інісі қамшыларын көтеріп, аузынды ... қара төбет, соңымнан қалмай қойдың деп бір-екі салып қалады”. Сонда Жаман Тобықты Сопының Уәйісі Абайдың үстіне бүркей жата қалады. Әбен де Жаман Тобықты, ішінде Таз деген ауыл. Абай: “Үстіме жығылғанын білем. Жақтан түртіп жүр. Өлмейім деген ойым жоқ еді”. Көкбайды сабайды, ол атқа міне шабады. Кәкітайды сабайды, ол қашып, оязға барып хабар айтып, өлтіреді деп, ояз стражниктерді шығарады. Олар мылтық атып, ел сонан барып айығады. “Ояз айықтырып алды, есімнен адасыңқырап қалған екем. Басып тұншығып қаппын. Ұра бергенде үстіме жығылған кісілер көп бопты”.

Оразбай Шыңғыстан қорқып қашып өтпек болады, бірақ Абай қимылдатпайды, қозғалдырмайды. Біз есітіп, жиыла шаптық. Амандасып отырғанда Ырсай жылады. Абайдың бойы кішірейіп, өңі жүдеп қалған сияқты. Ырсай жылағанда, бір көзін өзі де сипағандай боп: “Ей, Ырсай ағай, босқа жылайсың ғой, Тәкежан екеуің тірі тұрсаң, бұл маған түк емес қой” деді. Ел алып жүрем дегенде, Абай: “Ояз протоколымды жібермей отыр, жібертем, жібермесе,

өзімен ұстасам деп, бізді шаруаларыңды істе” деп шығарып жіберді.

Қайта кеп үй тігіп, ұлықты күтіп отырысты. Абайдыкінде Сейітхан бір түймені тауып, осы Абайдың түймесі болса керек десті. Жанжал болған жер Көшбике Ақшатаудың бергі ық беті. Шыңғысқа қараған Теріскей беті. Абайдың қасында ноғай Ыбырай отырды. Абай сонда: “Жаман достан жақсы дұшпан артық” деп пішіні сұрланып, мұнайып отырды.

“Бейсембай қандай екен?” деп Жиренше сұрағанда, Абай: “Әй, қайдам білейін, ініңді бері қаз десе, ары қазатын кісі екен” депті. Жылы ұшырамайды дегені.

Сөйтіп отырғанда бір шу шығады. Абай кеп айтқанда: “Қоршап қуындар” деді, маған “сен қал” деді. Мен қасында қалдым. Ербол қуып кетті. Оразбай жіберген Қикым екен. Ақылбай үйінен шыққан. Кәкітай ат деген ат еді. Соны танып, ел іздеп барып, атының бауырында Қикым тығылып отыр екен. Оразбай Тәкежанға жіберген болу керек. Абайдың астында Есентайдың сұр жорғасы еді. Жүр деді. Мен астымда көк ат, күнбатысқа, Буратигенге қарай жөнелдік. Ауыл оязға Балашакпақта үй тіккен. Алдында сар желіп келем, бір кезде Тұмабайлап мені шақырған. Үнін есіттім. Шәкәрім, Ысқақ екен. Шақырып келеді дедім. Абай тоқтап аяңдады. Аналар мені қайта шақырды. Абай: “Жоқ, бұл елде тұрмайым, кеттім” деді. “Маған ұстап беретін жөні бар емес пе, астыртын тілдесіп отыр. Жауым арылған жоқ, мұнда екен” дейді. Аналар жабысып алып келеді.

Болыстық сөз болады. Шәкәрімнің де болғысы келеді. Әзімбайда да ниет бар. Сонда Ақылбай келіп: “Маған болыстық бересің, болмаса Оразбайға кетем” деп қиғылық салады. Оған болыс бол деп жіберген екен. Көнбей тұрып, аяғы Тәкежан өз баласын қойсын дейді. Мағауияны болыс, Ақылбайды кандилат қояды. Содан үш шербешнай шақырылады. Абай биге жеңіп, сонымен Оразбайдан кек алмақ. Айтпақшы, болыс сайланарда бидің бәрін де Абай атайды. Елубасыларға сайлау алдында келіп: “Ей, елубасылар, осы сайлауда бидің бір шары ауыспасын. Бір де шар қате түспесін” дейді. Бұрын Абай айтатын да, дегені болатын. Елубасы шарға ие емес-ті. “Мынау биге де бір тас ауысып түспесін, тасын ауыстырған елубасы болса, менің

осы ісімнің ауыртпалығы соның басында болады” дейді. Дегені болады. Әуелі келесі жылы Балқыбекте шербешнай болды. Оразбай ылғи сұр ат мініп барады дейді. Биді Абай жеңіп ала алмады. Екінші шербешнай Аркатта болды. Онда ояздың үйі өртенеді. Тобықты өртеді деседі. Ол жазғытұрым май ішінде. Өзі ел мал төлете берген соң үйді, қағазды тұтас өртеп жіберген. Үшінші тағы Аркатта боп, Мағаш кеп биге теңелді. Жықпаса да, Оразбайды әлсірете тарқады. Бірақ қыста тағы Семейде шербешнай боп, сонда жеңуге айналды. Бірақ Шәкәріммен екі арасы өкпелеседі. Омарбек Медеу мен Мағашты татуластырады. 100 түйе құн төлеспек, 500 сомды Әбен бұрын берген. 40 түйені Медеу Жігітек, Бөкеншіден әпереді. Медеу, Арап өкпелеседі. Оразбайдың өзінен түк бермейді. Кішекендер өзінен төлемеді, бізді ұстатты деп Бейсембай бастық боп, содан Кішекен қайтадан Абайға кеп табысады. Жиренше ол кезде астыртын бүлкіл өсек болмаса, Оразбайға ашық дос боп шыға алмады. Сол кезде өз басына 7-8 жүз бітіп, Шоқаға 2,5 мың жылқы біткен еді. Ол содан кейін жылқының аман болуын, жайылыс табу жайын көп ойлап, жұртқа жорғақтап кетті. Астыртын кісі шағыстыру, әлгі бір-бірді шағыстыру сияқты болмаса, Абайға қарсы болған жоқ. Тәкежан да қол қайратын істеп жібер дегенді айтпады демесек, Оразбайға шыққан жоқ еді. Айдос түгелге жақын еді.

Анада елден кетемін дегенде, қайда кететінін айтқан жоқ, бірақ қатты ашуланып айқайлап айтты. Қолында шатыры бар еді, күн жауып тұр еді. Сонда кебісінің басына су құйылыпты, менің үстім су боп қалды. Қиқым құтылып кеткен, кісі таныған соң кетіп берген. Тапай тал түс еді. Біз келсек, ел Абай үйіне қайтып кетті деп қойған екен.

Сиязға, биге берген арба, шана, ат та беріп жатқан. Арақ, сыра, сый беріп жатқан. Екі жақтың шығыны көп. Араптың ат-шанасы биге беріліп, Медеудікін алған. Сондай бір 80 сом Шәкәрімге түскенде беріп жатқан көп шығынның қалғаны ғой. Шәкәрім төлемейді.

Мағаш, Кәкітай Олжай баласы боп сонда келіспей қалады. Өмірі арамызға сызат түскені сол дейді. Сол сиязға қалаға Әзімбай келе жатып, Абайға сәлем береді. Абай:

“Мағашпен бірігіп бір жерден шығындар” дейді. Сонда Әзімбай: “Ұлжан болсам екем” дейді. Абай: “Ұлжан талтиған қатын ғой, Құнанбай болсам десенші” депті. Шәкәрімді Әзімбайдың шеттеткені – соны аңдату.

Осы соңғы шербешнай 1903 жылы болды. Мағаш сонда ауру, төсекте жатып сөйлейді. Сонан қайтып барып, ауру боп жатып өлді.

Арқаттағы шербешнайда Нұркені Тәуірбектің боқтауы. Ысқақ апарып татуластырады. Аяғына жығылады. Қыста костан бір байтал мініп келгенімде, 25-ке билетпей ақылы билеп келген. Байтал мініп келгені сол ғой. Тұмабай ақылды кісі болды деген бір сыны бар еді.

Бүркітке шыққанда екі үй тігіп жүреді. Бір үйде қосшы, өзгелер отырады. Бір үйде өзі, Шәке, Салсары – Мақыштың Смағұлы ғой, атын әдейі өзгертіп жеңгелері қойған.

Әубәкір ет жұлып жеп жатқанда, мынасы баламыздың торымы дейді.

Сыбанбайдың баласы Ілеймен әңгімесі. Қалыппен кірпіш құйғанда, жылқы баққанда екі күннен соң бармайды. Жау әкетеді. Сен қасқыр тартқан қозының к...н күзетшіге тістетіп жұлдырасын. 800 жылқыны бір кісісі баға алмайды екен. Жылқышың ұйықтап қалады, жауға алдырып, к...е дүре соқтырам ба дейді. Сонда сен сөзден сылақ салған ең, мен сөз құмар ем. Болмас, бір құнан мініп үйіңе қайт депті. Алдында қалып: ой, сөз баққан-ай деген екен.

Асылбай ат байлатпағанда, маған өз орнына байлашы деді атты. Ілейменнің інісі Қырықбай ұрлықтан Үркіт айдалған. Ілеймен пішен үстінде Абаймен тағы жауаптасарды. Сонда: “Әй, бұл антұрған болмайды, жүр, Тұмабай” деп ертіп кетті. Сөзге тоқтағыш еді.

Байдың қызы боп жүріп, ұрыға қашып келген Төбейдің Байділдасының қатыны алғашқы ұрлық етін жегенде: “Бісімлда, боқ жегеннің алды осы” депті. Мәтел боп кеткен.

Баянды айдалып келгенде, Жәкуттан қашқан деп, оның қорқытуы. Жас түрік қашқыныныңаты Әліпекен. Қыс келсе, жыл айналғанша сақтап, Боқайға мал айдағанша сақтайды. Ат мінгізіп, киім кигізіп, жөнелтіп салады. Оны көп уақыт мәжілісіне шақырып сыйлап отырады. Әңгімелесе береді.

Сыбанда Тұлақтың Қарашолағы деген бүркітті Елеусізді жіберіп, алып қашқызып ап, артынан Қамбар мен Жалының баласы Қаратай сұрай келгенде: он түйе сұрағанын шолаққа, сол сұрағаны мына екеуіне бергізді.

Ғабидолла барып хат апарғанда, айыптың 500 сомына қосқаны болу керек, Қаратай бес ат береді.

Бала тәрбиесі жөнінде Тәкежанның боқтампаздығы. Қажының алды тар еді, содан малшы үйіне барып, аузына келгенін айтқыш болған деп, өз алдын балаларына кең қылған. Дұтбай балаларға ашуланшақ, ұрысқақ. Ол туралы: “Дұтбай балаға ақылын бермейді, ашуын береді. Оған бала ашуланады, ақылын ұға алмай қалады” дейді екен.

Абай, Әбіш айтысқанда, Абай: “Ақ артық па, қара артық па?” дейді. Әбіш қара артық дейді. Мысалға көздің қарашығын айтады. Әбіш: “Сіздің зәріңіз қатты ғой халыққа” дейді екен. Кісіге кіріп келгеннен қадалып, көзін алмай тесірейе қарап отырып қалатын. Кіргеннен отырып, орнығып болғанша қарайтын. Есінен ауыстырып жібереді көп адамды.

Келінін, қызын жасырмайды. Пәкізатты ұзатарда жаулық кигізді. “Балам, ақ нокта деген осы” дейді. Пәкізат киіп ап, әкесіне қарайды. Абай анау шыққан соң көзінің жасын бір іркіп ап: “апырай-ай, балам, қарашы дегендей қылды-ау деді” дейді.

Келінге сәлем қылма, ұялма, үстіме кір. Ол ұялатын іс емес, ұялатын басқа жұмыс, бізден тәлім ал, атадан үлгі алу жат емес деді.

Арғымбай қатыны Мәтіш. Күйеуі ұрғанда Абай есітіп: “Құнанбайдың қызын алғанда қызық көрем деп алды, қорлық көрем деп пе екен. Ұрмасын, Қаражанға айт, тыйсын келінін” дегізеді.

Ақылбай қызын Найман ала келгенде, қызды бермей, өз үйінде сақтайды. Соған да: “Бала қызық көрмекке керек, қасына берсін” деді.

Оразбай қыздарын Араптарға әбден алғанша бермейді. Қасына жатқызбайды екен. Соған Абай: “Ененді .., қызы одан өзге еркекті таба алмайды деп жүр ме екен. Онан да қызының күйісін бастырып алсашы” дейді екен.

Есіктің алды тастақ та,
Тастақтың алды баспақ та, —

деп Абай айтқанда, қу шал:

Атасы басқа жау жеңге,
Күйеудің қасына тастап та, —

депті. Ақылбай қызының тұсында.

Ділдәні алған соң қайнына бұрынғының әдетімен қайта барады. Не қалайды депті. Қарақасқа қысырақтың үйірін сұрайды. Алшынбай: “Оны алма, батамды ал” дейді. “Бата беретін шал өзімде де бар, берсең қысырағыңды, бермесен атымды тарт” деп жүріп кетіпті.

Түсіптің қызын Алшынбай бәйбішесінің өзі асырайды екен. Сол бәйбіше келе жатыпты. Онда Абай тоқалды алған екен. Анау енесі: “Ыбырайдың тоқалы қайсы?” деп көріспейді. Және Абайға: “Мен кеткенше, тоқалдың қасына жатпасын” дейді. Абай тоқалға сол күні, қаладан келген күні төсек салғызып жатып қалады. Тындамайды.

Қажы еншіге Абайға да, Тәңірбердіге де 50 жылқыдан беріпті. Содан Қоңырға болыс боларда 880 жылқы бар дейді екен. Оспан өлгенде, үйлерін үлесерде Абайда 80 жылқы қалған. “Мен елге шашам, олар жия берген. Тартып алды, бос алды. Мен себепші едім. Оспанның малында, мен болмасам, Тәкежан, Ысқақтың не үлесі бар еді” деген.

Әзімхан, Кенжебек қалада ноғайдыкіне келдік. Бірге Ақылбайдыкіне бардық. Айбек сартты шақыртты...

Бәйге ат. Кедейқұланы бәйгеден келгенде бес түйе беріп Абай алады. Мұрын Бұлан дегеннің аты еді. Молдаш түйелерді алып тұрып, баласына ақылдасқан боп, бұл елімізге атымызды алдырдық деп барар ма екеміз, қайтер екеміз дегенде, Абай тағы бір ат бергізді.

Ас арғыда көп болатын. Бертіндегі соңғы үлкен ас Сәтидің асы. Тұрғанбайдың асы.

Борамбайдың асында Көкшеге өкпелеп Дүйсен бастаған қалың мырза Мамайдан кетіп барады екен. Абай кешігіп кеп: “Шал-ау, шешен атын ұмытып қапсың ғой” дейді. Сонда Қоңыр-Қоңыр дейді. Аста жан қалмады дейді.

Мұқаға домбыра тартқызып, Кәкітай Тұрашқа үйреттіріп отырады өз алдына.

Ақтышқан деген жұтта Алшынбай жылқысы келіпті. Түсіп өзі алып келген екен. Сонда Құндыздыға жіберіп, Жиреншеге баққызыпты. Со да қорлық дейді екен Жиренше.

Көктұма сияқты тартыста Абайдың салатын жүйрігі Жиренше болады. Долгополов Жиреншені көріп қайтып, жолдастарына Семейде Абайдың шешені осылай сөйлейді екен деп, скрипканың смычоғын бұлғандатады екен.

Долгополов қыдырып жүріп, қажыныкіне келіп көрем дейді екен. Ол Абайға: “Әкеңнің басын музейге бер” деп сұрайды. Абай: “Әкесін үлкен баласы мен кенжесі билейді” дейді. Сонан соң Жиреншені салып аналардан сұрайды. Олар беруге көніп қалады. Мен атты байлағанша жүгіріп кеп, Абайға айтып жатыр екен. Абай күледі де: “Мені қазақ иянаттайды онан соң” дейді. Долгополов: “Әкең өлмес еді. Адамға бітпеген басы бар екен, бермедің, жарамайсың” дейді екен.

Мөржанның сіңлісі, Қабыланның қызы келгенде, Тұраш қайда еді депті. Ол Семейге кетті дегенде: “Ой, сөзіңді ...-ай” депті.

Байтас деген ағасы (Жақыптың баласы) ойнасшы, сауыққой болған. Сол сейіл құрып жүріп аулына қайтып келе жатып:

Көшкенде жүк артамын ерке атанға,
Не бетімді айтамын Ойке апама, —

деп өз қатынын Ойке апа дейді екен. Абай соны көргенде, Ойке апаға не дедің деп отырады екен.

Көгібайдың қатыны Қарақатынмен жақын еді дейді. Бәшей — Абайдың аспазшысы. Бұл қатыннан бала туған.

Байлаудың қызы, Бақаштың қатыны Абайдың қызы болу керек.

Тока деген Қарабас өзінің бір Мамайымен даулы боп, құнан даулайды. Абай айтқызбай анаған құнанын бер дейді. Тока сонда құнанды бергізбей тұра тұрып, екіндіге дейін сөзімді тындашы дейді. Айта бер дейді. Абай намазға шейін тындап-тындап алып, анаған енді сен құнанды берме дейді.

Неге дегенде: “Кұнан саған тиген еді, өзің сөзге саттың” депті (содан қырт атанады Қарабас). Бір дауда екі асайсын ба дейді.

Қатпаның колхозда аудан қызметкерлері атына айғыр айырбаста дегенде, айтқан қалжыңы: “Айғырлар Тұмабайдың будасын басқан ақ бурадай” – дейді.

1. Абайдың Жігітекті айдатуы.
2. Абайдың пішіні.
3. Айдалған кісілер.
4. Қоныстар.

Қатпа Қорамжан баласы. Мен Абайдың аулына 17 жасымда келдім. Содан екі жыл бұрын Әмірханмен еріп, атқосшы боп бардым. Қондық. 15 жастамын. Онда ән салатұғым. Басым шарт байлаулы. Бастың сыры ашылмай, құдай сақтап аман кеттім. Ән салғызды. Абайдан қорқам. Аулына көшіп келгенім 1901 жылы. Сонда бір “Сақау қыз” деген әнді Абай көбірек мауықтады. “Сақау қызды” Мауқай өлең қылып айтушы еді.

Шынғыстағы қыстаудамыз. Абайға біздің ақсақал басында жолаңқырамай жүрді. Келгенде басым таз. “Ұялма, бұл ұяттың арты қорлық болады” деді. Тазым бар еді дедім. Шашымды алғызды. Жаздыгүні бұрқырап кеттім ғой, қотыр болған жылқыдай белгілі ғой. Шашымды қырғызып алдырды, қып-қызыл ала боп отырмын жаумен төбелескендей. Сонда Кәмәлия мен Пәкизатын шақырды. Ойбай, құдай-ай деп отырмын. Біріне тымақ, біріне тақия кигізді. Бұрынғы тымағымды өртетті. Жұма сайын босатпады, алғызады да отырады, ылғи жалаңбас отырғызады.

Алты айда жазды. Менен ұялмаған соң басқа кісіден де ұялмауың керек деді. Жазғытұрым көшіп келдік үйменен. Басымды емдеуі алдында қыс бойы болған. Жазғытұрым мал балалайтын кезде көшіп келдік.

“Немене істегің келеді?” деп сұрады. “Не істе десеңіз, істейім” дедім. “Ендеше, биылша торыны байқашы” деді. Үш торыны бағатын болдым. (Ол бір пәле ғой). Сол торыны жаздай бақтым. Жоннан ел құлағанда торы бірге кетеді. Күздігүні қасқыр қатты. “Енді не етесің” деді де, “атпен мал

күзетесін” деді. Мал күзеттім. Қасқырға бермегеніне бәйге. Қораға қондық. Қой аман болды. Сонда биттей көзінде ұйқы жүрсе, үйде жатып өзі біледі.

Ендігі қыста қыстамадық. Өзіміздің жерде қыстайтын болдық, өзіміздің қыстауға көштік.

Мал жайы. Келгенде жалғыз көкшолақ тай бар еді. Қайтқанда бес-алты қарамен қайттық. Үй ішін түгел киіндірді. Боташы келгенде, ал-ал дейді де отырады.

Өзім қолында қалдым. Астыма жирен қасқа бие мінгізді. Ауылда Жылқыбай қыз алатын боп, екеуміз далада екі қызбен жат та алыс. Зорға алып келдік. Абай келгенді есітіп қойыпты. “Көні, қызды қайдан алдың?” деді. “Әй, Абай-Абай, қызды әрең алдық қой” дедім. Күлді-күлді де, “жалғыз-ақ тентек боп кетпе” деді.

Келесі жазында қайта көшіп келдік. Қыста көбінесе Абай аулына келіп, сонда жүрдім. Жаз келгенде түйе баққызды. Абайда 70 шамалы түйе бар. Түйеден шыққан соң ауылда қонақ күтетін, мал қарайтын болдым. Қолға су құям, мал қараймын. Жазғытұрым, ғинуар өткен соң, алып кеп бие байлатады. Қысыр сауғызады. Сол қысырға араласып айдап келу, бағу маған – міндет, сауу – Жаманбалаға міндет. 21 бие еді. Соған Бәйге жирен деген айғырды әкеп салды. Сол жазында Жанботаның қасына ертіп, бойдақ жылқыға шығарды. Қысыр сауған жылы жазғытұрым Мағаш ауру болды. Мартта Абай Мағаштың қасында болам деп, Ақшоқыға кетіп қалды. Майдың 12-де Мағаш өлді. Өлгенде өзі Мағаштың қасында болды. Жылап бардық. Дәулеткелді жылап келгенде:

– Ойбай, бергішім-ай, жомартым-ай, – дегенде, Абай: – Келе ғой, алғышым-ай, қайт дейсің-ай, – деп, күйіктің үсті болса да жаңағыны айтады.

Мағаштың өлімі ерлік пен ездікті сынайтын өлім ғой. Ез күнде өледі, ер бір күнде өледі деген Тәкежанға. Абай өлгенде ауыл Балашақпақта.

Шәукімбайдың бізі жоғалады. Абай түске ұйықтап жатқанда, Шәукімбай Абайды шақырады. “Уа, Ыбырай, қайдасың, біреу шабылып жатса!” дейді. “Токта, қой” деп жұрт айтқанда, Абай оянып: “Бұған кім тиді?” – дегенде,

“Жалғыз бізіме шейін ұрлап қойды, мына әкең аузын...” дейді. Мені айтады.

Шәукімбай абақтыға салам дейді.. Өкпелегенде ол тезек термейім, ассыз отырасың дегені. Еркежанға айтады. Көші-қон дейді. Сонда жалғыз-ақ соған дәмесі бар. Өкпелегенде көшем дейді.

Сорпасынан, не текеметінен осының деп, бізді құтырып кетті дейді.

Құрт езіп ішеді. Құрт қайнатып отырып пәлесіне қалам ба, өз құртымды ішіп отырмын.

Ырыстың тамағына неге қол сұғайын дегені — бәрі Кәмәлияның тамағы туралы.

Еркежанды жақсы көреді. Бір жолда Еркежан: “Абай-ай, есім шығып отырғаны”, — дегенде, “Осы, бәйбіше, сенің есің аттың е...і ме, кіріп-шығып отырады” деді. Анау кісі ұялып, теріс қарайды.

Тұрашты үш бөліп туған бала дейтін. Кеудесі өзім, сакалы сарт, беті шешесі дейді.

Қорамжанға Әубәкірдің қайдан туғанын тап деді. Бірнеше күннен соң өзі мен таптым деді...

Қонақ жоқта бізді жиып алып, әңгіме айтқызады. Қонақтарды Әубәкір екеуміз тіс арасынан жылы су жіберіп, ит сариды екен дегізіп, қайта дәрет алдырамыз.

Мен қой бағатын жылы бір тінту болды. Көп орыс. Бастығы ояз Набатский ауылды қамап тұрып, тінту жасады. Әбден болған соң Абай: “Тінтіп жүргенің не?” дейді. Еркежанға “сенің қалтанда еді ғой, бер” деді. Еркежан ойбайлап: “бермейім деп едім” дейді. Хат екен. Машур ма, біреуінен келген екен. Патшаға қарсы адам болу керек.

Өзі арабша жазады дейді. Ренжіңкіреп айтады. Хатты бергізеді.

Сол хат туралы Арқатқа шақырды жауапқа. Әлмағамбетті ертіп барып, жауап беріп қайтты. Омарбекті ерте келген ояз. “Апырай, орыстың маған оң қарайтынын білмейді. Алдында екі хат жазып еді, тығып тастап ем” дейді.

Мұқаммаразды Қатпалардың қалжақ етуі. Абайға шағады. Абай тимендер дейді.

Күзет күзетіп жүргенде айтқан әнімді бір күні: “Осы сенің ойбай деген әнің не?” деді. Мен “бибай емес пе”

дедім. “Сақау қыз” әні. Мен әңгімесін айтам қыздың. “Сол қыз байға тимей қап па?” дейді. “Тимеуі керек” дейім. Соны ұстанып, “сақау қыз байға тимей қапты” деп жүреді біздің Қатпа деп, жұртқа айтып отырады.

Бейсембай – Топай Жәнібектің баласы. “Қозы Көрпешті” айтушы еді. Сарнап айтушы еді.

Жазғытұрым апрель ішінде қыстаудан көшіп, Байтөбетке қонады. Күзек қора бар. Одан Тақырбұлаққа, одан Көкүйірім, одан Қасқабұлақ, одан Тұмаға, кейде осылай да жылқыны келтірмей, топ өзі үстіне көшіп барады. Кейде Тақырбұлаққа қонбай, Ырсай көліне қонады. Құсын аулай да барады. Бұл көш бір жылғы көш. Қайта көшкенде кейде Ералыға қонып, ауызсуды Ералыдан ішіп, жылқыны Ырсай көлінен суғарады. Қыстауына майдың аяғында қайтады, бірақ шалғынына мал жібермей қорынады. Содан сыртқа қарай Көлқайнар қонады. Тәкежан бір сиырды қориды. Сонда мына жалғыз қосты қақайтып, жалғыз сиырды бақтырмай-ақ, жығындар үйді, көшейік деп кетеді дейді. Домалақтөбе Шыңғыстың бөктері, содан Ақбұлаққа қонады – Көшекпен асады. Іркіт салатын, бәйбішелер мінетін арбалар болатын, сондықтан жайлы асумен асатын. Ақбұлақ күнгеіде – соған қонады. Одан Барлыбай жазығы, Тоңашаның өзеніне қонады. Одан көшкенде Әулиеатасының өзеніне түнейді. Шатқалаң болады, одан Жыланды қонады, одан кейін Байқошқарға қонады. Кейде Көкшеден қоныс сұрап алып, Бақанасқа да қонады. Қожагелді жеріне де қонады. Бақанасқа барарда Қаракұнан Боғаспен немесе Кішекеңмен көлденеңнен асады. Онда Саркөлге қонады. Қаракұнан – Ақбайталдың шығыс жағы, Қырғыз шатының батыс жағы.

Жиренше Тұмабайды Абайдан алам деп торып жүреді. Сүйіндіктің Асылбегіне кеп түскенде, Жиренше анаған: “Амансың ба, байғызым?” дейді. Анау: “Амансың ба, бәбісек көкегім?” дейді. Байғыз түбін санап жатырмын дейді. Мұны бәбісек дейтіні әр қи, әр түбірдің түбіне барып пыс-пыс деп, Олжайды тегіс түртіп, өргізіп жүресің дегені.

Жиренше Абайды ылғи Текебай тентек деп атайды дейді. Мағаш Жиреншені неге жүрсін, түлкібаз дегендей шалады. Сонда: “Сенде не ақыл бар, арқардың кәрі ешкісінің мойны

кез иіндей болған Қабыланның қызын сұлу деп алған сенде не ақыл бар” дейтін еді.

Абай Жиреншеге Зейнеп төстенген құсың бар ма дейді. Ол бар. Жалғыз-ақ дәмегөй көзденген, Айымхан тұмсықтанған құсым жоқ дейді.

Жиренше көксау, даусы өшіп, жөтеліп жатып сыбырлап сөйлей беретін.

Нүрекенің қызы пәуескеге үш жирен ат жегіп, іздеп кеп, Тінібайдың үйінде Абаймен бірге жатады. Абай он бір күн қасына алып жатып, артынан көп сыйлар әперіп, төмен шығарып салады. Манас елден, қажыдан келеді. Жандарал Абайды айдайым деп, соған айдалып кетеді деп, үйде киім тіктіріп әзірленеді. Қажы тынышсызданады. Бұл көп арызбен тергелген жас кезі. Сонда Манас қажының жіберуімен келсе, Абай қызды құшақтап ұйықтап жатады. Манас: “Үйде Алшынбай қызы жатыр, жүдеп жылап жүр, бұның не?” дейді. Соныңды біліп, жүгіріп шығып ем дейді.

Нүрекенің елін бұзам дейді (Уақ). Құнанбай, Нүреке екі баласы Тәкежан, Ысқақты тамыр қылысқан екен. Абай қызды алмай қайырғандықтан, артынан аулы өкпелі болысты.

Терістаңбалы Көшердің қызы Бірсалдының қатыны болған. Атақты Көшердің қызы – соның қойнына Абай барған.

Бірсалды – Ырғызбай. Тайжанның апасына да барған екен. Бастапқысы Мыңқаның қызы. Ол Әбеннің қатыны болған.

Көкбайға сенің адамға жаның ашымайды дейтұғын. Айдалғанға 50 сомын береді. Оспан киімін сатып алған әйел сұлу екен ғой дейді. Әйтпесе жаның ашымас еді ғой дейді.

Абайды көшеде біреудің боктағаны...

Қажы тебін шыққанда өлген. Тегі, қысқы қыстауы Жи-дебайда, Оспанның қолында болған. Әниді (Нұрғанымды) алғаннан кейін орны Ақшоқы болған.

Әбдірахман қари мен Мәлкахдар қари Наймандар. Солардан Семейдің бір саудагер ноғайын айтып, оны иманды ма деді. Жауап таба алмады. Қайтармағаны деді, түнеугі ноғай не болды дейді. Жауап айта алмады. Сон-

да: не біреуге де пайдасы жоқ адамды иманды деуге аузым бармайды деді.

Күйек бітіп, қой туғалы тұрғанда Көтібайға қой сой дейді. Көтібай күйек бітіп еді ғой дейді. Сойғызады. Артынан он күннен соң: күйектен хабар бар ма деп, ырымды ма еді деп ұялтады. Көші-қонда ырымды елемейді.

Медресінің шәкірттерінің бас-аяғынан қарап тұрып: “Бейшаралар елді бұзады-ау. Өзі түк те білген жоқ әлі” дейді. Бақсылар, кісі оқитын молдалар үстіне кіре алмайтын. Баланы жақсы көретін. Тек ұсамақты жақсы көреді. Бала ауырғанда бақсылар әкеп, ауыл баққызғанда жындары түспеді.

Шәкер бақсыға қарсы Берікбайды қайрайды Абай. Берікбай – өз елінен Шәкер келгенде алып соқтым...

Кәмәлия келін боп 98-жылы түскен. Кәмәлия 82-жылы туған.

Қосқадам кеп отыр екен. Абайдыкіне Жиренше екеуіміз келгенде, етті балпылдап жейді, тісі жоқ. Қосқадам деген Көтібак, соған Мағаш мінеді деген бұрыл атты беріп, шапан кигізіп аттандырып салды. Анау бата берді. Абай қолын жаймай, жай қоштасты.

Құлайғыр (Жігітек), соған Құлаторы деген атты мінгізіп жіберді. Кәрі шағында жаяу қалды деп есітіп, шақырып алып берді. Жеккелі отырған аты еді. “Тамыр болдың – айттыс жоқ, қолдан бердің – қайтыс жоқ” деп Абай айтқан. Ысмағұл, Әзімбай жақын боп жүріп, артынан Абайға айтады. Әзімбай сонда Ысмағұлда жүрген Қаражырық деген бүркітті түнде ұрлап алады. Ысмағұл Абайға барады. Абай кісі жібереді: құсын берсін дейді. Анау ақыларын айтып бермейді. Сонда Абай әлгіні айтқан. Сол бергіде елге жолжора боп кетті.

Тіршілік – бәсеке, жарыс, дүние, бәйге үлестіру үшін Дәулеткелді бұдан былайғы есікті мен іздемейім деп, “ойбай, бауырым” салып келген кісіні қой қораға кіргізіп жіберген. Мәтел боп кеткен.

Мадияр Түсіпұлы. 70-те. Жанақ ақын қонаға Сабырбайдыкіне келіпті. Жанақ:

Дүниеден ғайып болды дұға алмай,
Қалды ғой төрт Қуандық жоғалып-ай.

Аңға – тамақ, жаяуға ат, киім еді,
Жасаған карамады обалына-ай.

Сонда Сабырбай мақамдап сөйлейді екен жас баладай:

Жел сөзін жүр екен ғой баскара алмай,
Сыбанда мынды айдаған Жандауылдай,
Өлсе көрін ұрайын, жатсын солай.

Алғашқы Жігітек жанжалы тұсында Абай туды ма, жоқ па білмейім. Бірақ Әбілғазы сол соғыста, Мұсақұлдағы соғыста төбелесуге жарапты. Әбілғазы Тәкежанмен жасты. Абай әбден бар. Мұсақұлдағы соғыс күз ел бауырға түсе болған.

Менің естуімде Майбасар мен қажы жақсы болмай жүреді. Бөжей Майбасарды аламын деп болыс сайлатады. Қажы сайлап барып, өз бауырына қайта тартып алады. Бөжейді байлап алам деп келгенде, Әлжан оқтанып атпақ болады. Бөжей атқызбайды. Артыннан қажы Бөжейді ұстап әкеле жатқанда: “Мен сені оқтан аяп ем, сен отқа салдың ба?” дейді. Байсал арашасы. Араша бермедің деп “Көтібақтап” қосылып кетеді.

Жиренше әңгімесі. Сыбан, Тобықтының жер егесі. Абай: Мұқыр, Шыңғыс 500 сомнан берсін, мен жердің аралығын тоқтатам дейді. Жер үлесерде Қаратай: “Құнанбайдың мына қарашолақ баласы алдады-ау” дейді. Үлеспейді Көкше. Жиреншеден сәлем айтады. Жиренше Қаратай аулына бара жатқанын көрдім дейді. Абай: “Ол қарт бара жатса үлеспейді десеңші” депті. Қаратай: “Құнанбай жақсы еді. Мен жан сақтауға қанша берген едім. Байсал да жаман бір Құнанбайдан кем болғанға несі кетеді. Бөжей де ақылды емес, менің азғырғаным алданды – ақылдысы қайсы. Мен Көкшені аман алып қалам деп алдадым”, – дейді.

Абайдың бала кезінде болыс аты – Қоңыркөкше. Қажы Омбыдан қайтқан соң қыстаулар тез қайтпайды. Әсіресе Мұсақұл үсті дау. Төлеқан қорасы деген бөлік бар, соны ұстанады. Беріге шейін сол сөз басылмайды.

Қажы алдым қылып, Мұсақұлға түйесін салып, қонып жүреді. Қағаздасып жүріседі. Әділхан оқиғасы шығады.

Абай Базаралыны береді. 17 кісіден бөлек. Балағаз, Базаралы Құдайсүгірдің жылқысын әкеп, сонымен кетеді. Абайдың жасында Сүйіндіктің Асылбегі болыс болады. Қажы Омбыға кеткенде Көркембай болады. Жабай да болады.

Осылар қалып келгенде, Тәкежан бірден болыс болады. Содан беріде Абай болады.

Тәкежан жылқысы алынды. Онда Күнту болыс. Бір қос жылқыны алып кеп, Кішекең қырып тастаған. Біздің ауылда старшын бар еді, соның қатыны қуғын кеп, теріні тапқанда, Абай аулынан қуыса келген шенеунікке үйдегі журналды дар айырып алып шығып: мынау отырған кісін жырты, біз аталас боламыз, таңбамыз бір, ат өзімдікі деп алғызбай қалады. Мен Жігітекпен бірге аттанғам.

Қатын “қайда” деп, құлақтың бәрін жыртып тастайды. Онда болыс Күнту. Ол мені болыс сайлап, бұның не деп шалқалайды. Оразбай, Жиренше, Байғұлақ, Қаражан, Күнту бәрі боп Кішекең жылқы басы екі бестіден кеседі. Кішекең ішінде жылқы соймай, некен-саяқ аман қалғандар да бар екен. Соның бәрін төлетіп, Кішекең кедей болып бауырда қалды. Жылқы алды деп қағаздасады. Шербешнай болады Семейде, 61 би орнады. Базаралы мен Абай жүгініседі. Билер тындап, екеуің шыға тұр дейді. Екеуі шыққанда, Базаралы қалжындап:

– Мына жалпақ төбелер темекісін тартып, екеумізге кебісін күзеттірді-ау, – дейді. Содан билерге келгенде:

– Мынау Құнанбай баласының аты, асы, ақшасы да мол. Біле білсеңдер, мен көп бердім. “Не бердің” дегенде: “Осы Құнанбай баласы құдайдан туды ма деп, тіксініп жүр едіңдер. Алдарыңа бір әкеліп жүгіндіріп бергенім емес пе!” – дейді.

Базаралыға Көкбай айтады. Абай барда кездесіп, өлең айтшы дегенде айтыпты:

Алашка абыройың әлі дардай,
Келбетің қырық бұт тартқан кара нардай.
Ішімнен тілеуңді тілемесем,
Жарияға тұрмын ғой аузым бармай.

Абай Қоңыркөкшеге болыс боп тұрғанда, Байкөкше акын бұл отырған үйге кіре береді. Абай:

Тақыр жерге қауындап шөп бітеді,
Кей адамға мал мен бас көп бітеді, —

деп, осының аяғын отырмай айтып жіберші дегенде, Байкөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді, —

деп отыра кеткен.

Күнту болыс болғанда жортқаным-ай,
Керей менен Матайды торытқаным-ай.
Қазы менен қартаны кертіп шайнап,
Абай болыс болғанда қорыққаным-ай.

Әділхан Абайдың болыс күнінде қалаға жіберген пошта-сын талайды. Содан көрсетіп, қағаздатып 17 кісіні айдайды. Әділхан қайта қашып келеді. Базаралы басқа жөнмен айдалып, артынан қағазы түзеліп қайта келеді,

Шербешнай. Әзімбай, Күнту болыс. Пригауар алып Мұқырға Кішекен, Бөбең шығады. Мұқыр болысы бұрыннан бар. Сайлауға Әміре Айтбақин барады. Көп ел шығып кетеді. Әмірені Қаскабұлаққа апарып, сайлау қылып, Оспанды болыс қояды. Күнту өзі Мұқырға шығып кетеді. Оспан 41-інде өлген.

Оразбай Әміре болған бүлікте. Оразбай бөлініп шығып кетіп, Оспан болыс болғанда қайта Шыңғысқа келеді. Содан тағы кетеді. Оразбай Күнтуды аяп және жылқы алған пәледен корқады. Сөйтіп, қажы балаларына қайта кеп кіріп кетеді.

Жылқыны 33 кісі келіп, Қаскабұлақтан тиіп алдық. Төбелес болған жоқ. Қоста сонда Ақылбай отыр екен. “Қуырдақ қуырып жеп отыр едім” деген сөзі жұртқа күлкі боп кеткен.

Ақылбайдың малды қатты қарап тұрмын дегендегі бір күлкі мінезі.

Қарсон қыстауының үстінен Орданың Боқай жағымен асырады жылқыны. Мына жақ қуа барып, Ысқақ бастап Орданың Шілікті кезеңінен тосады. Аналар ар жағынан өтіп кетеді. Содан шиден өрлей сояды. Сол жылы Әбді, Сарыбас сияқты Кішекеннің көп кісісі өледі. Соны ырым етеді. Жол болмады дейді. Базаралы өліп қалады.

Қунту болыс болудың арты тырым-тырақаймен бітеді. 97-жылға шейін есе бермейді. Онда да Әзімбай Оразбайға шығып, сонымен есе алады дейді Мадияр.

Ысқақ 1901 жылы өлді.

Қунту болыс болғаннан кейін Абай партияға төгіп-төгіп кедей болды, тон киді. Бөрте айғырдың қысарағының әкесі бір айғыр, екі байтал ғана қалған. Еркежанды алуда осындай болған.

Айтқазы наследник Омбыға келгенде сонда барды. 700 кісі жиылған екен дейді. Әркім әртүрлі салт көрсетті. Біреу күш көрсетті. Қасқыр, түлкіге бүркіт салды, қаршыға, шалды. Кедей көші қарашолақ, мәстек көші өте сәнді болады. Жылқы айдап, қыздар ән салып өтеді. Айтқазыға барып қайтқан соң, Белағаш, Семей халқы жиылып, әңгіме сұрайды. Мұса бар, анау-мынау бөрі-бөрі жиылды. Бірақ, қысқасы, осы өздерің көріп жүрген Абай — бәрі де соған жер мен көктей жуық келетін бірі жоқ дейді.

Мағауия өлгенде 100 қаралы кісі ат қойып бардық. Ылғи Кішекен. Көрісейін деп ем, бәріне рең бермей қойды. Болмаған соң, қайта барып орныма отырдым. Сонда отырған соң шаршап қалдың-ау деді. Бейсенбі Бұланбайға айтты: Осында Күреңше айтты деп есітіп ем. Абай кісі-ақ қой, жалғыз-ақ осы бір тақыр баласы ғой деген екен. Бүгін өлгеннен кейін Абайдың бағы осы ғой, білімді ғой деп айтады дейді. Осы құдай кәні, тірлігімде бір мақтарың бар ма деді. Мен білемін дедім мен. Айтқазы осыны айтты дедім. Сонда Айтқазы ол кісіге қосылмайды. Оны қой деді дейді (Осында Күреңше деген айтады деп естүшем. Осы біреу тақсыр баласы шын бағын қайтарады ғой).

Абайдың бір сөзі: “Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген дейді, аз ішсе, негізі тойған дейді. Кедей баласы көп ішсе, көні кеуіп қалған дейді, аз ішсе, шілдесінде шық көрмеген дейді. Кедей баласының құтылары бар ма?”

Дүтбай мен Шүлембай тартысы 5 күндей шар салғанда тең шығады да отырады. Семейге алып кетеді, Ояз сайлауда екі елубасы екі ат алып Шүлембайға шығып кетеді де, сол женеді. Ағыбай екен сол кеткеннің бірі. Көкбай осыған назаланып көп өлең айтады (Өтебай жазып алған).

Мыңжасар дауы. Дегелендегі Шөптемістен 6 бие ұрлап әкеледі. Жолдыөзектің Оразбайы Абайға айыпты болады. Абай шақырады. Келсе, қу Құдайбергенмен құмалақ ойнап отыр екен. “Жылқы сенде – қайтар” дейді. “Алмадым” дейді. Сонда: “Апар, қарға көміп таста” дейді. Көмгізіп тастап, сағатына бір қарап, бәйбішесіне “құрт ездір” дейді. Бәйбіше кеп, “Мыңжасар, тірімісің” дейді. Басында жауап беріп, артынан үнсіз боп қалады. Бәйбіше (Ділдә) жүгіріп келеді өледі деп, өзі келіп: “алты бие бар ма?” дейді. “Жок” дейді. Ауыз үйге жатқызып, құрт береді. Қайтарады. Келесі жылы Шәкерім қайта сұратады, Абайға барып. Абай: “Шәкерімге айт, мен Мыңжасардан алты биені өндіріп алғам” дейді. Сөйтіп құтқарып жібереді. Алғаны рас екен.

Мадияр. Ерболдың 6 сиыры жоғалды. Шақырды Абай. Келіп ем, “мынаның сиырын тарт” деді. “Алмадым” деп ем, “сөз өтпейді ғой, ертең бітімшілеп алады” дейді. Қаштым. Біреу айғайлады – Рүстем екен. Жөнін айттым. Сөйлетпейді, сөйлесем ғазапқа салатын дедім. Бата қиын. “Өлдім-ау енді” деп жылап жібердім. “Қайта жүрші, мен білуші ем, мен айттайын” деді. Қайта келдік. Рүстем айтты. “Нақақ мынаны шаптырам ба, енді, ашық айтам. Ербол құдам болса, ұры да одан және жақыным еді. Бірақ енді мынаны өлтірем бе, көршім еді, айтам” деді. “Алған Қараша аулы” деді. Исабек, Әбір бар – Қараша келді. Рүстем: “Мына Мадиярды шаптырайын ба, жігіттер. Енді жасырын жок, мен айтам” дегенде, Исабек: “Мен де шаптыра алмайым, алғаным рас” деді.

Белағашта жүрдім. Үйден кісі келді. Үйге екі түйе астық беріп қайтардым. Соғымда екі түйемен тағы біреу келеді. Күйіндім.

Мадияр, Мұхаметжан, Әжібай арасының 40 бұт астық дауы. Астықтары араласып, қалада Абай Қарасақудан шақыртады. Қарасақау ыржандап “Айтқазы, Айтқазы” деп шақырды. Айтқазы ақырып, “неменеге арсандайсың” дейді.

Абайға келдім. Айттым. Абай ананы теріс деді. Мұхаметжанға ұрсып, “елді бұзбағын, бұйырам” деді. Артынан тағы да Мұхаметжанды ұрсады. Сонда анау: “Ойбай, құдай, өзін біл дегенде, ал деген екен десем” дейді.

Қыстыгүні бір бөлек кісілер келіп отырғанда, мен келдім. Жайымды сұрасты. Сонда Ырғызбай, Кеңгірбай жайын айтып, Кеңгірбайдың Ырғызбай өлгендегі тілегін айтып кеп, сол Кеңгірбайдың тұқымы бұл, сол Ырғызбайдың тұқымы менмін деді.

Мадияр:

1. Насыбаы туралы.
2. Аулабай туралы.
3. Қазанбай, Айтқазы.
4. Әжібай, Көкбай.
5. Айтқазымен күрес.
6. Ұрыға айтқаны.
7. Қатпадан.
8. Қымыз туралы.
9. Құрманға келгені.
10. Жетібай туралы.

Тұмабай. Абайға Қазыбек пен Бекболаттың Сарыбайы жүгінеді. Сарыбай: “Абай, бері қарашы” дей береді: “Е, қарадым, көзің бұлтиып, бетің тарғыл бақаның түсіндей тарғылданып тұр екен” депті. Сонда Қазыбек: “Е, жау қашты, жау қашты” депті.

Қарасақауды “Ұрлығыңды қой” деп қасына ертіп алғанда, “Бұған бір ат берсең разы емес, қалтаңнан тиынды ұрлатсаң соған разы”.

Сыбан Сара — Біржан айтысын естігенде, Абай: “Әлгі сар сайтанның сөзі ғой” депті дейді. Мадияр Абайға: “Бұл сөз айтылмаған, жұрт қорытқан” дейді.

“Бізде жоқ алтын иек, сарала қыз” деген сөз Әріптің...

Базаралының Нұрғаныммен өсегі болды. Әріпке бір ауыз өлең айтып жібер дейді. Әріп:

Шығып ең амандасып келмес белге,
Оралып өнеріңмен қайттын елге.
Тілегін ел дұғасы жібермейді,
Айналып аққу құстай қондың көлге.
Жасыңда шепті бұздың жаудан қашпай,

Ер-ақ болып өсіп ең адам баспай?!
Балағаз, Базаралы, қатар шықтың
Бірігіп тұлпар аттай тізенді ашпай.
Ер едің тұлпар кетпес тақымыннан,
Қатты ұзап кетіп ең ақылыңнан.
Тірі сынап секілді жұрт қозғалды,
Кім опа көрер дейсін жақынынан.
Мұзбалақ қыран едің бұлғын ілген,
Көрген құрбың сағынды ойнап-күлген.
Жаманды атылса да кім жоқтайды,
Ердікі қиын екен Алаш білген.
Бар еді кей мінезің жел ескендей,
Әр жақтан мал алушы ең ел көшкендей.
Тұлпарсың арда күрең жауға түскен,
Үстіңе сегіз жігіт мінгескендей.
Бермеуші ең жеке атыңды иесіне,
Қой бердің сен жуанның түйесіне.
Жасымда үйірсек деп естуші едім,
Шауыпсың өш айғырдың биесіне.
Үркіттің барып қайттың көбесіне,
Бақ қонған бір ер едің денесіне.
Кеудең керген кегінді көптен алып,
Жемде тұрған шауыпсың енесіне.
Арғы атаң би Кеңгірбай, әкен Қаумен,
Себеп боп елді таптың денең саумен.
Жеті қойлық бестімен орай болдың,
Алысқан сенгір едің-ау талай таумен.

Қайтпа, бар жылқыға тисін деген өлең ғой. Осының артынан жылқы алған екен. Тәкежан жылқысын алғаны.

Әріптің қызды мақтағаны. “Зияда” деген қысса шығарған. “Сара” мен “Зияданы” Айтқазының үйінде бір жұма жатып жазды. Мен сонда жаттадым.

Ақ маңдай, қас зүбәржат, көзі гауһар,
Бәрі гүл қиғаш қасқа нақ бағы бар.
Нәсілі адамзаттан болса-дағы,
Дегізген қор қызынша тамағы бар.
Ақ тамақ, алтын иек мойындары,
Ұжмақ жұпар иісті қойындары,
Бағдад, Мысыр қызығы ұқсамайды,
Бұлардың сауық қылған ойындары.

Бибаланың ішіндегі жүйрік кім дегенде, Тұмабай дегенімде: “Е, Торғай жүйрік бопты-ау” дейді.

Қатпа. Қозы баққан жылымда. Өзімде қымыз жоқ. Қымыз ішіп кету үшін Абай үйіне кіру керек. Сабадан қымыз құйып ішеміз. “Қатпамысың?” деп сұрайды. Бәйбіше “Абайды оята бересің” дейді. Абай соған: “Біздің ұйқы бұзылады деп, Қатпа аш кете ме. Бұзылмасын десең, бес бие байлап бер” дейді.

Сауырға түсе мал күзеттім. Бесін ауа қой құдыққа келеді. Жетібай, Жаңабай 600 қойлары бар, 100 қаралары бар. Мен Абай қойына қойшы болып, Көтібай қойын саумай, Әубәкірдің атын әкелгелі кете бердім. Жетібай ата-бабан деп боқтады. Ыза болдым, Абайға күйініп айттым. Қап-қара боп ашуланып: “Әубәкір тисе де айт” деді. Жетібай дедім. Шақыртып алды Жаңабай, Жетібайды. “Сендер маған кедей болып келіп ең, бүгін байсың – енді рұқсат бердім. Босаттым, жөндеріңді табындар. Тіпті ең болмаса Көтібайды отырғызбаймын” – деді.

Пәкізатты ұзатпақ боп той боп жатыр. Мағаш жіберген болу керек. Мұқаш келеді. Абай біліп, “болмайды – мен оны босатамын” деді. Әубәкір Жетібайдың қарабүйрек атын әкеп берейін деді. Абай: “Соны көшірмесем, қатыным қалмақ, өзім кәпір болайын. Енді нандындар ма?” деді. Маған “көңіліңе алдың ба?” дейді. Кешіреді.

Абайдың Қорамжанды алғаны. Бейсембі, Бұламбайлар Медеуге қырық түйеден әкеп тастап кетеді. Бөбен, Кішекенді Абайға алып келеді Жиренше. Сөз. Бейсембі, Бұламбай Абайға: “Өзіміздің аузымыз болмаса, арадағы шағыстырушының тілін алма, өзіміздің тілді ал”, – дейді. Оны қалай алғызады дегенде, Қорамжанды береді.

Арап пен Күсенге Оспан болыс боп абақты кескізгенде, Күнтуға да болыс болғаны үшін 18 ай кескізеді.

Оразбайды арбаға басып әкелетін күзінде Оразбай Оспан үстінен арыз бергенде, Трашоткин деген оязға Оспан Қалишаш деген қатынды қойнына салып, паралады дейді. Қалишаш сұлу әйел еді. Жуантаяқ Өтегеннің келіні, Жігітек Түлкібайдың қызы еді.

Топқа барып, байымнан шығам дейді. Шығарам деп жүреді де, сұлу киіндіріп, төренің қасына салады. Қатын

бостандық алады. Артынан Беркімбаидың Әбділдасы алады.

Күнтуға Төлеңгітті куә қып, Бабақожаның баласы Тәнірберді екеуіне кеседі. Оразбай сол түнде қалаға қашып кетеді.

Ахметшәріп Молдажан ұлының қатынын алып қашып, Абай қолына келіп, үш жыл тұрып қайтқаны. Бұл орысша, қазақша оқыған адам. Жетім бала есебінде оқуға түскен. Қызметін тастап, Абаймен танысқандықтан, соның аулына үш жылға кетеді. Қажы болыс болған уақытта қуғын-сүргінмен бармаған, тәлім алам деп барған. Абай мінездері туралы соның айтқаны: бөгде кісі сөйлесе, ұры болса, жаза бергендей мінездері болады екен. Бұл мінезді ендігәрі істемейсің дейтіндері де болады екен.

Мадияр. Ел сыртта. Абай Көкше жайлауына кетті. Кең жайлауда соны шөп жеймін деп сонда кетті. Кешке қонаға бардым. Көгалға киіз төсеп, көрпе-жастық салып, жалаң аяқ, жалаң бас отыр екен. Көйлек, дамбалшаң екен. Насыбайын атты да, шақшасын сырғытқанда, борбайының арасына түсті. Насыбайдан атқым келді. Жұмсаған солар ғой деп, алып атпақ боп ұмтылдым. “Қайда барасың, пәленшемді жұлайын деппен” деді. Ұялып қалдым. Со бетіммен Белағашқа құлап кеттім. 4-ші жылы Айтқазы өліп, елге қайттым. Енді Арғымбай елінде болып, керекке жарайтын болыппын. Абайдыкіне келдім, қырауытып РАЗАҚ ПА КІРІП КЕЛДІ. ШАҚШАСЫН СҰРАДЫМ. МЕНІКІН НЕГЕ АТПАЙСЫҢ ДЕП... “Жоқ, сен ана жылғы Мадияр емеспісің” деді. Басымен алсаң да қажеті жеткен дейді. “Сен Көкбай шығарған Абылай өлеңін жаттадың ба?” деді. “Жаттасаң, Ақтау, Ортауды қалай шапты, сол жерін айтшы” деді. Айттым. Сонда: “Есіл неме-ай, пайғамбар батасымен шығар еді. Батагөй болмағаны ғой, сорлы өзі-ай” деді.

Ғабриелдің әйелін мақтап кеп, биялайдай екен ғой дегенімде, “не х... шайнап отырсың, ар жағынан боғы көрінбей ме?” деді. Теңеуді мақұл көрмейді.

Ақылбай өлеңі:

Ішік кидім түлкіден бұлғын жаға,
Сарып қылдым дүниені білмей баға.

Талай қыз Ақылжан деп тұрушы еді,
Дейтұғын сұмдық шықты Ақыл аға.

(“Қозыкөш” әнімен)
Ей, бозбала-ау, қош бол аман,
Өтті-ау заман, қош бол аман.

Абай өлеңі:

Тіл – бұлбұл, көкірек – бақша, бой – тас қорған,
Жігітке қиын екен ғашық болған.
Мен емес көлден ұстап, тілден сорған.

Абай айтады: Ел сыртына Аягөзге бардым дейді. Аласұр бозбала күнім. Базарынды тұрсам, малынған, түрленген орыс қызы сұлу, әркімге бір жолығып сасып жүр. Қасына кеп амандастым, қажетке ақша сұрап жүр екесіз дедім. “Әкем қызметте еді, алыстан ауру деген соң келіп ем. Семейге шейін қаражат таба алмай тұрмын” деді. “Қажетін қанша?” дедім. “Пәлен теңге керек” деді, дегенін суырып бердім. Маған бір қағаз берді, ақша алатын орынды айтқан екен. Екі қос ат – Семейге тартып бердім. Шишласы айтылған, екі атпен Семей түстім. Номеріне келсем, жаңа кетті пароходқа деді. Қыз жүр. Әкесі өліп, сүйегін пароходқа салып тұр екен. Қыз қол беріп амандасып: “Алдыңыз ба, бүгін табыс етіп ем ғой” деді. “Ақша емес, басқа мақсұтым бар еді” дедім. “Ғашықтық жүзіне түсіп кеттім, оны қайтесіз” дедім. “Ай, Құнанбайыш, пұланды ірі жасаған екенсіз” деді. “Бұған уақытым болмайды” деп, тілін сүйгізді. Бір ат өлтіріп жеткенім еді.

Айтқазы Нұркенің қызы, Мағаштың бір қысыр ат берген қалыңдығы Болман қызды алып қашады. Жасырынып жатып қалада Мадиярды мақаммаға жібереді. Ғабидолла Кәкітайды көрдім. Ер туған жеріне, жолдас бол таңдаған кісіге. Ғабидоллаға: “өзің ноғайды неге таппайсың?” дедім. Құмаш сарт. Айтқазы мен Нұркенің арасына Құмаш пен Ысқақ жүреді. Айтқазы бірер күннен соң Дүтбайға келді ақыл сұрай. Дүтбай: “Менің қолымнан келмейді, өзің біл. Бірақ Абай түбі тұқымынды құртпай тынбайтын кісі

гой, соған сақ бол”, – деді. Айтқазы: “Абай бітсе – бітем, Нұркемен бітпейім”, – деді.

Абайға барса: “Уақтың қызын Көкше алды, менің ақым не? Бітпесең қой” дейді. Айтқазы: “Подписка берсін Абай”, – дейді.

Айтқазы қызбен ақылдасады. Ол: ”Әкем бітсін, әйтпесе беттесем” дейді. Айтқазы Қаракесек Қазанбайды сөйлесін деп алып келе жатты. Менің жанымға алтыатар салып берді. Маған жармасқан кісі болса ат деді. Өзім жүргенде әкеміз айдалған, ішкі кегім де бар. Жігітек ұры, оған ере алмаймын. Сонымен ішке кеткем. Келдік. Қазанбай қасына отырды. Абай: “Қазанбай, сен өзін келдің бе, әкең келді ме? Сен өзін қайда тудың? Орыстың қасиетті қаласы қай қала, Семей қаласы қашан салынды?..” Қақпалап сұрап әпкетті. Қазанбай соға берді. Сонда Айтқазы: “Өй, мен Қаракесектің алжыған шалын алған түрімді қара, жаңылысқан екем, айда тарт”, – деді. Үйге келгенде, Тасболат Әлпейім кіріп келді. Оразбай жіберді деді (бай жіберді дейді). Менің үш балам бар, мың жылқым бар. Малымды үлесем. Жалғыз балам Медеуге өкіл ата болсын, балам боп туыссын, осыған жайың бар ма депті...

Абай пәтерімен арада бір-ақ көше бар. Айтқазы Кәкітайды шақыртты. Мені жіберді. Абай күріш жеп жатыр екен. Кіріп кеттім. Шәкәрім ойпырай-ай деді. Абай: “Айтқазының 2800 үйі бар, бір кісі сияқты жігіт ертпесе несі кісі. Кәкітайға “Барасың ба?” дедім. Абай бар деді. Айтқазы хат берді. Абай: “Пәлен шислада маған Мағаштың ағаттығын бір кешсем, сенікін де кешермін деген. Осыған бар болса, мына қағазға пәлен сағатқа шейін қол қойып әкел, әкелмесең, онан соң мен дүниеде бар болсам да, саған жоқпын” деді. Кәкітай сәттің арасында алып келді. Сонан соң Шерияздан, Рақышқа кіріп келдім. Қағазбен жіберді. Аузымда насыбайым, түкіре алмай жұтып жібердім.

Темекі неге тартпайсың деді. Кедеймін дедім. Осының жақсы деді. Шериязданға Айтқазыны бітімге кіргіз деді. Ол кірді. 1600 сомның бітімін айтты.

Ділде туралы. Абайдың айналасы кітап болады үйде отырғанда. Оқып отырады. Көзіне очки киеді немесе кітап үстіне лупа жүргізіп отырады. Насыбайға мырза.

Сүгір қызы Көрімбала. Қаракесекке берген. Бұған Оралбай ғашық боп алып қашқан. Бөкенші барып, Оралбай жоқта тартып алып қайтқан. Артынан Әкімді қосып, Қаракесекке апарып берген. Жау тигендей казак-орыспен Оралбай іздеп барады. Аузымнан тіл же деді. Қайнаға пышақ салмақ — амалсыз қалады. Кейін Абай билік айтып, Бұқаш тораласын Түсіп Бөкеншіден Жігітекке алып беріп, екі ел арасын араз қып жіберген.

Манас пен Жігітек Қараханның қатын ауысуы. Құнанбай тұсы.

Базаралыны Абай Құнанбай тоқалына барғандықтан айдатқан. Кейін Базаралының інісі Оспан өлең айтады:

Тұсында Базаралы, Балағаздын
Тоқалын Ыбырайдың үйде бастым, —

деп. Базаралы қайтып жандаралдан шығып келе жатқанда, Абай кездеседі. Бер жаққа бірге өтеді. Қайық үстінде Абай Көкбайға өлең айтқызады. Базаралы: “Жарайды, сен енді бізді жарастырмай-ақ қой” дейді.

Мұсақұлдағы төбелесті бастаған Құнанбай. Бұл жылы Көтібак, Жігітек бірігіп тізе қосып ап, Құнанбайды сыртқа шығармай қойған. Сонымен, Мұсақұлда Бөжейдің көшіне тиеді. Бөжей өлген. Ағасы Байдалы бар. Жігітек аз боп жеңіледі. Байсал біліп, ел жимақ болғанда, Құнанбай Ақшоқыға көшіп кетеді.

Байсал бұның алдында Қарқаралыға кісі жіберіп отыр екен. Қареке соққыға жығылған, соны тағы жібереді. 7 казак орыс кеп, Құнанбайды алып кетеді. Абақтыға жабады. 3 ай жатады, бітім сұрайды. Байсал бітпейді. Қарқаралыға бармайды. Сонымен, Құнанбайды елге әкеп, Байсал аулында тексереді. Байсал жер жөнінде Жігітекпен дұрыс болмай жүреді. Сондықтан жауапты жеңілдете айтады. Сонымен, Құнанбай Омбыға айдалады. Болмаса тіпті жаман кетеді екен. Сол кездегі аға сұлтан Шалғымбай.

Тоқпамбет тұсында Жиреншенің тартысы. Байсал баласы Айғожамен келіспеу. Түсіп пен Абай билігі.

Жиренше інісі Атымтай Бөкеншімен жерге таласып жүріп өлді. Абай билігі Бөкеншінің екі айтты деп, жарғақ

деген соңғы билікті алмады. Көтібақ, Бөкенші арасы содан араздасады. Байсал мен Шоқа балаларын жоғарыда араз кып кетті.

Мұрын мен Сыбан дауы. Мұрын қызын бермей, қалыңмалын жеп кетпек. Абайға Оразбай, Жиренше, Ербол, 30 ат Тока бермек. Абай Оразбай, Жиреншені билікке жібереді. Мұрынды сүйе деп тапсырады. Бұлар Сыбанды жығады. Сыбанның бірі бар әруақты шақырады. Кеңгірбайға келгенде, Оразбай атып тұрады. Артынан Кеңгірбайды қара қабан дейді. Оразбай егесіп ұрысып кетпек болады. Жиренше тоқтатады.

Қайтысады. Жолшыбай жарыс. Абайдан бұлар озады. “Білдім” дейді. “Білсең сол” дейді. Қунтуға кеп сөйлеседі. Байласады. Артынан Жиренше Байғұлақты шақыртады. Байғұлақ бейітке келгенде, Жиренше қол жайып тұрады. Қабекең бейітіне Бағұлақ сиынады. 16 кісі баталасады.

Сайлау. Ерболға сайлаудан аз бұрын айтады. Шәкәрімге кісі салады. Ол астыртын тілеулестігін айтады. Сендер болсаң, домбырамды тартып, шалқамнан жатам дейді, бірақ Абай қасынан кете алмаймыз дейді.

Алданған жерде Абай Ерболға: “Жаман құл, мен сенің басыңдағы боғыңды алып едім. Сен менің басымдағы шоғымды алдың ба? Жылан үш кессе де кесірткелік әлі бар” дейді. Ақылбайға билікті сұрайды. Ербол осыдан барып басылса керек.

Оразбай, Жиренше Ақылбай үйінде түстеніп отырып естиді.

Шарды Қунтуға салып жатқанды есітіп, ішкі бөлмеден Абай келеді. Қолында көк құран. Айғожаға елден бұрын сен сөйле, ант ішіп тана бер деп тапсырған. Жиренше Оразбайға: “Бірақ ол сөйлегенше, Абайдың өз елубасысы құдай, құран” деп салады. Өзгелер “бәріміздің сөзіміз сол” дейді. Берікбай құран ұрады.

Дұлғарыштың Тәттімбетінің “Сылқылдағын” ойнамауы. Тәттімбет Құнанбайдың тоқалына барған, сондықтан оның күйін ойнауы қажы тұқымын қырылдырады деседі.

Шәкерім Абайдың қарсысына шыға алған жоқ. Жайсаң болушы еді. Абайдан қорқатын. Қунту болыс болатынды. Абайға айтпаған – бұл Айғаншаны алып қашқанда,

Абай тізесін батырып жіберген. Қатты билік етіп, жүз түйе әперген.

Алып қашатын күні Айғанша ақ киізге құмалақ салып отыр екен. Біреу көріп қойған болады.

Халел Тінібайдың қызын алып қашады. Асаубай Абайға кеп айтады. “Бас жатақ байлары боп алып қалғалы жатыр. Рұқсат па? Мен сол байларды байлатып, қызды алып өтейін” дейді. Абай: “Қой, тәтемді Омбыдан алып қалған сол Тінібайдың еңбегі еді. Халел ақымақтығы үшін ренжіте алмайым” деген. Байлар Аягөзде қуып жетіп, тартып алып қайтқан қызды.

Бір сәлделі кісі туралы. Өзі алпамсадай. Басы дағарадай деген. Күлгендерді артынан мінейді. Жөнін білмей, бос айта салған сөзді көлденең өткізбей, мінеп отырушы еді.

Шақшасы келген-кеткеннің бәріне ортақ. Қалтаға салынбайды, жұрт сұрамай атады. Сұрағанға ренжіп қалушы еді.

Малға, дүниеге ашық, береген, мол болғаны Оспан үйіне келген соң.

Құнанбай Қодарды өлтіреді. Абай онда бар болу керек.

Кенесарыны Құнанбай қуған. Кейін бертінде Бопай келген. Оған көп мал беріп жіберген. Садақшы Бопай жұрт ат деп сұрағанда қартайып қалдым ғой деп, шеткі кісіге тақиянды таста дейді. Атып түсіреді.

Жиренше Қарқаралының қаласында Ағыбайды көргенін айтады. Шал екен. Бір казак-орысты ат үстінен тұрып екі тартқанда бүк түсіреді. Шалғымбайға айтып келгенде, ол солдаттарды тигізбепті.

Құлке: “Менде саясат жоқ, ә деп шыққанда мен қолшыл болдым. Бірақ саясатқа шебер Жиренше. Келе жатқан пәлені ондай көргіш кісі жоқ еді дейді” (29 бума, 163–215-бб.).

АБАЙ АЙТАР БОЛСА

Өткенге өкіндім, көргеннен күнірендім.

Алған өздігінен бермейді, көрген өздігінен айтпайды.

Табыстырар жол қалдыр, мәңгілікке кеспесеңші.

Инемен құдық қазу көкіректен қаскөйлікті (тәкаппарлықты) қуудан оңайырақ.

Зорлықшыл кісі зорлықтан қаза табар (*Айдар ұр дегенде*).

Мансаппен адам қасиет таппайды, адаммен мансап қасиет табады.

Ат мініп, аспабынды асырып, жауыңа аттанып қайтесің. Үлкен жауың өзіңнің ішің – нәпсінде (*Билікте Абай сөзі*).

Алмастың түймедейі түйедейі тастан артық. Жүз оқ атып желге кетіргенше, бір оқ ат та, жебе бұз (*Ерден*).

Отты тіл жағады (*Жиренше Абайға*).

Қаңғырлаған қоныраудың іші қуыс екен ғой (*Абай Әзімханға*).

Әзілде кек жоқ, өсекте (арамда) шек (тек) жоқ.

Аяғыңдағы етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда.

Қапқан иттен өш алам деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады? (*Айдар Ажарға*).

Жауызға еткен жақсылық суға жазған сертпен тең (*Абай Керімге, Тәкежанға*).

Өзі толы ыдысқа құйғаның текке төгілер, менмендікке жаның толы екен, не құйса да, бос төгілер бойға қонбай (*Абай Әзімханға*).

Жасқа – жас, іске – кәрі бол (*Абай*).

Қойшысы ұйқыда қозы қасқырмен бірге өреді (*Абай билікте*).

Жақсы сөз жақсыдан қалады,

Жаман ат жаманнан қалады.

Бадахшанның лағыл тасын сындыру оңай (*Шаих Сағди*).

Жолға қарсы болса, су да ішпе, пәтуа серт бұзса, қан да төк (*Жиренше*).

Уытын қайтарар басыртқы болмағандықтан, у қауіпті (*Абай*).

Жанкүйерің зынданда отырса өзіңнің бақ ішінде отырғаныңнан рахат табар ма ең.

Ұлы қатты дертті болса, санадан ана солмай ма?

Еккенің тікен болса, орарың балауса болмас.

Елін жылатқан қасқыр да (*Абай Нарымбетке*).

Жәке бидің сөзі

Жәке Қойтанұлы 1830 жылы Маңырақ Сауыр деген жерде, Шығыс Қазақстан облысының Қытаймен шекарасында туылған. 1914 жылы 84 жасында өлген. 17 жасында билік айтқан. Әділ, адал, шешен адам болыпты.

Мен Кедейдің Жәкесімін,
Жетім менен жесірдің әкесімін, —

дейді екен.

1. Бағы жоқ басқа жаудыраған көз бітеді,
Дуасы жоқ ауызға саудыраған сөз бітеді.
2. Кереге бойы кер жусан,
Кертөбел жесе ас болмайды.
Кері кеткен ел күнде жиылса,
Кенесі болмайды.
3. Ер қартайып, мал тайса, екеу болар,
Заман азып, заң тозса, төртеу болар.
Қатын шайпау, ұл тентек — алтау болар,
Қарға адым жерді басып-ақ жалқау болар.
4. Таяз ой сырды батырмас,
Қисық оқ түзу атылмас.

Ойлы құлақ, мұлы бас
Көздеп атпай шатылмас.

Білім – бақтың жібермейтін қазығы,
Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы.

5. Ғылым түбі – теңіз, ішсе сусын қанады,
Надандық түбі – өгіз, мінсе боқты жағады.
6. Сүйрендеген шешеннен құлақтың құрышы қанады,
Сүйретпелі байлардан қарынның бұрышы толады.
7. Айтса болар ұққанға,
Айтып-айтпай не керек,
Құлағына мақта тыққанға.
8. Бақ бітеді маңдайға,
Сенімді шешен таңдайға,
Арындап барып ұшырар,
Ақылменен қанбасаң,
Көк дөненді шаужайға.
9. Өкпе неге жарасар, қарындасқа жарасар,
Қарындастың ішінде қадірлеске жарасар.
Кілем неге жарасар, бар түйеге жарасар,
Бар түйенің ішінде нар түйеге жарасар.

Таудан аққан тас бұлақ құймай қоймас теңізге,
Түбінің бір тегі бар, тартпай қоймас негізге.

10. Ханға бергісіз кара бар,
Қылышқа бергісіз ара бар.
Кей қараның сөздері
Хан сөзіне барабар.
11. Арамменен жолдас болсаң,
Көңіліңді қаралас.
Жаманменен жолдас болсаң,
Жүрегінді жаралас.

12. Адамды жақын қылатын — мал,
Қашық қылатын — амал.
13. Көрінген жер алыс болмайды,
Көрінген ел таныс болмайды.
Әр нәрсенің мөлшері бар,
Ши жуандап қамыс болмайды.
14. Жақсы көрген кісі келгенде,
Жоғары шық деп үш айтады.
Жек көрген кісі келгенде,
Үш жылғы шығынын айтады.
15. Ұры — даудың ұрығы,
Шешен — даудың құрығы
Танған — даудың егесі,
Куә — даудың шегесі.

Нұрлыбек Түйтеұлынан жазылды

1. Заман азбас, ел азар,
Ел неден азар?
Ел сөзден азар,
Ер қартайса, көзден азар.
Көп отырған жер азар,
Қатыны жаман ер азар.
2. Жаныңды асырайтын — өз өнерің,
Ақыл-қайрат, шешен тіл,
Қол шеберің.
Еңбегің әжетіңе жараса сол,
Алмағайып дүние бетпе едің.
3. Құрт бергенге құрт берем,
Сырт бергенге сырт берем,
Бергің келген кісіге
Тоқтыңды алып соқ та отыр,
Бергің келмес кісіні
Қу сөзбен қақ та отыр.

ды. Шай келеді. Дастарқан жайылады, нан салады. Құрбан Абайға қарап: “Нан иман деген, нан жеңіз”, – дейді. Абай: “Апырай, естімеген елде көп, есек мінген сартта көп деуші еді. Нан иман болатын болса, иманның көбі Ресейдің мұжығында екен ғой”, – депті. Құрбан қажы үндей алмай отырып қалыпты. Құрбанның түбі сарт екен.

Абайдың әкесі Құнанбай аға сұлтан күнінде он екі Абак Керей жаққа бір жиылысқа барады. Құнанбай елден шыққан соң, алдынан кісі жібереді. Құнанбай келе жатыр деген хабарды естіген соң, Керейлер үй тігіп, сойыс жинайды. Сол кезде бір төре отырып: “Бір соқыр қазақ келеді деп, осынша әбігер болғандарың не”, – деп жиналып отырған Керейдің басшы адамдарына ренжиді. Сол топта Құнанбайдың хабарын айта келген Көкше Қаратай мен Байыс деген кісілер отыр екен. Қаратай жан-жағына қарап:

Ұлыққан ит көштен қалады,
Адасқан төре елден қалады, –

деген, басы шыр айнала көз кісіні соқыр деген несі екен, – депті.

Байыс Қаратайдың сөзін іліп алып: “Ей, Қаратай-ай, кей айуан бар шөп жейді, кей айуан бар боқ жейді, жылқы өз даусымен кісінейді, сиыр өз даусымен мөңірейді, ит өз даусымен үреді, сол сияқты бір төре-дағы”, – депті.

Жігітек Хангел дегеннің мінезін жақтырмай Байыстың айтқаны: “Сен балапан иек кандыауыз, арам менен адалды қабат жеген баздыауыз, әкесі мен шешесін атаусыз тастаған жалмауыз. Сен бие шуы шикі бет, елге күлген бөлекет, маған салсаң арман кет”.

Жәке баласы Қабылдан жазылған жұмбақтар

1. Ғажайып бір мақұлық жоқ тұр жаны,
Тірідей жұтты адамды, көрдім әні.
Терісін сойып алып, басын кессең,
Бір тамшы жер бетіне тамбас қаны.

Шешуі:

2. Жалғыз көз маңдайында, көп қайласы,
Жылдам шаншып алады бек найзасы.
Елдің ісін істейді жап-жалаңаш,
Өз басына бір тиын жоқ пайдасы.

Шешуі:

3. Қалады бірден бірге мирасқордан,
Қамаулы айналасы ағаш қорған,
Су құяр егін алып бір соқамен,
Өнерпаз не шықпайды ісмер қолдан.
Бәйшешек қызыл гүлдер қаптап тұрған,
Үстінде айла-амалмен байлап тұрған.
Жүзі ыстық егіншісі сондай пенде,
Арқан, жіп, соқа, сайман сайлап тұрған.

Шешуі:

4. Бір дария жерде де емес, көкте де емес,
Кеткенмен дарияға, адам өлмес.
Ішіне қандай нәжіс түссе-дағы,
Дария ішін уақытша арамдамас.

Шешуі:

5. Бар еді бір қара өгіз тесік өкпе,
Дамылсыз қылар қызмет қанша көпке.
Бұйдасын белге орасаң тоқтатпайды,
Күшке көнбес жануар көнер епке.
Ақ шашақ, жалпақ табан, сыңар құлақ,
Ажайып және аузынан ағар бұлақ.
Ер ерттеп ер-тоқымға мінерінде,
Ұстай ал құйрығынан жылдамырақ.

Шешуі:

6. Он екі бием бар,
Алтауы анық буаз.
Төртеуі ат қысыр,
Екеуі неғайбыл.

Шешуі:

7. Дарға ас, үні бас бар,
Миы орнында тас бар.
Ұрсаң үндемейді,
Сабасаң қақсайды.
Шешуі:
8. Үш жігіт тәуекел деп шықты жолға,
Мінгені үшеуара жалғыз жорға.
Үшеуі мінгесіп ап жөнелгенде,
Кетеді ағып-ағып жол мен жолға.
Шешуі:
9. Ат міндім қара ала аяқ қадандаған,
Келгенде қарсы жерге табандаған.
Жігіттер, білгіш болсаң шешуі не,
Жиылып жеті молда таба алмаған.
Шешуі:
10. От оттап, су ішпейді бір арғымақ,
Бігіпті желкесіне екі құлақ.
Буынған тоғыз жерден қанар белбеу,
Сөйлейді адамзаттан бұрынырақ.
Шешуі:
11. Желдеп кеткен жеті атан, жез бұйдалы
нартайлақ.
Шешуі:
12. Алмалап ұшқан, асылға түскен,
Тәрбие көріп талпынған.
Шешуі:
13. Он екі тіреу, сегіз машина, екі айырплан,
Екі терезе, бір темір, бір шауқар.
Шешуі:
14. Үйрегім жиырма төрт қолдан ұшты,
Барды да отыз екі көлге түсті.

Суын ішіп, балдырын сорғаннан сон,
Біреуін акырында бірі жесті.

Шешуі:

15. Қанаты бар, қаны жоқ,
Ақылы бар, жаны жоқ,
Тізіліп тұрған тісі бар,
Әр нәрсемен ісі бар.

Шешуі:

16. Жапанда бір от көрдім жанып тұрған,
Шарпуы аспан көкке барып тұрған.
Осы оттың ыстығы бар неше есе артық,
Қызуы жер мен көкті алып тұрған.
Ішінде қатқан суық бір мұз жатыр,
Япырай, еріп кетпей нағып тұрған.
Құрсауы от пен мұздың жалғыз-ақ қыл,
Мұзды ерітпей, от жібермей бағып тұрған.
Шешуін дәл айырып орнына қой,
Шын білгіш жүйрік болсаң, барып тұрған.

Шешуі:

17. Алпыс жасқа келген бір хан он жасар қызға ғашық болады. Қыздың әкесін қорқытып, қызын алмақ болады. Қыз ханға разымын, бірақ жұмбақ айтам, соны шешсе тиемін дейді.

Қыз:

Хан түсіп астындағы тағын берсін,
Басындағы тәжі мен бағын берсін.
Шарт қоям, соған разы боп алам десе,
Халық алдында уағда ғып жанын берсін.
Қалыңмалға 10 бағлан қозы берсін,
20 сандық қайрақты бөрі берсін,
30 жолбарыс, 40 арыстан, 50 түлкі,
60 арқан, 70 шідер тағы берсін.
80 бұт қаны кепкен жүрек берсін,
90 бұт құрап алған сүйек берсін,
Үстіне бір кемпір-шал қоса берсін,

Екеуін қыз-жігіттей киіндірсін.
Некені мұңсыз жанға қидырамын,
Мені алса осы шартпен ризамын.

Осы жұмбақты әлгі хан шеше алмай, Мұңсыз ханға барып бастан-аяқ айтады. Мұңсыз хан былай шешіпті:

Некені қидырмақшы мұңсыз жанға,
10 бағылан дегені – он жасар қыз,
Тимеймін дегені ғой сендей шалға.
20 жаста адамзат қасқырға ұқсас,
30-да жолбарыстай күшің тасар.
40-та арыстандай айбаттанып,
50-де түлкідей боп қайла шашар.
60-та ат едің ғой арқандаулы,
70 – шідер үш аяқ бірдей баулы,
80-де қуат тамыр кеуіп қалған,
90-да қу сүйектен қанша аяулы.

Жасасаң шал-кемпірді хан мен ханша,
Ойласаң солардың да халі қанша.
Некесін мұңсыз жанға қидырмақшы,
Мұңсыз жан дүниеде сірә бар ма?

18. Бір жігіт, бір келіншек өлең айтысады, жігіт жеңіліп бара жатқанда, жұмбақ айтады:

Бір үйге отыз екі дінгек салған,
Жиырма алты пайдалысы қойып қалған.
Әріптес ақын болсаң ойланбай айт,
Құламай алты тіреу тұрып қалған.
Тағы да бір жүйрік ат байлаулы тұр,
Бәйгеге қосамын деп алып барған.
Алды-артын жұмбағымның абайлап шеш,
Ойласаң, өте шығар дүние жалған.

Келіншек шеше алмапты. Жігіт өзі шешеді:

Дінгегім – сарайдағы отыз тісім,
Бола ма жасыруға құдірет ісін

Кем ақыл сен шешпесең, мен шешейін,
Аузында көрініп тұр алты-ақ мүсін.
Бәйгі атымыз – сөйлеп тұрған қызыл тілің,
Озып көр кәне менен өтсе күшің.
Жұмбағым жараса ма, жараспай ма,
Құрбылар, абайлап көр осынысын.

Жаңылтпаштар

1. Сырықтан сырғанап түстім,
Жаңқа кірді аңыма,
Ашиды аңым, тұшиды аңым.
Айран ішеміз – ашиды,
Қымыз ішеміз – қышиды.
Тары жейміз – тартады,
Бидай жейміз – бөртеді *(2 реттен айтады)*.
2. От басына сорпа төгілді,
Сіңір сіңбес, сіңіп қалмас *(2 реттен)*.
3. Мен бүркітімізді томағалай алмай жатқанда,
Сен келіп томағаласпақшы емес пе ең,
Сен бүркітінді томағалай алмай жатқанда,
Мен келіп томағаласпақшы емес пе ем.
4. Базардан асып келген төрт бөрің,
Төртеуі де көк бөрің.
Сыпыра соқтым, сыпыра тықтым,
Сыпыра тықтым, сыпыра соқтым.
5. Үй артынан сең келер,
Сегіз серке тең келер,
Ақ сақалды сұр серке
Сақалын суға малып,
Сығылып, сілкіп келер *(2 рет)*.
6. Әлібай соққан ақ балдақ,
Қайрайын деп қайрай алмадым *(2 рет)*.

7. Ағыбай қосқан ақ ерді
Мен анжымалай алмай жатқанда,
Сен анжымаламақшы емес пе ең.
8. Атамбай жонған үшқат оқ,
Жуан бақан қолға ток.
9. Анау келе жатқан керуеннің
Келісі кейін бе,
Келсе би кейін бе?
10. Отыз таудың басынан
Отау тікпек ойнайық,
Оркиіктің терісін
Олай сілікпек, бұлай сілікпек ойнайық.
11. Үсенбайдың үйін сілік,
Үйі толған қызын сілік,
Семіз қызын серпе сілік,
Арық қызын аяп сілік,
Суға барған келінін
Алып соғып тағы сілік.

Қырық қыл құйрығын,
Қырық қыл құйрығының ішінде
Қызыл ала қырғын қыл құйрығын.
12. Маекемнің қотаны,
Майсара енем қотаны,
Май сасиды қотаны,
Неше шыны қотаны.
13. Қудың қызыл түлкісі —
Қуыс құлақ бұлтындақ.
Жаңа түскен жеңешем —
Қызыл тырнақ жылтылдақ.
14. Мынау қай балқаймақ,
Кешегі құдашалар

Қалап кеткен бал
Май балқаймақ,
Бал май балқаймақ.

15. Жүгіріп келіп, шешем артына бұға қалдым,
Қарғып келіп, бәкемнің қақ қотанының басына
тұра қалдым.
16. Тайдай талтүс болғанда,
Тай тағаласпақшы емес пе ең.
Тарғақты тақыр жерге тайғанатпай,
Қайырып келіп жұмыртқалатпақшы емес пе ең.

Өтірік

Жастау кезім. Қошқар қара тоным бар еді,
Ақ киізден байпағым бар еді,
Ырғай сапты қамшым бар еді,
Қоңыр дөнен бұқам бар еді.
Ауыл жағымда шіреніп,
Елсіз жағымды тебініп,
Ау кідіктетіп, кіжіктетіп,
Тоқты қуып, бос қашып келе жатыр едім.

Бір бөдене ит-ит деп отыр екен,
Айналып келіп періп кеп кетіп едім,
Мұрнынан қаны дірдек-дірдек етті.
Қосып бауыздап алғанша,
Бөдененің жаны шығып кетіпті.
Адам баласына сирек кездесетін іс қой,
Содан бері сол қолым салдырап қалды.
Соны осы күнге дейін ұмытпайым.

Қулардың қылығы

Сейітқазы қу Қоскөлді жағалап келе жатса, бір мерген бұғы атып келеді екен. Бір үлкен бұғыны атып, басқа бұғыларды қуып кетеді. Сейітқазы аңдып отырып, үлкен бұғыны сойып, етін сүйреп апарып қамысқа тығып,

терісін жамылып жатады. Кешке таман бағана кеткен мерген тағы бір бұғыны атып, қайтып келіп, “Жатырмысың, марқасқам?” – деп аттан түседі.

Терінің астында жатқан Сейітқазы: “Жатпай енді қайтейін. Өзің атып салған соң”, – деп теріні сүйрете (жамылып) ұшып түрегелгенде, мерген шалқасынан құлайды.

Сейітқазы Қасқарау деген байдың аулында жүреді. Қасқараудың әйелі тас сараң болады. Талай адам құр ауыз аттанады. Қасқарау ел бетіне қарай алмай ұялады. Аяғында Сейітқазыға сен менің әйелімді төркініне ертіп бар, содан қайта келгенде оны береген қылып үйрет деп тапсырады. Сейітқазы Қасқараудың әйелін төркініне алып жүреді. Төркіні 3-4 қонақтық жер екен. Күні бойы ыңғай елсізбен жүргіздіреді. Кешке бір ауылға әкеліп қондырады. Үйге кірген соң үй қожаларына онашада былай дейді екен: “Мынау келген Қасқарау байдың әйелі, өзі сараң, бұған тамақ бермендер”. Содан 3-4 күн жүріп, қарны ашып, әйел төркініне жетеді. Қайта қайтарып келеді. Келген соң жомарт болады.

Сейітқазының Алпыс деген құрдасы болады. Екеуі қатты ойнайды екен. Алпыс ыңғай: “Апырай, сен бұрын өлсең, сүйегіне түсіп, ана киіміді, мына киіміді алар едім”, – дейді бірде.

Бір күні Сейітқазы өледі. Өлер алдында үй ішімен қоштасып: “Сүйегіме пәленше молда, түгенше ақсақал түссін. Бір жылғы туған төл еді, Алпысты түсіріп, мынау түлкі тымағымды соған бер”, – деп тапсырады. Жаназаға ел жиналады. Аталған бес-алты адам сүйекке түсіп жуады. Әбден жуып болып, ақ кебінге орап, үйден шығып бара жатқанда, Серікқазы ұшып тұра келіп: “Мүңкір-нәңкір сені де ала кел деп еді” деп, Алпыстың етегінен ұстай алады. Алпыс шошып тысқа тартады. Сейітқазы екі көзін жұмып, тілін салақтатып, аузын қисайтып, шыңғырып кейін тартып жүріп айрылып қалады. Алпыс қашады. Сейітқазы тырдай жалаңаш, ақ қарды күрпілдете басып, қуып тысқа шығады. Жаназаға жиналған ел быт-шыт болып қашады. Алпыс сол қашқаннан қашып үйіне келіп, ауырып бір сөтке жатып өледі.

Мауқай қу

Мауқай бала, бозбала күні тайға мініп жылқы қайырып келе жатса, үш салт атты кісі кездеседі. Мауқай сәлем береді, амандасады, жөн сұрайды. Әлгі үш адам жоғарғы жақтағы Күшік боламыз дейді.

Мауқай “былтыр көргенде де күшік едіңдер, биыл көргенде де күшіксіңдер. Осы қашан бауырларыңды көтересіңдер” депті. Әлгі үшеуінің біреуі ақ сақалды адам екен. “Сен бізді иттің күшігі деп тұрсың ғой” деп ыза болып, Мауқайды бастан қамшымен салып-салып қалыпты. Мауқай қашып кетіпті.

Әлгі үш жолаушы Мауқай жүрген байдың үйіне келіп түсіпті. Қымыз ішіп отырғанда, бет-аузы қан-қан болып үйге Мауқай кіріпті. Үй толы кісі: “Е, жарқыным, бас-көзіңе не болды?” деп сұрапты.

Мауқай: “Дәнене де болған жоқ. ауылдың сыртында екі күшік, бір төбет жүр екен, солар талап кетті. Тәрізі, құтыруға айналған иттер ғой деймін. Сақ жүріңдер” — деп, жантая кетіпті. Әлгі үш адам ұялғаннан тамақ іше алмай жүріп кетіпті.

Мауқай ержеткен кезде Қарқаралының қаласына барып, аулына қайтып келе жатса, жол-жөнекей бір жас жігіт кездесіпті. Мауқай кімсің десе, әлгі жігіт Иманмын депті. Мауқай: “Қой, шырағым, алдама кәрі адамды, алдап қайтесің, кімсің?” дейді. Жігіт: “Құдай біледі. Иманмын” депті. Мауқай: “Апырай, шын айтамысың? Алдап тұрған жоқпысың?” Жігіт: “Құдай атын атадым ғой, анық Иманмын” дейді. Мауқай аттан түседі. Жігіт те аттан түседі. Мауқай қасындағы жолдасына ым қағады да: “Көктен тілеп жүр едім, кездеспедің. Желден тіледім — кездеспедің, судан тіледім — кездеспедің, қаладан тіледім — кездеспедің. Аяғыңда далада кездестің-ау. Сен иман болсаң, мен Мауқай. Жат!” — деп, алып соғып шешіндіріп, үлкен арбаға салып үйіне әкеледі. Ауыл-аймақ жиналады, қаладан не әкелдің дейді. “Қаладан әкелгенім көп, басқасын көре жатарсыңдар, иман әкелдім” деп жәшікті ашады, күні бойы арба соғып әбден шаршап талмаусыра-

ған жігітті алып шығып, міне, иман деп, ортаға отырғызады. Жігітте ес жоқ. Мауқай қамшыны алып, “қані, иман, сөйле” дейді. Жігіт: “Мен иман емеспін” дейді. Мауқай: “Бағана иман болатынсың, енді танасың” деп, қатты сояды.

Мауқай қартайып келгенде інісі өліп, келіні жесір қалады. Мауқайдың Дана дейтін сұлу қызы болады. Сол екеуін жағалап екі оқығансымақ белсенді жігіттер Мауқайдың аулына жиі-жиі келіп, отауына жатып жүреді. Мауқай әлгілерге бата алмай жүреді. Бір күні екі жігіт таңертең тұрып, бастарын сабынмен бұрқыратып жуып жатады. Мауқай қастарына келіп: “Шырақтарым, бір нәрсе сұрасам ұрыспайсыңдар ма?” депті. Жігіттер бір ауыздан: “Сұраңыз, ақсақал, сұраңыз” дейді. Мауқай: “Апырай, ренжіп қалып, ашуланып жүрерсіңдер” дейді. Жігіттер: “Жоқ, жоқ, сұраңыз, ашуланбаймыз” дейді. Мауқай. “Біз де жас болып өсіп едік, біз таңертең тұрысымен дәретке барушы едік, барып астымызды (ал-жаббарымызды) жуушы едік. Өйткені түнде ол басқа бір үйге кіріп былғанып шығушы еді. Ал сіздер осы жаз бойы 20 шақты кондындар. Күнде таңертең астарыңды жумай, бастарыңды жуасындар. Сіздер осы астарың емес, бастарыңмен нетемісіңдер? Осы еді сұрамағым”, – дейді. Жігіттер қайтып Құлақайдың маңын баспайтын болыпты.

Бұл Мауқай деп қате жазылыпты. Мауқай емес. Ақсуат ауданында болған Құлақай деген қу тілді адамның айтқаны.

Сөз

1. Ит жисан, сырттан жи.
2. Самарқанды сапырып.
3. Қылау салмай қырғында.
4. Құладындай құйкылжып.
5. Тілің бұлбұл, аяғың дүлдүлім-ай, сіздердің бір күніңе зар болармыз.
6. Алған жарың жамандап, асқанды қайдан табарсың, Ақ тоныңды жамандап, атлас қайдан табарсың, Өз басыңды зор етіп, теңдес қайдан табарсың.

7. *Торайғыр сөзі*: Қауым жұртты жамандама, көп табады
мінінді (*Бөжейге керек*).

8. Кенеуі жоқ кей билер құр зарлайды тақпаққа.

9. Алдына далбай тастап шырғаладым.

10. Күпілдеп тал отындай жанды.

11. Қай жақтан ұшқан кү ілген.

12. Ай батқандай қылдың да, адастырып жөнөдің.

1. Арғымақ ат бірде жалды, бірде жалсыз.

2. Ханнан – қазық, биден – тоқпақ.

3. Хан – қарық, қараша – арық.

4. Қардың басын қар алар, ханның басын хан алар.

5. Ер қадірін ер білер, зер қадірін зергер білер.

6. Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер, ер басына
күн туса, етігімен су кешер.

7. Адаспаймын деген ерді қараңғы тұман адастырады.

8. Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі,
Жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі.

9. Тәуекел қыл да тас жұт,
Ажал келмей өлмек жоқ.

10. Бітісі жаман камысты су ішінен өрт алады,
Туысы жаман жігітті түйе үстінен ит қабады.

11. Қарамықтың дәмі болғанша,
Бидайдың сабаны бол.
Жаман елдің жақсысы болғанша,
Жақсы елдің жаманы бол.

12. Құлан құдыққа жығылса, құрбақа құлағында ойнайды.

1. Қайырсыз болған жазыннан қайырлы болған
қыс артық.

Көрінбеген алтыннан пайдасы тиген жез артық.

Пара жеген билерден қарғы салған ит артық.

2. Биік тауға жарасқан басындағы обасы,
Ақсақалға жарасқан аузындағы тәубасы,
Келіншекке жарасқан емізулі қолда баласы,
Сауысқан деген бір құс бар, ағынан көп қарасы,
Қыз он беске келгенде шашынан көп жаласы.
Бай-бай, осының бәрінен де тыс екен ағайынның аласы.

3. Қанат не? Жанат не? Болат не? Санат не?

4. Уа, тоқта шұнақ!
5. Салқын белде сал жүреді.
Келе алмасаң, қал жүреді.
6. Қарабас-қарабас, күйт-күйт,
Ақбас-ақбас, күйт-күйт,
Қыбыр-қыбыр құрт.
Жайлауыңды өрт алды, қыстауыңды жау алды.
Жыбыр-жыбыр жыбырла,
Сұр жыландай қыбырла.
Барар жерің қалмады,
Басар тауың қалмады,
Түспегенде нең қалды. Күйт-күйт.
7. Ауың – атқа, аузың тасқа тимесін,
Тұқымың өспесін,
Басыңнан кесір кетпесін,
Сауға дегенде дауға соқсаң,
Ит-құс жесін несібесін.
8. Кәрі мұндар.
9. Бір таз, бір соқыр, бір жалақтың айлалары.
10. Дариға-ау, өтті-ау күнім құмарланып, мұнарланып,
жұмарланып, құнарланып.

Тақпақ

11. Сөйлей-сөйлей шешен боларсың,
Жүре-жүре көсем боларсың.
Ағаш қыдырсаң, үйші боларсың,
Ел қыдырсаң, сыншы боларсың,
Ұялмасаң, өлеңші боларсың,
Ерінбесең, етікші боларсың.
12. Басып айтпа, тасып айт.
13. Жез бұйдалы нар тайлак, жағалай басқан карт бура.
14. Көкорай көк шалғынды, бетегелі,
Шалқыған дариядай мұнар белі.
15. Жел соғады, дауылдатып тұрады,
Ұйытқып, жүйткіп алай-түлей қылады.
Кейде боран, кейде дауыл, кейде іскек,
Кейде ақырын сап болады, тынады.
16. Суарғанмен жасыққа болат бітер деймісің,

- Адам атың жойылып, тағы ат бітер деймісін.
17. Аттың несін мақтайсың, алқалы жерде жармаған,
Түйенің несін мақтайсың, аса бір жерге бармаған.
 18. Жомарттық қолда барда дегендейін,
Барынды қадары хал қатқа салдым.
 19. Жасықты жанып-жанып тасқа салдым.
Болаттың суын тапқан данышпаным.
 20. Жалды жылқы, құйрықты қой бітпеген,
Қолына отты шала ұстап тұрған.
 21. Тас қияға сермедің,
Жайдақтап қашып сабылмай.
 22. Ісім өнсін десең, ретін тап.
 23. Тоқ тіленші адам — сайтаны, қарекетсіз сопы —
МОНТАНЫ.
 24. Жаман дос — көлеңке,
Басынды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың,
Басынды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың.
 25. Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен,
Жылқының жалы мен құйрығы төгіліп тұрған жер
екен.
Ақ шабағы май татыған, ағар суы бал татыған жер,
Еркегі ат болатын, қатыны жат болатын жер.
 26. Бейбақтың оты жанбайды,
Бейшараның үйіне шақырса,
Қонақ қонбайды,
Арам ойлы жігіттің жүрсе жолы болмайды.
Шешесі өлген жетім қыз,
“Ойбай, сорлы” соның басында.
Жар басына қонарсың,
Жарты лашық тігерсің.
Жабының күнде озушы ем тұғырынан.
 27. Құрай тимес құба жон,
Құлан жортпас деменіз.
Құландар ойнар қу тақыр,
Көлшік болмас деменіз.
Қоспақ өркеш нар атан
Қор жасамас майдан сон.

- Донғалап арба жүре алмас, қос арысы сынған соң.
 Аласа бойлы жатаған, ажырыққа түйе матаған.
 Өзім бір деген кісіге өзегімді берермін.
 Егескен жауым кез болса,
 Аузы бір қанды қой жейтұғын бөріңмін.
 Кекіліктей жорғалап,
 Қара бір қаны сорғалап,
 Өстіп жүріп сен, бейбақ, өлерсің.
28. Көштің байсал тапқаны – көкорайға қонғаны.
 Даудың байсал тапқаны – төрешіге барғаны.
 Төс табаны төрт елі, атан жүрер жер екен.
 Жаңа жылдың басшысы ол, мен ескінің арты едім.
 Көзге қамшы тигендей.
 Намаз білмес пақырды
 Жер ұшық берген кісідей, қоржаң-қоржаң етеді.
 Қылышың тасқа біледін.
 Қамалды бұзып қақ жарған.
 Зәр болып ішкен ас.
 Далақтап шапқан бай ұлы, тоқтаса көзі бас екен.
 Тозбасты ұста соқпайды, өлместі құдай жаратпайды.
 Қыран құстың қияғында.
 Ауруын жасырған ажалсыз өледі,
 Зорлықтан қорыққан амалсыз көнеді.
 Тұла бойға тарайды.
 Ендігіңе асылдым.
 Алашолақ иттерге көкпары боп тартылып.
 Желі бір соғар тоқпағым.
 Бай төбеті аңқылдап, байсал тауып үрген тау,
 Балалы қаздай байпандап, бәйбіше дәурен сүрген
 тау,
 Ақ бүркеншік салынып, ала берен киген тау.
 Көмілсе де кетер ме көкейімнен, қалқаммен ұлыс
 күні ойнағаным.
 Жалғыз шала сәуле болмас, жалғыз шырақ тәрбие
 болмас.
 Суырған қынабынан наркескендей.
 Сексеуілдің шоғындай, жайнап шықтың жасыңнан.
 Түскен жерін ұсатқан, зеңбіректің оғындай.
 Тайғақтай ұшқан қу ілген,

Анық сұңқар мен едім.
Тегеуріні теріс біткен.
Тарғыл тастың тағылары.
Бал қайнатып, шай ішкен,
Қазы кертіп жал жеген, асты болар ма екенсің.
Қоңыраулы бұйра нарындай.
Көпке пайдан көп тиді көктемдегі жауындай.
Табылғанда бөз артық, таңдап киген торқадан.
Иегің ителгінің тамағындай,
Айдынның ақ қайраңы шабағындай.
Лапылдап тал отындай жанып тұрмын.
Қалушы едің қара жол қабырғадан жарылып,
Қайтара шөккен қарт бура.
Қия тас қиынына кетсең-дағы, қамшылап
қанатымды бұрам-дағы.

Құр сағым қусақ.
Шаппаған нәмәрт оңар ма?
Ақсұңқар құстың баласы қасқыр тартқан жемтікке,
Ағармай көзі қонар ма.
Еңіреген ер,
Жұртты еміп.
Шолақ иттей діңкілдеп,
Төстіктей қазған бір жерге
Қырыңнан кіріп сыйғаның.
Алтын, күміс азарың.
Кенеуі жоқ кей билер.
Ерден қадір кетпесе, отырмайды есікке.
Несіпке кешікпей өшікпе.
Байды құдай атқаны — жабағы жүн сатқаны.
Қатпа болған түйедей, киенкі болған биедей.
Бетіме соқ мінімді,
Бүгежектеп отырмын,
Қызылбауыр киіктей.
Даусым саған жетер ме бұрынғыдай аңқымай.
Құриды неге ындының.
Жаяулық пен жалғыздық — азамат ердің жүдеуі.
Хиуадан келген қызыл нар,
Айрылса сәні болар ма, жалы менен қомынан.
Ай мүйізді көк қошқар, қасқыр бір тартты қоңынан.

Ала жылан, аш бақа.
Басқа – сая, жанға олжа құр далақтап.
Жетектесең табандар, қалтақ-құлтақ амалдар.
Әдеппенен тамылжытып,
Борандай бүрк-сарқ етіп.
Айдаһардай ысқырып,
Біреу кетсе үшкіріп.
Өзеше боп өсер тел.
Сұры қашып.
Байда – бейіл, жалшыда мейір де жоқ.
Бұтты-шатты.
Өршеленіп өлгенше.
Жат үйінде, шатылмай.
Сыртым дүрдей.
Тыңдаған азаматқа тілім дәрі.
Кент орнаған жер, көдесі макпал түгіндей.
Аяғын алшаң басып.
Ер жігіт көркі деп,
Делбеймін көңілімді.
Піл сауырлы кара жер.
Шаңқып шорым шығады.
Көкжал арлан.

Есімхан әңгімесі

Төбені сары жәй тартса аударатын,
Ешкімнен сыңайы жоқ жасқанатын.
Қараға сендей тұлға бітпеуші еді,
Айғай-сүрен салысып,
Көңілі раушан болсын деп,
Кек сайлап, бағын алып мынау елден.

Қажет сөздер

Бөлітірік: Кей ақымақ аузымен айды алады,
Қолымен қосаяқ соға алмайды.

Құлайғыр: Көрінбеген білімнен келбет артық.

Орманбет би: Отқа салып ерітсең, алтын, сірә,

жез болмас,

Аяққа шұлғау қылсаң да, асыл жібек бөз болмас.
Арғын Шоқай би: Арыстан айға шауып мертіксе,
Артында қалған баласы арыстандық етпес деменіз.
Аксұңқар торға іліксе,
Ұяда қалған балапан

Темір қанат болғанда, үйрек ілмес деменіз... (*Оптимизм бар, көп жақсы сөз*).

Қырғызбай Машын би: Темір етік тоздырсаң, темір таяқ жонарсын.

Қорғасындай толқып балқысаң, бейнет көріп алқынсаң, мақсұтты тура табарсын.

Қарадан (әділсізден, наданнан) хан қойсаң – қасиеті болмайды, үлгісізден би қойсаң – өсиеті болмайды.

Қазыбек Әнет баба – оқыған.. көшіп барып көп жатып тоқыған. Қазақ заңын, шариғат жолын үйренген. Үш әріп туралы:

Әйел – алтын, кек – кесір, мақтан – мансап.

Тұмау түбі құрт болар, тұман түбі жұт болар.

Қарап отырғанша бір нәрсеге жарап отыр.

Кәсіп болмай, несіп болмас.

Ой да көп, ұйқы да көп ойлай берсең,

Ой да жоқ, уайым да жоқ ойнай берсең.

Еркек дауысты әйел ұрғашының қоры болар,

Әйел дауысты еркек еркектің қоры болар.

Өгіз мүйізді сиырдың сүті болмас,

Сиыр мүйізді өгіздің күші болмас.

Жастық – жалын, кәрілік – күл.

Жақсы жалғыз деменіз, бір боп туса онмен тең,

Он боп туса, жүзбен тең,

Жүз боп туса, мыңмен тең.

Адасқан ауыл болмас, есептескен ел болмас (*Бөгенбай*).

Хан азарында қарашасымен қас болар.

Шырпық өзін талмын дейді.

Шымшық өзін жанмын дейді.

Бұлақ өзін көлмін дейді,

Көлі тұрсын, аққан селмін дейді.

Даражасын көтеріп,

Тасбақа өзін елмін дейді.

1. Кертартпаның белгісі – кең дүниені тар дейді,
Қолында жоқтар тайлақты
Солқылдақ өркеш нар дейді.
2. Жорыққа батыр аттанбас,
Жау жараған сайламай.
3. Ер қолынан іс келмес,
Сұнқардайын түйілмей,
Буынып белін түйінбей,
Зердесін жігер қайрамай.
Ақ ауылдың сәні жоқ,
Топталып жылқы үйездеп,
Нокталы құлын күйездеп,
Тартқан желі болмаса.
Шешендіктің сәні жоқ,
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса.
Қайырсыз биден пайда жоқ,
Нашарға жәрдемі тимесе.
Би мен бидің сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса.
Елді бастар ер қайда,
Аға сұлтан асында,
Елінді қамап көрге айда,
Барса келмес жерге айда...
Әй, Едіге, сен енді қайт-сана,
Қайтып Еділ өт-сана,
Еңсесі биік боз орда,
Еңкейіп сәлем бер-сана.
Еріні жұқа сары аяқ
Ер сарқытын іш-сана.
Жауырындары жақталы,
Түйме бауы тартпалы,
Үстіңе алқара кез
Тон береді, ки-сана.
Көкала жорға,

Көп дауылпаз,
Көп дауылпаз байланып,
Тұтам бойы сом алтын,
Ақсұңқар құс безеді,
Көл айлана шүй-сана.

Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелі,
Ор тауында көп төбе белгі етелі.
Азаматтар, ерінбей таңласаңыз,
Қозы Көрпеш – Баянды тербетелі.

Зоры болар десе, соры.
Алдарсың талай, алдарсың әлі.

1. Сарымсақ иісі гүлден астам, бұлбұл үнін есек баспай ма.
2. Қанды ауыз қорқау үзіп жейтін жолбарыс барын ойлай ма?
3. Дәрі ащы болса да, дертті жазбай ма.
4. Дән көтерген құмырсқаға тимеші, алысканы өмір ғой. Өмір сондай абзал ғой (*Фирдоуси*).
5. Көбелекке шамнан әсте рақым жоқ. Бірақ сол шам жалғыз жанар, жақын жоқ (*Сағди*).
6. Жар үшін жарандарына қызмет еткенімді айып етпе. Бағбан бір гүл үшін мың тікенге қызмет етер.
7. Тығулы жатқан алтынның топырақ басқан тастан артық не қажеті бар.
8. Махаббат – жалын, кеңес сөз – жел.
9. Ең үлкен жау – елдің жауы, ең үлкен дау – жердің дауы.
10. Қарамықтың дәмі болғанша, бидайдың сабаны бол. Жаман елдің жақсысы болғанша, жақсы елдің жаманы бол.
11. Ауыз – дарбаза, сөз – самал.
12. Ит маржанды не қылсын.
13. Қарекеті – әрекет.
14. Қалтаң-құлтаң. Көзге сынық
Жыртаң-тыртаң. Керім-кербез.
Сасық би: Қаяу жоқ. Бір бадалық. Игісі. Сүйгісі жоқ.

Шалдуарлық. Күйсей бер. Сөзге емексіп. Бейілі шикі, ақылы күйкі.

15. Адам ғафіл! Жайтаң. Қайқан. Дүрдараз. Алғысы күшті асаулар. Көксегені тас сараң.

16. Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып.

Әбуғала

1. Иманың болса, қас қылма. Иман мен қастық арыстан мен оқ сияқты бір орында тұрыса алмас.

2. Күнәдан, ғайыптан жаның сау болса, өлімнен қауіп жоқ.

3. Ораза — ауызды тамақтан тыю емес, тілді жалған сөзден тыю.

4. Кісінің сыртына қарап адасудан сақтан.

5. Өлім әрбір жайдың шипасы, әр бәленің дауасы екенін ақыл аңдады.

6. Зәлімнің үйі көкте болса да, әлбетте, өлім шабуыл жасар.

7. Әрбір дем адамды туған заманнан алыстатып, ажалына жақын етер.

8. Сахарада мол ұрысы болса, базарларда және ұрылар бар. Соңғылар өздерін саудагер атапты. Әуелгілер болса, өздерін тек ұрымыз дейді.

9. Ант ішейін, Мірдің тауарларына жан бітсе, дүниеде бір тау орнында қалмас еді.

10. Адам қарындасына дәйім зұлымдық етеді. Ал бөрі болса, бөріні тек тағы (ға жат) болғанда ғана жыртушы еді.

11. Қатынның сұлулығы аз болса, айыбы да за. Тегі таза — әйелдің ең зор сұлулығы.

12. Заманымызға бағындық, бірақ заман адамды қор етерін білерсің.

13. Қандай патшалар күнәлар, асылықтар, сұмдық бәлелер жасап жүрсе де, топырақ астына көміледі.

14. Тура жүріп зарардан сақтану да соқырдың қолындағы таяғы бар досынан, туысынан қайырлы.

15. Өмір дерті ескі ғой. Сократ сияқты хәкім де уайым дерттен сау болмады ғой.

.....

21. Заманға ешбір уақыт бәленді менен ал демейді, не тілесе, ісіне сын. Үйткені заманның қатысы мен ащысы ба- рабар.

22. Дүние бір дәрі ғой. Тірілердің ақылы болса, өлілерге жыламас болар еді.

23. Қазадан сақтанам деп темір киме, өлім қылышы темірді де кесер (Темірді де жеміреп).

24. Адамның өзі туралы бір дұрыс сөз сөйлесе, өңі бұзылатыны несі.

25. Заман нығметіне қызмет ететін қатындардан шөлдерде ащы көкпек жеп жүрген түйеқұстар тазарақ.

26. Дүния күні-түнімен бір ала жылан тәрізді. Сол оқ жылан, соқ жылан шақпақтан басқа нәрсені білмес.

27. Ей, менің бөденім, жерге көмілген соң шірігенінен қорықпай-ақ қой.

28. Көрмейсің бе? Арыстандардың соңынан соқыр, ақсақ бөрілер, қарғалар да жүреді.

29. Менде жоқ жақсылықпен маған мақтау айтса, құдайшылыққа ол мені мазақ (*ажуа*) еткені.

30. Нелер шашы ағарған, таспиқ тартқан пірлер әр түні зинаға батады.

31. Азғындар кімге сәжде қылғанына қам жемейді.

Сөз

Торайғыр: Әлдіге әлсіз жем болар,

Әлдінің сөзі ем болар.

Ит қарғысы сары жез,

Қолың жетпес шеп болар.

Берілген істің өңі кіреді.

Тау:

Өкпек желі жер қағып,

Майы шығып тұрмаса.

Жусанды сары белі жок.

Ақырзаман:

Бірлік сақтар қалпынан

Елің күдер үздірсе,
Ақырзаман сол болар.

Ар:

Ар деген – жанның азығы,
Адамдықтың қазығы.
Ар өлгенше, өзің өл.
Ардан бұрын жанды бер.
Ар өлсе, тірлік не керек.

Тамақ:

Көктегі құсты торға әкеп,
Түздегі анды орға әкеп
Түсіретін тамақ-ай.
Билікті бұра бергізген,
Соңынан құлкын ергізген,
Адалдықтан бездіріп,
Тең қылатын өгізбен,
Тас тығылғыр тамақ-ай.

Көрік:

Аққу құс – көлдің көрігі,
Ер жігіт – елдің көрігі,
Орманды тау – жердің көрігі,
Адал сұлу – ердің көрігі,
Ұл мен қызы – жардың көрігі,
Әділдік іс – ардың көрігі.

Жылқы:

Ысқырса, желге кетесің,
Айдаса, жауға кетесің.

Тентек топқа тоқтайды,
Өтірік шынға тоқтайды.
Асыл қынға тоқтайды,
Жомарт жоққа тоқтайды.

Адалдық арды асырар,
Арамдық иман қашырар.

Торайғыр мақал-мәтелдері:

Ақыл – адам көрігі,
Ақылдың сабыр – серігі.

Кедейге күлме, қайыр қыл,
Қазаға күйінбе, сабыр қыл.

Жауға жалынба, жоққа тарылма.

Жолдасты жақсыдан тап, жақсы жолдас ажалдан да, бей-
неттен де құтқарады.

Жолдасын таппаған ер азады,
Басшысын таппаған ел азады.

Орысты ата жауым деме,
Түбінде әділдік орыста қалады.

Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен,
Қиянатқа көнбе, әділдікке атса да көн.

Араздың бәрі жау емес,
Сөздің бәрі дау емес.

Ер жаудан өледі, шешен даудан өледі.

Ерді қатыны тұсайды,
Жақсыны жақыны тұсайды.

Ақын езден тұсалады,
Шешен сөзден тұсалады.

Керек сөздер

1. Ұстаса қолға, байласа жіпке тұрмас (*Ұры*).
2. Ел аузына елек қоя алмаймыз.
3. Қара айғырдың үйірі үшін қара орманыңды алмай тынбас ем.
4. Жұпардай иісің шығады, тұлпардай дүбірін шығады.

5. Менің атым Дыңғылбай.
6. Атаң міні – насыбай.
7. Шекенеден күлі бар, қалампырдан дымы бар.
8. Бәйгеге бірінің өркеші қисық емес жүз атан түйе (*ат бәйгесі*), алты қанат ақ үй барлық мүлкімен, 9 құндыз, 9 бесік жамбы...
9. Құлқайырдай (*шөп*) ағарды сакал-мұртым.
Балқытқан хан-қараны қайран тілім...
10. Құртбай үш тоқалға еріп кетті, адасқан ай жарықта ақбоз аттай.
11. Жортарман, кара қазан (*Сараң*).
Жел аударған қаңбақтай, сел аударған дөңбектей.
12. Салтанат, Гүлжан – әйел аттары.
13. Көтеншегін солқылдатар шот қаққанда (*Саудагерге айтылған*).
14. Екі жағы иір отырып барымтаны қайырсын.
15. Баяу – әйел аты.
16. Қапырығың бар екен.
17. Шытыр жеген өгіздей аунап өлген.
18. Аспанға алып қарақұстай алып ұшқан,
Кешегі ер Мақсұттың күні қайда.
19. “Жетпеген жеті кесілмеді” деген.
20. Шабдан асында 180 ат шапқан.
21. Құлмақтадай қолдыраған.
22. Қалжыңбасың тұз түйген келсаптың басындай неге бозала боп кеткен.
23. Сакалың тасқа жусаған тау ешкінің текесінің сакалындай.
24. Сынасар атан зауза құсап дарылдаған кім?
25. Көкпек жеген түйе сияқты демін аузынан алған кім?
26. Жаужапырақ сияқты қаудырап.
27. Саудаға майқоңыздай жылтырағаны несі.
28. Шала түлеген жылқы сияқты кержағалданған неме.
29. Ай тұяқ, аша тұяқ. Ай тұяқ айттым.

Ермұса айтқан әңгіме

Абай таяқ жеп қайтқан соң, үйге кеп айтқаны деп, Бәшей айтушы еді:

Көкіректе қалың шер, көңіл қаяу,
Ел кісі деп жүргенім, досым – жау.
Сүйенер кісім, сүйенер жақыным жоқ,
Бір өзіңе сүйендік, бар құдай-ау.

Елге ерсем, ақ жолдан адасамын,
Көнбей жүрсем, көп итпен таласамын.
Тек отырсам, тепкілеп шыдатпайды,
Енді қайтіп сол елмен жарасамын.

Бір момынның ұстасам түзу ісін,
Жөн демейді ғаріптің жөн жұмысын.
Ардан безген, ары жоқ өңкей залым,
Ырылдатып жабады ит пен құсын.

Көп төбетке жетеді қайдан күшім,
Адалды құтқара алмай пысады ішім.
Қабағымды қаққанша қас болады,
Жақсым деп жабысып жүрген кісім.

Төлеу айтқан сөздер

1. Ақ жамбы, ақбас құндыз.
2. Сілтің (*қалжың*) сыңқыл сілтің деп.
3. Қам қайғы.
4. Күлгін.
5. Пат, қама, кәмшат, құндыз.
6. Сарыарқа туралы: салқын белім, самал тауым, самал желім.

Мақал:

Ұр деген айыпкер емес, ұрған айыпкер (*Романға керек*).

Ер көркі ақылында, әйел ақылы көркінде.

“Көз ұры” деген нақыл әңгіме.

Әйелмен жақындығыңды көз ұстатады.

Түйені жел шайқаса, ешкіні аспанда көрерсің.

Жалынған – бас қорғау емес, жағаласқан – бас қорғау.

Қойды – көшіл, түйені шошқа дейді.

Тұйғыннан томағалы тұйғын туар,
Жүйріктен айғыр салсаң, жылман туар.
Сұлудан қатын алсаң, көңілің толар,
Қудан – қу, сұмырай – сумаң туар.

Мақал: Өлмейтұғын өмір жоқ, сынбайтұғын темір жоқ.
Қорытпа – белуга. Шоқыр, қортап, көксерке (*судак*),
қаракөз, бертабан, жәйін, бекіре.
Телмек – ілмекті темір.

1. Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады.
2. Кей айуан шөп жейді, бөк жейді. Жылқы кісінейді, ит үреді.
3. Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып.
4. Ұялы сеңгір қабақтай,
Елде тентек қоймадың,
Жайыннан қашқан шабақтай.
Көкежан, сізден айрылдым,
Көлеңкелі дарақтай.
5. Орта жүзде орасан
Ойқастап озған жүйрігім.
6. Қошқар туған қозыдай.
7. Шалқып сөзім шығады.
8. Аяғын алшаң басып.
9. Қорғасындай толқып балқысаң,
Бейнет көріп алқынсаң,
Максұтты тура табарсың.
10. Алдасқан ауыл болмас,
Есептескен ел болмас.
11. Аласұр бозбала.
12. Таудағы түлкіні тастағы тазы алады.
13. Тамыр болдың – айтыс жоқ, қолдан бердің – қайтыс жоқ.

Пьеса





СЫН САҒАТТА

Үш актылы, төрт суретті пьеса



Қатысушы адамдар

- Ескендер – шахтаның бас инженері.
Назым Бердиева – дәрігер.
Ербол Датов – навалоотбойщик, әнші,
кейін дивизион командирі.
Сәт – шахтер.
Тәнеке – шахтер.
Ира – медсестра.
Қадең – Назымның көршісі.
Марияш – Ерболдың жеңгесі.
Рәш – Назымның қызы.
Малышев – лейтенант.
Нұрлан Бектасов – майор.
Скиба – кіші лейтенант (*белорусс*).
Шаршен Бегешев – аға сержант (*қырғыз*).
Звездов – майор.
Потапенко – генерал-лейтенант.
Әскер.
Политрук.
Ленин.
Рубанов – профессор, I ранг дәрігер.
I, II бригадир.
Асанов.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Көп пәтерлі үлкен үйдің нобайы. Сахнаның бір жағы Назым пәтерінің бір бөлмесі. Соған жалғас астылы-үстілі террасалар. Олар көрші пәтерлердікі. Назым бөлмесі кітапқа толы. Жұмыс кабинетінде дәрігерлік инструменттер де бар. Ашық терезенің пердесі түрүлі. Кен, жұмсақ кушетканың үстінде Назым, Ескендер отыр. Кеш батып барады. Тыста соққан салқын лептен анда-санда терезенің жұқа шілтері желпінеді... Бөлмеде шам бар. Террасалар ала көлеңке. Террасада Қаден бағанадан бой созып карап тұрған. Жоғарғы терраска Марияш шығады.

Қ а д е н. Марияш!

М а р и я ш. Қаден!

Қ а д е н. Қолыңдағыдан әкелші-ай! Бері келші!

М а р и я ш (*қолында дым жоқ*). Түс көріп тұрмысың, әй, катын! Ақ сөйле, байғұс.

Қ а д е н. Е, тұр ғой әне қолыңда! Тықпай-ақ қойсаңшы, әкелші. Мұнда келші! (*Көзі Наздың терезесінде.*)

М а р и я ш. Құтырар мына катын. Денің сау ма өзіңнің? (*Еңкейеді.*)

Қ а д е н (*қарсы созылып, сыбырлап*). Құдай төбеңнен ұрсын, Марияш! (*Күледі.*)

М а р и я ш. Ой, тіліңе шоқ түссін.

Қ а д е н. Түс бері, уа, бері жүр, мұндар. Әне... (*Өзі терезеге ұмсынады.*)

Марияш жоғарыдан жүгіре түсіп, ынтыға басады.

М а р и я ш. О не, әй, қуатым-ау!.. Не көрдің?

Қ а д е н (*терезенің тұсына Марияшты ақырын ертіп кеп*). Жарасуын қарашы екеуінің... Былай тұр! Осыны керек қып отырған немедей, о несі обиып!

М а р и я ш (*тамсанып*). Аста-кем-ай, мынау екен ғой... Бәсе, “бай керек қылмайды”, “бай керек қылмайды” деседі.

Қ а д е н. Е, бай керек қылмай, бітеу деп пе ең? Жайнап отырған жесір қатын.

М а р и я ш. Инженер қандай көрікті... Құдай ақын, осы екеуі тіпті тең-ақ.

Е с к е н д е р. ... Көңілді көптен жеңген мұным еді, Наз.

Н а з ы м. Ұғамын да іркілемін, Ескендер.

Е с к е н д е р. Неге? Нені күдік етесіз?

Н а з ы м. Күдік... күдік дейсіз бе? Менің ойымдағының аты... ол емес.

Е с к е н д е р. Енді не?

Н а з ы м. Тек ... айтылмаса нетуші еді деп ем осы жайды.

Е с к е н д е р. Наз... Назым... Кімге тіл қатып отырғанын ойланбады дейсіз бе? Талай күндер тоқсан толқытқан, көп бөгеген күдігімнің несін айтайын... Жан жүзінен жасырып келген, айтпай-ақ әкетейін деген, өз ішімнің көп әлегін не қылайын.

Н а з ы м. Сөзіңіз маған тосын...

Е с к е н д е р. Мені әкелген қай тілек? Тыңдауыңыз керек емес пе?

Н а з ы м. Тыңдайым ба, жоқ па?

Ескендер қолын сипап, отырып қалады.

Қ а д е н. Жарасуын жарасады-ай. Әй, бірақ, мен мал танысам, осы екеуінің сөзі піспеген дейім әлі.

М а р и я ш. Ал инженерде қатын жоқ... Қатыны өлгелі көп болмап па еді?

Қ а д е н. Көп болған... Назда бай жоқ!

М а р и я ш. О да өлген бе еді?

Қ а д е н. Жоқ, тірі айрылысыпты.

М а р и я ш. Әлде соған қарайлай ма екен?

Қ а д е н. Жоқ, әлде қызын қимай ма екен? Әйтеуір қосылам десе, қой дер кісі болмас еді... Ел-жұрт қандай сыйлайды өздерін...

М а р и я ш. Ел-жұрт демекші... Тәнекенің қатынын көріп ем... Бүгін күйеуім сендердің көршіңе барып, алғыс айтып шығам деп айтады дейді... Бірге жүр деп Сәтті шақырыпты...

Қ а д е н. Алғыс па?.. Әлде мыналарды жарастырғалы келе ме?

М а р и я ш. Е, онда не ақысы бар?.. Әй, сен де бір қайдағыны...

Қ а д е н. Сауабын алмай ма? Әй, тегі, біреу жағыстырып жібермесе бар ғой... Өздігімен мандымайды мыналарың... Оқыған деген сондай болады.

М а р и я ш. Ай, сойқан-ай, сыр мінез бе едің?

Қ а д е н. Атама... осы... осы... “Сіз” деп, “біз” деп, бетегеден биік, жусаннан аласа боп, майысып, қиылып санадан солып осы... шаппай, желмей қан сорпа боп, құр сонымен титығы құриды ғой бұл бейбақтардың! (*Күлкі.*) Токта, эне! (*Сыртқа қарап.*) Ой, анаң кара, Ербол келеді, жүр былай. Жүр таяйык!

М а р и я ш. Уа, койшы, сүйінші тілейін деп пе едің?

Қ а д е н. Е, қызық көрсін... Жүр! (*Ертіп террастың ар жағына кетеді.*)

Е с к е н д е р. ...Бір кезде жалыны жалау атқандай үміті мол, қызығы көп жастық бар еді ғой. Шын қуаныш таптық па, жоқ, елесіне мәз бе едік... Әйтеуір ыстық шағын кешірген едің. Сонымен өтті, бітті дегеніме көп болған. Қимай, қиналып қана еске алушы ем. Жалғыз-ақ, жеңіл желік жеңбейтін боп еді. Тыныш едім. Ал қазір соның бәрі бастан-аяқ қайта бір алай-түлейге түсті. Бар көрдім деген қызығымның бәрі болымсыз ғана болып, нәрсіз, нұрсыз бүріскен тәрізді. Сол өңсіз күймен өткеніне анық бүгін ғана өкінбестен көз салдым. Болжап, шолып байқаймын да, шын қуаныш бүгін таптым деймін. Көңілімде ең алғаш, жалғыз-ақ сол күн туғандай рахат, бақыт сезем, Наз...

Н а з ы м. Сырыңыз сондай жақын, соншалық ыстық, Ескендер. Шын айтайын, қызықтыратын сыр.

Е с к е н д е р. Мен ендігі өміріңізге өмірімді қоспақпын. Ойлаңызшы, бізді бір-біріне сай емес дерлік жан болар ма еді?

Н а з ы м. Мен сізді өзге жаннан өзгеше, ерекше қадірлейтінім рас. Бірақ, Ескендер, мен ендігі тірлікте өз басымның еркі өзімде тұрған жан емеспін.

Е с к е н д е р. Неге олай дейсіз, бөгет кім?

Н а з ы м. Мен бірер адам алдында қарыздармын. Еркім өзімде, басым бос. Бірақ іштей аса алмайтын асуларым бар.

Е с к е н д е р. Наз... Дәл таныған болсам, сіз қарыздар болған жанның алдында бар тірлік, бар еңбек, бар қуатыммен мен де қарыздар болайын. Сізді сүйген көңілім сіздің

назарыңыз түскен жердің қайсысынан болса да айналмаса, айнымас, жаным Наз!

Н а з ы м. Жоқ... Ескендер... *(Бірақ өзі қызыққандай.)* Сондай жақсы! Сондай жақын, сондай сүйікті Ескендер! *(Паузадан соң.)* Жоқ... жоқ... *(Ескендер үнсіз, Наз тағы да қимай, қиналып қайта толқып.)* Жас күнімнен есімде қалған бір өлеңнің басында: “Жай тұрған жүрегіме салдың уайым” деуші еді. *(Тез орамалын алып, жылағандай мұңайып қалады.)*

Ескендер құшақтап шашын сипайды. Терезенің сыртынан шешен домбыраның әсем құлақ күйі келеді. Үйдегілер елемейді. Шұғыл айқай, ән шығады. Әннің алғашқы сөзі: “Ал бақи!” Терезеге сыртын беріп, ән шырқаған біреу көрінеді. Жұмыстан жаңа шыққан шахтер киімінде.

Бұрылады, ол Ербол.

Е р б о л *(үйдегілерге күле қарап, басын изеген күйде ән шырқайды. Беті қап-қара күйе, тісі аппақ боп ақсиып тұр. Ән.)*

Ал бақи, а дегенде әнім салты,
Ағайын, аз лебізге құлақ салшы,
Жарасқан жайлауында асылдарым,
Ініден жақсы тілек қабыл алшы.

Н а з ы м. Бұ кім осы?... Жаным-ау, осы менің көршім бе?

Е с к е н д е р. Ербол ғой.

Е р б о л. Өзі ғой... Айып менен, ағалар... Тек ақырын ұрсындаршы.

Н а з ы м *(терезеге жетіп барып)*. Жоқ, Ербол, түк ұрыспаймыз.

Е с к е н д е р. Өй, өзің дәл ақынсың ғой!

Е р б о л. Үндеменіз, ойымда әбден бар. Осыдан стаханов бола алмай қалсам бар ғой, ең жаманы, ақын болам.

Н а з ы м. Тағы айтшы, Ербол!

Е р б о л. Наз, ендеше, рұқсатың болса, дәл қазір қара өзегімді қақ жарған бір мұңым бар ғой, соны айтсам ба екен, Есеке?

Е с к е н д е р. Айт!

Н а з. Дәл соны айт.

Е р б о л (домбыра безілдейді, әндетеді). Ал бақи!.. (Соға жөнеледі.)

Нұр жамалың жадымда, жан-жананым,
Қолым жетпей қиналдым, бар ма амалым,
Бу бұрқатып қайнаған қызуыңнан
Айналсоқтап кете алмай, жан-жананым.
Бақида, уа дариға, жан-жананым!
Қара өзекті қуырдың, бар ма амалым,
Аш қадірін тоқ білмес айтқанменен,
Аяр болсаң даяр бол, жан-жананым!

Н а з ы м. Жан-жананым... Жан-жананым!... Қандай жақсы сөз!

Е с к е н д е р. Үзілуін қарашы.

Н а з ы м. Ал көрші, осыншалық өзегінді талдырған о кім өзі?

Е р б о л. Әттең десеңізші... Әттең ғана...

Е с к е н д е р. Жөнін айтшы тым құрса.

Е р б о л. Жай ішімдегі бір күй ғой, аға. Іші бардың бәрінің күйі... Құлақ күйім.

Н а з ы м. Бардыкі емес... өз ішіндікі болғаны жақсы ғой.

Е р б о л. Өзімдікі болғанда аш өзегімдікі.

Н а з ы м. Не дейді? Жүрегіндікі десеңші.

Е р б о л. Жо, жоға...

Е с к е н д е р. Қой, өзегі несі? Көңілімдікі десеңші.

Е р б о л. Е, мына сығыр.

Н а з ы м. Ойбай, ендеше мардымады ғой.

Е р б о л. Е, неге, апатай-ау!

Н а з ы м. Шарықтап тұрған көңіл шабыты ма деп ем...

Е р б о л. Ә, оныңыз рас болар. Әнімнің өзі сөйтіп шарықтап ұшқанмен, шатқаяқтап қона салады, құданың күдіреті.

Н а з ы м. Қой, қарын ашырады екен мынауың.

Е р б о л. Қарын ашырады дедіңіз бе? Міне, міне, дәл таптыңыз!

Ескендер. Уа, не деп тұрсың өзің? (Алыстан дауыстаған әйел: “Ербол, ет пісті!” – дейді. Қаден жүгіріп шығып: “Ербол, ет пісті!” – дейді.)

Е р б о л. Пісті! Уай, лебізіңнен айналайын. Ағалар,
айыпқа бұйырмандар. Әннің тілеуі келді. Айыпқа бұйыр...
Н а з ы м (*күліп*). Бұйырмаңыз... Бірақ қайтып кел.

Ербол жөнеледі. Назым мен Ескендер күледі. Сәт пен Тәнеке кіреді.
Тәнеке басын азырақ таңып алған, жүдеу. Сәттермен сыпайы амандасып,
жайласып отырған соң күледі.

Жаным-ау, әлгі не деп кетті? Қалай қызық өзі. (*Күледі.*)

Е с к е н д е р. Ғажап. (*Күліп.*) Тұрған бойы жұмбақ...

С ә т. О кім?

Н а з ы м. Әлгі менің көршім, Ербол.

С ә т. Ә, Ербол ма? О не қып жүр?

Е с к е н д е р. Осында терезеден кеп әдемі ән салды.

Т ә н е к е. Япыр-ай, ән салатын қауқары әлі бар екен-
ау.

Е с к е н д е р. Әні қандай... Осы үзіліп тұрып, жан-
жананым... жан-жананым деп өзегі талғандай зарлайды. Бұл
біреуге ынтық екен, сонысын айтып тұр екен деп ек, сөйтсек
үздігіп талып, өлердей өзеуреп тұрғаны ет боп шықты ма
деймін. Ет пісті деген хабар кеп еді, ғашығына қарай алас-
ұрғандай тыпа жөнелді... Мұнысы қалай?

С ә т (*күліп*). Оның жөні бар...

Т ә н е к е. Ой, тілеуің бергір ғой.

Н а з ы м. О не етіп еді?

С ә т. Бүгін, сол қайтып келе жатқанда, ол ер қайратымен
келе жатқан жоқ па, бұрын Қарағанды көрмеген қарқын жа-
сап шықты. Екі сменаны бір-ақ созып, 16 сағат тұтас істеп
шыққан жоқ па шахтадан.

Н а з ы м. Жігіт... Ал смена арасында ас ішпеп пе еді?
Бәсе... (*Күліп.*) Аш өзегім дегенде тіпті қаймықпайды.

С ә т (*Ескендерге бір пакет береді*). Ескендер, Москвадан
мына бір қағаз кепті саған. Осыны бір шолып өтші. (*Ескен-
дер алып оқиды.*) Сонан соң, жолдас Наз, мына Тәнеке әдейі
ертіп келді саған. (*Пауза.*) Айтатын сөзім бар, бірге жүр деп
еді.

Н а з . Ия!

Пауза.

С ә т. Ал, қарт, отырамысың өстіп, ендігінді өзің айтпаймысың, түге?

Т ә н е к е. Е, айта... айта берсеңші.

С ә т. Е, тәйір, шегіншегің бар ма еді!

Т ә н е к е. О не пәлен?

С ә т. Оным... жеңгелері “жайбасар” дейтін менің бір жақын ағам болушы еді... Баяғыда жайлауда бір түнде жылқыға жау тиіп, “аттан” шығып, ауыл алай-түлей шаба жөнеліп жатқанда, жанағы “жайбасар” үй ішінде, ең алғаш бір асыққаны ғой. Қалбаң қағып, аптығып жүріп есікті таба алмай қапты. Жан дәрмен шиді қармалап, қазан-ошаққа қақтығып, төрдегі жүкті сипалап жүріп, өзі “аттан” сала береді дейді... Сонда қатыны “өй, не қып жүрсің осы сен?” – дегенде... “Қатын-қатын, жетектеп шығарып жіберші” – депті. Қатыны жауға шабатын ерді жетектеп келе жатып: “Кұдай, шұнақ-ай, шегіншегің бар ма еді?” – дейді. Сол сияқты...

Т ә н е к е. Енді әйтеуір айтарыңды айттың ғой, жетектесеңші ендеше...

С ә т. Уа, қой, батыр, өзің айт...

Н а з ы м (*күледі*). О не, жаным-ау!

Т ә н е к е. Қарағым, қарындасым, бұны бұлданып қайтейін, өзім айтам. Жасым елуге келді менің. Тегі, бір өмірге бір тірлік еді, осы күнге шейін естіген мен білгенім... Ал менің басым...

С ә т. Қысқа қайыр.

Т ә н е к е. Тек отыр енді.

С ә т. Түу, сонау туғаныңнан бастайсың. Өзің босаң табаны күректей тап елуге кепсің. Сенің бар бақтажарыңды тыңдап болғанша түн жарымы өтеді ғой.

Т ә н е к е. Өтсе өте берсін. Қарағым, Назым! Әке мен шеше берген бір өмір бар еді, жасым елуге жеткенде мен сонан айрылып қап едім-ау. Өлмейді деген кім бар еді мені, кеше лавадан басыма тас құлаған күні? Сол бір мәрғау кеткен жерден қайырып әкеп қайта тірлік берген кім? Сенсің ғой, айналайын. Сенің асыл білімің, епті қолың ғой. Шахтаның бір кәрі шалын аман алып қалайын деп құрақ ұшқан адал жүрегің ғой. Алғыс-алғыс деседі. Білемін, сенің менен дәметерің жоқ. Есітемін... Ұғамын. Атаң-анаң көптен жоқ екен... Енді ең әуелі жан аямас ағаң-дамын, атаң-дамын...

Сәт бұлданды ғой. Жаман ағаңның бар тапқан ақылы сол. Анау ақылды маңдайыңды бері тақашы. *(Өзі қозғалады, Наз ұялып қарсы басады.)* Қалған өмірдегі қарыздарым өзіңсің. *(Маңдайынан сүйіп.)* Айналдым... асыл айнама. Қадірлі, қызым. *(Тағы сүйеді.)*

С ә т. Қап, мынаның қиялап кеп тапқанын-ай, ә? Былай бітер болғанда өзім-ақ айтар ем-ау жана. *(Күлкі, Ескендерге бұрылып.)* Жә, сен жанағы қағазды сол сөйтіп жым-жырт оқисың да, жым-жылас жауып қоясың ғой, тегі.

Е с к е н д е р. Енді қайтеміз?

С ә т. Қой, шырақ.

Н а з ы м. О не қағаз еді?

С ә т. Өзгесін білмеймін, бірақ ішінде наркомның өз атынан арналған бес мың сом сыйы бар еді осы кісінің өзіне.

Н а з ы м *(қуанып кетіп)*. Ескендер, родной! *(Ескендердің шашын уқалап, басынан құшақтап, бетін сипайды.)* Жә, келіңіздер, той етеміз... мұны! *(Шкафқа ұмтылады, столға жемістер, тарелкалар қояды. Ішкілік шығады. Жайнап жылдам қозғалады. Сәт, Ескендер көмектесіп жүреді. Ербол кіреді.)*

Е р б о л. Уә, қуаныш қайырлы болсын... *(Үйдегінің бәрі қуана қарсы алады.)* Айтама ғой, осының иісін мұрным бағана-ақ шалып еді.

Бәрі де Ескендермен соғысып, көтерісіп жібереді.

Н а з ы м. Оның рас болса, ән салып жібер.

С ә т. Құттықтау айт, мынау Ескендерге.

Т ә н е к е. Айт, сілте барыңды. Өзінді өзім құттықтаймын, ерім, сілте.

Е р б о л *(түрегелін)*. Ал бақи! *(Ән шықпайды.)* Бәлі, қайда кетіп қалған... Ал бақи? Масқара-ау, бұл қайда жүр? *(Күлкі.)* Қап, қара жарыс болмаса, той дегенде бір тойпаңым болушы еді.

Н а з ы м. Шабытыңыз бітіп қалған ба, батыр-ау! Бағана?...

Е с к е н д е р. Еттің астында қалмасын.

Е р б о л. Ал бақи! *(Айтып кетеді.)*

Бакида, уа, дариға, жан-жананым,
Қызығына қуанам жақсы ағаның,
Тойға той ұласатын шағың қайда,
Мені қашан табасың, жан-жананым.

Куаныш, күлкі. Алғыс. Ішіседі. Ира жүгіріп келеді.
Куанышты “Кел, кел, Ира!” – деседі. Ира келеді.

Е р б о л (*Ираға қаран*).

Жас тілегім жолыңа, жан-жананым,
Жаудыр көз, жалын жүзді қалқа жаным,
Ә дегенде сен келдің аласұрып,
Өзің болшы өзге емес, жан-жананым.
(*Күлкі. Ира түрегеледі.*)

И р а. Жолдастар, достар! Мен бір жақсы жаңалық әкелдім топтарыңа. Әсіресе, тамаша Наз... қымбат Наз, саған әкелдім.

Е с к е н д е р. С э т. О не? Айт, айт жылдам, Ира!

И р а. Ол міне. (*Қағаз ашады.*) Оқы... Оқындар!.. (*Ашылған қағаз ұсынады. Оны Ескендер алады. Бір хатты Назға беріп.*) Мынау жай бір хат, бұ да саған, Наз. (*Наз алады.*)

Е с к е н д е р (*алып қаран*). Москвадағы Дәрігерлік ғылымдарының Жоғарғы кеңесінен жазылыпты. Назым Бердиева жолдастың Қарағанды шахтері Тәнеке Смайловты емдеген өзгеше ірі тәжірибесі туралы... Тас түсіп, бас сүйегі ойылып, миына зақым келген ауруды... Миға бірінші рет ірі батыл операция жасап, жазған еңбегін Жоғарғы кеңес дәрігерлік жүзінде ерекше ғылымдық табыс деп санайды. Жолдас Бердиеваның ғылыми кандидат болуға талап етіп жіберген еңбегі мен мына дәрігерлік тәжірибесін еске алып, Жоғарғы совет оған сырттан-ақ ғылыми кандидат атағын берді. Және академик Бурденконың ұсынысы бойынша, Бердиева жолдасты бұдан былай военно-полевая медицинаның докторлығына әзірлеуге Жоғарғы кеңес барлық жағдай жасауды қаулы етеді. Және бұдан әрі жолдас Бердиева военно-медицинский институттың айрықша тізіміне тіркелсін... тағы-тағы сондайлар. Қол қойған военно-полевая хирургия кабинетінің профессоры, армияның бірінші ранг врачы Рубанов!

Н а з ы м. Рубанов, Алексей Иванович, менің ұстазым еді! *(Жұрт шат, тегіс Наздың қолын алып жатады. Ира сүйіседі.)*

Е с к е н д е р. Қандай тамаша! Ал енді, Наз! Біреудің басына келген біреуге де келеді. Сәт те келгені мұндай жақсы болар ма? Жаңа сіз жақсы бастап едіңіз, бірақ құдай ақы, аяқтауын баяу аяқтадыңыз, танбаңыз. Солғын тынып еді. Мен болсам, қуанышымды өйтіп сылап-сипаумен тарқата алмаймын. *(Күлкі.)* Тура шаттанам да, шарт сүйемін. *(Кұшақтай алып сүйеді, Наз тартына қысылады.)*

И р а. Тек онша ұялтпай сүйіңіз... *(Күледі.)*

Е р б о л. Е, бәсе, шарт сүйсең де шақ сүй дейтін жан бар ма? Қап, туу, тақатым қалсашы. *(Тытырлап, айналып Ираны сүйіп алады.)*

И р а. Әй, Ербол... Менің жазығым не?

Е р б о л. Е, айналайын-ау, енді сиыр су ішкенде, бұзау мұз жаламасын ба? *(Күлкі.)*

Н а з ы м. Мен Ербол үшін, Ерболдың бүгінгі ерлігі үшін ішемін.

Т ә н е к е *(Сәтке)*. Әй, Сәт, бұ қалай? Атақ-абырой алғанда осы шелиіп, асып-тасып, әбігер боп қалмаушы ма ек? Мына екеуі құр ұялып, үндемеуге тырысады, бұлары несі?

Е р б о л. Атамаңыз, өзіміз болдық па, жаңағы жерде жалғыз Ескендер емес, осы отырған жұртты жағалай, кем қойса, үш-үштен сүйіп шығамыз, құдай ақын, Наз апа! *(Күлкі, шу.)*

Т ә н е к е. Бұлары нес, ә? *(Сәтке қарайды.)*

С ә т. Уа, немене сонда, мақтаныңдар дейміз бе? Кел көтер! *(Иуіседі.)* Бір ұябасар бүркіт алғыр қиядан үлкен ақшуланды қағып әкетіп, етекке әкеп баса қоныпты ғой. Сонда бала бүркіт қатар ұшып, қасына кеп отырып, шешесіне қарап, “апыр-ай, тым құрса бір қоразданып мақтансаңшы” депті. Сонда ана бүркіт айтыпты ғой: “Мақталмасам тегеуірінімдегі түлкі кете ме, мақтағанмен бұл екеу бола ма? Жақыным сен сүйсіндің, сол жетті ғой!” – деген екен. Сол сияқты осылардың өзі ақыл, бірің үшін бірің қуанып. Өз бағаңа өздерің мақтанбай, масатсымай, сабырлы болдың. Қысқасы, мына отырған сен екеуің, мына Ербол ерекше, Ербол үшеуің. Үшеуің де жақсы жаса,

бақытты бол. Ел-жұртыңның бағына жаса!.. Ал соңғы рет көтерелік! *(Көтеріседі, гудок.)* О-о, смена бітті! Қозғалу керек.

Д а у ы с т а р. Рас, рас! *(Бәрі қозғалады, Сэт, Тәнеке, Ер-бол қоштасып шыға береді.)*

Е с к е н д е р. Наз, міне, осы емес пе, менің оңаша өзім ғана боп құпия қиял ететінім.

Н а з ы м. Ескендер... *(Хатты оқиды.)*

Е с к е н д е р. Бақыт, шаттық барсашы жайнап, жарқырап бір-ақ тасып жеткендей ғой... Назым... Назымтайым! *(Жақындай береді.)*

Н а з ы м. Асықпаңыз... асықтырмаңызшы...

Е с к е н д е р. Асықпасқа тақатым жоқ... Қиялым өмір боп, шат шындық боп, өзің боп келмеді ме, оң қарап?

Н а з ы м. Шындық емес, қиял деңізші. Қиял жүзі жарқын да... Шындық жүзі сынық қой әлі!..

Е с к е н д е р. Тағы салқын... Тағы баяу сырға тарттыңыз ғой, Наз!...

Н а з ы м. Мен айттым... айттым ғой.

Е с к е н д е р. Балаңыз жайы... Рәш жайы ма?

Н а з ы м. Я, сол болсын... Өзі ғана болсын... Аз ба сол?

Е с к е н д е р. Түсінбесем сөкпеніз... Топастық болса, кешіріңіз, Наз. Бірақ осы тұста қайран қалам мен сізге...

Н а з ы м. Неліктен?

Е с к е н д е р. Бала... Бала тілеуін тілеп отырып қалатын, жесір боп, қаралы боп отырып қалатын ана баяғының анасы емес пе еді?

Н а з ы м. Ай-ай, Ескендер... Ұшқары емес пе екен осы сөзіңіз... Аналықтың қай заманда болсын аумайтын, айнымайтын мәңгі берік, мәңгі биік қасиетін ұмытқаныңыз ба?

Е с к е н д е р. Ұмытқам жоқ... Ол қасиетті мен де күттім, зор тұттым... Бірақ біздің қауымның баласына тәрбиеші, тірегі жалғыз өз анасы ғана ма? Ендеше, мен де бір сәт те жат дегізбейтін жанкүйер, жақыны болмас па ем... Әкесі, жан аямас әкесі болмас па ем?

Н а з ы м. Ол баланың өз әкесі бар... Ескендер...

Е с к е н д е р. Не дейсіз? Тірі ме еді ол... Бар ма еді?

Н а з ы м. Бар еді... Бірнеше жылдан бері хабарсыз едім... Жаңа міне... мынадай хат жазыпты... Оқып өтейінші түгел! *(Оқиды. Біраз үнсіз. Тыста Марияш, Қаден.)*

Қ а д е н. Оп-оңаша қалыпты екі бақыр. (*Курсінін.*) Шерменделер.

М а р и я ш. Түстері шын шерменде сияқты. Өй, әне қызы келеді. Рәш келеді... Қап!

Сахнаға Рәш жүгіріп шығады. Доппен ойнап, террас жанынан өз үйлеріне қарай жүгіріп өтіп бара жатады.

Қ а д е н. Кішкене бөгейікші мына баланы, сауап болсын. (*Лып етіп.*) Әй, Рәш, тоқташы, қалқам!...

Р ә ш. Ия, немене, жеңге? (*Қалт тоқтап, әдеппен бұрылады.*)

Қ а д е н. Қалқам Рәш, үйіңе асығамысың, мамаңды сағынғансың ғой. Ә?

Р ә ш (*күліп*). Оны неге сұрадыңыз?

Қ а д е н. Жоға деймін. Маманы кісі көп көрмесе сағынады ғой.

Р ә ш. Сіз мен туралы ғана емес, өзіңіз туралы да айтады екенсіз ғой, қандай қызық. (*Күледі.*)

Қ а д е н. Несі қызық, Рәш?

Р ә ш. Өзіңіз де анасыз, ал мамаңызды және ұмытпағанысыз. (*Күледі.*)

Қ а д е н. Бәлі, маманы айтасың, ол түгіл, кісі әкені және қандай керек етеді.

Р ә ш. Әкені ме? (*Ойланып қалады.*)

Қ а д е н. Түү, әке анадан да қымбат қой. Айтпақшы, осы сенің әкең бар ма, тірі ме, Рәш?

Р ә ш (*салқындап*). Әкем туралы мен сізге ешбір жауап айта алмаймын... (*Тез.*) Айтпаймын да...

Қ а д е н. Ойбай, кісіге бәрінен керегі әке ғой. Керек қой саған да... Ішін біледі ғой. (*Күледі.*) Солай емес пе, Рәш?

Р ә ш (*ыза боп, өзгеріп қап*). Фу, жеңге, сіз қандай едініз...

Қ а д е н (*күліп, Марияшты түртін*). Е, қандай екем?

М а р и я ш. Қой, көңіліне дақ салма...

Р ә ш. Ендеше, мен сізден әке сұрағам жоқ. Тіліңізге ие болыңыз. (*Үйіне жөнеле береді, тіпті солғын, жүдеу.*)

Н а з ы м. Мен институт бітірер кезде бұның оқуы аз еді... Сол жөнде де кезіге беруші ек... “Жоғарғы дәрежелі әскери оқуын бітірген едім... Қазір шекараға жүріп барам” депті. Өз

бөлімінің адресін айта алмапты... Бір жолдасының адресін беріпті... Жауап күтетін сияқты... Ия... Рәштің жайын сұрайды... *(Өз-өзіне.)* Әлдеқалай күн болар... Рәшім үшін... Ең алғашқы, жазықсыз махаббаттың өтіп бір кеткен үміт тағы үшін... кимас жүрек сағыныш ойлады... *(Үнсіз.)*

Е с к е н д е р. Әлде, Наз... бұл шақта, әзірше менің сөзім артық болар...

Н а з ы м. Тек ренжімеңіз, Ескендер.

Е с к е н д е р. Олай болса, өз ойыңызбен оңаша қалдырайын өзіңізді...

Н а з ы м. Сүйт... сөйтiңiзшi, Ескендер.

Рәш жүгіріп кіреді. “Мама! Мама!” – деп шешесін көре алғашқыдай қуана бастады. Ескендер Назбен қоштасып, жолшыбай “Рәш, милая Рәш!” деп қолынан сілкіп амандасып, шашынан сипайды да, қайта қоштасып жүріп кетеді. Рәш жүгіріп кеп, Наздың мойнынан құшақтайды. Екеуі күліп шат боп табысады. Наз біртүрлі ыстық жалынмен қуана құшақтаған сияқты.

Р ә ш. Мама! Мамочка, мен бәрін есіттім.

Н а з ы м. Нені, Рәш? *(Қысылып қалғандай.)*

Р ә ш. Нені? Әрине, сенің Москвадан алған хатыңды...

Қуанғаныңды есіттім.

Н а з ы м. Кімнен есіттің?

Р ә ш. Ира айтты... міне, енді! *(Мойнынан құшақтап сүйіп.)* Поздравляю, поздравляю, мамочка! Енді сен профессор боламысың?

Н а з ы м. Қой, Рәш... бос айтады Ира.

Р ә ш. Жок, жасырма. *(Күледі.)* Мама профессор!... Профессор мама! *(Күледі.)*

Н а з ы м. Жә, қой енді оны...

Р ә ш. Ия, рас! *(Басқа бір ойға түскендей өзгеріңкіреп, салқын.)* Мама, айтпақшы, тағы бір нәрсе сұрайын ба?

Н а з ы м. О не?

Р ә ш. Осы жаңағы кеткен дядя... Ескендер, жақсы кісі ғой, ә?

Н а з ы м. Рас, жақсы кісі.

Р ә ш. Ә, ол сенің жолдасын ба?

Н а з ы м *(тоқтап)*. Ну... жолдас!..

Р ә ш. Қандай жолдасын?

Н а з ы м. Қандай?.. Өзің жолдас дегенді қалай түсінесің?

Р ә ш. Мәселен, күйеуі мен әйелі... мама... о да жолдас емес пе?

Н а з ы м. Рәш! *(Күліп.)* Қалай ойлайсың, қызым! Осы сен өсти-өсти мылжың боп кетпес пе екенсің осы!

Екеуі де күледі, бірақ Рәш қайта салқын тартады.

Р ә ш. Мама, сен менімен мазақ етпей, шын сөйлесерсің деп ем.

Н а з ы м. Солай ма? Ал, сөйлесейін.

Р ә ш. Ендеше, күйеуі мен әйел жолдас па дейім?

Н а з ы м. Олар жолдас болуға тиіс. Жақсы жолдас болу керек.

Р ә ш. Ал, солай болса, дядя Ескендер саған қандай жолдас?

Н а з ы м *(ойланып)*. Сенің білгің келе ме, Рәш?

Р ә ш. Ия!

Н а з ы м *(құшақтап кушеткаға әкеп, көтеріп алдына алып, сүйіп)*. Жаным Рәш, Рәшім менің... Сен биыл 12-ге шығасың. Дәл сендей күнімде менің анам да жалғыз еді. Екеуіміз ғана едік. Бірақ ол менімен көп сөйлеспеуші еді.

Р ә ш. Сенің мамаң әділ болмаған екен.

Н а з ы м. Сен екеуіміз көп сырласамыз... Солай емес пе? Өйткені біз бір үйдің ішінде екеу-акпыз ғой. Сен сұрадың... мен сенен жасырмайын, жасыруға болмайтын жай бар... Жалғыз-ақ сен ренжімей, тыңдап шық... Және ойыңа келгенді түгелімен тұп-тура айтып шық маған, жарай ма?

Р ә ш. Ия, жарайды.

Н а з ы м. Сен менен дядя Ескендер жайын сұрадың... Мен саған айтпасам, жасырсам жарамайды. Біздің арамызда әзір сен сұрағандай жолдастық жоқ. Бірақ ол мені жақсы көреді. Оның маған күйеу болғысы келеді.

Р ә ш. Ал, сен ше? Мама... Сен, сенің тигің келе ме?

Н а з ы м. Мен сенің кішкентай күнінде сені аяп ешкімге тигенім жоқ. Бірақ мен әлі кәрі емеспін... Мен сол дядяға тиім десем, сен не дер едің? Жалғыз-ақ шыныңды айт.

Р ә ш. Мама, менің сенімен болғанда ешуақытта ішім пыспайды. Әлде сенің менімен ішің пыса ма?

Н а з ы м. Ол ғана емес, Рәш... Мен де, өзге күйеуі бар жандай достық, жолдастық тілесем қайтеді?... Не дейсің?

Рәш (өзгеріп, Наздың алдынан босанып түрегеліп). Мама, мен бұған қарсымын... Менің рұқсатым жоқ. Ол саған жақын болса да, маған бөтен... бөтен... Мама, жаным... тастама мені! *(Жылап жібереді.)*

Н а з ы м. Жаным, Рәш, тек жылама!

Рәш. Мен қорқамын... Мен жетім болам... Жетімдіктен қорқамын, мамочка! *(Жылайды.)*

Н а з ы м *(құшақтай алып, бауырына қысып сүйіп-сүйіп)*. Жаным, жаным, ендеше тоқта, жылама, тыныш бол... Сен жетім болмайсың. Бітті, болды... Сенің жазығың жоқ... Сенің ренжімеуің керек.

Рәш. Мама... Маматай, рас па?

Н а з ы м. Рас, жаным... тек сен жылама... Мен сенің мұндай көз жасыңа шыдамаймын...

Рәш. Жаным, мама... рақмет... Ал, бірақ неге қайғырдың, мама? Неге? Бұ не? Мама, жылайсың ғой?

Н а з ы м. Жоқ, жоқ... жай әшейін... Тек сенен бір нәрсе сұрайын, бұл сөзді бұдан былай сөйлемейік.

Рәш. Әлде, мама, мен сені ренжіттім бе? Теріс істедім бе? Бірақ мен шынымды айттым ғой...

Н а з ы м. Жаным, қой... тоқтат, керексіз сөз... Маман өмір бойы сенің қасыңда болады.

Рәш. Мама, ендеше тағы бір, соңғы ғана сұрауым бар...

Н а з ы м. Айт... айт, Рәшім... алтыным!

Рәш. Мама, менің папам, өз папам қайда осы? Өлген бе, бар ма?

Н а з ы м. Папаң өлген жоқ, бар...

Рәш. Оны маған неге айтпадың сен?

Н а з ы м. Мен сені аяп айтпаушы ем... бірақ айтпақ едім осы жылдар. Сен үлкейдің ғой, ақылды болдың ғой, енді айтамын.

Рәш. Өлмесе, бізді неге тастап кеткен?

Н а з ы м. Ол тастаған жоқ, екеуіміз ықтиярымызбен айрылғамыз.

Рәш. Неге айрылдындар?.. Кім кінәлі еді?

Н а з ы м. Кінә болғанда ешкімде де жаман, ауыр кінә жоқ еді. Ұрыстық та, айрылып кеттік. Ол да, мен де қыңырлық еттік. Болмаса ақылды болсақ, үлкенірек болсақ, айрылатын нәрсе жоқ еді.

Рәш. Ол қазір қайда? Менің барымды біле ме?

Н а з ы м. Сенің барыңды біледі... Сені жақсы да көретін. Бірақ қазір қайда екенін білмеймін. Бірнеше жыл болды хабарсыз кеттік.

Р ә ш. Мама, папам, менің папам... жақсы адам ба еді?

Н а з ы м. Жақсы адам еді, Рәшім.

Р ә ш. Солай ма? Ендеше, саған шынымды айтайын, маматай... Мен әкемнің түсін ұмытып қалсам да, сағынамын оны. Ол керек маған... Бар балада әке бар. Өз әкесі бар... Әкем керек... Мен сондай жақсы көрем... Іздеймін оны. Мамочка, жалынамын, өтінемін... Қайырып бер менің өз әкемді! *(Жылап жіберіп, тізесіне тұра қалып, екі қолын төсіне қояды, көз жасы тамшылап тұр.)*

Н а з ы м. Жаным... жаным... Рәшім менің. Мен сені қинаған екем... өзімнің орынсыз оңаша, өзімшіл тілегіммен қинаған екем сені, кешір мені...

Р ә ш. Әкем, туған әкем қайда?

Н а з ы м. Бұл сөзіңді, бұл зарыңды ұмытпаспын. Іздермін әкенді. Қарыз тұттым, жаным, тұңғыш тілегіңді. *(Қатты қысып сүйеді.)*

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ АКТ

Екінші сурет

Майдандағы армия. Төбеде шүйіліп жүрген самолеттердің мотор үні естіледі. Бірде жақындап, бірде алыстағандай. Жым-жырт сахнаның орта тұсында, алысырақ төрінде бір кішілеу шырша тұр. Сол жақ шетте кішкене көкшіл төмпешік бар. Шөмеле сияқты. Оң жақ шетте алысырақта аласалау ақ қайын. Бұлардың бәрі де зеңбіректердің маскировкасы. Сахнаның орта тұстары қалың көк шөп. Орылған шөп сияқты. Төрдегі шыршадан әрі солға таман бір түп үлкен қарағай. Сонын бұтағының арасында бір ғана командир жасырынып, бинокльмен қарап тұр. Ол – Малышев. Басы, бойын қарағай бұтағымен шырмап, қалкалап алған. Сахнаның ең бергі шеті батарея адамдарының паналау орны сияқты. Барлық осы жер зеңбірек дивизионының оң жақ флангасы. Сол жаққа қарай батареялар созылып кетіп жатқандай болуы керек.

М а л ы ш е в. Аспан соғысы да аяқталды. Самолеттер қайтысты. Қатты ұрыстың артынан өзеннің екі жағасы

да әзірше жым-жырт. Қыбыр еткен қимыл жоқ. Тек қана қаусаған танк, құлаған самолет, ойран болған транспорттың, жай транспорттың бықсып өртенген түтіні көрінеді... Біздің участоктегі соғыс уақытша саябыр тартты...

Ербол, Шаршен, тағы бірнеше лейтенанттар Нұрланның қасына жиылған. Бәрі де паналау орнында.

Н ұ р л а н. Жаудың екі күннен бері бізбен алысқан 27-ші танк дивизиясы бүгін қосымша күштер алып, қайта құралып шабуыл жасады. Мынау өзеннен өтпек еді. Танк дивизиясының командирі, фашист генерал Гольц осы өзенді алуға әлі де барын салмақ. Мотоколоннасы танктердің алдынан, 41-ші жаяу полкі артынан қозғалып еді. Біздің 341-ші жаяу полктің міндеті – қатарындағы өзге полктермен қанаттасып, ауыр танктер колоннасымен қатар қимылдап, жау дивизиясын жайрату болатын. Жаяу полкін жоқ қылу еді. Қазір болған соғыста ер летчик, командир Звездов...

Д а у ы с т а р. Звездов!

Н ұ р л а н. Звездов бастаған истребительдер эшелоны осы біздің участоктегі соғысқа қатысты. Бізбен бір міндетті атқарысып, генерал Гольцтің бомбардировщиктерін жоқ қылуға көмек, қайрат көрсетті. *(Ерболға қарап.)* Лейтенант Датов Ербол басқарған бірінші, екінші батарея, жаудың танк колонналары бері шығысымен мықтап тұрды. Өзенге жеткізбей тойтарды. *(Өзге командирлерге қарап.)* Лейтенант Смирнов басқарған төртінші батарея жау самолетін, зениткасын андыған еді. Жаудың зеңбірек оты шыққан жерлерін дәл тауып, соны таптады. Үшінші батарея шрапнель мен мотоколоннаны көп шығындатты. *(Шаршенге.)* Пулемет мотоколоннаны тосқын отпен, семсер окпен жапырды. Бүгінгі жау шабуылын тойтаруда біздің дивизионның ұжымдасқан оғы мен оты осындай қарекет етті. Түсінікті ме тегіс!..

Д а у ы с т а р. Түсінікті, жолдас майор!..

– Түсінікті, жолдас Нұр!

– Түсінікті, жолдас Нұр! Жолдас майор!

Н ұ р л а н. Есте болсын, алдыңғы күн, кешегі күн біз Гольц дивизиясын, фашист танктерін дәл байлап, бек ұруда бүгінгідей бола алмап ек. Бүгін ғана дәлдік, шапшандық таптық. Осы бүгінгі угломер, бүгінгі уровень, осы ныса-

налар ұмытылмасын, ескерілсін! Осы өлшеу жазуларды қайта қарап, қатты аңғарыңдар. Келер шабуылдың жауабы қапысыз болсын! *(Осыдан кейін жай кеңесіп кетіседі. Нұрлан барлық жолдастарына қарап.)* Жолдастар, Звездов, ер летчик Звездов қандай? Жау самолеттері бізге беттеген еді. Міндеті біздің оттарды жою, біздің оқтарды басу еді. Звездов жеткізбей араласты.

С к и б а *(сақшылықтан ауысып келген)*. Жолдас Нұр, жаудың бомбардировщигін дәл Звездов өзі, өз оғымен құлатты.

Е р б о л. Кешегі қимылы қалай?!

Ш а р ш е н. Соны айтсаңшы! Мен масқара боп өзі құлады ма деп ем. Аңғарсам, дәл бидайықтай төбесінен шаншылып, жаурынынан ұра бүріпті кеп фашисті. Аспанда лашын тепкен дуадақтай, тетігі тегереп кеп күрс берсе, қане бір фашист!

Н ұ р л а н *(посылкалар келген соң)*. Ал, енді міне, посылкаларыңды алыңдар. Мезгілімен жақсы кепті.

Ә с к е р. Жолдас командир, мынау сізге.

Н ұ р л а н *(қарап)*. Жок, бұл Бектасовқа емес, Бегешевке. Шаршен, саған! Сәлемдеме!

Ш а р ш е н. Сәлемет болсын... Әб-бәле!..

Н ұ р л а н. Шаршен, сен Қырғызстанның қай жерінде туғансың?

Ш а р ш е н. Талас... Таласта туғам, жолдас Нұр! *(Посылканы ашып жатады.)*

Н ұ р л а н. Ер Манастың Таласы ма? Шоң Таластың бойы ма?

Ш а р ш е н. Дәл өзі.

Жерібіз Кеңқол, кең Талас
Атабыз өткен Ер Манас, —

дейтін, деміне тоқош пісетін қызу қырғыз біз тұрбайбы, жолдас Нұр! *(Күлкі.)*

Е р б о л. А, а! “Ал бақи, а дегенде әнім салты” — деп өзін түп-тегіңнен ер екенсің ғой, Шаршен аға!

Ш а р ш е н. Е, фашисті ойрандағалы келмесем, ойнағалы келгем жок.

Е р б о л. Шынымды іркер жайым жоқ де!

Ш а р ш е н. Ал міні, алыңыздар! Жауды жаман атсам,
мынау дәм-аманаттан ұят та!

Н ұ р л а н. Ербол, мынау саған! Тоқта, сен Қарағандыдан
келіп пе ең?

Е р б о л. Содан келгем. *(Посылканы алып жатады.)*

Н ұ р л а н. Қарағанды!... Шахтер ма едің?

Е р б о л. Дәл өзімін, жолдас Нұр!

Н ұ р л а н. Забойщик пе ең?

Е р б о л. Навалотбойщик... бригадир ем.

Н ұ р л а н. Стахановшы едің ғой, солай ма?

Е р б о л. Десуші еді.

Ш а р ш е н. “Ал баки, а дегенде әнім салты!” – деп, Ер-
бол ботом-ай, шын жақсы өзің тұрбайсың бұ?

Н ұ р л а н. Қарағанды... *(Ойланады.)*

Е р б о л. Болған ба едіңіз?

Н ұ р л а н. Жай... Естігенім көп еді. *(Ойланып қалады.)*

Ш а р ш е н *(Ерболға)*. Бұ Қарағанды Қазақстанның қай
жері деп аталады?

Е р б о л. Сарыарқа делінеді... Есіткенің бар ма?

Ш а р ш е н. Ұққаным бар еле...

Сарыарқаны жайлаған,
Келістіріп кермеге
Кер төбелді байлаған... –

деп біздің ыршылар ырдаушы еді!...

Е р б о л. Бұ да Манаста бар ма, Шаршен аға!

Ш а р ш е н. Манаста бар, әбден...

Е р б о л. Япыр-ай Манас не деген ен жойқын еді...
Мұндай дауласкер әнгіме естіп көрсемші. Кәне, Шаршен
аға, шерт тағы... аяғын, айтшы шоң шабуылдың. Өзі осы
күндер сондай бір керек асыл екен... *(Екеуі бөліне береді.
Осы кезде сахнаға Звездов шығады. Нұрланға қарай қуанып,
ұмтыла басады.)*

З в е з д о в. Нұр! Қымбат досым!

Н ұ р л а н. Звездов! Саша! Сашенька! *(Екеуі сүйіседі.)*
Алғыс... мен саған айтам бір дивизион атынан.

З в е з д о в. Ну-ну... ну! Ол емес, мен үш күннен бергі
ер қимыл, дәл оқтарың үшін ең әуелі сенің өзіңе қуаныш
білдірем. Екінші, бүгін маған көмек еткен, айта берсең, мені

құтқарған екі кісіге айрықша алғыс айтқалы келдім. Мино-метпен жау зениткасын жойған кім?

Н ұ р л а н. Смирнов, мына төртінші батареяның старший лейтенанты Смирнов.

З в е з д о в (*Смирновтың қолын сілкіп*). Мен алғашқы самолетті қуып, зенитканың қайшы оғына оқыс барып қап ем. Мезгілімен өшірдіңіз. Рақмет. Екінші, соңғы самолетті түсірген пулеметчик кім?

Н ұ р л а н. Ал, ол міне, Бегешев Шаршен... Бір өшіреті бос кетпеді.

З в е з д о в. Білесіз бе! Байқадыңыз ғой, осы самолет, мен анамен алысып жүргенде, сонымнан қатты қадалып келіп қап еді. Жақсы қақтыңыз... Мені ажалдан да сіз қақтыңыз. (*Сүйіседі.*)

Ш а р ш е н (*Ерболға*). Ақ келте! Ошондой тұрбайбы ақ келте! Мен өзімнің ақ келтеме ырза болдым ендеше. (*Екеуі бірыңғай сөйлеседі.*)

З в е з д о в (*Нұрланға*). Білдің бе, Нұр, дивизия командованиесі сенің дивизионыңның үш күннен бергі қайратына, әсіресе сенің сенімді, қатесіз командаң сондай ырза. Генерал Потапенко сені қазір аузынан тастамай отыр. (*Нұрланды қолтықтап алып оңашалау басып.*) Онан соң, Нұр... тағы бір жаңалығым бар.

Н ұ р л а н. Кәне, айтшы...

З в е з д о в. Үйден, үйімнен, әйелімнен хат алдым. Соншалық қымбат, сағынышты сый!..

Н ұ р л а н. Жақсы... Жақсы екен, түсінемін, Саша!

З в е з д о в. Тоқта, әйелім өз хатының ішіне саған арналған мына бір хатты салып жіберіпті. Хат алмағаныңа көп болып па еді?

Н ұ р л а н. Маған жолдастардан хат бар. Ал үй, әйел... менде жоқ қой. Алар-ақ ем, қуанып алар ем осы күндерде... Бірақ жоқ қой!... (*Хатты ашып қарап.*) Тоқта, мынау менің әйелімнен... Айрылысып кеткен әйелімнен... Қызымнан сәлем. Сағынышты сәлем! Баламнан, қызымнан! Мен де соншалық ойлаушы ем, сағынушы ем өзін.

З в е з д о в. Тоқта, Нұр, бұ қалай? Қалай кеп шықты?

Н ұ р л а н. Соғыс алдында шекараға жүрерде бір хат жазып ем... Сіздің үйдің адресін беріп ем... Көп-көп жылдан бері алып отырған жалғыз хатым...

З в е з д о в. Оқы... Оқысаңшы ендеше.

Н ұ р л а н (*асығып оқып*). Майданға... ол да майданға кел-мек. Доктор... Жүрерде жазған. О-о, көрісер ме екем? Таба алар ма ем! Қайдан, қалай іздесем екен, Саша?!

З в е з д о в. Жаз ендеше, тез телеграмма соғайық біздің үйге... Адресін, майдандағы адресін жазған болар ендігі!

Н ұ р л а н. Солай, Сашенька! Рас, дұрыс. (*Жазбақ болады. Сол кезде адъютант келеді, хабар береді. Нұрлан тез команда береді.*)

Команда, қатарлан!

Жұрт тез қатарланады.

Ш а р ш е н. Ербол, қатарға!

Е р б о л (*атқып кеп тұра қалып*). О не?

Ш а р ш е н. Генерал... Біздің дивизияның генералы келеді.

Д а у ы с т а р. Генерал-лейтенант... Дивизия командирі... генерал Потапенко!..

Аздан соң генерал Потапенко шығады. Қасында кейінірек Звездов, Нұрлан және штаб адамдары.

П о т а п е н к о. Амансыздар ма, жауынгерлер, командирлер!

Д а у ы с т а р. Амансыз ба, жолдас генерал-лейтенант!

П о т а п е н к о. Үш күннен бергі қатты соғыста 141-ші зеңбірек дивизиясы көрсеткен ерлік-қайрат үшін командование атынан барлық жауынгерлерге, барлық командирлерге, политруктерге алғыс айтам! Дивизия командованиеінің айрықша атап, приказбен алғыс жариялайтын кісілері: бірінші, батареяның отын дәлдікпен, тапқырлықпен тура есеппен жақсы жұмсап, қатесіз басқарғаны үшін дивизион командирі майор Бектасов Нұрланға алғыс жарияланады. Екінші, сақшылық ісін жақсы басқарған командир-лейтенант Малышевқа! Үшінші, жау танктерін дәл байлап, көп жайратқаны үшін бірінші батареяның старший лейтенанты Датов Ерболға! Төртінші, пулемет отын қатесіз, шапшаң басқарған сержант Бегешев Шаршенге! Бесінші, зеңбіректің нысанасын дәл ұстағаны үшін, бірінші зеңбірек командирі

кіші лейтенант Скибаға алғыс жарияланады. *(Нұрлан аты аталғандарға белгі етеді. Олар ілгері шығады. Потапенко бәрінің қолдарын алады. Аздан соң еркін әңгімелесіп, жаңағы адамдардың пішіндеріне қарап алып.)* Бегешев, сіз қай жерден едіңіз?

Ш а р ш е н. Мен Қырғыздың Алатауынан едім, жолдас генерал-лейтенант!

Е р б о л. Мен Қазақстанның сахарасынан едім, жолдас генерал-лейтенант!

П о т а п е н к о *(Скибаға)*. Сіз ше?

С к и б а. Мен Белоруссиядан, Борисовтан едім, жолдас генерал-лейтенант!

П о т а п е н к о. Дұрыс! *(Нұрланға.)* Сіз ше?

Н ұ р л а н. Мен Батыс Сибирьден, Омск округінен келдім, жолдас Потапенко.

П о т а п е н к о. Дұрыс, дұрыс. Біріңіз орыс, біріңіз белорус, біріңіз қырғыз және бірлеріңіз қазақ... Ал менің туысым украин. Өскен жерім Батыс Сибирь еді. Совет зеңбірегінің айналасында, Отан туының қаһармандық намысының жолында, біздің бәріміз бірігіппіз. Білектер біріккенде, жүректер шын табысып туысқан... Қандай бірлік! Сіздер ол уақытта жасырақсыздар. Бірақ менің есімде, ұмытылған жоқ. Жас бала күнімде патшалық үкіметі біздің әке-шешемізді, барлық қаласымен аз жердің өзінен қуып, Украинадан Батыс Сибирьге айдап салып еді. Сонда көршілес қазақ ауылдары мен біздің крестьяндар арасында жалғыз-ақ десятина шалғын үшін төбелес боп, екі жақтан кісі өліп, көп жан жараланып еді. Менің әкем сонда қаза тапты. Кішкентай поселка, азғантай ауыл алақандай жер үшін бір-біріне жат болып, жау болып, асыл қандарын арман емес, болымсызға, тырнақтай татымсызға төгіп еді. Сол аталардың нәсілдері біз... Аз дүние үшін алысамыз ба? Білесің, бәрін түсінесің. Күнгірт күнге көнерміз бе біз? Жарқын күннің игі нұрын қаптал құшқан халықтарымыз: “Қара түн қайтпақ емес, қайта батыр қарасын” — деп аттандырды бізді. Біздің бірлік барлық халықтарымыздың айнымас достығынан туған. Арысы, асыл нұрлы күнімізден туған... Берісі, осы майданда ер ұлдардың ақ өлімі, адал қанымен суарылып, сонымен қайнасып нығайған. *(Тоқтап.)* Қазір біздің қарсымызда шендесіп тұрған жаудың ерекше тасыр, омырау бір дивизи-

зиясы бар. Фашист генерал Гольц бастаған танк дивизиясы, Гитлердің имперский дивизиясы деп аталады. Талабы зор. Осы фронттағы шабуылдарының ең мықты деген ұрынғыш тобы сол. Ол әлі де омырау жасап келеді. Қатты қимыл жасайды. Біздің міндет – сол шабуылқұмар жандарды бар штабымен тұтқын ету. Міне, осы жолда бірнешең емес, бәрінің де өзгеше боп өктеп шығуыңды күтемін. Бәріңе де биік қасиет, үлкен бақ тілеймін! Берік болындар, достар! *(Жүре береді.)* Майор Бектасов, майор Звездов, сіздер менімен жүріңіздер! Бөлімдеріңіз жаңадан, төтенше міндет алады. Қош болындар, жолдастар!

Д а у ы с т а р. Қош, жолдас генерал-лейтенант!

Е р б о л *(Шаршеннің қолын сілкіп)*. Ерлігің қайырлы болсын, қыран ағам Шаршен!

Ш а р ш е н. Ерлігің еліңді қуантсын, Ербол ботом!

Е р б о л. Уау, осы бірдеме шығады... Бірдеме болуымыз керек осы біздің!...

Ш а р ш е н.

Жауды сайсак, біз сайдық.

Ертегі өткен Манастын

Қай жерінен кем сайдық, Ербол ботом!

М а л ы ш е в. Жау жағында қимыл басталды! Қайта шабуылға әзірленді!

П о л и т р у к *(Нұрланның орнына тұра қалып, команда берді)*. Дивизион, соғысқа! *(Осы команда айтылысымен сахна қатты өзгереді.)*

Шырша, қайың орындарынан қозғалып, зеңбірек, пулемет көрінеді...

Бар қарулар қасында өзді-өзі номерлері шапшаң қимылдар жасайды. Әзірлік.

Е р б о л. Батарея, соғысқа! *(Сыртқа командалар кетіп жатады.)*

С ы р т т а ғ ы к о м а н д а. Взвод, соғысқа!

С к и б а. Бірінші зеңбірек, соғысқа!

Ш а р ш е н. Пулемет, соғысқа!

М а л ы ш е в. Мотоколонна!.. Танктер шықты!

П о л и т р у к. Орындарыңа!

Жұрт тез-тез орындарына барысады. Бірнеше командир шығып кетеді, орындарына кетіседі. Политрук та, Ербол да бинокльге қарасып тұр. Политрук команда береді. Аджютант сол команданы телефонмен ақырын қайтарған сияқты. Ербол телефонмен тындап алып, “да” дейді. Политрук команда береді.

Бірінші батарея, екі зеңбіректен бір-бір октан ал да, оңға таман, шолақ терек тұсына тура төсеп, алыс атар, брон бұзар гранатпен алдыңғы танкіні бетке ал!

Е р б о л (*жаңағы ретпен тыңдап алып, Скибаға*). Токта! Алғашқы оқты мен өзім атып берем! (*Бірінші зеңбірекке жетіп кеп, дәлдеп алып, команда береді.*) Бірінші зеңбіректен тура төсеп, фашистің алдыңғы, оң жақтағы бірінші танкісін байла!... Нысана 1400, огонь! (*Қолын төмен түсіреді, бірінші зеңбірек атылады.*)

Қарағайдағы сакшы даусы келеді.

М а л ы ш е в. Бірінші танк жайрады!

П о л и т р у к (*команда ретінде*). Нысана дұрыс!

Е р б о л (*Скибаға Малышев командасынан соң*). Жаз!.. Өлшеулерді зеңбіректің қалқанына жазып ал. (*Скиба шапшаң жазып жатады. Ербол екінші зеңбірекке кеп.*) Тағы өзім айтам! (*Тез өлшеп болып.*) Екінші зеңбіректен тура төсеп, фашистің алдағы, бергі танкісін байла!..

Нысана 1350!.. Огонь!

Қолын төмен түсіреді. Екінші зеңбірек атылады. Сакшы даусы.

М а л ы ш е в. Фашистің екінші танкісі жайрады!

П о л и т р у к. Нысана дұрыс!

Ербол тез зеңбірек қалқанына өлшеуді жазады.

М а л ы ш е в. Жаудың мотоколоннасы беттеді.

П о л и т р у к. Пулемет, мотоколоннаның алдыңғы қатарына тосқын от төк!

Ш а р ш е н (*көзден*). Тосқын отпен фашист колоннасына, нысана 1200! Огонь!...

Пулемет бір минуттай өчіред береді.

М а л ы ш е в. Нысана дұрыс. *(Аздан соң.)* Жаудың алдыңғы танктері ұйлықты... Жүрмей қалды. Арты тірелді, іркілді!

П о л и т р у к. Дивизион, тоқта!

Командир кетеді, атыс тоқталады. Соғыс болып жатқан жақтан Нұрлан шығады. Алыста қатты атыстың сарыны бар. Нұрлан команда орнына әрең келгендей. Оған оқ тиген.

П о л и т р у к *(қарсы ұмтылып)*. Жолдас Нұр, сіз жаралысыз ғой! *(Адьютант кейін ұмтылып, біреуді шақырады.)*

Н ұ р л а н. Ақырын, оқа емес!

Ира жүгіріп келеді.

И р а. Бері, бері шығыңыз. Шешініңіз, жолдас командир! *(Нұрланды көтеріп алмақ болады.)*

Н ұ р л а н. Жоқ... аяғым... Аяғым ғана! Денем сау... Таңыңыз.

И р а. Сіз ауыр жаралысыз. Қан көп кетіп жатыр. *(Тез шешіп, таңуға кірісіп жатады.)*

П о л и т р у к. Жолдас Нұр! Сіз әлсірейсіз ғой?

Н ұ р л а н *(қатты)*. Дивизион тағдыры шешіледі қазір! Әлсіремеймін. Мықтымын! Ең алдыңғы қатарға жетіп, барлық қажет деректерді алып келдім. Жасырын жерлерін білдім. Өлшеулер... мөлшерлер қолымда. *(Ауырсынып.)* Қазір... тұра тұр... Қазір! *(Перевязка бітеді. Нұрлан жолдастарына.)* Бар шабуыл бізді көздеп келеді. Біздің танктер, колонналар жібермей алысып жатыр. Әзір болындар. Зенбіректері бізді көздер. Танктері бізге беттеген. Самолеттері де бізді жоюды мұрат етер... Әзір бол! *(Таңу бітеді.)*

И р а. Мен тастамаймын сізді... Қасыңыздан кетпеймін. Қиын ауыр...

Н ұ р л а н. Тоқтаңыз! Болды... Рақмет, болды!

Е р б о л *(өзіне жақындаған Ираға)*. Ира, алтыным!

И р а. Ербол! Сүйікті Ербол!

Е р б о л. Қайдасың, Ира, досым!

И р а. Қасындамын... Әрдайым қасындамын... Аман бол, сау бол, Ербол.

Е р б о л. Наз қайда? Бар ма?

И р а. Бар... Наз осында.

Н ұ р л а н (*нысанадан аз босан*). Наз? О кім?

И р а. Ол — доктор.

Н ұ р л а н. О-о. Наз! Қайда, қай жерде?

М а л ы ш е в. Жау танктері қаптай бастады. Алдыңғы соғысып жатқан танктеріне көмекке тоғайдан тағы қалың лек шықты.

Н ұ р л а н (*тез орын алып, өлшеп, қатты команда береді*). Дивизион! Бірінші, екінші батарея, бар зеңбіректерден, сегіз снарядтан алыс ұрар, брон бұзар гранатпен тоғай алқымын тосып, алдыңғы танктерді байлап, залппен, әзірлен! Үшінші батарея, бар зеңбіректен шрапнельмен он снарядтан беглй, әзірлен! Төртінші батарея... тында... төртінші батарея, бар минометтен жау зеңбіректеріне үш қайыңның түбін байлап, он бес снарядтан залппен, әзірлен! Пулемет, үш қайыңның түбіне тосқын оққа әзірлен! Дивизион! Огонь!

Ербол команданы батареяға береді, “огонь” деп қолын төмен сілкеді. Пытырлаған оқтар. Аздан соң саябырлап тоқтайды. Тағы команда.

Төртінші батарея, бар минометтен тағы сол нысанамен он снарядтан беглй, огонь!

Алысыракта минометтер атылады.

М а л ы ш е в. Жау зеңбіректері саябырлады. Аман қалғаны бізді атқылап жатыр.

Үсті-үстіне шрапнель келіп жарылады.
Сахнадағы бірнеше адам жығылады.

И р а (*Ерболға қаран*). Ербол, досым!

Е р б о л. Ира... бауырым... қарындасым!

Нұрланға тағы оқ тиеді. Ира ұмтылады.

И р а. Тоқтаңыз, шығыңыз енді, жолдас Нұр!

Н ұ р л а н. Қолым! Қолым ғана... шықпаймын!

Тағы шрапнель жарылады. Политрук жығылады.
Санитар алып кетеді.

Н ұ р л а н (*команда береді*). Бірінші, екінші батарея, бар зеңбіректен, ондағы үлкен шырыш түбіндегі жау зениткасын байлап, он снарядтан брон бұзар гранатпен! Төртінші батарея, үш қайыңның түбін байлап, бар минометтен тағы залппен он снарядтан... Сол нысанамен! Огонь! (*Атылады.*)

М а л ы ш е в. Жау зеңбіректерінің оты азайды... Бір-ақ зеңбірек қалды... Танктер іркілді.

Тағы да снаряд. Нұрланға үшінші рет оқ тиеді. Денеден тиген.
Ира ұмтылып құшақтайды.

Н ұ р л а н. Жоқ... Жоқ... әлі... әлі. (*Команда.*) Төртінші батарея, бар зеңбіректен, бес снарядтан үш қайыңның түбін байлап, залппен... фашистің соңғы зеңбірегін байлап! (*Өзі әлсірейді, күшін қайта жиып.*) Отан үшін, партия үшін, огонь! (*Атылады.*)

М а л ы ш е в. Ойран болды... Басылды жау зеңбірегі, танктер тоқтады, қалғаны қашты.

Н ұ р л а н. Сандаласың, ала алмайсың... Арам болар! Датов, ал команданы! (*Әлсіреп құлайды.*)

И р а. Асыл Нұр, сүйікті Нұр! Бауырым! (*Құшақтап алып, көтеріп алып кетеді.*)

М а л ы ш е в. Жау самолеттері. Бомбардировщик, истребитель эскадрилиясы... бізге беттеді.

Е р б о л (*команда*). Дивизион, бар батарея, маскировка!.. Шапшаң маскировка!

Команда кете береді. Сахнада шапшаң қозғалыстар, бар қару тез маскировкаға жатады... Адамдар да сырттарын өсімдіктермен бүркеп алып, тапжылмай тына қалады.

М а л ы ш е в. Біздің истребительдер қарсы шықты. Айқасты. Жаудың екі бомбардировщигі бізге қарай тақауда.

Снарядтар жарылады.

Тіттініп жүр, іздеп жүргені біздің батарея! Такады... төмендеді... шүйді!

Снаряд.

Е р б о л (*команда*). Төртінші батарея, төртінші минометтен жақын бомбардировщикке он снаряд. Огонь!

Алыста миномет атқылайды.

М а л ы ш е в. От шыққан жерді іздеп жүр... Тақап жүр. Біздің батареялардың үстінен өтті, әлі тапқан жоқ!...

Е р б о л. Төртінші миномет... Маскировка!

Снаряд үндері.

М а л ы ш е в. Тастады бомбасын, тастап барады... Дивизионды таптым деді. Жалған маскировканы бомбалап барады!..

Е р б о л. Қырған екен ендеше! (*Телефонмен.*) Төртінші батарея, төртінші батарея! Қай жерден түсті? Ар жағымыздан? Зенбіректерің аман ба? Бір миномет шығын? Төртінші ғой. Содан әрі жаңылып, даланы атқылап кетті ғой! Солай!.. Шаң қусын!.. Жойдым деп ойласын.

М а л ы ш е в. Тағы үш бомбардировщик қосылды... Бәрі де сол бір араны ұрып жүр. Жалған маскировкалар аспанға ұшып, талқан боп жатыр.

Е р б о л. Ұрсын... көміп қойған алтыны бар ғой... қазып алсын сол жерден.

Ш а р ш е н. Көрін де қазып алсын сол жерден!

М а л ы ш е в. Командир Датовтың айламен берген шебер командасы жаудың бомбаларын дивизионнан аулақ әкетті. Жалған маскировкаға түсірді. Жау сол арадан жаңа шабуылға жол әзірлеп жүр.

Е р б о л. Әзірлесін. Бізді құртып, жойып болдық десін... Қаптасын әзірлеген жерінен... Нұрлан кегі сонда шығар алдынан.

М а л ы ш е в. Біздің самолеттер келеді... Жау бомбардировщиктерін бетке алды... Араласты!

Ш а р ш е н. Айқасты Звездов, шүйді! Тепті. Кетті бір самолет!

Алыстан ағып, жанып түскен самолет елесі.

С к и б а. Тағы... тағы пулеметпен ұшырды. Көк қаршыға!

Ш а р ш е н. Қабылан ерім, Звездов... Шұмқарым!
Е р б о л. Көктұйғын. Көкжендет! Есіл ер! Үшіншісін,
үшіншісін бетке алды.

Ш а р ш е н. Өзіне, өзіне де барлығы оқталды-ау!
Шабуылға айналды-ау... А-а, біздің өзге екі-үш самолет
көмекке, көмекке салды.

Е р б о л. Япыр-ай, жабыла бастады-ау!

Осы кезде аспанға қараған бойда Назым жүгіре шығады.
Қасында бір санитар.

Е р б о л (*жалт қаран*). Жасырын... қозғалма! (*Қаран,
танып.*) Наз, апатайым Наз!...

Н а з ы м. Ербол, бауырым... (*Қасына жетіп кеп сүйіп
алады.*) Аманбысың, саумысың, бауырым?...

Е р б о л. Өзім аманмын... Бірақ не керек, несін айтайын,
Наз апа... Жаңа командиріміз, сондай есіл ер командиріміз
қатты жаралы боп кетті.

Н а з ы м. Ол қайда? Қайда жатыр?

Е р б о л. Ира, Ира алып кетті жаңа...

Н а з ы м. Қап! Асығыс көмек керек болса, осында берер
ме ек! Мен мына самолеттегі, мынау ерге көмегім керек бол-
са, жақын тұрайын деп осында жеттім.

Е р б о л (*аспанға қаран*). Наз апа, ол ер... Нағыз ер...
Звездов қой ол. Әне ұшырды...

Ш а р ш е н. Тағы ұшырды, қан құстырды фашиске!

Алыста ағып жанып түскен үшінші самолет байқалады.

Әттеген-ай... Өзін, өзін көздеді-ау анау шұм.

Е р б о л. Япыр-ай... жазым болды-ау!

Н а з ы м. Есіл ер-ай, жанды ғой самолеті, құлады ма?

Е р б о л. Жанса да жауды тағы құлатты... Соңғы оғымен
ұшырды.

Ш а р ш е н. Әй, бірақ өз оты басылмады-ау... Маскара,
құлай бастады.

С к и б а. Құлаған жоқ. Сонда да штурвалын ұстап келеді.
Жанды... жанып барады.

Н а з ы м. Жерге жетсе екен... Бізге қарай тартты. Осы-
лай... Осылай жетіп қоншы, ия, сәт!..

Осы кезде жанған самолет елесі сахнаның бір жағынан, биіктен екінші жағына түтіндетіп, жанып кеп қонғандай болады.

Н а з ы м (*санитарына*). Жүр! (*Ұмтыла береді.*)

Е р б о л. Наз, алдың жауып тұрған оқ, сақ болшы!

Н а з ы м. Бәрібір, кош...

Е р б о л. Бұқ, бұғып баршы тым құрса...

Н а з ы м. Өліміне ара түссем, арманым жоқ, жүр!
(*Жөнеледі.*)

Е р б о л. Жауып тұрған отқа кетті-ау. Скиба, жібер, қос үш кісіні! Шапшаң! Қайран Наз, ұмытпаспын! Япыр-ай, бір кісісі құлады. Өзі аман, аман кетіп барады. (*Жым-жырт, аздан соң.*) Жетті, ашты есігін.

С к и б а. Кабинаға өрт жеткен.

Ш а р ш е н. Ай, өлген ғой. Өртеніп отырып, өз жеріне жетіп қонған, қайран ер!

Тым-тырыс.

Е р б о л (*телефонда*). Мен! Дивизион командирінің орнындағы лейтенант Датов. Жолдас генерал-лейтенант... Адам шығыны бар... Жаудың зениткасы мен зеңбірек батареясын өшіруімізге себеп болғаны командир майор Бектасовтың дәл командасы. Өзі алдыңғы қатарға барып жатып, бар есепті дәлдеп әкеліп... Өзіне үш рет оқ тигенше команданы тастамай, жау оттарын тегіс бастырды. Қазір санчасть алып кетті. Звездов не халде, мәлім емес. Доктор Бердиева от арасымен барып, кабинадан алып шығып, пунктке өзі алып кетті. (*Тыңдап алып.*) Рас, жау бомбардировщиктерінің қаптағаны біз едік. Құртпағы біздің дивизион еді... Бірақ қазір де біздің бір минометтен басқа барлық зеңбірегіміз аман, жолдас генерал-лейтенант! Жалған от пен жалған маскировкаға қарай бұрып жібердік... Кімнің басшылығы, кімнің командасы дейсіз бе? Уақытша командир мен едім... Рақмет, жолдас генерал-лейтенант... Дивизион командалары жеткілікті. Дивизион барлық құралдарымен тосқауылға әзір, жолдас генерал-лейтенант!..

М а л ы ш е в. Жау тоғайға қайта кірді... Бар күші жиын кірді... Бері басқан белгі жоқ. Әзірше жым-жырт.

Е р б о л. Командирлер, жиылыңдар, келіндер маған!
(Қасына Скиба, Шаршен, тағы бірнеше командирлер келеді.)
Генерал Гольц қалған күшінің баршасын тығыз жиып,
қайта құрап, қатты ұмтылу камында. Тімініп, түртініп жүр.
Жаңағы самолеттері килігерлік жол әзірлеп кетті. Осы учас-
токтен біздің шепті бұзып өтпек. Шабуылға әзірлік жасап,
біздің дивизионды құртып, басып тастауды мақсат еткен.

Ш а р ш е н. Жаңағы бір топ құзғынның соққылап
жүргені сол ғой.

Е р б о л. Дұрыс... Сол... Біз әдейі көп үн қатпай, бұғып
қалдық. Бұл жердегі дивизион жайраған, ойран болып
біткен деп ойласын... Келсін... Кімнің үстінен келсе, соның
бағы. Гитлердің имперский дивизиясының барлық күшін,
бар штабын, әсіресе, әттең, генерал Гольцтің өзін шұғыл
шабуылмен жаныштай ұрып, тұтқын қып алған топтың бағы
емей немене! Хал осы, түсінікті ме?

Д а у ы с т а р. Түсінікті, жолдас командир!

— Түсінікті, жолдас Датов!

Е р б о л. Ендеше, орындарына барып, маскировканы
жақсы етіп отырындар. Командирлер! Көптен бері ұйқы жоқ
қой, кезектеріңді мықты қып қойып, 40 минуттан мызғып
алындар... Орындарына!.. (Шаршенге.) Жаңағы соңғы бір
лық берген толқынын сенің оғың қайырды, Шаршен аға.

Ш а р ш е н. Мен ақ келтеге... ақ келтеге сенем ғой,
нысанаға жеткенде алдынан жер жыртқандай дәл түсіп,
жарты қадам бастырмады ғой ақ келте!

С к и б а (бұлардың қасында қалған). Ақ келте, Бегешев,
ақ келте деп неге айтасың сен?

Ш а р ш е н. Ақ келтенің мәні бар, бірақ бәрін айтсам
алты ай керек.

С к и б а. Алты ай? Онда екеуміз әңгімелесіп отырғанда
соғыс та бітіп қалады ғой.

Ш а р ш е н. Солай, сөйтіп, қысқасын айтайын... Ақ кел-
те — Манас батырдың мылтығының аты. Ақ келте мылтығы,
ақ олпоқ сауыты. Мылтығы осы сенің бірінші зеңбірегіңдей
болуы керек... Ал, менің пулеметім кімнен кем? Сүйсінгенде
мұны да ақ келте деймін.

Е р б о л (ұйқы жеңгендей алға қарайды). Титтей белгі
жоқ. Бұл кашаған генерал, сырқынды сайқал көп күттірер
ме екен тағы да?!

С к и б а. Шарпысқалы үш күн болды. Ендігі адымы баяулады ғой.

Ш а р ш е н. Тұйғын келіп шалғанда, қоянның адымы қандай бүрісуші еді, баурынан шыға алмай... солай ма?

Е р б о л. Токта, Шаршен аға! Екі көзі қанталаған қомағай қасқыр шұғылдан тап келген шағында бар пәрменімен қарсы шапшып қауып та түсетін...

Пауза.

Көрінбейді. Қарағай жым-жырт... Бүйте берсе, ұйқы да басар.

С к и б а. Айтпақшы, жолдас командир... Ербол, сіз ұйықтамағалы тура міне екі жарым сутке болды. Мызғып алыңыз.

Ш а р ш е н. Рас... Дер кезінде нысанадан жаңыласың! Көзің бұлдырайды... Мызғып ал...

Е р б о л. Скиба, сен тұр ендеше ... Дәл 35 минуттен кейін оятындар.

Бері келіп, бір кішкене түп ағаштың бауырындағы аласа таска отырады да, қалғып кетеді. Ұйқыда. Сахнада көкшіл мұнар. Арғы жақтағы көріністің бәрін сол мұнар басады. Ерболдың қасында Ленин тұр.

Л е н и н. Сен ұйықтап отырмысың, Ербол?

Е р б о л (*сасып қан*). Жолдас... Ильич аға...

Л е н и н. Оқа емес... Тынықпай бола ма екен? А-а, сендер мынау үш күндей жаман қимыл еткен жоқсындар... Қатты қайрат етіндер.

Е р б о л. Тек тиянағы... тап жығары жақсы болса екен.

Л е н и н. А, соны айт. Соған әзір болындар... Бар күшті жиып, бір-ақ ырғу бар... Сол ырғығанда ажалдай соғып, бүріп түсу шарт. Сіз жымда жатқан ызалы, алып жолбарыстың, анау өздеріңнің Балқашыңның қалың қамысында жататын жолбарыстың қалай шапшитынын естіп пе едіңіз?

Е р б о л. Дәл, дәл бала күнімде Балқаш жағасында жолбарыстың бір-ақ шапшып бір түйені... үлкен жардай бір сары атанды бүктеп түскенін естіп ем.

Л е н и н. А, мұндағы мысал түйе емес. Түйе ол үлкен де болса, момын... Мұндағы ол емес, қабан дейік. Қырыс, қасқой қабан болса, көп еңбекпен егін егіп, сол егінің

жайқалып өсіп қалғанда, залалды аузымен жақсылық жерін дал-дал айырып кеткен қабан болса... сол қабанды жымнан шыға бергенде, ер мергеннің ызалы оғы жұлып түссе, қандай сүйсінер ең... Ендігі сендердің зеңбіректерің де елжұртынды сондай сүйсіндірсе...

Е р б о л. Ендеше, бұл қабан аман кетпес-ау!

Л е н и н. Бірақ ол оңай емес. Жығыла беріп жарып кететіні де болады.

Е р б о л. Бірақ біз құртпаймыз ба? Жайратамыз, жеңеміз ғой осы жыртқышты?

Л е н и н. ...Оған кепіл өздеріңнің ер кеудең! Біз жаңа көктемнің өзгеше өктем тасқынымыз... Ол тасқынның ағысын бөгеймін деп, жолына шөгіп жатқан қабандар бөгемек емес, бүктеліп, талқан болып езілмек. Солай емес пе?

Е р б о л. Солай... Сөз жоқ солай. Япыр-ай, жолдас Ленин, сондай жақын кеп, соншалық қуанттыңыз ғой. Мен, мен бір ғана көрмедім деп арман етуші едім!

Ербол мәз болып күліп жібереді. Осы кезде мұнар қоюланады. Сахнада ешкім көрінбейді. Аздан соң мұнар айығады. Ленин жоқ. Ербол алғашқы қалпында ұйықтап отыр. Аздан соң ұйқысынан қатты күліп, қуана күліп оянады.

Е р б о л (*қуанып тұрып, ұмтылып*). Жолдастар, достар, біз жеңеміз. Жеңдік біз... достар...

Ш а р ш е н
С к и б а } О не?.. Қалай?.. Не дейсің, Ербол?

Е р б о л. Кейін айтам... Ленин Ильич өзі айтты, түсіме кірді.

Ш а р ш е н. Дегенің болсын, Ербол ботом.

Е р б о л. Ер қайратқа қол соғыстық, әкпел, Шаршен аға, Скиба! (*Қол алысады.*)

Ш а р ш е н. Әкпел!

Е р б о л. Нұрлан кегі, Звездов кегін есте тұттық, ер достар!

Ш а р ш е н. Ұмытпаспын.

С к и б а . Есте тұттық! ..

Е р б о л. Кәне, кәне, енді... (*Өз орнына отырады. Телефонмен.*) Командирлер, жолдастар... Бар батарея, бар жа-

уынгер, әзірлен! (*Сахнада барлық қару маскировкасын алып әзірленеді. Команда.*) Дивизион, соғысқа!

Командалар кетіп жатады.

М а л ы ш е в (*аздан соң*). Шықты жаулар... Бар легі бізге қарай шықты, қатты келеді!

Е р б о л (*нысанада*). Келсін! Тақасын!

М а л ы ш е в. Дивизионның сол жағына беттеді. Жаңағы самолеттер қонған жермен өтпек... Солай ағылады. Қалың селдей танктері... мотоколоннасы! Тақап қалды!

Е р б о л. Тақасын! Беттесін, бассын солай!

С к и б а . Жолдас командир, келіп қалды ғой.

Ш а р ш е н. Атпаймыз ба, Ербол?

М а л ы ш е в. Келіп қалды... Өте бастады.

С к и б а . Жолдас командир... Өтіп барады ғой.

Е р б о л. Өтсін!

М а л ы ш е в. Ағындап барады... Өтіп барады...

Ш а р ш е н. Ербол, бұ қалай? Өтіп кетті ғой...

Е р б о л. Өтсін! ..

М а л ы ш е в. Жаяулар да қаптады. Қалың селге айналды... Штаб машиналары да жедел келеді... Бөгеу жоқ, өтіп барады...

Е р б о л. Жә, жетті. (*Команда.*) Дивизион, соғысқа!

Бар маскировка жойылады.

Дивизион, бар батарея! Бар зеңбіректен, он снарядтан әзірлен! Бірінші, екінші батарея, жау танктерін тура байлап, әзірлен! Үшінші батарея, мотоклоннаны шрапнельмен, әзірлен! Төртінші батарея, жау танктерін тура байлап, әзірлен! Дивизион, жау шабуылына флангадан залппен! Огонь! Бар батарея тағы да бес снарядтан... залппен! Пулемет! Штаб машиналарын тосқын окпен! Огонь!

Тағы да осындай бір-екі команда. Қатты соғыс.

М а л ы ш е в. Ұйлықты жаулар... Біздің танктер, жаяу полктер қарсы ұмтылды. Тосын оттан жау реттері бұзылды. Тастады! Машиналарын тастады... Жаяу, жаяу қаптады. Бізге қарай лап берді!

Е р б о л. Пулемет, семсер окпен... нысана үш жүз! Огонь! Дивизион! Барлық жауынгерлер! Бар командирлер... Тында, тында... Барлық дивизион, бетпе-бет соғысқа әзірлен! *(Өзі атқып винтовка алады, ұшында қанжары бар. Барлық сахнадағы әскер солай қаруланған. Ербол командасы.)* Дивизион, фашист дивизиясының командасына, штабына қарсы атақаға! Отан үшін, партия үшін соңымнан ер!.. *(Екпіндеп ұмтылады.)*

Сахнадан көп әскер жүгіріп өтіп жатады.

М а л ы ш е в. Көп зеңбіректің ойда жоқ жерден борай соққан қаһарлы оты жау құралдарын жайратып, жау командасын естен тандырды. Ар жағынан, алдынан біздің танктер, жаяу полктер жапырып, тықсырып келеді... Бері серпкен қашқын топ... Команда, штаб тобы... Ар жағынан ығысып әлі бері серпуде! Алдынан Датов, Датов тобы айқасты! Қатты барып, өрттей лап берді. Қол алдында Датов... Шанышты, ұшырды. Тағы бірін. Барлық тобы Датовтың өзіндей өктем килікті... Жаулар қылыш, қылыш жұмсады. Жарқ-жүрк... шарт-шұрт кескілес! Жаудың селдір тобын бөліп алды... Қамай соқты! Ұлықтар, офицерлер тобы... штаб! Қаша соғыспақ! Аз кісісі қалса да, Датов өктеп барады... Арғы кол басылды. Датов жолбарыстай ырғып кеп соқты шені үлкен бір офицерді... Женілді жаулар, колдарын көтерді... Ортада қаска бас генерал! Бағынды!... Датов конвойға алды! Бұл майдан, бұл жеңістің айлакер басшысы, қаһарман ері Датов, Датов Ербол боп шықты әзір!

Е р б о л *(аздан соң, телефонмен)*. Рапорт қабыл етіңіз... Мен дивизион командирі лейтенант Датов. Ия, мен, жолдас генерал-лейтенант! Фашистердің имперский дивизиясының бар командованиесі, бар штабы, бастығы генерал Гольцтің өзімен тұтқын болды!.. Конвоймен штабыңызға жөнелттім! *(Тоқтап.)* Дұрыс, ия!.. Дивизион бар команда, бар құралдарымен шапшаң шабуылға әзір, жолдас генерал-лейтенант! *(Телефонды қойып.)* Дивизион! Дивизион, шабуылға!

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Түн. Брезенттен істелген ұзын палатка. Ол орталықта. Оң жақ шетте екінші палатка. Мұнда жаралы Нұрлан жатыр, басы-қолы ораулы. Бірінші палаткадан бинт оралған, емделген ауруларды әкетіп жатады. Назым жөнелтіп жатыр. Мұнда жалғыз ғана ауру қалады. Ол Звездов. Екі ауру да ауыр халде. Нұрланның қасында Ира отыр. Назым асығыс әзірлік жасап, үстегі әскер киімін тастап, ақ халат киіп жатыр. Столда спиртовкалар жанып, аспаптар қайнатылады. Простыня, орамалдар әкелініп жатыр. Назым қасында көмекші фельдшер-санитар жүр.

Н а з ы м (*Звездов қасына барып қайтып*). Бол!.. Тезірек, жарықты күшейт! Қан көп кетіп барады. Тездет! Жарық, жарықты молайт, санитарлар... жарық әкпел! Тез!

Фельдшер асығады, санитарлар жүгіріп жарық әкеледі.

И р а (*Назға жүгіріп кен*). Наз!... тыңдашы. Наз! Майор Нұр әлсіреп барады, қан тыйылмай жатыр...
Н а з ы м. Мұнда да сондай, Ира... Қазір!
И р а. Майор сондай ерлік етіп еді, Наз!
Н а з ы м. Ира, түсінемін... Асықтырма, састырма мені!
Жауапты операция... Әкел!

Санитар, фельдшер Звездовқа қарай басады.

И р а. Наз, кешікпесе игі едік. Ол сондай қымбат жан еді...

Н а з ы м. Ира... не дедің? Әкел... әкелші ендеше. Шапшаң, кәне, столға әкеліңдер.

Наз Нұрланды күтеді, солай баса береді. Ира асығып, Нұрланға ұмтылады. Бірақ дәл осы шақта санитарлар мен фельдшер Звездовты столға әкеліп қояды.

А-а! Әкеліп қойған ба? Ира!..

Ира бұрылып Звездовты көреді, амалсыз тоқырайды.

Назым (*көзіне үлкен көк көзілдірік, беті, мұрны таңылған. Столға жақындап, шапшаң қимылдап*). Ира, мыналар жетеді. Сен майорға, майор жанына бар. Сонда бол, демін үздірме. Бар, сульфидин бер! Жүрегін, тамырын бақ!

Касында үш көмекшісі бар, шапшаң қозғалып, қайшымен, ланцетпен, операция пышағымен кезек әрекет етіп, іштің операциясын істей бастайды.

Ира (*Нұрлан жанында. Дәрі ішкізіп, аурудың жүрегін тыңдап*). Қазір, қазір көмек жетеді... Қымбат Нұр... Қазір...

Ербол шығады. Ираға қарай жүреді.

Ербол, тоқта! (*Қолын созып, отыр деп белгі береді.*)

Ербол (*ақырын басып тоқырап*). Жайлары қалай? Жөнін айтшы, тым кұрса!..

Ира (*қасына кеп*). Белгісіз, халдері ауыр.

Ербол. Дәрігер не дейді? Наз не дейді? Қарады ма?

Ира. Звездовқа операция жасап жатыр. Мәлімсіз.

Ербол. Нұрланға ше?

Ира. Қазір, анау операцияны болысымен бұған да істейді.

Ербол. Мынау Нұрлан ба? Есі қалай? Таныр ма еді? Бір ғана... бір ауыз ғана хабар айтсам қайтеді?

Ира. Жок, Ербол! Доктор көрмей рұқсат жок. Залал келтіреміз...

Ербол. Жақсы хабар... Москва хабары еді, Ира?

Ира. Жок, Ербол, болмайды... Шабуылға кетіп ең ғой! Солай емес пе еді?

Ербол. Солай... Бір сағаттай қатты шабуыл жасап, үлкен іс қылып келдік.

Ира. Аман бол, әрдайым сау бол, жаным Ербол!

Ербол. Ира, бауырым менің! Жаңа тынығуға қайттық та, әдейі осында асығып ем... япыр-ай...

Ира. Отыр, тос! Наз қазір шығады. (*Өзі орнына барады.*)

Асығып Рубанов шығады.

Рубанов. Доктор қайда?

Ира. Операцияда. (*Рубанов халат кие бастайды.*)

Р у б а н о в. Операция қайда?

И р а. Мұнда... Бірақ, сіз... кім боласыз?

Р у б а н о в (*документін көрсетіп*). Армия врачы, профессор Рубанов! Әдейі операцияға, консультацияға келдім... Дивизия командирі генерал-лейтенант Потапенконың шақыртуымен көмекке келдім!

И р а. Ендеше, міне, кіріңіз...

Р у б а н о в (*кіріп, Назым қасына кеп, араласа бастан*). Амансыз ба! Армия дәрігері, профессор Рубанов!

Н а з ы м. Келіңіз, ақыл қосыңыз. (*Өзі бұған қарамай, жұмысын істеп жатады.*)

Р у б а н о в (*ақырын сөйлеп, ауру жөнін өзі сұрап, өзі жауап беріп жатып*). Дұрыс... Батыр-ақ! Жақсы... тамыр қалай? Дұрыс... Жүрегін бағу қажет. Қан... қан керек. (*Фельдшерге.*) Әзір ме? Ауыр операция! Батымырақ кимылдаңыз, доктор! Солай... солай! А-га! Әне, солай!

Н а з ы м. Оқ, міне!

Р у б а н о в. Бәсе, дұрыс, доктор!

Н а з ы м. Тағы бір оқ!..

Р у б а н о в. Жақсы... дұрыс. Енді таза. Тез, тез қан... қан жіберіңіз. (*Өзі көмектесіп қан құйысады.*) Жақсы, жақсы қабыл алынды. (*Аз тыныстан кейін.*) Бітті!

Н а з ы м. Түсіріндер, төсекке апарындар! (*Өзі апарысып жатқызады. Ауру “уһ” дегендей.*)

З в е з д о в. ...Не болды?

Н а з ы м. Тыныш болыңыз... Жақсы, халіңіз жақсы...

З в е з д о в. ...Операция қалай өтті?

Н а з ы м. Жақсы өтті... Оның белгісі осы сөйлеп жатқаныңыз. Ал, енді қозғалмай тыныш болыңыз.

Р у б а н о в (*Назбен қол жуып жатып*). Доктор, мен сіздің операцияңызға қатты ырзамын... Ерлік те, шеберлік те тең болды. Ғафу етіңіз, сіз қай докторсыз?

Н а з ы м (*бетіндегі байлауын, көзілдірігін алады*). Есенсіз бе, профессор! Бердиева! (*Қол алысады.*)

Р у б а н о в. Бердиева! Ага, бүгін оқ астынан Звездовты алып шыққан сізсіз ғой? Генерал айтып еді! Жауынгер ерлігіңіз, шебер еңбегіңіз қайырлы болсын! О-о, дұрыс, дұрыс... Осылай болу керек.

И р а (*жүгіріп кеп*). Наз... Жүрегі солғындап барады.

Н а з ы м. Тағы бір жауапты операция бар, профессор, көмек етіңіз. Асығыс! *(Екеуі шыға береді.)*

Е р б о л. Наз... Назым...

Н а з ы м. Ербол, жаным асығыспын... *(Тез жүре береді.)*

Е р б о л *(асығып, ілесе жүріп сөйлейді)*. Сол жаралы адамға жалғыз жақсы хабар бар еді. Міне, Москвадан. Бір жұмадан бергі асқан ерлігі үшін 181-ші дивизион командирі майор Нұрлан Бектасовқа...

Н а з ы м. Нұрлан?... Нұрлан... Бек... Бектасовқа?

Е р б о л. Ленин ордені берілген.

Н а з ы м. Нұрлан... Бектасов, ол қайда? Қайда қазір?

Е р б о л.

И р а. } Е, эне... Анау майор сол емес пе?

Н а з ы м *(ұмтылып)*. Нұрлан... жаным... *(Келе перевяз-касын шешіп жатып.)* Нұр... дейді... Кім? Кім айтады үйдеп? Нұрлан жаным! *(Рубанов екеуі төніп, қатты зер салып байыптап қарайды.)* Профессор, қатер ғой!

Р у б а н о в. Қатер, қан біткен ғой... Кешігіппіз ғой!..

Н а з ы м. Қымбатты доктор, көмек етіңіз... Құтқарыңыз, кешігіппін, қайырып беріңіз маған бұл жанды... Қан, қан, шапшаң әкел!

Р у б а н о в. Қан жібергеннен басқа шара жоқ. Мезгілі қазір емес, әлдеқашан өтіпті ғой. *(Қанды алып, өзі құяды. Екеуі ерекше әрекет етеді.)* Есін жиса, аз уақыт ес жиса, о да сый ғой... Ауыр ғой... *(Өзіне.)* Әй, үмітсіз ғой. *(Тосып тұрысады.)*

Н а з ы м. Кішкене әл кірді.

Р у б а н о в. Сізді таныды ғой. Жакындаңызшы.

Н а з ы м. Нұрлан жаным!.. Мен Наз... Назың ғой.

Р у б а н о в. Соңғы тынысымен бір нәрсе айтпақ сияқты. Сізді білді ме әлде! Білуші ме еді?

Н а з ы м. Мені білуші еді... Жақсы білуші еді, профессор... Айтса екен...

Р у б а н о в. Ендеше, осыдан басқа шара жоқ... Сіз тыңдаңыз сөзін... Мен керегіңізге әзір тұрам. *(Кейін кетеді.)*

Н ұ р л а н *(жүзіне қадалып төніп отырған Назға әлсіз үнмен)*. ... Бармын ба?

Н а з ы м. Барсың, жаным Нұрлан.

Н ұ р л а н. Түсім бе?

Н а з ы м. Түсің емес. Қасыңда Наз... Назың сенің...

Н ұ р л а н. Шын ба? Менің Назым ба?

Н а з ы м. Сенің Назың! Сақтап келді, жүрегімде сақтап келдім сені мен.

Н ұ р л а н. Мен... мен де сақтап ем... Алғыс... Соңғы тынысыммен алғыс айтам... Рәш!.. Рәшім бар ма менің?

Н а з ы м. Бар... жақсы өсті... Сені сағынып еді, ізде деп еді. Маған әкемді тап деп қарыз етіп еді. Мен сені таппаққа ант еткен ем... Жаным!..

Н ұ р л а н. Ырзамын... Ендеше, тілегім... Назтайым, бар тілегім... балама, қызыма телеграмма соқшы! Әкесінің... табылған, сағынған әкесінің атынан, анасының атынан телеграмма соқшы... Әкең сені тапты деп соқшы. Уәде берші...

Н а з ы м. Орындаймын... Нұрлан қуатым! Бердім уәде!

Н ұ р л а н. Бақыл бол! Қош... *(Әлсіреп барады.)*

Н а з ы м. Қаталдық, ақымақтығым болып еді, кеш мені, Нұрланым. *(Сүйеді.)*

Н ұ р л а н. Кештім... сен... сен де кеш!

Наз жабысып сүйген күйінде Нұрлан үзіледі. Бұл уақытта Рубанов Ербол, Ираларды алып кеткен.

Н а з ы м. Жаным!.. Жарым... Нұрланым!..

Өлген Нұрланның басын құшақтап алдына алып, кадалып, катып отырып қалады. Сахнада қараңғылық қоюланады. Қоюлана барып меңіреу қара түн түседі. Сахна жым-жырт. Тек октын-октын суық бір түннің жат бір күрсіні сияктанып алыстан атылған зеңбіректің “у-у-ух!... у-у-ух!” деген үндері келеді. Ұзақ пауза. Түн өтіп, таң келеді. Айнала айқынданып аздап көріне бастайды. Алғашқы бір халде, Нұрланның басын құшақтаған күйде Наз отыр. Таң атты. Үнсіз сарылып отырған Наздың осы бір түн ішінде қап-қара шашы тегіс аппақ боп, ағарып кеткен. Наз тапжылмайды. Аздан соң Рубанов, Ербол, Ира шығады.

Р у б а н о в *(қалпағын алып, иілін ұзақ қарап тұрып)*. Бақыл бол, жауынгер дос! *(Ерболдар бас киімін алады.)*

И р а *(Ерболға)*. Не болған? Назға не болған, Ербол? Неткен өзгеріс?

Е р б о л. Бір-ақ түнде бар шашы аппақ боп кеткен. Наз... Қасиетті Наз!

Рубанов та көріп қатты сес қылады.

Рубанов. Доктор, сіз кінәлі емес едіңіз ғой, емес едіңіз ғой?

Ира. Наз! Сүйікті Наз!.. Саған не болған, бар шашын аппақ қой? *(Нұрланның басын Наздың алдынан қозғап, төсекке жатқызады.)*

Назым. Ира, тоқта!.. Тимеші!

Бірінші палатка алдында қозғалыс. Аздан соң дөңгелекті креслоға отырған Звездовты бір санитар алып келе жатады. Звездовтың басы, кеудесі ораулы.

Рубанов *(көріп, шошынып)*. Тоқта!.. Бұ не? Кім қозғады, кім рұқсат етті?

Назым *(жалт қарап, атып тұрып)*. Бұйткен кім? Сізге кім рұқсат етті? Ира!

Звездов. Ғафу етіңіздер, профессор, доктор! Кінәлі мен!

Назым. Сізге қозғалуға рұқсат жоқ, бұ не, бұл қатер сізге!

Звездов *(ажарлы үнмен)*. Рұқсат сұралмайтын сағат та болады, достар! Жақындатындар! *(Санитар Нұрланға жақындатады.)* Нұр! Қадірлі Нұр!.. Жай өмірде жан аямас жолдасым... Майданда жауынгер досым! Қош, Нұрлан бауырым! Бауырым менің. *(Еңкейіп маңдайынан ұзақ сүйеді.)* Отанының ері еді ол!..

Назым. Ол Отанының ері еді... Менің жарым еді... *(Барлық жұрт қатты қайран болады.)*

Звездов. Түсіндім... Шашыңда ағарған... Түсіндім бәрін. *(Наздың шашына маңдайын иіп.)* Қарыздармын! Біріңнің өлімің, біріңнің қасиетті қайғың кек күйсын, кемімес кек күйсын біздің жүрекке. Қайта шығар!.. Шығаршы мені тез аспанға, қадірлі доктор, асыл Наз!...

Назым *(оқшауырақ, өз-өзіне)*. Ақтық күшің Отан үшін... Ең ақырғы тынысың балаң үшін... Рәшім депсің!.. Еліңнің ер ұлы боп, балаңның аяулы әкесі боп өтіпсің... Рәшім, әкең сені тауып өтті... Сен қадір тұтарлық, сен ұмытпастық, сен мақтан етерлік асыл әке боп өттің. Сын сағатта биік қасиет тауып өттің, жаным Нұрлан!..

Ш ы м ы л д ы қ

Төртінші сурет

Шахтаның бас инженері Ескендердің кабинетінде Ескендер мен Рәш.

Е с к е н д е р. Өздерің үшін, үй үшін ешнәрсенің керегі жоқ па, Рәш?

Р ә ш. Жоқ, түк керек емес, Ескендер аға!

Е с к е н д е р. Керек болса, айтып тұрмақпысың... Уәдеміз солай еді ғой?

Р ә ш. Әрине... Айттым ғой әнеукүні!

Е с к е н д е р. А-а, рас... Әрдайым солай ет, Рәш!

Р ә ш. Бірақ қазір өзіміз үшін емес, форпост үшін аса қажет нәрселер бар.

Е с к е н д е р. Білем, противогоз ғой!

Р ә ш. Соны тауып бермедіңіз ғой, Ескендер аға... Мен хат жазайын деп ем... Ісіміз жақсы деп жазайын деп ем, мамаға.

Е с к е н д е р. Жаз, жақсы деп жаз, Рәш!

Р ә ш. Жақсы деп? Ол шын емес қой... Өтірік жаз дейсіз бе?

Е с к е н д е р. Жо-жоқ, өтірік айтпа!

Р ә ш. Ендеше шын айтып, Ескендер ағам біздің форпостың керегін тауып бермеді. Ісіміз нашар деп жаза-йын. *(Күлкі.)*

Е с к е н д е р. Рәш, сонау үлкен майданда, сондай алыстағы мамаға, Ескендер ағанды жаман қып көрсеткің келе ме? Тату емес пе ек?

Р ә ш. Татумыз... Тіпті доспыз, Ескендер аға...

Е с к е н д е р. Ендеше, жазалау емес пе мынауың...

Р ә ш. Олай болса, противогоз тауып беріңіз... өзіңіз!..

Е с к е н д е р. Үлкендерден босамай жатыр, Рәштай... босасымен берейін. Бар керегінді жазып берші маған!

Р ә ш. Жазам, жазып берем, Ескендер аға!

Каден, Марияш кіреді.

Қ а д е н. Рәш, сен мұнда ма едің? Мен сені іздеп ем.

Р ә ш. Немене, жеңге?

Қ а д е н. Ал, қазір үйге жүгір.

М а р и я ш. Хат тасушы телеграмма әкеп, сені сұрап жүр!

Қ а д е н. Мамаңнан келген ғой...

Р ә ш. Мамадан... Телеграмма!

Е с к е н д е р. Жүгір, шап үйге қарай! *(Рәш жөнеледі.)*
Хабарын айт маған... Рәш!

Р ә ш. Айтам, алып та келем... *(Жүгіріп кетеді.)*

Қ а д е н. Жұрт қайда жиылады, Ескендер?

Е с к е н д е р. Әуелі осында келмек Асановтар.

Сәт, Тәнеке және бір топ шахтер кіреді. Көбі шахтадан жаңа шыққан.

Кәне, не дейсіздер? Ең соңғы санын айтшы?

С ә т. Өзің не деп ойлайсың?

Асанов келеді.

Ерболдың кешегі радио білдірген ер қайратына әрбір ұядан ұшқан батыр бауырдай, әрі Қарағанды шахтерінің ер жауабындай жауап айтамыз деп кетіп едік қой бұл топ. Не қып қайтты деп ойлайсыздар? *(Ескендер мен Асановқа қарайды.)*

Е с к е н д е р. Жаным-ау, осы... екпінің тәуір. *(Қуанып.)*
Ерболдың рекордына жеткен бар ма деп тұрмын-ау!

Б р и г а д и р. Жөн-ақ! Япыр-ай, салған жерден... Ия, кәне?

А с а н о в. Шын ба, өй, жігіттер?! Еркек өзіміз десендерші. Жә, бұл қайсысың, сондай маңдайы жарылып, алдан кеп тұрған қайсысың?

С ә т. Өздерің жағалап, жамбастап табуға жақынсың-ау осы. Кәне, не білдіңдер?

Е с к е н д е р *(ойланғандай)*. Өзі Отан қорғау күніне арналған күн. Өзі Ербол қайратына қуана қимылдаған күн... Ендеше, бүгін өрлегендер көп. Ал соның ішінде?..

А с а н о в. Ендеше, соның ішінде озып шыққан, озып шыққан?.. *(Бәріне қарайды, күлкі.)*

Е с к е н д е р. Өзі тіпті сыр бермейді, үн қатпайды ғой, ә! *(Тәнекеге қадала береді.)* Осы кәрі боздың...

А с а н о в *(жарыса)*. Тәнекенің өзі ме? Өзі...

Ескендер. Бәсе... Дәл өзі... *(Қолын алады.)* Жә, рекордқа анық жеттің бе?

Тәнеке. Е, беттеген соң жетпей неге тоқтайын... *(Барлығы құттықтайды.)*

Дауыстар: Қайран, кәрі тарлан!

– Есіл, кәрі боз!...

Ескендер. Құтты болсын. Ендеше, қазір Ербол мен Назға телеграмма соғамыз.

Асанов. Радиомен айтамыз, бұндағы ел-жұртының ер жауабын.

Сәт. Ендеше, жетіп тоқтады демендер... Ербол рекорд-дынан қарт қыран асып түсті. Бес тонна асыра түсіп, жаңа, жойқын рекорд қойды, 85 тонна бәйге болды, дендер... *(Тағы қатты қуанысады. Отырысқан. Радио.)*

Ескендер. А-а, жана хабар... Ерболдардан тағы хабар жоқ па екен?

Асанов. Қорытынды бар ма екен?

Сәт. Бәсе. Ерліктерін ұқтық қой. Енді үкімет қорытындысын есітсем екен!

Радио. СССР Ұлы Советі Президиумының Указы:

СССР Ұлы Советі Президиумы Герман фашизміне қарсы соғыста командованиенің ерекше тапсырмасын ерлік, батырлықпен орындаған қайраты үшін Н. зеңбірек дивизионының командирі лейтенант Датов Ербол Датовичке...

Дауыстар. Ербол!

– Ербол!

– Айналдым!

– Ақырын, тоқта!

Радио. Совет Одағының Герой атағын беріп, Ленин орденімен, Алтын жұлдыз медалімен сыйлауға қаулы етті.

СССР Ұлы Советі Президиумының председатели

М. Калинин.

СССР Ұлы Совет Президиумының секретары

А. Горкин.

Москва, Кремль.

Д а у ы с т а р. Ербол!

– Біздің Ербол!

– Асыл Ербол! Токта! Тағы бар! Т-с-с-с!

Р а д и о. СССР Ұлы Советі Президиумының Указы:

СССР Ұлы Советі Президиумы Герман фашизмімен соғысқан майданда өзгеше ерлік көрсеткендері үшін төмендегі жауынгерлерге, командирлерге және дәрігер, санитар қайраткерлеріне үкіметтің жоғарғы дәрежелі сыйын беруді қаулы етті.

Ленин ордені:

1. Майор Бектасов Нұрланға!
2. Майор Звездов Александр Егоровичке!

Жауынгер Қызыл Ту ордені:

1. Екінші ранг военврач Бердиева Назымға.
2. Старший сержант Бегешев Шаршенге.
3. Старший лейтенант Мальшев Иван Семеновичке.
4. Кіші лейтенант Скиба Матвей Ивановичке.
5. Медсестра Светлова Ирина Яковлевнаға.

СССР Ұлы Советі Президиумының председателі

М. Калинин.

СССР Ұлы Советі Президиумының секретары

А. Горкин.

Москва, Кремль.

Радио тоқтайды. Назым, Ира аттары аталғанда тыңдап отырған жұрт қатты қуанған, таңырқаған. Бірақ бірін-бірі ыммен тоқыратып отырған жайларды көрсетіп еді.

С ә т (қуанып). Міне, айтпап па ем!

А с а н о в. Бәсе, кешегі ерлік эпизодтарды естігеннен осыны тосып ем... Ерлер!.. Жауынгерлер!

М а р и я ш. Қалқам, садаған кетейін, қайным Ербол!
Т ә н е к е. Қалқаларым... ұл мен қыз туса, өздеріндей тусын! Назым, алтыным!

С ә т. Ира ше?

Т ә н е к е. Өркені өссін оның да. Еркек осылар деп ем... Жүрерде де әншейін емес, оттай жанып, шоқтығы шығып кетіп еді тегіс.

Е с к е н д е р. Ел-жұртының намысын қолдарына шамшырақтай ұстап кетіп еді. Шіркін Ербол! Жаудың бүкіл бір дивизиясын талқан етуге себеп болған... Айласын айтсаңшы!

Б р и г а д и р. Неміс генералын қылыштасқан соғыста өз қолымен тұтқын еткен!

Қ а д е н. Қасымызда жүргенде қадірлеріңді білсекші, асылдарым-ай! Айналайын!..

Т ә н е к е. Менің рекордымнан тағы асты-ау мынау! Фашист офицерлерін лавадағы көмірдей атқан ғой штыкпен!

А с а н о в. Ал, анау Бектасов Нұрлан... Нұрлан деді ғой... Ол кім болды?

Е с к е н д е р. Ол бәрінің командирі... Майор... өзгеше қайрат соныкі емес пе еді?

Қ а д е н. Әлі үш оқ тигенше, жарадар күйінде жауды жоятын ғой?

С ә т. Бектасов... Нұрлан... Бектасов!..

М а р и я ш. Назымды айтсаңшы... От астынан өзі алып шығып, өз емімен өлімнен алып қалған.

Т ә н е к е. Осыны... сол Бектасовты Наз қалай емдеді екен! Қалай құтқарды екен...

А с а н о в. Бәсе, соны айтпайды-ау осы.

С ә т. Нұрлан... Бектасов!.. Білетіндерің бар ма осы адамды? (*Жұрт үндемейді.*) Япыр-ау, осы атты мен бір естіген едім. Жаңылмасам, Наздың аузынан естіген сияқты едім. Көмескілеу бір айтқан сияқты еді. Қарағандыға соңғы рет қайтып келген күндерінде Наз осы атты бір атаған сияқты еді...

Е с к е н д е р. Кім болса да тек тірі қалсын! Тірі болса екен өзі.

Т ә н е к е. Қайран, асыл ер-ай... Кім де болса елдік сынын танытқан, ел мақтаны болатын ұл ғой.

Рәш жүгіріп кіреді. Қатты қуанышты. Үй іші тез жадырап қуаныса қарайды.

Рәш. Ескендер аға, рұқсат па?

Дауыстар. Кел! Кел, Рәш! Рұқсат... рұқсат.

Рәш (*Сәтке*). Мешайт етпейім бе?

Сәт. Кел... шапшаң кел, Рәшім! (*Қасына Рәш жүгіріп келгенде*.) Немене, бір қуаныш хабарың бар ғой!.. Солай емес пе?

Рәш. Бар...

Сәт. Айт шапшаң.

Рәш. Бірақ, Сәт аға... (*Айнала көптен ұялыңқырап іркілгендей*.)

Сәт. Айт кәне. (*Рәш тоқырап, қысылыңқырап тұр*.) Ал, сен айтпасаң, мен бұрын айтып қоям. Менің де саған айтар үлкен қуаныш хабарым бар.

Рәш. Рас па? Ендеше, сіз айта қойыңыз.

Сәт. Жоқ, әуелі өзің айт.

Рәш. Жоқ, сіз.

Сәт. Жоқ сен, өзің... (*Күлкі*.)

Рәш. Ыңғайсыздау ма әлде? Бірақ, Сәт аға, Ескендер аға, өзім қуанған соң екеуіңізге де айтайын деп ем.

Асанов. Айт, Рәштай!

Рәш. Айтам... Ендеше, менің мамам папамды тауыпты. Білесіздер ме, мен оны сағынып ем, тап деп ем. Мамам да уәде беріп еді... Енді менің анам... менің әкем де бар. Олар... Олардың екеуінен маған, өзіме телеграмма келді. (*Телеграммды қолына ұстап тұр*.)

Асанов. О-о, зор қуаныш екен, Рәшім!

Сәт. Қуанышың әбден орынды... Сондайлық үлкен зор, зор шаттық... Құтты болсын, Рәш...

Рәш. Ал, Сәт аға, енді сіз... сіз айтыңызшы...

Сәт. Айтам енді. Сенің мамаң, жақсы ер мамаң майданда үлкен ерлік етіп, жауынгер Қызыл Ту орденін алыпты.

Рәш (*ыршып, қуанып кетін*). Рас па? Не дейсіз, шын ба! Сәт аға!.. Асанов аға! (*Асановты құшақтап алады*.)

Асанов (*бетінен сүйін*). Рас... рас, қайырлы болсын, көрдің бе, әне анаңды...

Сәт. Әнеки, сен қандай ананың қызысың.

Рәш. Мама милая... родная мамочка!

Осы уақытта Сәтке бір телеграмма келеді.

С ә т (*телеграмда қолына ұстап, ашып тұрып Рәшке*).
Айтпақшы, сенің папанның аты қалай еді осы, Рәш?

Р ә ш. Менің папам аты Нұрлан... Нұрлан Бектасов!
(*Үйдегілер тегіс.*) Нұрлан?... Бектасов? Нұрлан?..

С ә т (*Рәштағы телеграмды қарап шығып.*) Нұрлан! Рас...
Ия.. (*Өз телеграмын қарап, тез өзгеріп, тағы қарап шығып, күрсінеді. Асановқа береді.*)

Қ а д е н. Нұрлан? Е-е, жанағы, япыр-ай! (*Дей бергенде.*)

С ә т (*Қаденге*). Токта, Қаден! (*Рәшиті бауырына қысып, шашынан сүйіп.*) Ал, Рәш... Сол енді.

Р ә ш. Сол... Болды... Мен кетем.

Е с к е н д е р. Жарайды, Рәш! Ал бағана айтқан керегінді,
бар керегінді бүгін айт, Рәш! (*Екеуі оңашалана береді.*)

Р ә ш. Жақсы, ондай болса. Бірақ сіздерде жұмыс бар
ғой... Қазір бөгемеймін. Екі сағаттан соң тізім жасайын да,
өзіңізге келейін, жарай ма, Ескендер... Ескендер аға!

Е с к е н д е р. Жарайды, Рәш. (*Құшақтап арқаға қағады.*)

Р ә ш. А, білесіз бе, Ескендер аға! (*Тоқырайды.*)

Е с к е н д е р. О не, Рәш? Айтшы!

Р ә ш. Қазір мен сізді бұрынғыдан да жақсы, жақын аға
көремін.

Е с к е н д е р. Қазір ғана ма, Рәш-ау? Бұрын ше?

Р ә ш. Шын айтайын... Бұрын ондай емес едім...
Білмеймін... Бұрын әлденеге сізден мен бір жақтан қорқушы
едім... Ал, қазір тыныш боп тұрмын... Сондай! Әлде мен
ақымақшылық сөз сөйледім бе? Білмеймін...

Е с к е н д е р. Жок, Рәш, жақсы сөз сөйледің, шыншыл
болған жақсы. Соның үшін мен қайта бетіңнен сүйемін.
(*Сүйеді.*) Ақылды Рәш!

Р ә ш. Ну, ендеше, жақсы дос болдық, Ескендер аға!

Е с к е н д е р. Құп, Рәш! (*Рәш жүгіріп кетеді. Үйдегілер үнсіз отырып қалған.*)

С ә т (*Асановтың қолындағы телеграмды алып*). Көрдіндер
ме, мынаны? Жаңа Рәш тұрғанда мына бір телеграмма жетті.
Бұл Наздан! Нұрланды тауып ем, бірақ Нұрлан қайтыс бол-
ды. Қолымнан жөнелттім... Тек Рәш білмесе екен депті...
өтініпті!..

Д а у ы с т а р. Қайтыс бопты? Нұрлан?..

Жұрт жым-жырт.

С ә т (*үлкен ойда сияқты*). Бұл не? Не дейді бұл күй? Не дейді бұл құрбандық! Жаңағы бала... біздің ғазиз бала... Соның жүрегінде тулаған қуаныш, соның көзінде жанған үміт от, бір сол бала емес, бар баламызды, тіпті келер нәсілімізді ойлатпай ма? Бүгінгі қайрат күтер ересек буын бұнда болайық, майданда болайық, қандай сында тұрмыз біз? Кеше осы күнді адал қанымен әперіп кеткен әкелер алдында не дер ек!.. Жаңағы өзгеше боп жайнап келе жатқан өмір гүлі алдында не дерміз? Осы міндет алдындағы біреудің тыныштығы... Біреудің өзімшіл күйбеңі – жиып келгенде бәрі де жабық көңіл жадысы – күл болсын демес пе ең, соның бәрін де? Өлген ер ғана емес, тіпті сол майданда тірі жүрген азамат анау Ербол, анау Наздың жүзін көруге ұялмасам екен тек... Еңбегім мен тірлігім енді сонда ғана демесем, нем азамат енді.

Пауза.

Е с к е н д е р (*шұғыл жылап жібереді, жұрт ішінен “өй, бұның не?” дескен үндер шығады*). Жок!.. Жок!.. Орынсыз бір жас! Жай бір ұйтқын. Жас керек емес... Бір тамшы жас керек емес. Серпін, өзгеше серпін... Қарағанды, Қарағанды болғалы көрмеген ел Отан алдында ер қарызын актерлық бір қайрат табайық та... Отанның вахтасын бетке алып, биік белге басайықшы бәріміз...

Т ә н е к е. Соны айт, соны тап... Сөз қысқа! Ер басы екі нормадан асырдык, ел мақтады деп отырмайық, тағы өрлейік, тек жолын айтшы!

Б р и г а д и р. Жан аямас жалынды біздің білегіміз әлі де асқындытып ата алады.

Қ а д е н. Шахтерлер жиылды әне... Соны айтшы бізге...

А с а н о в. Айтатын сөзді біреу ауызға салмай-ақ, біздің жұрттың өз жүрегі нұсқайды бүгін! Адам сапасын сын ашып отыр бүгін. Алтын ана қойнындай ұлы ұяда туған сын сағат, қатал күн, қатер күн ашып отыр. Кеңшілікте ет пен терінің арасындай бергі жерде жүретін ұсақ тілек, мардым-

сыз машық, күйкі көңіл – баршасын сол күн жуып-шайып әкетті де, енді биік қасиетті бөлек адам... Ұлы адам шықты, міне дәл осы күнде... біртіндеп шыққан жоқ, миллиондап шықты Отаннан. Ол адам майданда ғана емес, осында да отыр... Тұр әне тегіс жиында... Жүріңдер, сендер ата деген серпінді қазір соның бірінен емес, бәрінен естісің... Ойға алмаған өрді алғанын көресің қазір!

Б р и г а д и р. Қарағанды кенінің бар шахтасын бастайтын, бәріне үлгі тастайтын іс атайық!

И б р и г а д и р. Жалғыз Қарағанды кені емес, бар Қарағанды облысы, анау Балқаш, анау Жезқазған, барлық осы облыс өндірістерін тегіс өктем іске шақырайық!

Т ә н е к е. Жоқ, ендеше Қарағанды облысы ғана емес, бар Қазақстанның қорғасынды Лениногорын, қорғасынды Шымкентін, мұнайлы Ақтөбесін, алтынды Алтайын, бар-бар ұлы өндірісті өлкесін түгел шарқ ұруға шақырдық!.. Жүр!

С ә т. Жүр! Сын сағатта ер өнері іркілмей, сарапқа түссін шарқ ұра! Жүр, шахтерлерге!..

А с а н о в. Жүр, халыққа!..

Ш ы м ы л д ы қ

С О Ң Ы

**Ғылыми
түсініктемелер**



“Аз сөз”

М. Әуезовтің жас ақын Қуандық Шаңғытбаевтың 1943 жылы шыққан тұңғыш өлеңдер жинағы “Ар” кітабына жазған алғы сөзі. Шаңғытбаевтың шағын кітабы қазақ поэзиясына жаңа леп әкеліп, жас ақын өзінің болашағынан үлкен үміт күтуге болатын шығармашылық тұлға екенін көрсетеді.

Болашақ ірі лирик ақынның шығармашылық дарынын дөп басып таныған М. Әуезов шағын алғы сөз мақаласында аз сөзбен жас ақынның өзіндік ерекшеліктерін өте дәл көрсеткен. Қырқыншы жылдардағы солақай идеологиялық сынның өршіп тұрған кезінде “Мен қазақпын” деп жырлаған, сезім суреттерін шарықтата өлең қылған ақын кітабына жоғары баға беру ол кез үшін нағыз адами, азаматтық ерлік болатын. Шаңғытбаевтың кейінгі шығармашылық табыстары Әуезовтің алғы сөзінде айтылған үдеден шықты.

“Ар” кітабыда, Әуезовтің алғы сөзінде көп ұзамай-ақ солақай идеологиялық сынның тоқпағының астында қалды. 1946 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінде “Бір жас ақынның шығармаларындағы жат пікірлер” атты мақала шықты. Мақалада “Ар” жинағының шығып кеткені үшін С. Мұқанов пен Ғ. Мұстафинге кінә қоя келе: “...Осыған сәйкес Мұхтар Әуезов жолдас секілді әдебиеттегі инабатты алдымыздың Шаңғытбаевтың осындай шүбәлі шығармаларына редактор болып, оның жарыққа шығуына мүмкіндік бергені де келіссіз-ақ іс болған”, – деп сынады. Ол жылдары республиканың бас газетінде мұндай сын айтылу тіпті өмірге де қауіпті болатын. Осы тәріздес байбалам бұдан кейін де тоқтамай, 1955 жылы Семей облыстық “Екпінді” газетінің 189 санында “...Сайып келгенде, Қ. Шаңғытбаевтың шығармалары – советтік көркем әдебиеттің талабына сай келмейтін ұлтшылдық шеңберде шырмалған кертартпа, идеясыз зиянды шығармалар. Оның мұндай шығармалары Қазақстан Жазушылар одағы тарапынан ...большевиктік қырағылықтың, сынның болмауы себепті ... шықты”, – деп жазылса, осы жылы “Лениншіл жас” газетінде

“Ар” деген арсыз жинақтың авторы біздің жеңістеріміздің ұйымдастырушысы И.В. Сталин туралы бір сөз айтпайды. Осындай арсыз жинақты мақтап, алғы сөз жазған Әуезовке не дерсің”, — деп жазды. Осындай сарындағы мақала “Литературная газетада” да (1951 ж. 6 қыркүйек) шықты. Жас ақынның шағын жинағы мен М. Әуезовтің жарты беттік алғы сөзіне байланысты осыншалық суық ызғарлы сындардың қаптауы сол кездің идеологиялық сипатынан хабар береді.

“Аз сөз” мақаласы кейін Қ. Шаңғытбаевтың 1976 жылы “Жазушы” баспасынан шыққан таңдамалы лирикалары жинағына “Ар” кітабынан” деген атаумен берілді. М. Әуезовтің елу томдық толық шығармалар жинағының бұл томына аталған жинақтағы нұсқа бойынша беріліп отыр.

Р. Әбдіғұлов

“Орыс классиктері және Абай”

Мақала “Абай жолы” романы әлі жазылып жатқан тұста, 1944 жылы КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы Хабарларының Тіл және әдебиет сериясында, бірінші кітаптың 3–15-беттерінде жарияланған. Осы нұсқа М.О. Әуезов шығармалары жиырма томдық жинағының 18-томына (1985 ж.) енді, қазір де сол күйі ұсынылып отыр. Кітап мазмұнында мақала “Орыс классиктері және Абай” боп аталып кеткен. Әрине, мағынада көп алшақтық жоқ.

М. Әуезов ұлы Абайдың өзгешелік бітімін таныту үшін көркемдік-танымдық ізденістерін әр қиырдан қарастырады. Орыс тілі мен мәдениетінің өз өркениеті ғана емес, жалпы батыс құндылығын жеткізудегі аралық мәніне айрықша тоқталу бар. Басқа дүниенің қымбат қазыналарына ден қойған қазақ зиялыларынан М. Әуезов Абай мен Ы. Алтынсаринді бөлек атайды. Ол әдебиетті жақсы өмір аңсау мен әлеуметтік қасіреттерден қорғанудың жолы ретінде түсіндіреді.

Ғұлама ғалым Абайдың Европадағы ұлы тұлғалар: Гете, Шекспир, Шиллер, Гейне, Байрон, Бальзак, Беранже ғана емес, әрі ойшыл, оқымыстылар еңбегімен, Дарвин, Будда ілімдерімен таныстығынан хабар береді. Абай ертегі қып таратқан роман, әңгімелер, зәңгілер туралы, Шығыс өмірі жайлы інжу-маржандар ақын кітапханасының бай мазмұнын аңғартпақ.

М. Әуезов орыс қаламгерлерінен өзіне ерекше әсері болған А. Пушкин және М. Лермонтов шығармашылығымен Абай туындыларының байланысына ерекше мол тоқталады. Абайдың “Евгений Онегин” аудармасына келгенде Пушкин ізінен бұрылып, қазақ менталитетінің қабылдауына лайық шешім шығаруын құптау айқын. Абай ұлттық ұғымды адамзаттық игіліктермен қатар биікке көтереді. Сегіз буындық өлшем мен шалыс ұйқас арқылы орыс поэзиясының пішіндік өлшемін еске түсіріп отырады. Онегин де, Татьяна да басқа кісілік кейіпке көшеді.

Ал М. Лермонтовты аударған қазақ шайырының түпнұсқадан көп ауытқымауға тырысқанын, М. Әуезов терең драматизмге толы ауыр жан тақсіретін тендес тұрғыда суреттеуге ұмтылғанын баса айтады. Мақалада И. Крылов, Салтыков-Щедриннің Абай сатирасын ұштай түсуге әсер еткені, тың өнегемен өмірді өткір ұғынып, бағалауға үлес қосқаны да жиі-жиі сөз болып отырады.

1. 10-б. **“Қиыр Шығыс тарихынан Будданың жайын да біледі”** – Жиырма томдықта “Буда” боп кәте жазылған.

2. 11-б. **“Кейін “Үш мушкетер”, “Он жылдан соң”, “Король қатын Марго” деген романдар...”** – Француз жазушысы А. Дюманың шағырмалары аталады.

Б. Майтанов

“Жыр жалауы – Амангелді”

Бұл очерк халық батыры Амангелді Имановтың қайтыс болғанына 25 жыл толуы қарсаңында әрі Ұлы Отан соғысының жауынгерлеріне рух беру мақсатында жазылған.

Шығарма алғаш рет 1944 жылы 18 маусымдағы “Темір-жолшы” газетінде жарияланды. Осы нұсқасы жазушының жиырма томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1981. 18-т. 99–103-бб.) жарық көрді.

Бұл томға газеттегі материал мәтіні салыстырыла отырып, ішінара орфографиялық түзетулермен толық жіберіліп отыр.

Батырдың сарбазы О. Шипин мен Ж. Жабаев батырға арнап өлең, поэма, Ғ. Мүсірепов “Амангелді” пьесасын, осы аттас көркем фильм шығарды. Суретшілер Ә. Қастеев “Амангелді” мен “Амангелді шабуылы”, “Торғай жорығы”, Қ. Телжанов “Амангелді”, “Амангелді қызыл атты әскері” атты шығармалар берді.

1. 26-б. **Амангелді** – Амангелді Үдербайұлы Иманов (3.4.1973–18.5.1919) – ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі, халық батыры. Торғай уезі Қайдауыл болысының 3-аулында кедей шаруа отбасында туған.

2. 26-б. **Бекет** – Бекет Сергелбайұлы, Кіші жүз қазақтары көтерілісінің басшысы.

3. 27-б. **Күдері** – Күдері Жолдыбайұлы (1861–1931), Торғай облысы Жангелдин ауданының халық ақыны. “Амангелдінің Торғайды алғаны” атты толғауы бар.

4. 29-б. **Нұрқан** – Нұрқан Ахметбеков (1903–1963), халық ақыны. Торғай облысы, Жангелдин ауданы Жаркешудеген жерде туған. “Амангелді”, “Үрпек соғысы” атты шығармаларында А. Иманов басқарған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын жырлайды.

С. Майлыбай

“Қазақ бөлімі”

Мақала “Социалистік Қазақстан” газетінің 1944 жылғы 26 қарашадағы санында жарияланып, осы нұсқа бойынша М.О. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағы 8-томының (Алматы: Жазушы, 1986) 103–105-беттерінде басылған.

Ұлы Отан соғысы жылдарының қиын кездерінде де партия мен үкімет әртүрлі ұлттардың оқу-ағарту ісін дамытып, мәдениетін өркендетуге көңіл бөлді. Соның белгісі ретінде С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілінде оқытатын тарих-филология, журналистика факультетінің ашылуы сол кез үшін елеулі оқиға еді. Елдегі ғылым, білім, мәдениет өсуінің кепілі болатын бастауыш, орта мектептерден кейінгі жоғарғы оқу орындарында әр салаға керекті мамандар тәрбиелеп, оқытып шығару ісі қалай жүргізіліп отырғаны осы мақалада кеңірек сөз етіледі. Жастарға білім беру сияқты мемлекеттік маңызы бар саланың сол кездегі жайы-күйі мен келешекте қажет боп отырған кейбір мұқтаждары да мақалада жан-жақты айтылады. Автор университеттегі қазақ бөлімі ашылуымен бірге, ондағы оқитын адам санының көбеюін айта келіп, білім беру, жастарды мамандыққа баулып, ғылымға тәрбиелеу ісінің қазақ тілінде жүргізіле бастауына назар аударады.

“Тіл ғылымы, әдебиет, тарих, политэкономия, жалпы тілтану ғылымының бәрінде университет қазақ оқушысына ана тілінде ұғындырып, жеткізе алатын болды”, — деп жазады каламгер.

Сондай-ақ оқу орнының кейбір қажеттері мен оқу-ағарту кезінде студенттерге білім беретін оқу құралдарын шығару, жаңадан кабинеттер ашу, озық ұстаздар тәжірибесін жинақтап тарату, шәкірттерді жай ғана тар саланың маманы емес, ғылымға, зерттеу ісіне бейім жан-жақты білімді етіп шығару жолындағы міндеттерге де тоқталады.

Халықтың ертеңгі жас ұрпағын рухани жағынан шыңдап,

осы салаға енбегі сіңіп жүрген озық оқытушылардың есімдерін атай келе, оқуда, күнбе-күнгі тәжірибеде көзге түсіп, таныла бастаған студент жастарды да мысалға келтіреді. Білім алушылардың арасынан мәдениетті, ғылым-білім ісіне мол үлес қосу үшін өсіп шығатын жаңа буынға мол сенім білдіреді.

Мақала М. Әуезовтің 50 томдық академиялық шығармалар жинағына кітаптағы мәтін бойынша әзірленіп, өзгеріссіз жіберілді.

К. Рахымжанов

“Ер серігі – сергек ой”

Мұхтар Әуезов халық батыры Бауыржан Момышұлымен әрдайым жылы қарым-қатынаста болған. Ұлы Отан соғысы жылдары хат-хабар алысып тұрған. “Намыс гвардиясына” Бауыржан түпбейне қызметін атқаруы әбден мүмкін.

Деректі очерк Б. Момышұлы 1944 жылы 19–25 қаңтар аралығында ғалымдар мен жазушылар, өнер адамдарымен өткізген кездесуіндегі дәрістері мен әңгімелерінің бір кезеңіне байланысты туған. Бұл оқиға кейін Б. Момышұлының “Бір түннің оқиғасында” суреттеледі. Кездесуге Қ. Сәтбаев, Ғ. Мүсірепов тәрізді ғалым, жазушылар ғана емес, басшы қызметкерлер де қатысқан. М. Әуезов естіген сөздерін дәптерге көшіріп отырған.

“Қазақ елі” журналының 1945 жылғы 2-санына бұл шығарманың машинкаға басылған нұсқасы жарияланады. Толық сақталмаған қолжазба да бар. Осы туындыға байланысты деректер, материалдар “Әуезов үйінің” қолжазба қорында бар (223-бума, 1–11-бб.; 106-бума, 24–25-бб.; 107-бума, 61-б.; 409-бума, 1–66-бб.).

Очеркте 1942 жылдың 7 ақпанындағы Трашково маңында өткен бір түннің ерлік әрекеттері баяндалады. Генерал И.М. Чистяков, Кеңестер Одағының Батыры болған академик Мәлік Ғабдуллин – шығарма кейіпкерлері. Жазушы бас қаһарманының ерекше өжеттігі мен батыл шешімдерін, әскери тапқырлығын бедерлі тіл, зор әсермен суреттейді.

Мәтін М. Әуезов шығармаларының жиырма томдық жинағындағы (8-том) толықтырылған нұсқа бойынша беріліп отыр.

Б. Майтанов

“Абай – қазақ халқының ұлы ақыны”

Мақала Абайдың туғанына 100 жыл толу қарсаңында жазылған. М. Әуезовтің Б. Кенжебаевпен бірігіп жазған бұл мақаласы “Ленин жолы” (1945 ж. 6 маусым), “Социалистік Қазақстан” (1945 ж. 16 мамыр), “Алтай большевигі” (1945 ж. 27–29 мамыр), “Сталин туы” (1945 ж. 5 шілде), “Большевиктік жол” (1945 ж. 8 шілде) газеттерінде жарияланған. Мақала М. Әуезовтің 50 томдық академиялық шығармалар жинағының осы томына газеттердегі нұсқаларымен салыстырылып беріліп отыр.

Мақала бес бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі кіріспе тәрізді. Абайдың туғанына тамыз айында 100 жыл толатынын айта келіп, ақынның қазақ халқының еркі, бостандығы, ой-санасының жетілуі үшін күрескенін, адамгершілікке баулығанын атап өткен. Абай тар заманда халықты жаңа жолға – мәдениетке, өнер-білімге бастады, жазба әдебиеттің негізін қалады, халқының мұны мен зарын жырлаған ақын. Абай халқына тек өз заманында ғана қызмет етіп қана қойған жоқ, оның асыл сөздері бүгінгі күні де қызмет етіп отырғандығы айтылған.

Екінші бөлігінде он тоғызыншы ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға қысқаша шолу жасалған. Абай заманындағы екі түрлі қоғамдық қарым-қатынастың, яғни капиталистік және бектік-феодалдық қалыптың тоғысуы әлеуметтік қайшылықтардың айқын көрінуіне себеп болды. Абай осы өз уақытының өзгешелігін, қайшылықтарын жақсы сезіне білген ақын ретінде көрінген.

Үшінші бөлігінде Абайдың ауыл молдасынан сауатын ашып, кейін Семей қаласында білім алғандығы, оқу-білімге деген бетбұрысы жайында сөз болады. Абайдың өз бетімен оқып, білімін жетілдіруде араб, парсы, түркі ақындарының еңбектері, осы тілдерде жазылған ертегі, қисса сынды әдеби мұралары еді. Жасы отыздан асқан шағында ақын орыс тілінде нәрлі кітаптарды оқыды. Семей жеріне жер ауып, айдалып келген революцияшыл-халықшыл Михаэлис, Гросс, доктор Долгопо-

ловтармен достасады. Орыс достарының Абайға тигізген әсері, өзінің алған, жиған білімі оны бұрынғы күнмен үйлестірмей, өз ортасынан озып шығуына, ұстаз, ақын, данышпандық деңгейге жетудегі жолдары баяндалған.

Төртінші бөлігінде Абайдың ірі феодал табынан шыкса да, өлең-жырларында өзі шыққан ортаның сөзін сөйлемей, халық сөзін, халық намысын жоқтағаны, атаның ұлы болмай адамның ұлы болғандығы көрінеді. Ақынның “Болыс болдым, мінеки”, “Мәз болады болысың” деген саяси астары бар өлеңдерінде тек би, болыстардың озбырлығын ғана шенеп қоймай, патша үкіметінің отаршылдық саясатын сынағанын авторлар сара-лап көрсетумен қатар, Абайдың халықты Европа мәдениетіне үндегенін айтқан.

Бесінші бөлігінде Абайдың ақындық өнерімен бірге мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар әншілік еңбегіне де талдаулар берілген. Сондай-ақ авторлар ақын еңбегін жоғары бағалаумен қатар, оның артынан қалған өлмейтұғын сөз маржандарын, яғни әдеби мұраларын кейінгі ұрпаққа мирас еткен.

1. 43-б. **“Қазақ халқының ұлы ақыны, ақыл-ойшылы, ұлы кемеңгері Құнанбайұлы Абайдың туғанына осы жыл август айында жүз жыл толады”** – 1945 жылы 15 тамыз күні ұлы ақын Абайдың туғанына 100 жыл толды (1845–1945 жж.).

2. 47-б. **“Араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзінің әбден сүйіп, тандап оқыған ірі ақындары болады”** – Ол Шығыстың ұлы, ғұлама, классик ақындары – Низами, Науаи, Сағди, Ха-физ, Физули және араб, парсы, иран, шағатай тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссалар.

3. 48-б. **“...Абайдың үстінен берілген партия басы жалақорлардың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кеңселеріне түсе береді”** – 1876–1978 жылдары Абай Қоңыркөкше еліне болыс болған. Ол ел басқару ісінде шонжарлар тарапынан қатты қарсылыққа ұшырады, үстінен оязға жалған арыз айтушылар көбейді. Соның бірі – Үзікбай Бөрібаевтың “Таймаккөл” деген жерімді тартып алды деген жалған арызы, сондай-ақ “Абай ба-рымта алды, ауыл шапты” деген дұшпандарының жалған арыз-дары болды.

А. Болсынбаева

“Абай елінде өткізілген мереке”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1945 жылы “Қазақ елі” журналының №3 санының 14–16-беттерінде жарияланған. Мақалада қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 100 жылдық мерейтойы ақынның туған жерінде өткізілген кезеңі суреттелген. Абайдың мерейтойын өткізу жұмыстарының, дайындық шараларының басы-қасында М. Әуезовтің өзі болып, шешуші роль атқарған. Той өту барысының негізгі әдеби, мәдени шараларының мазмұны көбіне М. Әуезов ұсыныстары мен талаптарынан өрбіген. Абай шығармаларының мерейтойлық жинағын шығару жұмысының ғылыми негізін М. Әуезов жасады. Осы кезде Абайдың өмірі мен шығармашылығына, мерейтойға қатысты көптеген саликалы ғылыми еңбектер, мақалалар жазды. Жазушының “Абай елінде өткізілген мереке” атты мақаласы – осы қатардағы еңбектердің бірі. Өте көркем, жинақы жазылған шағын мақалада Абай елінде тамыз айының жиырма алтысында өткен той барысы суреттелген. Тойға арналып тігілген үйлердің саны, үй тіккен аудан-колхоздар жайлы нақты деректер, тойға келген сырт қонақтар жайлы мәліметтер бар. Той өткізудің барысы ретті түрде баяндалып, кейбір тұста құжаттық түрдегі дәл деректер беріледі. Қарауылда өткен тойдың барысын, тарихын, сценарийін қалпына келтірем деуші зерттеушілерге мақала материалдары дайын тұрған нақты деректер көзі. Қазіргі заманда өз функцияларын атқарудан қалған жаршы-ақын қызметі де мақалада жақсы берілген. Қазақ тойындағы ойындар, олардың тәртібі, аламан бәйге, ұлттық ойындар өткізуге қатысты мол этнографиялық мәліметтер бар. Қажымұқан, Орымбай ақын туралы да қызықты айтылған.

Мақала жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томындағы нұсқа бойынша берілді.

Р. Әбдіғұлов

“Жизнь победила”

“Жизнь победила” атты көлемі шағын мақала Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуына бірнеше күн қалғанда Мәскеуде шығатын “Литературная газета” басылымының 1945 жылғы 5 мамырдағы санында жарияланған.

Осы күнгі газет бетінде алдағы Жеңіс күніне арналып С. Маршак, М. Исаковский, В. Инбер, Я. Колас, Лев Кассиль сияқты ақын-жазушылардың сөздері, өлендері берілген. Онда көптен тосқан бейбіт күннің салтанат құруы, жау әскерінің күн санап тынысы тарылып, Жеңіс күнін жақындатушы жеңімпаз елдер әскерінің жүргізіп жатқан соңғы күндеріндегі ерлік істері баяндалады. Мұхтар Әуезов өз сөзінде жеңіс қуанышына үн қатып, фашист басқыншылары орнатқан қаралы күннің ел басына қайта тумайтынына жеңістің сенім ұялатқанын атап өтеді. Газетке шыққаннан кейін мақала кітап беттерінде қайта жарияланбаған. М. Әуезовтің 50 томдық академиялық шығармалар жинағына газеттегі нұсқасы өзгеріссіз ұсынылып отыр.

К. Рахымжанов

“Халықтың ғасырлық жыры”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1945 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 24 июньдегі санында шыққан. Газеттің бұл санында 1945 жылы 22 июньде Алматыда Республика Министрлер кеңесінің ауруханасында қайтыс болған халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевқа арналған мақалалар, көңіл айтулар берілген. Көңіл айтушылардың ішінде қазақстандықтармен қатар Кеңес Одағының барлық өңірлерінің өкілдері бар. Жамбылдың өмірі мен шығармашылығына бір-неше көлемді зерттеу мақалалар жазған, ақынның шығармашылық тұлғасына ғылыми тұрғыдан алғанда сол кез үшін ең терең де дәл тұжырымдар жасаған М. Әуезов болатын. Жамбылмен тірі кезінде араласқан, ауруханадағы соңғы күндерінде қасында болып, жолыққан жазушы жерлеу комиссиясының жұмысына қатысып, қабір басында соңғы сөз айтушылардың бірі болған. Бұған дейін Жамбыл шығармашылығын көлемді еңбектерінде жан-жақты талдап келген М. Әуезов бұл көңіл айту мақаласында Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығына қатысты қысқа тұжырымдалған, нақты, ыстық ықыласты ойлар айтқан. Шағын мақалада ақынның шығармашылық жолындағы негізгі кезеңдері мен көркемдік ерекшеліктері, қамтыған тақырыптары, адами тұлғасы, әдебиеттегі орны түгел дерлік қамтылып, дәл, тұжырымды түрде айтылған.

Мақала кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томында берілді. Мақаланың қолжазбасы жазушы мұражайының мұрағатында жоқ. М.О. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағының бұл томына мақаланы 20 томдық шығармалар жинағының 18-томындағы нұсқа бойынша беріп отырмыз.

Р. Әбдіғұлов

“Вековая песня народа”

1945 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 24 июньдегі санында Жамбыл Жабаевтың қайтыс болуына қатысты материалдар берілген. Қазақстан үкіметінің көңіл айтуымен қатар жерлеу жұмыстарының бағдарламасы, қазақстандық жазушылар, акындар, ғалымдар, еңбекшілердің көңіл айту мақалалары берілген. Кеңес Одағы республикаларынан түскен көңіл айтулар да газеттің осы санында шыққан. Осы қатарда М. Әуезовтің “Халықтың ғасырлық жыры” атты көңіл айту мақаласы бар. “Вековая песня народа” осы мақаланың орыс тіліндегі нұсқасы. Бұл нұсқа баспа бетінде жарияланбаған. Жазушының өз қолымен жазылған қолжазбасы мұражай архивінде сақталған (249-бума, 35–36-бб.). Сарғыш жазу қағазының екі бетіне күлгін сиямен жазылған. Өңделген, өзгертілген жерлері жоқ. Мақала мәтінін бұл томға аталған қолжазба бойынша беріп отырмыз.

Р. Әбдіғұлов

“Ақын елінде”

(Романға деректер іздеу жолында)

М. Әуезовтің Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған бұл очеркі алғаш рет “Ақынның аулында” деген атпен “Социалистік Қазақстан” (1943 ж. 17 қазан) газетінде, содан кейін “Қазақ елі” журналы (1945 ж. № 6–7) мен “Совхоз туы” (1946 ж. 3, 5, 8, 15 тамыз) газетінде жарияланды. Жазушының 80 жылдық тойы қарсаңында “Мәдениет және тұрмыс” журналының 1977 жылғы № 6 санында және жиырма томдық шығармалар жинағының 8-томында (“Жазушы”, 1981. 87–98-бб.) басылды. Енді елу томдық толық шығармалар жинағының 27-томына сол басылымдары салыстырып барып енгізіліп отыр.

“Абай жолына”, әсіресе жазылып жатқан екінші кітабына тың деректердің қажеттігін қатты сезінген жазушы 1943 жылдың жазында ақын аулын аралауға аттанады. Сонда сапарды Аягөз жақтан бастағанының дұрыстығын жолындағы Сыбан, Тобықты, Мырза-Жөкен, Мамай, Көкше, Сақ-Тоғалакка қоныс, өріс болған адырлар мен қырқалар, таулар, талай талас-тартыс, шабыс-керіс, келіс-бітімнің шешімін таптырған өлкелерді аралап өткенде сезінді.

Шыңғыстың нулы салалары мен қойын-қойнауларындағы өзен, бұлақ, бастаулар, Аққойтас, Пұшантай, Керегетас, Шакпақ, Бала Шакпақ, Ботакан ошағы, Дөңгелек қоныс, Байқошқар, Сарыкөл, Шоттың аузы, Тонаша, Барлыбай жазығы, Арқат, Байжан тасы көп-көп оқиғаларды елестетті. Романның жазылып жатқан тарауларынан орын алар көріністер мен әңгіме-хикаяларды жазушы ерекше бағалады. Олардың ішінде “Қадиша қыз” дауы” атанған әңгімелері мен Базаралының жиырма шамаасындағы кезінде қырықтағы Барақты күресте жеңіп, сауытын тонап алып жөнеле бергенде: “Базаралы алды деп мен айтпайын, Барақты алдым деп сен айтпа”, айдаудан қайтқанда айғырлы үйір жылқы беріп, бір қаракөк ат мінгенін көрген жұрт: “Тасқа бойлап кеткенбісің”

десе, “Ой, шіркін! Бір айғыр үйірін астына мініп жүрмеген кісі жігіт пе”, Бөдей Жамансарының жұртты сабай беретініне ашуланып, іздеп барғанда ол “мен Жамансары” деп шабады, Базаралы найзамен түйреп тастап: “Жат, сендей жаман сары ит к...нен қаны ағып осылай жататын” дегені сияқты әңгімелер бар.

Әрхам Ысқақұлынан алғашқы деректі 1935 жылы алса, бұл жолғы естігендері де аз болған жоқ. Оның айтуына “Қадиша қыз дауы”, 1898 жылы Оразбай жылқысының алынуы (үш мың десе, енді бір тұста бес мың), Еркежанға әменгерлік жолымен туысқандардың таласы, сонда Абайдың алуына ауыл мен Кәкеңнің (Кәкітай) себеп болуы, Кәкітайдың 12 жасында Абай қолына келуі, Әбілғазының Сарбауыр атты (Әзімбай аты) кісенін ашып алып кетуі, Ниязбек молданың өзін-өзі ажуа еткен әңгімесі, Абайдың сыбызғышы, домбырашы, құмалақшы, дейбішыларды сүйеп, ісмерлікті қостауы, Әбілғазының саржорғасы, Бейсембайдың Оразбаймен құда болуы, Бозамбай мыңы Көктырна, Әбілғазы, Қарашада 700 қарала болғаны, Әзімханның қонақта болғанынан кейін Абайдың “Атасында көрмегенді ботасында көрсеттім” дегені, Оспанның Ысқақты шақыртып алып, қайнына жіберіп Тектіні (Мәніке) алдырғаны сияқты деректер жатады. Осылардың ішінде Балтабай айтқан Қаракерей Қабанбай 80 жасында қолды өзі бастап барып, “осында бір шұбар тышқан бар еді” деп жолбарысты өлтіргені туралы әңгіме мен Абайдың Жылытаудағы Байұзақ аулынан Аққасқа деген жүйрік атты алдырмаққа он екі атар беншестр мен екі алтыатар беріп, Мыңжасар, Қасымхан, Дубай дегендерді аттандырғаны, содан алып қайтқан Ақайдар атанған ат пен бір дөненді Дубайдың иемденгені жөніндегі әңгімелер де бар. “Өлушінің күні бітпей, өлтірушінің қолы жетпейді”, “Жер анасы — ел баласы”, “Жалынған бас қорғау емес, жағаласқан бас қорғау”, “қайтқан малға қасқыр өш” дегендей мақал-мәтелдер, Төлеу айтты деген сөздерді жазып алады. Бұларды жазушының өз балалық, жастық шағының қимас кезеңдерін еске алуы, толғануы, толқуы одан да ары байыта, түрлендіре түседі.

Т. Әкім

“Абайдың жүз жылдық мерекесі алдында”

Мақала алғаш рет “Қызыл Армия үгітшісінің блокнотының” 1945 жылғы сәуірдегі төртінші санында жарияланған. Басылым сыртында “Неміс басқыншыларына өлім” деген эпиграф бар. Шығарушы – Қызыл Армияның жоғарғы саяси басқармасы.

Мақала “Қызыл Армия” газетінің 27 шілдедегі санында да жарияланыпты. Мұнда “Пушкиндерге қазақ оқушысын дос етті” дегеннен “Жүз жылдық қарсаңында” деп басталатын жолдарға дейінгі екі абзац қысқартылған. Блокнотта мақала соңынан “Абай өлендерінен” деп “Әсемпаз болма әрнегенің” мәтіні келтірілген.

Мақала арнайы тапсырыспен жазылуы мүмкін. Майдан шебіндегі жауынгерлерге туған елде аталмақшы ірі мәдени шараның жоғары рух беретін қасиеті ескерілсе керек. М. Әуезов өз ойларының қысқа әрі түсінікті болуына мән береді. Ықшам көлемде Абай мұрасының маңызы мен бағасы, оның саяси-әлеуметтік астары, орыс әдебиетімен байланысы, халықтар достығын жырлағаны айтылып өтеді. Абай дәріптеген “ұлы қайрат, қасиеттің” соғыс кезіндегі ерекше орны көрсетіледі. Мақаладағы сол уақыттағы жазу ережесіне сай алынған “жыйнақ”, “қыйуа”, “қыйын” деген сөздер бүгінгі қалыпқа түсірілді.

М. Әуезов 1945 жылы жарияланған Абай шығармаларының толық жинағынан хабар береді. Сол жылы күзде жарық көретін өзінің “Абай” романының орысша нұсқасы туралы, “Абай” операсы жайлы, С. Мұқановтың “Абай Құнанбаев” атты зерттеуі хақында мәлімет келтіреді.

Н. Анов “Абай” романының орысша басылымы туралы М. Әуезов әсерін былай сипаттаған: “Міні, орысша аудармасының алғашқы данасын алып отырған бетім осы, – деді Мұхтар кітапты әрлі-берлі аударыстыра қарап. – Ал, қағазы онша әдемі емес екен, қайтесің, осының өзіне де көп күш

салдык. Жалпы басылуы жаман болып шықпаған. – Мұхтар кітапты тағы да аударар-төңкере қызықтай отырды да, маған ұсынды” (Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. Алматы: Жазушы, 1997. 106-б.).

Б. Майтанов

“Абай еңбектерінің биік нысанасы”

М. Әуезов Абай шығармашылығына байланысты әрбір тарихи-мәдени өмір жаңалықтарына орай жаңалай мақала не шағын зерттеу жазып отырған. Бұл мақала ақынның 100 жылдық мерекесі қарсаңында қолға алынған. Алдымен “Социалистік Қазақстан” газетіне (18.08.1945), одан соң “Алтай большевигі” (26.08.1945), “Ленин туы” (28.08.1945) газеттеріне қатарлас басылды. Қаламгердің “Әр жылдар ойлары” (1959, 206–212-бб.), “Абай Құнанбаев” (1967, 267–275-бб.) атты кітаптарына, 20 томдық шығармалар жинағының 18-томында (34–42-бб.) жарияланды. Басылым үшін осы нұсқа негізге алынған.

М. Әуезов сүйікті рухани ұстазы туралы үлкен тебіреніспен толғанады. Бейнелі, ұтымды сөздерді орнымен пайдаланады. Абай өмірінің жұмбақтығы мен орны толмас маңыздылығын дәлелдеуге көп күш жұмсалады. Абайдың өзгеден ерекшелігі ретінде әдебиетті әлеуметтік тартыс құралына айналдыруын атайды. Әр кезде тоқталатындай, ұлы шайыр өнерінің үш қайнар-көзін көрсетіп, биік ақындық мәдениетінің қыр-сыры ашылады. Абайдың дінмен қарым-қатынасы, Шығыстың рухани мұрасын шығармашылықпен игеруші ғана емес, ел арасына таратып-жаюшы болғаны да аталып өтеді. Антика дәуірінің әдебиетімен, Батыс философиясы, әдебиеті, тарихымен қазақ шайырының жете таныстығы зор талант қасиеті ыңғайында бағаланған.

1. 85-б. “**Жүрегімнің түбіне терең бойла**” – Бұған дейін “Жүрегіңнің...” боп кәте кеткен.

2. 87-б. “**...өреп-өреп кезеңдерін...**” – Бұл сөздер М. Әуезов стилі бойынша “ерен-ерек кезеңдерін” болып оқылуға әбден лайықты екенін аңғартамыз.

3. 87-б. “**...бөлгірік бөрі ақылы көптігінен...**” – 20 томдықта “арқылы көптігінен” боп дұрыс басылмаған, дұрысы – “ақылы көптігінен”.

Б. Майтанов

“Абайдың еңбектері”

Бұл мақала тұңғыш рет “Социалистік құрылыс” газетінің 1945 жылғы 8 тамыз күнгі № 158 санында жарияланған. Газет нөмірінің 3-бетіндегі мақаланың басында “Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында” деген айдар берілген. Міне, осы айдардың аясында жазылған “Абайдың еңбектері” бұдан кейінгі жазушының әр жылдардағы басылымдарында, жекелеген жинақтарында жарияланбаған және мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

Жазушының академиялық толық жинағына “Социалистік құрылыс” газетіндегі нұсқа ешбір өзгертулерсіз толық енгізілді. М. Әуезовтің бұл мақаласы Абайдың 100 жылдық мерекесіне орайластырылғанымен, сол кездің талап-тілектерін, партияның ұсыныстарын ескере отырып жазылғандығы байқалады. Бірақ, мақалада аталмыш саяси салқындықтар бой көрсеткенімен, Абайдың шығармашылығына аса қатты әсер еткен үш ұлы дерек – халық ауыз әдебиеті, шығыс әдебиеті және орыс әдебиеті өте терең талданған. Және бұл мақалада айтылған ойларының өзегі осы жылы жазылған “Абай (Ибраһим) Құнанбаев” атты ғылыми-зерттеу мақаласының екінші бөлімінде де кездеседі. Бірақ екі мақаланың алдына қойған мақсаттары әр басқа болғандықтан, бұларды толық жинаққа жеке-жеке жібердік.

1. 94-б. “Абайдың әдеби мұрасы, оның өлеңдері, поэмалары, аудармалары және оқушылармен әңгіме ретінде жазған “ғақлиялары” үлкен екі том болды” – *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. Шығармалары. Өлеңдер, поэмалар / Ред. басқарған М. Әуезов. Алматы: Қазмембас., 1939. 288 б.; *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. Шығармалары. Аудармалар мен қара сөздер / Ред. басқарған М. Әуезов. Алматы: Қазкөркемәдеббас., 1940. 320 б. Мақала аталған екі том туралы жазылды.

Е. Қаныкейұлы

“Абай (Ибраһим) Құнанбаев”

(1845–1904)

Абайдың жүз жылдығы М. Әуезовтің алдына оның кітаптарын шығарып, шығармашылығын, өмірін жаңа, жетілген нұсқада жазу мақсаттарын қойды. Сол мақсаттар романы мен зерттеу еңбектерін қатар алып барғыздырды. Сонда ақынның өмірін, шығармашылығын зерттеген мақала, ғылыми еңбектер жазуды бастағанына жиырма жылдай уақыт болып қалыпты. Бұл тұстағы көзінің жеткені ақын ойлары мен танымының, маңыз-мазмұнының күн өткен сайын артып бара жатқандығы еді. Осыларды сезінудің әсері өмірбаянның үшінші нұсқасын жазуды бастатып жіберсе, оның артынша шығармашылығының соны қыры талданатын “Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904)” деп аталатын мақала дүниеге келді. Бұл да, ақын шығармаларының толық жинағына енбей қалған өмірбаян секілді, той қарсаңында шығуы тиіс ұжымдық жинақтың басылмауы себепті қалып қойды. Осыдан соң 1985 жылы ғана жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томынан (“Жазушы”, 300–350-бб.) орын алды.

Құрылым-құрылысы, мазмұн-сапасы жағынан болсын абайтануға елеулі үлес болып қосылатын мақалаға ақын өміріне, шығармашылығына қатысты соңғы кездері белгілі болған деректер, оның айналасындағы өзінің ой-толғаныстары, пайым-танымдары кеңінен пайдаланылды. Алдыңғы жазғандарын үнемі дамытып, жетілдіріп отыратын әдет-машығы бұл тұста да қайталанды.

Т. Әкім

“Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы”

(1845–1904)

М. Әуезов бұл еңбегін 1945 жылы Абайдың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында шығатын толық шығармалар жинағына енгізуді жоспарлаған еді, бірақ әртүрлі себептермен ол ойы жүзеге аспай қалды.

Енбектің жазылуына, құрылымын жанаша өрбітуіне 1943 жылы ақын елін аралау кезінде жинаған деректері көп көмегін тигізді. Сол сапарында жиып-тергендері мен көкейге тоқығандары романын да, өмірбаянын да мүлде жаңа арнабағытқа салып жібергендей еді. Сондағы деректер ақынның ақындығын, шытырманды өмір ағымындағы тұлғасын, ерекше жаратылысты бітімін ұғындырып, сезгендері мен түйгендері, тоқығандары бұрынғыларын тағы да байытып, бірден бірге өткен сайын жаңа сезім, жаңа сілкіністерге түсірген.

Алдыңғы нұсқадағы көптеген дерек көздері бұл жерде ықшамдалды, оның орнын жаңа таным, жаңа ойлар толықтырды, жаңарып, жаңғыртылды. Мұнда тағы да құжаттардан гөрі ел аузындағы аңыз әңгіме, естеліктерге сүйенуі басым болды. Кейіннен белгілі болған мұрағаттағы дерек-істермен салыстырып көргенде, олардың арасынан ауып-ауытқушылық байқалмады, қайта мейлінше дәлдігін, сәйкестігін көрсетті. Оны тынымсыз ізденіс, тынымсыз іс-әрекеттерінің, саралауы мен толғаныстарының жемісі деуге болады.

Ақын шығармаларының толық жинағынан қалып қойған осы өмірбаян қырық жылдай уақыт өткенде барып жиырма томдық шығармалар жинағында (“Жазушы”, 1985. 63–143-бб.), филология ғылымдарының докторы М. Мырзахметұлының құрастыруындағы “Абайды білмек парыз ойлы жасқа” деп аталатын кітапта (“Санат”, 1997. 227–350-бб.) кейбір қысқарумен басылды. Сол басылымға еңбей қалған мына секілді жолдар мен беттер өз қалпына келтірілді:

“Осы кездегі атқа мінгендер аузындағы аңызға қарағанда, Құнанбай “Қарадан шыққан хан болған” деп аталады. Құнанбай бірде Тобықтының старшинасы (ол күнгі болысы есепті), бірде жаңағыдай аға сұлтан болып жүрген кезде басынан талай үлкенді-кішілі уақиғалар атқарған. Ақын Абайдың алдыңғы аталарындай емес, Құнанбай жайында ел жадында қалған аңыз-әңгіме аса көп. Себебі Құнанбай өз тұсындағы ел билеушілердің көбінен үздік шыққан. Ақын ойы да, қажыр-қайраты да, әмір, билік батылдығы да және онды-терісті кесек іс қимылдары да бұның атын мәлім еткен.

Оның жайындағы әңгімелерді ақын Абай атына байланыстырмай-ақ, неше алуан қып ел аңызы көп сақтаған, көпке жайған. Шынында, Құнанбайдың ұзақ өмірі (ол 80 жасқа келіп өлген) қилы-қилы оқиғаға аса бай еді. Өскенбайдың өзі барда ел ішін ерте қолға алған Құнанбай ру тартысының зор қактығысын жасырақ шағында да бірнеше көреді. Ондағы тартыс Тобықтының өз ішіндегі тартыс емес, сырт рулармен тартыс. Мысалы, Құнанбайдың 30 жастағы шағында аулына Найман шабады. Ондағы Найман қолының мықты басшысы Серікбай жасанған көп қол болып кеп, бекінісіп жатып, бірнеше түн жылқыға тиеді. Қатты қимыл соғыста Құнанбай тап ортада өзі жүреді. Найман көп кісі тұтқын қалдырады, жылқыны Тобықты алғызбайды. Бірақ осы соғыста Құнанбай жағынан көп кісі найзаға шаншылып, қатты жарадар болады да, Өскембайдың бір азамат баласы қаза табады. Ол Бостамбек деген асырап алған баласы болатын. Өскембайдың бәйбішесі Зере Құнанбаймен бірге бауырына салып өсірген еді. Найманнан Өскембай аулында тұтқын боп, көп азап көрген жандардың ішінде Қожамжар деген ақын да болған. Осы шабуыл зор пәлені Қожамжар өз уақытында көп өлең еткен. Бұл шабуыл арты Қарқаралы приказының, Аягөз ұлықтарының кеңселеріне шейін барады. Соңғы жылдар табылған архивте Тобықты жағының барлық жауабы, дауын айтып, тастабандаған тартысты басқарып жүрген кісі Өскембай емес. Сол әкесі берген тапсырма бойынша бар тергеу талқыны өз мойнына алған 30 жасар жігіт Құнанбай болады.

Құнанбай басынан кешкен осы алуандас екінші бір оқиға қазақ тарихының сол дәуірдегі үлкен бір беліне соғады. Кенесары жорығы тұсында, Құнанбайдың бір інісі Тобықтыға старшина боп тұрған кезде, Құнанбай жоғарғы ұлықтан тығыз бұйрық алып, Балқаш, Алатауға беттеп бара жатқан Кенесары, Наурызбай қолын қуады. Ел есінде жыл мөлшері қалмапты. Бірақ бұл оқиға шамасы 1846—1847 жылдар кезінде болу керек. Құнанбайдың кейін ақын болатын баласы Ыбырайдың

жас нәресте, апыл-тапыл басып жүрген кездері. Кенесары қолының Балқашқа қарай қиыстап өтіп бара жатқан уағында арт жағынан да, Аягөз тұсынан да қуа шыққан отрядтар болады. Сол отрядтардың бірі жоғарғы әкімдер бұйрығымен жолдағы старшынның бірі Құнанбайды ертіп алады. Патшалық әскеріне қосып, Құнанбайға да қол жиғызып, топ көбейтіп, Тобықтыдан көп жігітті атқа мінгізеді. Бірақ, ел аңызы бойынша, Құнанбай ұлық алдында дұшпан көзі қылғанмен, Кенесарыны шындап бой салып қумайды. Бір рет екі қол кезіккен уақытта бұлардың қарсысына ұзын торы атқа мінген қолбасы шығып, жауынгер серіктерімен қатты қимыл етеді. Патшалық әскерін ілгері бастырмай қояды. Отряд бастығы осы орайда бір тәсіл жасап, қазақ тобы Құнанбайларды алға салып, өздері солардың артынан тықсыра жүріп барып, жақыннан айқаспақ болады.

Ойлағандай бір сәтте Тобықты қолы Наурызбайларға қоян-қолтық келіп қалады. Сонда Тобықты ішінде Көкшеден шыққан Төбет деген батыр шындап шауып, Наурызбайдың бір батырына найза саларман болады. Осыны Құнанбай көріп, Төбетке ақырып, шақырып алып: “Мен күнім үшін жүргенім болмаса, шындап ұстасайын деп жүр ме екем, көрмеймісің, бізге оқ атпай, басымыздан асырып, арттағы отрядқа атып тұрғанын, сен иттің батырлығың осында ұстаған екен...” деп, қамшымен бастап тартып жіберіп тыйып тастаған деседі (198-бума, 5—8-бб.). “Ол жеңген, біз жеңілген елміз. Оған жеңізіп отырған қуат — өнер-білімі. Егер сол өнер-білімді” (33-б.); “Жігітек жағынан сөз ұстап келген Базаралы, Ырғызбай жағынан Абай болады. Екеуі жүгініске отырады. Сол жолда да Базаралы қалжындап: “Уай, билер! Мына Құнанбай баласының ақшасы да, асы да көп екені рас. Бірақ сендер біле білсеңдер, бұнан да сендерге мен көп беріп отырмын. Әншейінде осы отырған барлығың Абайды “Құдайдан туды ма екен” деуші едіңдер, соны әкеп алдыңызға бір тізе бүктірдім. Осыдан көп берген бола ма” дейді. Осы Базаралының шапшаң айтатын алғырлығын қалжың етіп Абай: “Қазақта айтар сөзі аузына әйелдей тез түсетін Базаралыдай шапшанды көргем жоқ” деген” (67-б.); “Жиыны Абай шығарған ән 16-17” (101-б.); “Мадия деген жігіт туысқанына әр кезде Көкбай шығарған “Кенесары-Наурызбай” жырын әнімен айтқызады екен. Тыңдап-тыңдап кеп “Тек жолы болмады-ау сорлының деп Наурызбайды қатты аяйды екен” (108-б.). Бұлардың не себепті қысқартылғанын қазіргі күнде айқын түсінуге болады. Кенесарыға, оның іс-әрекеттеріне қатысты ойлар бұл тұста оншалықты жаңғырып кете қоймаған еді.

Өмірбаянның осы үшінші нұсқасының түпнұсқасы Қазақстан Ұлттық ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қорында (№ 594 іс) сақтаулы. Онда автордың түзетіп өңдегендігі, толықтырылып, қосымшалар қосқандағы белгілері 1, 3, 58, 7, 14, 26, 31, 54, 58, 63, 65, 69, 80, 85, 96, 107-беттерінде көрсетілген. Бұдан басқа жазушының өз архивіндегі осы еңбектің машинкада басылған (197-бума) бір данасы бар. Онда көптеген жолдар, абзацтар, беттер сызылып, кей тұстарындағы қосылған қосымшалары қолмен жазылған. Бұлардың кейінгі төртінші нұсқасын дайындау алдындағы енгізген өзгерістері екендігін айтуға болады.

Т. Әкім

“От домбры — до оперы”

Мақала Кеңестер Одағы құрамындағы Қазақ КСР-ның құрылғанына 25 жыл толу мерейтойына арнайы жазылып, “Известия” газетінің 1945 жылғы 6 қаңтардағы санында жарияланған. Жазушы мұражайының қолжазба қорында мақаланың (317, 322-бума) орыс тіліндегі қолжазбасы мен машинкаға басылған нұсқасы сақталған. Мерейтойлық мақала газетке басылып шыққаннан кейін, жазушының осы қарсанда жарық көрген орыс тіліндегі мақалалар жинағына, көп томдық кітаптарына енген. Алайда осы мақаланың көпшіліктің назарына ілініп, бүгінгі күнге дейін көптеген музыка, театр, әдебиет зерттеушілерінің ондағы айтылған ойларды өз еңбектеріне мысалға келтіріп, орынды пайдаланып жүруі жазушының бұл еңбекте көптеген тың пікірлер айтқандығын дәлелдейді. Өз мақаласында М. Әуезов қазақ музыкасының, театр, опера өнерінің 25 жылда үлкен табыстарға жетіп, қалыптасу мектебінен өткенін айта келіп, оны еліміздің бұрынғы өнер тарихымен, әртүрлі халықтар арасындағы мәдени қарым-қатынас, рухани сабақтастықпен, жалпы өнер атаулының бір-бірімен ықпалдастығымен байланыстырады. Бұдан бұрынғы мерейтойлық мақалаларында өз уақытындағы әдебиет, театр жайында айтқан жазушы бұл жолы өз сөзін аса күрделі де нәзік тақырып — ұлттық музыка мен жаңа дәуірдің жемісі операдан бастайды. Өнердің басқа саласындағы табыс ретінде мысалға театр қойылымдары мен қаламгерлердің көпке танылған бірқатар көркем туындыларын атаған. Қазақ өнерінде кейін дамыған драматургия, көркем проза, журналистика, сын, әдебиет тарихы мен теориясы жайлы еңбектердің пайда болуы кейінгі 25 жылдың жемісі екеніне көптеген дәлелдер келтіре отырып тоқталады.

Мақала М. Әуезовтің 50 томдық академиялық жинағына қолжазбадағы нұсқамен салыстыра отырып дайындалды.

К. Рахымжанов

“Жизнь и творчество Абая (Ибрагима) Кунанбаева”

(1845–1904)

Абайдың тіліндегі таңдамалы шығармалары 1945 жылы Мәскеуде “Абай” деген атпен (“Государственное издательство художественной литературы”, 320 б.) басылып шықты. Осы жинақтың алғы сөзін Леонид Соболев, содан кейінгі ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мақаланы (11–30-бб.) Мұхтар Әуезов жазды. Кітапта Абайдың өлеңдері мен дастандары, кара сөздерінің үзінділері және афоризмдері қамтылды.

Жинақты шығарушылар өздерінің мақалаларында ақын өмірі мен шығармашылығын ғана емес, жалпы қазақ өмірінің тұрмыс-тіршілігінен, өткенінен де хабардар етуді мақсат тұтқандық байқалды. Ақын өмір сүрген заман Ресей отаршылығына түгелдей көшкен, құлдықтың шырқау шегіне жеткен заман еді; жерінен де, малынан да, тіпті атауынан да айрылды, тілі мен дініне ауыз сала бастаған басыбайлықтың құтылмастай шырғауына шырмалған шақ болатын. Осылардың бәрін Абайдың көзбен көріп, жанмен сезінуі өлеңдеріне ауысты. Біріне бірін айдап салып қойған патшалық жүйенің саясаты ақын жанын ауыртты, өшпестей із, белгісін қалдырды, халқының мінездерін өзгертіп жібергенін де қатты сезінді.

Сонда ақын өлеңдерін аударуға отыз шақты авторлар тартылды. Олардың қатарында С. Липкин, М. Тарловский, В. Рождественский, Д. Бродский, В. Державин, А. Русть, В. Шкловский секілді белгілі ақын-аудармашылар бар.

Т. Әкім

“Абай Қунанбаев – поэт и просветитель казахского народа”

(1845–1904)

Жазушының бұл мақаласы алдымен 1945 жылы “Приуральская правда” және “Прииртышская правда” газеттерінің 4 шілдегі санында шыққан. Содан кейін “Ленинское знамя” (11 шілде), “Семиреченская правда” (15 шілде), “Актюбинская правда” (10 тамыз), “Сталинский путь” (15 тамыз) газеттерінде берілді.

Мақала Абайдың 100 жылдық мерейтойына орай жазылған. М. Әуезов мерейтой қарсаңында үлкенді-кішілі көптеген мақалалар, көлемді зерттеулер жазған. Солардың қатарында орыс тілді оқырманға арналып жазылған бұл мақалада ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына, адами қасиеттеріне, ақындық тұлғасына, өскен ортасына өте көркем, ықшам тілмен шолу жасалған. Мақала авторының мұндағы ойлары әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Абайнамадағы, өз көлеміне қарай бағалағанда, көтерген жүгі мол үздік дерлік мақала. Мақаланың дәл газетке шыққан түрдегі, көлемдегі нұсқасы жазушы мұражайының қолжазба қорында жоқ. Мақала мазмұнының көп бөлігі қолжазба қорындағы “Доклад на тему “Жизнь и творчество Абая” (для юбилейного пленума ССП Казахстана)” атты бумадағы (ҒМО. 200-бума) мәтінмен сәйкес келеді.

Жазушының академиялық шығармалар жинағының бұл томына мақала газеттерде шыққан мәтіні бойынша беріліп отыр.

1. 252-б. “...недавно принявшего русское подданство” – XIX ғасырдың бірінші жартысының соңына таман, 1847 жылы Орта жүз қазақтарының басым бөлігі Ресей империясының қарамағына кіріп, Қазақстанның толық отарлану кезеңінің мезгілі жақындаған. Осы кездегі ел ішіндегі әлеуметтік өзгерістердің әсері Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығынан анық байқалады.

2. 252-б. “...**(Кунанбай имел четырёх жен)**” – Бәйбішесі Әйбөбектен (Күнке) Құдайберді (Шәкәрімнің әкесі) туған; екінші әйелі Ұлжаннан – Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан; үшінші әйелі Айғыздан – Халиолла, Смағұл, Кәмшат; төртінші әйелі Нұрғанымнан бала жоқ.

3. 254-б. **Кокбай Жанатаев** – Көкбай Жанатайұлы (1864–1927) – Абаймен өмір бойы достық, інілік, ақындық сыйластығын сақтаған, құрметтеген адам. Көкбайдың өлеңмен жазылған “Араб тілінің грамматикасы” еңбегі, “Сабалақ”, “Құлынды”, “Ғаділ патша”, “Арұнрашит” дастандары, өлеңдері бар. 1924 жылдан бастап Абайдың өмірбаянын зерттеушілерге, өлең жинақтарын дайындаушыларға өлшеусіз зор көмек көрсеткен.

4. 254-б. “...**воспитанными на учениях Чернышевского**” – М. Әуезов Н.Г. Чернышевскийдің немересі Нина Михайловна Чернышевскаямен хат жазысып тұрған. Әдебиет зерттеушісі Н.М. Чернышевская 1941 жылдан бастап Н.Г. Чернышевскийдің Саратов қаласындағы мұражайының директоры болған. “Әуезов үйі” ҒМО архивінде Н.М. Чернышевскаяның М. Әуезовке жазған хаттары сақтаулы тұр.

5. 254-б. **В.Б. Михаэлис** – Газетте Евгений Петрович Михаэлистің инициалдары қате берілген.

6. 254-бет. **Н.В. Шелгунов** – Н.Г. Чернышевскийдің жақын достарының бірі, XIX ғасырдың 60-жылдарында Ресейдегі революциялық ұйымдардың белсенді мүшесі болған. Шелгуновтың әйелі Людмила Петровна Шелгунова – Е.П. Михаэлистің туған қарындасы.

7. 255-б. **Муха** – Мұқа (Мұхамедканапия) Әділханұлы (1857–1927) – әнші, сазгер, ақын. Абайдың досы, “Абай жолы” роман-эпопеясында тарихи кейіпкер ретінде суреттелген.

8. 256-б. **Лесаж** – Лесаж Ален Рене (1668–1747) – француз жазушысы. “Хромой бес” (1707) романында Лесаж француздың XVII ғасырдағы тұрмыстық роман дәстүрін жалғастырды. Адамдарды қоғамдық-әлеуметтік орындарына тән орта, іс-әрекеттерде, тұрмыста алып суреттеді.

9. 256-б. **Шамиль** – Шамиль (1799–1871) Дағыстан мен Шешендердің үшінші имамы. Кавказ халықтарының Ресей империясының отарлау саясатына қарсы күресін басқарды. Солтүстік Кавказ имамдығын құрды. Жарты ғасыр бойы отаршылдыққа қарсы күрескен. Діни қайраткерлігімен қатар, талантты ұйымдастырушы, әскербасы, қайтпас қайсар жауынгерлігімен көзге түсті. Ұлты – авар. 1869 жылы Дағыстандағы Ғұниб қаласында орыс әскерлерінің қолына түсті. Калугада ай-

дауда болды. Меккеге бара жатқан сапарында Медина (Араб) қаласында қайтыс болған.

10. 256-б. **Бейсембай** – Бейсембай Жәнібекұлы (1858–1917) – Абайдың жанында жиі болып, өлендерін ел ішіне таратқан адамдардың бірі.

11. 256-б. **Кенесары** – Отызыншы жылдардың алғашқы жартысында М. Әуезовтің “Хан Кене” пьесасы сахнада бір-ақ рет қойылып, солақай идеологиялық сынға тап келіп, театр репертуарларынан алынып тасталған. 1945 жылы өз мақаласында Кенесары атын келтіруі ол кез үшін батыл да қауіпті әрекет болатын.

12. 257-б. **Оразбай** – Оразбай Аққұлыұлы (1837–1921) – Тобықты елінің ірі байы, қажы, ел билеуші ірі шонжар. “Абай жолы” роман-эпопеясында суреттелген.

Д. Қонаев

“Халық артисі”

Мақала алғаш рет “Социалистік Қазақстан” газетінің 1946 жылғы 2 сәуірдегі санында жарияланған. Осы нұсқа бойынша кейін М. Әуезовтің “Уақыт және әдебиет” кітабының (Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962) 301–304 беттерінде; он екі томдық шығармалар жинағы (Алматы: Жазушы, 1969) 11-томының 254–255-беттерінде; жиырма томдық шығармалар жинағы (Алматы: Жазушы, 1985) 18-томының 287–291-беттерінде қайта басылған. Осы мақаланың қысқарған түрі “Қазақ елі” газетінің 1946 жылғы № 1, 2 сандарында шыққан.

Қазақ театрының іргетасын қалаушылардың бірі, айтулы актер Қ. Қуанышбаевтың өнердегі жолы мен оның азаматтық тұлғасы туралы жазушы өзінің театр, кино, өнер туралы, қазақ мәдениетінің өсу жолдары туралы жазылған бірқатар мақалаларында атап өтеді. Ол мақалаларда жазушы актердің өзіне тән ойнау мәнері мен кейбір рольдерді сомдауда көрсеткен үздік колтанбасы туралы сүйсіне жазады. Сонымен бірге жазушы қазақ театрының алғашқы актерлері — Қ. Жандарбеков, Қ. Байсейітов, С. Қожамқұлов, Ә. Қашаубаев, И. Байзақов, Е. Өмірзақов, Қ. Бадыров сияқты труппа мүшелері туралы да ұнамды пікірлер білдіреді. Олардың сахнада сомдаған әрбір ойынын, әрбір жаңа пьесаны шығарудағы көрсеткен шеберліктерін, көрермен көкейінен шыққан ұнамды жақтарымен қоса жетпей жатқан жерлеріне пікір, тілегін білдіріп отырады.

Осы аталған мақаласында жазушы актердің өнерімен қоса оның азаматтық тұлғасына көбірек тоқталады. Мәдениеті жетілген елдердің өнер қайраткерлеріне лайық деңгейде құрметке бөленген айтулы өнер шеберінің көпке танымал болып, ел сенімін иеленіп, Жоғарғы Кеңеске депутаттыққа ұсынылуы еліміздің мәдени жағынан өсіп, гүлденуінің жемісі деп бағалайды. Актер өмірінің әртүрлі кезеңдерін, өсу белестерінде небір қиын рольдерді ойнаудағы шеберлігін,

көркемөнердегі жетістіктері мен оның әр жылдары үкімет тарапынан алған марапаттарын атай келіп, актер Қалибек Қуанышбаев ел бағасына өнерімен жауап беретініне өз сенімін білдіреді.

Мақала М. Әуезовтің 50 томдық академиялық жинағына бұдан бұрынғы кітаптардағы мәтін бойынша дайындалып, өзгеріссіз жіберілді.

1. 261-б. **“Осы үшеудің бірі – “Алдаркөседегі” мес-мешкей, жарым адам, жарым доңыз Шораяқ...”** – “Алдаркөсе” – жазушы Шахмет Құсайыновтың пьесасы. 1942 жылы қаңтар айында Қазақ драма театрында қойылды. Шораяқ ролінде белгілі актер Қ. Қуанышбаев ойнаған.

2. 261-б. **“Қалыбектің ойнауы арқылы Қазақстанның көркемөнері өзінің өсіп, піскендігін танытып, ұлы орыс халқының классикалық пьесаларын (“Ревизор”, “Мысыққа күнде той болмас”) және кеңестік пьесаларды да талай көрсетті”** – А. Островскийдің “Мысыққа күнде той болмас” пьесасында есерсоқ Ахов ролін, Н. Гогольдің “Ревизорында” Дуанбасы ролін Қ. Қуанышбаев сомдаған болатын.

К. Рахымжанов

“Талантливый сын народа”

М. Әуезовтің бұл мақаласы Қостанай облысының “Сталиндік жол” (“Сталинский путь”) газетінде 1946 жылы 1 ақпандағы санында шыққан.

Мақала қазақ сахнасының хас шебері Қалибек Қуанышбаевтың КСРО Жоғарғы Кеңесінде депутаттыққа кандидат ретінде сайлаушылармен кездесуінің қарсаңында жазылған. Мақалада Қалибек Қуанышбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы тұжырымды мәліметтер берілген. Кездесудің өзі Петковкада өткен.

Алғаш “Даровитый сын народа” атымен жазылған мақаланың машинкаға басылған қолжазбасы (273-бума, 58–62-бб.) жазушы мұражайында сақталған. Қолжазба үстінен көк сиямен түзетулер жасалып, парақтың екінші бетінде қосылған сөздер мен тіркестер берілген.

Осы мақаланың қазақ тіліндегісі “Халық артисі” атымен “Социалистік Қазақстан” газетінің 1946 жылғы 2 сәуірдегі санында шыққан. “Қазақ елі” журналында шыққан (1946 ж. № 1–2) “Депутат Қуанышбайұлы” атты мақала “Халық әртісі” мақаласының қысқартылған нұсқасы болып табылады.

1. 266-б. **Шораяқ** — Ш. Құсайыновтың “Алдаркөсе” комедиясының кейіпкері. Режиссері — М. Гольдблат, суретшісі — Э. Чарнамский (1942).

2. 266-б. **“...со страшной человеческой судьбой глухонемого в пьесе “Ахан-Серэ”** — Сөз Ғ. Мүсіреповтың “Ақан сері — Ақтоқты” трагедиясының кейіпкері Мылқау туралы болып отыр. Режиссері — М. Гольдблат, суретшісі — Э. Чарномский (1942).

3. 266-б. **“Абай”** — М. Әуезов пен Л. Соболевтің “Абай” трагедиясы. Режиссері — А. Токпанов, суретшілері — Э. Чарномский мен Қ. Қожықов (1940).

4. 266-б. **Ахов** — А. Островскийдің “Не все коту масленица” комедиясының кейіпкері. Пьесаны М. Жанғалин аударған. Режиссері — М. Соколовский, суретшісі — А. Силась (1940).

5. 266-б. **Городничий** – Н. Гогольдің “Ревизор” комедиясының кейіпкері. Комедияны М. Әуезов аударған. Режиссері – И. Боров, суретшісі – Д. Завирзин (1936).

6. 266-б. **Брабанцио** – У. Шекспирдің “Отелло” трагедиясы. Аударған М. Әуезов. Режиссерлері – М. Сокольский мен А. Ысмайылов, суретшілері – Қ. Қожықов пен Өскенбаев (1939).

7. 266-б. **Баптиста** – У. Шекспирдің “Асауға тұсау” комедиясының кейіпкері. Аудармасы М. Әуезовтікі. Режиссерлері – О. Пыжов пен Б. Бибиқов, суретшісі – Э. Чарномский.

8. 267-б. “...это создание на экране образа великого классика казахского народа Абая” – Актер Қ. Қуанышбаев “Абай әні” көркем фильмінде Абай бейнесін сомдаған. Сценарийін М. Әуезов жазған. Режиссері – Г. Рошаль, суретшісі – Қ. Қожықов.

Ә. Қуанышбаев

“Абай жолының” деректері”

М.О. Әуезов эпопея үшін ең алғаш дерек жинау мақсатымен Семей қаласына 1935 жылдың желтоқсанында барды. Ол жерге естеліктер айту үшін Сыдық Махмұдұлы, Әрхам Ысқақұлы, Тұмабай Түсіпұлы, Қатпа Қорамжанұлы сияқты Абайды жақсы білетін ел адамдары келді. Бәрі де жақын қарым-қатынаста болғандар: бірі туысқан, бірі атқосшы, бірі олай-былай істерге жұмсайтын қызметкер. Сонда елді аралауға мүмкіндігі болмай, олармен әбден әңгіме-дүкен құрған соң Алматыға қайтты. Солардың айтуындағы әңгімелер жазылған блокнотты соңынан “Көне дәптер” деп атады. Бұл роман үшін жинаған деректер жазылған дәптердің ең алғашқысы еді. Одан кейінгілері әртүрлі жағдайда әртүрлі көлемдегі қағаздарға түсірілді. Бұлардың ішінде халықтың мақал-мәтелдері мен шешендік сөздері, жұмбақтары, жаңылтпаштары, тақпақтары, тарих әңгімелері сияқты көптеген сөз үлгілері мен Жәке бидің, Нұрлыбек Түйтеұлының, Жәке бидің баласы Қабылдың, Байыстың, Құнанбайдың, Сабырбайдың, Жанактың, Торайғырдың, Бөлтіріктің, Орманбет, Арғын Шоқай бидің, Қырғызбай Машан бидің, Қазыбек Әнет баба сөздері бар. Бұлардың бәрі дерлік әртүрлі жолдармен романнан орын алғандығы көрінеді.

Т. Әкім

“Сын сағатта”

Ұлы Отан соғысына қатысқан көп ұлтты кеңес жауынгерлері мен тылдағы еңбек адамдарының ерлігін суреттейтін “Сын сағатта” пьесасы 1941 жылдың тамыз айында жазылды. Ал Қазақстан академиялық драма театрында 7 қараша күні сахнаға шығарылды. Режиссері – А. Токпанов, суретшісі – Э. Чарномский, композиторы – О.А. Сандлер. Пьесаның әуелгі нұсқасы арабша жазылып (105-бума), алғы бетінде: “Сын сағатта. 4 акт, 8 суретті, геройлық пьеса” деген анықтама берілген. Оқушының жол көзді қалың қос дәптеріне қара сиямен таза жазылған қолжазба нұсқаның жазушы беттеуіндегі көлемі – 112 бет. Бұдан кейінгі екінші нұсқа латын қарпінде (104-бума) машинкеге жазылған. Тақырыпты автор көк сиямен латын әрпінде өз қолымен жазып, тақырыптың жоғарғы жағындағы аты мен фамилиясының астын сызып, “3 актылы, 5 суретті пьеса, Алматы – 1941 ж.” деп көрсеткен. Автордың қара, көк сиямен, қызыл көк түсті қарындашпен сызған, түзеткен, қосқан жерлері пьесаның барлық беттерінде кездеседі. Жазушы өз қолымен жазып қосқан қосымшалар 2, 4, 9, 13, 15, 17, 43, 44-беттердің артына көк сиямен жазылған. Жазу парағының сақталуы жақсы және жазу қағазы әртүрлі: ұзын жолды, сарғыш. Автордың беттеуі толық емес әрі қиылған беттері де өте көп. Ал архивтің беттеуінде мұның көлемі – 63 бет те, өзі үш акт, бес суреттен тұрады. Мұнда қолжазбадағы адам аттары қысқарып, оқиғаның жалпы желісі сол қалпында қалғанымен, бұл нұсқа бүтіндей қайта жазылып шыққан.

Ал пьесаның баспа бетінде тұңғыш жарық көруі 1942 жылдан басталған. Онда да толық емес, орталау, орта мектептердің 7-сыныбында арналған оқулықтарда тек үзінділер ретінде әр жылдарда жарияланады (Әдебиет оқу

кітабы. Құраст. А.Көшімбаев. Алматы: Қазмембірбас., 1942. 172–181-бб; 1943. 172–181-бб. Құраст. Қ. Бекқожин; 1944. 172–181-бб. Құраст. А. Көшімбаев; 1946. 21–71-бб; Әдебиет оқу кітабы. Құраст. Ш. Кәрібаев. Алматы: Қазоқуқұралбас., 1947. 310–319-бб.). Бұлардың бәрін өзара салыстырып қарағанда, М. Әуезовтің “Сын сағатта” пьесасының 2-ші суреті ғана бірінен-біріне көшіп жүргені белгілі болды.

Салыстыру кезінде пьесаның (104-бума) бұрынғы: бірінші, екінші, үшінші суреттері қысқара-қысқара кеп, бірінші суретке; төртінші, бесінші, сегізінші суреттері екінші суретке; алтыншы сурет үшінші суретке; жетінші сурет төртінші суретке айналғаны байқалды.

Міне, осы нұсқадағы жазушының өзі ықшамдап, қысқартқан варианты М. Әуезовтің алты томдығына (Алматы: ҚМКӘБ, 1957. 6-т. 371–419-бб.), он екі томдықтың 10-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 5–53-бб.), жиырма томдықтың 11-томына (Алматы: Жазушы, 1982. 95–145-бб.) енгізілген. Жазушының әр жылдарда жарық көрген басылымдарының арасында кездескен айырмашылықтар – аталмыш пьеса 3 актылы, 4 суретті болып берілуі, латынша нұсқадағы (104-бума) қателік қалпына келтірілген. Онда екінші актыдағы екінші сурет үшінші сурет деп жазылып кеткендіктен, суреттер санында (3 акт, 5 суретті) сәйкессіздіктер ұшырасады. Дұрысы – үш актылы, төрт суретті пьеса.

М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 11-томында берілген түсініктемеде 104-бума мен 6-томдықтың арасындағы айырмашылықтар, автор тарапынан өзгерткен, қысқартқан тұстар бірді-екілі мысалмен айтылған. Осындай ықшамдаулар, кейіпкер сөздерінің қысқаруы және қайта жазылған жерлері пьесаның латынша нұсқасында біршама көп. Және бұл жөндеулер барлық томдықтарға түгелдей дерлік енгізілген.

Жазушының елу томдық академиялық толық жинағына 1957, 1969, 1982 жылдарда шыққан нұсқалар өзара салыстырыла отырып, вариант ретінде осы томдықтарға негіз болған латын қарпіндегі машинкада басылған нұсқа (104-бума) енгізілді.

Пьесаның екінші акт, екінші суретіндегі Ерболдың ұйқыға кеткен уағында түсінде тілдесетін ұлы көсем Лениннің бастапқы нұсқада (104-бума, 41–43 бб.) Сталин болып, ал

1957 жылғы басылымында саяси өзгертуге мәжбүр болғаны түсінікті еді. Кейінгі басылымның бәрінде де Ленин болып жүр. Біз осы соңғысы бойынша жіберуді жөн көрдік.

Е. Қаныкейұлы

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР.....	3
Аз сөз	5
Орыс классиктері және Абай.....	6
Жыр жалауы – Амангелді	26
Қазақ бөлімі.....	31
Ер серігі – сергек ой.....	34
Абай – қазақ халқының ұлы ақыны	43
Абай елінде өткізілген мереке.....	60
Жизнь победила	63
Халықтың ғасырлық жыры.....	64
Вековая песня народа	67
Ақын елінде	70
Абайдың жүз жылдық мерекесі алдында.....	82
Абай еңбектерінің биік нысанасы	85
Абайдың еңбектері	94
Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904)	100
Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1845–1904).....	132
От домбры – до оперы	219
Жизнь и творчество Абая (Ибрагим) Кунанбаева (1845–1904).....	228
Абай Кунанбаев – поэт и просветитель казахского народа (1845–1904)	252
Халық артисі.....	259
Талантливый сын народа.....	263

II. “АБАЙ ЖОЛЫНЫҢ” ДЕРЕКТЕРІ	269
Көне дәптер	271
Абай айтар болса	319
III. ПЬЕСА.....	351
Сын сағатта.....	353
IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР.....	405

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

27-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:

С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*

Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*

Техникалық редакторы *Н. Ромахова*

Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 23,5.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 346.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-daur81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-169-2



9 7 8 6 0 1 2 9 4 1 6 9 2